

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ

**«МӘШҮР ЖҮСІП ӘЛЕМІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана, 2024 ж.

УДК 37
ББК 74
М37

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай өтетін «Мәшһүр Жүсіп әлемі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024 ж. 539 б.

ISBN 978-601-09-2836-7

Жинақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай өтетін «Мәшһүр Жүсіп әлемі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарын қамтиды. Жинаққа орталықтың жоспарына сай 2024 жылдың 26 ақпан күні өткен конференцияда тәжірибесін таратқан қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтерінің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын оқыту әдістемесі, білім беру сапасын арттыру бағытындағы баяндамалары, мақалалары мен зерттеу жұмыстары жинақталған. Жинақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы.

Мүшесі:

Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері.

Д. Ш. Пазылова – «Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп» КММ директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама: 2024 ж. № 1

Конференцияны ұйымдастырушылар мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

© «Әдістемелік орталығы» МКҚК. 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858—1931, Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған) — ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, көп тілді білген ғұлама.

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Ұлтымыздың дана перзенттерінің бірі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Осынау ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, ойшыл, рухани қайраткер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бітім-болмысы, шығармашылық мұрасы зерделеніп біткен жоқ. Кезінде социалистік идеология қудалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт санлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді.

Дара тұлғалардың рухани тарихымыздағы орнын анықтайтын ойшылдың өмірі мен қызметі туралы еңбек гуманитарлық кеңістіктегі заңды құбылыс деуге болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. Қазақ зиялысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи және әдеби мұраларын насихаттау, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК мен «Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп» КММ-нің ұйымдастыруымен 2024 жылғы 26 қаңтарда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165 жылдығына орай өтетін «Мәшһүр Жүсіп әлемі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Конференцияға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көпқырлы шығармаларын талқылау үшін филология, тарих және философия салаларында еңбегі сіңген Мәшһүртанушы ғалымдар, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогтері қатысты.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар Ережеде ұсынылған «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және фольклор», «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: тұлға және таным», «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және ұлттық құндылық, тәрбие мәселелері», «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және жаратылыстану ғылымдар мәселелері», «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және руханият» бағыттары бойынша баяндама оқып, іс-тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, ғылыми – тәжірибелік конференция жұмысына онлайн режимде 150-ге жуық педагогтер қатысты.

Заманының заңғары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Білім алып, өмірлік қажетті іскерлік пен дағдыларды меңгеру – ұлттық ояну мен өркендеудің бірден-бір жолы» деп білді. Қазақтың ойшылы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасы – нағыз парасаттылықтың, инабаттылықтың, киеліліктің, ар-намыс пен тектіліктің жарқын үлгісі. Бұл мұра – қазақтың тарихын түгендеуде, әдебиетін жүйелеуде таптырмас алтын қазына. Сол қазынаны ұлтымызға және әлемге жеткізу – бүгінгі ғалымдардың, аудармашылардың, ұстаздардың абыройлы міндеті.

Алимова Асель Кажмухановна
Павлодар облысының білім беру басқармасы
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«№2 Майқайың жалпы орта білім беру мектебі» КММ
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
п.ғ. магистрі

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АФОРИЗМДЕР

Қазіргі жоғары қарқынмен дамыған, ақпараттар ағыны тасқындаған, техникасы қарыштаған заманда, уақыты шектеулі тіл тұтынушыға нағыз қысқа әдеби жанр – афоризмдер өте ыңғайлы, яғни ойына ой қосу, пікір түйю, ойын өзгеге жеткізу сияқты прагматикалық функция атқару үшін афоризм көмегі керек екені белгілі. Бұл, әсіресе қазақ ұлтының менталитетіне өте жақын келеді.

Қазақ халқы: 1) сөзге ұйыған (сөзге тоқтаған), 2) таңнан таңға көз ілмей жыр тыңдаған (сөзге мән берген), 3) түйдек-түйдек ойларға ден қойған, 4) шешендік өнерді құрметтеген, 5) «қызыл тілді өнер алды» деп бағалаған ұлтымыздың бүгінгі ұрпақтары үшін қысқа қайырылған афоризмдер әлі де өзектілігін жоймаған.

Көркем әрі кемел ойға суарылған афоризмдердің ақынның жалпы шығармашылығында жиі кездесуі – М.Ж.Көпейұлының қуатты ойын, кемел білімінің өрісін танытып, халық тілі қайнарынан нәр алғандығының айғағы бола алады. М.Ж.Көпейұлы афоризмдері оның ой қуаты мен көркемдік шеберлігін бір арнаға тоғыстырған дүниетаным тереңдігінен туғандығы дәлелдеуді қажет етпейді. Мәшһүр Жүсіптің афоризмдері өміршең. Халық тілінің төл туындысына айналып, әдеби тілді байытуға үлес қосады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы афоризмдерді анықтау барысында афоризмнің бірнеше айқындауыштық ерекшеліктері бар екендігін анықтадық. Олар:

1) шындықты межелейтін ең басты қасиеті – ой тереңдігі, мұнда автор маңызды мәселені қозғай отырып, алынған нысанға өз көзқарасы бойынша, ең дұрыс бағасын береді;

2) афоризмнің екінші белгісі – жан-жақтылығы, өйткені афоризм көптеген фактілер мен мәліметтерден жинақталған, содан туған ой қорыту және жасалған тұжырымдар болып табылады.

3) афоризмнің үшінші белгісі – ықшамдылық оның ең мәнді ерекшелігі. Ойды қоюлата отырып, барынша қысқа қайыру – оның мағынасын тереңдетіп көңіл аудартады, әрі есте сақтауға да ыңғайлы болып келеді;

4) афоризмнің төртінші белгісі – ой тиянақтылығы, афоризм мағыналық тұрғыдан аяқталған сөйлем түрінде келіп, қосымша түсініктемесіз ұғыныңқы болуы тиіс;

5) афоризмнің бесінші өзіне тән ерекше белгісі – қырналған ой, ол барынша дәл, нақты, мәнерлі, мазмұнда беріледі;

6) афоризмнің алтыншы белгісі – түрлі стильдік, эмоционалдық құралдар көмегімен қол жеткізген көркемдік бояуы.

Тапқырлық ақыл-парасатқа қарағанда тек шындық айтумен шектеліп қалмай, әдемілікке ұмтылады, ал көркемдік түрлі көркем құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады. Даналық пен көркемдіктен басқа өткір ойларды жеткізудегі қысқалық пен нақтылықтың рөліне де баса назар аударады. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының афоризмдері:

Ораза, намаз – пенденің міндетті ісі («Мәшһүрдің өзін таныстыруы»).

Өнерпаз қара жерге салар қайық («Өнерпаз»).

Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық («Өнерпаз»).

Арқаны кедейліктің – еріншектік («Кедейліктің арқаны»).

Кежірлік – кедейліктің ордасы біл («Кедейліктің арқаны»).

Ана өлсе – қыз, ата өлсе, ұл жетім («Тайшық Ноғайұлы»).

Су емес мейірің қанар, - дүние, - сағым («Қамаралдин хазірет»).

Жатқанмен алтын жерде кір болмайды,

Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды («Ғибратнама»).

Келтірілген афоризмдердің барлығы да белгілі тұжырымға негізделген, сонымен қатар қысқа да нұсқа болып келеді. Мәшһүр Жүсіп тура мағынасындағы сөздерді алып жай ғана тұжырым жасамаған. Образдылыққа барған. Афоризм туралы жоғарыда берілген тұжырымдардың талабынан шыққан.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының афоризмдері тіл, дін, сөз өнері, кедейлік, адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттер, талап, білім, еңбек, мемлекеттік құрылым, рухани – мәдени өмір, кәсіпшілік, шаруашылық туралы және құрылысқа байланысты афоризмдер деген тақырыптық топты қамтиды. Мәселен:

Тіл туралы афоризмдері:

Дүниедегі ең асыл тіл — араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары — қазақ тілі; Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ.

Сөз өнері туралы афоризмдері:

Көңіл – кен, мол қазына, сөз – бір жауһар; Өнердің ең асылы- сөз;

Дін туралы афоризмдері:

Денеңде жан барына нансаң, Құдай да бар;

Екі молда бір кісі, бір молда жарты кісі;

Молда өзін бір алдайды, өзгені екі алдайды;

Кедейлік туралы афоризмдері:

Кедейлік үш ағайынды болады: үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы; Арқаны кедейліктің – еріншектік; Кежірлік – кедейліктің ордасы, біл;

Адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттер туралы афоризмдері:

Білімі көп, пайдасы жоқ адам — мал ішпейтін сормен тең, іске жаратқан, көпке таратқан адам – жан-жағы суат көлмен тең;

Есті адам – қанағатты.

Қанағатты адам тиянақты.

Тиянақты адам көнтерлі.

Көнтерлі адам қайғысыз.

Қайғысыз адам бақытты.

Ендеше есті адам бақытты болады;

Талап, білім, еңбек туралы афоризмдері:

Не нәрсе талаптансаң табылады; Ғибрат ал: жақсыларға жақын жүріп; Дүниеде болсаң жақсы, ат қалады, Ұстадан – тат, молдадан хат қалады; Ер егіз болса, жалғыз еңбек – егіз;

Мемлекеттік құрылым туралы афоризмдері:

Хан біреу болса, ел түзелер, хан екеу болса, ел бұзылар;

Екі әкімге бірдей қызмет етуге болмайды;

Елін сатып асаған, екі-ақ күн жасаған;

Рухани – мәдени өмір туралы афоризмдері:

Заманы бірдің амалы бір;

Әр заманда бір көреген;

Надандық – жұттың бір түрі, адалдық – құттың бір түрі;

«Мәшһүр»- деген атақ жақсыға да, жаманға да бірдей атақ;

Кәсіпшілік, шаруашылық және құрылысқа байланысты афоризмдері:

Еңбекті екеу болар;

Доңыздың ісі – бір басқа, диқанның ісі – бір басқа;

Диқан болсаң қос егізің тең болсын, шаруа болсаң қос етегің кең болсын;

Су келтірер бір кісі, егін егер мың кісі;

Мың кәсіпке талпынсаң, бір кәсіптен айырыласың;

Мәшһүр Жүсіптің афоризмдері де қара сөз түрінде де, өлең түрінде де келе береді.

Мәшһүр Жүсіптің өзіне тән стилі бар. Ол даналық ойларды жай ғана тура мағыналы сөздермен атай салмай, адам санасына жететіндей бейнелі түрде айтады. Мәселен, «Ақыл – ақ: кіршігі жоқ, ашу – күйе», «Көңіл – кен, мол қазына, сөз – бір жауһар», «Ақыл – шам, керек оған май мен білте» «дүние-сағым» деген афоризмдер метафоралық тіркестер арқылы жасалған.

Заттың өзіне тән сипат белгісін, түсін, дыбыс-үнін, не басқадай қасиет-ерекшелігін жеткізуде поэтикалық құрал – айқындаудың (эпитеттің) орны ерекше. Мәелен, М.Жүсіп афоризмдеріндегі: *Өнерпаз қара жерге салар қайық*

(«Өнерпаз»), *Жалған сөз – ер жігіттің бойына мін* («Қолыма қағаз, қалам алайын да»). Осындағы *қара жер, жалған сөз* дегендер эпиттеттік қолданыстар.

Суретті сөз жасауда перифраз амалының да атқарар қызметі ерекше. Күнделікті өмірдің бір мезгілін күн дейтін болсақ, ақын бұл атауыштық сөзді ерте-кеш бейнелі сөзімен ауыстырады. Мұнда, әрине, күннің белгісі - таңның атуы (ерте) мен күннің батуы (кеш) - негіз болған.

Кеңдікпенен өтсін десең ерте-кешің,

Бір іске жұртқа ұнайтын сарп қыл күшің.

Ерте-кеш перифразы, бір жағынан, ұйқас талабынан туындаса, екінші жағынан, афоризмнің көркемдік өлшеуін айқындайды.

Жаманның сөзі түйеден түскендей, жақсының сөзі – диірменнен шыққандай», «Жақсылардың үлгісі, жанып тұрған шамдай, шешендердің сөздері ағып тұрған балдай. Осы афоризмдердегі –дай, -дей; -тай, -тей теңеу тұлғасында жасалған.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің кені болып табылатын Мәшһүр Жүсіп афоризмдерін зерттеген сайын олардың құндылығы арта түсетіндей. Мәшһүр Жүсіптің туған халқына, отанына, тіліне, салт-дәстүріне ислам өркениетіне деген зор құрметінің ерекше маңызды мәні бар. Қазіргі жағдайда оның афоризмдері егеменді елдің жастарын елге, жерге, тілге, дінге, салт-дәстүрімізге құрметін арттырып, оларға ізгілік нұрын сіңіруге, отаншылдық рухты тәрбиелеуге көмектеседі.

Демек, Мәшһүр Жүсіптің әрбір афоризмін ұлттық санаға түрткі болу, қозғау салу және ояту мақсатында қолдануға әбден болады. Оның афоризмдері – терең ойға құрылған, жан-жақты байыптау барысында алынған, барынша қысқа да ықшам, көркем келісіммен келген, нақты бір автордың қаламынан туған тиянақты ой жүйесі.

Аннотация

«Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы афоризмдер» атты баяндамада М.Ж.Көпейұлының шығармаларынан терілген афоризмдерге тілдік талдаулар жасалды. Тақырыптық топқа жіктеліп, автордың көркемдік стилі қарастырылды.

Баяндама бойынша жасалған тұжырымдар:

- Мәшһүр Жүсіп афоризмдері даналық пен көркемдіктен басқа өткір ойларды жеткізудегі қысқалық пен нақтылыққа негізделген.

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының афоризмдері тіл туралы, сөз өнері туралы, дін туралы, кедейлік туралы, адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттер туралы, талап, білім, еңбек туралы, мемлекеттік құрылым туралы, рухани – мәдени өмір туралы, кәсіпшілік, шаруашылық және құрылысқа байланысты афоризмдер деген тақырыптық топқа бөлінді.

- Мәшһүр Жүсіптің өзіне тән стилі бар. Ол афоризмдерінен де танылып отырады. Ол даналық ойларды жай ғана тура мағыналы сөздермен ата салмай, адам санасына жететіндей бейнелі түрде айтады. Мәшһүр Жүсіптің сөз өрнектерінің қалың тобы образды афоризмдер болса, олардың көбі метафоралы тіркестер, эпитет, перифраза және кейіптеу мен теңеу т.б. арқылы жасалған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы афоризмдер – сөздерді

қысқартып сөйлеп, қысқа жауап қайыратын қазіргі жастарға табылмайтын құрал.

Аннотация

В докладе «Афоризмы в произведениях Машхура Жусупа Копеева» были сделаны языковые анализы афоризмов, собранных из произведений М.Ж.Копеева. Они были разделены на тематические группы и рассмотрены художественный стиль автора. По докладу сделаны следующие выводы:

- Афоризмы Машхура Жусупа Копеева основаны на мудрости и художественности, а также краткости и точности в передаче острых мыслей.

- Афоризмы Машхура Жусупа Копеева делятся на следующие тематические группы: о языке, об искусстве слова, о религии, о бедности, о хороших и плохих качествах человека, о требованиях, знаниях, труде, о государственном устройстве, о духовно-культурной жизни, афоризмы, связанные с промыслом, хозяйством и строительством.

- У Машхур Жусупа Копеева свой стиль. Это ярко проявляется в его афоризмах. Он не просто произносит мудрые мысли словами, которые имеют буквальное значение, он произносит образно, чтобы достичь человеческого сознания. Толстая группа фраз Машхура Жусупа образует образные афоризмы, состоящие из метафорических фраз, эпитетов, перифраз и выражений и сравнений.

Афоризмы в произведениях Машхур Жусупа Копеева - уникальный инструмент для современной молодежи, которая говорит, сокращая слова и отвечая кратко.

Annotation

In this report, “Aphorisms in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev” was made a linguistic analysis of aphorisms collected from the works of Mashkhur Zhusup Kopeev. It was classified into a thematic group and the artistic style of the author was considered. Conclusions from the report:

- Mashkhur Zhusup’s aphorisms, in addition to wisdom and artistry, are based on brevity and specificity in conveying sharp thoughts.

- The aphorisms of Mashkhur Zhusup Kopeev were divided into thematic groups: about language, about the art of speech, about religion, about poverty, about the good and bad qualities of a person, about requirements, knowledge, work, about government, about spiritual and cultural life, aphorisms related with agriculture, farm and construction.

- Mashkhur Zhusup has his own style. He is also known for his aphorisms. He pronounces wise thoughts figuratively, so that they reach the human mind, and are not simply conveyed in words with a literal meaning. And also a thick group of expressions of the word Mashkhura Zhusup are figurative aphorisms, and many of them are formed by metaphorical phrases, epithets, periphrases, personifications and comparisons, etc.

Aphorisms in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev are an indispensable tool for modern youth, who speak by abbreviating words and answer briefly.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрышев А.Қ. М.Ж. Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы (Монография), «Кереку» баспасы, –Павлодар, 2004. 465 б.;
2. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы. (Монография), I том. «Кереку» баспасы. –Павлодар, 2008. – 273 б.;
3. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы. (Монография), II том. «Кереку» баспасы. –Павлодар, 2008. – 228 б.;
4. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық мәдениет лексикасы. (Монография), III том. «Кереку» баспасы. –Павлодар, 2008. – 131 б.;
5. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер. (Монография), IV том. «Кереку» баспасы. –Павлодар, 2008. – 124 б.;
6. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының этномәдени аспектісі. (Монография), V том. «Кереку» баспасы. –Павлодар, 2008. – 246 б.

Аманжолова Тана Тастановна
Астана қаласы
Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
педагог-зерттеуші

МӘШҺҮР ЖҮСІП – ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Мен келдім музейіңе жолым түсіп,
Егілдім рухыңды сүйіп-құшып.
Өмірдің жолдарында жар бола гөр,
Қазақтың пайхамбары Мәшһүр Жүсіп
Ғафу Қайырбеков

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. Мәшһүр Жүсіптің есімі тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орын ала бастады.

Мемлекеттік «Ғылыми қазына» бағдарламасы аясында «Ұлы дала тұғырлары» бағытында ұлы ойшыл ақынның өмір жолы мен шығармашылығы туралы зерттеулер мен ғалымдардың тұжырымдары топтастырылды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасын зерттеу жалпы қазақ халқының рухани мәдениетін дамытудың көрінісі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әкесі Көпжасардың 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Найзатас деген жерде ережеп айы, жұма күні, бесін уақытында Көпей шаңырағында дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды жатқа айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған Мұса Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен» – деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді «Мәшһүр» сөзінің мағынасы – араб тілінен аударғанда көпке белгілі, даңқты, аты мәлім, танымал деген ұғымдарды береді. Ел арасы Көпжасарды «Көпей» атап, сонымен Адам Жүсіп қазақ тарихына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болып енді.

Екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында ел аузынан халық ауыз әдебиетінің маржанын теріп, оны насихаттап елді сауаттандыру жұмысымен де айналысқан.

X I X - X X ғ. фольклор жинаушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Г.Потанин, В.Радлов, Ә.Диваевтармен қатар М.Жүсіптің де есімі аталады. Бұқара, Ташкент, Түркістан сапарында, қазақ жерін аралағанда көне көз қариялармен кездесіп, естігендерін хатқа түсіріп отырған. Сонымен қатар Бұхар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сақау, Балта секілді ақын-

жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірген. Бұхар жырау мұраларын жинап, шығармаларын екі дана етіп көшірген. Мәшһүр өз сөзінде айтқан: «Бұл 15 кісінің (Бұхар) сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплотонның ақылы керек» Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда шағын жанрларға ерекше ден қойған (мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, жаңылтпаш). М. Жүсіпке қара сөзден гөрі өлеңмен айтқан әлде қайда жеңіл болған. Оған айғақ 7-9 жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш -Баян сұлу» жырланын жатқа біліп жырлағаны.

Аса зерделі жанның асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт», - деп жазған екен. [1]

1888-1895 жылдарда қазақ газеті «Дала уәлаяты» бетінде Мәшһүр Жүсіптің мақала мен өлеңдері жиі шығып тұрды. Газет ауыз әдебиетінің көмегі арқылы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтеріп отырған.

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы

Айрылмай жақсы менен жаман парқы- деп қазақ халқының бейғам мінезіне, алаңсыз күн кешуіне алаңдайды. Осындай жағдайда Мәшһүр Жүсіп Көпеев те өзге ақын-жазушылар секілді қоғамдық ой сананың оянуына өзінің ұлттық рухқа толы шығармашылығымен ықпал жасады. Өз өлеңдерімен бірге фольклорлық мұрасы да қазақ әдебиетінің қазынасын байытқан ерен еңбек.

Фольклорист ғалым Н.Қ Жүсіпов еңбектерінде ақынның фольклорлық мұраны жинап бастырғандығы туралы мәліметтерді кездестіреміз. Онда ғалым мынадай мәліметтерді берген: Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз жүзінен де жинаумен айналысады. Үш жүздің баласы, қазақтан шыққан қария, шешен сөзге ұста, тапқыр ойшыл, көзі жіті, көңілі қырағы бір тіл емес әр тілде білетін оқыған, тоқыған жүйрік білгіш адамдармен ойда-қырда, талай жерде жолығып, талайынша сөйлестім,-деп айтқан жерлері де жоқ емес. Қаракесек ішінде Бердалы қожа, Қанжығалы қария Бөгенбайдан шыққан Саққұлдақ - сондай жұрт аузында шежіре атанған қариялардан естідім... Абулғазы Баһадүр хан шежіресін құрттай бала күнімде оқыдым. ... Науаны бәрін барып ақтардым. Бала жасымнан Мұса Шорманмен таныстым. Қамар хазіреттің мәзілісінде болып өмір кешірдім, -дейді.

Мәшһүр Жүсіп әдеби мұрасы өте бай. Мәшһүр Жүсіптің жан-жақты қаламгер болып қалыптасуына қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, шығыс пен батыс әдебиеті әсер етті. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектеліп қоймай, фольклордың басқада жанрлық түрлерін атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын жинағаны белгілі. Ел арасынан Қамбар батыр, Ер Тарғын, Ер Көкше, Сайын батыр, Нәрікұлы Шора батыр т.б батырлар

жырын; Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Алтынбас -Күмісаяқ лиро-эпосын жазып алған. Шығыс классиктері негізінде «Гүлшат-Шеризат» дастанын жазған.

Мәшһүр Жүсіп фольклорлық жанрының бірі – ертегі. Ертегілерде өмір, қоғам, адам тағдыры туралы философиялық ой-толғаныстар, еңбек адамының ерекшеліктері сипатталады. 20 томдық шығармалар жинағының 6 томы ел арасынан жинап, қағазға түсіруімен сақталған қазақ фольклоры, үлгілері топтастырылған. Зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілерді жинаған- «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Алаша хан», «7 жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Екі патша», «Әділ би», «Тама Сарыбас мерген» т.б.

Жазушы С.Мұқанов: "Мес" жинағына қарасаң көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан"[2]

Мәшһүрдің ертегілері «Мес» жинағына енгізілген. Мәселен «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Асанқайғы», «Еділ – Жайық», «Желкілдек» т.б. Осы ертегілердің ішінде «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған» және «Желкілдек» өлең түрімен жазылумен ерекшеленеді. Әсіресе, «Алтынбас» бастан-аяқ он бір буынды қара өлең түрімен өрнектелген. Ал «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қақтығысымен ерекше, бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Желкілдектің қарсыластары да осал емес. Бұл туындыдағы айрықша бір кейіпкер – мыстан кемпір. Ол айла-шарғысымен, неше түрлі сұм-сұрқия іс-қимылмен көзге түседі. Бір сөзбен айтқанда халық армандаған алып батыр да, сұлу да ақылды қыз-келіншектер де зерек қариялар да бұл ертегілердің ішінде баршылық.

Ақыл мәнісі М.Жүсіп шығармаларындағы өзекті тақырыптың бірі. Адамды адаммен салыстыратын, теңестіретін, тіпті ажырататын да – ақылдың күші. Ақынның философиялық пікірлеріне сүйенетін болсақ ғаламдағы тіршілік ететін тірі жандардың ақылдысы - адам. Ақылға көз тоқтатып, көңіл бөлетін болсақ , адамзаттың нұрға бөленетіндігі, ақылдың қашанда дұрыс жол таңдайтындығы өсиет етіледі. Адамның бетіне, жүрісіне қарап оны ақылды деп тануға болмайды. Ақылды адамның ісі ғана дәлелдейді.

«Ақылдың пайдасы» ертегісінде адамнан артық білген ақылы қиын сәтте адамға дұрыс жол табуына себепші болады. Патшаның бір ділдә беріп сатып алған «Не жұмыс, не іс қылсаңда , ақылмен, сабырмен артын ойлап істе» деген сөзі зұлымнан айласын асырып, жамандықтан құтылуына пайдасы тиген екен.

Хан алтын сапты ұстарамен неге алмадың дегенде:

- Алтын сапты ұстара менікі емес. Оны сіздің уәзіріңіз берді. Үйге кіргенде сіздің мына жазуыңызды көріп: «Қой, сырын білмеген аттың сыртынан жүрме!»- деген бұрынғылардың мақалын ескеріп, өзімнің ұстараммен алып едім, – дейді шаштаразшы. Сонда патша уәзірін шақыртып алып:

- Мынаның шашын ал, өз ұстарасымен, - дейді. Шаш алып болмай-ақ, уәзірдің табанда жаны шығып кетіпті. Шықпас жанға аз бір айла, ажалсызға бір себеп болмақ деген осы сияқты.

Ертеде бір адам «Адал еңбекпен азға қанағат қып, қалай байиды екен?» деген оймен бір байдың қолында жылқысын бағады. Жыл он екі ай болып, байдан еңбегін сұрағанда, бай бес тиын бақыр береді. «Құдайдың бұйырғаны осы шығар» деп ризашылықпен қанағат тұтады. Шығарма «Е, қадірлі мейманым, кәміл болсын иманың, адал болсын жиғаның» деген терең ойды меңзейді.

Мәшһүр Жүсіп жинақтаған ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Оқыған адамға түрлі ой салады. Адамдардың іс әрекеті арқылы жақсы мен жаманның парқын, адалдық пен арамдықтың, мейрімділік пен зұлымдықтың жігін ажыратқандай боласың. «Заманына қарай - амалы» деген ертегісінің мәні ...Сенде жазық та жоқ, әулиелік те жоқ. Өтірік сөйлетсе, заман сөйлетті. Шыншыл қылса, заман қылды. «Заманына қарай - амалы» деген сөз сонан қалған, - деген екен. Мәшһүрдің өз туындыларында да халық пен заман туралы сөз қозғалады.

Мәшһүр ертегілерінде «Мың бір түн» кітабындағы ертегілер сарыны бар. «Мың бір түн» араб-парсы, үнді халықтарының әр кезеңде туындаған ауыз әдебиеті үлгілері. Шығармадағы әрбір хикая терең философиялық мәнге ие, тұрмыс-тіршілікте болып жатқан әр түрлі оқиғаларды негіз ете отырып, сабырлыққа, адамгершілікке, адалдыққа баулиды. Ертегілерде кез-келген дәуірдің адамдарына сабақ боларлық хикметтері өте көп.

«Һамза, Лумза» ертегісінде екі ағайындының мұсылман жолында адал болғандығын, кейін барға қолы жеткенде пендешілікке салынып, өзі үшін зекет те бермей сараң байға айналғандығы туралы айтылады. Мұсылман парызының бірі – зекет беру. Зекет адамды түрлі пәле жаладан сақтайды Саны жоқ байлықтан бір малын қиюға жарамаған аға-інілі екеуі қара күйе болып кетіпті. Дүниеқоңыздық, тойымсыздық адамды ақыретте тозаққа апаратындығы осы екі кейіпкердің іс әрекетімен ашылғандай.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде былай суреттелген:

Зар болып қалар кей бір күн бай бір пұлға,
Үнемі қонып тұрмайды дүние қолға.
Бақ пенен тақ, патшалық тиіп қалар,
Ескерусіз есікте жүрген құлға.
Байлар-ау, жиған малың - жанның қасы,
Садақа беріп жүрсің, атаң басы!
Байлардың қолындағы жиған малы-
Кем-кетік, кедейлердің сыбағасы!

«Шыншыл мен Суайт» ертегісі адам бойында кездесетін теріс қасиеттерді айтады. Ертегі мазмұны ақынның «Адам екі түрлі» атты өлеңімен үндесіп келеді. Бір адам бар өрік, мейіз ағаш сықылды,
Жемісінен дүние жүзі баһра алады.
Бір адам бар терек ағаш сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды- деген адамның мінез құлқындағы қасиеттері туралы сөз қозғайды.

Ел тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын кең білген Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдарға деген өз бағасын, байқауларын қоса жазып отырған. Мәшһүр Жүсіптің ел аузынан жинаған шығармалары естігенін құр жазып алумен ғана емес, оларды саралап, белгілі бір тарихи жағдай, ел ахуалымен салыстырып отырған зерттеушілік еңбегін де көрсетеді.

Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұрасының бізге және кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Аңдатпа

Атақты ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар.

Мәшһүр Жүсіп мұрасы қазақ тарихы үшін құнды дереккөзі болып табылады. Қазақ тарихына қатысты мәселелерді жан-жақты қарастыруымызға мүмкіндік береді. Еңбектерінде ауыз әдебиеті ұлттық мәдениетіміздің бір көрінісі, айнасы екендігіне көңіл бөлгені байқалады. Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиетінен жинақтаған шығармаларының бірі- ертегі. Ертегі - тұрмыстың қажеті, елге білім, тәрбие беретін құрал көзі.

Аннотация

Всем известно, что поэт и ученый Мәшһүр Жусип многогранный талант. Он много изучал и глубокопонимал их смысл.

Наследие знаменитого Машһур Жусип является ценным источником для истории Казахстана. Это позволяет комплексно рассматривать вопросы, связанные с историей Казахстана. В своих произведениях он обращал внимание на то, что устная литература является отражением и зеркалом нашей национальной культуры. Одним из видов произведений, собранных из устной литературы знаменитого Машһур Жусипа, является сказка. Сказка - это жизненная необходимость, источник образования и просвещения страны.

Annotation

It is known that the famous poet and scholar Mashhur Zhusup is a multifaceted talent. The heritage of mashkhur Zhusup is a valuable source for the history of Kazakhstan. It will allow us to consider in detail the issues related to the history of Kazakhstan. In his works, he paid attention to the fact that oral literature is a reflection, a mirror of our national culture. One of the works collected by mashkhur Zhusup from oral literature is a fairy tale. A fairy tale is a necessary source of life, a source of education and upbringing for the country.

Библиографиялық тізім

1. С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев
2. «Мәшһүр Жүсіп Көпеев» – Алматы; 2013 ж.

3. Сәрсенбі Дәуітұлы «Халықтың Мәшһүрі» 11 қаңтар 2011 ж
4. Сәрсенбі Дәуітұлы «Мәшһүр ақын»
5. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, Ғылым, 1994
6. Мұратхан Бөжеев «Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында» 168-176 б
7. «Мәшһүр Жүсіп және фольклор» Павлодар, 1999 12-19 б
8. Мәшһүр Жүсіп 20 томдық шығармалар жинағы 2013 ж. 6 том
9. Мәшһүр Жүсіп «Ертегілер» кітабы

ФОЛЬКЛОРИСТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА

Изучение истории казахского фольклора – одно из важных направлений казахской науки. Литература XXI века открывает нам новые имена и новые перспективы и направления, вызванные возвращением народу имен его достойных сыновей и запретной до последнего времени литературы. Данный доклад представляет собой комплексный анализ фольклористического наследия М.Ж. Копеева.

По мнению многих современных ученых период конца XIX и начала XX века хотя и был не продолжительным в казахской литературе, но в то же время оказался очень насыщенным и наиболее продуктивным. Именно в это время шло накопление и аккумуляция всех предшествующих традиций: от фольклора и устной поэзии жырау, приобретение новых литературных форм и жанров, что затем явилось субстанциональной, долговременной основой для последующего развития казахской литературы. Одним из главных творцов и подвижников духовного и художественного развития казахской литературы той «золотой эпохи» был М.Ж. Копеев.

Творчество Машхур Жусупа Копеева особо выделяется среди блестящей плеяды фольклористов того времени. Как отмечают многие ученые, самый весомый вклад в собирание, исследование и сохранение шедевров народного творчества внес великий поэт и мыслитель Машхур Жусуп Копеев. Он не только собирал, но и записывал, буквально по свежим следам, и поэтому благодаря его усилиям не ушли в небытие огромные пласты богатства казахского народа

К трудам собирателя и знатока казахского фольклора Машхура Жусупа Копеева фольклористы обратились позже, прежде всего из-за сопротивления командно-административной системы. Достаточно сказать, что два тома избранных произведений автора удалось выпустить лишь в 1990 и 1992 годах. К тому же рукописи Машхур Жусупа Копеева написаны арабской графикой дореволюционной эпохи, и это затрудняет перевод. Большие сложности в исследовании наследия поэта вызывает то, что рукописи хранятся в разных местах. К тому же подлинники некоторых произведений утеряны или дошли до нас в переписанном виде, в нескольких вариантах, которые требуют изучения и правки. Если учесть, что только 10-я часть наследия автора опубликована, то понятно, что большая часть произведений не исследована и ждет своего часа. В последнее десятилетие опубликовано некоторое количество фольклорных образцов с пояснениями, но без указания фамилии собирателя. Все это позволяет надеяться, что при тщательном исследовании творчества поэта история

казахского фольклора значительно обогатится. Научная ценность рукописей М.Ж. Копеева заключается в том, что в них достоверно отражается прошедшая эпоха. Особенно ценны в этом смысле легенды об Асан кайгы, Жиренше шешен, Аблай хане и другие. Копеев собрал богатый материал об ораторских речах казахских биев последних двух столетий. В конце XIX века рукописи Машхур Жусупа получили широкое распространение, они выучивались и распространялись устно и в этой устной форме претерпели изменения. По этой причине отдельные рукописи имеют разные варианты и даже лишены авторства. Эти варианты иногда выдавались за высказывания биев и шешенов (острословов) и в таком виде попадали в разные издания. К тому же, в советскую эпоху при идеологической цензуре рукописи выходили в свет с изменениями в духе требований режима. Машхур Жусупом Копеевым было собрано большое количество легенд, исторических преданий, ораторских речей биев, бытовых песен, сказок, героических эпосов, пословиц, поговорок, загадок. В них отразились словесное искусство, жизнь и быт казахского народа. Некоторые сборники пословиц и поговорок, изданные ранее без фамилии собирателя, сегодня признаны как часть наследия М.Ж. Копеева. Таким образом, творчество Машхур Жусупа представляет интерес не только для фольклористов, но и для историков, лингвистов, педагогов, философов. При полном исследовании наследия поэта его заслуги в казахской фольклористике станут еще более неоспоримыми. Если говорить более конкретно о вкладе М.-Ж. Копеева в историю изучения казахского устного народного творчества, то следует отметить в его работах мотивы, созвучные с суждениями Ч. Валиханова, В. Радлова, А. Диваева. Есть у М.Ж. Копеева и свои оригинальные мысли. Учитывая, что Машхур Жусуп хорошо знал восточную и западную культуру, в совершенстве владел русским, арабским, фарси, древнетюркским, много путешествовал по казахской степи, можно сказать, что в конце XIX – начале XX вв. у него была возможность значительно глубже и шире исследовать казахский фольклор по сравнению с другими учеными. Фольклорное наследие Машхур Жусупа (в объеме 15-20 томов) позволяет исследователям сделать несколько обобщающих выводов.

Во-первых, Машхур Жусуп не ограничивался только передачей фабулы сказок и легенд, при собирании материала он полностью записывал устное произведение в той форме, в какой оно бытовало в народе.

Во-вторых, он сохранял народное звучание речи той эпохи, особое внимание уделял созвучиям в словах и их влиянию на выбор слов и художественное оформление целостного произведения. Такого рода наблюдения имеют большое значение для изучения исторической фонетики казахского языка.

В-третьих, если учесть, что он точно указывал, где, при каких обстоятельствах, с чьих слов записан материал, то можно сказать, что его рукописи имеют историческую, этнографическую и культурологическую ценность.

В-четвертых, хорошо зная историю, культуру, обычаи и традиции края, он давал к материалу дополнительные пояснения, примечания. Таким образом, Копеев не только

записывал фольклорные образцы, но и исследовал их с учетом исторических реалий и состояния общества. Главную роль в формировании Машхур Жусупа как фольклориста сыграли следующие причины: он воспринял духовно богатое устное народное творчество казахского народа, был хорошо знаком с достижениями средневековых ученых Востока, прошел хорошую школу русской фольклористики.

Далее попытаемся выяснить, с каких пор поэт начал заниматься собиранием фольклора. В семейном архиве хранятся письма А. Маргулана, среди этих писем есть рукопись, в которой говорится, что он (Маргулан) переписал сказку «Суйндык: Олжабай батыр» у Машхур Жусупа Копеева. Тут же есть примечание: сказка переписана со слов Сакау-акына Машхур-Жусупом в 1865 году. Если считать, что это паспорт рукописи, то Копееву тогда было всего 7 лет. В дополнение к сказанному добавим, что в биографии поэта, написанной Жолмуратом, есть упоминание о приезде в Баянаул Хамар-Хазрета в 1866 году. Он отобрал себе трех учеников в медресе, среди которых был и Машхур-Жусуп. Хамар-Хазрет познакомил учеников с поэмами «Козы Корпеш – Баян сулу», «Ер Таргын», «Торт жигиттын олени» и др. Эти поэмы были переписаны Копеевым, выучены наизусть и декламировались им на публике. С этих пор он и попал в поле зрения известного султана Мусы Шорманова, который лично благословил молодого поэта, назвав его «Машхур». Из сказанного следует, что Копеев начал собирание образцов фольклора с 7-8 лет.

Главная особенность методики Машхур Жусупа Копеева непосредственная запись текста из уст исполнителя. Наряду с этим он пользовался рукописями, имевшими распространение в народе. Машхур-Жусуп включил в свои рукописи также тексты, опубликованные в изданиях, например В.В. Радлова. Он обязательно указывал источники, которыми пользовался, давал подробные сведения об исполнителях, их репертуарах, словом, полный паспорт текстов. Исследования М.-Ж. Копеева велись по трем направлениям: а) прослушивание исполнителя и точная запись устного текста; б) переписывание рукописей, хранившихся у других собирателей; в) работа со старинными источниками (книгами).

Все оставленное Машхур Жусупом богатейшее фольклористическое наследие фактически еще лежит «мертвым» грузом в хранилищах НАН РК и семейном архиве фольклориста.

Рукописи Машхур Жусупа состоят примерно из 400 тем на 5000 страницах, а переписанные составляют 150 тем на 2000 страницах. В целом можно сказать, что наследие Машхур Жусупа сохранилось хорошо несмотря на то, что рукописи старые. Отметим, что почерк поэта отчетлив и ясен. Каждая тема в рукописи начинается с новой строки и выделяется подчеркиванием красными чернилами или красным карандашом. Толкование слов и смыслов, которые встречаются на страницах произведений, тоже выделены другими чернилами. Страницы пронумерованы арабскими цифрами. Даже при переписывании, когда страницы рукописи перемешивались, чтобы легко было найти каждую страницу, поэт в

конец предыдущей писал отдельно слово, с которого начиналась следующая страница. Такой метод ведения рукописи напоминает средневековые письменные памятники. Это лишний раз доказывает, что Машхур Жусуп читал много произведений средневековых авторов. У Машхур Жусупа была и своя особенность письма. Например, при написании строк стихов поэт, в отличие от прозаической речи, не писал на каждом листе по одной строке, а писал сразу по две строки, чтобы сэкономить лист. Иногда он нумеровал каждый куплет стиха, чтобы сохранить очередность и не перепутать куплеты. Каждая страница рукописи состоит из 27 или 32 строк. А в конце рукописи соответственно к страницам давалось полное содержание текстов. Тексты разложены в следующем порядке: первые рукописи посвящены легендам, затем идут пословицы, исторические предания, сказки, состязания акынов, эпические произведения, бытовые обрядовые песни и т. д.

Подытоживая сказанное, отметим, что собирательская и исследовательская работа Машхур Жусупа фольклориста вполне соответствует современным научно-исследовательским приемам деятельности филологов, занимающихся устным народным творчеством. В дополнение дадим краткую характеристику его издательской деятельности, связанной с публикацией сделанных записей народного творчества. Некоторые образцы фольклора он издал сам в газете «Дала уалаяты». Известно, что эта газета в последней четверти XIX века и в начале XX века знакомила широкую общественность с жизнью, культурой, искусством и образцами фольклора казахского народа. По свидетельству известного ученого-фольклориста С.А. Каскабасова, за 15 лет вышло 704 номера газеты «Дала уалаяты», из них в 331 номере публиковались фольклорные материалы. Помимо образцов казахской народной поэзии, в газете были напечатаны сказки, басни, пословицы и другие жанры русского, китайского, японского, финского, армянского и арабских народов. На страницах названной газеты наряду с фольклористами В.В. Радловым, Г.Н. Потаниным, А. Диваевым и другими часто публиковались статьи и фольклорные записи Машхур Жусупа. Эти материалы с источниковедческой точки зрения делятся на три цикла:

1) собственные художественные произведения Копеева (например, басня «Ворон и Сокол» (1889) и др.);

2) статьи, в которых Машхур Жусуп выражает свои взгляды и мнения о происходивших в то время исторических событиях («Известия из Баянауыла» и др. – всего 14 статей);

3) образцы казахского фольклора, собранные самим Машхур Жусупом. Среди них есть легенды, сказки, родословные рассказы в форме шежиры, образцы народного красноречия и др. («Человек и его век» (1890), «Хороший мулла» (1890) и др. – всего 9 материалов) [6, 7, 8].

Машхур Жусуп воспринимал и ценил фольклор как один из источников народной педагогической мудрости, способных оказывать воспитательное воздействие на молодежь. Например, в одной из публикаций он рассказал читателям газеты историю, произошедшую со знаменитым бием младшего жуза

Алшын Каражигитом. Волость Алшын Каражигиты в одну суровую зиму потеряла весь скот: лошадей, коров, верблюдов, баранов. Через короткое время, всего за 3-4 года, род встал на ноги и зажил по-прежнему. Но для этого ему пришлось преодолеть три человеческих порока: леность, сонливость и упрямство. В конце публикации Машхур Жусуп замечает: «Все это я сообщаю с той целью, чтобы молодые люди поняли преимущество трудовой жизни и отвергли все пороки, которые всякий разумный человек может устранить по пословице: «Благородные не гнушаются трудом». В заключение следует заметить, что Машхур Жусуп отнюдь не все образцы фольклора предлагал к изданию, а только те, которые, по его мнению, принесли бы больше пользы народу. Вместе с этими произведениями народного творчества он как бы передавал свои заветы подрастающему поколению.

Аннотация

Литература XXI века открывает нам новые имена и новые перспективы и направления, вызванные возвращением народу имен его достойных сыновей и запретной до последнего времени литературы. Данный доклад представляет собой комплексный анализ фольклористического наследия М.Ж. Копеева. Такой богатейший поэтический пласт — чрезвычайно насыщенный пословицами, поговорками, притчами, ораторскими речами, философскими размышлениями, блестящими образцами устной народной поэзии и прозы, пласт в котором емко и лаконично воплотился казахский национальный мир, казахский духовное — казахский менталитет, его дух, его история, его отношение к миру, не мог остаться без посредствующего развития, не мог не передаться и влиться в последующую литературу. Великое не может исчезнуть бесследно или остаться в рамках прошлого.

Аннотация

XXI ғасыр әдебиеті бізге өзінің лайықты ұлдарының есімдері мен соңғы кезге дейін тыйым салынған әдебиеттің халыққа қайтарылуынан туындаған жаңа есімдерді, жаңа көзқарастарды және бағыттарды ашады. Бұл баяндамада М.Ж.Көпейұлының сан қырлы фольклорлық мұрасы талданған. Мұндай бай поэтикалық қабат мақал-мәтелдерге, накыл сөздерге, шешендік сөздерге, философиялық толғауларға, ауызша халық поэзиясы мен прозасының тамаша үлгілеріне, қазақтың ұлттық дүниесі, қазақтың рухани – қазақы менталитеті, оның рухы, дәстүрі, көркем сөз өнерінің тамаша үлгілерімен ерекше қанық. Оның тарихы, дүниеге көзқарасы дамусыз, одан кейінгі әдебиетке берілмей қала алмады. Ұлы істер із-түзсіз жоғалып кетпейді немесе өткеннің аясында қала алмайды.

Abstract

The literature of the 21st century reveals to us new names and new perspectives and directions caused by the return to the people of the names of their worthy sons and literature that was forbidden until recently. This report is a

comprehensive analysis of various aspects of the multifaceted folklore heritage of M.Zh. Kopeeva. Such a rich poetic layer is extremely saturated with proverbs, sayings, parables, oratorical speeches, philosophical reflections, brilliant examples of oral folk poetry and prose, a layer in which the Kazakh national world, the Kazakh spiritual - the Kazakh mentality, its spirit, its history, its attitude towards the world, could not remain without subsequent development, could not help but be passed on and merge into subsequent literature. Great things cannot disappear without a trace or remain within the framework of the past.

Список использованной литературы

1. Абилов Д. Машхур Жусуп // Жулдыз. 1992. № 12. С. 116-129.
2. Божеев М. Наследие Машхур Жусупа // Жалын. 1974. 3. С. 127.
3. Газета «Дала уалаяты»: В 4 т. Алматы: Наука, 1989-1994.
4. Жусупов Н.К. Фольклористическое наследие Машхур Жусупа Копеева 2002.
5. Каскабасова С.А. История казахской фольклористики. Алматы: Наука, 1989.
6. Канапьянов К.Н. Поэзия М.Ж. Копеева и проблемы перевода. 2013.
7. Потанин П.Н. Казахский фольклор. - Алматы: - Наука, 1972.
8. ЦРФ НАН РК. Папки: 13, 61, «А», Р 215, Д 215, Р 265, 1645, 1882 и т.д.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Буйдабек Ақжайық
Астана қаласы
№16 орта мектеп

Кім екенімізді, қазақтың руларын, әр рудың сипатын біздер яғни ұрпақтар ақынның жинаған еңбектерінің жемісі деп білеміз. Зерттеуші деп ақынға тамаша теңеу арнайтын болсақ, ақынның талмай, тынбай шежіренің шегіне жете білгендігі бүгінгі ұрпақтың кім екенін таныта білгендігі еді. Осы орайда «Кім екенінді білгің келсе, өткенге үңіл» деген ауыздан ауызға тараған нақыл сөзі орала түседі. Иә, бұл сөзді айтпағым біздердің кім екенімізді Мәшһүр атамыз таныстырып кеткен еді. Ақынның зерттеуі мен танымдығына таң қала отырып, қалдырған мол мұрасын ұрпақтан ұрпаққа паш ету біздердің парызымыз деп білгеніміз дұрыс болар. Иә, ой мақаламның алдында көріпкел деген ақынға арналған теңеуіме тоқталатын болсам, ел аузында, тарихтың төрінде айтылған ақынның көріпкелділік қасиетіне таң қалып, таңдай қаға түсемін. Өйткені өзінің өмірден қай уақытта өтетінін ақын тірі кезінде айтқан. Сондай-ақ, тірі кезінде моласын қаздырып, жоқтау айтқызып, аза тұтқызып. Мұның себебі қайтыс болғанда халықты ашарлық жайлайтынын, халықтың азып-тозып кететінін ескерткен. Міне, сол кездегі ашаршылық, соғыс, ұры-қары қаптап, халықтың қиналатынын айтып кеткен. Осындай болжап кеткен болжамдары халықтың мәңгі есінде.

Ақынның жүрегі қазақ деп соққан. Халықтың қамы сонымен қоса, қазақтың қазақшылығын танытатын жырлары әр тарамға бөлінеді. Әдебиеттің әр-бір бөлігін бөліп алып, өлеңдерін арнай түскен ақын жаны әдемі теңеулерді барынша өлеңіне қоса білген. Жоқтау, теңеу сияқты тармақтардың барлығы өлеңіне мән бере түскен.

Бізге яғни ұрпақтарына қалдыра білген мол мұралары көптеген қуғын-сүргінен өтіп бізге жете білді. Өз заманымыз туып, тәуелсіздіктің тұғырлы таңы атқанда алдымыздан жарқырап, ақынның өлеңі шыға білген еді. Ақынның біз айтып тауыса алмайтын теңеулері мен халыққа қалдырып кеткен қазыналары ғасырлар өтіп, жылдар жылжыса да жаңара біледі. Біздер ұлықтап, аңыз адамымызды, арда азаматымызды атын айтып, ардақтай түссек нұр үстіне нұр болар еді. Халықтың қамын ойлап, шырылдаған ақынынның бозторғай жырынан мына үзік ойыма орала кеткені.

Айрылды біздің қазақ Есілінен,

Өзінің болған емес кесірінен

Жер мүлкі шаруаның қызықты едің-ау,

Қойнында құшақтаған жесірінен.

Осы жолдардан патшаның боданында күн кешкен халықты оянуға, жер-су өздерінікі екенін, сол үшін жерді қорғауға қарсы тұруларына ұран тастайды. Бар мақсаты қазақтың көзін ашып, көкірегін ояту еді.

Тәуелсіздік жылдары ғана қазақ халқының көптеген белгілі тұлғаларының мұрасын зерттеп, еліміздің мәдени кеңістігіне қайтаруға мүмкіндік берді. Кеңес дәуірінде олар ұмытылып қана қоймай, олардың туындылары да мақсатты түрде жойылды. Көбінесе тек туыстарының, жақындарының және достарының арқасында кітаптар мен қолжазбаларды жойылудан сақтап қалу мүмкін болды. Кеңестік дәуірде мойындалмаған тұлғалардың бірі – коммунистер бейітін жоюға бел буған белгілі ойшыл, этнограф, тарихшы, ақын Мәшһүр Жүсіп болды. Мәшһүр Жүсіп бірнеше тілде – шағатай, араб, қазақ, парсы, орыс тілдерінде жазған. Қазіргі таңда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылық мұрасы Қазақстан әдебиеті мен қоғамында лайықты орын алып, оның шығармалары 20 том болып басылып, кейбірі ағылшын тіліне аударылған. Әр уақытта М.Ж.Көпеевтің төл туындылары қазақ поэзиясының әдеби хрестоматияларына, оқулықтар мен жинақтарға енді. Оның терең ізденістері мен болжамдары оқырмандарды қазақ көріпкелінің өшпес мұрасына қайта-қайта жүгінуге мәжбүрлейді.

Біріншіден, ол бірнеше тілді меңгерген философ, филолог ретінде халқын ағартқаны үшін құрметке ие болды.

Екіншіден, этнограф ретінде осыдан бір жарым ғасыр бұрынғы тарихты сақтап, жеткізгені үшін бағаланды.

Үшіншіден, ол жастайынан ауызша халық өнерінің туындыларын жинап, кейін қазақтың бірегей шежірелері – Шежірелерді жинақтағандықтан ақын ретінде сүйсінген.

Медреседегі оқуын аяқтаған Мәшһүр Жүсіп сол кездегі ең жоғары мұсылмандық рухани білім алды. Бұхарадан туған жеріне оралған соң ұстаздық етті. Ағартушы М.Ж.Көпеев өмірбаянындағы ең көрнекті беттердің бірі. Ол қазақтар арасында оқытудың жаңа әдісі мен «Усули жәдит» жаңа әліпбиін таратуға белсене қатысты. Соңғысы қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, ескі араб жазуы негізінде жасалған.

Халық ауыз әдебиетін жинаушының арқасында қазақтың хандары, батырлары, билері туралы тарихи деректер бізге жетті. Мысалы, 18 ғасырдың басынан бері Қазақ хандығы Тәуке ханның (1680-1715) тұсында белгілі болды. Ол ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқан жойқын азаматтық қақтығыстар мен қантөгісті тоқтатады; ол бәрін ақылмен және әділдікпен сендіреді әлсіз руларды біріктіріп, қазақтың басындағы қара бұлтты сейілтеді деп.

Қазақ фольклорын, тарихи аңыз-әңгімелерін, қазақ шежіресін зерттеушілердің бірі – ақын, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Бұхара мен Ташкентте оқып жүргенде мұсылмандық білім алған. Ол ағартушылық қызметпен айналысты: Қызылтау ауданында қазақ балаларына мұсылманша сауат ашуды үйретті. Қазақтардың ауызша халық шығармашылығынан мұралар

жинаумен айналысты. Осы мақсатта Омбы, Павлодар, Семей, Петропавл, Атбасар және басқа қалалар аймағындағы көптеген қазақ ауылдарын аралады. Сөйтіп ол «Исабек ишан», «Мұса Шорманов» атты жоқтау поэмаларын жазды, оларда да тарихи құнды деректер бар. 1893 жылы ол патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған өлеңдері мен мақалаларын жариялай бастады. Ақын-философ қазақ жерін жаппай тәркілеу үдерісін сабырмен бақылай алмады. Қазан қаласындағы ағайынды Хұсайыновтар баспасынан Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы үш кітап шығарды. Солардың бірінде «Сарыарқаның кімдікі екен» («Сарыарқа кімдікі») атты шығармасында автор даланың нағыз иесі – қазақтардікі екенін тарихи деректерге сүйенеді. Осы және басқа да шығармалар ақын мен ойшылдың қудалануына себеп болды. Ол амалсыз Самарқанға, Бұхараға көшіп, кейін Еділ мен Жайық бойын кезеді. Бірақ қай жерде жүрсе де ауызша халық шығармашылығының бірегей материалдарын жинап отырды. «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сынсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең» сияқты жинақталған материалды білімді, көргенді ақын қағаз бетіне түсірген», «Айтыс», «Бақсының сөзі», т.б. Мәшһүр Жүсіп жинаған көне мұралардан 18 ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтештің, сонымен қатар Абай, Ұлбике, Күдеріқожа, Жанақ жырларын атауға болады. ақын және т.б. Бұқар жыраудың ақындық мұрасын қағазға алғаш көшірген Мәшһүр. 1917 жылға дейін Қазандағы Хұсайынов баспасынан әлеуметтік теңдік, білім, сөз бостандығы мәселелерін көтерген «Өмірдің жиған тәжірибесі», «Жағдаят» атты жыр жинақтары, «Сарыарқаның иесі кім» атты кітап шығарылды. Мақалалары қазақтың тұңғыш газеті «Дала уала-ятының газеттері» мен «Айқап» журналында жарияланған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жинаушы, аскеттік қызметінің арқасында Қазақстанның хандары, сұлтандары, билері, батырлары, қожаларының бірегей тарихи аңыздары, этнографиялық материалдары, егжей-тегжейлі шежірелері бізге жетті. Ол бізге көптеген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы құнды деректер әкелді.

Мақаламды қорытындылай келе, ақынды халық ұмытпайды, атын мәңгі ұрпақ ұлықтайды дегім келеді. Ақын арманы орындалды. Біз тәуелсіздікке қол жеткіздік. Өнұранымыз шырқалып, туымыз желбіреп, елтаңбамыз айқындалған шақта арда да, аңыз адамдарымызды ұлықтауға еш кедергінің жоқтығын мақтана да, марқая айта түсемін. «Ер есімі, ел есінде» деп ұрандатайық. Өмірінде халық деп соғып кеткен жүрегінің жалынын жалындататын яғни ұмытпайтын ұрпақ болса, сол ұрпақтың санасына сіңіретінін ұмытпайық, замандас!

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туған еліне, өткен тарихына деген шынайы сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімі, бүгінгі ұрпақ үшін, ұлт руханияты үшін өшпес мұра болып қалады. Болашағына арнап өлмес мұра қалдырған ақынның жинақтары тәрбиенің негізгі көзі ретінде зерттеуді талап етеді. Мұралары бүгінгі ұрпақтың жүрегіндегі рухани адамгершілік сезімдерін оятуға бағытталған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектері болашақ жастар үшін рухани өнеге мектебі. Ақынның шыншылдығы азаттықтың рухани шынайы көрінісі, болашақта жастарға үлгі болып қалатындығы. Ауызша халық шығармашылығын жинаушының арқасында қазақтың хандары, батырлары, билері туралы тарихи деректер бізге жеткен.

Аннотация

Истинная любовь и патриотизм Машхур Жусипа Копейулы к родной стране и прошлой истории останутся неизгладимым наследием для сегодняшнего поколения и духовности нации. Сборники поэта, оставившего бессмертное наследие будущему, требуют исследования как основного источника образования. Его наследие направлена на пробуждение духовно-нравственных чувств в сердцах сегодняшнего поколения. Произведения Машхур Жусипа Копеев – это школа духовной нравственности для будущей молодежи. Честность поэта является истинным духовным выражением свободы и станет примером для молодежи в будущем. Благодаря собирателю устного народного творчества до нас дошли исторические сведения о казахских ханах, богатырях и биев. Наследие Машхур Жусипа Копеев доказывает, что можно предотвратить негативные стороны жизни общества в эпоху упадка духовных ценностей. Наследие поэта – сделать так, чтобы искра истинных чувств зажглась в сердцах сегодняшнего поколения.

Annotation

Mashkhur Zhusup Kopeiuly's true love and patriotism for his native country and past history will remain an indelible legacy for today's generation and the spirituality of the nation. The collections of the poet, who left an immortal legacy for the future, require research as the main source of education. His legacy is aimed at awakening spiritual and moral feelings in the hearts of today's generation. The works of Mashkhur Zhusup Kopeev are a school of spiritual morality for future youth. The poet's honesty is a true spiritual expression of freedom and will become an example for young people in the future. Thanks to the collector of oral folk art, historical information about the Kazakh khans, heroes and biys has reached us. The legacy of Mashkhur Zhusup Kopeev proves that it is possible to prevent the negative aspects of society in an era of decline in spiritual values. The poet's legacy is to make sure that a spark of true feelings ignites in the hearts of today's generation.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Абай: Энциклопедия. - Алматы. - 1995. 403-404 б.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931) // Баянаула. - Астана, 2001. - 91 б.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. - Алматы, 1999. - 472 б.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. - Павлодар: ЭКО, 2003. - 220 б. - (Кереку-Баян

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Думшебаева Гульназ Дукенбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог - зерттеуші
«№ 5 гимназия» КММ
Астана қаласы

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын зерттеу мәселесі бүгінгі күні қарқын алуда. Белгілі ғалымдар: Бейсенбай Кенжебаев, Әбдусағит Жиреншин, Мұратбек Бөжеев, Сәрсенбі Дәуітов, Дихан Әбілев, Серік Негимов еңбектерінде ақын өлеңдерінің идеялық-тақырыптық негізі, жекелеген көркемдік ерекшеліктері сөз болса, әдебиеттану саласы бойынша Уалихан Қалижан, Сейфидтен Сүтжанов, Қуандық Жүсіповтың, Мария Баратовалардың ғылыми еңбектерін атауға болады. 2003 жылы Қ.Жүсіповтың «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы» атты монографиясы шықты. Бұл монографияда қазақ фольклортану тарихында ерекше орын алатын тәуелсіздіктің арқасында кейінгі он жылдықта ғана зерттеле бастаған қазақ фольклортанушы-ғалымдары: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Әлихан Бөкейханұлы фольклортанушылық еңбектері сөз болады. [1]

Бай мәдени мұрасы бар Қазақстан көптеген ғасырлар бойы фольклор әлемінде өзінің қайталанбас дәстүрін сақтап келеді. Бұл дәстүрдің жарқын өкілдерінің бірі – қазақ ауыз әдебиетінің сақталуы мен дамуына орасан зор үлес қосқан көрнекті ақын, қоғам қайраткері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ ауыз әдебиетінің сақталуы мен дамуына қосқан үлесі өте зор.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, фольклортанушы, тарихшы, философ, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жалықпай жинап, олардың бәрін ұрпақтан-ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізуші, соңынан сан-салалы қазыналы мол мұра қалдырған ағарту саласының белді өкілі. Алаштың біртуар перзенті Мәшһүр Жүсіп - өз қазақ халқының әдебиеті, тілі, фольклоры, тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген. Араб, парсы, шағатай, орыс т.б. тілдерін жетік меңгерген.

Өзінің саналы ғұмырын Мәшһүр Жүсіп ағарту саласына арнап, әділдікті, адамгершілікті, парасат пен пайымды насихаттап, дәріптеп өтіп, тер төгіп еңбектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі мол рухани қазынасын қалдырды.[2]

Оның шығармалары көбіне халық ертегілерінен, аңыз-әңгімелерінен, салт-дәстүрлерінен сусындап, поэзияның ғажайып әлемі арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған. Жүсіп Көпеев қазақ ауыз әдебиетінің сұлулығы мен тереңдігін бейнелейтін өлеңдерімен танымал болды.

Ақын шығармашылығының маңызды бөлігі оның ата-бабасынан қалған бай мәдени мұраны ұқыптылықпен сақтап, фольклорлық материалдарды белсенді түрде жинағаны белгілі. Аңыз-әңгімелерді, тарихи дастандарды, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтелдер, ақындар айтысын қағаз бетіне ұқыптылықпен түсіре білгені, оның қанша сөзден, тармақтан тұратынын шығарма соңында көрсетіп отырған. Кімнен жазып алынғанын, айтылған жыр-дастанның диалектісін сақтай отырып жазу шеберлігі Мәшһүр Жүсіп Көбеевтің даналығын көрсетеді.

Қазақ әдебиетінің қайнар көзі, оның ішіндегі ең көрнекті саласы – эпостық туындылар. Ол ел арасынан «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» тәрізді батырлар жырын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алтынбас -Күмісаяқ» сияқты лиро-эпостық жырларды да, сондай-ақ «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» тәрізді басқа да жинаған шығармалары жарық көрді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклор жинаушылық еңбегі зор. Соның бір саласы ертегілер болса, халық арасынан жинаған «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһарым патша туралы», «Жеті жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» секілді т.б. туындылары бар.

Мәшһүр Жүсіп сондай-ақ ақындар айтысының не бір тың үлгілерін де жинаған. Мәселен, “Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы”, “Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы”, “Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы”, “Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы”, “Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы”, “Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанак пен Найман Сабырбай айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанак пен Найман-Түбек айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанак пен Орманшы Сақау ақын айтысы”, “Қуандық-Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы”, “Керей-Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы”, “Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман-Түбек айтысы”, “Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы”, “Қыз бен жігіт айтысы” тәрізді ақындардың сөз қағыстырулары Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында белгілі бір тәртіппен берілген.

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Сонымен бірге ақын қолжазбаларында көптеген ақын жыраулардың өлең мен қиссалары, дастандары да бар. Бұхар жырау, Мәделі қожа, Сақау ақын, Ақан сері, Шернияз т.б. өлеңдері, Қоңырат Сапақ датқа ақын, Үйсін Үмсін қыз, Заман қожа, Тоғжан, Қалдыбай қожа, Шөже ақын, Арғын - Қамбар Жанак, Найман Сарыбай, Найман Түбек, Найман-Опан қыз, Орынбай, Шортанбай қожа, Күлік-Жамшыбай, Қаракесек Балта, Көтеш, Ақмолла, т.б. ақындар туындыларын қағаз бетіне түсірген.

Бұл жинаушылық барысында белгілі фольклорист-ғалымдар: Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Г.Потанин т.б. жинақтарымен танысып, өзіндік жинау

әдісіне сүйенгені белгілі. Олар: тілдік ерекшеліктерді сақтау, дәлділік, айтушы аузынан сол қалпында көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинау, т.б.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Дәлірек айтсақ, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі, батырлық жырлардан - 5-6; ғашықтық жырдан - 2-3; қисса-дастандардан - 11-12; тұрмыс-салт жырларынан - 30-40; аңыз-әңгімелердің 200-300 үлгісі; жаңылпаштың - 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі - 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30-40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алды. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, күлдіргі сөздер топтамасы, т.б. нұсқалары бар.

Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшелігі шығыс пен батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгеруімен қатар араб, парсы, орыс, көне түркі тілін жете меңгеруі және 20 ғасырдың соңғы ширегі мен 20 ғасырдың бас кезінде қазақ даласын көп аралауы нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің қазақ халық әдебиетін өз замандастарына қарағанда, анағұрлым көп жинап, ол туралы кеңірек зерттей білгенінің куәсі боламыз.

1888 жылдан бастап Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері мен ел ішінен жинаған ауыз әдебиетінің үлгілері Омбы қаласының «Дала уәлаяты» газетінде жарық көріп тұрған. Мәшһүр-Жүсіп жинаған мақал-мәтелдер – қазақ фольклортану ғылымының бай, мол, сарқылмас қазынасы.

Мақал-мәтелдерді жеке алып қарастырудың маңызды жақтары көп. Біріншіден, мақал-мәтелдердің күрделі табиғатын танып-білуде қазақ қауымының істелген істерден гөрі істелуге тиісті істер әлдеқайда көп. Мақал-мәтелдердің қазіргі таңда қолданылу аясы өз деңгейінде деп айту екіталай. Себебі мақал-мәтел кенжелеп дамып келе жатқан халық ауыз әдебиетінің саласы. Әсіресе, қарапайым халық мақал-мәтелдеп сөйлеуді қашаннан ұмытқан, тек үлкен әжелеріміз бен аталарымыз ғана бірен-саран айтады. Ол – бізге жеткіліксіз. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың белгілі фольклоршысы Мәшһүр Жүсіп жинаған мол қазынаның бірі – қазақтың мақал-мәтелдері.[3] «Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары ішіндегі мақал-мәтел тақырыптарының көп түрлілігімен де құнды. Мұнда адамның мінез-ерекшелігіне, бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, дінге т.б. қатыстылары жиі кездеседі. Мәселен, қолжазбаларда: «Қазақтың ат биеден, алып анадан», – деген сөз тараулары мәнісі, «Екі қырағыдан су қараңғы», «Ұйқыда өскен бұзау өгіз болмайды», «Абылай аспас сары бел» дегенінің мәнісі, «Ала арқан жоғалды, бір лақ алып табылды» дегеннің мәнісі, «Ала арқан жоғалды, бір лақ алып табылды» дегенінің мәнісі, «Қазақ: «Пірден емес, мұраттан» деуінің мәнісі – деп аталатын т.б. мақал-мәтелдер топтамаларының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін танытудағы мәні үлкен. Сондай-ақ қолжазбалардың бірінде Мәшһүр Жүсіп саны 176 мақал-мәтелді бір бөліп көрсеткен. Мұндағы мақал-мәтелдердің барлығы рет-ретімен нөмірленіп жазылған. Мәшһүр Жүсіп әр мақалдың дерлік қайдан жазып алынғанын көбіне сөз арасында айтып кетіп отырған. Мәселен, «Байлық мұрат

емес, Жоқтық ұят емес» – деген мақалды Мәшһүр Жүсіп: «Күні кеше Сарыарқада қасиетті, шарапатты болып өткен Ғайса Бикей ишан дуам айтып отырады екен», – дейді. Яғни, бұдан мақалды жеткізуші есімі Ғайса Бикей ишан екендігі, оны Мәшһүр-Жүсіп жазып алғандығы көрініп тұр.

Өзінің ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсады. «Қазақтың жері, күнбатысы–Сырдария, күншығысы–ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі–Жетісу, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қазыбек би, Шақшақ Жәнібек батыр заманында жаннан көшіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, маңғаз сарбаздары жау жолында оққа ұшып өліп, сөйтіп алған жері», деп ашына көрсетеді өз шығармасында.

«Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,

Айырмай жақсы менен жаман фарқын», – деп жырлаған ақын халқымен бірге екенін байқатады. [4]

Жүсіп Көпеев қазақ мәдениеті мен фольклорында өшпес із қалдырды. Оның шығармашылығы мен қоғамдағы белсенділігі жаңа ұрпақтарды мәдени мұраны құрметтеу мен сақтаудың маңыздылығын еске түсіріп, шабыттандырады.

Жүсіп Көпейұлы көрнекті ақын ғана емес, қазақ ауыз әдебиетінің бай дәстүрін жан-жақты қолдаушы.

Шығармашылығы мен фольклорлық материалдарды жинау мен сақтаудағы күш-жігері оны Қазақстанның мәдени даму тарихындағы басты тұлғаға айналдырды. Жүсіп Көпеев мұрасы өз мәдениетін мақтан тұтып, өткенмен байланысты сақтауға ұмтылғандардың жүрегінде сақталады.

Аңдатпа

Мақалада қазақтың белгілі ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбаларын зерттеу мәселелері сөз болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – тарихи маңызы бар әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер дәуірінде дүниеге келген ақын. Ол қазақ жазба әдебиетінің көркемдік кеңістігін қалыптастыруға, дамытуға және кеңейтуге үлкен үлес қосты. Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайын шынайы суреттеген, шындықты айта білген қаламгердің әдеби мұрасы мен фольклортанушылық тұлғасы, оның жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Мақаланың ғылыми мәселелері Мәшһүр Жүсіптің мәдени және әдеби мұрасын фольклор аясында зерттеумен байланысты.

Кілт сөздер: Мәшһүр Жүсіп, тарихи тұлға, мәдени мұра, көркем әдебиет, поэзия, фольклор, ауызша әдебиет.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы изучения рукописей известного казахского поэта Машхур-Жусупа Копеева. Машхур Жусип Копейұлы – поэт, родившийся в эпоху исторических социальноэкономических и общественно-политических преобразований. Он внес огромный вклад в становление, развитие и расширение художественного пространства казахской письменной литературы. Неоспорима актуальность представления молодого поколения о культурно-литературном наследии и личности фольклориста, достоверно описавшего социально-политическое состояние казахского общества, сумевшего запечатлеть дыхание эпохи. Научная проблематика статьи связана с исследованием культурного и литературного наследия Машхур Жусипа в контексте казахского фольклора.

Ключевые слова: Машхур Жусип, историческая личность, культурное наследие, художественная литература, поэзия, фольклор, устная литература, просвещение, духовные традиции.

Abstract

The paper analyzes the problems of research of Kazakh poet Mashkhur Zhusip Kopeev manuscripts. Mashkhur Zhusip Kopeyuly is a poet born in the era of historical socio-economic and sociopolitical transformations. He made a huge contribution to the formation, development and expansion of the artistic space of Kazakh written literature. The relevance of the idea of the younger generation about the cultural and literary heritage and the personality of the folklorist, who reliably described the socio-political state of Kazakh society, who managed to capture the breath of the era, is undeniable.

Key words: Mashkhur Zhusip, historical personality, cultural heritage, fiction, poetry, oral literature, enlightenment, Oriental literature, spiritual traditions.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қожахметова Б.Р. Мәшһүр Жүсіп фольклористикасындағы би-шешендердің сөз өнері : оқу құралы ,Павлодар : Керекү 2014,4-5 бет
2. Садықов Е.Т.,Жүсіпов Н.Қ.,Токмұхамедов С.Е. Мәшһүр Жүсіптің тарихы мұрасы «Отан тарихы» №3 (99) 2022
3. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972, – 248-250 б.
4. Жүсіпов Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы / Қ. Жүсіпов. – Павлодар. 2008.

МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ — СОБИРАТЕЛЬ НАРОДНОГО ФОЛЬКЛОРА

Машхур Жусуп Копеев - выдающийся казахский писатель, чьи произведения оставили неизгладимый след в истории казахской литературы. Его творчество является ценным наследием, которое до сих пор остается актуальным и важным. Произведения поэта не только прославляют историю и традиции Казахстана, но и вдохновляют молодое поколение на творчество и бережное отношение к своей родной земле.

Машхур Жусуп Копеев, казахский поэт, публицист, этнограф, просветитель и фольклорист, родился 1858 году на территории Баянаульского района Павлодарской области. Его настоящее имя было Жусуп, а Машхур ("знаменитый") он стал после того, как его публикации получили широкую известность. До 15 лет Жусуп обучался в медресе хазрета Камара, после чего в 1872 году отправился в другие районы Северного и Центрального Казахстана для сбора произведений устного народного творчества. Он посетил известные всему Казахстану места, такие как Караоткел, Атбасар, Кызылжар, знакомился с жизнью, бытом и фольклором родов и племен, населявших эти края. Уже тогда он проявил себя как вдумчивый и наблюдательный поэт, способный точно охарактеризовать и передать увиденные события и явления жизни. Всю свою жизнь Машхур Жусуп Копеев посвятил просвещению казахского народа и улучшению его жизни. Его деятельность проявилась в участии в распространении среди казахов новой методики обучения и нового алфавита, созданного на основе староарабской письменности. Он сам обучал детей и молодежь грамоте, используя для этой цели книги, изданные новым шрифтом. Блестящее знание арабского и персидского языков, природный поэтический дар, великолепное знание культуры и истории родного народа, а также способности аналитического характера помогали ему глубже и яснее понимать суть происходящих событий и явлений, оценивать их в свете своих просветительских воззрений. Оригинальные произведения поэта в разное время были включены в литературные хрестоматии, учебники и сборники казахской поэзии.

Машхур Жусуп был одним из первых казахских ученых, систематически собиравших и изучавших фольклор. Он собрал и записал многочисленные образцы народной поэзии, прозы, музыки и других фольклорных жанров. Собранный им материал представляет собой ценный источник для изучения традиционной культуры и истории Казахстана.

Машхур Жусуп Копеев развивался как выдающийся ученый-фольклорист под влиянием трех основных факторов: богатого устного наследия и фольклорных традиций Казахстана; достижений восточной науки и культуры,

особенно ученых средневековья; а также влияния западных и российских интеллектуалов. В процессе сбора устной литературы и фольклорных образцов Машхур Жусуп следовал определенным принципам. Во-первых, он понимал ценность фольклора как драгоценного наследия, которое нельзя изменить или корректировать, поэтому он стремился записывать тексты в их первоначальном виде. Во-вторых, он осознавал значимость фольклора как средства воспитания и просвещения общества, поэтому он уделял внимание выявлению истоков и путей распространения каждого текста. В-третьих, Машхур Жусуп признавал фольклор в качестве устной истории и источника исторических сведений. Примером может служить его цикл из 16 рассказов, связанных с Абылай ханом, охватывающий все периоды жизни хана от юности до смерти. Четвертый принцип заключается в рассмотрении фольклора с филологической точки зрения, то есть как искусства слова. Жусуп Машхур старался продемонстрировать уникальность фольклора как особой формы искусства в казахской культуре, подчеркивая высокую ценность искусства речи у казахов. Пятый принцип - это рассмотрение фольклора как источника этнографической информации, содержащего сведения о происхождении, родовой структуре, формировании, образе жизни, природной среде, одежде, профессиях и духовной культуре различных народов. Эти данные в изобилии представлены в трудах поэта.

Знаменитый Жусуп собирал песни «Камбар батыр», «Ер Таргын», «Ер Кокше» и др. Он собрал лироэпические поэмы, а также другие произведения, такие как «Киик», «Бозторгай», «Изучение религии». Известно, что в 1866 году, когда ему было восемь лет переписал с почерка современника стихотворения «Козы Корпеш - Баян сулу» и «Ер Таргын». А также Машхур Жусуп Копеев собирал различные народные сказки: «Едил-Жайык», «царь Баһырам», «Алаша хан», «Ер Гостик» и др.

Поэт и ученый Машхур Жусуп потратил долгие годы на кропотливое изучение и собирание образцов народной поэзии, среди которых особое внимание уделялось пословицам и поговоркам. В отличие от других жанров фольклора, сборник пословиц требует от исследователя длительного, неумолимого исследования и тщательной работы, поскольку их невозможно найти по отдельности в готовом виде. Пословицы и поговорки следует записывать либо из уст рассказчика, либо из рукописей, либо находить их упоминание в различных произведениях. Пословицы, собранные и сохраненные Машхуром Жусупом, представляют огромную ценность благодаря своему тематическому разнообразию. Он классифицировал их следующим образом:

- об искусстве и образовании: «Ақыл – білім азығы, білім – ырысқазығы»;
- о морали и уважении: «Иесін сыйлағанның – итіне сүйек сал»;
- о поведении человека: «Айдан — анық, сүттен — ақ, күннен — жарық, судан — тұнық»;
- о здоровье: «Ауру — астан, дау — қарындастан»;
- о стране: «Ел даусыз болмайды, тау құрсыз болмайды»;

- о работе и труде: «Бейнет түбі – рахат»;
- о справедливости: «Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ, туғанына бұрған биде иман жоқ»;
- обо всем и небытии: «Бар ағайын пәтуада болмас, жоқ ағайын сатуада болмас»;
- о семье: «Жақсы әке – қырық жыл азық»;
- о животноводстве: «Жаман атқа жал бітсе, жалына торсық байлатпас; жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас».

Пословицы и поговорки, собранные Машхуром Жусупом, являются ценным источником знаний о культуре, традициях и жизненном укладе казахского народа. Они не только отражают мировоззрение и образ мышления, но также являются богатым источником поэтической образности и выразительности. В V томе известных произведений поэта содержится целых 1152 пословицы, упорядоченные по алфавиту.

Машхур Жусуп Копеев отлично осознавал значение загадок для развития ума и сознания у детей, а также для пробуждения их чувств. Он неустанно собирал этот жанр фольклора у народа, применяя как запись загадок, передаваемых непосредственно устными рассказчиками, так и источники в виде книг. Например, в середине рукописи давались группы загадок, а в начале указывалось предупреждение «из Хадис-Шарифа». Подобным образом Машхур Жусуп, виртуозно владея основами и методами создания загадок, самостоятельно формулировал новые загадки. Например, материалы, связанные с «Двенадцатью именами года», он назвал: «Мәшекеңнің жұмбақтары». Машхур Жусуп также собрал несколько примеров айтыса, например: «Улбике кыз и Кудеры кожа», «Ұлбике кыз и Каракалпак Жанкел» и др. Помимо образцов айтысов поэтов, он занимался сбором и записью произведений многих поэтов, которые публиковались в устной или письменной форме. Например, в его рукописях собраны стихи, рассказы и былины различных авторов: Бухар жырау, Мадели кожа, Сакау акын и др.

Машхур Жусуп Копеев, известный собиратель устной народной литературы, охватывает в своих известных трудах все разнообразие жанров этой формы искусства. В его сочинениях можно найти около 15 фрагментов из сказок, 5-6 героических песен, 2-3 песни о любви, 11-12 рассказов, 30-40 обрядовых песен, 200-300 легенд, около 100-150 скороговорок, около 50 загадок в форме стихов и назиданий, 2,5 тысячи строк пословиц. Также в его работах представлены 27 айтысов поэтов и стихи около 30-40 поэтов. Машхур Жусуп Копеев придерживался экспедиционного метода в сборе материалов, совершая путешествия по разным уголкам страны и легко фиксируя все находки, которые попадались на его пути.

В заключении необходимо распространять изданные произведения нашего благородного предка, и доводить их до сердец каждого казаха. Потому что наш знаменитый предок Машхур Жусуп не для души, а для чести собирал,

крепко привязанный к своему сердцу, богатое духовное наследие казахской степи и знал, что это – аманат: передать будущим казахам это наследие.

Аннотация

Бұл баяндамада Мәшхүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасының әр түрлі жанрлары баяндалады. Ақынның фольклор ғалымы ретінде қалыптасу көздері мен оған сүйенген жинау принциптері де атап көрсетілген.

В этом докладе рассказывается о разных жанрах фольклорного наследия Машхур Жусупа Копеева. Также отмечены источники становления поэта как ученого-фольклориста и собирательские принципы, на которые он опирался.

This report tells about different genres of folklore heritage of Mashhur Zhusup Kopeyevich. It is noted the sources of the poet's formation as a folklore scientist, as well as the accumulative approaches.

Список литературы

1. Ансабаев Д. «Воспитательное значение произведений М. Жусупа» «Поиск-Поиск» 2003 г. С. 184-190
2. Алиханович Ж. «Династия М. Жусупа»суверенный Казахстан 2003 г.
3. Ахметова Г. «Взаимосвязь этического и эстетического в творчестве М.Ж.Копеева, С.Торайгырова и Ж.Аймаутова». канд. филос. наук: 09.00.03-История философии. - Алматы, 2003.
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6-том. Алматы, Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы. 2004 жыл.
5. Машхур Жусуп Копеев (1858-1931 гг.) // Исторические личности. - Алматы, 2007.
6. Мәшхүр Жүсіп Көпейұлы. 1- том. Алматы. «Алаш» баспасы. 2003 жыл.
7. Мәшхүр-ЖүсіпКөпейұлы. Шығармалары. 6-том

Жахина Гаухар Жаксылыковна
«Міржақып Дулатұлы атындағы № 68мг»
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
МН-КЯЛ-22-02 магистранты
«Тұран-Астана» университеті

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР ҮЛГІЛЕРІ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ХХ ғасырдың бас кезіндегі белгілі ақын, фольклоршы, публицист, ауыз әдебиетін жинаушы, алашқа аты белгілі тарихшы. Мәшһүр Жүсіп 5 жасында Баяндағы Байжан Сұмағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен оқып және 8 жасында Қамариддин хазіреттен білім сусындап, шығыс мәдениеті мен халық ауыз әдебиетін ауызша естігендерін «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын» т.б жырлармен, ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін, қисса-дастандарды халыққа жеткізген тұлға. Ақын 10 жасынан өлең шығара бастаған. «Өнерпаз», «Наурыз тілегі», «Бес қымбат» өлең, дастан «Әдһәм диуана Ибраһим» жазбалары, ағартушылық, адамгершілік, табиғат - болмысы, бағыт - бағдары мол мұра саналады.

Мәшһүр Жүсіп және оның шығармаларын тану көп ізденушілікті қажет етеді. Қоғам қайраткері, дінтанушы, ақын ретінде мектеп жасындағы оқушылардың ұғымына лайық шығармалары, ауыз әдебиет үлгілері оқулыққа енгізілсе, оқушыларға тереңірек таныс болар еді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы гуманизм, бірлік, парасаттылық, ақыл мен қанағатқа шақыратын ойлары бүгінгі қоғам келбетімен үндес.

Бүгінгі күнге дейін мектеп оқулығында фольклор үлгілерін жинақтағандардың бірі Г.Н.Потанин деп жазылып келсе, қазір М.Жүсіп жинақтаған нұсқаларын жинап қана қоймай, тәрбиелік, ұлттық құндылықтылығын бағалап, ішкі мазмұны ерекше екендігіне байланысты, фольклор саласындағы шығармаларын талдау керек деп шештік.

Қандай тақырыпқа да бай ауыз әдебиет үлгілері балалардың ой-өрісін кеңейтіп, дүниені молырақ танытатын мақал-мәтел, өтірік өлең, ертегі-аңыздан бірнеше үлгілер алынып, орта білім мекемесінде берілген қазақ әдебиетіндегі нақыл, мақал-мәтелдермен салғастырып, түбі бір мән-мағыналас үлгілерін айқындауға тырыстық.

Ұлттық тәрбиенің бастауы, қайнар көзі - ауыз әдебиет үлгілері болып табылады. Мысалы, қос тармақты мақал-мәтел шумақтары толымды, үнемі ұйқасқа құрылмайды [1. 112]. Бірыңғай буын-бунақта, бір ырғақта тұрып-ақ шумақ құра береді. Қорқыт бабамыздың нақыл сөздері де: «Қосағыңмен бірге қартай», - деген тілек сөз. Мәшһүр ақынның үлгісінде: «Құдай қосқан қосағың, Бірге ілесіп қартайсын» деген екі тармақпен берілген.

Халық ауыз әдебиеті үлгілері	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
<p>Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған қыз жаман (Қорқыт)</p> <p>«Ақыл – жастан, асыл – тастан», «Өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам. [2. 112] «Шешеге қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер [2. 52].</p> <p>«Бар, барын айтады, жоқ зарын айтады. «Алтын –тас, дақыл –ас». [1.170] «Ат-адамның қанаты», «Ат-биеден, нар –түйеден» [2. 237].</p> <p>А.Байтұрсынұлы өлеңді көңіл көтеру ісіне жұмсалатын сөз түріне жатқызады. Сөз ішіндегі буындар, ырғақтар, сөзбен бірге түгелімен сөйлемге кіреді. Өлеңнің бір түрі-өтірік өлең [3. 17].</p> <p>Бақа қызын беріпті көбелекке, Жүріпті ара, шыбын жеңгелікке. Құмырсқаның бір туын ұстап алып, Той қылып, ат шаптырды төңірекке [2.12]</p>	<p>Бейнет түбі – рақат десе, Бейнет түбі –зейнет. Ана көрген – тон пішеді, Ата көрген – оқ жонады Майқы бидің нақыл сөздері: «Алтау ала болса -ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді». «Ақыл жастан шығады, Асыл тастан шығады». «Арамзаның құйрығы – бір-ақ тұтам», «Бар мақтанса, табылады, жоқ мақтанса, шабылады». «Арпа бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен». «Ат-ердің қанаты». «Ат –биеден. Алып – анадан». Кей мақал сөздер, қара сөзбен айтылатын пернелі сөздер көркем, бірде ұйқасып, бірде үндесіп келеді. «Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бөліп бере алмайды». «Жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң жүндейді» деген мақал-мәтелдерде ой, пікір тұжырымдалып қысқа қайырылған [4.122].</p> <p>Өтірік өлең айтып қызға жақты, Құмырсқаның асауын қойдай бақтым. Сауын шегірткенің ұстап мініп, Тау-таудан тарбаңдатып түлкі қақтым.</p>

5-сынып әдебиет оқулығында «Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызында жерге, елге көлдің маңызы туралы айтады. Маңғыстау, Жуалы, Жетісу, Баянауыл т.б жер атауларына тоқталып, желмаясымен Жерұйықты іздеп ерекшеліктері мен қасиеттерін жіктейді. М.Жүсіптің «Асанқайғының жер туралы айтқандары» бірінші нұсқасында «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, Құлан қайтіп

күн көрер?!» деген пролог арқылы Асанқайғының жыр үзіндісімен басталып, Ертісті «сиырдың мүйізі, кәпірдің құлағы шығып тұратын жер» баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас, баласы кәпірден жылайтынын айтады. Шыңғыс, Семей тауларын көріп, топырағы құтырған екен десе, «Түндік» деген жерге келгенде қойдың құлағы тұтам шығып тұратын жер деп, артына үш қарап, «Үшқара» атапты. Қызылтау, Баянауыл, Ащы, Бөкенбай, Ермей тауы, Сілеті, Жаланапаш, Есіл, Нұраның Есенқарт жері, Қарақұйын-Қашырлы, Терісаққан, Торғай, Жетіқоңыр, Шымкент, Сайрам, Сыр бойы, Сулы Келес, Құрлы Келес, Жиделібайға шейін жүріп, «Сарыарқаны орыс алады» деп, «Орыс бармайтұғын жерге барамын» деп ауып жүргенде тойына үш мәрте шақырған Жәнібекке кез болады. Жәнібек хан: -Асанқайғым, Шақырса келмес ханымды Бура қуып келтірді, - деген үш тойыма шақырдым. Бірде-біріне келмедің, қадірсіз, аяқсыз келдің дегенде, Қорқыт: Әуелгі той қылғанда қалмақ қызын, Қарашаш сұлуды алдың, Ақсүйек төре едің, тұқымыңды аздырдың, Сұңқарды қарғаға айырбастадың несіне келейін! -Екінші тойда Жайық суының бойына жауын өтпейтін үй салдырттың. Ол үйді кәпірге салдыртып, Есіл бойына кәпір жинап, қанша жерді кәпірге қалдырдың. Осындай жерді кәпір алып отыр. Үшінші Құладыңға қу ілдірдім деп той жасадың, Құладың құстың құлы еді де, қу құстың төресі еді. Кесірі: өзіңнің басыңды есігінді құл алады, тұқым тұқымына кетеді. Заманның ақыры кезінде тұқымыңды, түйеші, биеші қылады, несіне келейін,-деген екен [5. 22]. Бұл аңызда байқағанымыздай, көл, тау, жердің жақын да жағымды жақтарын атағандығымен құнды, шыншыл аңыз десек қателеспеген болар едік. Ал 5-сынып оқушыларының қазақ әдебиетінің оқулығында берілген нұсқасында мазмұны жағынан жер-су аттарының маңызды жақтары ғана жазылып, айырмашылықтары Қорқыттың болжамы, психологиялық сезім-күмәні бар тұстары берілмеген. Осы аңызды оқытқанда екінші нұсқаны салыстырып өту керек. Сыңаржақты қай жерде не шығады, не беретін мәнді сипаттары ғана емес, тарихи оқиғаларды да меңзеп өту – оқырманның өзіндік сыни көзқарасын қалыптастырады.

Аңыз ертегінің бірі – Жиренше шешен туралы халық шығарған көркем әрі жасанды әңгіме қатарына жатады. Жанды әңгіме деуі тұлғалар тарихта болғанмен де оқиғалар өзгеріске ұшырағандықтан, халық ұмытпау үшін ауыздан-ауызға жеткен шығарма. М. Жүсіптің Абылай хан туралы аңыздары: «Абылайдың алғаш көзге түсуі», «Абылай хан сауалы», «Абылайханның тұтқын болуы», «Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы», «Самарқан жорығы Абылайдың түс көруі». Білім алушы алдымен, тарихи тұлғалар туралы бала танымын қызықтыру үшін қабылдауға жеңіл аңыз- әңгімелерден бастаған тиімдірек. Ақынның жиып-терген еңбектері әлі де болса зерттеледі. М.Жүсіп өлеңдері мен дастандары да діни сауаттылығын аңғартып, шарифат пен өмір тіршілігімен астарласып ілім-білімге, адалдық пен адамдық қасиеттерге үндейді. Ақынның өзі айтқандай:

...Білгеннің жүрген жері – бірі жарқ...

Боласың өзің –кеме, өзің –қайық,- деп халықтың інжу-маржан ауыз әдебиет үлгілері мен фольклоры, өнері жасөспірімдерге таптырмас тәлім-тәрбие көзі болмақ.

Аннотация

Бүгінгі жас ұрпақ үшін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни ағартушылық, еркіндік, батылдық, қайырымдылық туралы шығармалары құнды. Автор ұрпақтың ауыз әдебиет үлгілері, фольклор арқылы елінің, ата-бабаларының тарихын білуі және діни сауатты болу керектігін алға тартады. Осы орайда, ХІХ-ХХ ғасыр куәсі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының поэзиясын, аңыз - ертегі, мақал-мәтелдері, хан, би-шешендер туралы айтылған еңбектерін, ғылыми зерттеулері негізінде тиісті деректер талданып, Б.Керімбекова, М.Мұқанова, «Майқы бидің нақыл сөздері», «Қазақ әдебиеті», А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш», Б.Адамбаев, «Қазақ мақал-мәтелдері мен шешендік сөздері», Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағынан алынған мәліметтер мақаланың кешенді әдіснамалық негізін құрады.

Annotation

Today's young generation is the religious enlightenment, freedom, courage, charity, culture of the famous Zhusip Kopeiuli. The author emphasizes that the generation should learn about the history of their country and their ancestors through examples of oral literature, folklore, and be religiously literate. On this occasion, we searched for various scientifically researched works from the libraries of Mashhur-Zhusip Kopeiuli's poetry, legends, proverbs, khans, dance-speakers, the witness of the 19th-20th centuries, Mashhur Zhusip Kopeiuli/5 volumes, Kopeiuli Mashhur - Yusip's collection of works. , Otebay Turmanzhanov analyzed the data in the works called "Kazakh proverbs", B. Kerimbekova, M. Mukanova, "Proverbs of Maiky dance", "Kazakh literature", A. Baitursynuly, "Literary exponent", B. Adambaev, "Kazakh proverb - proverbs and speeches", took information from the collection of works of Kopeiuli Mashhur-Zhusip and competed for the purpose of comprehensive explanation. This article is a research work for further comprehensive consideration.

Аннотация

Сегодняшнее молодое поколение – это религиозное просвещение, свобода, мужество, благотворительность, культура знаменитого Жусипа Копейули. Автор подчеркивает, что поколение должно познавать историю своей страны и своих предков на примерах устной литературы, фольклора, быть религиозно грамотным. По этому поводу мы провели поиск различных научно-исследовательских произведений из библиотек поэзии, легенд, пословиц Машхур-Жусипа Копейули, ханов, танцовщиков, свидетеля ХІХ-ХХ веков, Машхур Жусип Копейули/5 томов, Копейули Машхур - Сборник произведений Юсипа., Отебай Турманжанов проанализировал данные в произведениях под

названием «Казахские пословицы», Б. Керимбекова, М. Муканова, «Пословицы танца Майкы», «Казахская литература», А. Байтурсынулы, «Литературный экспонент», Б. Адамбаев, «Казахская пословица – пословицы и речи», взял информацию из сборника сочинений Копейули Машхур-Жусипа и состязался с целью всестороннего объяснения. Данная статья представляет собой исследовательскую работу для дальнейшего всестороннего рассмотрения.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адамбаев Б. Қазақ мақал-мәтелдері мен шешендік сөздері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 112 - 170б.
2. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелі. – Алматы: Жазушы, 1980. – 212,52,237 б.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Атамұра, 2003. – 17-240 б.
4. Керімбекова Б., Мұқанова М. Майқы бидің нақыл сөздері. - Алматы: Мектеп, 2019. – 122 б.
5. Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалар жинағы. Алматы: Өлке, 2014. - 280 б.

Жүсіпова Ақерке Орынбасарқызы
Төлеген Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
п.ғ.магистр

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІН ЖИНАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

«Сіз – қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіз – құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі Сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой», - деп драматург Жүсіпбек Аймауытов айтқандай нағыз қазақтың қазақ дәуірінде өмір сүрген Мәшһүр Жүсіптің жазған қай шығармасын алсақ та толғаулы сөздері мен жырлары толастамайды.

Өз заманының білгірі, Абайды пір тұтқан ақын Мәшһүрдің фольклорлық, зерттеушілік қыры мен сыры көп-ақ. Жиһангерлік жолмен ғұмырының тең жартысын өткізген, жүрген бала ақын, дана ақындық жолына дейін көптеген шығармаларын жазған. Оның этнограф ретінде зерттеу жүргізіп, шешендік өнердің түрі – айтыс өнерін зерттегені, қазақтың тарихына қосқан зерттеу еңбектері, шешендік өнердегі айтыс, мақал-мәтелдер мен ертегілері, өлеңдері мен дінге деген философиялық көзқарасы өзіндік мәнге ие. Оған дейін Шоқан Уалихановтың айтысты бірнеше түрге бөліп қарастырғанын, Ахмет Байтұрсынұлының айтыс түрлерін бірнеше топқа бөліп зерттегенін білетінбіз. Дегенмен, оған дейін Мәшһүрдің айтыс туралы жазғанын жоққа шығара алмаймыз.

Мәшһүрдің басқа ақындарда, ғалымдардан, зерттеушілер мен фольклористерден өзіндік айырмашылығы, ерекшелігі бар. Ол да өзгелер тәрізді жан-жақты, ауызба-ауыз жазу арқылы қазақтың шешендік өнерін қағазға түсірген. Халық ішіндегі тарап кеткен мақал-мәтелдерді, айтыстарды, жырларды және ертегілер мен әңгімелерді өзінше жинаған. Олай болса жинау барысындағы Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшеліктерін топтастырсақ.

Бірінші ерекшелігі – көзі ашық, көкірегі ояу жастың он бес жасынан хат танып, оқи білуі әсер етті десек артық болмас. Себебі, өзімен қатарлас замандастарының ішінде қара танымай жүргендері қаншама еді.

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қыласың», - деді баста,
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,

Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Шүкірлік бергеніңе, Құдай патша,
Он бесте шабыттандым жүйрік атша.
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде
Кеудеме өлең толды сызған хатша.

Тіпті он бес емес зерттеушілердің айтуы бойынша 8-ден 9-ға қараған шағында күллі Баян еліне өлеңші бала атанған екен. Мұнан кейін үлкен-кіші – көрген жан бәрі: «Көпейдің бір баласы – сайрап тұрған бұлбұл. Сөйлеген сөзі, айтқан өлеңі кісінің мейірін, құлағының құрышын қандырады. Ағып тұрған бұлақ, жанып тұрған шырақ!», - деп тамсанып айтады екен.

Екінші ерекшелігі – тіл білуінде. Қазақ тілінен бөлек араб, парсы, шағатай және түркі тілдерін жетік білген. Оған себеп, алғырлығы мен зеректігінен бөлек Байжанұлы Нәжімеддин хазірттен, Қызылтаудағы Дүржанбай молда мен Бибі молданың қолында оқып, білім алғаны әсер етті. «Ұстазына қарай - ұстамы», - деп хат таныған ұстаздарының білімділігінен бағытын айқын тапты.

Үшінші бір ерекшелігі – жиһанкездікпен ел-жерді аралап, өзінің көрген-білгенін хатқа түсіре бастаған. 1872 жылдың жазынан бастап Түркістан, Ташкент сапарына шығып, 1877-1887 жылдары Сарыарқа жерін аралайды. 1887 жылы Бұхарға барады. Қызығушылық қасиеті, Абай айтқан: білсем, көрсем деген қасиетінің басымдығынан білім мен ғылымның ортасы Шығыс мәдениетіне қызығып Дамолда хазірет пен Хамза хазіреттен 9 ай білім алуы. Бұхарда Шығыс медицинасымен қызығып, адамзаттың санасы жете бермейтін тылсым күштермен әуестенеді. Осы кезден-ақ оның тылсым күштерге, дін жолына зерттеушілік жолы түседі. Бәрімізге белгілі ақынның болашақты болжаған жазбалары мен көріпкелдің қасиеті аян. 21 күн денесін көмдірмей, өзінің өлімін алдын-ала болжаған Мәшһүрдің көріпкелдігіне қалай таң қалмассың? Оған қоса ақсақалдардың аян беруі, болжауларына көп тап болатын-ды.

Төртінші ерекшелігі Г.Н.Потанин және В.В.Радлов сияқты ғалымдардай үлгінің сюжеті мен мазмұнын бөліп алмай, түгелдей жинауы. Үзік-үзік алмай, бір хикаяттың басынан-аяғынан жинақтауы барлық зерттеушілерде кездесе бермейді. Себебі, ауыз әдебиетінде үзінділер де, бір жырдың бірнеше нұсқасы да сан түрлі. Ол бірнеше адамның жинақтауы.

Бесінші ерекшелігі, белгілі бір шығарманы жазуда немесе қағазға түсіруде аудармашының көмегіне жүгінбей өзі аударып хатқа түсіруінде. Бұл тіл білумен қатар еңбектің және зеректіліктің арқасы.

Алтыншы ерекшелігі, ауызша айтылған мәтінді араб тілінде қолжазбаға түсіруі. Құнды дүниелердің көпшілігі түпнұсқасында араб тілінде жазылған. Өз мәнісін, бояуын және жеткізер ойын араб тілінде ғана оқып, түсінуге болады. Шебер түрде қазақ тіліне аударып, әдеби түрде өрнектеу Мәшһүр Жүсіптің ерекшелігі дер едік.

Жетінші ерекшелігі, арнайы мақсатпен жинауы. қандай бағытта ізденетінін, не жазып, не зерттейтінін анық білген Мәшһүр қазақтан бөлек түркі жұртшылығының өмірін, мәдениетін, тілін зерттейді. Қазақ халқының мінез-

құлқы мен тұрмыс-тіршілігін зерттеп, сынайды. Қазақ тарихының қазіргі алтын қорының құнды еңбегі «Мес» деп аталып кеткен 30 томдық жинағы бар. Оған қоса шежірелерді жинақтағанын ескерсек, ақын қазақ тарихының жазылуына тікелей салмақты еңбек сіңірген.

Сегізінші ерекшелігі, жинаушылық, экспедициялық, стационарлық әдіс арқылы жинауы, Бұл реттен «Қазақтың мақал-мәтелдері» деген еңбекте мақал-мәтелдердің біршамасын Мәшһүр жинақтаған екен. Мақал-мәтелдерінің тақырыптарының көптүрлілігімен де құнды. ҚР Ұлттық Ғылым академиясындағы Орталық қолжазбалар қорында Мәшһүр Жүсіп жинаған көлемі қалың болатын 2500 қатарды құрайтын топтама кітап бар. Онда адамның мінез ерекшелігіне, бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, дініне т.б. қатыстылары да кездеседі.

Тоғызыншы ерекшелігі, ақын әрбір жинақтаған шығармасының түп-төркініне түсінік беріп отырған. Яғни, айтыстың не мақал-мәтелдің не себепті айтылғаны, қандай жағдайда туындағаны, қай кезде қай заманға байланысты айтылғаны, о баста қай мағынада айтылғаны, тіпті қай кезден бері айтылып жүргендігіне түсінік беріп өтеді. Мысалы, «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» деген мақал-мәтелдің төркініне былайша тоқталады: Далада келе жатқан жесір әйелдің бір қап ұны желмен ұшып кетеді. Соның мәнісін білуде Хазіретт Дәуітке (ғ.с.) дәуітке барады. Ол жауап берудің орнына бес пұт бидай қайтарады. Әр қайтарғанында есік алдында ойнап жүрген Сүлеймен оның ұн алғанға мәз болмауы керектігін, қиянат иесін жауапқа тарту екенін айтып, әйелді қайта әкесіне жұмсайды. «Осы саған далада біреу бір нәрсе үйретіп тұр ма, шыныңды айтшы», деп Хазірет Дәуіт әйелден сұрағанында, ол үйретуші Дәуіттің он үш жастағы баласы Сүлеймен келіп, әкесінің жел әрекетінің себебін жел иесінен сұраған жөн екенін түсіндіреді. Кейін әкесі Хазірет ғибадатханаға барғанда, Құдай жіберген періште келіп, оған түсінік береді. Сөйтсе, ол қап бидай теңізде батуға таянған бір кемеге ұшырылып апарылып, соның тесігін бітеген екен. Себебі, ондағылар Құдайға жалбарынып, кемедегі жарты қазынаны жетім-жесірлерге бермекші болыпты. Аяғында кемедегілер солай істепті де, жарты дүниені әйел алыпты. «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» деген сөз осыдан қалды дейді. Сол сияқты жұмбақтардың бастапқы негізін жақсы меңгерген Мәшһүр Жүсіп өзі де жұмбақтар ойлап шығарған. Жоғарыда айтып өткен мақал қазіргі: «Шығын шықпай, кіріс кірмес», - деген мақалдың түпнұсқасы.

Оныншы ерекшелігі, фольклорист ретінде айтыс өнеріне қосқан өзіндік үлесі. Ол – бір айтыста бірнеше адамның қатар айтысуы. Әдетте, айтыста екі адам өзара айтысса, Мәшһүр Жүсіп жинаған айтыстарда үш адамға дейін айтысады. Оның үстіне ешкім жаза бермеген айтыстың тың түрлерін жинақтаған. Мысалы, «Ұлбике мен Күдері қожа айтысы», «Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы», «Шоң Торғай ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек-Қамбар Жанақ пен Найман-Түбек айтысы», «Қуандық-

Алтай ақыны мен Найман қызы Опан айтысы» т.б. Бұл айтыстардан бөлек ауызша шығарылып, ауызба-ауыз тараған ақындардың шығармаларын да жинақтаған. Ол Бұхар жыраудың жырлары, Ақан серінің өлеңдері, Шернияздың толғаулары мен Көтеш, Ақмолла ақынның өлеңдерін жинаған. Ақан серінің өлеңдерін жинауда айтып өткенімізде уақытын, жері мен мезгілін көрсетіп отырған. Мысалы, бір қолжазбасында: «Ақан серінің 40 қызға 40 түрлі айтқан өлеңін, Ақан серіні әйел мақтау өлеңіне жетік ақындардан ауызы епті деп мақтап, өзінің оған бірнеше уақыттар кездесіп, жолдас, мәжілістес, болғанын айтады», - деген мәліметтер кездеседі.

Қорыта айтқанда, түркілік-сопылық мәдениетті жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіптің қазақ шығармаларын зерттеудегі ерекшелігі міне осындай.

«Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Дегенмен, ол ақын болғанымен Құдайға жақын. Сондықтан да Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой», - деп хәкім Абай Құнанбайұлы айтып кеткендей адамзаттың әулиесі атанған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері ел есінде мәңгіге сақталады да, жатталады да. Себебі, ғасырдан ғасырға өз құндылығын жоймайтын қазына істеппес.

Аңдатпа

Мақалада ақын, зерттеуші, фольклоршы, публицист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклордық шығармалары мен зерттеу еңбектерін жазудағы өзіндік ерекшелігі туралы айтылады. Шешендік өнерді оның ішінде айтыс, мақал-мәтелдер мен ертегілерді жазудағы, ауыз әдебиетінің шығармаларын жазып алудағы ерекшеліктеріне тоқталып кетемін. Зерттеу нәтижесінде: кімдермен айтысканы және мақал-мәтелдерді жинаудағы болған бір оқиға мысалға алынады. Түркілік-сопылық мәдениетті жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіптің қазақ шығармаларын зерттеудегі өзіне тән ерекшелігі қарастырылады.

Аннотация

В статье рассказывается о своеобразии написания фольклорных произведений и исследовательских работ поэта, исследователя, фольклориста, публициста, просветителя Машхур Жусупа Копеулы. Обращаюсь к особенностям ораторского искусства, в том числе в написании сказок, пословиц и сказок, в написании произведений устной литературы. В результате исследования: пример того, кто спорил с кем и что было, когда собирал пословицы. Рассмотрена характерная особенность Машхур Жусупа в изучении казахских произведений, в совершенстве владеющих тюркско-суфийской культурой.

Abstract

The article describes the originality of writing folklore works and research works of the poet, researcher, folklorist, publicist, educator Mashkhur Zhusup Kopeula. I turn to the peculiarities of oratory, including in writing fairy tales, proverbs and fairy tales,

in writing works of oral literature. As a result of the study: an example of who argued with whom and what happened when he collected proverbs. The characteristic feature of Mashkhur Zhusup in the study of Kazakh works, which perfectly master the Turkic-Sufi culture, is considered.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е.Нұрмұратов, Б.М.Сатершинов, А.Д.Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
2. Аңыз адам журналы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Алматы: АзияПолиПресс. 2013 жыл. 52 бет.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – 10 т. / бас ред. Б.Аяған. – Алматы, 2004. – 6 т. – 430 б.

Зинекешова Арайлым Бекболатовна
Астана қаласы
Ә.Бөкейхан атындағы
Binom school мектеп-лицейі
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАСЫ

Қазақ халқының рухани қайнар көзі оның бай фольклоры екені белгілі. Қазақ фольклорының тарихын зерттеу қазіргі қазақ ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Ақын, этнограф және фольклор жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұлттық тұрмысты, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрпты, тарихты, тілді, өзін-өзі тануды және ұлттың өзін-өзі тануын зерделеу тұрғысынан шығармашылық мұрасы зор мәнге ие және ерекше орын алады. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық тілін үйрену тілді, оның грамматикалық және лексикалық құрылымы, сөзжасамы туралы, синтаксистік және стилистикалық ерекшеліктерін үйренуге мол азық береді, осы аспектілерді зерттей отырып, тек тілдің байлығына, оның тереңдігіне таң қалуға болады.

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ауыз әдебиеті үлгілерін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу мәселесінде орасан зор еңбегі мен үлесін атап өтпеу мүмкін емес және мұның бәрі оның төл туындыларын қоспағанда», - деп М.Әуезов жазады.

Әдебиет үлгілерін зерттеу кезінде тілдің бірнеше белгілерін анықтауға болады:

1. Белгілі бір тарихи кезеңдегі тілдің ерекшеліктері
2. Ақын тілінің тілдік палитрасы анықталды
3. Қазіргі тілді бағалау және салыстыру мүмкіндігі.

Ақын тілінің стилистикалық ерекшеліктерінің арқасында сөздік қорының мәні мен құрылымы бойынша жаңа белгілердің пайда болу алғышарттарының пайда болу мүмкіндігі ұсынылады.

Әдеби тіл қорын толықтыратын қайнар көздердің бірі – бұрын қазақ тілінде зерттеу нысанына айналған авторлық сөздер. Дарынды қаламгердің ұлттық сана-сезім, қабылдау ерекшеліктерін танытатын тілі ерекше болуы да сондықтан. Сондықтан да автордың стилін, тілін зерттеу арқылы тілдің заңдылықтарын, ерекшеліктерін зерттей аламыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 19 ғасырдың соңғы ширегінде қолданылған көркем суреттемелердің бай арсеналы: шартты әрекетті қолдану, көркем жинақтау, көзге көрінбейтіннің сезінуі және т.б., көркем құралдардың осы бүкіл арсеналын пайдалана отырып, ол өз шығармаларында шындықты кеңінен қамтуға қол жеткізді. Осының барлығы 19-20 ғасырлар тоғысында өмір сүрген, ана тілін мол байытқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артына қалдырған 25-30 томдық шығармалардан тұратын мол мұрасын жіті зерттеу қажеттігін дәлелдейді.

Ақын, этнограф, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына тән тілдік құралдарды атап өткен жөн.

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – 20-ғасырдың басындағы Абай дәстүрін бойына сіңірген жарқын ақындардың бірі.

2. Ақынның шығармалары өзінің көркемдік құрамдас бөлігінен басқа, қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүрлері туралы тарихи анықтамалармен, сипаттамалармен ерекше бағаланады.

3. Сондай – ақ, оның еңбектері этнография тұрғысынан өте құнды-оның шығармаларының арқасында дін, сенім, әлеуметтану салаларында сөздік қоры жинақталды.

4. Қазақ әдебиетінің дінгегі бола отырып, қазақ тіліне жаңа бояулар әкеліп, оны байытқан ол кейінгі жазушы ұрпақтарына үлгі болып қала береді.

5. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының бір саласы-этнографизмге толы фольклорлық үлгілер.

Қазақ руханиятының жарқын өкілдерінің бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы артында бай мұра қалдырды. Ол жұмыс жасаған уақыт 19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың бірінші жартысы. Бұл үлкен өзгерістер мен толқулардың уақыты болды. Қазақ даласының ең бай жерлері орыс қоныс аударушыларының иелігіне берілген уақыт. Әрине, осы жағдайларға байланысты 1907 жылы шыққан ақынның кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» деп аталды. Ақынның шығармалары жанрлық жағынан да әртүрлі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары-ауызша әдебиеттің, эпостардың мысалдарынан бастап, 20 ғасырдың басында өте сирек кездесетін монографиялар мен өмірбаяндарға дейін қамтиды. Жанр бойынша ақынның өлеңдерін бірнеше топқа бөлуге болады. Мәшһүр жастайынан сөз шеберлерінің ортасында болып, сөзді сезінді. Ақын діни ағартушы, дін тарихын жетік білген, діни заңдардың кодекстерінің білгір маманы болған. Діни өлеңдері мен басқа да шығармалары соның айғағы. Осыған байланысты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ даласында ислам және әлемдік құндылықтарды таратушы болғандығын да атап өткен жөн. Құранды қарапайым адамдардың түсінуіне бейімдеп, қазақ руханиятына жақындатты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ең үлкен еңбегі – ауыз әдебиеті үлгілерін ұқыпты жинап, кейінгі ұрпаққа жеткізуі. Ақын, философ, этнограф, ұлт тірегі көптеген шығармаларын айтысқа, шежірелерге, тарихи материалдарға – қоғам мәселесіне арнаған. Сондай-ақ, ақын Араб, фарси және шағатай тілдерінен аудармалар жасады, осылайша аудармалар арқылы басқа ұлттардың тарихымен, мәдениетімен және өмірімен таныстырды, бұл өз кезегінде үлкен құндылық.

Қазақ ауыз әдебиетін жинаушы Мәшһүр Жүсіп-қазақ әдебиетіндегі фольклордың негізін қалаушы. Ол ауызша әдебиеттің «Беташар» мысалын былай түсіндіреді: «Келін күйеуінің үйіне келіп, күйеуінің отбасы мен туыстарын қарсы алып, құрметпен иіліп сәлем салады. Барлығы отырады. Кейін туыстарының бірі қалыңдықтың бетін ашып, келесі өлеңдерін айтады». Бірнеше бата берушілердің мысалдарын келтіреді. Және Монке бидің бұрын

жарияланбаған сөздерінің мысалын келтіреді. Ақын сонымен қатар қазақ тарихын зерттеп үш жүз атауының пайда болу тарихын қарастырды.

Ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған қазақтардың Алаштан шыққан шежіресін зерттеді.

Мәшүр халықтың ауызекі тіліндегі сөздердің қаншалықты маңызды екеніне бірінші болып назар аударған. Осы орайда ақын көп сөздің қағаз бетіне түспей, соның кесірінен көптеген ауызша шығармалардың жоғалып кеткеніне назар аударды.

Ер Тарғын туралы эпосты баяндаған Кіші жүзден келген Марабай ақын, Орта жүзден келген Нысанбай жырау ақын ерекше бағалады. Оларға жырау шешендері ретінде баға берді.

Мәшүр халық ақындарының шығармаларын білуші әрі таратушы болған. Көркем шығарма – тұтас эстетикалық дүние. Мазмұнды көрсету құралы – поэтикалық тіл. Поэтикалық тіл – поэзия, өлеңдер. Өлеңдер- тіл арқылы берілетін контекст, яғни бұл контексте сөздердің құрылымн жақсырақ тексеру үшін, көркемдік техниканы зерттеу қажеттілігі туындайды.

Егер әдеби тіл қоғамда қолдану арқылы сыналса, заман нормалары мен тенденцияларына бейімделіп, уақытпен тегістелсе, онда ол қоғамның барлық өкілдері үшін біріктіруші факторға айналады. Ұлт құрылғаннан бері ұзақ тарихы бар қазақ әдеби тілінің өзіндік дәстүрі бар. Біз Мәшүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерін зерттей отырып, осы әдеби тілдің дәстүрлерін ғасырлар бойы қадағалап, оларға қол тигізуге мүмкіндігіміз бар. Мәшүр Жүсіп Көпейұлы халық фольклорының ауызша үлгілерін жинады, жазбаша тілдің белгілері басым екенін ескере отырып, мынадай ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

1. Қазақ тілінің ауызша дамып, ауызша беріліп, ауызша сақталуына байланысты көптеген материалдар, ауызша тіл үлгілерін (фольклор шығармаларын) кездестіруге болады.

2. Ақын шығармаларының тілі барлығына жан-жақты түсінікке ие және тілдің әдеби нормалары мен дәстүрлерін қалыптастырудың негізгі материалдарының бірі болып табылады.

3. Дамыған әдеби тілдің басты белгілері – сөздік қоры мен көркем аспаптардың бейнелілігі, бұл ұғымды аксиома ретінде алсақ, бұл белгілердің барлығын дәлел ретінде Мәшүр Жүсіп Көпейұлының әдеби шығармаларынан байқауға болады.

4. Мәшүр Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклорлық материалдар әдеби тілдің әртүрлі тарихи сегменттерінің иллюстрациясы болып табылады.

Мәшүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбаларының ғылыми құндылығы Асан-қайғы, Жиренше шешен, Абылай хан және т. б. туралы аңыздарда өткен дәуірді сенімді түрде көрсеткендігі. Мәшүр Жүсіп Көпейұлы соңғы екі ғасырдағы қазақ билерінің шешендік сөздері туралы бай материалдар жинады.

Егер Мәшүр Жүсіп Көпейұлының қазақ ауызша халық шығармашылығын зерттеу тарихына қосқан үлесі туралы нақтырақ айтатын болсақ, оның еңбектерінде Ш.Уәлиханов, В. Радлов, А. Диваевтың пайымдауларына сәйкес

келетін мотивтерді атап өткен жөн. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіндік ерекше ойлары бар. Шығыс және батыс мәдениетін ескере отырып, ол орыс, араб, фарси, көне түрік тілдерін жетік меңгерген, қазақ даласында көп саяхаттаған, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында оны басқа ғалымдармен салыстырғанда қазақ фольклорын тереңірек және кеңірек зерттеуге мүмкіндігі болды деп айтуға болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы (15-20 том көлемінде) зерттеушілерге біршама жалпылама қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тек ертегілер мен аңыздардың сюжетін жеткізумен шектеліп қалмай, материал жинағанда ауызша шығарманы халық арасында болған күйінде толық жазып алған.

2. Екіншіден, ол сол дәуірдегі халықтық сөйлеу дыбысын сақтап, сөздегі үндестіктерге, олардың сөз таңдауына, бүкіл шығарманың көркемдік безендірілуіне ықпалына ерекше мән берген. Мұндай бақылаулар қазақ тілінің тарихи фонетикасын зерттеу үшін үлкен маңызға ие.

3. Үшіншіден, егер ол материалдың қай жерде, қандай жағдайда жазылғанын нақты көрсететінін ескерсек, онда оның қолжазбалары тарихи, этнографиялық және мәдени құндылыққа ие деп айтуға болады.

4. Төртіншіден, өлкенің тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін жақсы біле отырып, ол материалға қосымша түсініктемелер, ескертулер берді. Осылайша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы фольклорлық үлгілерді жазып қана қоймай, оларды тарихи шындықтар мен қоғамның жағдайын ескере отырып зерттеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклортанушы ретінде қалыптасуында келесі себептер басты рөл атқарды: ол қазақ халқының рухани бай ауызша халық шығармашылығын қабылдады, Шығыстың ортағасырлық ғалымдарының жетістіктерімен жақсы таныс болды, орыс фольклортанушының жақсы мектебінен өтті.

Мәшһүр Жүсіп әдебиет жанрының барлық саласында қалам тербеген ақын.

Өлеңдерден бастау алып, салмағы ауыр эпикалық туындыларға да назар аударған ол соңынан ірі-ірі дастандар қалдырды. Соңынан жиырма томдық мұра қалдырған ғұламаның еңбектері мұнымен шектелмей, прозаға да ұласады. Жазбагердің мерзімді баспасөз беттерінде жарық көріп тұрған мақалалары мен хаттарының яғни публицистикалық еңбектерінің өзі бір төбе. Ақынның шығармашылығы жөнінде бірнеше ғылыми жұмыстар жазылса да, әлі толық зерттелінді дей алмаймыз. Себебі қалдырған мұрасының қамтитын тақырып аумағы өте кең, жанрлық сипаты күрделі, көркемдік ерекшеліктерге бай, шығыс түркі әдебиетімен терең үндестігі, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы қызметі, шығармаларының негізгі идеясы, шығармашылығының зерттелінуі көп жылдық тынымсыз еңбекті талап етеді. Осынау мол мұра иесінің бүгінгі ғылыми жұмысымызға арқау болған туындысы үлкен еңбектің бір тамшысы іспеттес.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық жадында өше бастаған ескі дәстүрлерді, ауызша әдебиет үлгілерін жинады және оның тарихтың кейінгі кезеңдеріне арналған еңбектері мен ол мұқият жинаған фольклор мен ауызша әдебиет

үлгілері арасында нақты және ажырамас байланыс бар. Халықтың өткенін қағазға түсіре отырып, ол ұлттық құндылықтарды сақтап қалды. Сондай-ақ, өз еңбектерінде замандастарының рухани сұрауларына жауап берді. Сондықтан біз оның өткен мен болашақты байланыстыратын ерекше көпір болғанын және өткен мен болашақты байланыстыруда шығарманың тіліне үлкен және мұқият назар аударатынын айта аламыз.

Аннотация

Мақалада әдеби тілдің негізін қалаушылардың бірі ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы қарастырылады. Ақынның бай тілі мен философиялық көзқарасы оның 20 ғасырдың басындағы қазақ әдеби жанры мен жаңа идеяларының жаңашыл екенін дәлелдейді. Мақаланың мақсаты - Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасын заман талабына сай жаңаша зерделеу, ақынның ғылыми құндылығын дәріптеу.

XX ғасыр басындағы қоғамдық жағдай көрінісі сол дәуір өкілдерінің шығармаларына арқау болды. Себебі әдебиет – өмір айнасы. Бостандыққа, азаттыққа ұмтылу, халықты оқу-өнерге, білім-ғылымға шақыру, саяси-әлеуметтік келеңсіздіктер ұлтына жаны ашыған, жүрегі ұлтым деп соққан әр ұлт жанашырының көкейтесті мәселесіне айналды. Халықты осы келеңсіздіктен құтылудың бірден бір жолы оқу білімде деген идеяны ұстанды. Халықты «оятуға» тырысты. Осы тұстан XX ғасыр басындағы әдебиеті азаттық ұмтылу, халықты «ояту» әдебиеті болғандығында деп тануымыз қажет. Осы мәселелерден Мәшһүр Жүсіп те қалыс қалған жоқ. Жазушының таңдамалы шығармаларының екі томдығы 1990 және 1992 жылдары ғана жарық көрген. Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбалары революцияға дейінгі дәуірдегі араб қарпімен жазылғандықтан, бұл аударманы қиындатады. Ақын мұрасын зерттеудегі үлкен қиындықтар қолжазбалардың әр жерде сақталуына байланысты.

Аннотация

В статье рассматривается творчество Машхур Жусупа Копеевича как одного из основоположников литературного языка. Богатый язык и философский подход поэта доказывают, что он является новатором казахского литературного жанра и новых идей начала 20 века. Цель статьи-современное изучение фольклорного наследия Машхур-Жусупа Копеевича, популяризация научной ценности поэта.

Картина общественной обстановки начала XX века легла в основу произведений представителей той эпохи. Потому что литература-зеркало жизни. Стремление к свободе, освобождению, призывы населения к чтению-искусству, образованию-науке, политико-социальные беспорядки стали актуальной проблемой каждого сочувствующего нации, чье сердце бьется о нации. Люди придерживались идеи, что единственный способ избавиться от этой

неприятности-это учиться. Пытался «разбудить» народ. Надо признать, что литература начала XX века-это литература освободительного стремления, «пробуждения» народа. От этих проблем не воздержался и Машхур Жусуп Копеевич. Два тома избранных произведений писателя были опубликованы только в 1990 и 1992 годах. Кроме того, поскольку рукописи Машхур-Жусупа Копеевича были написаны арабским шрифтом дореволюционной эпохи, это затрудняет перевод. Большие трудности в изучении наследия поэта связаны с тем, что рукописи хранятся в разных местах.

Annotation

The article examines the work of Mashkhur Zhusup Kopeevich as one of the founders of the literary language. The poet's rich language and philosophical approach prove that he is an innovator of the Kazakh literary genre and new ideas of the early 20th century. The purpose of the article is a modern study of the folklore heritage of Mashkhur-Zhusup Kopeevich, popularization of the scientific value of the poet.

The picture of the social situation of the early twentieth century formed the basis of the works of representatives of that era. Because literature is a mirror of life. The desire for freedom, liberation, appeals of the population to reading-art, education-science, political and social unrest have become an urgent problem for every sympathizer of the nation, whose heart beats for the nation. People stuck to the idea that the only way to get rid of this nuisance was to study. I tried to «wake up» the people. It must be admitted that the literature of the early twentieth century is the literature of the liberation aspiration, the «awakening» of the people. Mashkhur Zhusup Kopeevich did not refrain from these problems either. Two volumes of the writer's selected works were published only in 1990 and 1992. In addition, since the manuscripts of Mashhur Zhusup Kopeevich were written in Arabic script of the pre-revolutionary era, this makes it difficult to translate. The great difficulties in studying the poet's legacy are due to the fact that the manuscripts are stored in different places.

Библиографиялық тізімі

- 1.Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., XX ғасыр басындағы әдебиет. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2017. – 145 б.
2. Әміренов Ә.Д. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқу құралы. / Ә.Д. Әміренов. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 175 б.
3. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940): оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 156 б.
4. Өуезов М. 20 томдық шығармалары жинағы Т.17 – Алматы: Жазушы, 1985. – 456 б.
5. Баратова М.Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Оқу құрал. – Павлодар: Brandprint, 2010. – 256 б.

6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.

7. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Қазақстан. Павлодар. Павлодар университеті баспасы, 1999. – 384 б.

8. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 436 б.

9. Сүтжанов С.Н. Мәшһүртану курсы: оқу құралы. / С.Н.Сүтжанов. – Павлодар: ПМПУ, 2019. – Изд.2-е, доп. – 99 б.

Иманбаева Шынар Аширбаевна
Астана қаласы
К. Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРДЫҢ КӨРІНІСІ

Аса зерделі жанның асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт», - деп жазған екен. Мұхтар Әуезовтей Мәшһүрдің қадір-қасиетін соншама терең түсінген қазақ аз шығар деп ойлаймыз. [1,154]

Мұхтар Әуезов былай дейді: « ХҮІІІ ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры көп сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп «Мес» жинағына қарасаң, көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады.Әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан.», - деген осы екен-ау деп қызығыпты. [1,156]

Данышпан халқымыз аса талантты ақындарды, композиторларды, әр түрлі өнер адамдарын мол берген. Қазан төңкерісіне дейін қаншама ұлы адамдарымыздың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-сықақ, күлдіргі әңгімелері хатқа түспей, бізге жетпеді. Ал көнеше (арабша) оқыған адамдарға әр түрлі айып тағылып, олардың шығармаларын жұрттан аулақ ұстауға, тіпті оқытпауға тырысты. Кезінде сондай тыйым салынған қайраткерлердің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еді...

Қазақтың әйгілі ақыны, әдебиет жинаушысы, шежіреші-ғұламасы, үлкен діни қайраткер, ардақты да ардагер тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазіргі Павлодар обылысы Баянауыл өлкесінде туған. Жастайынан ескіше хат таныған. Жасынан мектепте оқиды. Орта дәрежелі білім алады. 29 жасында, 1886 жылы Бұхарға барып оқиды. Араб, фарсы, Орта Азия әдебиетімен танысады. 1896 жылы Ташкент қаласына барып, тағы біраз уақыт оқып қайтады.

Мәшһүр көп жылдар ел қыдырып, серілік құрып жүреді. Еділ жағасындағы қалаларды аралайды: Горький, Қазан қалаларында болады, өлең жазады, ауыз әдебиет нұсқаларын жинайды: хабар, мақала жазады. Ақырында, өз елінде қайтады..

Мәшһүр Жүсіп Көпеев терең оқымысты адам болған. Оған қара сөзден гөрі өлеңмен сөйлеген әлде қайда жеңіл болған. Ол аузын ашса болды өлеңмен ғана

айта берген. Ақын, тарихшы, этнограф, шежіреші, аудармашы, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевті әкесі он бес жасында молдаға оқуға береді. 7-9 жасына дейін «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларын, шығыс қиссаларын жаттап алған зерек бала өнер-білім, әдебиетке құмар болып өседі. Сондықтан ол халық ішінде «Мәшһүр» деген атқа ие болады. Ол ел ішінде фольклор жинайды, бала оқытушымен айналысады. «Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыстың ұлы ақындары: Науаи, Фирдоуси, Сағди, Хафиз шығармаларына сарыла үніліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған». [1,158] Өз білімін тереңдету мақсатында Мәшһүр Жүсіп Ташкент, Бұхара, Түркістан, Еділ, Араб, парсы, Орта Азия әдебиеттерімен танысады.

1888 жылдан бастап Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері мен ел ішінен жинаған ауыз әдебиетінің үлгілері Омбы қаласының «Дала уәлаяты» газетінде жарық көріп тұрды.

Сәбит Мұқанов ілгеріде жазған «Халық мұрасы» атты белгілі кітабында Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы зор еңбегін биік бағалап былай деді: «XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Осы очеркте біз пайдаланған жырлардың бәрі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы. Мәшһүр Жүсіптің «Мес» деп аталатын жинағынан алынып отыр. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: «Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана», - дейді. Негізінде Бұқардың бұл мұраларын алғаш жазып алған қазақ жерінде Мәшһүр Жүсіптен басқа бұрын-соңды ешкім болған емес. Шоқан Уәлиханов өзінің орыс тілінде жарияланған шығармалар жинағында «Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны» деп аталатын бірнеше өлеңін келтіреді. Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған. Ол тілек қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы». [2,23]

Қолжазба қорындағы «Мес» жинағы еш жерден таптырмас мұра. Өшпестей сиямен әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне мұрамыздың әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан.

«Мес» жинағындағы асыл қазынаны бірінші рет барлық ынтасын салып көшіріп, таңдаулыларынан жинақ жасап, ұсынып отырған жас ғалым Сәрсенбі Дәуітов. Бұл - баланың атаға деген махаббатын дәлелдейтін асыл қасиет.

Ол «Местен» алған материалдарды жіктегенде шартты түрде алты топқа бөлген: 1. «Тұрмыс-салт жырлары». 2. «Аңыздар». 3. «Ақын-жыраулар туралы». 4. «Айтыстар». 5. «Ертегілер». 6. «Батырлар жыры». Бұлай бөлу әдебиет ғылымында әбден қабылданған. Мұхтар Әуезовтің жіктеуіне үйлесіп жатыр. Айтуға оңай, оқуға жеңіл.

Осы жинаққа кірген материалдардың қайсысын алсақ та өзімізге таныс, көптен білетін нәрселеріміз сияқты. Ал оқи келе не бір сөз маржандарына кезігеміз. «Ер Көкше» туралы жырдың бітімі бөлек, айтылуы да тамаша. Бұл жырдан халықтық эстетиканың бұқаралық тенденциясын терең аңғарамыз. Осы тұрғыдан қарағанда жинаққа енген барлық материалдардың біз білетіндерден өзгешелігі ерекше мол: жаңа сөздіктер, сөздің жаңа тіркестері, ой тұжырымдары керемет көп кездеседі.

Мәшһүр Жүсіп жинаған көл-көсір дүниенің бір тобын іріктеп С.Дәуітовтің осындай қызықты жинақ жасағаны дұрыс, болған. Мұның мәдениет үшін де, ғылым үшін де маңызы зор демекпіз.»-, деп орынды бағалайды. [3,3-4]

Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан.

Фольклордың осындай көп астарлы, терең мағыналы жағын жан-жақты зерттеген М. Әуезов: «Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды. Бұл бағзы заманнан қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрден жасалған кереметтер, өткен дәурен адамдарының жай-күйін аңыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ сол асылдардың асылы - адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескіrmес, өлмес, өшпес өлең-жыр », - деп ғылыми тұрғыдан терең талдау жасайды.

Міне, сол өлең-жырдың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген Мәшһүр оны жасынан құлай сүйген, жаттап өскен, хатқа түсіріп сақтай отырып кейінгі буынға жеткізген. Бүгінде Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында ол жинаған қыруар мұраның бары анық.

Халық мұрасын жинаушы: «Сияның құрамына мышьяқты қосып сауытпен жазамын. Сонда менің қолтаңбамнан ешбір жазу көрінбей қалмайды және өшпейді», - дейді. Ол өзі айтқандай, өшпейтін сиямен бүгінгі күнге бізге өшпес мұра қалдырған. Әрбір жазғанында тілге тиек етілген ақындарға өзіндік бағасын да беріп отырған.

Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы орасан еңбегі деп XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш, Абай, Ұлбике, Күдері қожа, Жанак ақынның т. б. сақталған жыр, толғауларын атар едік. Бұқардан қалған сөз маржанын Мәшһүрге дейін хатқа тұтас түсіруші болмаған. Тек Ш. Уәлиханов «Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны» деп аталатын өлеңдерін кітабында келтірген.

«XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі – жазба әдебиеті басталады. Жазба әдебиетінің негізін салушы есімі «Мәшһүр» деген атпен белгілі болған Жүсіп Көпеев... өз руымен өзін мадақтайтын ақындардың ертеден келе жатқан дәстүрінен ірге теуіп, алғашқы рет халықтың

мұның жырлай бастады. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарады, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұған мысал ретінде сол кездегі талантты жастардың бәрі Мәшһүр Жүсіпке еліктегенін айтсақ та жеткілікті. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шартты еді. Енді Көпеев өлеңдері оқырмандарға жазбаша түрде ұсынылады, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады.

«Көпеев өлең де, қара сөзде жазған. Оның көптеген публицистикалық мақалалары Омбы қаласында шығатын «Дала уәлаяты» газетінде басылып тұрды. Көпеев шығармалары жазба әдебиетпен қатар, дамыған ауыз әдебиетіне ықпал ете алмады. Бірақ ауыз әдебиетінің өкілдері қаншама күш-жігер жұмсағандарымен, бұрынғы деңгейде тұра алмады», - десе, зерттеушінің пікірі негізінен дұрыс деп білеміз. Алайда қазақ жазба әдебиеті тек Мәшһүр Жүсіптен басталады, ақын соның негізін қалады деген сияқты үзілді-кесілді тұжырым ұшқары айтылған дүние.» Ал ақынның әдебиет алдындағы ерекше қызметі мен сол кездегі жас ақындарға әсер ықпалының болғанын Белослюдов өз пікірінде орынды көрсеткен. [4,65]

«Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан. Өлең-жырдың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген Мәшһүр оны жасынан құлай сүйген, жаттап өскен, хатқа түсіріп сақтай отырып, кейінгі буынға жеткізген.» Көпті көріп, көп оқыған білгір ақын бұл асыл мұралардың «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Өтірік өлең», «Жақсылардың мысал сөзі», «Тақпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лиро-эпос», «Батырлар жыры» сияқты түрлерін хатқа түсіріпті.

Мәшһүр Жүсіп жинаған мұра орасан мол құнды дүниелер. Ерте оқып, ерте білім алып, ерте есейген ғалым өз қара басының қамын ойламай, ел жұрты үшін аянбай еңбек еткен. Қандай қиыншылықты басынан кешірсе де ол ауыз әдебиетінің алтын қорын жинауды тоқтатпаған.

Қорыта айтсақ, ғұлама жинаушының баяндап айтқан әрбір аңыз-ертегілері бірінен-бірі қызық, ішкі сазы, ішкі үндестігі, ой мен қиялдың сабақтасып тоғысуы айрықша өрнек тапқан.

Ел алдындағы ерен еңбегі, зор таланты Мәшһүр Жүсіпті ешқашан да ұмыттырмайды. Өйткені халықтың ұлы творчествосы да өлмейді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі көне мұрамызға сіңірген еңбегіне бйланысты мәңгі есте қалып, жасай бермек.

Аннотация

Бұл жұмыста ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің халқымыздың халық ауыз әдебиетіне сіңірген еңбегі суреттелген. Ақынның фольклорға қосқан сүбелі еңбегі арқылы біз жастарға тәрбие беру барысында көптеген пайдалы ақпараттарды ала аламыз. Ұлт жанашырының еліміздің төл әдебиетіне қосқан үлесін біз кез келген шығармасы арқылы білеміз. Ұсынылған жұмыста ұстаздар қауымы үшін де, ұрпақ тәрбиелеп отырған ұлтының жанашырына да қажетті мәліметтер берілген.

Аннотация

В данной статье описан вклад известного просветителя Жусипа Копеева в народную литературу нашего народа. Благодаря вкладу поэта в фольклор мы можем получить много полезной информации в процессе воспитания молодежи. Представленная работа содержит необходимую информацию как для педагогического сообщества, так и для сочувствующих нации, воспитывающей поколение/

Annotation

This article describes the contribution of the famous educator Zhusip Kopeev to the folk literature of our people. Thanks to the poet's contribution to folklore, we can obtain a lot of useful information in the process of educating young people. The presented work contains the necessary information both for the pedagogical community and for sympathizers of the nation raising a generation

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР

1. Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні», «Ізденіс Поиск» 2003 ж 184-190 б
2. Жұматаева Е. «М.Жүсіп шығармаларындағы дидактиканың пәлсапалық негізі». Қазақ тарихы №1 4-9 б
3. Дәуітұлы С «М.Жүсіп шежіресі» ұлт тағылымы 2002 ж №4 86-89 б
4. Кенжебаева Б. XX ғ басындағы әдебиет. Алматы «Білім» 1993 ж 60 б

Кабдирашова Айкумис Кабимоллиновна
Астана қаласы
№63 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
педагог-зерттеуші, магистр

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Ежелгі уақытта қазақ халқы жасаған мәдени мұраның бір түрі – фольклор. Жазу және сурет салу өнері болмаса да, қазақ халқы өзінің өмірі, қоғамдық салты, экономикасы мен кәсібі, қуаныш пен қайғы, дүниетаным және т. б. туралы көптеген түрлі өлеңдер, ертегілер, мақал-мәтелдер, аңыздар сақтаған. Сондықтан біз моральдық өнер туындыларын даналық сөз, яғни халық ауыз әдебиеті деп атаймыз. Қазақ ауыз әдебиетінің бірнеше түрі бар. Олардың ішінде: мақал - мәтелдер, ертегілер, аңыздар, батыр жыры, өмір туралы өлеңдер, айтыс және т.б.

Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиеті үлгілерін көптеп жинаушылардың бірегейі. Мәшһүр Жүсіп жинаған мақал-мәтелдер қазақ фольклортану ғылымының бай, мол, сарқылмас қазынасы. Мақал-мәтелдерді жеке алып қарастырудың маңызды жақтары көп.

Біріншіден, мақал-мәтелдердің күрделі табиғатында әлдеқайда көп мән бар. Мақал-мәтелдердің қолданылу аясы қазіргі уақытта өз деңгейінде деп айтуға болмайды. Себебі мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетінің дамыған саласы болып табылады, қазіргі уақытта, қарапайым адамдар өздерінің мақал-мәтелдерді әлдеқашан ұмытып кеткен, тек біздің арғы аталарымыз қолданатын, әдебиетте ғана ұшырасатын мақалдар бүгінде көп. Бұл біз үшін жеткіліксіз. Бұл тұрғыда белгілі қазақ фольклористі Мәшһүр Жүсіп жинаған ең бай қазыналардың бірі болып табылатын қазақ мақал-мәтелдерін зерделеу маңызды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев мақал-мәтелдерді көп жинаған. Мәшһүр Жүсіп жинаған қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы алуан түрлі. Тағы бір ерекшелік Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мақал-мәтелдерді жинауда сол мақал-мәтелдер кімнен, қалай жазылғандығын ескертіп отырған. Мысалы «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» мақалының шығу төркіні былайша: «Қазақта бір мақал бар: «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» - деген. Бұл сөзге дәлел керек - қайдан алынған сөз екендігі. Хазірет Сүлеймен ғалайссаламның он үш жасында аузынан шыққан сөз екен», -деп арық қарай дәлелдер келтірген [1, 94-97-б.].

«Қазақ мақал-мәтелдері» деген атпен шыққан кітаптардың бірде-бірінде материалдардың басым көпшілігі Мәшһүр Жүсіптен алғаны еш көрсетілмей келгенін үлкен қынжылыспен айтқан Н.Қуандықұлы: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясында орталық қолжазбалар қорында Мәшһүр Жүсіп жинаған көлемі бір кітап боларлық мақал-мәтел топтамасының 1930-жылдардың басынан бері сақталып келе жатқаны белгілі. Сондай-ақ, мақал-мәтелдердің басқа да үлгілері «әулеттік архивте» сақталуда», -дейді [2].

Зерттеуші: «Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары ішіндегі мақал-мәтел тақырыптарының көп түрлілігімен де құнды. Мұнда адамның мінез-ерекшелігіне, бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, дінге т.б. қатыстылары жиі кездеседі. Мәселен, қолжазбаларда: «Қазақтың Ат биеден, алып анадан», - деген сөз тараулары мәнісі, «Екі қырағыдан су қараңғы», «Ұйқыда өскен бұзау өгіз болмайды», «Абылай аспас сары бел» дегеннің мәнісі, «Ала арқан жоғалды, бір лақ алып табылды дегеннің мәнісі», «Ала арқан жоғалды, бір лақ алып табылды дегеннің мәнісі», «Қазақ: «Пірден емес, мұраттан, - деуінің мәнісі»- деп аталатын т.б. мақал-мәтелдер топтамаларының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін танытудағы мәні үлкен. Сондай-ақ қолжазбалардың бірінде Мәшһүр Жүсіп саны 176 мақал-мәтелді бір бөліп көрсеткен. Мұндағы мақал-мәтелдердің барлығы рет-ретімен нөмірленіп жазылған. Және де әр беттегі әр мақал-мәтел бет басынан аяғына дейін жаңадан нөмірленіп көрсетіліп, жалпы қолжазбаның 13 бетін қамтиды. Сол сияқты қолжазбада басқа да мақал-мәтелдер тізімі берілген Мәшһүр Жүсіп Көпеев мақал-мәтелдердің шығу төркінін осылайша берген», - дейді [2].

М. Көпейұлының өлеңдерінде мақал - мәтелдер көптеп кездеседі. «Қойнында өлген сарттың наны бар» (Кәф пен нон); «Өлген қыздан дәметкен өмір-тентек» (Кәф пен нон); «Ай- кірсіз, құдай -мінсіз» (сонда); «Жұрт – тайлаққа, ел-боздаққа» (Мына заман); «Ескі қыстау-малдың құты, ескі қатын-ердің құты»; «Тұлпардың тасқа басқан басқан тұяғы»; «Қолда барда алтынның қадірі жоқ»; «Аз сөз-алтын болғанда, көп сөз-күміс»»; Аш атасын танымас»; «Бай бір жұттық, батыр бір оқтық»; «Ел намысы-ер»; «Қызыл тіл-бозбалалар-өнер алды»»; Ойында озғаншында озар»; «Аз сөз-алтын, көп сөз-көмір» [3] .

«Мәшһүрдің сөзді киіндіріп» деген өлеңіндегі мына жолдар:

Аузына кейбір жанның қыдыр дарып,

Ие бар тұратұғын кеңес салып,

Болғанда ақыл – дария, ауыз – садап,

Сөз – гауһар, сол садаптан алған жарып, - деп, ақындық сөзді «гауһарға», «бау - ағашқа», «үлпілдеген қызыл гүлге» теңеу мен бірге оның қара сөзге қарағанда өзгешелігін, артықшылығын ашып береді. Ақындық өнерді өте жоғары бағалаған шайыр өлең туралы өз түсінік – толғамдарын ортаға сала отырып, бірқатар шығармаларында жалпы өнер атаулының қадір – қасиетін, ерекшелігін жырлай отырып, өнер адамдарынан елдің жоғын жоқтап, мұңын айтуын қалайды. Сөз қадірін біліп, халқына қызмет қыл дегенді айтады.

Поэтикалық өнерді жоғары бағалайтын шайыр өлең туралы өз идеяларын білдірді, өзінің бірқатар шығармаларында өнер атауының қадір-қасиеті мен өзіндік ерекшелігін жырлады, өнер адамдарының елдің жоқтығына қайғырып, қайғысын білдіруін тіледі. Олар сөздің құндылығын біледі және өз халқына қызмет етеді дейді. Ақынның шығармаларының ішінде ол адамдар мен уақыт туралы, өзі туралы терең де маңызды ой қорытқан. Мысалы «Мәшһүрдің қырық

алты жасында сөйлеген сөзі», «Ақ қағаз, қалам, сия», «Ырыссыз жоқ нәрсеге ерінесін» және т.б. шығармаларын айта аламыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің азаматтық әуендегі шығармаларында «қазақ», «алаш» деген сөздер жиі қолданылады. Ел – жұрты үшін неге болса да даяр, жаны жаралы, көңілі қаяу патриот – ақынның олай деуі заңды да. Себебі:

Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,
Қазағым, қайран халқым бауырларым, -
деп ет – жүрегі елжіреп, туған халқының тағдырымен болашағы туралы,
«ойлай – ойлай басыңда ми қалмаған» Мәшһүрдің солай деуге құқы бар.

Ақынның өлеңдерінде мақал-мәтелдері түпнұсқада кездеспейді. Кейбір жағдайларда олардың құрылымы аздап өзгереді. Мысалы, танымал нұсқаға сәйкес, бұл «кедейдің бір тойғаны-шала байығаны» болуы керек еді. «Біртойған-шала байлық» деп өзгерте қолданған. Сол сияқты, «жақсы сөз жан семіртеді» деген екінші мақал «Жан семіреп жақсы сөзге» деп түрленген, осындай түрленім жиі кездеседі.

«Бір тойған –шала байлық» деген қазақ,

Қызығып тойғандыққа қалар жатып»

(Жаман пейіл)

«Жан семіреп жақсы сөзге

Көркейдім хатыңды оқып, сол бір жасап»

(Жүсіпбек Аймауытылына)

Осыдан мақал-мәтелдің мазмұнына нұқсан келген жоқ, ол ақынның ойының көркемдігіне қызмет етеді.

Мәшһүр Жүсіп дастандарында Шағдат ханды сынаған тұста Раушанбектің жау жерінде сынағанның адам баласына жақпай, опасыздық көруі мүмкін екені туралы әкесінің айтқан «жат елдерде сыншы болма» [4, 246-б.] сөзі есіне түседі. Бұл мақалдың түп төркіні жат жерде жағымсыздық танытатын қылық істеме дегенді білдіреді. Немесе «бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ» [4, 281-б.], «әйел – жолда, бала – белден» [4, 284-б.] деген мақал-мәтелдерді орнын тауып қолданғандықтан өлеңнің мағынасын қоюландырып тұр. «Мың пейіштен – бір күн тірлік» [4, 298-б.] деп халқының Көрұғлыны өмірдегі мал-мүлікті игілік үшін жұмсау керектігін осы сөзбен келістіргенінен ұлттық мінезді танытып отыр. М.Ж.Көпеев нұсқасында да таудай ұғымды тарыдай сөзге сыйдырғаны анық аңғарылады. Мысалы, «жақсы лепес – жарым ырыс» [4, 200-б.] дегенді Ақбілектің Райханның қарындасы Гүлайымды жақсы сөзбен алдауратқан тұста қолданған. Жақсылықтың нышаны ырысты болады деген ұғымнан шыққан. Сондай-ақ «ұйқы – дұшпан» [4, 207-б.], «қашқан жауға – қатын ер» [4, 212-б.] деген мақал-мәтелдері де жыр бойынша саралай отырып, әріден келе жатқан халқымыздың мінез-құлқындағы кемшілікке байланысты өрбіген сөздерде екелісті қиюластырған. Ал ақынның «қой көтерер семізді» дегенінен де халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, кәсіптік шаруашылығындағы (төрт түлік малдың бір түрі) мұндай ұғымды басқа ұлт өкілдері аударғанмен де түсінбеуі

мүмкін. Өйткені бұл нақыл сөз ата кәсіп тәжірибесінен туындағын мақал. Осы нұсқа да осы сынды өзіндік ұлттық сипаттармен ерекшеленеді.

Осылайша, біз қолданыстан шыққан көптеген сөздер, дастан тілінде кездесетін әртүрлі бейнелі қолданыстар қазақ әдеби тілінің алтын қорында лайықты орын алуы тиіс деп санаймыз. Олар біздің жалпыұлттық сөздігімізді толықтыру үшін өте пайдалы болады. Біздің тілдік нормаларымызға сәйкес келмейтін кейбір ауытқулар, біз ауызша әдебиеттен жазбаша әдебиетке көшу кезінде болған тарихи құбылыстарды мойындауымыз керек. Мәдениетаралық қатынастар, әдеби байланыстар, фольклорды жаңа сюжеттермен байыту, діни тұжырымдамалар туралы идеяларды жеткізу тұрғысынан бұл шығармалар біздің әдебиетімізде ерекше орын алады.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында сақталған осындай мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен, әрі көлемділігімен құнды. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларының 5 томында жалпы – 1152 мақал-мәтелдер алфавит реті бойынша берілген [5].

Мәшһүр Жүсіп Көпеұлының мақал-мәтелдері фольклорлық жанрда, оның ішінде ауызша әдебиетте, жалпы ұлтымыздың рухани өмірінде ерекше орын алады.

Аннотация

Мақалада Мәшһүр Жүсіптің ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылардың бірегейі екендігі айтылады. Мәшһүр Жүсіп жинаған мақал-мәтелдер қазақ фольклортану ғылымының бай, мол, сарқылмас қазынасы екендігін, мақал-мәтелдерді жеке алып қарастырудың маңызды жақтарын атап көрсетеді.

Қазіргі уақытта мақал-мәтелдердің қолданылу аясы өз деңгейінде еместігін айтып, себептерін анықтайды. Қазіргі уақытта, қарапайым адамдар өздерінің мақал-мәтелдерді әлдеқашан ұмытып кеткен, тек біздің арғы аталарымыз қолданатын, әдебиетте ғана ұшырасатын мақалдар бүгінде көп. Бұл біз үшін жеткіліксіз. Бұл тұрғыда белгілі қазақ фольклористі Мәшһүр Жүсіп жинаған ең бай қазыналардың бірі болып табылатын қазақ мақал-мәтелдерін зерделеу маңызды екендігі анықталады. Мәшһүр Жүсіп жинаған қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы алуан түрлі екендігін және мақал-мәтелдерді жинауда сол мақал-мәтелдер кімнен, қалай жазылғандығын ескертіп отырғандығын айтады. Поэтикалық өнерді жоғары бағалайтын шайыр өлең туралы өз идеяларын білдірді, өзінің бірқатар шығармаларында өнер атауының қадір-қасиеті мен өзіндік ерекшелігін жырлады, өнер адамдарының елдің жоқтығына қайғырып, қайғысын білдіруін тіледі. Олар сөздің құндылығын біледі және өз халқына қызмет етеді дейді.

Аннотация

В статье отмечается, что Машхур Жусуп является уникальным коллекционером образцов устной литературы. Пословицы и поговорки, собранные Машхур Жусупом, представляют собой богатую, богатую,

неисчерпаемую сокровищницу казахской фольклористики, подчеркивая важные аспекты индивидуального рассмотрения пословиц и поговорок.

В настоящее время сфера применения пословиц и поговорок не находится на своем уровне и определяет причины. В настоящее время существует множество пословиц, которым обычные люди давно забыли свои пословицы, которыми пользуются только наши прадеды, которым они подвергаются только в литературе. Для нас этого недостаточно. В этом контексте выясняется, что важно изучить казахские пословицы и поговорки, которые являются одними из самых богатых сокровищ, собранных известным казахским фольклористом Машхур Жусупом. Машхур говорит, что казахские пословицы, собранные Жусупом, имеют разнообразную тематику и напоминают, от кого и как написаны эти пословицы и поговорки при сборе пословиц. Высоко ценя поэтическое искусство, смола высказала свои идеи о стихотворении, воспевала в ряде своих произведений достоинство и оригинальность названия искусства, пожелала, чтобы люди искусства выразили свое горе и скорбь по поводу отсутствия страны. Они говорят, что знают ценность слова и служат своему народу.

Abstract

The article notes that Mashkhur Zhusup is a unique collector of samples of oral literature. The proverbs and sayings collected by Mashkhur Zhusup represent a rich, rich, inexhaustible treasury of Kazakh folklore, emphasizing important aspects of individual consideration of proverbs and sayings.

Currently, the scope of application of proverbs and sayings is not at its level and determines the reasons. Nowadays, there are many proverbs that ordinary people have long forgotten their proverbs, which are used only by our great-grandfathers, to which they are exposed only in literature. This is not enough for us. In this context, it turns out that it is important to study Kazakh proverbs and sayings, which are among the richest treasures collected by the famous Kazakh folklorist Mashkhur Zhusup. Mashkhur says that the Kazakh proverbs collected by Zhusup have a variety of themes and remind you from whom and how these proverbs and sayings were written when collecting proverbs. Appreciating poetic art highly, resin expressed her ideas about the poem, praised the dignity and originality of the name of art in a number of her works, and wished that people of art would express their grief and sorrow over the absence of a country. They say they know the value of the word and serve their people.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар, 2003. – 436 б.
2. Жүсіпов Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы / Қ. Жүсіпов. - Павлодар. 2008. – 166 б.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. – Павлодар, 2003. – 384 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар, 2004. – 535 б.
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5 том. Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, 2005. – 410 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауызша әдебиетімізде, біздің еліміздің өткені мен бүгінін, оның өмірін, әдет-ғұрпын, бай дәстүрлерін, тағдырын байқай білді. Фольклордың осындай түрлі-түсті, терең мағыналы жағын жан-жақты зерттеген М. Әуезов: «Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды. Бұл бағзы заманнан қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрден жасалған кереметтер, өткен дәурен адамдарының жай-күйін аңыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ сол асылдардың асылы - адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескірімес, өлмес, өшпес өлең-жыр», - деп ғылыми тұрғыдан терең талдау жасайды. Бұл өлеңнің және басқа сөздің халық өміріндегі рөлін жақсы түсінген Мәшһүр бала кезінен оны жақсы көрді, жаттап алды, хатқа аударды және кейінгі буындарға қалдырды. Айта кету керек, бүгінде Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар жинағында ол жинақтаған орасан зор мұра бар. Көп көрген және көп оқыған білімді ақын бұл асыл жәдігерлерге ерекше қарады. Оларға: "Үлгілі сөз", "Бата", "Жар-жар", "Беташар", "Ұлсу", "жоқтау", "Қара өлең", "Қайым өлең", "Айтыс", "Сөз бақсы", "Өтірік өлең", "Жақсы сөз", "Шақпақ тас", "Мақал-мәтелдер", "Шешендік сөз", "Лиро-эпос", "Батырлар поэмасы" жатады.

Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы орасан еңбегі деп XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш, Абай, Ұлбике, Күдері қожа, Жанақ ақынның т. б. сақталған жыр, толғауларын атар едік. Бұқардан қалған сөз маржанын Мәшһүрге дейін хатқа тұтас түсіруші болмаған. Тек Ш. Уәлиханов «Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны» деп аталатын өлеңдерін кітабында келтірген. Ал Бұқар жырау жайында Мәшһүр Жүсіп былай дейді: «Бұқар - Қаржас, Алтынгоры Қалқаман батырдың баласы. Бұқар"қырау атанған қария тоқсан үш жасында Абылайханның алдында жыр толғаған. Өз заманындағы жандар бұл кісіні «Көмекей әулие» деседі екен. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен», - деп Мәшһүр Жүсіп Бұқар жырауды әрі жырау, әрі көріпкел әулие етіп суреттейді. Абайды әдебиет әлемінде Абай еткен Мұхтар Әуезов, Шоқанды Шоқан еткен С.Мұқанов дейтін болсақ, Бұқар жыраудың жауһар шығармалары бар асылымен мөлдіреп бүгінгі ұрпаққа жетуге барынша мол үлес қосқан адам - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болып табылады.

«XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі - жазба әдебиеті басталады. Жазбаша әдебиеттің негізін қалаушының аты «мәшһүр» деген атпен белгілі болған Жүсіп Көпеев алғаш рет ақындардың өз руларымен бірге дәріптеу дәстүрлеріне сүйене отырып, халықтың қайғысын айта бастады. Мәшһүр Жүсіп өлең жазады, бұл қазақ әдебиеті тарихындағы халық табиғатының жаңа бағытын дамытуға түрткі болды. Сол кездегі барлық талантты жастар Мәшһүр Жүсіпке еліктеді деп айтсақта болады.

Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, сант-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан. Өлең-жырдың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген Мәшһүр оны жасынан құлай сүйген, жаттап өскен, хатқа түсіріп сақтай отырып, кейінгі буынға жеткізген. Көпті көріп, көп оқыған білгір ақын бұл асыл мұралардың «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сынсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Өтірік өлең», «Жақсылардың мысал сөзі», «Тақпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лиро-эпос», «Батырлар жыры» сияқты түрлерін хатқа түсіріпті. Мәшһүр Жүсіп жинаған және топтастырған "үлгілі сөз" небәрі қырық сегіз жолдан тұрды. Жинаушы шартты түрде қанатты сөзді бес түрге бөлді. Бірінші тип он жолдан, екінші, үшінші тип сегіз жолдан, төртінші тип жеті жолдан, ал соңғы бесінші тип он бес жолдан тұрады. Өлеңнің қалған сегіз жолы он бір буынды қара өлең үлгісінде берілген. Бұл қанатты сөздер тізбегі әр түрлі көркемдік жолдардың баспалдақтарымен жасалған. Біріншіден, бұл жеті-сегіз буын. Поэманың екпіні, ритағы, қолданысы, әдемі музыкасы, ішкі музыкасы, үйлесімділігі бізге ең жарқын көрініс берді. Ән жолдарында жеңіл әзіл де бар.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің "Қаршығаға құтқа" қолжазбасынан алынған шығарма-он бір буынды қара өлең түрінде жазылған, тегіс ертегілері мен жұп шеңберлері бар әдемі әлем. Бұл жұмыста біз қаршығаның қадір-қасиетін түсініп қана қоймай, оның ішкі жан дүниесін, психологиясын, Ғабит Мүсіреповше айтқанда, «сәл асыға сөйлейтінін, сәл асыра сөйлейтінін» шамалаймыз. Құс салу да, тазы жүгірту де - серіліктің бір түрі. Соңдықтан да «Сұлу қыз тұрушы еді, «келсең кел», - деп аңшының аузынан шыққан әзіл-шыны аралас өлең жолында артық ештеңе байқалмайды. Әдеби үлгіні жинаушының «Қара месінде» оқушыны тебірентер отты сөздер де аз емес. Тақпақтап айтылып жатталып қалатын талай-талай сөз үлгілері жетерлік. Олардың қай-қайысы болмасын, ойға қуат, сенімге күш жалғайды. Адамды салмақ сақтауға шақырады, «әр нәрсенің де сұрауы бар, тек оған жеткенше төзімділік керек» дегенге үндейді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қара месіндегі» ендігі бір айырықша көңіл аударатын материал - Толыбай туралы аңыз. Бұл Толыбайды «Пәлі, Толыбай» деп те атайды екен. Жинаушы «пәлі, Толыбай» атауын былайша түсіндіреді: «Бұрынғы заманда Арғынның қойшысынан өрт кетіп, Ұлы жүз Үйсін Арғыннан даулаған екен. Сонда соның бітіміне Ұлы жүз Үйсіннен Төле би шыққан екен. Арғыннан Толыбай шыққан екен. Үйсін Төле би «Қолыңмен салған өртті етегіңмен қалай сөндіремін - деп келдің, Толыбайым: «Алладан деп білсеңіз, қойыңыз, адамнан

деп білсеңіз, алыңыз» - деген екен. «Пәлі, Толыбайым, жарайсың, жарайсың» - деп Төле би тақ тұра қалған екен. Содан «Пәлі, Толыбай» атанған екен деседі. М.Көпеев біраз айтыстарды қағаз бетіне түсіріпті. Ол айтыстардың қалай, қандай жағдайда болғанын, кімдердің жеңіп, кімдердің не себепті жеңілгенін де айта кетіпті. Қайым өлеңнің, жырдың кімнен басталғанынан да біраз мәлімет беріпті. Ол былай дейді: «Бұрынғылар домбыра ұстап, өлең айтатұғыннан қайым білесің бе деуші еді. ...Қайым деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда қайым өлеңнің ілкі басы Күдері қожа мен Ұлбике қыздың айтысы. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ. Бұлардан бұрын жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлеушінің тұңғышы - Ноғайлыдан шыққан Мөңке би, қазақтан жырлап сөйлеушінің басы - Бұқар жырау», - деп жалпы қайым өлең мен жырдың шығу, қалыптасу жайында біраз сөз етті.

М. Көпеевтің материалдарын айтар болсақ, олар: "Ұлбике және күдері қожа", "Жаңақ және түбек", "Шортанбай және Орынбай", "Қыз бен Жігіт", "Ақбала және Боздық". Осы шығармаларды талдай отырып, айтыста сол дәуірдің сипаты, адамдардың тіршілігі айқын көрінеді деп қорытынды жасауға болады. Айтыс үшін жалғыз поэтикалық ақындық аздық болады. Жұртшылық оған көп білім қажет екенін біледі. Ақын дегеніміз, ең алдымен, халықтың сайрап тұрған «тілі, соғып тұрған жүрегі». Ел арасындағы кейбір қиын жағдайды, жәй адамның айта алмай іштей тынып жүретін ауыр халін ақын тірі жаннан сескенбей батыл толғай береді. Ал өліп қалған адаммен тілдесуі де, ол жөнінде айтып, ішкі шерін тарқату да тек ақындардың қолынан келетін іс. Біз «Ақбала мен Боздақ» айтысындағы осындай шеберлікке қызыға қараймыз. Боздақ өзі үшін де, Ақбала үшін де өлеңді кезек-кезек шығарып, сөз жүйесін қуады. Бұл жағдай халқымыздың тумысында ақын екендігін айтпай танытатын шындық. Мәшһүрдің «Қара месінің» «Алтынбас - Күмісаяқ ғашық болған», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Асанқайғы», «Едіп - Жайық», «Желкілдек», - деп аталатын бес ертегіні алып отырмыз. Осы ертегілердің ішінде «Алтынбас - Күмісаяқ ғашық болған» және «Желкілдек» өлең түрімен жазылумен ерекшеленеді. Әсіресе, «Алтынбас» бастан-аяқ он бір буынды қара өлең түрімен өрнектелген. Ал «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қақтығысымен ерекше, бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Бір сөзбен айтқанда халық армандаған алып батыр да, сұлу әрі ақылды қыз да, зерек қарияларда бұл ертегілердің ішінде баршылық.

Мәшһүр Жүсіп «Қазақ мақалдары туралы» деген атпен берілген тарауда қазақ мақал-мәтелдері мен олардың түсіндірмелері баяндалған. Бұл мақал-мәтелдер біз күнделікті еститін мақал-мәтелдердің формасынан да, идеясынан да ерекшеленеді. Мұнда мақал өлеңмен беріледі және мақал-мәтелден гөрі шешендік сөзге ұқсайды. Сонымен, Мәшһүрдің осы мақалына назар аударайық:

Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды.

Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды.

Кәлімасыз пір болса, кереметі болмайды.

Алалы түйе, арам мал

Берекеті болмайды.

Атадан қалған халал мал

Әрекеті болмайды...

Мәшһүр Жүсіп жинаған мақал-мәтелдер түзу, нақтылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, біз мақал-мәтелдерден ұлттық бояудың байлығын көре аламыз, тіпті ол жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеді десек қателеспейміз. Демек фольклортанушы бұл нұсқаларды аузы дуалы, көпті көрген, қазақты таныған ақсақалдардан сұрап білгені анық.

Мәшһүр Жүсіп Көпеұлы-қазақ мақал-мәтелдерін жетік білетін кәсіби жазушы. Әрбір мақал-мәтелдің негізінде біздің ақыл-ойымыз бен санамызға қажет даналық пен даралық жатыр. Бұл мұраны зерттеу бүгінде өте өзекті. Атап айтқанда, ұрпақтарды тәрбиелеуде біз ұлы ойшылдың мұрасынан алшақтай аламаймыз. Біздің одан алар дүниеміз өте көп.

Мәшһүр Жүсіп жинаған мұра орасан зор құндылық болып табылады. Ерте оқып, ерте білім алып, ерге есейген ғалым өз қара басының қамын ойламай, ел жұрты үшін аянбай еңбек еткен. Кейде жейтін қара нанға, кейде бір жұтым айранға қолы жетпей, кедейліктің зарын тартып жүрсе де ол ауыз әдебиетінің алтын қорын жинауды тоқтатпаған. Қорыта айтсақ, ғұлама жинаушының баяндап айтқан әрбір аңыз-ертегілері бірінен-бірі қызық, ішкі сазы, ішкі үндестігі, ой мен қиялдың сабақтасып тоғысуы айрықша өрнек тапқан. Ел алдындағы ерен еңбегі, зор таланты Мәшһүр Жүсіпті ешқашан да ұмыттырмақ емес. Өйткені халықтың ұлы өнері өлмек емес. Ертегілерде айтылғандай, алып батырлардың жаны әр түрлі құпияда сақталса, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі көне мұрамызға сіңірген еңбегіне байланысты мәңгі есте қалып, жасай бермек.

Аннотация

Қазақ әдебиетінің дамуына, әсіресе әдебиеттану, фольклортану ғылымпарының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан, кешегі кеңестік сұрқия саясаты кер заманда атын атауға тыйым салған арыстарымыздың бірі Мәшһүр Жүсі Көпеевтің шығармашылығын зерттеу ісі-бүгінгі күніміздің басты мақсаты. Осы мақсатта біршама жұмыстар атқарылғандығы да анық. М.Көпеев шығармашылығында сөз болатын мәселелердің барлығы да қазақ әдебиеті тарихы, қазақ тарихы үшін маңызды болып табылады. Баяндама Мәшһүр шығармашылығының сан қырларын танытуға мақсат етілгендігімен өзекті болмақ. Қазақ әдебиетінің алтын ғасырындай болған ХХ ғасырдың орта тұсында әдебиет аспанында жарқырай көрінген ақынның шығармасы арқау болуы тақырыптың өзектілігі болып табылады. Қазақ әдебиеті тарихына Бұқар жырау қатарлы ондаған ірілі-кішілі тұлғаларды қайтадан оралтуға септігін тиізен ғұлама зерттеуші, өзі де жанынан жыр жазған, шежіре тербеген, сәуегейлік

танытқан қасиеті тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығының сан қырларын таныту негізгі мақсатым.

Аннотация

Главная цель сегодняшнего дня-изучение творчества Машхура Жусип Копеева, одного из наших арысей, внесшего большой вклад в развитие казахской литературы, особенно в развитие литературоведения, фольклористики, запрещавшего называть его именем в эпоху советской политики. Очевидно, что с этой целью проделана большая работа. Все вопросы, о которых идет речь в творчестве М. Копеева, являются важными для истории казахской литературы, казахской истории. Доклад будет актуален тем, что он направлен на раскрытие многих аспектов творчества Машхур. Актуальность темы заключается в том, что в середине XX века, когда казахская литература стала золотым веком, произведение поэта, казалось бы, сияло в небе литературы.

Annotation

The main goal of today is to study the work of Mashkhur Zhusip Kopeev, one of our arys, who made a great contribution to the development of Kazakh literature, especially to the development of literary studies, folklore studies, which forbade calling him by his name in the era of Soviet politics. Obviously, a lot of work has been done to this end. All the issues discussed in the work of M. Kopeev are important for the history of Kazakh literature, Kazakh history. The report will be relevant because it is aimed at revealing many aspects of Mashhour's work. The relevance of the topic lies in the fact that in the middle of the twentieth century, when Kazakh literature became the golden age, the poet's work seemed to shine in the sky of literature.

Библиографиялық тізім

1. Мәшһүр Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілі – Павлодар қ. 2007 жыл, 442 бет
2. Жүсіпов Н.Қ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, - Павлодар қ. 2003 жыл, 218 бет
3. Тұрышов А. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары лексикасының этномәдени негіздері, Филол. ғыл. докт. дисс. – Астана -2004 жыл, 319 бет

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ – ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Әр халықтың фольклоры ұлттық мәдениеттің, ұлттық сананың, тарихи жадының және дүниетанымының көрсеткіші болып табылады. Қоршаған ортаға бейімделе отырып, әр халық өзінің өмір салтына сәйкес материалдық және рухани мәдениетін, әдебиеті мен тарихын қалыптастырды. Мақалада қазақтың әйгілі фольклортанушысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ауыз әдебиеті мен қазақ әдебиеті тарихының қалыптасу жолындағы сіңірген еңбегі туралы айтылады. Әрбір елім деген азамат өзінің туған жерінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін тереңінен танып білуі тиіс. Осы орайда М.Ж.Көпейұлының қазақ фольклоры саласындағы қолжазбаларымен танысу, кейінгі ұрпаққа үлгі ету өзекті болып табылады. Жалпы мақала айтыс, мақала, эпостық жырлар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, шешендік сөздер сияқты ауыз әдебиетінің үлгілерінің күні бүгінге дейін жетуіне еңбегі сіңген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына шолу жасауды мақсат етеді.

Қазақ халқының әуелгі әдебиеті мен тарихын, діні мен ділін, психологиясы мен философиясын бір арнаға тоғыстыратын, тұрмыс-тіршілігінің ортақ көрінісін бейнелейтін өнер – фольклор. Осынау халық шығармашылығының, тарихы мен мәдениетінің бай мұрасы саналатын фольклор жанрының үлгілерін ұзақ жылдар бойы жинап, мол қазынаны ұрпағына ұлықтаған фольклортанушы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болатын. Оның «қазақтың әндері, жоқтаулары, жұмбақтары, айтыстары, киіз үйі, т.б. рухани тарихтың негізі болып табылады. Ауыз әдебиетінсіз елдің да тарихы толық болмайды. Қазақ халқының мәдениетінің толық тарихын жазу үшін ауыз әдебиеті жетіспейтін кірпіш болып табылады» деген пікірі қазақ фольклорының сол кезеңдегі және қазіргі қоғамдағы биік орнын айқындай түседі. Мәшһүр Жүсіптің қолжазбалары ХІХ ғасырдың аяғында ауызша кеңінен таралуы себепті әртүрлі нұсқаларда жеткен, көпшілігінің авторлығы да жоқ. Бұл нұсқалар кейде билер мен шешендердің атынан беріліп, осы формада әртүрлі басылымдарға түскен. Сонымен қатар, қолжазбалар Кеңес дәуіріндегі идеологиялық цензураның әсерінен өзгерістерге ұшыраумен жарық көрді. Оның фольклор жанрындағы зерттеулері негізгі үш бағыт бойынша жүргізілгені белгілі:

- Орындаушыны тыңдау және ауызша мәтінді өзгеріссіз жазып алу;
- Басқа да фольклортанушыларда сақталған қолжазбаларды қайта жазу;
- Көне дереккөздермен (кітаптармен) жұмыс.[1,28-б]

Көпейұлы ізденіс нәтижесінде соңғы екі ғасырдағы қазақ билерінің шешендік сөздері туралы бай материал жинақтаған екен. Оның қолжазбаларының ғылыми құндылығы сонда – ел аузындағы аңыз-әпсаналар, тарихи әңгімелер мен

шешендік сөздерді қағазға түсіру арқылы өткен дәуірдің шынайы бейнесін көрсете білген. Әсіресе, Асан-қайғы, Жиренше шешен, Абылай хан, Саққұлақ би және басқа да тұлғалар хақындағы аңыздар ерекше құндылыққа ие. Фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің қолжазбасында «...Ел ішінен суырылып шыққан шешен, сөзге ұста, тапқыр ойшыл, кеудесінің есігі бар, құлағының тесігі бар, көзі қырағы, көңілі жіті адамды көп көрдім. Бір емес, әр тілді білетін, оқыған, тоқыған, жүйрік, білгіш адамдармен ойда, қырда талай жерде жолығып, талайымен сөйлестім. Қанжығалы қарт Бөгенбайдан шыққан Саққұлақ шешен сондай жұрт аузында шежіре атанған қариялардан еді. Мен ол кісімен талай бірге жүріп, көптеген ақылды үлгілі сөздерін жазып алдым. Ол шешенде жазыл маған қазына көп бол атын. Тағы бір кездесем деп жүретінмін. Реті келмей-ақ қойды», – деп жазады. Сол сияқты ел аузындағы «Жиренше шешен» аңызына қатысты былай дейді: «Міне, жігіттер, бір ауызды сөздің түбін, төркінін білемін деп ізлегендіктен қалыңсыз бір ханның қызын алды. Өз ханының сатусыз, пұлсыз уәзірлігін алды. «Жігіттікте жаннан кеш те, іс қыласың, өлесің, өлмесең, кісі боласың!»– деп бұрынғының айтқаны осы!». Шоң би жайлы әңгімесінде Сақау ақынның шеберлігіне тамсанып, құны жүз биелік сәукелені шешендігінің арқасында тегін алғандығын жазады. байқағанымыздай, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі жинаған фольклор үлгілерінің көпшілігін тарихи тұлғалардың өмірімен байланыстыра жеткізген.

Бұл фольклоршының би шешендердің өздерімен де тікелей жүздесіп, құнды әдеби туындыларды өз ауыздарынан жазып алғанының куәсі десе де болады.

Қазақтың ұлттық Наурыз мерекесінің шығу тарихы жайлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбаларында мынадай аңыз қалдырылған: «Қазақта Наурыз деген кісі аты болған. Келін-кепшіктер атын атай алмай, «Ұлы күн» деп, «Ұлыстың ұлы күні» деп кеткен. «Ұлыс» - түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта Ұлыстың ұлы күні «Наурыз».

Қолжазбаларда кездесетін тағы бір құнды дерек – қазақ халқының наурыздама тойын тойлауы. Жазбаларда дәулетті адам Тәтидің наурыздама тойын өткізгенін, оған Едіге би жүз кісімен келгендігі туралы былай жазады: «Сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейін наурыздама қылдыра келдіңіз! Ұдайымен сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуға не сәндігі бар?! – деп, сегіз күн күтіп, сыйлап, бір күнінен бір күнін асыра беріпті. Тәти мырза алдырған түлкілерінің ішінде бір қара түлкісі бар, наурыздаманың үстінен келіп қалыпты. Қара түлкі алдырып келгеніне бір қуанып, «Наурыздама қылдырамын!» деп, Едігенің келгеніне қуанып: «Бұл – наурыздама Баяудікі болды. Мен ұрғашы наурыздамасына ортақтаспаймын!» деп, басы Едігенің өзіне түйе бастатқан тоғыз, онан кейінгісіне: біріне ат, жүз кісіден бір кісіні құр қойған жоқ. Ең аяқ атшыларға бір-бір матадан үлестіріп: – Міне – менің наурызым! – деп, сый қылыпты» дейді. Демек, ел аузынан жинаған аңыздарда ұлттық дәстүрлер мен мерекелердің туындау тарихы сипатталады.[3,187-б]

Оның жазбаларының арқасында «Қазақ түбі», «Қоқан хандары тарихы», «Шанышқылы Бердіқожа батыр тарихы», «Әбілғазы шежіресі», «Сарыарқа тарихы», т.б. сияқты атақты қазақ шежірелері бізге қолжазба түрінде жетті. Ата-баба тарихы, шежіреге сәйкес, көрнекті тарихи тұлғалардың, сондай-ақ ауызша халық шығармаларында қазақ халқының негізін қалаушылар ретінде танылған мифтік кейіпкерлердің тарихы ретінде ұсынылған. Осылайша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларында дастандардың, аңыздардың, тарихи әңгімелердің тұтас кешені бізге жетіп, оның шынымен талантты зерттеуші болғанының айғағына айналды.

Ғұламаның қолжазбаларында шешендік сөздерден бөлек Бұхар жырау, Ақан сері, Шернияз, Сақау ақын, Үйсін Үмсін қыз, Шөже ақын, Найман Сабырбай, Орынбай, Шортанбай қожа, Қаракесек Балта, Ақмолла сынды біршама ақындар мен жыраулардың толғаулары, дастандары сақталған.

Сонымен қатар халықтың ауызша өнері, өмірі мен тұрмысы көрініс тапқан ондаған аңыз-әпсаналарды, тарихи аңыздар мен ертегілерді, қаһармандық эпостарды, тұрмыс-салт жырлары мен эпостарды, ақындар айтысын, мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың озық үлгілерін жинаған. Оның ел арасынан жинаған «Екі патша», «Әділ би», «Баһырам патша туралы», «Жеті жасар Желкілдек», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «Ер Төстік», «Өз Жәнібек және бір ұста», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Тама Сарыбас мерген» сынды ертегілері күні бүгінге жеткен. Осы аталғандардың арасында «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған» мен «Желкілдек» ертегілері өлең түрінде жазылған.

Ел аузынан «Ер Көкше», «Нәрік ұлы Шора батыр», «Қамбар батыр», «Ер Сайын» сияқты батырлар жырын, лиро-эпостық жырлардан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ», «Бозторғай» сынды туындыларды жазып қалдырған. Аталған ауыз әдебиеті үлгілерінің кейбірін фольклортанушы орыс ғалымы Радловтың еңбектерінен алып, топтастырып жинаған. Мәшһүр қолжазбасындағы «Сайын батыр» атты қазақ-ноғай жырында «Сайын батыр қалмақтармен шайқаста жеңіске жетеді. Сайын батырдың ұлдары Киікбай және Бөгенбай да өзі сияқты ержүрек болады» деп сипатталады.

Жырлардан өзге, қажымас еңбектің нәтижесінде халық аузынан сан алуан тақырыптағы мақал-мәтелдерді жазып алып, жинақтаған. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, нанымы мен сенімін танытуда зор маңызға ие мақал-мәтелдердің тақырыбы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, мінез болмысына, әдет-ғұрпына байланысты топтастырылған. «Қазақ мақал-мәтелдері» жинағына енген мақалдардың басым бөлігі осы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолдазбаларынан алынғаны белгілі. Еліміздің Орталық қолжазбалар қорында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған 2500 жолдан тұратын мақал-мәтелдер топтамасының көлемі қалың бір кітап боларлық деп көрсетіледі және бұл қолжазбалардың сонау 1930 жылдардан бері сақталып, бүгінгі күнге жеткені мәлім.

Фольклортанушының қолжазбаларында молынан жинақталған туындылардың бірегейі – айтыс үлгілері. Қолжазбалар арқылы бізге жеткен

айтыстардан «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы», «Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Қуандық-Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Керей-Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман-Түбек айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Орманшы - Сақау ақын айтысы», «Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман-Түбек айтысы» сияқты айтыс ақындардың сөз тартыстары жүйеленіп берілген. М.Көпейұлы өзі жазып алған айтыстардың шығу себептерін, айтыста кім жеңіп, кімнің жеңілгенін, оның себептерін де атап көрсетеді. Сол сияқты қайым өлеңнің пайда болуы туралы былай депті: «...Қайым деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда қайым өлеңнің ілкі басы Күдері қожа мен Ұлбике қыздың айтысы. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ. Бұлардан бұрын жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлеушінің тұңғышы - Ноғайлыдан шыққан Мөңке би, қазақтан жырлап сөйлеушінің басы - Бұқар жырау». Осылайша, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап қана қоймай, олардың әрбіреуіне түсініктеме беріп отырған.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келгенде, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған қолжазбалар қазақ фольклорының қоржынындағы зор құндылық болып табылады. Қазақ ауыз әдебиетінің дамуына, әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын одан әрі зерделеп, кейінгі ұрпаққа дәріптеу – қазақ әдебиеті тарихы, қазақ тарихы үшін маңызды іс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айтылған тарих. Оқу құралы /Қойгелдиев М.Қ., Нұртазина Н.Д., Жангуттин Б.О., Тілеубаев Ш.Б., Нұрман Ш.Т., Мырзатаева З.Б., Қалыбекова М.Ч., Болатхан Ә. / М.Қ.Қойгелдиевтің редакторлығымен. Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2015. 240 б
2. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдары. // Жеті томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: 2005. –5 т. – 266 с.
3. Дала фольклорының антологиясы: 10 томдық. Т.1: Батырлар жыры. Алматы: Brand Book, 2019. 560 б
4. Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Толық шығармалар жинағы. –Павлодар: ЭКО, 2001–2009. – 13 т.
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің наурыз жайлы жазғандары. Қ.Слямбек. https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/salt-dastur/61340/

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЕЖІРЕТАНУШЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз кезегінде нағыз дерек жинаушылық қырымен қатар қазақ тарихының ең бір маңызды бөлігі шежіре жинау мәселесіне көп көңіл бөлген ғалым болды. Әсіресе қазақ шежіресіндегі Дешті Қыпшақ заманы туралы деректер мол болғандығын атап өтеді. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіп еңбектері арасынан ғалымның жалпы қазақ тарихына, ауызша тарихқа, шежіре сөздеріне берген ғылыми көзқарасы да кездеседі: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығына жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын, құлағының тесігі бар, ақпа құлақ жандар болған.

Сондай-ақ аталған шежірешілердің өзара ақпарат алмасу тарихына мысал ретінде М.Ж.Көпеевтің жас кезінде Әбілғазы шежіресі нұсқасын Байдалының Мұстафасы қолжазбасына көшіріп бергенін айтуымызға болады: «Осы сөз Үргеніште 23 жыл хан болып тұрған Араб хан баласы Әбілғазы хан шежіресінен алынған сөз болса керек. Жас күнімде – өзім жазып алған сөз Байдалының Мұстафасынан жазып берген шежіремізде бар екен деп Ғиса баласы Мақұл 1928-ші жылда, Баянауылда өзіме көрсетті» /60/.

Шыңғыс хан және оның шығу тегі туралы жазғандарында Мәшһүр Жүсіп Әбілғазы шежіресі мен Радловтың «Қазақ түбі» аңызынан жоғары құнды мәліметтер келтірген: «Алтынбел ханның Алмалы Көрікті деген қызынан туғанын әкесі иоқ (жоқ), сағымнан пайда болған Шыңғыс хан пайғамбар тарихтан бес жүз елу тоғызда (559) доңыз жылында Моғол иортында ВКОМ Илдоқ тиген ирде дүниеге келді. Бір қолы иұмық... қан ұстап туып еді» /60/. Оның үстіне Мәшһүрдің мәліметті қалай естісе солай ешбір сөзін, ретін т.б. өзгертпей жазып алып, кейінгі Қазақ түбі нұсқаларында да сол деректі солай өзгертусіз келтіріп отырады. Яғни мағлұматтың түпнұсқалық негізі сақталынып, ешбір бұрмалауға түспегендіктен тарихи мәні, маңызы сақталынады. Мәтіннің басында, ортасында, не болмаса соңында сол мәтіннің деректің түпкі иесінің, мәліметті ауызша жеткізушінің есімі аталуы, оның ата-тегі өмірбаяны туралы мәліметтер берілуі, Мәшһүрдің тарихты ойдан құрастырмай естігенін ғана жинақтайды, көрсетеді. Тіпті аңыз-әңгімені қай жерде, қашан, қандай жағдайда, кімнен, қалай естігенін мәлімдеуі сол мәтіннің түпнұсқалығы, шынайылығына, бұрмаланбағынына шек келтіртпейді. Мәселен, Қазақ түбі №1177 үлгісінде алдымен Әбілғазы өмірбаянымен таныстырып, соңынан шежіресінен үзінділер келтіріп, В.В.Радлов кітабынан алынғандығын хабарлай отырып, Радловтың «Қазақ түбі» әңгімесі мәтінін ұсынады.

Мәшһүр Жүсіп материал жинау барысында өз заманындағы шежірелердің қолжазбаларын көшіріп, әрі баспа бетіне шыққан тарихи кітаптарды да сарқа қолданған.

«Мес» жинағындағы тарихи жазбалардың дерек көзінің бірі - Әбілғазының «Түрік шежіресі». Мәшһүр онымен бала кезінен-ақ Баянауыл медресесінде Қамыр қазірет кітапханасынан кездестіріп оқып жүргендігін әңгімелейді. Кейіннен «Мес» жинағын жинастырған кезде Әбілғазының шежірелік сипаттағы Орта Азиялық үлгілерін (тілі шағатай, ескі өзбек тілін ұқсас варианттары) ресми баспада басылған нұсқасын (Қазембек аудармасы) да кеңінен пайдалана білген. Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің ресми түрде басылып шыққан Әбілғазы шежіресінің жариялану тарихынан да хабардар болғандығын көреміз. Мәселен, қолжазбасының бірінде ғалым Әбілғазы өмірбаянын баяндап, оның алғашқы нұсқасы Европада жарық көргенін айтып, Ресейдің бұл шежіре нұсқасын түпнұсқадан емес француз тіліндегі (1726 ж.) басылымнан /68/ Қазембектің аударғанын әңгімелейді: «Үргеніш дейді, Хорезм дейді, Хиуа дейді. Заман хатында шаһар атанып талай хандар тұрақ қылған жай. Шыңғыс мұрағатынан Арап хан деген хан билеп тұрған. Өзінің 7 баласы болған. Қазақ айтады: «Жетеу болса жеті ит десейші». Асфандияр, Жошы, Елбарыс, Әбілғазы, Хорезмшах, Афған, Шәріпмахмұд. Бұлардың иттігі сол, Жошы сұлтан 16 жасында, Елбарыс сұлтан 14 жасында екеуі тізе қосып, өз әкесі Арап ханмен жауласып соғысып, әкесі Арап ханды, әкесіне жақтасан Хорезм сұлтанды және әкесіне жақтасып соғысқа шыққан Асфандияр сұлтанның 3 жасар бір баласын, 15 жасар ір баласын – төртеуін қасапқа сойған. Қойдай бір жерде бауыздады, Афған сұлтан деген бауырын Мәскеуге жер аударды.

Аталарын өлтіріп жатқанда Әбілғазы Шәріпмахмұд деген інісін алып қашып, Самарқанға барып, Имамқұлы ханның қолында 2 жыл тұрды. Асфандияр сұлтан қырға барып қазақты жиып келіп, Елбарыс, Жошы екеуін өлтіріп, Хиуаға хан болды. Асфандияр хан болған соң Әбілғазы қайта келіп еді. Асфандияр мұны Иран жұртына жер аударып жіберіп, Астрахан түрмесінде 10 жыл жатты. Сонан қашып шығып, Арал көлінің айналасында қаңғып жүргенінде Асфандияр өліп, тақ иесіз қалған соң, таласарлық ит қалмаған соң, 1054-те Хиуа тағына хандыққа отырды. Нижра есебімен 1014 жылда туған бала екен. 40 жасында хандыққа отырып, 23 жыл патшалық қылады. Сол Әбілғазы хан «жетім өз кіндігін өзі кеспекші» деп шежіре тарих сөйлеген. Оның сөйлеген шежіресін Еуропа жұрты атам заманда перуаттап алған. Вельяминов-Зернов жазған тарихтан көдедей көп Николайдың келері Александр патша француз тілінен орыс тіліне айналдыртып, Қазимбекке перуатдатқан Сол Қазимбек баспасынан алынған сөз Уыз хан шежіресі. Мұны Әбілғазы хан шежіресі атаған». Әбілғазы шежіресінің бірнеше нұсқасын пайдалану үстіне Мәшһүр Жүсіп бұл шежіредегі мәліметтерді қазақ халқының тарихымен, салт-дәстүрімен байланыстырып, өз пікір болжамдарын қатар ұсынып отырады: «Бұл шежіреден біздің алып отырған сыбағамыз – Уыз хан балаларына өз пайым парасатын, көзіне көрінген нәрсені толымды-жарасымды ат қылып қоя беріпті: Күн, Ай, Жұдыз, Тау, Теңіз деп. Сол аттар күні бүгінге шейін біздің қазақта айдың алдында туған баланың атын Айбас қояды, таң ата туған баланың атын Таңатар қояды. Көл басында туса, Көлбай қояды.

Тауда туса Таубай қояды, жаулауда туса Жайлаубай, қыстауда туса, Қыстаубай т.б. Уыз ханнан ұстап қалған үлгі-өнеге – осы.

Абылайдың арғы аталарын Әбілғазы шежіресі нұсқасын пайдалана отырып, Мәшһүр Жүсіп Ханның атасы «Қанішер Абылай» туралы деректің тым аз екендігін де жасырмайды: «Қанішер Абылайдың дүниеде барын-жоғын жан білмейді. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» заман болғанда, барлығы бордай тозып, быт-шыт болған». Бұған қоса енді бір «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер» еңбегінде жерленгенде басына қойылған тасындағы жазуға назар аудартады. Абылай бин Сүйініш ханның беймәлімдігін ашып көрсетеді, ұсынған шежірелік нұсқасының біреуінің мағлұматына сенімсіздікпен қарайды.

Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп өз кезегінде Абылайханның өзінен тараған әулетінің шежіресін де жазып қалдырған. М.Ж. Көпеев Абылай ұрпақтарын жалаң тізіп келтіруді мақсат тұтпаған, олардың тарихта кім болғандықтарын, қай жерде билік құрғандықтарын да мәлімдеп отырған. Мәселен, Абылайдың тірі күнінде баласы Сыздықтың Түркістанды билегенін, баласы Әділдің шүршітке (Қытайға) ақ үйліге берілгенін, Уәлінің Абайділданың (Ғұбайдолланың) хан болғандарын, Ешмағанбет Абылай ханыфтың генерал-губернаторлыққа аудармашы қызмет атқарғанын, немересі Шыңғыстың Көкшетауда, шөбересі Шалғынбайдың Қарқаралыда аға сұлтан болып билегендерін, сондай-ақ тағы да басқа ұрпақтарын шежіресімен қоса көрсетіп берген. Мәселен:

«Алғашқы алған қарауыл қызынан ұл жоқ, бір қыз бар. Ол қыздан туған Жамантай хан.

Қарақалпақ қызы Шайман (Сайман) ханымнан: Уәлі хан, шыңғыс сұлтан, Әділ сұлтан, Есім сұлтан.

Хожа қызы ханымнан: Қосым, Арық, Тоқ.

Қалмақ қызы Топшы ханымнан: Қасым хан жалғыз.

Сарт қызы Бабақ ханымнан: Әбділда (Ғабдолла), Рүстем, Шеген, Сыздық.

Қалмақ қызы Тоқта ханымнан: Төлек жалғыз.

Және бір қалмақ ханымнан: Рүстем, Тоғым, Махмуд.

Қалмақ қызы ханымы Рысдан Шама төре жалғыз».

Сондай-ақ Мәшһүр шежіресінде Абылай хан туралы тағы да мынадай мәліметтер келтіріледі:

«Бұл Абылай жолбарыс атанып, ұлғая бара «Қанішер Абылай» атанған. Бұл баласының атын «көркем Уәлі» қойған. Мұнан бір бала туды, атын Әбілмансұр қойды. Бұл жас бала Сабалақ атанып жүріп, Абылайлап жауға шауып, Абылай атанды». Яғни, М. Көпеев өз кезегінде тарихи фактілер мен деректерді қатыстыра отырып, шежіретануға көп көңіл қойды, әсіресе Абылай хан турасында мол шежірелік мәліметтер қалдырып, шежірені басқа авторлар ебектерімен салыстыра отырып, оқырман қауымға қолжазба түрінде қалдырған еді /62. -32-б/.

М. Көпеев орыс авторларының еңбектеріне де үніліп, ондағы шежіреге қатысты тұстарымен де танысты. Мәселен, 1870 ж. Санкт-Петербург қаласынан В.В.Радловтың «Түрік тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты он томдық

еңбегінің үшінші кітабы басылып шығады. Мәшһүр Жүсіп оның кітабын 1881 жылғы Ақмола өңіріне барған сапарында Мейрам Жанайдарұлы кітапхасынан кездестіріп, түнпұсқасын көшіріп алады. Енді бір нұсқасында өз шежіресін тарқату барысында В.В.Радловтың «Қазақ түбі» аңызын (мазмұны жағынан «Моңғолдың құпия шежіресіне» сай келеді) келтірместен бұрын оның жинаушылық қызметіне тоқталады: «Жетпіс жетіп, жер таянып отырған біздердің тумай тұрып қалған күнімізде Василей Василеич Радлоф қазақ әдебиетін бастырған екен. Біз жазайық деп отырған сөзіміз сонан алынған. «Қазақ түбі» деп Василей Василеич Радлоф баспаға бастырған» /62. -33-34бб/. Осылайша, өз кезегінде Мәшһүр жүсіп Көпеев тарих ғылымына ден қоя отырып, қазақ халқының маңызды бір дерек көзінің бірі шежіретану саласына да үлкен ден қойған ғалым болды. Ол ел арасында жүріп жазып алған шежірелерін, өзге авторлар еңбектерімен, тіпті орыс зерттеушілерінің еңбектерімен таныса отырып жазды. Шежіре жазу барысында әр рудың, әсіресе хандар мен билер шежіресінде олардың кейбір тұлғалық қырларын фольклорлық мәліметтер тобын қатыстыра отырып жазуға тырысты. Яғни, біз бұдан М.Ж. Көпеевтің шежіретану саласында мол үлес қосқанын аңғаруымызға болады.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз кезегінде нағыз дерек жинаушылық қырымен қатар қазақ тарихының ең бір маңызды бөлігі шежіре жинау мәселесіне көп көңіл бөлген ғалым болды. Әсіресе қазақ шежіресіндегі Дешті Қыпшақ заманы туралы деректер мол болғандығын атап өтеді. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіп еңбектері арасынан ғалымның жалпы қазақ тарихына, ауызша тарихқа, шежіре сөздеріне берген ғылыми көзқарасы да кездеседі: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығына жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын, құлағының тесігі бар, ақпа құлақ жандар болған. шығармалардан бүкіл саналы өмірін халқының бақытты үшін сарып еткен адамның жан толғаны-сын, ішкі сырын сезуге болады. Ол өмір жайлы, қоршаған орта туралы, жалпы тіршілік атаулыға тән мәселелерге байланысты толғам-түйіндерінде үлкен азаматтық рухты, биік парасаттылықты танытады. Мәшһүр жүсіп Көпеев тарих ғылымына ден қоя отырып, қазақ халқының маңызды бір дерек көзінің бірі шежіретану саласына да үлкен ден қойған ғалым болды. Ол ел арасында жүріп жазып алған шежірелерін, өзге авторлар еңбектерімен, тіпті орыс зерттеушілерінің еңбектерімен таныса отырып жазды. Шежіре жазу барысында әр рудың, әсіресе хандар мен билер шежіресінде олардың кейбір тұлғалық қырларын фольклорлық мәліметтер тобын қатыстыра отырып жазуға тырысты. Яғни, біз бұдан М.Ж. Көпеевтің шежіретану саласында мол үлес қосқанын аңғаруымызға болады.

Аннотация

Машхур Жусуп Копеев, в свою очередь, был ученым, который уделял большое внимание вопросам сбора генеалогии, одной из важнейших частей казахской истории, наряду с настоящим сбором данных. В частности, в казахской летописи имеются данные о Дешт-кыпчакском времени. Среди трудов Машхур-Жусупа также встречается научный подход ученого к всеобщей казахской истории, устной истории, словам шежире: «у нас в этом казахе нет четкой летописи, как в камне. » Незабудка, которая верила в чтение " - читать не надо. » Обманщик, который верил в писательство", - должен был написать он. Летописи, записанной на отсутствие чтения и письма, не было. Не забывай, что слышал, у него ушные отверстия, у него ушные раковины. из произведений можно прочувствовать всю сознательную жизнь человека, который пожелал счастья своему народу-критику, внутреннюю тайну. Он проявляет большой гражданский дух, высокий здравый смысл в своих размышлениях о жизни, об окружающей среде, о проблемах, характерных для жизни в целом. Машхур Жусуп Копеев, обращая внимание на историческую науку, был одним из важнейших источников казахского народа и ученым, уделявшим большое внимание области генеалогии. Он писал летописи, которые писал, путешествуя по стране, знакомясь с трудами других авторов и даже с трудами русских исследователей. При написании генеалогии пытались записать некоторые аспекты личности каждого клана, особенно в генеалогии ханов и танцев, с участием группы фольклорных источников. То есть мы можем констатировать, что М. Ж. Копеев внес большой вклад в области летописания

Annotation

Mashkhur Zhusup Kopeev was a scientist who paid great attention to the collection of genealogy, one of the most important parts of Kazakh history, along with real data collection. In particular, the Kazakh chronicle contains data on the Desht-Kipchak time. Among the works of Mashkhur Zhusup, there is also a scientific approach of the scientist to the universal Kazakh history, oral history, shezhire's words: "we do not have a clear chronicle in this Kazakh, as in stone. " The forget-me-not who believed in reading " - no need to read. "A liar who believed in writing," he was supposed to write. There was no chronicle recorded for the absence of reading and writing. Don't forget what you heard, he has ear holes, he has auricles. from the works, you can feel the entire conscious life of a person who wished happiness to his people-criticism, inner mystery. He shows great civic spirit, high common sense in his reflections on life, on the environment, on the problems characteristic of life in general. Mashkhur Zhusup Kopeev, paying attention to historical science, was one of the most important sources of the Kazakh people and a scientist who paid great attention to the field of genealogy. He wrote chronicles, which he wrote while traveling around the country, getting acquainted with the works of other authors and even with the works of Russian researchers. When writing the genealogy, they tried to record some aspects of the

personality of each clan, especially in the genealogy of khans and dances, with the participation of a group of folklore sources. That is, we can state that M. J. Kopeev made a great contribution to the field of chronicling

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Әбілев Д. Мәшһүр Жүсіп (естелік). // Жұлдыз. 1992. №12. 116-119бб
- 2.Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы. //Абай. -1992. №4. 57-58бб
- 3.Көпеев М.Ж. Сарарқаның кімдікі екендігі екендігі. //Материалды әзірлеген: Жүсіпов Н. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994. №4
- 4.Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. //Ақ Орда. 1993.
- 5.Көпеев М.Ж. Тарихи әңгімелер. // Жұлдыз 1994. №10. 201-202бб
Қазақстан тарихы. Алматы; 2002. 3.т. 640-б.
- 6.Көпеев М.Ж. Тарихи әңгімелер. // Жалын. 1994. №12. 27-б
Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. –Алматы, 1975-1986.
- 7.Жүсіпов Н. Мәшһүр –Жүсіп – қазақ ауыз әдебиетін жинаушы. // Қазақ тілі мен әдебиеті. №1-2.

Нарботина Зина Кокашевна
Астана қаласы әкімдігінің
«Шейх Тәми́м бен Хамад әл-Тәни атындағы
№ 85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Педагог-эксперт

МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ ФОЛЬКЛОРИСТ ҒАЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ фольклорын биік талғаммен таңдап талғай білген кәсіби әдебиетші. Әр фольклор жанры еңбектерінің астарында санамыз бен ақылымызға қажетті даналық пен тағылым бар. Бұл мұраны бүгінгі таңда зерттеп-зерделеу өте өзекті. Әсіресе ұрпақ тәрбиесінде ұлы ойшылдың мұрасынан аларымыз мол.

Мәшһүр Жүсіп фольклорлық үлгілерді тек үлгі-өнеге т.б. үшін ғана жинамаған. Автор сол нұсқалар арқылы өзіндік ой-топшылауларын да бірге беруге тырысқан. Яғни фольклорды-халықтың сана-сезімінің өзіндік көріну формасы деп бағалағандығын көруге болады. Ал, бұл Мәшһүр Жүсіптің жинаушылық пен зерттеушілігінің бір арнада тоғысқандығын дәлелдейді.

Мәшһүр Жүсіп фольклорды-ауызша тарих, тарихтың көзі деп таниды. Бұған, мәселен, Абылай ханға қатысты 16 әңгімелер цикілін көрсетуге болады. Мұнда ханның жас кезінен қайтыс болғанға дейінгі кезеңдері келтірілген. Жалпы бұл әңгімелерде қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын қалмаққа қарсы елдің бостандыққа, тәуелсіздікке күрес жолы сипатталған. Яғни қиын қыстау кезде ел басына хан болып көтеріліп, өзінің сенімді билері мен батырларына сүйенген хан Абылайдың жаужүректілігі, даналығы, ақылдығы, парасаттылығы, тапқырлығы, ең бастысы-елдің бірауыздылығы, бірлігі, татулығы, ынтымақтығы, т.б. арқасында халықтың өз арманына, мұратына жеткендігі айтылады.

Мәшһүр Жүсіптің жазбасында тарихи-шежірелік, этнографиялық сипат басым екендігін байқаймыз: адамның тегін анықтау, руын, яғни кейіпкердің туу, өсіп-өну, атақ-даңққа ие болу жолдарын нақты көрсету бар. Бұған ақынның тарихи фольклор мен көркем қиял фольклордың айырмашылығын білгені, ескергені байқалады. Яғни белгілі бір тарихи оқиғаның уақыт өткен сайын, әрі өзінің бастапқы шынайы қалпын сақтай отырып, әрі ел нанымына сәйкес көптеген өзгерістерді қабылдап бірте-бірте фольклор нұсқасына жақындай түсетіндігін Мәшһүр Жүсіп жақсы түсінсе керек. Сол себепті тарих пен фольклор арасын ажыратып отыруға тырысқан. Мәселен, тарихи тұлға Едігеге қатысты шоғыр әңгімелерді топтастыра жинай отырып, ол турасында мынадай өзінің көзқарасын да берген: «Біздің қазақта атақты, даңқты үш батыр болған.

Бірі-ер Едіге, бірі-қара Қыпшақ Қобыланды, бірі-Тамадан шыққан Шора батыр.
Осы үшеуі өз бетімен көшіп-қонып жүрген жандар.

Ұры қартайса, сопы болады,
Қар қайтайса, бибі болады.
Бүркіт қартайса, тышқаншы болады,
Шал қартайса, жасын-дағы,
Көрген –білгенін былшылдап,
Ертекшіл болады-дағы,-

демекші, ер едігеден естігенімді сөйлейін... мұны ертегі қылып сөйлеушілер әр түрлі сөйлейді. Ақымақтың тізгіні-құлағы, ғақылдының тізгіні- көңілі, ақымақ не нәрсені естісе, естігеніне қанағат қылады, қатықтай қатып, сүттей ұйып тұра қалады. Ғақылды не нәрсені естісе, естуіне қанағат қылмайды, ғақылына салып, көңілінің дауалауына тоқтайды. Бұрынғылардан қалған үлгі сөз бар, батыр деген бір барақ ит, екі қатының бірі табады, би деген ақсағарат ілуде бір-ақ қатын табады деген. Осы Едігені Тоқтамыс ханның төресін бұзып, тқре беретұғын би қылып қойды. Бетіне жан пар келмейтін ер де, батыр да қылып қояды. «Екі қылыш бір қынға сыймайды, екі тілеу бір көңілге сыймайды».

Фольклорды Мәшһүр Жүсіптің филологиялық тұрғыдан қарастыруы, яғни сөз өнері деп білуі. Ол фольклордың ел арасында ерекше мәртебеге ие екенін, қазақтың сөз өнерін аса жоғары қастерлейтінін барынша айқын көрсетуге тырысқан. Мәшһүр Жүсіптің халық арасында ең алдымен ақын-жазушы ретінде танылатын ескерсек, онда оның фольклорды өз шығармаларына да арқау етіп отырғаны, сонымен бірге оны тіл байлығының, сөз өнерінің т.б. қайнар бұлағы есепті бағалағаны анық.

Мәселен, ел аузыдағы «Жиренше шешен» аңызын қолжазбасына түсірген Мәшһүр Жүсіп, ол турасында өзінің көзқарасын да білдіріп кеткен. Онда: «Міне, жігіттер, бір ауызды сөздің түбін, төркінін білемін деп іздегендіктен қалыңсыз бір ханның қызын алды. Өз ханының сатусыз, пұлсыз уәзірлігін алды. «Жігіттікке жаннан кеш те, іс қыласың, өлесің, өлмесең-кісі боласың!» - деп бұрынғының айтқаны осы!»- делінген ақын тамсануы да бар. Ал, «Шоң биге» қатысты жинаған әңгімесінің бірінде Мәшһүр Жүсіп, құны жүз бие болатын сәукелені екі ауыз сөзбен-ақ сақау ақынның ақысыз, пұлсыз аландығын ескертіп өтеді. Міне, көріп отырғанымыздай, Мәшһүр Жүсіп сөз өнерін т.б. дәріптеуге арналған фольклор үлгілерін көбінесе тарихи адамдар есімдерімен ұштастырған. Фольклор үлгілерін жинастырғанда Мәшһүр Жүсіптің билер сөзінің де ұлттық мәдениетіміздің бір көрінісі, айнасы екендігіне көңіл бөлгені байқалады.

Мәшһүр Жүсіп фольклорды этнографиялық мәліметтердің көзі деп қарастыруына тоқталсақ. Яғни: белгі бір халықтардың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған табиғи ортасына, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне , т.б. қатысты деректердің Мәшһүр жазбасында молынан ұшырасуына назар аудартады. Мәселен, «Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанған» әңгімесі ішінде: «Алаш» деген қай ел, не себепті олай айтылғандығы, «Жүз» деген атау қайдан

шыққандығы т.б. төңірегіндегі аңызға ақын өз көзқарасын да бірге берген: «Бұрынғы заманда қазақтың Жүз деген де аталарының аты болса керек. «Жүз» деген атты ұруға, «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш, алаш» деп шабындар, «алаш, алаш» демегенді әкең де болса ұрып соқ деп бата қылысыпты. Кеше «Алаш, алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» деп айтылған сөз сонан қалды. Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, өз алдына отау тіккен емес, әр жұртқа бұратана қоңсы болып жүрген.

Міне, бұл сияқты әулиелер іс-әрекеттері т.б. Құдай тағаланың ерекше қолдауына сүйенгендіктен туып отыр екен деген халық дүниетанымынан туындаса керек. Ал, осындай ерекше адамдардың өмірде болатындығын, айтқан сөздерінің мүлтіксіз орындалып отыратындығын Мәшһүр Жүсіп өз түсініктемелері арқылы дәлелдеуге тырысады: «Сілеті деген өзеннің бойында Соқсаң соқ шатының тұсында Жаңабатыр бидің баласы қаһарлы Жанақтың моласы бар. Бұл кісінің басына тұсындағы керей, Қанжығалы ауырған малын түнетеді: жазылып, тыйылып кетеді. Бұл кісінің заманындағы жақсылар «доғал оқ» дейді екен. Оның мәнісі не десеңіз?! «аттым!» десе, адам да болса, малда болса, мұрттай ұшады екен. Айтқанындай, ертең түсте «Торай өлді!»-деп, жаназаға шақырыпты. Жанақ бармапты (Торайдың моласы Ажалының түбінде)», -делінген.

Халық түсінігі бойынша, біреуге істеген жамандықтың ерте ме, кеш пе алды ашылатындығы «Бір әйелдің қарғысы туралы» туындыдан да көрінеді: «...Сол келіннің енесі шағыстырып, сапақ нақақ өлтірген. Мұнда Сапақ та қаңғырып жылу сұрады, онда Байсақалдың артына қай оңа қойды дейсің. Ұрғашы да болса да көз жасы далаға кеткен жоқ шығар». Сондай –ақ «жазымштан озмыш жоқ» дегендей, біреудің пешенесіне жазылған байлықты да т.б рұқсатсыз иелену орынсыздығы, ең соңында оның тиесілі адамына бұйыратыны да «Жақсы Ғабдолла хан» әңгімесінде бейнеленген. Бұл да адам маңдайына жазған тағдырының орындалатындығына халықтың өте сенгендігін дәлелдейді.

Мұның бәрін халықтың көзқарасынан, сенімінен т.б. туған фольклорлық үлгілер деуге болады. Жалпы фольклордың маңыздылығы-ұлттық мәдениеттің көзі екендігін Мәшһүр Жүсіп жақсы түсінген тәрізді.

Қорытындылай келе, «Алты алашқа жайылып кеткен атым, Жүрген жерім-ду базар, қылып хатым. Ұстаз пірдің һүмматы болып жәрдем, Бір ұшсам, кете берем, бар қанатым,-деп жырлағандай шығармашылығы халқымыздың тарихымен, салт-дәстүрімен, бай ауыз әдебиетімен тығыз байланысты өрілген ақынның дара туындылары өзіндік қолтаңбасымен ғасырдан ғасырға жалғасып, тәлімм-тәрбиелік әсері, өнегесі мен тағылымы талай ұрпақтардың жан дүниесін кемелдендіріп, рухани тұрғыдан байыта берері сөзсіз.

Андатпа

Екі ғасыр аралығындағы қазақ сөз өнерінің көрнекті тұлғаларының бірі М.Ж. Көпейұлының шығармашылығы көп қырлы. Соған қарай дүниетанымы да өте күрделі. Оның өлең, әңгімелері мен мақалаларының арқауы – жеке адам болмысы мен қоғам өмірінің байланысы, одан туындайтын алуан түрлі мәселелер. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерін, тарихи әңгімелерін, шешендік сөздерді, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын т. б. қағаз бетіне түсірген.

Бұл мақалада М. Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуы туралы жазылған. Ұлттық фольклор жан- жақты зерттелген, бірақта М. Жүсіптің шығармаларында белгі бір халықтардың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс-түршілігіне, қоршаған табиғи ортасына, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне , т.б. қатысты деректерге, молынан ерекше назар аудартады.

Annotation

The work of M. zh Kopeyuly, one of the outstanding figures of the Kazakh word art for two centuries, is multifaceted. The world view is also very complex. The basis of his poems, stories and articles is the connection between the personality of the individual and the life of society, the variety of problems arising from it. Mashhur zhusup Kopeyuly wrote legends, historical stories, oratory, other genres of folklore, in particular, life songs, epics, fairy tales, Proverbs, Akyn aitys, etc. on paper.

This article is written about the formation of M. Joseph as a folklorist scientist. National folklore has been studied in detail, but in the works of M. Joseph, the sign attracts a lot of attention to the origin, tribal composition, settlement, formation of peoples, even their way of life, natural environment , clothing and profession, spiritual culture, etc.

Аннотация

Творчество М. Ж. Копеулы, одного из выдающихся деятелей казахского словесного искусства двух веков, многогранно. К тому же мировоззрение очень сложное. В основе его стихов, рассказов и статей лежит связь между бытием человека и жизнью общества, различные проблемы, возникающие из него. На бумаге Машхур Жусуп Копеевич писал легенды, исторические рассказы, ораторские речи, другие жанровые формы фольклора, в частности, быт-обрядовые песни, былины, сказки, пословицы, поговорки, айтысы акынов и др.

В этой статье рассказывается о становлении М. Жусупа как ученого-фольклориста. Национальный фольклор изучен всесторонне, но в произведениях М.Жусупа особое внимание уделяется данным, касающимся происхождения, родового сословия, поселения, формирования их быта, окружающей природной среды, одежды и профессии, духовной культуры и т.п.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ фольклористикасының тарихы. – А.: Ғылым, 1988.
2. Қазақ фольклористикасы. – А.: Ғылым, 1972.
3. Толыбайұғлы М. Қарқаралыдан хат // Дала уалаяты газеті. – 1980. – №19.
4. Әбілев Д. Мәшһүр Жүсіп // Жұлдыз. – 1992. – №12. – Б. 116-129.
5. Бөжеев М. Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында // Жалын. – 1974. – Б.
6. Дала уалаяты газеті. – А.: Ғылым

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ – ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Қазақ фольклорын жинау мен оның тарихын зерттеу кенжелеп қолға алынған сала. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қазақ фольклорына қосқан үлесі орасан зор. Ақынның жинаған материалдарының біраз бөлігін алғашқы қазақ газеті «Дала уалаяты газеті» (1889-1900) бетінде жариялаған. Соның нәтижесінде ақынның тірі күнінің өзінде-ақ оның жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік т.б. еңбектерін алғашқы бағалаған пікірлер де осы аты аталған басылымдарда орын алды.

Мәшһүр Жүсіп 5 жасында Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен, кейін 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. Қамариддиннің Шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін кең білуі және насихаттауы – бәрі болашақ ақынға үлкен ықпал еткен [1, 16]. 15 жасынан бастап өлең жаза бастаған Мәшһүр-Жүсіп өмірінде үш рет (1887, 1895, 1907) Бұхар, Ташкент, Түркістан жаққа барып, әрі білімін толықтырып, әрі жолшыбай ел аралап, ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін жинастырумен болады. Сол сапарларында: Қарқаралы дуанында қажыға бірнеше рет барған Жүсіп қажы, Бердалы қожа, Атбасар дуанында Мейрам қажы Жанайдарұлы, Қоңырқұлжа, Жәңгір төре, Сакқұлақ шешен, Сыздық төре Кенесарыұлы, Ақан сері, Майлықожа т.б. ел тарихын жақсы білетін атақты адамдармен жолығып, олардан естігендерін қағазға түсірумен айналысқан.

1907 жылы Қазан қаласында үш кітабын шығарған. Олар: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз». Мәшһүр Жүсіп кейін ол шығармалары үшін 1912 жылдан бастап қудалана бастағанда, өзінің жинаушылық жұмысын тоқтатпайды. Мәшһүр-Жүсіп «Дала уалаяты газетіне» көптеген материалдар ұсынып отырған.

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдар, негізінен 3 жазбада жинақталған. Біріншісі – Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы. Оның көбісі кезінде жоғалып кеткен. Бізге жеткен материалдардың біраз бөлігі Ғылым академиясының кітапханасында, ал қалғаны Мәшһүр ұрпақтарында «әулеттік архив» күйінде сақтаулы. Екіншісі – Мәшһүр-Жүсіптің туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының жазбалары. Олардың ішінде ақынның өз қолжазбасынан көшірілгендері де, әр кезде ел аузынан жинап алғандары да бар. Үшіншісі Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Фазыл нұсқалары. Ол кісі де біразын әкесінің жазбаларынан көшіріп, біразын ел аузынан жинаған [2, 84].

Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің жанрлар құрамы: миф, хикая, тұрмыс-салт жырлары, эпос, ертегі, мақал-мәтел, айтыс т.б. Оның

басым көпшілгі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттарына («*Ой түндік белеңде деген қай жерде*»); әулиелер («*Шайқы Бұрқы әулие*», «*Талмас ата әулие*», «*Болған ана мен Белең ата*» т.б.); тарихи адамдар («*Асан Қайғы*»); пайғамбарлар («*Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа*», «*Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз*», «*Нұх пайғамбар мен бір кемпір*» т.б.) болып келеді.

Мәшһүрдің Сүлеймен пайғамбарға байланысты жазып алған хикаяттары да көңіл бөлерлік. Белгілі фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов өзінің «*Казахская сказочная проза*» еңбегінде Сүлейменге байланысты хикаяттардың ел арасында негізінен үш сюжет төңірегінде құрылатынын, тәрбиелік мәнде екенін көрсеткен [3, 125]. Мәшһүр жазбаларындағы «*Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа*» атты хикаятты өз алдына төртінші сюжет желісі деп атауға да болады. Шығыс аңыз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы көп айтылатындығы белгілі. Ғалым А.Қыраубаева «*Рабғузи кассасында*» да осы тәрізді бірнеше әңгіме бар дегенді айтады: «Бұл сияқты мысал әңгімелерде жан-жануарлардың жанды-жансыз нәрселерді бір-бірімен сөйлесу арқылы түрлі мінез-құлықтары ашылады. ...Фольклорда, қазіргі жазба әдебиетімізде мол тараған ертегі, мысал, әңгіме, өлеңдердің терең тамырлары міне осындай үлгілер деуге болады»[4, 56] – дейді де, сол аңыздардың ішінде «*Сүлейменді сөзбен жеңген құмырсқа*» хикаясына тоқталады. Бұл хикая сюжет желісі жағынан Мәшһүр Жүсіптің үлгісімен ұқсас болғанымен, ақын нұсқасының өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Біріншіден, хикаяда Сүлеймен мен құмырсқа арасындағы айтыс «*Жүзік*» әңгімесі тұсында тәмамдалса, ал Мәшһүр Жүсіп жазбасында сюжет әрі қарай құмырсқаның қамалуы, босануы және кейінгі патшаларға ақылшы болып тағайындалуы тұрғысынан өрбиді. Үшіншіден, Рабғузиде Сүлеймен мен құмырсқа арасындағы сөз тартысы қысқа, бір-екі сөйлем мөлшерінде бітеді. Мәшһүр Жүсіпте, керісінше пікір сайысы ұзаққа созылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазқа түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысы т.б. жинағаны белгілі. Мәшһүр Жүсіп ел арасынан «*Қамбар батыр*», «*Ер Тарғын*», «*Ер Көкше*», «*Сайын батыр*», «*Нәрік ұлы Шора батыр*» т.б. тәрізді батырлар жырларын, «*Қозы Көрпеш-Баян сұлу*», «*Алтынбас-Күмісаяқ*» т.б. лиро-эпос жырларды жазып алған. «*Бозторғай*» – 460 жолдан, «*Дін үйренетұғын*» – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін тұңғыш қағазға түсірген В.В. Радлов екендігін де Мәшһүр-Жүсіп көрсетіп кеткен. Мәшһүр Жүсіп ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған: «*Еділ-Жайық*», «*Көр ақтарған Жаманбай*», «*Баһырам патша туралы*», «*Есен тентек туралы*», «*Ертеде бір хан болыпты*», «*Ақтабан шубырынды Алқакөл сұлама*», «*Еңсегей бойлы ер Есім*», «*Алаша хан*», «*Жеті жасар Желкілдек*», «*Ер Төстік*», «*Әз Жәнібек және бір ұста*», «*Екі патша*», «*Әділ би*», «*Сүйіндік: Олжабай батыр*», «*Тама Сарыбас мерген*» т.б.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына

қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист - ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымай ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі, мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіру қажеттігі аян.

Мәшһүр Жүсіп сондай-ақ акындар айтысының небір тың үлгілерін де жинаған. Мәселен, «*Ұлбике қыз бен Күдері Қожжа айтысы*», «*Қалдыбай қожжа мен Соқыр Шәже айтысы*», «*Соқыр Шәже мен Каракесек ақыны Балта айтысы*», «*Каракесек-Камбар Жанақ пен Найман: Түбек айтысы*», «*Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы*», «*Қыз бен жігіт айтысы*» т.б. тәрізді акындардың айтысы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларында белгілі бір тәртіпшен, реттілікпен берілген.

Мәшһүр Жүсіп жазбалары арасында хандар, билер, батырлар туралы т.б. тарихи әңгімелер де аз емес. Мәселен, хандар тарихына қатысты: «*Жақсы Ғабдолла хан*», «*Қоқан хандарының тарихы*», «*Шайбани хан Әмір нәсілінен*», «*Кенесары*», «*Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер*», «*Стамбул халифасы Ғұшман қазы*», «*Россияға бағынып қараған соң Қасым ұрпағы не себептен бүліншілікке түскен*» т.б. деректері және сонымен қатар Абылай хан туралы да жазғандары өте көп. Мұның бәрі Мәшһүр-Жүсіп қалдырған мол мұраның ішінде қазақ фольклорының барлық жанры кең қамтылғанын дәлелдейді.

Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Мәселен, «*Ғылым, білім*» кітабы 129 сахифадан; ...«*Абылай*», «*Кенесары*», «*Наурызбай*» әңгімелері – 50; «*Бұхар, Қоқан...*» – 21; «*Қазақ билері*» – 90 сахифадан тұрады дей отырып, барлығы 461 сахифаны, яғни бетті құрайтынын өзі жазып көрсеткен[1, 19].

Мәшһүр Жүсіп халыққа сол кезеңде «не керек» дегендердің барлығын жинай берген. Яғни елінің тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын т. б. жақтарын көрсету – осының бәрі қажет боларын сезініп, неғұрлым ауқымды жұмыстар атқарған. Міне, бұдан біз Мәшһүр-Жүсіптің фольклористік концепциясы оның демократиялық, ағартушылық көзқарастарынан туындағанын көреміз.

Г.Н. Потанин, Ә. Диваев тәрізді зерттеушілер ел арасынан ауыз әдебиеті мен фольклорлық үлгілерді жазып алғанда, жеткізушінің аты-жөнін, нұсқаның қай жерде, тіпті қай мезгілде хатқа түскенін т. б. қамтитын жалпы жинаушылық талаптарды орындағаны белгілі. Мұндай шарттарды Мәшһүр Жүсіп те ұстанған. Әйткенмен, акынның өзіндік жинаушылық ерекшелігі де бар. Мәселен, ол кісі қолжазбаларының кей жерлерінде фольклорлық шығарманы айтушының есімін кейде не сөз арасы, не текстің ішінде кіріктіріп жазып кетуді машық еткен. Ондағы себебі фольклорлық үлгіні жеткізушінің есімі ел жадында ұмытылмай, жазылған мәтінмен бірге айтылып жүрсін деген ойдан туындаған. Бұлай дейтініміз: әдетте фольклористика ғылымында фольклорлық үлгінің жазылып алыну паспорты не шығарма басында, не аяғында беріледі. Себебі бұл дүниелерді отырықшы елдер баспа арқылы кітап етіп тез шығарады. Ал, баспалары кешендеп пайда бола бастаған ол кездегі

қазақ елі арасында шығармалардың кітап күйінен гөрі көбіне қолжазбалар түрінде кең тарағаны белгілі. Көшіп-қонуда жүрген ел ішінде қолдан-қолға жиі өткен қолжазбалар бір-бірімен араласпасына, тіпті беттерінің жоғалып кетпеуіне ешқандай кепіл жоқ екені аян. Сол себепті Мәшһүрдің мұндай жинаушылық ерекшелігін фольклористика ғылымында қосқан өзіндік үлесі деп бағалауымыз керек.

Мәшһүр Жүсіп біраз фольклор үлгілерін басқа адамдар қолжазбаларынан, көне кітаптардан алғандығын да көрсетіп отырған. Мәселен, өмірбаяндық деректерінде Ақмола дуанының тұрғыны Мейрам Жанайдарұлы үйінде Мәшһүрдің өзі көп уақыт тұрғаны, қолжазбаларын ақтарғаны, әдеби мұра сөздерін зерттегені өрнектелген. Енді бірде ақынның Мұса Шорман баласы Сәкен ағайдан іші әңгімеге толы қолжазбаны қалап алғаны сөз болады. Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіп «Қазақ түбі» деген әңгімесіне Әбілғазы Баһадүр хан шежіресін пайдаланғанын айтса, қазақ мақалдарының біразын «*Құран Кәрімнен*» «*Пайғамбар сөзі*», «*Шіп Алути мен Алайман*» тәрізді әңгімелерді «Хадис-Шарифтан» алғандығын көрсеткен. Сондай-ақ осы қолжазба ішінде Мәшһүрдің: «Шәкәрім шежіресінен Тобықтыны жазып алдым» дегені де бар.

Сонымен, Мәшһүр Жүсіп жинаушылығы үш түрде, үш әдісте жүрген: 1) көбінесе ауызша айтылғанды сөзбе-сөз немесе тындау негізінде хатқа түсіру; 2) ел ішіндегі қолжазбаларды пайдалану; 3) ара-тұра ертеректе шыққан кітаптардан көшіріп алу.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист-ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар: бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы; екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі; үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялылары әсері.

Мәшһүр Жүсіп түсініктемесі көбіне тарихылығымен, шынайылығымен көңіл бөлгізеді. Мәселен, Шоң биге байланысты әңгімесінде мынандай дерек бар: «Айдабол: Поштай баласы Кұсайын, Қаракесек; Алшынбай баласы Қақабай, Қаржас; Еркебұлан баласы Жантемір-Шоң өлген жылы туған балалар. Осы айтылғандардың жиырма бес мүшелінде туған Мәшһүр-Жүсіп өзінен жиырма бес жыл бұрын өлген Шоңның қасында бірге жүргендей ме, қалай?» [2, 36].

Мәшһүр Жүсіптің фольклорды этнографиялық мәліметтердің көзі деп қарастыруына көңіл бөлген жөн. Яғни белгілі бір халықтардың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған табиғи ортасына, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне т. б. қатысты деректердің Мәшһүр жазбасында молынан ұшырасуы назар аудартады. Мәселен, «Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанған» әңгімесі ішінде: «Алаш» деген қай ел, не себепті олай айтылғандығы, «Жүз» деген атау қайдан шыққандығы т. б. төңірегіндегі аңызға ақын өз көзқарасын да бірге берген. Мәшһүр Жүсіп сонымен бірге: «Бұхарай Шарифтың аят, намаз оқылатұғын зор мешітін Әмір Темір салдырған...»[5, 33], – деген тәрізді тарихи, әрі көлемді түсініктеме беріп те

отырған. Мұндай түсініктеме кейде шағын ғылыми мақала іспетті. Мәшһүр Жүсіптің ел тарихындағы өткен ең өзекті деген тарихи белестерді ұмыттырмауға күш салып, соның бәрі қазақтың ұлт болып қалыптасуына т. б. көмегін тигізеді деп есептеген.

Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіп жазбаларында шежірелік сипат басым. Адамның тегін анықтау, руын, ортасын айқындау, яғни кейіпкерлердің туу, өсу-өну, атақ-даңққа ие болу жолдарын нақты көрсету бар. Демек, Мәшһүр Жүсіп тарихи фольклор мен көркем-қиял фольклордың айырмашылығын айқын білген және өз тұжырымдарында соны ескеріп отырған.

Қорыта айтқанда, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей жерлерін ұзақ аралап, көптеген адамдармен жүздесіп, кімдерден қандай материал алғанын нақты көрсетіп, фольклор үлгілерін жинауы арқылы да, фольклор сыр-сипатын зерттеп, сараптау нәтижесінде де Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ фольклористикасына үлкен үлес қосты.

Аннотация. Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ фольклорына қосқан үлесі сараланады. Фольклор үлгілерін қашаннан бастап қалай жинағанына тоқталып және бізге қалай жеткенін нақты тарихи-ғылыми деректер арқылы дәлелдедік. Фольклордың сыр-сипатын зерттеп, саралай білген фольклорист-ғалымның ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы әдіс-тәсілдеріне, ерекшеліктеріне тоқталдық.

Аннотация. В статье анализируется вклад Машхур Жусупа Копеевича в казахский фольклор. Мы остановились на том, как с самого начала собирали образцы фольклора, и доказали, как они дошли до нас, с помощью конкретных историко-научных данных. Мы остановились на методиках, особенностях сбора образцов устной литературы ученого-фольклориста, который исследовал и различал природу фольклора.

Annotation. The article analyzes the contribution of Mashkhur Zhusup Kopeevich to Kazakh folklore. We focused on how we collected folklore samples from the very beginning, and proved how they came to us with the help of specific historical and scientific data. We focused on the methods and features of collecting samples of oral literature by a folklorist scientist who researched and distinguished the nature of folklore.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр - Жүсіп Көпейұлының фольклоршылық еңбегі: филол. ғылымд. канд. дис. авторефераты / Н.Қ. Жүсіпов; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті. – Ақмола, 1998. – 32 б.

2. Көпеев М.Ж. Таңдамалы: екі томдық шығармалар жинағы. 1-том : Өлең, қисса, мысалдар / М.Ж. Көпеев; құрастырған С. Дәуітов; – Алматы: Ғылым, 1990. – 270.

3. Қасқабасов С.А. Казахская сказочная проза. – Алматы: Наука, 1990. – 269 б.

4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 158 б.

Саденова Мейрамгуль Кошеновна
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің
«Әлкей Марғұлан атындағы ЖОББ мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
педагог- сарапшы

МӘШҺҮР ЖҮСІП ПЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ҮНДЕСТІК

«Аз ғана уақыт, төрт-ақ күн бірге болдық. Бұл екеуіміздің ақырғы кездесуіміз болар, жас та келді, тағдыр да жақын. Дүние көшкен керуен ғой, дүниеге бірге келдік, бірге жүрдік....» деп қазақ рухани мәдениетінің үшінші алыбы, қазақтың тағы бір көрнекті тұлғасы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өз сөзінде айтып кеткендей Абайдың немере інісі, әрі шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлымен түйдей құрдас еді. Қазақтағы жақсы мен жайсанның бірін-бірі іздейтін дәстүріне сай, бұл екі ойшыл да өзара жүздескен екен. Екеуінің туған жылы да, өткен жылы да бір екен: 1858-1931 жылдар аралығында өмір сүрген. Мәшһүр әулиенің айтқаны келіп, өзі сол жылы 27 қарашада өз ажалынан өледі, ал Шәкәрім қажыны күз ортасында Шыңғыстауда НКВД жендеттері атып, сол маңдағы құдыққа тастап кеткен.

XX ғасырдың басы мәдени дамудың кезеңі болу керек еді. Бірақ іс-әрекеті мен шығармашылығында діни көзқарас, ұлттық мақсат тәуелсіздікке ұмтылу идеясы бар тұлғалардың есімдерін ел есінен шығарып, ұмыттыруды мақсат етті. Оларды саясат бұғауында байлап, оқытпай жасырып келгені белгілі. Мәшһүр мен Шәкәрім шығармаларының поэзия түрінде болуының сыры да мінекей, осында еді. Ал поэзия мазмұнына көңіл зарын жасыруға болары анық. Бұл қос тұлға да болмысының негізі, көптеген дін ғұламаларындай, қиын қыстау кезеңде ел болашағынан үміт үзіліп, қапыда кетпеуіне зор ықпал етіп, ел зобалаңын поэтикалық туындыларында жазды. Есімдері баяндама тақырыбында тұрған тұлғалардың қаламдары ұштас екендігін тура мағынада да, тұспалды мағынада да тосылмай айтуға болады. Екеуі де Абай жалауын нық ұстаған, сонымен бірге әрқайсысы өзіндік жеке-дербес қазыналарын танытуға лайықты ту тіккендер. Мәшһүр-Жүсіп пен Шәкәрім шығармаларындағы ағартушылық ақыл-ой ортақтығы, тілдік өрнек ұқсастығы жайында сөз қозғалса, ол тым ұзаққа тартар еді. Сондықтан біз бұл жерде тектес-теңдес сөз қолданыстың сипатын аңғартарлық біраз оқшау мысалмен шектелеміз.

Жалпы, XX ғасырдағы ислам мәдениеті мен ислам құндылықтарын, қазақтың ұлттық мәдениетін жалғастырып, жаңа заманға жеткізе білген екі тұлғаның да дін саласында да, әдеби ағартушылық саласынан да алар орны биік. Бүгінде келер ұрпақты шыдамдылыққа, төзімділікке, қажырлылыққа тәрбиелеуде екі қайраткер ақын өлеңдерінің өнегесі, тәлімдік маңызы зор. Олардың азаматтық ерлігін, кісілігін елін сүюшілік сияқты адамгершілік ұлы қасиеттерін қастерлеу – халыққа, жас ұрпаққа үлгілі көрініс болмақ. Бұл

алдымен, халықтың «Ел үшін туып, елі үшін өлген ерлердің» еңбектерін дәріптеуін білдіреді және жастарға, келешек ұрпаққа оның ерлік ісін өнеге етіп көрсету.

Ақын ел ағасы ретінде, елінің дұшпаннан азат, бауыры бүтін, түтіні түзу, халқы иманды, жастары сауатты болып, өніп өскенін көксегені анық. Бұл ретте әрине негізгі салмақты келер ұрпақ жастар тәрбиесіне, соның ішінде білім ғылымға салу керектігін айтады. Ақын үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырғаны мәлім. Мәшһүр Жүсіптің түпкі арманы- халықты жаппай сауаттандыру еді. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жанды көре алмаған ақын қатты күйінеді. Себебі ақын өмір сүрген заман тұсында бір рудың малын екінші бір ру барымталап, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кез еді. Сонда ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,-дейді.

Ал білімді биік тұтқан данагер Шәкәрім Құдайбердіұлы оқу, өнер-білімді уағыздай отырып, оған да сын көзбен қарау керектігін айтады. «Жастарға» атты 1879 жылы жазылған өлеңінде:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.

Адамға қазына байлық, дәулет жолдас болмас, ал ғылым мәңгі өмірсерік, білімсіз бірде бір іс ілгері баспайды деп өнеге еткен. Бұл тұлғалардың шығармалары сан қырлы, «оның қаламынан туған әрбір шығармалары келер ұрпаққа берері мол құнды мұра деп білеміз.

Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әлеуметтің хал-жайын, қоғамның өзгерісін, дін мен тілді, адамшылық пен имандылықты, аңыз, ишарат, сын, айтыс нақыштарын беру арқылы, шынайы, тиянақты ой-байламдар жасайды. Ал Шәкәрім адамгершілікті, гуманизмді, ар-намысты ту етіп көтерген, ағартушылық идеясын жарнамалаған, оқу оқып, білім алу, жан-жақты өнерлі болу адам жанын тазартып, биік мұраттарға жетеді деп насихаттаған жалпы азаматтық ақын. Өзінің бұл идеяларын философиямен байланыстырып насихаттайды, және бұл ізгі амалдар тек ғылымға ғана негізделе отырып кемелденбек.

Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген кездегі ахуалдың көрінісін, алаяқтықпен бірге қатыгездік қосылып, ел ішіндегі берекенің қашқанын жазады.

Бұл дүниеде білімсіз бен сауатсыздың жағдайы мүшкіл болатынын талай данышпан айтып кеткен. Ал ең қиын нәрсе – білмей тұрып, білдім десе, көрмей тұрып, көрдім десе нағыз кері кеткендік осы емей немене дей келе:

«Өсекті қожа менен молда айтар,
Қожа, молда өзгеден оңды айтар.
Араз ғып балдай тату ағайынды,

Өсіртіп дау – жанжалды зор айтар.
Білмеген ойлап тұрсам надан озды,
Әбден біліп алған соң әркім қызды.
«Қисық арба жол бұзар» дегендейін,
Дүмше молда, қожалар жұртты бұзды.

«Дүмше молда, дін бұзар» деп ақын басына ақ сәлде ораған, таспих ұстап, аңқау ел үстінен күн көретін сумақай молдаларды айтқан. Олар өздерінің сауатсыздығын бүркемелеу үшін, жұртты бір біріне айдап салып, өздерін аулақ ұстап еш қатысы жоқтай жүретін шала молдаларды Мәшһүр-Жүсіп ел алдында осылай суреттеп береді.

Жалпы сопылықты сынау дәстүрі басқа да дін ғалымдарына тән қасиет болған. Ал Шәкәрім шығармаларында бұл мәселе бұлайша көрініс тауып отырған.

«Молдалар өзгелерді кәпір дейді,
Өзі надан, наныңыз, түк білмейді.
Өзімшілдік көкейін тескен сорлы,
Аузына келгенді айтып жанын жейді.

Сұрқия сопылардың алма тілін,
Беті тұнық, асты лай ол бір жылым.

Өнерсің өнеге алсаң үлгілі елден,
Адамшылық өнермен берер білім.

Дін ғұламаларының дінге байлансты қаншама кітап, дастан, шежірелерін оқысаңыз, солардың барлығында сопылық жайлы ой пайымдарының бір арнаға тоғысып жатқанын аңғару қиын емес. Олардың көбісі еңбек етпей, құр бекер қалғып – мүлгіп, босқа тілеу тілеп отырған сопыларды сынай жазады. Ал Ислам діні тұрғысынан осылай босқа қарап отырған, біреудің табысы арқылы күнелткен, кер жалқау, жалаң жалбарынудан басқаны білмейтіндерді жақтырмай, тіпті бұл әрекеттерін күнә санаған.

Ислам діні керісінше адам баласын адал еңбек етіп, туған – туысқа, бала-шағасына, одан асып бара жатса көршісі мен жоқ-жітік, кембағалдарға қарайласуды бұйырады. Босқа мүлгіп отырма, өнер, білім, ғылым артына шырақ алып түсіп ынтықсаң, ол да саған мейірімін салады деген.

Шәкәрім оны төмендегі өз өлеңінде былайша атап өтеді.

«Көнбеймін дінді теріс бұрғаныңа,
Сопының бара қойман құрбанына.

Ақиқат сырымды айтсам – Толстойдың,
Мың сопыны алмаймын тырнағына.

Адаспайсың ақылды арлыға ерсең,
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.

Тапқыр, адал, ақниет адамдардың,

Алданбайсың артынан ере берсең» – дей келе әділет пен ар жолындағы адамның терең ой иесі екенін айта отырып, шынайы сопы кейпіндегілерге «көңілі соқыр, пейілі қара, нұр жарығын қалайша көрсін көзі», деп сын көзбен қарайды.

«Тариқат» түсінігін сопылар Құдай дидарына жақындау деп айтады. Шәкәрімнің бұл жолға бет бұруы 1905 жылдардан басталады. Бірақ Шәкәрім ұстанған сопылық өзгешелігі – бұл дүниеден баз кешіп суыну жайында емес еді. Керісінше ұстазы әрі ағасы ұлы Абай сияқты бұл дүниені сүй деп, қоғамға пайдаңды тигіз, жақсылық қыл дегенді уағыздаған. Құран аятының бірінде «Бірақ иман келтіріп, түзу амал істеушілерге таусылмайтын сыйлық бар». Шәкәрім дәл осы мағынада иманды болуды түсінген. Ғылыми мен Мәшһүр - Жүсіп сияқты Шәкәрім де мұсылмандық ағым – сопылықты жақсы білгені хақ.

«Анық асық - әулие,

Кереметке сол ие.

Жаны құрбан Жарына,

Керексіз өзге дүние» - деп сопылық дәстүрмен Жаратқанға ынтық жүрегінің, анық сопылықтың ішкі сырына қанық болғанын көрсетеді.

Бұл ғұламалар өлеңдеріндегі шынайы сопылық - адам жанын нәпсі үстемдігінен арылтып, өзімшілдігін ұмыттырып, Жаратқанға толық бойұсынуға тәрбиелейтін шексіз күрес майданы. Шынайы сопылық – адамды мансапқорлық пен дүниеқұмарлықтан, тәкаппарлық пен өзімшілдіктен, надандық пен рияшылдықтан рухани тазартатын жол.

Сайып келгенде Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрім шығармаларында жырланатын иман қағидалары мен шарттары өзара сабақтастық тауып өзінен кейінгі ақындарға нәзира үлгі болған. Бұл қос ақынның шығармашылығындағы ортақ үндестіктің негізгі өзегі, адамзат баласының ішкі сыры мен терең пәлсапасы еді.

Аннотация

Қазіргі ұрпақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты алып тұлғалардың шығармаларын оқымастан бұрын, бұл тұлғаларды танымауы да мүмкін. Сондықтан жас ұрпаққа сол шығармалардың мән-мағынасын түсіндіріп, авторлардың айтқысы келген ойларын жеткізе отырып, қызығушылықтарын ояту. Қос алып тұлғалардың шығармаларының өзектілігі мен ұқсастықтарын насихаттау. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын оқитын болса әр адамның рухани дүниетанымы дамып, оқу-білімге ислам құндылықтарына деген қызығушылықтары артар еді. Қазір жас өскелең буынға Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының үндестігін дәріптеу арқылы білімді, толыққанды, рухани дүниетанымы бай адам –ең бай адам екенін түсіндіру.

Аннотация

Современная молодежь недостаточно знакома с произведениями Машхур-Жусуп Копеева и Шакарима Кудайбердиева, поэтому необходимо прививать у молодого поколения интерес к творчеству великих духовных деятелей казахского народа. Прославление актуальности и сходства произведений двух выдающихся литературных личностей. Изучение произведений Машхур-Жусуп Копеева и Шакарима Кудайбердиева,

способствует развитию у читателя духовного мировоззрения, интереса к исламским ценностям в учебе и образовании. Результат исследования: прославляя ценность изучения произведений Машхур Жусуп Копеева и Шакарима Кудайбердиева, донести до подрастающего поколения идею о богатстве человека в его образованности, богатом духовном мировоззрении.

Abstract

The current generation may not even recognize these people before they read the works of such gigantic personalities as Mashkhur- Zhusup Kopeevich and Shakarim Kudaiberdievich. Therefore, instill interest in the younger generation by explaining the meaning of these works and conveying the thoughts that the authors wanted to express.

Glorification of the relevance and similarity of the works of two of the most authoritative literary personalities. Reading the works of Mashhur Zhusup Kopeevich and Shakarim Kudaiberdievich, each person develops a spiritual worldview, and interest in Islamic values in studies and education grows. Now, young younger generations, glorifying the harmony of the works of Mashhur Zhusup Kopeevich and Shakarim Kudaiberdievich explain that a person with an educated, full-fledged, rich spiritual worldview is the richest person.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған «Мәшһүр Жүсіп мұрасы» республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Қарағанды 2008 -ж.З.Е Кабулдинов, Д.Қамзабекұлы, Қ.Пазылов, С.Нәсенова, А.Тұрышев. Жауапты редактор: Ә.Қ.Пазылов
2. e-history.kz сайты «Мәшһүр мен Шәкәрім шығармашылығындағы тарихи сабақтастық»
3. Ulagat.com сайты «Қазақ халқының ауызша тарихы»
4. С.Дәуітов «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі».
5. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.// Алматы: Мектеп 1976 ж.
6. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп және фольклор. Павлодар- 1999 жыл,14-бет.
7. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
8. ТҰРЫШЕВ А. М.-Ж. Көпеев шығармаларындағы Абай бейнесі // Сарыарқа самалы. – 2002. – 20 қыркүйек.
9. Серғалиев М.С. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдеріндегі сөз өрнегі // Павлодар МУ хабаршысы. Филологиялық серия 354 Мәшһүр Жүсіп Көпеев Вестник Павлодарского ГУ. Серия филологическая. – 2004. – № 3. – 91–100 бб. – Библиогр: 5 атау.
- 10.Пазылов Ә. Білімі түпсіз шыңырау: Мәшһүр-Жүсіптің әулиелігі туралы // Орталық Қазақстан. – 2006. – 4 қараша. – 6 б. 229.

11. Пазылов Ә. Мағұлмат – и Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» ин-ты; Жауап. ред. Әбділда Қ. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. – 288 б.
12. МӘШҺҮР-ЖҮСІПТЕГІ Қ. Абай және Мәшһүр-Жүсіп: Екі ақын шығармаларындағы ұқсастық // Сарыарқа. – 1995. – № 5. – 27–31 бб.
13. МАЙТАНОВ Б. Мәшһүр Жүсіптің мысал-өлеңдеріндегі философиялық түйін // Абай. – 2002. – № 1. – 51–53 бб. (Мақалада Мәшһүр-Жүсіптің діни-ағартушылық қызметі ашып көрсетіледі).
14. ҚУАНДЫҚҰЛЫ Н. Мәшһүр Жүсіп жазбалары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 6. – 24–28 бб.
15. ҚУАНДЫҚ МӘШҺҮР ЖҮСІП. Дін және Мәшһүр Жүсіп, «Егемен Қазақстан» газеті. – № 90–93. 12 наурыз 2010 ж.
16. ЖҰМАТАЕВА Е. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын оқыту мәселесі // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 130–136 бб.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ - ФОЛЬКЛОР ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, шығармалары оқырманды адамгершілікке, имандылыққа, рухани, ұлттық құндылықтарға баулитын қаламгер. Оның туындылары әдеби шығармалардың түрлі жанрын қамтиды. Соның ішінде фольклорлық бағытта жазылған шығармалары бір төбе.

Жалпы Мәшһүр Жүсіптің ауыз әдебиеті жанрын дамытудағы еңбегін екі бағытта қарастыруға болады. Оның біріншісі, қаламгер ел аузынан қазақ фольклорының көптеген туындыларын жазып алып, кейінгі ұрпаққа қағаз жүзінде жетуіне үлес қосты. Екіншісі, өзі де ауыз әдебиеті үлгілерімен мазмұндас, сарындас шығармалар жазды. Және ақынның осы жанрдағы шығармалары бүкіл шығармашылығының басым бөлігін құрайтынын оның мұрасын зерттеушілер айтып жүр.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпағы, филолог ғалым Н.Жүсіпов ақынның мұрасы туралы айта келіп: «Оларды өзара жіктесек: ақынның өлеңдері 3 томды; дастандары – 3; жинаған айтыс үлгілері – 2; аудармалары – 3; ауыз әдебиетінің туындылары – 3; қазақтың тарихы, діні, философиясы, этнографиясы, педагогикасы, шаруашылық ойлары т.б. – 6; фольклор үлгілері – 10 томды қамтиды» дейді [1]. Пікірден байқағанымыз, ақынның басқа жанрдағы туындыларынан гөрі ауыз әдебиеті жанрына қатысты еңбектері көп. Және олардың басым бөлігін ақынның ел аузынан жинаған шығармалары қамтиды.

Ақынның фольклоршы екенін ХХ ғасыр басында бірнеше ғалым қайраткерлер айтып кеткен. Олардың қатарында М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев және т.б. бар.

Қаламгер шығармаларында халық ауыз әдебиетіне тән барлық жанр түрі қамтылған. Мәселен, оның мұрасын зерттеушілер «ертегілерден 15 шақты мәтін үлгісі; 5-6 батырлық жыр; ғашықтық жырдан – 2-3; қисса-дастандардан – 11-12; 30-40-қа тарта тұрмыс-салт жырлары; аңыз-әңгімелердің – 200-300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30-40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б.» бар екенін алға тартады [2].

Мәшһүр Жүсіптің осынша көлемдегі шығармаларды жинап, қағаз бетіне түсіріп, кейінгі ұрпаққа қалдыруы оның нағыз фольклоршы ғалым ретінде қалыптасқанын байқатады. Ал оның фольклоршы ғалым болып қалыптасуына, алдымен, өз жұртының ауыз әдебиетін рухани мәдениеттің бай мұрасы деп түсінуі, екіншіден, орта ғасырлардағы, шығыс халқының

қаламгерлерінің жетістіктерін меңгергені, үшіншіден, батыс мәдениетін, оның ішінде орыс зиялыларының бұл бағыттағы жұмыстарымен таныс болуы ықпал еткені анық.

Және ауыз әдебиеті үлгілерін өзгертуге болмайтын, түзетуге келмейтін ұлттық асыл мұра деп танығандықтан, сол мұраны өзіне дейін жеткізушілердің еңбегін бағалап, әр жинаған туындысын қайдан, кімнен алғанын міндетті түрде көрсетіп отырған.

Қаламгер фольклор туындыларын жинауда өзіндік принциптерін ұстанып, ауыз әдебиеті үлгілерін тек ұрпақтан ұрпаққа жететін ұлттық мұра деп қана емес, оған ағартушылық-демократиялық көзқараспен қараған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп үшін ауыз әдебиеті үлгілері:

- 1) Өзгертуге, түзетуге келмейтін асыл мұра, сондықтан ол еш өзгеріссіз, сол қалпында хатқа түсірілуі керек.
- 2) Елге білім, тәрбие беретін құрал, сол себепті әр шығарманың шығу тарихы, айтылу жағдайы, қалай тарағаны анықталуы керек.
- 3) Ауызша тарих, ұлт тарихының көзі. Яғни, фольклор туындыларын жинау ел тарихын зерттеу ғылымына үлес қосу болып саналады.
- 4) Филология ғылымының зерттеу нысаны, басқаша айтсақ, фольклор – сөз өнері. Сондықтан да ол фольклор үлгілерін жинап қана қоймай, соның негізінде өзінің төл туындыларын да жазып шыққан.
- 5) Этнографиялық мәліметтердің көзі. Онда белгілі бір халықтың шығу тарихы, рулық құрамы, тіршілік ету қағидасы, шаруашылығы, мәдениеті мен әдебі туралы мәлімет мол. Сол себепті фольклор этнограф ғалымдар үшін зерттеу нысаны болуы керек.

Фольклоршы ғалымның осы бағытта жинаған әдеби мұрасының қатарына «Ер Тарғын», «Сайын батыр», «Қамбар батыр», «Ер Көкше», т.б батырлар жырларын, «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» атты шығармаларды, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» сияқты лиро-эпос жырларын жатқызуға болады. Аталған шығармаларды Мәшһүр Жүсіп түрлі дерек көздерінен жазып алған. Мәселен, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын» жырларын 1866 жылы Қамар қазіреттің қолжазбасынан көшіріп алған екен. Ал ол кезде қаламгердің не бары сегіз жаста болғанын ескерсек, Мәшһүр атамыздың фольклорлық шығармаларды жинауды қаншалықты ерте бастағанын аңғарамыз. Ал «Алтынбас-Күмісаяқ», «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» атты көлемді жыр шумақтарын В.В.Радлов жинағынан алған. Ол туралы ақынның өзі көрсетіп жазған. Бұл оның ауыз әдебиеті үлгілерін тек көшіріп жинап қана қоймай, сөз басында айтқанымыздан, оған аса бір жауапкершілікпен қарап, әр шығарманың дереккөзін көрсетіп отырғанының тағы бір дәлелі.

Мәшһүр Жүсіп жинаған ұлттық фольклор шығармаларының қай-қайсысы да аса көлемді. Мысалы қолжазбалар ішінде «Сайын батыр» жырының көлемі 2000 жолдан тұрады деген де дерек бар. Әр шығарма осындай көлемді болғандықтан да Мәшһүр жинаған фольклор туындыларының басқа еңбектеріне қарағанда көп болуы түсінікті. Ал ғалым

М.Бөжеев «Көпеевтен қалған мол мұра ішінде әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шағын көлемді шығармалар, ұзақ оқиғалар, хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Ақынның араб, парсы, шығатай тіліндегі көшірмелерін еспке алсақ, одан қалған мұра кемінде 30 томдай болады» екен деп қаламгердің кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырғанын тілге тиек етеді [3].

Фольклоршы Мәшһүр Жүсіп ел аузынан тек жыр-дастандар ғана емес, түрлі ертегілер де жинаған. Әзірге белгілісі мыналар: «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «Жеті жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» т.б.

Аталған ертегілердің барлығы да оқырманын адамгершілікке, еңбекқорлыққа, ерлікке, батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін тағылымы мол. Сөзімізге дәлел ретінде ғалымның жазып алған «Малшы Алтай» әңгімесінің қысқаша мазмұнына тоқталсақ, Әңгімеде Алтай атты жігіттің адал, аянбай еткен еңбегінің арқасында Піспекбай байдың жылқысынан шашау шығармай, жұттан аман алып шығатын еңбекқорлығы баяндалады. Бай жылқышыға риза болып, оған өзінің үлкен қызы Байбикені қосады. Байбике бәйбішеден тараған ұрпақ «Жоғары Алтай» деп аталады да, Байбике қайтыс болған соң бай Алтайға екінші қызын қосады. Байдың екінші қызы, Алтайдың екінші әйелі Аққояннан тараған ұрпағы «Төменгі Алтай» деген атпен танылады. Осы әңгіме арқылы, бір жағынан, ел арасында танымал атаудың шығу тарихы баяндалса, екіншіден, адал еңбек адамды қашанда мұратқа жеткізетіні сөз болады. Мәшһүр Жүсіп осы әңгімесі арқылы жастарға Алтайдың адалдығы мен еңбекқорлығын үлгі етеді.

Мәшһүр Жүсіптің ел аузынан жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінің бір тобы – мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар. Оның бізге қалдырған мұрасының ішінде жаңылтпаштың – 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; 2,5 мың жолдық мақал-мәтелдер бар. Және аталған үлгілерді де кімнен жазып алғанын көрсетіп отырған. Әрі бұл үлгілер ғалым жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінің ішіндегі ең көбі екенін байқауға болады. Ол жинаған мақал-мәтелдерді тақырыбына байланысты өнер-білім туралы, ынтымақ-бірлік туралы, адамгершілік-сыйластық туралы, адамның мінез-құлқы туралы, денсаулық туралы, ел мен жер туралы, еңбек туралы, әділдік туралы, барлық пен жоқтық туралы, отбасы туралы, мал (төрт түлік) туралы, сөз өнері туралы, жақсы мен жаман туралы деген тақырыптарға бөліп қарастырған.

Мәшһүр Жүсіп жұмбақ пен жаңылтпашты ел аузынан жинап қана қоймай, өзі де сол жанрда еңбек жазған. Қазақ әдебиетінде Мәшһүр жазған жұмбақтар мен жаңылтпаштар өзіндік орны бар шығармалар болып табылады.

Қырда қылау.

Қызыл ала бұзау.
Жатыр жалмаң құлағы,
Қиқу қыздардың қызыл ала тырнағы.
Қызыл тырнағы қылтылдақ,
Сүйір тырнағы жылтылдақ.
Немесе:
Дарияның ортасында сең келеді,
Сеңменен сексен серке тең келеді.
Сексен серке біреуін ұстап алып,
Сақалын суға салып-малып,
Сілкіп, сығып, сақалын суға малып-малып,
Сілкіп, сығып, сақалын суға малып-малып,
Сілкіп, сығып!

Ақынның жаңылтпаштары өз заманындағы қазақ тұрмысына тән, балаларға таныс тақырыптарды қамтиды. Және екі үш шумақтан тұратын жаңылтпашта шағын болса да белгілі бір сюжет бар. Бала оны тыңдап, жаттап отырғанда, сол сюжетті көз алдына елестете отырып, жылдам жаттауға, қателеспей айтуға тырысады.

Сонымен қатар ақынның жоқтау, қара өлең жанрында жазылған шығармалары да бар. «Жоқтау өлеңдері», «Балғынды жоқтау», «Бопы төренің қарындасын жоқтауы», «Бір әйелдің ботасын жоқтауы», «Тәтидің жоқтауы», «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылағаны» деген сияқты бірнеше өлеңдері қазақ ауыз әдебиетіндегі жоқтау өлең үлгісімен жазылған.

Қайран да, қайран, қайран тау,
Тиюші еді пайдаң тау.
Пайдасының белгісі –
Үйімде тұрған үлгісі.
Үлгісінің өрнегі:
Шаңырағым, уығым,
Үйде бақан, сырығым.
Ат ұстайтын құрығым,
Қазаныма қақпағым,
Желі бір қағар тоқпағым,

деп басталатын «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылағаны» атты өлеңінде Сарыарқа даласының еліне жасаған жақсылығын, ата-анасының жастығы, өзінің балалығы өткен жер екенін айтып жылаған қалмақтың жан-жағынан қаумалаған жаудан қорғанып, оны тастап кетіп бара жатқан тұсын суреттейді. Сөз соңында басқа жаққа амалсыз баратынын, онда не күтетінінен бейхабар екенін, қайда барса да Сарыарқадан жер жаннаты кездеспейтінін айтады. Оқып отырған адам құдды бір ауыз әдебиетінің жоқтау өлеңін оқығандай әсерде болады.

Мәшһүр Жүсіптің жұмбақтары, жоқтау өлеңдері, қара өлеңдері, жаңылтпаштары т.б. шығармалары осы ауыз әдебиеті үлгілерін жинау

арқылы оларды санасына көп сіңіргенінен туындаған деуге болады. Осылайша өзі қазақ фольклорын жинаған ақын олармен көп таныса келе, өзі де сол мазмұндас, сол жанрға келетін шығармалар жазған.

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп еңбектерінің ішінде өз қаламынан туындаған шығармаларынан бөлек, ғалымның ел аузынан жинап, қағаз бетіне түсірген қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінің де орны ерекше. Аталған шығармалар, біріншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ әдебиетінің дамуына, әдеби мұралардың кейінгі ұрпаққа жетуіне сіңірген еңбегін көрсетеді, екіншіден, бұған дейін ауызша таралып келген фольклор туындыларын қағаз бетіне жүйелеп түсірудің ғылыми жолын анықтап береді. Бұл ақын кез келген ауыз әдебиеті үлгісін қайдан, кімнен жазып алғанын, оның жанрын, тақырыбын нақтылап отырғанынан байқалады. Үшіншіден, ауыз әдебиеті мұраларын жинаған ақын өзі де осы бағытта шығармалар жазып, артына баға жетпес мол мұра қалдырған. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіптің қазақ әдебиеті тарихынан ғалым, ақын, зерттеуші ретінде алатын орнын білдіреді.

Аннотация

Мақалада қазақтың көрнекті ақыны, ғұлама ғалымы, фольклоршысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ ауыз әдебиетінің дамуына, кейінгі ұрпаққа қағаз жүзінде жетуіне қосқан үлесі қарастырылады. Ақынның өз қаламынан туған ауыз әдебиеті жанрындағы шығармалары тілге тиек етіледі. Автор ғалымның жинаған фольклор туындыларын жіктеп, жинау барысындағы фольклоршы ұстанған принципті, оның ағартушылық-демократиялық көзқарасына тоқталады. Осы арқылы Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудың ғылыми әдістемесін қалыптастырған деген қорытындыға келеді. Ғылыми мақаланың өзектілігі де осында.

Аннотация

В статье рассматривается вклад выдающегося казахского поэта, ученого, фольклориста Машхур Жусупа Копейулы в развитие казахской устной литературы, сохранении и передачи фольклорного произведения в письменном виде. Также рассматривается его собственные произведения, написанные в этом жанре. Автор классифицирует собранные ученым произведения фольклора и останавливается на принципе, которого придерживался фольклорист в процессе сбора, на его просветительско-демократическом подходе. Этим он приходит к выводу, что Машхур Жусуп сформировал научную методику сбора образцов устной литературы. В этом и актуальность научной статьи.

Abstract

The article examines the contribution of the outstanding Kazakh poet, scientist, folklorist Mashkhur Zhusup Kopeyuly to the development of Kazakh oral literature, preservation and transmission of folklore in written form. His own works written in this genre are also considered. The author classifies the works of folklore

collected by the scientist and dwells on the principle that the folklorist adhered to in the collection process, on his educational and democratic approach. Thus, he comes to the conclusion that Mashkhur Zhusup formed a scientific methodology for collecting samples of oral literature. This is the relevance of the scientific article.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист. - Павлодар, 1999.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2010.
3. Сағындықұлы Б. Және т.б. М.Ж.Көпейұлының фольклорлық шығармашылығы. Павлодар, 2020 ж.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЕРТЕГІ ЖАНРЫ

Қазақ ауыз әдебиетін мол жинаған Мәшһүр Жүсіп Көпеев – қазақ әдебиеттегі фольклордың негізін салушы. Ақын қазақ әдебиетінің қымбат қазынасын жинап қана қоймай, жіліктеп, таратып ұсынады. Әрі ұсынған үлгілерді өзі түсіндіріп, ұғындыра кетеді.

Мәшһүр Жүсіптің өз мұрасы да, жиғаны да көп. Бұл мұралар – қазақ әдебиетінің әлі игеріп болмаған қазынасы. Осы мол мұраны игеруді білім алушылар ертегілерден бастағанды дұрыс деп санаймыз.

Ертегі – қазақ танымының, түсінігі мен салт-дәстүрінің, өнегесі мен санасының көрсеткіші. Біз ертегілер арқылы бабаларымыздың дүние мен ортаны тану туралы түсініктерін байқаймыз. Осындай түсінікті беруде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қандай ертегілерге назар аударған деген мәселе де қызықты әрі зерттеуді қажет етеді деп санаймыз.

Мәшһүр Жүсіп – қазақ, түркі және араб, парсы мәдениетін терең білген білімпаз. Сондықтан да ұлы тұлғаның жинаған ертегілерінде қазақ, араб пен парсы елдерінің дүние туралы танымдары қатар кезектесіп жатады. Біз осы танымдарды зерттеу арқылы халықтың түсініктеріне бұл ертегілер қандай әсер етті, оның бүгінгі күні қандай маңызы болды деген мәселені анықтай аламыз.

Мақала жазу барысында Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклорлық жинақтағы ертегілер жанрының ерекшеліктерін анықтауға арналғандықтан, бірнеше ертегілерін оқыдық [1, 3-52 б.б.]. Жинаған ертегілері «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары» деп аталатын жинақтың 6-томына енгізілген. Осы томда 13 ертегісі берілген.

Мәшһүр Жүсіп жинаған ертегілер ертегілерінің тақырыбы да, сюжеттік құрамы да әр алуан, әлем халықтарының ертегілерімен үндестігі де, ортақ тұстары да, айырмашылықтары да бар екендігі мәлім.

«Ертегі сияқты ескі сөздердің бір адамнан шыққанын білу түгіл, белгілі бір халықтан шықты деп айтуға да қиын. Ондай сөздер айтып жүрген халықтың өз шығармасы болуға да, болмауға да ықтимал. Сөз ішіндегі адамдардың жүріс-тұрысы, мінезі, өзіне сәйкес келгендіктен, әр халық өзінікі деп біледі. Сәйкес келу себебі ауыздан- ауызға көшкенде әркім өзінше өң беріп, өз заманының салтына, сарынына түсіргендіктен» [2, 323 б.].

М. Әуезов «Әдебиет тарихы» зерттеуінде ертегінің жанрлық сипатын анықтауда оны айтушылар мен жинаушыларға назар аудару керетігін ескертеді.

«Қазірде ертекті зерттеуші оқымыстылардың бір алуаны ертегінің өзімен қатар әсіресе сол ертекті айтушыға үлкен көңіл бөледі. Кейде тіпті ертекті

зерттеп, талдап ұғынудың ең зор міндеті жеке ертекшінің стиль, өзгешілігін зерттеп ұғынуға сүйенсін дейді. Сондықтан ертекшінің өмірбаяны, кәсіп, тұрмыс салты, ұғым-нанымы, білім шалымы – бәрі жиналып, еске алынып отырады» [3, 105].

Ғалым Ә. Жиреншин пікірінше: «Жүзден артық жазба, ауызша мұраны жинап, кітап, газет, журнал бетінде жариялаған Әбубәкір Диваевтың, кезінде Орта Азия және қазақ әдеби мұраларын, кітаптарын жинаған Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің зиялы еңбектері де еске аларлықтай. Мәшһүр көптеген ақын, жыраулар мен Саққұлақ би, Майлықожа, Ақан серімен кездесіп, айтқандарын қағаз бетіне түсіріп алады. Ол Науаидің «Хамсесін», Низамидің «Жеті аруын» Бұхарадан, Түркістаннан алып келеді», - деген пікірді береді [4,7 б.].

Мәшһүр Жүсіп фольклорлық мұраларының жиналуы туралы Н. Жүсіпов өз монографиясында ұлы тұлғаның еңбектерінің өзінің ерекшеліктері болғандығын, ол фольклор үлгілерін жинаудың барлық талаптарына сай екендігімен ерекшелетіндігін айтады [5, 51 б.].

Қазақ ертегілерінің жанрлық сипатына талдау жасаған ғалым С. Қасқабасов ертегіде бірнеше фольклорлық жанр сипаттары қатар келетіндігін айтады. Тым ертедегі алғашқы қауым дық түсініктерінен бастап, адамзаттың кейінгі кезеңдеріне дейінгі аралығын қамтитын ертегі жанрының сипаттарына көркемделу, ғажайыптану, қиялдану мен даму тән екендігін көрсетеді [6, 197-198 б.].

Ертегінің жанрлық ерекшеліктерінің бірі композициясы туралы ғалым Ә. Қоңыратбаевта жазады. Ғалым ертегілерде типтендіру болмайтындығын, сюжет жұмыр, кейіпкерлері де тұрақты деп санайды [7, 63 б.]. Біз талдау барысында ғалымдардың пікірлерін негізге алдық.

Мәшһүр Жүсіптің «Шыншыл мен суайт», «Һамза, Лумза әңгімесі» деп аталатын ертегілері шығыс ертегілерін, аңыздары мен хикаяттарын еске түсіреді. Шығыс сюжеттерінде түс көру, түсінде көрген қызға ғашық болу, оның ғайып болуы, оған ессіз ғашық болу, іздеуі т.б. сюжеттері де бұл ертегіде сақталған. «Һамза, Лумза әңгімесі» ертегісі – тойымсыздық пен қанағатсыздықтың кесірін, ынсапсыздықтың зиянын айтады. Тойымсыз Һамза мен Лумзаның пайғамбар алдында масқараға ұшырауын суреттеуінде Мәшһүр Жүсіп тек шығыс танымын ғана беріп қоймайды, оны қазақ ортасына қарай ыңғайлайды. Ертегіде тойымсыздық белгісі етіп, Қарынбайды еске алуы – Мәшһүрдің қазақ таным-түсінігімен бергендігінің дәлелі [1, 9-10 б.].

Мәшһүр жинаған ертегілердің ішінде «Заманына қарай амалы» деп аталатын ертегі өзгеше. Бұл ертегіде адамдар қоғамындағы қанағат пен тойым, ынсап пен тойымсыздық, алдау мен адалдықтың болуы – тек қоғаммен ғана байланысты емес. Ол адамдар қоғаммен бірге табиғат, жаратылыс туралы ойларымен сабақтасып кетеді деген түйінді береді. Адам баласының мінезінің өзгеруі мен көңілінің бұзылуы жаратылыстан алып жатқан сыйына қарай деген үлкен ой беріледі. Патшаның екі рет түс көруі, оның бірі – құрғақшылыққа әкелетіні, екіншісі – молшылықтың символы екендігі түсі арқылы ғана емес, оның жоруы мен оны естіген адамның ісі мен мінезі, қылығы, әрекеті арқылы ашылады.

«Ақылдың пайдасы» ертегісі – ерекше мазмұндағы ертегі. Бұл ертегіде патшаның ақыл сатып алғаны туралы айтылады. Ертегінің өміршеңдігі сонда – дүниедегі ең бағалы нәрсе – адамның ақылы мен ойы, санасы мен кең пайымы екендігін ұғындыру. Ертегі қазақтың қиял-ғажайып ертегісіне емес, «Аяз би» сияқты ақылы мен даналығы асқан кейіпкерді дәріптейтін өзгеше мазмұндылығымен артық деп ойлаймыз. «Қонақтың ақылы» ертегісі де осы сарындас.

«Екі патшаның білместігі» деп аталатын ертегісі – шығыс ертегілерінің сюжетін еске түсіреді. Бұның кейіпкерлері патшалар және олардың сүйіспеншілігі мен байлығы туралы айтылады. Патшалардың ойы барлығы менің меншігім, дүниенің бар байлығы менікі болуы керек деген түсініктері, олардың әйелдерінің сенімсіздіктерімен тәубаға түсіреді. Ертегіде патша әйелдерінің опасыздығы оларды тәубаларына түсіретін деталь ретінде алынады.

Осындай шығыс ертегілерінің сюжетіне құрылған «Бес тиын мен мысық», «Патша қызы мен тазша» деген ертегілер бар. Ал қазақ ертегілерінен «Ер Төстік», «Желкілдек», «Еділ-Жайық еретігісі», «Сарыбас мерген» деген ертегілер бар.

Мәшһүр Жүсіп ертегілері қазақ танымы мен ақылына, пайымы мен танымына қажет тұстарды тақырып етеді. Сонысымен құнды деп есептейміз.

Ертегінің құрылымына келер болсақ. «М.Ж.Көпеевтің, көбінесе тікелей тәсіл арқылы артына жазып қалдырған көлемі 15-20 томдық материалдарды шолып қарай отырып, оның жинаушылық еңбектерін саралуға бастайтын мынадай ерекшеліктерін жинақтап айтуға болады», -дей келіп, ғалым Н. Жүсіпов бірнеше ерекшеліктерін көрсетеді.

1. Ертегінің, не аңыздың қысқартылған сұлбасын, шығарма оқиғасын берумен шектелмеген. Белгілі бір материалды ел арасындағы айтылу қалпын сақтай отырып, неғұрлым толық қамтып отырған.

2. Әрбір сөздің сол кездегі дыбысталу қалпын, орфоэпиясын ескеріп, белгілі бір сөздерді естілуі бойынша қағазға түсірген. Әсіресе сөздің дыбыстық әуезділігіне, өзара үндесуіне көп көңіл бөлінетінін, дыбысталу сапасының сөз мағынасына, сол арқылы шығарма көркемділігіне пәрменді ықпал жасап отыратынын бағамдасақ, бұлай жазу қазақ тіліндегі сөздер фонетикасы тарихын жасауда да елеулі рөл атқаратынын дәйектеуге болады.

3. Қай материалды кімнен, қандай жағдайда, қалай жазып алғанын жеткізіп отырған. Демек қалдырған жазбалардың тарихи, этнографиялық т.б. мәні айрықша болатыны күмәнсыз.

4. Ел тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын кең білгендіктен, жинаған материалдарға деген өз бағасын, байқауларын қоса жазып отырған [5, 28 б.].

Мәшһүр Жүсіп ертегілерінің құрылымы композициялық жағынан толық құрамды болып келеді. Ертегілерде классикалық үлгілер сақталады. Бірақ қазіргі біз білетін ертегілерден өзгешеліктері де бар. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі біз оқып жүрген нұсқасымен Мәшһүр Жүсіп нұсқасын салыстырсақ, келесі өзгерістерді байқаймыз.

1. Ер Төстіктің әкесінің аты – Мұташық (Ерназар);

2. « Менің сегіз ағам жоғалып кетіп пе еді? Олар қайда, қашан, қалай?, - деп, сұрап қысқан соң, әке-шешесі шыдай алмай, айтып қойып, сонан кейін Төстік беліне жүген байлап алып, 10 жыл жоғаоып кеткен ағаларын іздеп жолға түседі» [1, 22 б.]

«Төстік шешесінен тамақ сұрайды. Шешесі қуырып же деп, бидай береді. Төстік бидайды қуырып отырады да: «Апа, апа, бидайдың піскенін көріп берші!» дейді. Піскені көремін деп бидайды алақанына салып ала бергенде, Төстік шап беріп анасының қолын сыртынан қыса қояды.

– Қоя берші қолымды, қоя бер, қолым күйді, – деп анасы баж ете қалады.

– Шынынды айтсаң, жіберемін, – дейді Төстік.

Анасы шынын айтпақ болып уәде береді. Төстік шешесінің қолын қоя береді. Содан кейін шешесі шынын айтады:

– Сегіз ағаңның бары рас еді, жұт жылы кетіп еді, содан қайтқан жоқ, қайда жүргендерін білмейміз, – дейді. Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі» [9, 5 б.].

3. Мәшһүр Жүсіп нұсқасында қазақы таным мен ұлттық реңк басым. Мысалы, Төстікті ағалары танығысы келмей, жандарына жолатпайды. Тек ағаларының артынан еріп келгенде, бұрын ешкімді маңдарына жолатпайтын асау тағы жылқылар Төстікті айналып, құрықсыз ұстатып, мал иесін таниды. Осы кезде ғана ағалары Төстіктің бөтен еместігін ұғады.

4. Мұтышақтың ұлдарына отау құруды «...заманындағы халқының қарап бағынып тұрған ханы Шынғышхан естіп, Мұтышақ байдың байлығын, тоғыз ұлын естіп, көрмекші болып келгенде, тоғыз ұлға қалың беріп қ... әпермегенін ерсі көріп, байға айтады», деп оларға айттыратын қыз іздеуге ақыл қосады. Қазіргі нұсқада бұл жоқ.

5. Ертегіде қыздың аты – Бикеш (Кенжекей).

6. Қыздың әкесінен сұрайтыны: Ақжал ат (Шалқұйрық).

7. Сұрайтыны – сырмалы шапан (ақсырмалы сауыт).

8. Мыстан кемпірге Төстіктің алтын сақасын бермек болады («Оған Ерназар айтады: - Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды. Мен бұны осы араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзің ұстап ал, – дейді»).

9. Ханның аты Күлмес, қызы – Бермес болады (Темір ханның қызы).

«Ер Төстік» ертегісі Мәшһүр-Жүсіп жинағында аяқталмаған. «Аяғы жоқ» деп береді. Бұл ертегінің соңғы жақтары берілмеген. Бірақ ертегінің өзгешеліктері оның ұлттық танымға, қазақы үлгіге жақындығымен ерекше.

Мәшһүр Жүсіп ертегілерін талдай келіп мындай қорытынды жасаймыз. Мәшһүр жинаған ертегілердің сюжеті қазақ ертегілеріндегі шығыстық сарындарымен ерекше. Осы арқылы қазақ әдебиетіндегі ертегі жанрына шығыстық өзгеше бір қиял мен ғажайыпқа толы сюжеттерін, сарындарын әкелген. Мәшһүр ертегілерінің кейіпкерлері де әр түрлі. Дегенмен олардың барлығы да адам бойына қажет рухани құндылықтардың маңыздылығын ұқтырады. Ертегілердегі кейіпкерлер бойында қазақ әдебиетінде көп кездесе бермейтін қасиеттер де бар. шығыс сюжеттеріндегі кейіпкерлер мінездері арқылы қазақ тұрмысына қажет өзгеше ақыл мен адамдар ортасына керек

қарым-қатынастарды береді. Ел аузынан жинаған ертегілердің халық өмірімен, шаруашылығымен, елдің өткен күндерімен байланысын ескеретін сияқты. Ертегінің өзінде де елдің өткен күндерінің ізі бар дегене танымды береді. Сондықтан да әр ертегіде кейіпкерлерді алар да, оларға қатысты оқиғаны берерде осы ұстанымды басшылыққа алатын сияқты.

АНДАТПА

Мақалада фольклортанушы, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ ертегілерін жинауы және өзінің қайта өңдеп жазған ертегілері талданған. Ақын мұрасындағы ертегілердің қазақ әдебиетіндегі орнын айқындап, ұлы тұлғаның ертегі жанрына мән беруі арқылы оның қоғамдық-әлеуметтік, рухани мән бергендігі туралы сипатталған. Қазақ, түркі, араб және парсы мәдениетін терең білген ұлы тұлғаның жинаған ертегілерінде қазақ, араб пен парсы елдерінің дүние туралы танымдары қатар кезектесіп жатады. Осы танымдарды зерттеп, халықтың түсініктеріне бұл ертегілер қалай әсер етті, оның бүгінгі күні қандай маңызы бар деген мәселе анықталады. Мәшһүр Жүсіп ертегілерінің кейіпкерлері әр түрлі бола тұрғанымен, олардың барлығы да адам бойына қажет рухани құндылықтардың маңыздылығын ұқтыратындығымен бағалы екендігіне қорытынды жасалады.

АННОТАЦИЯ

В статье анализируется сборник казахских сказок фольклориста, поэта Машхур Жусуп Копеева и его переработанные сказки. Определяется место сказки в наследии поэта в казахской литературе, описывается, как великий человек придал большое значение жанру сказки, придал ему социальное, духовное значение. В сказках, собранных великим человеком, обладающим глубоким знанием казахской, турецкой, арабской и персидской культуры, бок о бок чередуются казахские, арабские и персидские знания о мире. Изучая эти знания, определяется вопрос, как эти сказки повлияли на понимание людей и каково их значение сегодня. Хотя персонажи сказок Машхур Жусупа различны, делается вывод, что все они ценны, поскольку подчеркивают важность духовных ценностей необходимых человеку.

ABSTRACT

The article analyzes a collection of Kazakh fairy tales by folklorist and poet Mashkhur Zhusup Kopeev and his revised fairy tales. The place of the fairy tale in the poet's heritage in Kazakh literature is determined; it describes how the great man attached great importance to the fairy tale genre, and gave it social and spiritual significance. In the tales collected by a great man with deep knowledge of Kazakh, Turkish, Arab, and Persian culture, Kazakh, Arab and Persian knowledge about the world alternates side by side. By studying this knowledge, the question is determined how these tales influenced people's understanding and what their significance is today. Although the characters in Mashkhur Zhusup's fairy tales are different, it is concluded that they are all valuable because they emphasize the importance of spiritual values necessary for a person.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т. 6. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2005. – 3-52 б.б
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол – Алматы: 1991. – 411 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991. – 126 б.
4. Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан – Алматы: Ғылым, 1971. – 4-7 б.б
5. Жүсіпов Н. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар. 2007. – 381 б.
6. Қасқабасов С. Жаназық.: Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Т. 2. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2005. – 407 б.
9. Ертегілер Т.1. – Алматы: Жазушы, 1987. – 375 б.

МӘШҮР ЖҮСІП ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы ғаламның тілдік бейнесін құрайтын лингвомәдени бірліктер мен концептілерге талдау жасалады. Зерттеу барысында тілдік бірліктер мен концептілер арқылы қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен дүниетанымы және ақынның көркемдік әлемін танытатын тіл шеберлігінің өзіндік ерекшелігі анықталады. Жүргізілген зерттеулер негізінде автор тарапынан ақын поэзиясындағы лингвомәдени бірліктер мен концептілердің адам санасында бейнеленген ғалам бейнесінің, ойының, тілінің менталитетінің мазмұндық бірлігі ретіндегі қызметі көрсетіледі. Дүниенің кейбір ерекшеліктері заттық құндылықтары, олардың объектілері мен қатынасы және қызметі т.б. сараланады. Халықтың танымдық дүниесі, ойлау ерекшелігі оның тілінде көрініс тауып, көркем шығармаларда бейнеленетіні ақын поэзиясы арқылы дәлелденеді. Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы ғалам бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін лингвомәдени бірліктер мен концептілердің көмегімен көрініс тауып, бейнеленетіні айқындалады.

Кілт сөздер: ғалам бейнесі, тілдік бірлік, концепт, таным, тіл.

Адамның когнитивті дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінеді десек, сол әрекетті танытатын негізгі белгі оның тілі болып табылады. Ғаламмен қарым-қатынас жасау барысында адам санасында ол туралы түсінік қалыптасады. Бұл түсінік лингвистикалық әдебиеттерде «ғалам бейнесі» деп аталады. Бұл жөнінде алғашқылардың бірі болып пікір айтқан В. фон Гумбольдт «тілді тірі ағзамен тығыз байланыста қарап, оны «ойды қалыптастырушы мүше» [1, 67-б.] ретінде таныған. Оның айтуынша, халықтың мінез-құлқын, оның барлық ерекшеліктері мен аса маңызды құпияларын тек тіл ғана білдіре алады.

«Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын ғылыми айналымға енгізген Л.Вейсгербер: «ғаламның тілдік бейнесі халықтың ғаламды танып-түйсіну тәсілі және болмыс туралы білімнің кодталу жолы арқылы түзіледі» [2, 62-б.], – деп көрсетеді. Сонымен бірге ол В. фон Гумбольдт ұсынған тілдің ішкі формасы туралы ілімін негізге ала отырып, қоршаған шындық болмыстың адам тілінде бейне құрайтынын, адамның қоршаған әлемді көзі, тілі арқылы тани алатынын тұтас теория ретінде ұсынады.

Ғаламның тілдік бейнесі туралы түсінік кейінгі зерттеулерде де өз жалғасын тауып келеді. Алайда, бұл күрделі құрылымдық ұғым

болғандықтан, табиғатын ашып түсіндіруді әр зерттеуші өзінше бағамдайды. Орыс тіл білімінде зерттеуші В.М. Маслова: «Ғаламның тілдік бейнесі – ғаламның жалпымәдени игілігі, ол құрылымды, көпдеңгейлі. Дәл осы ғаламдық тілдік бейне адамның ішкі әлемі мен сыртқы әлемді түсінудің коммуникативтік жүйесін қамтамасыз етеді. Ол рухани, мәдени және ұлттық құндылықтары бар белгілі бір кезеңге тән сөйлеу, ойлау қызметінің тәсілдерін бейнелейді» [3, 71-б.], – десе, Г.А. Брутян: «Ғаламның тілдік бейнесі дегеніміз – тірі (табиғи, ұлттық) тілдер арқылы бекіген ішкі және сыртқы дүние туралы жалпы ақпарат» [4, 108-б.], – деп тұжырымдайды.

А. Ислам: «Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып-біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып-білуі ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді» [5, 13-б.], – дейді.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтасақ, әлемнің тілдік бейнесі туралы түсінік тіл мен таным арқылы қалыптасады. Басқаша айтқанда, ғаламның тілдік бейнесі – тіл арқылы берілетін әлем және ұлттық құндылықтардың жиынтық ақпараты. Сондықтан ғаламның тілдік бейнесі танылатын көркем шығармаларды талдау сол ұлтты түсінуге мүмкіндік береді. Бұған біздің зерттеуіміз Мәшһүр Жүсіп поэзиясы негізінде болғандықтан, ақын өлеңдерін қарастыру арқылы көз жеткіземіз.

Мәшһүр Жүсіп – қазақ әдебиеті мен тілінің даму сатысында өзіндік орны бар, тілді қолдануда шығармашылық тұрғыдан келетін дара тілдік тұлға. Тұлға тілінің ерекшелігін оның жеке ғаламдық тілдік бейнесіндегі көрінісін саралау арқылы анықтауға болады. Бұл ретте, Мәшһүр Жүсіп поэзиясы тілін зерттеудің маңызы зор. Себебі көркем шығармада тілдік тәсілдер арқылы ғаламның көркем бейнесі жасалады.

Мәшһүр Жүсіп поэзиясында қазақ ұлтының өзіне ғана тән ұлттық ерекшелігі, ұлттық мінезі көрініс табады. Ақынның «Қазақты жамандаушыларға» деген өлеңінде қазақтың қонақжайлық қасиеті ерекше суреттеледі: *«Самауырын қайта-қайта қойды шайын, Атқа жем неше мезгіл берді дайын. Сойды да бір сырбазды асып берді, Жошыбай үлестірдік аппақ майын... Қазақта қонағасы айт пен тойдай, Отырмас қонақ келсе, бір мал соймай. Кең жатқан әр нәрсесі жерұйық жұрт, Молшылық берекеде болып сондай».*

«Қонақжайлық» ұғымын когнитивтік анализ ережесімен талдайтын болсақ, «қонақжайлық» сөзі универсалияларға жатады, себебі осындай ұғым «гостеприимный» орыс тілінде де бар. Ал қазақ сөзінің ерекше ұлттық реңкке ие белгілеріне төмендегілерді жатқызамыз: *мал сою, қонаққа малдың басын тарту, малды қонақтың алдына әкеліп, бата сұрау.* Орыс халқында мұндай қонақжайлылықтың белгілері жоқ. Алайда, олар қазақтар сияқты қонақты жақсы қарсы алады, ал немістер, ағылшындар қонақты жиі шақырмайды. Қонақ туралы мақал-мәтелдері, фразеологизмдері де аз. Олар, керісінше, оның ішінде неміс халқы ұқыптылыққа, тәртіпке ерекше көңіл бөледі.

Мәшһүр Жүсіп «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге» өлеңінде: *«Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге, Жабырқап, жабы малдай жүрген кезде... Қағазға он*

саусағым атиша желген... Жүргенде бәйге кердей күйге түсіп... Барады өтіп гұмыр аттай шауып... Түлкідей таудан қашқан бұлаң етіп, Жалған-ай, өте шықтың қасымыздан!», – деп, ақындықтың қалай, не арқылы келгендігін баяндай келе өз ұлтының ерекше тыныс-тіршілігіне ауысып кете барады. Мысалы, *жабы малдай жабырқау, атиша желу, бәйге кердей күйге түсу, атиша шабу* – мұндай суретті мал бақпаған, жылқы ұстамаған ел қайдан түсінсін? Құмай ертіп, түлкі алмаған халық *таудан қашқан түлкінің бұлаң етіп*, көзден ғайып боларын қайдан білсін? Міне, осындай қазақ ұлтының өзіндік ерекше ғұрыптары мен көріністері бейнеленген сөздің ішкі формаларын аңғартатын сөз үлгілері арқылы оған өзіндік қазақы тілдік бейнесін береді.

Ғаламның кез келген ұлттық, тілдік бейнесінің әмбебаптығы өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу, концептіден ерекше көрінеді. Осы тілдік механизмдер негізінде ғалам бейнесі танылады.

Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы теңеулер айналадағы әртүрлі заттар мен құбылыстарды бір-біріне тосын теңеуімен ерекшеленеді. Мысалы: *«Дүние өтер бәйге атындай желіп шауып»* [6, 80-б.]. *«Барады өтіп гұмыр аттай шауып»* [6, 193-б.] дегенде, дүниенің бәйге атына ұқсатылып, *желіп шабуы* арқылы өмірдің тез өтетіндігі сипатталады.

Ақын «Сәлем хат» өлеңінде: *«Үлгісі чиновниктер осы болып, Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан. Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан... Бас салып мұңлы-зарлы, кем-кетікті, Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан. Әркімді арбауына түсірем деп, Түлкіше құйрықтарын бұлаңдатқан. ...Өз бойын тоты құстай сылыңдатқан»*, – деп, қолында құзыры бар жуандардың әлсіздерге көрсеткен зорлықтары әшкереленеді. Мұндағы *«қасқыр»*, *«жылан»*, *«бүркіт»* жағымсыз бейненің баламасы және олардың мықты, айбарлы күш иесі екендігін де танытады. Ал *түлкі* – қулықтың, *тоты құс* – сұлулықтың бейнесі.

Ал метафора оны жасаушыны ерекше поэтикалық, философиялық ойлау қабілеті жоғары тілдік тұлға ретінде танытады. *«Философиялық толғаным пен көркемдік қызмет адам мен оны қоршаған ғаламның болмысын ерекше ұғынумен байланысты. Бұндай ұғыну барысында қалыпты құбылыстар жаңаша қабылданып, өзгеше реңкке ие болады»* [7, 38-б.].

Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы авторлық метафора былайша беріледі: *«Сөз – бір жүк: басқа мақұлық көтере алмас»* [6, 140-б.].

Автор танымында сөз салмақты зат. Бұл жерде оның салмағын сөз күдіретімен салыстыра қаруға мүмкіндік береді. Сөз – күдіреті күшті дүние. Оны кез келген адам көтере алмайды, оның қадірін, астарын түсінетін адам ғана көтере біледі. Сөз күдіреті: *«сөз – бір жүк»* метафорасы арқылы танылып, сөз қасиетінің жоғары екендігі, оның мағынасын түсінген адам ғана қадіріне жететіндігі бейнеленеді.

Ақынның ерекшелігі – өмірге деген көзқарасын, ой-пікірін ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отыратындығы. Олар тілдік құралдар арқылы беріліп, нәтижесінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Бұл ақынның ғалам туралы концептуалды тұжырымдарынан да көрініс табады. Себебі концепт ұлттық

дүниетаным құндылықтарын айқындап, тілде көрініс табатын күрделі бірлік. «Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Әр қоғамның даму кезеңдеріне сәйкес концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [8, 12-б.].

Ғалам бейнесінде өмірлік мәні бар адамзатқа ортақ концептілердің бірі – «өмір» концептісі. Оның бірінші мағынасы – «өмір» дегенді білдірсе, екінші мағынасы – «адам жасы», «ғұмыр» дегенді білдіріп, «уақыт», «заман», «тағдыр», «өлім» т.б. концептілерімен макрофреймдік қатынаста, ал, тілдік белгі ретінде ортақ лексикалық-семантикалық топта болатынын көрсетеді. «Өмір» концептісі: тірі күнде тіршілік қылу, жалған дүние, дүниенің базары, дүние жүзі, қысқа ғұмыр, сұм дүние, жалған дүние т.б. сөз тіркестерімен беріледі. Ал философиялық тұрғыдан алғанда, «өмір» – адамға берілген белгілі бір уақыт мөлшері. Адамға өмір екі рет берілмейді. Мәшһүр Жүсіп осы құбылысты: *«Ишекем өтіп кетті бұл жалғаннан, Келу жоқ қайта айналып сол барғаннан»* деп суреттейді.

Жалпы, «өмір» концептісін талдағанда оның лексика-семантикалық тобындағы «дүние» лексемасын да қарастыру керек. Мұсылмандық таным бойынша қазақ ұғымында дүниені «о дүние» және «бұ дүние» деп бөлу орын алған. «Ислам діні» концептісі негізінде «бұ дүние» – «жалған, опасыз, өткінші», адамға сынақ ретінде берілген уақыт мерзімі ретінде қабылданады. Осымен байланысты «дүние-фәнидің» баянсыздығы, қаталдығы мұсылмандық ілімді терең меңгерген Ақын тілінде: *«Бұл опасыз дүниеде, Мәңгі суын кім ішкен?!.. Қояды қаза жетсе, кімді аяп... Бұл дүние тынымы жоқ ескен желдей...»* т.б. беріледі.

Кейде «өмір» – «сұм», «ку», «жалған» деп те бейнеленеді: *«Сұм дүние алдандырып тастарына... Сұм жалған, болармысың мұнша шолақ?! Қу заман ойлы-қырлы болып жатыр... Өстіп алдап өтеді мына жалған»* – деп, өмірдің мәңгі емес, өткінші, алдамшы екенін көрсетеді.

«Өлім» ұғымы Мәшһүр Жүсіп поэзиясында автордың дүниені қабылдауын бейнелейтін фреймдік тармақтармен таратылған концептілер арқылы көрініс табады. Бұл концептілер жалпытілдік прототивтік мағыналармен бірге жеке-авторлық модельдерге салынып та беріледі.

Сонымен, ғаламның тілдік бейнесі – тілдік жүйе мен оның бірліктері арқылы бейнеленіп, тіл арқылы жарыққа шығатын әлем және ұлттық құндылықтардың жиынтық ақпараты. Сонымен бірге, адам ақыл-ойының жемісі, танымдық қызметінің нәтижесі, яғни адам мен дүниенің өзара қарым-қатынасын бейнелейтін тірек ұғым. Бұған Мәшһүр Жүсіп поэзиясын зерттеу барысында көз жеткіздік.

Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы ғаламның тілдік бейнесі ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Тілдің көркемдік-әдеби тәсілдері автордың дүниеге деген қатынасын суреттеп, ұлтымызға тән ойлау процесінің негізгі ерешеліктерінен хабардар етеді. Ақын тіліндегі сөз-образдар ғаламның тілдік бейнесін жасауға негіз болатын тілдік бірліктер болып табылады.

Библиографиялық тізім

1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры.–Москва, 1985.– 451с.
2. Л. Вейсгербер Л. Язык и философия//Вопросы языкознания. – М.,1993. – №2. С.114-124.
3. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2007. – 296.
4. Брутян А. Язык и картина мира // Филос. Науки, 1973, №1. с. 108-110.
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол. ғыл. канд. дисс.автореф. – Алматы, 2004. – 47 б.
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4-том. – Павлодар. «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.
7. Сыбанбаева А.С. Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі: филол.ғыл, канд...автореф. – Алматы, 1999. – 26 б.
8. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филол. ғыл. докт. дисс. Алматы, 2004. – 340 б.

Аннотация

В статье анализируются лингвокультурные единицы и концепты, составляющие языковую картину мира в поэзии Машхур Жусупа. В ходе исследования через языковые единицы и концепты выявляются национальная культура и мировоззрение казахского народа и своеобразие языкового мастерства, отражающего художественный мир поэта. На основании проведенных исследований автором показана функция лингвокультурных единиц и концептов в поэзии поэта как содержательного единства картины мира, мысли, менталитета языка, воплощенного в сознании человека. Некоторые особенности мира дифференцируются на предметные ценности, их объекты и отношения и функции и т.д. Познавательный мир, особенности мышления народа отражаются в художественных произведениях поэта. Выясняется, что картина мира в поэзии Машхур Жусупа отражена и воплощена с помощью лингвокультурных единиц и концептов, которые по своей природе разнообразны.

Ключевые слова: картина мира, языковая единица, концепт, познание, язык.

Abstract

The article analyzes the linguistic and cultural units and concepts that make up the linguistic picture of the world in the poetry of Mashhur Zhusup. During the research, through linguistic units and concepts, the national culture and worldview of the Kazakh people and the originality of language skills reflecting the artistic world of the poet are revealed. Based on the conducted research, the author shows the function of linguistic and cultural units and concepts in the poet's poetry as a meaningful unity of the worldview, thought, and mentality of language embodied in human consciousness. Some features of the world are differentiated into objective values, their objects and relations and functions, etc. The cognitive world

and the peculiarities of the people's thinking are reflected in the poet's works of art. It turns out that the picture of the world in Mashhur Zhusup's poetry is reflected and embodied with the help of linguistic and cultural units and concepts, which are diverse in nature.

Keywords: worldview, linguistic unit, concept, cognition, language.

Амангелдинова Айгуль Кабдешовна
Астана қаласы № 85 мектеп- лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
сарапшы - педагог, мектеп тренері

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Қазақтың бірегей ұлы, тарихи тұлғасы - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жеке өмірбаяны әр қилы сырларға толы. Ақын өз ғұмырында ел аузындағы аңыз - дастандарды, ертегілерді, қиссаларды жинап одан басқа өзінің шығармашылығынан туындаған жазбаларын жазып қалдырған. Өлең жазумен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастыруменде айналысты. Шежіре мен айтыс, көптеген тарихи жырды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Ғұламаның басты мақсаты әрі өмірінің негізіне айналған ой — қазақ халқын сауаттандыру болды. Сондай-ақ жастарға оқу-білімнің маңызын түсіндіріп, оларды білім алуға шақырады.

Ақын өзі өлең шығарып қана қоймай, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтайды. Қазақ әдебиетінің дамуына, әсіресе әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан, кешегі кеңестік сұрқия саясатқа толы кер заманда атын атауға тыйым салған арыстарымыздың бірі де бірегейі ол Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығын зерттеу ісі-бүгінгі күні қызу қолға алынып отыр және осы мақсатта біршама жұмыстар атқарылғандығы да анық. М. Ж. Көпейұлы шығармашылығында сөз болатын мәселелердің барлығы да қазақ әдебиеті тарихы, қазақ тарихы үшін маңызды болып табылады.

Сондай-ақ, ақын мұрасын жинаушы Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасында сабақ беруші Қамар хазіреттің бұл өңірге белгісіз төрт түрлі өлең-қисса әкелгендігі, оларды сегіз жасар шәкір Жүсіптің қолжазбадан көшіріп алып, жаттап, ел-жұртқа таратқандығы әңгімеленген екен.

Мәшһүр-ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Азан шақырып қойған аты-Адам Жүсіп. Бұл туралы ақын:

Жасымда қойылған ат Адам Жүсіп,
Жұрт еткен сүйгенінен Мәшһүр Жүсіп.
Қолыма қағаз, қалам алған шақта,
Кетемін қара сөзге желдей есіп[2.504],- деп баяндаған.

Бұл атқа ие болуының да қызық оқиғасы бар екен. Сегізден тоғызға аяқ басқан шағында қалың топтың алдында бірде - бір рет мүдірместен мақамына келтіре отырып, «Төрт жігіттің өлеңі», «Ер Тарғын», «Қозы

Көрпеш-Баян сұлу» лиро - эпос дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым қатты риза болып, «баланың аты-Мәшһүр болсын, тіл - көзден аулақ болуы үшін үкі тағып қойыңдар» дейді.

Ал тағы бір аңызда бұл атты қойған Мұса Шорманов дейді. Себебі, зерек баланың өнеріне риза болған Мұса Шорманов: «Өз заманында халқына мәшһүр болатын бала екен», - деп сүйсінеді. Содан кейін баланың «Жүсіп» деген атына «Мәшһүр» деген ат қосылып айтыла бастайды. Ақынның:

Бес жаста біссімлә айтып жаздым хатты,

Бұл дүние жастай маған тиді қатты.

Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,

Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты[2.504], - деп жырланатын «Өмірбаян» деген жырын қарастыра отырып, екінші оқиғаның шындыққа жанасатындығын байқаймыз.

Тірлік пен денсаулықта – баста бағым, Онан соңғы дәулетім – тіл мен жағым.

Құдай берген он екі мүшелерім ,

Өз өнерім өзіме–алтын тағым[3.430], - деп, «Мәшһүрдің өзін таныстыруы» өлеңінде ақын денсаулықты жоғары бағалайды. Бұл халықтың «бірінші байлық-денсаулық» деген қанатты сөзімен үндеседі.

Сөз бен өнер қадірін білетін отбасында туған Жүсіптің арғы аталары шешен, өнерлі адамдар болған екен. Осындай атадан-балаға жеткен қасиет арқасында Мәшһүр де сөз өнерінен тыс қылмаған. Ол он бес жасынан бастап өлең шығара бастаған. Бұл туралы ақын былай деген екен:

Жабысты маған өлең он бес жаста,

Жұрт айтты: «Не қыласың» деді баста,

Дегенмен қоя алмадым үйренген соң.

Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа,

Шүкірлік, бергеніңе Құдай патша.

Он бесте шабыттандым жүйрік атша.

Бір күндер ұйықтап жатқан мезігілімде,

Кеудеме өлең толды сызған хатша.

Қисса мен өлең болды жаттағаным,

Қалтаға қағаз алып қаттағаным[2.504].

Әлеуметтік мәселелер кез-келген заман дәуірінде болғандығы айтпаса да түсінікті дүние. Жүсіп Көпейұлының да шығармаларының арасында жоғарыда айтып өткендей әлеуметтік мәселелерді қозғайтын өлеңі баршылық. Соның бірі-«Ғибратнама» атты өлеңі. Бұл ұзақ өлең жолдарын мысал түрінде жазып, айтар ойын тұспалдап жеткізеді:

Айналдым бұлт болып биік тауға,

Іліндім болып шортан, жібек ауға.

Тілі жоқ мылқаулар тыныш жатыр,

Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Халықтың тұрмыстық-жай күйін суреттейтін өлеңдері қатарына ақынның алғашқы жылдары шығарған өлеңдерін жатқыза аламыз. Бұл ақын үшін шәкірттік үйрену кезеңі еді. Ақын халқымыздың салт-дәстүрлері арқылы ұлттық танымға талдау жасайды.

Ақынның дүниетанымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиіркенетінін көруге болатын туындыларынан сол кезеңде өмір сүрген адамдардаң өмірге деген көзқарасын, ішкі жан-дүниесін, тұрмысын жан-жақты танығандай боламыз. Сонымен қатар ақын өмір сүрген кезеңнің де болмысын тани аламыз. Оның адамдар бойынан жақсылық іздеген рухани жан-дүниесін түсінеміз.

Ақын өлеңінен алынған:

Аманыңда елжіреп мақтайтын ағайын,

Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.

Ауырыңды жеңіл ғып жоқтайтын да ағайын

Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын[4.376], - деген өлең жолдары күнделікті өзіміз көріп, өзіміз қоян-қолтық араласып жүрген ел тірлігін танытады. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып: «Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды», - деп толғанатын халық сөзіне ақын былай дейді:

Әуел баста аңдамай тартып жүрме сазайын,

Толып жатыр түрлі сөз қайсыбірін айтайын.

Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,

Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын[5.332], - дейді.

Ағартушы хазіреттің бойындағы осындай адамгершілік және тұлғалық қасиеттерін бойына үйіріп ұстаздық тәжірибесін игеріп қолданғанын төмендегі өлең жолдарымен айшықтап көрсетеді:

«Ғылымға адам еді іші толған,

Аузына нұр төгіліп, дуа қонған.

Жаңбырдай аб нисан дүрлер тамып,

Шарапат баршамызға сонан болған.

Ғылымнан он екі пән өзі білді.

Кісі еді, сөзге ұста шешен еді.

Айтқанын доптай қағып түсірмейтін.

Алдына дәл өзіндей бала келді.

Ақын ұстаздықты қадірлейтін қазақ танымын көрсетеді. Халқымыз ежелден ұстазға зор құрмет көрсеткен.

Ақын той мен жиында, ел мол жиылған аста бай мен болыстан, би мен бектен ығыспаған. Олардың қателіктері мен кемшіліктерін тіке айтып, байға істеген «жақсылығын», кедейге көрсеткен «қорлығын» бетіне басып отырған. Сипырын бес тиынның бес теңге деп, Кедейлер хат білмеген соры қайнар.

Мойнына сары жезден қарғы салып, Алдына неше түрлі дау-шар барып, Жиылып қара құстай билер отыр Жемтігін өлексенің қоршап алып[5.332],- деп, ел ішіндегі кейбір билердің озбырлығын ашына жырлайды. Сондайақ бұл өлеңде мына төмендегіше жырлап, елдің ауыр халін жырға қосады. Осылай арам тамақ жеген бәрі, Сақтанбас обал ғой деп жеткен әлі. Жалықпас айта берсем, толып жатыр Былайша заманада жұрттың халі[7.250]. Бабамыздың атақты дін өкілі Исабек ишанның қайталанбас адами қасиеттерін өнеге тұтып, имандылыққа, кісілікке шақыратындығы туралы жыры да бар. Мәшһүр жігіт болған күннен «Жаһанкез», «Саяқ» аталып, ел -9- аралап, жер-суды тануды өзіне мақсат көрген. «Үш жүздің баласында бармаған жерім жоқ», – дейді. Міне мұндағы ғалымның мақсаты, жер аралап жүріп қазақ халқының дәстүрін, салтын, мәдени мұраларын жан-жақты тереңнен зерттеп, зерделеп мол мағлұмат жинау еді. 1887 жылы Мәшһүр Жүсіп Сырдария, Ташкент өлкесіне барып, бұл жолында көбінесі әртүрлі тарихи кітаптармен танысып, қазақ тарихының орта ғасырлардағы дәуірлері Баһадүрдың «Шежіресі» өзіне үлкен әсер бергенін айтады. Ол жердегі ақынжыраулармен кездесіп, халық әдебиетінің қымбатты, тарихи мағыналы түрлерін жазып алып отырады. Атақты ақын Қоңырат Майлықожамен кездесіп, тарих жайында пікір алысқаны жайлы ерекше баяндайды. Ғалымның жазып қалдырған әдебиет мұралары өте бай, әрі мазмұны терең келеді. Ол көбінесе ел тұрмысын жырлайтын, кедей кепшіктің мұңын жоқтаған нағыз халықтың ақыны болады. Ақынның қай өлеңін алсақ та, оның барлығында да бұқаралық сарын көрініп тұрады: Әркімнің өз тамағы табылған соң, Төресі қисық жаққа бұра шықты. Көңілі бірін-бірі жеуде болып, Халыққа осындай бір жорға шықты, – деп, бұқара кедейлерінің қызғышы болып дабыл қағады.

Мәшһүр атаның осы фольклорлық үлгіні жинауы бізді атаанамызды қадірлеуге, арман-мақсаттарымызды көздеуге шақырған сияқты. Атам заманнан бері, қуаныш болсын, не дау болсын сөзді астарлап жеткізуді пір тұтқан. Әсіресе, сөзді астарлап жеткізу ақынжыраулар, шешен, ділмар адамдардың қолынан ғана келе білген. Бұл астарлы сөздер – мақал-мәтелдер деп аталады. Мақал-мәтелдердің мақсаты – ұрпаққа өнеге беру, тілдік қорымызды кеңейту болып табылады. Мәселен, «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» деген мақалдың шығу тарихын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы астарлап, төркіндеп жеткізген. Бұл мақал он үш жасар Хазірет Сүлеймен ғалайссаламның хикаясынан пайда болса керек. Нақтырақ айтсам, кедей қатын өз тапқан нанын табиғаттың тылсым күшінің кесірінен айырылып, балашағама қай бетіммен барамын деп жүрегі қан жылайды. Бала Хазірет Сүлеймен бұны көріп: «Дереу барып тақта отырған патшаға арыз қыл. Маған -14- әлім жеттік қылып, бір қап ұнымды жел тартып алды, желден көлденең алып бер», – деп ескерту жаса деді. Сөз төркінін түсінбеген бейшара қатын, патшаға үш рет барыпты. Хазірет Дәуіт ғалайссалам бұны бірден түсініп қойып, сыртқа шығып, хазірет Сүлеймен ғалайссаламнан не себепті қатынды үш рет жібергенін сұрайды. Сонда хазірет Сүлеймен ғалайссалам былай үн қатқан екен: «Менің қол астымдағы бір жесір қатынның бір пұт ұнын қабыменен жел алып кетіпті. Өзің жасап па едің? Өз бетімен қылған ісі ме?, –

деп сұра құдайыңнан», – дейді. Хазірет Дәуіт ғалайссалам дереу ғибадатханаға барып, мінажат етеді. Сол кезде, бір періште пайда болып, қатынның ұны басқа біреуге жақсылық ретінде жіберілгенін айтады. Сол сәттен кейін, хазірет Дәуіт ғалайссалам жесір қатынның мұңын түсініп, пейілдігін көрсеткен. Осы оқиғадан осы мақал туса керек. Мақал олжа, кіріс, пайда ұғымдарын негізге алған. Бұл оқиға өте бір тәрбиелік мән көрсетті, әрине, бұл Мәшһүр атаның арқасында деп білеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев атамыздың сөз өнерінен бөлек, тұрмыс-салт жырларының да үлгілерін жинақтады.

Тұрмыс-салт жырлары – қазақ халқының әдет-ғұрпына байланысты өлеңдер топтамасы. Солардың бірі, қазіргі заманға дейін, қадір-қасиетін жоғалтпаған, қуанышты хабарды жеткізетін жыр – Жар-жар. Жар-жар жыры дегеніміз – бұл ұзатылған қыздың жаңа бір үйге, яғни, күйеуінің шаңырағына қадам басқан кезде, орындалатын жыр. Күні бүгінге дейін Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің осы бір фольклорлық үлгісі жалғасын тауып келе жатыр. Тұрмыс-салт жырларынан басқа, батаны да фольклорлық үлгіге жатқызған. Бата біздің ұлттық дәстүріміздің бір түріне жатады. Той батасы, шілдеханаға арналған бата, дастархан батасы, алысқа сапарға аттанғанда айтылатын бата, айта берсек өте көп.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ауыз әдебиетіне қосқан үлесі өте мол. Осы айтқанымыздан бөлек, басқа да батырлар жырын, өлең-дастандар, жоқтау өлеңдері, өтірік өлең, халық өлеңдері, жаңылтпаштар, мысал-аңыз үлгілерін де жинақтаған. Осындай өмірі шығармашылыққа толы Мәшһүр атаның көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналғаны белгілі. Ел қамын елден бұрын ойлаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осынау еңбектеріне бір тағзым. Туған жерімнің қасиетті әрі дара тұлғасының шығармашылығын неге дәріптемеске.

Ақынның өзге ақындардан бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәптіштеп, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уәлаяты» газетінде 1889 жылдан бастап жарық көре бастады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы айтылған ой халқымыздың баға жетпес құндылығы екендігін естен шығармауымыз керектігін түсіндім. Мен мынадай ұсыныс айтқым келеді: Мәшһүр Жүсіп шығармаларын насихаттайтын үйірмелер ашылып, ақын шығармаларын дәріптейтін өнер байқаулары жиірек ұйымдастырылса екен.

Аннотация

Қазақ әдебиеті тарихында алар орны ерекше Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары әр алуан. Сонымен қатар, оның шығармалары өміршең, бүгінгі күнде де өз маңызын жоймаған асыл мұралар. Өйткені, Мәшһүр шығармалары жас ұрпаққа рухани азық сыйлап, елжанды, өз елінің

мәдени мұрасын қадірлей білуге үйретеді. «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ұлттық таным» тақырыбындағы баяндамада ақын шығармаларының мазмұндық-тақырыптық құрылымына жан-жақты толқталып, терең талдау жасалған. Бұл баяндамада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы туралы баяндалған. Ақын шығармаларын тақырыптық жағынан жіктеліп, оның жас ұрпаққа берер өнегесі талданған.

Аннотация

Произведения знаменитого Жусипа Копейули занимают особое место в истории казахской литературы. Кроме того, его произведения – это ценное наследие, которое живо и не утратило своего значения и сегодня. Ведь произведения Машхура дают духовную пищу молодому поколению и учат ценить страну и культурное наследие своей страны. В докладе на тему «Национальные знания в творчестве знаменитого Жусипа Копейули» всесторонне обсуждался и глубоко анализировался содержательно-тематический состав произведений поэта.

В данном репортаже рассказывается о литературном наследии Машхура Жусипа Копейули. Произведения поэта классифицированы по темам, проанализированы его нравы для молодого поколения.

Annotation

The works of the famous Zhusip Kopeyuli occupy a special place in the history of Kazakh literature. In addition, his works are a valuable heritage that is alive and has not lost its significance today. After all, Mashkhur's works provide spiritual food to the younger generation and teach them to appreciate the country and the cultural heritage of their country. The report on the topic "National knowledge in the works of the famous Zhusip Kopeyuli" comprehensively discussed and deeply analyzed the content and thematic composition of the poet's works.

This report tells about the literary heritage of Mashkhur Zhusip Kopeyuli. The poet's works are classified by topic, and his morals for the younger generation are analyzed.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Алаш 2003-14-18-бет (Алаш Мұрасы)
2. Т.1: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар Алматы:Алаш:-2003-504 б.
3. Т.2: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар Алматы: Алаш-2003-430 б.
4. Т.3: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар Алматы: Алаш-2004-376 б.
5. Т.4:Өлеңдер, рауаяттар, аңыз-хикаяттар Алматы: Алаш-2005-332 б.
6. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Таңдамалы. Павлодар 2014-2 б.
7. Бес ғасыр жырлайды 2-том Алматы «Кітап» 1989-250-251б.

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ЦИФРЛЫ ӘДІСІ

Бүгінгі күні білім беру саласында жаңартылған оқу бағдарламасымен қоса, жаңартылған оқу форматында сабақ өту, цифрлы технологияларды ұтымды пайдалану күннен күнге дамуда. Оқу үдерісі және нәтиже тұрғысынан зерттелетін цифрлы оқыту, оны «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» тұрғысынан әрекеттесуін ұйымдастыру үдерісі ретінде түсінік береді. Оның ерекшеліктері цифрлы білім беруде электронды оқытудың құрылымдық және мазмұндық бөліктерімен анықталады.

Цифрлы оқытудың басты ерекшеліктері:

- Оқу материалын ұсыну және қолжетімділік;
- Онлайн/офлайн білім беру;
- Түрлі оқыту платформаларында оқу үдерісін басқаруда нақты цифрлы құралдардың болуы;
- Уақыт үнемдігі;

«Заманына қарай адамы» демекші, заман талабына сай білім беруді ұйымдастыруда бүгінгі күні цифрлы технологиялар қарқынды даму үстінде. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында да цифрлы технологияларды ұтымды пайдалана аламыз. Компьютерлік лингвистика, қолданбалы лингвистика салалары бізде ХІХ ғасырдан бері бастау алуда. Осыған байланысты Асқар Жұбанов өзінің «Компьютерлік лингвистикаға кіріспе» еңбегінде: «Мәтінге қатысты компьютерлік-инженерлік жұмыстар, яғни мәтінді толық қабылдау және оны «туындату» тек «адам-компьютер-адам» коммуникативтік жүйесінде ғана іске асады. «А1» - хабаршы, «А2» - хабарды қабылдаушы рөлінде, ал компьютер – хабаршының хабарламасын қабылдаушы адамға жедел және қолайлы түрде жеткізетін аралық компонент» (3,25). Яғни бұл тұста бізге компьютердің ақпарат жеткізудегі маңызды рөлін айтып тұр. «Инженерлік тіл білімінің келесі бір маңызды проблемасы – лингвистикалық алгоритмдер мен олардың программаларын құру мәселесі. Мұны басқа сөзбен – «компьютерді оқыту» деп те айтуға болады» (3,25). Сол себепті, цифрлы оқыту бізге жаңа дүние болып келмеу керек.

Сабақта сандық технологияларды пайдалану үшін, біз ең алдымен бағдарламамен дұрыс жұмыс жасауды білуіміз қажет. Сол арқылы біз сабақты цифрландыра түсеміз, яғни модельдейміз. Асқар Жұбанов өзінің еңбегінде

модельдеуге мынандай анықтама береді: «Модель ұғымының анықтамасы бойынша, модель қайсыбір жүйені қайта туындатады. Ондай жүйе өзара байланыста тұратын және бүтіндік сипатта қызмет ететін элементтер немесе бөліктерден тұрады» (3,54). Осыған орай, сабақты модельдей түсеміз, яғни цифрлы әдісті қолданамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқыту, бүгінгі ұрпаққа жеткізу, оқушының бойына сіңіру ұстаздың ғана мойнында. «Әдебиет-ардың ісі» дегендей, әдебиетті оқытуда ұстаз өзінің шығармашылығын, біліктілігін, креативтілігін іске қосу қажет. Яғни Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дастанында өзі жазғандай «шын сөз, әділ іс, жарық ниет» болу қажет.

А.Жұбанов өзінің еңбегінде: «Модельдеуге қажетті ӘБТ өзінің функционалды коммуникативтік белгісі және таратылатын ақпараттың сипатына қарай, негізгі үш функционалды-коммуникативтік категорияға бөлінеді:

- жоспарлау құжаттары;
- басқару құжаттары;
- ақпараттық есеп беру құжаттары.


Жоспарлау құжаттарының негізгі коммуникативтік функциясы - жағдаятқа баға беру, әрекеттің түпкі мақсатын анықтау, басқару ұйымының, оның бөлімшелерінің, орындаушылардың жұмыс жоспарын құру» туралы айтқан (1). Осыған байланысты біз сабағымызды модельдей түсеміз, ол үшін арнайы бағдарламаны пайдалануымыз (1-сурет). SAMR моделі бойынша кітапты арнайы бағдарламаға ауыстырамыз. Бұлай ауыстыруымыздың себебі, цифрлы технологиялардың берер мүмкіндігінің көптігі. Оқушылар кітапта берілген ақынның өмірбаяның оқып қана қоймай, практикалық тапсырмаларды орындап, бағаланады.



1-сурет

https://www.bookwidgets.com/play/EwwLxBAT-iQAEGbiaWgAAA/HE6WGHZ/m-shhur-zhusip-ko?teacher_id=4615937238499328


Оқушылар өмірбаянымен танысып, оның шығармашылығын бөлек талдаудың мүмкіндігі болады (2-сурет). Бұл тұста цифрлы құралдардың интерактивтілігі маңызды рөл атқарады.



2-сурет


https://www.bookwidgets.com/play/nWl4IRGA-iQAEYDcjWgAAA/XE6EHXL/m-shhur-zhusip-ko?teacher_id=4615937238499328

SAMR моделі арқылы біз әдебиет сабағында беретін қызықты дерегімізді жақсарта түсеміз. Көп жағдайда «қызықты дерек» форматын әрқалай жүзеге асырады: кітапта жазылып тұрады немесе көп жағдайда түрлі әлеуметтік желілер арқылы беріп көрсетеді. Біздің жағдайда оны тапсырмамен қосып бейнебаян түрінде береміз (3-сурет):



3-сурет

Соңғысы балалардың алған білімін бекіту мақсатында «өздік жұмысын» немесе үй жұмысы түрінде беруге арналған тапсырма беру (4-сурет):



4-сурет

Барлық мәліметтерімізді «Веб-квест» түрінде жинақтап, оқушыға ұсынамыз.

https://www.bookwidgets.com/play/zHedIAF2-iQAE--5fWgAAA/3E6XP3M/m-shhur-zhusip-ko?teacher_id=4615937238499328 . Оқу құралында берген барлық мәліметті цифрлы технологиялармен модельдеп, жаңа форматта ұсынамыз. Бұл жөнінде А.Жұбанов: «Мәтінді лингвостатистикалық талдау мен мәтіннің инженерлік-лингвистикалық моделін құруда оның сыртқы тұрпатынан және безендірілуінен байқалатын ерекшеліктерін де ескеру қажет болады. Тілдік бірліктер мен мәтіндерге тән ерекшеліктерді жүйелі түрде кодтау ісі (шартты белгімен ауыстыру) құжаттарды ЭЕМ арқылы өңдеу жұмыстарында маңызды болып келеді. Мысалы, ұйымдық-басқару құжаттары стиліндегі ортақтық пен ерекшеліктер ақпаратты сипаттаудағы сыртқы тұрпаттың өзінен-ақ байқалады».

Мәшһүр Жүсіп Көпеевті цифрлы оқытуға арналған сабақ үрдісінің моделі ұсынылды. Ең алдымен, оқу материалдары сандық форматта жасаланып, цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану арқылы жаңа форматқа ауыстық. «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады» (2, 280) деп А.Байтұрсынұлы баланы ынталандыру арқылы сабақты жүргізуіміз қажеттігін басты назарға алып отыр.

Аннотация

Қазақ әдебиеті сабағын жаңа технологиялық құралдарды қолдана отырып оқыту мен білім беру үдерісін модельдеу. Педагогтерге цифрлық құзыреттілікті зерттеу оқыту үдерісінде ерекше мәнге ие болады. Цифрлық құзыреттілік оқыту үдерісін жеделдетуге, оңтайландыруға, жетілдіруге, жаңа форматқа көшуге мүмкіндік береді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығын бүгінгі күні оқушыларға цифрлы әдіс арқылы оқыту. Дәстүрлі баспа мәтіндері бірте-бірте цифрлық мазмұнмен ауыстырылуда. Осыған байланысты цифрлық мультимодальды мәтіндермен жұмыс істеуді және осы мәтіндердің материалын пайдалануды үйрену маңызды әдістемелік міндетке айналады. Бұл мақаладағы цифрлы әдістің ұсынылуы оқушылардың мультимодальды сауаттылығын табысты қалыптастыру үшін берілген. Цифрлық мәтін әртүрлі модальділіктердің үйлесімімен сипатталатын және оның әдістемелік мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін форматқа ие. Цифрлық мультимодальды мәтіндерді оқу мақсаттарында пайдаланудың тиімділігі көбінесе оқушылардың мәтіндердің осы түрін қабылдауының объективті ерекшеліктерімен анықталады. Цифрлық мультимодальды мәтінді қабылдауға оның спецификалық қасиеттері – гипермәтіндік, интерактивтілік

және мультимодальдылық айтарлықтай әсер етеді. Қазақ әдебиеті сабағында мәтінді игеру арқылы біз ақынның өмірбаянымен қоса, шығармашылығында оқушыға меңгертеміз.

Аннотация

Моделирование учебного процесса урока казахской литературы с использованием новых технологических средств. Изучение цифровой компетентности учителей имеет особое значение в учебном процессе. Цифровая компетентность позволяет ускорить, оптимизировать, улучшить образовательный процесс, перейти в новый формат. Преподавание произведений знаменитого Машхур Жусипа Копеева студентам сегодня осуществляется цифровыми методами. Традиционные печатные тексты постепенно заменяются цифровым контентом. В связи с этим обучение работе с цифровыми мультимодальными текстами и использованию материала этих текстов становится важной методической задачей. Презентация цифрового метода в данной статье дана для успешного формирования мультимодальной грамотности учащихся. Цифровой текст характеризуется сочетанием различных модальностей и имеет формат, обеспечивающий его методологические возможности. Эффективность использования цифровых мультимодальных текстов в образовательных целях зачастую определяется объективными особенностями восприятия студентами данного типа текстов. На рецепцию цифрового мультимодального текста существенное влияние оказывают его специфические свойства — гипертекстуальность, интерактивность и мультимодальность. Осваивая текст на уроке казахской литературы, мы знакомим ученика с творчеством поэта, а также с его биографией.

Annotation

Modeling the educational process of a Kazakh literature lesson using new technological tools. The study of teachers' digital competence is of particular importance in the educational process. Digital competence allows you to speed up, optimize, improve the educational process, and move to a new format. Teaching the works of the famous Mashkhur Zhusip Kopeev to students today is carried out using digital methods. Traditional printed texts are gradually being replaced by digital content. In this regard, learning to work with digital multimodal texts and use the material of these texts becomes an important methodological task. The presentation of the digital method in this article is given for the successful formation of multimodal literacy in students. Digital text is characterized by a combination of various modalities and has a format that provides its methodological capabilities.

The effectiveness of using digital multimodal texts for educational purposes is often determined by the objective characteristics of students' perception of this type of text. The reception of digital multimodal text is significantly influenced by its specific properties - hypertextuality, interactivity and multimodality. While mastering the text in a Kazakh literature lesson, we introduce the student to the poet's work, as well as his biography.

Кілт сөздер: *цифрлы оқыту, модельдеу, SAMR моделі, бағдарлама*

Библиографиялық тізім

1. А.Қ.Жұбанов Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер: оқу құралы. – Алматы «Қазақ университеті», 2006. – 277 б.
2. А.Байтұрсынұлы Алты томдық шығармалар жинағы. *Тіл-құрал (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері)* – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: – 384 б.
3. А.Қ.Жұбанов Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: оқу құралы. – Алматы: «КИЕ», 2013. – 204 б.

Ахбай Кулшаш
Астана қаласы
Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы - Қазақ ұлттық классикалық поэзиясының жарқын өкілі және аскетигі, ақын, Абай сияқты, поэзияның псевдо-биіктігінің канондарын саналы түрде жойып, барлық жағынан айтылған "Шығыс тақырыптарын" жоққа шығарды; қазақ поэзиясына жаңа сөздер енгізіп, ақыры поэтикалық сөзді терең мағынамен толтырды, ал мұндай ақын аударуға қиын. Оның поэзиясы өте ұлттық және бейнелі құралдарды, тақырыптарды, идеяларды, тіпті өлеңнің строфикалық және метрикалық негіздерін таңдау. Ал аударма кезінде түпнұсқаға енгізілген ұлттық-мәдени немесе діни ақпаратты сақтау талаптарына байланысты аудармашының міндеті өлшеусіз күрделене түседі. Жаңа талаптар аудармашының байыпты теориялық дайындығын білдіреді: тілді, тарихты және эстетикалық көзқарастарды білу. Сонымен қатар, аудармашы қазақ өлеңінің де, орыс өлеңінің де ішкі заңдылықтарын білуге міндетті.

М.Ж.Көпеевтің поэтикалық мұрасының ұлттық ерекшелігі мен стилі мәселесі автордың жеке шығармашылық ерекшеліктерімен, халық даналығымен, іс - әрекеттерімен, темпераментімен, ойлау жүйесімен, замандастарының салт-дәстүрлерімен-өз дәуірінің кейіпкерлерімен және дәуірдің өзімен тығыз байланысты.

М.Ж.Көпеев өз күшін халықтық шабыт көздерінен, халық жанының жоғары екпінінен алды, сондықтан өзінің поэзиясының ең жоғары қарқындылығына, терең психологизміне және қасиеттілігіне қол жеткізе алды. Ол әсіресе философиялық қағидамен бірге және діни кілтпен үйлесіп, оның поэзиясының ерекше Көпеев стилін жасайды. Оның лирикасы таулар мен көлдермен безендірілген Сарыарқаның кең кеңістігінде дүниеге келді, "бұл адамдарды қуантты және тарихи трагедиялардың себебі болды".

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің лирикалық шығармаларындағы шындық сөздері ұлттық лексика болып табылады, өйткені олар ғасырлар бойы дамып келе жатқан қоғамның тілінде дүниеге келген, автор үшін олар белгілі бір дәрежеде автордың ерекше дүниетанымын, сол алыс уақыттардағы оның дүниетанымын - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қайта құрудың лексикалық құралы ретінде қызмет етеді.

Мәшһүр Жүсіптің елге, ұлт мәселесіне арналған өлеңдері Бостандық, Бостандық, Бостандық ұрандарына толы. Ол бостандық пен әділеттілік үстемдік ететін елді аңсап қана қоймай, сол бостандық пен әділеттілікті

әкелетін әділ жолсерік іздейді. Өлеңдерінде ол оларды өз өмірінде, өз ойларында бейнелейді. Ол осындай түлектерге тән асыл қасиеттерді атап көрсетеді. Бұл туралы "қазақ халқының ертегісінде" айтылған :

Дін үшін жан кешетін ерлер болсын,
Қызбайтын көрінсе де жерік асы.
Алдында алтын жатса алмайтұғын,
Жан-жағын қу болмасын жалмайтұғын.
...Алланың ақ жолымен жүретұғын.
Ерік Аллада екенін білетұғын.
Қызылшыл жемтікшілді жібермесңдер,
Ит сықылды жетекке еретұғын .

Бүгінгі күнге қарасақ та, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сол кездегі айтқандары осы күнге дейін ескі сөзбен жеткенін байқауға болады. Кешегі тілек пен бүгінгі Нұсқаулық талабы бір деңгейден асып түседі. Кеудеге сенім сәулесімен жанның жолында болу-бұл жоғары Арман. Бұдан шығатыны, Мәшһүр Жүсіп-Көпеев шығармаларының негізін қалаған әлеуметтік-қоғамдық өмірді қамтитын азаматтық тақырып.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев ХХ ғасырдың басындағы азаталыстық ойды алғашқылардың бірі болып қозғады. Бастапқыда ол патша саясатының құпия айла-амалдарын іздей алмаса да, оған сенім мен үмітпен қарады, содан кейін патша Манифестінде де, түрлі реформаларда да жақсы шешім таба алмай, оларға қарай бастады. "Мен мұны қалай жасау керектігін білмеймін", - деді ол оған байыптылықпен. Оян, мен оянамын. Мәшһүр Жүсіп Көпеев "Қара өлеңде":

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,
Айрылмай жақсы менен жаман парқы.
Баласы дін мұсылман ояныңдар,
Көрінен өз пайдасы жұрттың нарқы.
Әркімнің өз пайдасы ойлағаны
Бостандық деген сөзді жоқ қылам деп
Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны, - дей келіп, әрі қарай:
Бас қамын жан пайдасын ойлаңыздар

Жақсы емес түсе берсең қармағына – деп қазақты тугелдей бағындырамын деп қыспаққа алып, жан жағынан зорлық көрсетіп, көшпелі халықты адамдық құқынан айырып малға балап, жер суын еріксіз алып, қалаған жерге "омақаны орнатып, қызық қағып" жатқан отаршылдықтың қиянатын көрсетеді.

Жалғыз қазақ ұлтын ғана емес, бүкіл түркі халқын бірлікке шақыра отырып, біртұтас қарсылықты насихаттайды. Мұның бәрі халықты өз елін жақсы көретін алып жүректі күтіп тұрған тиганның "қауіпінен" құтқарудың азаматтық жолын болжады. Ол өз елінің езгісіне таң қалды, ол толығымен байлыққа батып, бостандыққа ұмтылып, бостандыққа жол іздеді. Ол өз ойын ешнәрсесіз, жұмбақсыз ашық айтады. Анық және анық отаршылдықтың бұғауларын жоюға шақырады[8].

Шынымды айтсам, бұл казак поэзиясындағы отаршылдыққа қарсы айтылған алғашқы жан айқайы болды. Бұл туралы "Сарыарқа кімге тиесілі" кітабына енген "казак халқының осы күнгі тарихы" өлеңі айғақтайды. Онда үміт бар, Ресей патшасы өз еркімен еркіндік бермейді деген күдік бар:

Биылғы үмітті едік өткен күзден,

Октябрь он жетінші деген сөзден, - дей келе былай қорытынды лайды:

Жан-жақтан ұшпа бұлт көтерілді,

Қызғанып күннің көзін мұңлы бізден.

Келеді басыңа сот қорқытады,

Іліп ап бес-алты ауыз айтқан сөзден.

Мұнда ақын 17 октябрь манифесі, соңғы Дума сайлауы және сайлаудан кейінгі қудалау мәселесінің айқын көрінісін бейнелейді. Оны әдемі суреттермен жүрегінде мәңгі қалардай етіп береді.

Қазір "оян казак" деп алғаш үн көтергендер Ақаң, Жақаң деп жүргенімізбен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кітабы шыққан тұста олар саяси-элеуметтік өмірге енді араласып келе жатқан-ды. Олардың алғашқы кітаптары 1909 жылы шыққанын еске алсақ оған әлі екі жыл бар болатын. Мәшһүр кітабы - азатшыл ойды алғаш оятқан кітап. Сондықтан да ол жандармның қудалауына ұшырап, қуын-сүргін көрді. Мәшһүрден соң барып патша жандармдары Әлихан, Ахмет, Міржақып сияқты арыстарымызды түрмеге жауып, жер аударып, туған жұртынан аластай бастады. Ендеше Мәшһүр Жүсіп казак поэзиясындағы азатшыл сарынды алғаш алып келген ақын деуге әбден толық хақымыз бар. Сонау әрідегі Дулат, Шортанбай, Мұрат поэзиясындағы "замана зары", өкініш пен мұңға толы ел басына түскен қасіретті жырлау сарынын азатшылдыққа алғаш ұштастырғандардың бірі - Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мәшһүр поэзиясымен бірге казак поэзиясына күрескер рух келді, ұмыта бастаған ұлттық намыс келді. Дулат, Шортанбайлар отаршылдық торынан құтылар жолды таба алмай зар илесе, Мәшһүр оның жолын Ресейдегі мұсылман дүниесінің, түркі дүниесінің бірлестігі деп білді.

Өз еңбектерінде М. Ж. Көпеев адам бойындағы сұлулыққа назар аударады, бұл оның басқа адамдарға деген рухани қажеттілігінен, адамзатқа толықтығынан, өз іс-әрекеттерімен тек өзіне ғана емес, ең алдымен айналасындағыларға бақыт пен пайда әкелу қабілетінен көрінеді. Ол адамның сұлулық жасау туралы білімі туралы айтады. Сонымен қатар, ол мейірімділік, жауаптылық, жанқиярлық сияқты қасиеттермен тығыз байланысты адамның ішкі сұлулығының маңыздылығын атап көрсетеді.

Бірақ оның қолжазба мұрасының үлкен бөлігі қазіргі қоғамға тән этика, педагогика, психология, жаратылыстану және дін мәселелеріне арналған. Шын мәнінде, ол өзінің барлық шығармаларында ("казактардың бүгінгі кәсібі туралы", "жазу", "ғылымға құрмет көрсету", "барлық жерде мен өмірлік серігімді іздедім" және т.б.) өз заманының элеуметтік, саяси және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғады, элеуметтік теңсіздік, ағартушылық, сөз бостандығы және тәрбие туралы айтты.

Қазір жас ұрпақ М.Көпейұлының заманындағы жастармен көптеген ұқсастықтарға ие. Олар сондай-ақ әлеуметтік теңсіздік туралы айтты, әрқайсысы сөз бостандығын қорғады, өз өлкесінің автономиясына қол жеткізді, олардың пікірлерін тыңдап, тыңдағысы келді, теңдік іздеді, ағартушылыққа ұмтылды, соғысқа қарсы болды және бүкіл әлемде бейбітшілік тіледі. Осы ұмтылыстардың барлығын сол кездегі жастар қазіргі жастармен біріктіреді[9].

Қазіргі жағдайда жастар құндылықтар әлеміне, өзін-өзі іздеуге, жеке басына деген көзқарасында үлкен ұтқырлық пен селективтілікпен ерекшеленеді. Олар сүйіспеншілікке, отбасына, достарына, адал және лайықты өмірге, ал біреу материалдық және әлеуметтік әл-ауқатқа ұмтылады. Бұл туралы М. Көпейұлы өз шығармаларында жазды. Ол өзін-өзі тану және жоғары рухани құндылықтарға ұмтылу адамға адам болуға мүмкіндік беретінін білді, бұл адамгершілікті қалыптастырудың жалғыз дұрыс жолы. Өзінің бірегейлігі мен бірегейлігі туралы Білім, оның шынайы табиғатының ашылуы, ең алдымен, адамның жүрегі арқылы өтуі керек, өйткені өзін-өзі таныған адам бәріне туған өлкеге, халыққа деген сүйіспеншілік, басқа халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтеу және құрметтеу туралы жеткізе алады. Әрине, жастардың әрбір өкілінің жеке өмірлік құндылықтары бар. Әрине, жастардың әр өкілінің өзіндік өмірлік құндылықтары бар. Кез-келген уақыттағыдай, жастар арасында лайықты да, азғын да адамдар бар.

XXI ғасырдың өзгеру уақыты ретінде сипатталуы кездейсоқ емес. Бүгінгі таңда қазіргі заманның негізгі проблемасы ұлттық мәдениеттің бірегейлігі мен бірегейлігін жоғалту болып табылады. Бұл уақытты жаһандану дәуірі деп сипаттауға болады. Бұл құбылыстың себебі мемлекеттер мен халықтардың тығыз өзара іс-қимылы болды. Олар оқшауланған және жеке дамуды тоқтатты. Кез-келген елде болған оқиға бірнеше минут ішінде бүкіл әлемде резонанс тудырады. Мұның себептерінің бірі байланыс құралдарының тез қалыптасуы болды. Жаңа технологияларды енгізу, жаңа техниканы меңгеру бүгінде рухани-құндылық өлшемінестырады, кітап оқуды іс жүзінде тоқтатқан жастар арасында жаңа адамгершілік көзқарастардың қалыптасуына ықпал етеді. Көркем және ғылыми әдебиеттер қысқартылған немесе электронды нұсқада оқытылады[1]. Жастар арасында қарым - қатынастың "жаңа нысаны" - Интернет арқылы хат алмасу енгізілуде. Сонымен бірге жаргон да енгізілуде, бұл тіл мәдениетін жоғалтуға әкеледі. Қазір әр түрлі жастағы адамдар бос уақыттарын компьютерде және телефонда өткізеді. Бұл жағдайда жаһандану қоғамның дамуын жеңілдетуге, оның санасын жоюға, қарым-қатынас проблемаларына, жалпы мәдени дайындықтың төмен деңгейіне, сауаттылықтың төмендеуіне әкеледі. Кейбір адамдар өздерінің интеллектуалды және инновациялық әлеуетін қайда қою керектігін білмейді, содан кейін олар күйіп, нашарлай бастайды, қоғам мен рухани құндылықтарға қарсы шығады[10].

Біздің ұрпақтың басты мәселесі, ана тілін білуге деген ұмтылыстың болмауы. Қазіргі ұрпақ оны түсінуге, үйретуге тырыспайды, көбісі қазақ тілі соншалықты маңызды емес және жақын арада жоғалып кететінін айтады. Өз

ұлтының тілін, мәдениетін білмеу рухани құндылықтың жойылуына әкеледі. Бұл мәселе мемлекеттік деңгейде патриотизмнің дамуына байланысты. Сондықтан мемлекет жастарды ынталандыру мақсатында мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыру, қызығушылық тудыру мақсатында өткізілетін оқыту курстарын, түрлі конкурстарды, олимпиадаларды, челленджерді ұйымдастырады.

Аннотация

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасы – бұл ақыл мен жүректің, сопылық мистицизм мен ұтымды-логикалық білімнің, философиялық публицистика мен лириканың бірігуі, бұл ішкі біртұтас білім екі шындықтың – поэтикалық және ғылыми шындықтың қиылысында логикалық мағыналардың «еншілесуінде» туады, олар осылайша жеке өмір сүруді тоқтатады, бірақ белгілі бір құндылық көзқарасына біріктіріледі, жеке тұлғаның еркін және жауапты шығармашылық таңдауын анықтайды. Бұл ретте адамгершілік жауапкершілік әрқашан бірінші кезекте қазақ философиялық ойының сипаты мен мақсатын айқындап отырды

Аннотация

В статье говорится, что духовное наследие Машхура Жусупа Копеева - это слияние разума и сердца, мистицизма и рационально-логического знания, философской публицистики и лирики, это внутреннее целостное знание рождается в «слиянии» логических смыслов на пересечении двух реальностей-поэтической и научной-которые, таким образом, перестают существовать индивидуально, но сливаются в некое ценностное видение, определяет свободный и ответственный творческий выбор личности. При этом нравственная ответственность всегда определяла в первую очередь характер и цель казахской философской мысли

Annotation

The article says that the spiritual legacy of Mashhur Zhusup Kopeev is a fusion of mind and heart, Sufi mysticism and rational-logical knowledge, philosophical journalism and lyrics, this inner holistic knowledge is born in the "fusion" of logical meanings at the intersection of two realities-poetic and scientific-which, thus, cease to exist individually, but they merge into a kind of value vision, determines the free and responsible creative choice of the individual. At the same time, moral responsibility has always determined, first of all, the nature and purpose of Kazakh philosophical thought

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер /Материалды баспаға әзірлеген Н.Жүсіпов //Ақ Орда. 1993. №2.-79-80 бб.
- 2.Жүсіпова Л.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - деректанушы. -116.
- 3.Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. -79 б.
- 4.Көпеев М.Ж. Таңдамалы. -91-96 бб.; В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. -Алматы, 1994.
5. Қазақ тарихынан.-Алматы, 1994.

Аюпова Айгуль Сериковна
Т.Айбергенов атындағы
№ 16 орта мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Педагог зерттеуші

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген, Абайдан кейінгі көрнекті қазақ ақындарының бірі, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда мол үлес қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына биыл – 165 жыл толып отыр. Жасынан ауыл молдасынан сабақ алып, 1870 жылдары Хамеретдин Хазіреттің медресесінде, 29 жасында Бұхарада оқиды. 1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болады. «Дала уәлаяты» газетіне хат-хабар, мақала жіберіп, тілші болған.

Мәшһүр Жүсіп 1887-90 жылдары Орта Азияны аралап, Самарқан, Ташкент, Бұхара қалаларында араб, парсы тілдерін үйреніп, Шығыстың классикалық әдебиетімен сусындайды. Осы жылдары көрнекті түрколог-ғалым В.Радловпен танысып, «ауыз әдебиеті» үлгілерін жинап, бастыру істерімен айналысады. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің 5 томын жинап «Мес» деген атпен бастырып шығарады. Қолжазбаның «Мес» атануы тегін емес. «Мес» – бес биенің терісінен істелген қымыз ашытатын ыдыс. Ондай ыдыс бүкіл қазақ зиялыларының бас қосатын ұлы дүбірлі тойларына арналып жасалатын болған.

Адасып осы күнде қазақ қалды,
Бұрыңғы ата-баба рәсімінен.
Жылқыға керек жерге егін салып,
Жер жырттып мұжық қалмас кәсібінен.

Жойылуға баратын жол тарылған соң,
Айрылды мал да, жан да несібінен.
Зынданда не бір шағбыз қазақ қалды
Ұлықтың қылған зорлық кесірінен, –

деп, XIX ғасырдың II жартысы кезіндегі Ресей империалистерінің қазақ халқына жасап отырған зорлық - зомбылығын ашына әшкерелейді. Зорлық-зомбылыққа шыдай алмай, бас көтергендерді Патша үкіметі түрмеге тоғытты. Бұған ақын «Қазағым оян!» бүкіл мұсылман болып бас қосындар, бір тілекпен, бір жүрекпен әділетсіздікке қарсы тұрындар!» – деп елді белсенді күреске шақырды.

Бір ниет дін қамы үшін бастаңыздар,

Бұрынғы араздықты тастаңыздар!
Сайландар депутатқа кісі тауып,
Айдалып, атылудан қашпаңыздар, –

деп, бас кетсе де, халық ісі үшін аянбай күреске шығуға бірігіңдер дейді. Осы көзқарасы үшін жергілікті әкімдер Мәшһүр Жүсіптің басқан ізін аңдуға белсене кіріседі.

«1904 жылы жаз айында Мәшһүр Жүсіп патша үкіметінің озбырлығынан қара халықты қалай қорғауға болады?» деп Баянауылдан Шыңғыстаудағы ұлы ақын Абайдан ақыл сұрап хат жазады. Мамыр айында Семей уезінің уряднигі Абайдың ауылына келіп, Абайдың үйіне тінту жасайды. Бірақ хатты таба алмайды. Бұл хат Абай сияқты қазақ зиялыларына да терең ой салған, патша әкімдерінің қазақ зиялыларына сенімсіз көзбен қарауына себеп болған сияқты. Көп кешікпей ұлы ақын Абай да дүниеден өтеді. Ақынның бұл шығармаларында қазақ халқына бостандық беру, елде мектеп-медресе ашу, жер мәселесі сияқты өзекті мәселелерді көтереді. Халық ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін, дастандар мен хикаяларды жинап бастырады. Бұқар жырау, Шортанбай, Шөже, Кемпірбай, Әсет, т.б. ақын-жыраулардың әдеби мұраларын хатқа түсіріп қалдырады. Қазақ халқы ұлт ретінде жоғалу қаупіне ұшыраған тұста ұлтты сақтап қалу үшін адамдарды жерінен, тілінен, дінінен ажыратпау міндеті алға шықса, Мәшһүр Жүсіп осы үш майданда да аянып қалмаған. Қазақ жерін сақтап қалу идеясы 1907 жылы Қазанда басылған 3 кітап «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екені» және ХІХ ғасырдың соңғы он жылдығында шығып тұрған «Дала уәлаяты» газеті беттеріндегі мақалаларда, сонымен қатар ел арасында кең тарап, той-жиындарда айтылып келген өлең-қиссаларында орын алған. Алайда елдік мүдде тұрғысынан әлі зерделенген жоқ.

Жастайынан бастап өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысқан фольклоршы. Мәселен, ақындар айтысының көп үлгілерін жинаған. «Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы», «Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсің қыз бен Заман қожа айтысы», «Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман Сабырбай айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман-Түбек айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Орманшы - Сақау ақын айтысы», «Қуандық-Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Керей-Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы», «Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман - Түбек айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы» тәрізді ақындардың сөз қағыстырулары Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында белгілі бір тәртіппен,

реттілікпен берілген. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлендер мен нақылдар және т.б. нұсқалары бар.

Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Ә.Диваев сынды ғалымдармен аты қатар жазылуға тиісті. Өйткені көптеген жанрдағы еңбектердің үлгілерін жинап ұсынған. Қолжазбаларында көптеген ақын жыраулардың өлең мен қиссалары, дастандары т.б. бар. Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т.б. тілдерді де біледі, әдет - ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады.

Келесі жылы Бұхарадан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Ясауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезді көреді. Онда да бірсыпыра уақыт болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен таныса келіп, Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кіші тауды басып, Есіл мен Нұраны мекен қылған жұртты аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса, деректер бойынша үшінші сапары 49 жасына 1907 жылмен сәйкес келеді.

Мәшһүр туралы деректерге сүйенер болсақ, ол туралы алғашқы мақала («Қазақ әдебиеті», № 2, 5 қаңтар, 1940 ж) жазылып, өзінің әділ пікірін айтқан адам – академик Әлкей Марғұлан. Сол өлкеде туып өскен академик жастайынан өлендерін жаттап, атағына тәнті болған ғалым, ақынның шыққан тегі өскен ортасы, шығармашылығы туралы мол мағлұмат береді.

Шығармашылығына орынды сын-пікір жазған әдебиет тарихының білгір маманы, ғалым – Бейсенбай Кенжебаев. Өзінің «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» деген еңбегінде Мәшһүр Жүсіпті демократтық-ағартушылық бағыттағы ақындардың бірі ретінде қарап, негізінде оның Қазанда жарық көрген (1917) үш кітабына жеке-жеке тоқталып, сөз етеді. Өзекті мәселелерді көтергенін, халықты оянуға, өнерге, мәдениетті, іргелі ел болуға шақыруын жоғары бағалайды.

1959 жылы өткізілген ғылыми-теориялық конференцияда ақынның әдеби мұрасы туралы баяндама жасаған І. Жарылғапов, Е. Ысмайлов, Ә.Қоңыратпеов, Ш.Кәрібаев, Б.Кенжебаев оның шығармашылығының құндылығын, әсіресе халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін аса зор бағалайды. Конференция соңында М. Әуезов қорытындылай келіп, толғақты мәселер төңірегінде бірнеше күдікті де күрделі мәселелерін шешуге әсерлі сөзбен аяқтайды. Оның қолжазбаларының құндылығын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегін ерекше атап өтеді.

Бүгінде Мәшһүрдің өлеңі деп жазылып жүрген кейбір өлең жолдары, мәселен *«Ең әуел керек нәрсе – иман»* деген, *«Ақырет істеріне илан»* деген. *Құдай кешер дегенмен іс бітпейді,* *«Иман шартын білмесе айуан»* деген сияқты насихат өлең жолдарын Ақмолла ақыннан алып, насихат ретінде ұсынып отырған. Яғни

М.Ж.Көпейұлы өз шығармаларында Ақмолла Мұхамедияровқа жиі сілтеме жасап, керек жерінде оның өлең жолдарына сүйеніп отырады. Кітапхана қорында төрт том асыл дүниесі жатыр. Бұл топтамада Бұхар, Көтеш, Үмбетей, Жанак, Марғасқа, Орынбай, Шортанбай, Түбек, Шөже, Шернияз, Абай, Сұлтанмахмұт сияқты ірі тұлғалардың мұралар бар» – делінген.

Мәшһүр Жүсіп 1930 жылы ұзақ ауырып, төсек тартып қалады. Осы кезде ақын өзіне арнап 4 бөлмелі кесене салдырады. Кітапхана, қонақ үй, асханамен қоса, төртінші бөлмені мәйітханаға арнайды. Ақын өзінің сүйегін жалбызбен жудырып, мәйітті мәңгі сақтауды өсиет етеді. Мәшһүр Жүсіп 1932 жылдың көктемінде дүниеден озады. Бейіті Баянауылдың күнбатысына қарай 35 шақырым жерде, Шілікті деген төбе басында, Ерейментау – Астана жолының бойында орналасқан. 1936 жылға дейін көпшілік қауым Мәшһүр Жүсіптің басына зиярат етіп, түнеп, қой сойып, құран бағыштап, мінәжәт ететін болған. Мәшһүр Жүсіптің бейіті 1936 жылға дейін әулие атанып келеді де, сол жылдары Баянауыл аудандық партия комитетінің І-хатшысы Хисмуддинов деген татар азаматы бұл жолды бюльдозермен бұздырып, бейітке 2 милициядан тұратын күзет қояды. Көп кешікпей І-хатшы қызметінен алынып, бір аяқ, бір қолынан сал болып қалса керек. Ел «әулиенің әруағы соқты» дегенді айтып аңыз етеді. Мәшһүр Жүсіптің бейіті бүгінде алғашқы қалпына келтірілген. Басында шырақшы бар.. 1959 жылдан бері ғана Жоғары оқу орындарында ғана оқытылып келе жатқан ақын шығармашылығы мен еңбектері жөнінде жылы лебіздер мен пікірлер айтылып келсе де, Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының кітап болып шығу ісі мен еңбектерінің зерттеулері әлі де терең зерттеулерді және талқылауларды (тәпсірлеулерді) талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс- Поиск» 2003 ж 184-190 б
2. Әлиханұлы Ж. «М.Жүсіптің әулеті» Егемен Қазақстан 2003 ж 14-20 б
3. Дәуітұлы С. «Халықтың інжу маржаны-ай» Қазақ әдебиеті 1992 ж 156
4. Дәуітұлы С «М.Жүсіп шежіресі» ұлт тағылымы 2002 ж №4 86-89 б.

Балгабаева Алия Еркулановна
Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп,
ағылшын тілі мұғалімі,
педагог – модератор, п.ф.магистрі

МӘШҺҮР ЖҮСІП МИРАСЫ ЖАНҒА АЗЫҚ, КӨҢІЛГЕ МЕДЕУ

Әдебиет – халықтың құлағы, көзі, сезімі. Халыққа батқан ауыртпашылықты алдымен оның сезімтал ақындары сезінеді. Халық басына төңіп келе жатқан қауіп – қатерді алдымен сезінетін де, одан шығар жолды іздейтін де ақынның сезімтал жүрегі. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ақындарының барлығы дерлік бодандықта мүлгіген, түрлі ішкі араздықтардан іріп – шіріп бара жатқан қазақ елінің мұндай ауыр жағдайдан шығар бірден бір жолы – халықты сауаттандырып, көзін ашу, сана – сезімін ояту, білім, ғылым, өнер арқылы теңдікке жету деген ағартушы – демократтық бағытта болды. Солардың бірі және бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің әртүрлі саласында қалдырған мол мұралармен қазақ әдебиеті тарихының аталған кезеңнен ерекше орын алады. Ол – қазақтың ауыз әдебиетінен өзіне дейінгі ірі ақындармен шығармашылығын білумен бірге, Шығыстың әйгілі классиктері Науаи, Фирдоуси, Сағди, Хафиз шығармаларымен де таныс болған. Олардан көп үйрене отырып, өзіндік ізденіспен жеткен білімнің арқасында көркем шығармашылықтың биігіне көтерілген ақын.

Ғажайып мұралармен халқының көңіліне ұялап «Мәшһүр» атанған. Жүсіп Көпейұлы 1858 жылы Қызылтуда, Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Тоғызға енді толған шағында қалың топтың алдына шығып, ауыз әдебиетінің озық үлгілері «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Ер Тарғын» т.б. сияқты лиро – эпостық жырларды мүдірместен жатқа оқиды екен. Оның өлеңіне риза болған Шорманның Мұсасы Жүсіпке «Мәшһүр» атағының таңылуына себепкер болыпты.

Орыс отаршылдығының өтінде қалған Қазақстанның солтүстік қиырында өмірге келген Көпейдің баласы Жүсіп ерекше қабілетті, алғыр болып өседі. Жастайынан өлең – жырға үйір болып, ауыз әдебиетінің небір үлгілерін жатқа толғайды. Осылайша елге аты шыққан Жүсіп сегіз жасынан «Мәшһүр» атанады. Он бес жастан бастап өлең шығара бастайды. Сөйтіп ақындық жолға біржола түседі. Жасынан ескіше хат таныған Жүсіп ислам әлеміне үңіледі. Шығыстың классикалық қисса – дастандарынан мол сусындайды. Орыс әдебиетінен де хабардар болады. Сөйтіп әлемдік руханият теңізінен өзіне керектісін ала білген Жүсіп шығысшыл да, орысшыл да, батысшыл да, діншіл де болып кетпейді. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қайшылығы мол қазақ қоғамының елдің ертеңін ойлаған

халық ақыны болып қала береді. Жүсіптің шығармашылығында шығыстың да, орыстың да, исламның да іздері сайрап жататындығы сол себептерден болса керек. [5,6]

Ақындық жолға ерте түскен Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде көбіне заман жайынан толғап, сол кездегі қазақтың қыңыр – қырсық мінезі мен қисық қылықтарын би – болыстардың берекесіз тірлігін өткір сынға алып, ел жайын күйзеле жырлайды. Халықты оянуға үндеп, бірлігі бекем, берекелі де азат, еркін ел болуға шақырады.

Мәшһүр Жүсіп Бұқара, Түркістан, Ташкентке бірнеше рет барып, білімін жетілдірген. Ол алғаш рет Бұқарадағы 1887 жылы 29 жасында барады. Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдеріндегі деректер бойынша ол 1895 жылы араға сегіз жыл салып ол жаққа қайта жолы түседі. Ақынның бұл екінші сапарының мақсаты да ғылым жолы еді. Ал, Бұқара, Ташкентке үшінші сапарының жөні бөлек. Мұның себебі, Мәшһүр – Жүсіп 1907 жылы жарық көрген үш кітабы үшін «Хал – ахуал», «Сарыарқаның кіндігі екендігі», «Тірлікте көп жасағаннан көрген бір тамшымыз» заңға ілігіп, ол кітаптары елге таратылмайды және осы кітаптарды бастырып шығарған Қазан қаласындағы Құсайыновтарға он екі мың айып салынады. Ақынның қамаушылар тізіміне ілігіп, ел ішінде жасырынып жүруі, Бұқара, Ташкентке үшінші рет сапар шегуі осыған байланысты. [8,9]

М.Ж.Көпейұлы поэзиясындағы басты сарын – қазақ халқының басына түскен ауыр халге ашыну, күйіну. Мәшһүр де Абай сияқты халықты іштей жегі құрттай жеп бара жатқан ел ішіндегі жағымсыз құбылыстарды, адамдардың жаман қылықтарын аяусыз сынайды, қиындықтан шығар жолды іздейді. [1, 8 б.].

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тақырыптық ізденістерге келсек, мұнда қоғамдық өмір тудырған замананың зәру мәселелері көрініс тапты. Соның ең негізгілері: дін, халықтың тұрмыс жағдайы, ұлт, жер мәселесі, білім, ғылым, еркіндік, азатшылдық, патшалық саясаттың қитұрқы әрекеттерін сынау жалпы адамзаттық ой – толғамдар т.б.

Ақын ел еңсесін басқан қараңғылықтың себебін білім жоқтықтан деп біледі. Сыртқы және ішкі азулылардың тісі мен тырнағының қатты бататындығын да содан деп түйеді. Алты бақан алауыздықтың түп төркіні сол надандықта жатқандығын терең сезінеді. Надандықтың тұманын түретін нұрлы сәуле білім екенін ақын аңғарып қана қоймай, соны ұлтының үмітіне айналдыруға тырысып, білімді насихаттауға бар күшін салады.

Медресені бітіргеннен кейін өз ауылында ұстаздықпен айналысады. Балаларға діни сабақ үйретумен бірге, оларды халықтың ауыз әдебиетіне, музыка өнеріне, қолөнерін үйренуге бейімдеп тәрбиелейді.

Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы! Осы бір ғазиз жанды еске алғанда оны бізге Құдайдың өзі берген, Алла Тағала халқымызға арнайы жіберген адам деп айтуға болады. Олай дейтініміз, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ жұртының ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихын, мақал – мәтелдері мен тұрмыс – салт дәстүрлерін және өнерін дәл осы кісі секілді тірнектей жинап өткен ешкім жоқ. Мәшһүрдің ақындығын, аузы уәлі шешендігін,

көріпкелдігін қосыңыз. Сондай – ақ, шағатай, парсы, араб тілдерінен хабардарлығын, «Дала уэлаяты» газетімен арадағы тығыз байланысын және атақты түркітанушы В.В.Радловпен шығармашылық тұрғыдағы қарым – қатынасын еске алыңыз...[2, 2-3 б.].

Мәшһүр Жүсіптің ел жайына, ұлт мәселесіне арналған өлеңдері азатшылдық, бостандық, еркіндік ұранына толы. Ол еркіндік пен әділдік үстемдік құрған елді аңсап қана қоймай, сол еркіндік пен әділеттілікке жеткізер әділетті жолбасшы да іздейді. Өлеңінде солардың өз көкейіндегі, өз ойындағы бейнесін сомдайды.

Бүгінгі күннің талабынан қарасақ та Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сол кездегі айтқаны бұл күнге де ескірмеген ескі сөз болып жеткенін байқаймыз. Жолбасшыға қатысты кешегі тілек те, бүгінгі талап та бір деңгейде шығып тұр. Кез келген өнер өлкесінде танылып жүрген жеке тұлғаның қай салада болмасын өзгеге ұқсамайтын, тек өзіне ғана стильдік қолтаңбасы анықталады. Сөз өнеріндегі қаламның қарымын анықтайтын өлеңдері мен өзіндік стилін қалыптастырған ақынның бірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

М.Ж.Көпеев шығармаларын оқып танысқан оқушысының ең әуелі байқайтыны ақын тілінің біршама халықтық тілге жақындығы. Ақынның бүкіл шығармашылығында үстемдік құрған өлең түрі – қара өлең. Халықтық поэзияның бұл өлең өлшемі авторға шығармаларында жоғары екпінді сеніммен оқушысымен идеялық байланыста болуға және ақынның өмірлік шындықты баяндау тәсіліне өте бейімді болып келеді.

Ақынның поэзиясы өзінің стилдік жүйесінде тілдің әр түрлі лексикалық коммуникативті деңгейінде түсінікті де орынды қолдана білуімен ерекшеленеді. Метасемантикалық функционалды, лексика, теологиялық негіздегі символдық образдар, діни мифологиялық, діни психологиялық мотивтер Мәшһүр өлеңдерінің көпшілігінде кездесіп отыратындығымен, ақынның исламдық философия ағартушылық тенденциясында қалыптасқан ойлау жүйесі мен берік дүниетанымының жанама куәсі болып табылады. Мәшһүр Жүсіптің діни өміртанушылық рухы мен танымы айқын аңғарылатын өлеңдеріне: «Қара өлең», «Үш рет сөз», «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі», «Адам екі түрлі», «Қалмады ойлай – ойлай басымда ми», «Түркістан. Ташкент сапар хикаясы», «Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста», «Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы», «Анама хат» сияқты өлеңдер жатады.[8,9]

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының басым көпшілігі құрылымдық жағынан сюжетті – баяндау тәсіліне құрылған. Бұл оның өз өлеңдері арқылы халықтық сананың қалыптасуы мен таным түсінігіне ықпал жасауында моральды – дидактикалық қызмет атқарады.

Ақынның бүкіл өлеңдерінің бүкіл желісінен ерекше назарға ілінетін жайт, ол – ақынның кейбір тұрақты тіркестер мен мақал – мәтелдердің өңін өзгертсе де, сол қалпын сақтаған күйде де өте мол қолданылатындығында.[3, 52 б.].

Мәшһүр шығармалары тек идеялық – тақырыптық жағынан ғана қазақ әдебиеті антологиясына қосылған мол мұра болып қоймай, сонымен бірге

көркемдік ерекшеліктермен де ескерусіз қалмайды, ал ақын ретінде творчестволық биікке көтерілген, өзінің әдебиеттегі әсемдік әлемін, өрісті өлеңімен өзінің ақындық портретін орнатқан ақынның әдеби мұраға қосқан көркем дүниелерімен де ерекше бағаға лайықты.

Мәшһүр Жүсіп қазақтың текті туған тұлғаларының бірі. Оның өмір бойы әдебиетке сіңірген үлесі ұшан теңіз. Ілім – білімге деген зор құлшынысы халықты түзу жолға шақыруға итермелеп, артынан мол мұра қалдыруға ықпал етті. Оның халық ауыз әдебиетіне деген зор ықыласы құнды қазынамыздың қаймағы бұзылмай келер ұрпаққа аманатталуына түрткі болды.

Мәшһүр Жүсіптің есімі кезінде елге танымал болғанымен де кеңестік дәуірде кейінгі ұрпаққа мүлдем белгісіз болып келді. Оған себеп оның шығармашылығындағы сүйіспеншілік, отансүйгіштік, озбырлық, әділетсіздік атауға қарсылық, діншілдік сарындар болатын. Неоколониализмнің бір түрі Советтік Социалистік республикалар Одағының саясатына коммунисттер басшылыққа алған түбінде социализм жеңбей қоймайды, коммунизм салтанат құрады дегенге саятын марксизм – ленинизм идеологиясының бағдарламасына Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық болмысы сай келе бермейтін. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы кеңестік кезеңде өзіне лайықты бағасын алмақ түгілі, қуғын көрді. Егеменді ел болған соң барып ақынның артына қалдырған әдеби мұрасымен толық танысуға мүмкіндіктер туды. Халқының рухани байлығына айтулы үлес қосқан тарихи тұлғалардың бірі екендігіне көзіміз жетті.

Қазақтың маңдайына біткен текті азаматтың арманы халықтың қал жағдайының дұрысталып, көзі ашық, көкірегі ояу болуы. Білімді ерекше дәріптеген жанның мол мұрасы өте құнды жәдігер.

Қазақ халқы қашан да Мәшһүр Жүсіпті төбесіне көтеріп, дәріптей бермек. Елі үшін талай тер төккен жанның үміті бүгінде ақталып, еліміз дамудың даңғыл жолына түсіп, білімге айрықша ден қойған. Бабалар арманы орындалып, білімді жастар аманатқа қиянат жасамай, халықты одан әрі гүлдендіре бермек.

Аннотация: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ әдебиеті саласында өзіндік үні бар, көптеген мол мұра қалдырған майталман. Оның зерттеген еңбектерін кеңінен тану аса үлкен қажеттілік. Ұлы тұлғаның қай шығармасын алсақ та терең ой мен бай әдеби сөздік қорымызға назар аударамыз. Олай болса зерттеу жұмысына таңдалған тақырып аса өзекті. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына тереңінен бойлай отыра, қазіргі қоғамға қажетті үлгі – насихатты дәріптеуімізге болады. Оны тіл дамытуға, ұлттық құндылықтарымызды қадірлеуге, білім беру барысына пайдалануға мүмкіндік береді. Ғылыми мақалада ақынның өмірбаянын, халқы үшін сіңірген еңбектерін жан – жақты зерттеп, еңбектерімен толығырақ танысу басты назарға алынған. Өлеңдеріндегі негізгі бағытты айқындап, мағынасы зерделеу, қазіргі қоғаммен байланыстырып, қорытынды шығару көзделген. Аталмыш зерттеу жұмысы үлкен мәнге ие. Оның тағылымды тәрбие мен мол

білімге негізделген тұстары өте көп. Біз тұлғаның тарихына үңіле отыра, ілім мен білімнің қаншалықты маңызы жоғары екендігін айқын аңғарамыз. Оған қоса өнер мен мәдениеттің тұтас ел үшін маңыздылығы да тілге тиек етіледі. Зерттеу жұмысын жан – жақты талдау арқылы ұлттық құндылықтарға мән беріліп, ақынның шығармашылығы арқылы халықтың айшықты ойлары ортаға салынды.

Аннотация: Знаменитый Жусуп Копеев занимает особое место в области казахской литературы. Широкое изучение его трудов - большая необходимость. Какое бы произведение мы ни взяли, мы видим глубокие мысли и смысл. В этом случае выбранная тема для исследования очень актуальна. Глубоко изучая творчество знаменитого Жусупа Копеева, мы можем популяризировать пропагандистский пример современного общества. Есть возможность использовать ее для развития языка, уважения национальных ценностей, образования. В научной статье особое внимание уделяется всестороннему изучению биографии поэта, его заслуг перед народом, ознакомлению с его трудами. В стихах предполагается определить основное направление, изучить смысл, связать с современным обществом и сделать выводы. Данное исследование имеет большое значение. У него много направлений, основанных на воспитании и знаниях. Мы, оглядываясь на историю личности, четко понимаем, насколько важны наука и знания. Кроме того, подчеркивается важность искусства и культуры. Всесторонне проанализировав исследовательскую работу, акцент был сделан на национальных ценностях, творчество поэта определило основные принципы народа.

Abstract: The famous Zhusup Kopeev occupies a special place in the field of Kazakh literature. A wide study of his works is a great necessity. Whatever work we take, we see deep thoughts and meaning. In this case, the chosen topic for the study is very relevant. By deeply studying the work of the famous Zhusup Kopeev, we can popularize the propaganda example of modern society. It is possible to use it for the development of language, respect for national values, education. The scientific article pays special attention to a comprehensive study of the poet's biography, his merits to the people, familiarization with his works. In verses, it is supposed to determine the main direction, study the meaning, connect with modern society and draw conclusions. This study is of great importance. He has many directions based on education and knowledge. We, looking back at the history of the individual, clearly understand how important science and knowledge are. In addition, the importance of art and culture is emphasized. Having comprehensively analyzed the research work, the emphasis was placed on national values, the poet's work determined the basic principles of the people.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ысқақұлы Д.Әдебиет алыптары. – Астана: «Фолиант», 2004. – 304 бет.
2. Ана тілі газеті. Мәшһүр – Жүсіптің әулеті. Автор: Аупбаев Ж.
3. Қонарбаева А. Ағартушы – ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2014 – 80 б.
4. Шығармалары Көпейұлы, Мәшһүр Жүсіп; араб жазуынан ауд., құраст. Г. Қ. Жүсіпова- Павлодар: ЭКО, 2008.
5. Мәшһүр Жүсіп - Іліми жақ: монография Тұрышев Айтмұхамбет Қасымбайұлы; С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті; Мәшһүртану ғылыми - практикалық орталығы - Павлодар: ЭКО, 2013.
6. Мәшһүр Жүсіп - Қадым жақ [Мәтін]: тарихи - эпикалық монография Тұрышев Айтмұхамбет Қасымбайұлы; С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті; Мәшһүртану ғылыми - практикалық орталығы - Павлодар: ЭКО, 2013.
7. Мәшһүр Жүсіп - Асыл жақ: тарихи - эпикалық монография Тұрышев Айтмұхамбет Қасымбайұлы; С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті; Мәшһүртану ғылыми - практикалық орталығы - Павлодар: ЭКО, 2013.
8. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]/ Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп ... – Алматы: ел - шежіре, 2010.
9. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы; С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті; Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, құраст., ауд. Н. Қ. Жүсіпов. - Алматы: Алаш, 2006.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Қазақ ауыз әдебиетінде өзіндік ерекше қолтаңба, артына өшпес мұра қалдырған жандардың бірі-Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүрдің азан шақырып қойған аты-Адам Жүсіп екендігі бәрімізге белгілі. Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл өңірінде 1858 жылы дүниеге келген бабамызға «мәшһүр» есімі қалай берілді? Тоғыз жасынан дастан-қиссаларды айтып, ел көзіне түсе бастаған шақта өз заманының танымал тұлғасы Мұса Шорманұлы жас баланың тақиясына үкі таққызып, «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен», -деп атаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының даналық дариясына араб-парсы елдері мен қазақ халқының озық мәдениеті бастау болды. Орта Азияның алдыңғы қатарлы медреселерінен дәріс алған атамыздың еңбектеріндегі пәлсапалық терең толғаулары, табиғаттың тылсым күштерін шебер бейнелеуі- оның білім мен дінді насихаттағаны бізге түсінікті еді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгерген және өз бетімен оқып ізденген. Төрт жыл бойы Бұқара қаласындағы Көкілташ медресесінде білім алып, Орта Азиядағы араб, парсы тілдеріне жетік білімді жандардың бірі болып шықты. Ол шығыс поэзиясының биік парасатын діншілдік санасыздықтан айыра білді және халық зердесін оятуға тырысты.

Қазақ зиялыларынан да басқа да жетік тұлғалардың болғаны бізге тарихтан белгілі. Солардың бірі-өз кезегіндегі зиялы қауымның өкілі, ақын-фольклоршы, тарихшы, діншіл-философ Мәшһүр Жүсіп. Мәшһүрдің педагогикалық-психологиялық ой-пікірлеріне алғаш баға беріп, зерттеген белгілі ғалым Қ.Б.Жарықбаев болды.

Қазақ ауыз әдебиетінің тарихы- арнайы зерттеуді қажет ететін мәнді тақырыптардың бірі. Ауыз әдебиеті үлгілерін жан-жақты жинаған басты тұлғалардың бірі-Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар.

- ❖ Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы;
- ❖ Екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі;
- ❖ Үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері.

Негізгі бөлім.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында тұрмыс-салт жырларының отыз шақты, аңыз-әңгімелердің екі жүздей үлгісі, ертегінің он шақты, жырдың төрт үлгісі, қисса-дастанның он бір, жаңылтпаш, ақындар айтысының жиырма бес нұсқасы, ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары берілген.

Ақынның шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдары, күлдіргі сөздерінің топтамалар жинағы да бар екендігі белгілі. Ол өзі жинаған ауыз әдебиетінің үлгілерінің біразына сипаттама беріп отырған. Оған дәлел, «Ғылым-білім» кітабы 129 сахифадан тұрады және оның ішінде 12 айт, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар дейді. («Сахифа»- араб сөзі «бет», «парақ», «газет» деген ұғымды білдіреді.)

Мәшһүр жинаған «Беташар», «Келіншекке өсиет», «Ақ бата», «Өтірік өлең», Азаматтар шоралар», «Қожамберді айтты», «Қара өлең», «Қойгелді» т.б. туындылар белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Радловтың 1870 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты кітабындағы үлгілерімен сәйкес келеді.

Ал, ақынның «Мес» жинағында көне мұрамыздың жәдігерлері көздің карашығындай сақталынып, бізге жеткен. Көпті көріп, көп оқыған білгір ақын асыл мұралардың «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Мақал-мәтелдер», «Батырлар жыры» сияқты түрлерін хатқа түсіріпті. Ақынның көне мұраны жинаудағы орасан еңбегі деп ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Ұлбике, Күдері Қожа, Жанак ақынның сақталған жыр-толғауларын атар едік.

Мәшһүр «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында қазақтардың орыстарға қарсы сезімін ояту мақсатымен ол қазақтар мен орыстар арасындағы қарым-қатынасты анықтап, айшықты көрсетті. Ол өзінің өзіндік пікірінде қазақ жерінде қоныстанушы орыстардың үстемдігі туып отыр, қазақтардың бақытсыздығы қазақ далаларына орыс тәртібінің енгізілуімен байланысты дегендей өз көзқарасын білдірді.

Мәшһүр Жүсіптің діни фәлсафасына келсек дінге насихаттау, халықты Аллаға құлшылық етуге, дін жолына түсіп оны үгіттеу, жалпы ұлттық болмыс-бітімді сақтаудың бір барысы болғаны шындық. «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» атты өлеңінде былай дейді :

Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,

Ерлердің күш қосындар ерлігіне.

Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,

Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне.

Ақын өлең жолдарында бірлік идеясын ортаға салады. Бұл маңызды тақырып. ойткені бірлік тұтқасы-дін. Ұлттық бірлігі болса тіршілік бар екендігі сөзсіз. Алғашқысында ұлттық бірлігі жөнінде ой қозғалса, кейінгісінде мұсылмандық бірлігі. «Бірлігі мұсылманның – ынтымағы» -деген ұран сөздерімен іспеттес ой тастап, жай үндеу емес, тікелей іс-қимылға шақырады.

Ынтымақ, ауыз бірлік қылу үшін,

Бас қосқан мұсылманның білімдісі.

Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды,

Жолдас бол, сынап алып қостасыңды.

«Дін» ұғымын Мәшһүр Жүсіп халықтың рухани болмысымен, білік – танымымен сабақтас алып қарайды. Халықтың белгісі – сол елдің рухани – танымдық санасының ең жоғарғы мәдени тіректеріне саналатын тіл, дін, ділден алыстауы. Ал ер- жұрттың сол уақытта айрықша рухани күйзеліс кезеңін бастап кешіргені еш талассыз шындық.

Мәшһүр Жүсіп жинаған көл-көсір дүниенің бір тобын іріктеп, «Мес» жинағындағы асыл қазынаны бірінші рет жинақтап, бізге ұсынған Сәрсенбі Дәуітов болатын. Ол осы жинақта берілген материалдарды алты топқа жіктейді:

Тұрмыс-салт жырлары	Аңыздар	Ақын-жыраулар мұрасы	Айтыстар	Ертегілер	Батырлар жырлары
Төрт түлік жырлары Жар-жар Беташар Жаңа түскен келінге ақ тілеу айту Келіншекке өсиет Жоқтау Бопының қарындасының күйеуі өлгенде жоқтағаны Тәттіні жоқтау Өтірік өлең Қаршығаны мақтағаны Кім айтқаны белгісіз? Бөдененің жатқан жері	«Бұл қазақ қай уақытта?» Бөлтірік би «Бір адамның...» «1721 жылда» Ер Едіге «Бір Алтынбел деген..» «Бір жаман өзіне де...» «Адам баласында бір табиғат бар». «Адам қалай болғанда адам болады?» т.б.	Жанкелді ақын Мәделі Қожа Шернияз Бұқар жырау	Қайымдасу кімнен басталды? Ұлбике мен Күдері қожа Ұлбике мен Жанкелді Қыз бен жігіт Ақбала мен Боздақ Шөже мен Балта Жанкелді ақын Мәделі Қожа Шернияз Бұқар қожа Қыз бен жігіт Ақбала мен Боздақ Шөже мен Балта	«Алтынбас...» «Еңсегей бойлы ер Есімнің ертегісі» «Желкілдек»	«Сайын батыр»

Ақын қаламынан туған өлеңдері өлеңдері бірнеше түрге жіктеледі:

Аңыз өлеңдер немесе рауаяттар, тұспал өлеңдер, сапар өлеңдері, арнау- жоқтаулар, нақыл өлеңдер, ишарат өлеңдер, насихат өлеңдері, сын өлеңдері, жырлар, хат өлеңдері, айтыс өлеңдері, еркін үлгідегі өлеңдер, аңыз дастандары және 70 баптан тұратын рауаят-дастандары.

«Өсекті қожа менен молда айтады, басқадан олар тіпті оңды айтады»-деп күлетіні де сондықтан. Өз заманында тура мінезді болып, әділдікті ту еткен, ақты қара, қараны ақ демегені үшін ел билеушілерге жақпаған.

Біз, бұл жерде әрі ақын, әрі ғалым әдебиетшінің қазақ фольклорын жинау, жүйелеу жөніндегі еңбектеріне тоқталып өтсек...

Ақынның адамгершілік, азаматтық туралы жазылған туындысы «Гүлшат пен Шеризат» дастанында жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, жарық пен қара түнек қабаттаса жүреді, адалдық жеңіп отырады.

Мәшһүр Жүсіп көп уақыт бала оқытумен айналысады. Орталық, солтүстік өңірлерде болып, ел тарихын, әдебиет үлгілерін, этнографиялық материалдарды жинақтап, Бұқар жырау шығармаларын жинап, жазып бізге мұра қылып қалдырды.

Сәбит Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» атты белгілі кітабында Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы еңбегін жоғары бағалайды. «XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам-Мәшһүр Жүсіп. Бұқардың жырларын алғаш жазып алған қазақ жерінде Мәшһүр Жүсіптен басқа бұрын-соңды ешкім болмаған»-деп баға береді.

Сонымен қатар, Шоқан Уәлиханов өзінің орыс тілінде жарияланған шығармалар жинағында «Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны» деп аталатын бірнеше өлеңін келтіреді. Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған. Ол тілек: қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы.

Мәшһүр қазақтың көптеген білікті тарихи адамдарымен кездесіп, олар туралы құнды пікірлер жазып қалдырған. 1925 жылы Қажымұқанды кездестіріп, дос болған. Қазақтың маңдайына біткен әншісі Ақан серімен бірнеше кездесіп, оған «Ақан сері адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлшы жібегі»-деген баға береді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бойына біткен даналықтың өткір қанжардай жан-жақты екеніне көз жеткізгенімізге біраз уақыт болды. Біз, оны «әулие» десек те, әулиелілігі жөнінде көп айта қоймаймыз. Оған дәлел, -Мәшһүр Жүсіптің білмейтіні жоқ екен,-деп тамсанып отырған ұлы Әбдірахманға Абай:

-Шәкәрім мен Мәшһүр құрдас. Екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Дегенмен де, ол ақын болғанымен құдайға жақын. Сондықтан, Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой,-десе керек.

Ал, Мәшһүр Жүсіп:

-Ананы да, мынаны да ақын дейсіңдер. Мен білетін, ақындардың әулиесі Абай Құнанбайұлы сияқты өлең шығарған ешқайсысы жоқ, -деген екен. Бірін-бірі сыйлап өткен екі әулие, ұлттық сана сезімнің оянуына ұйытқы болған, жарқын талант иелері деп айтсақ, жалған айтпаған болармыз.

Ақын қайда жүрсе де, халқын еңбекке, оқу-білімге үндейді. Ол 1889-1894 жылдар аралығында «Дала уәлаяты» газетінде оннан астам проблемалық материалдар, «Айқап» журналының 1912 жылғы санында екі көлемді мақала жариялайды.

Атақты ақын Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі- екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теңіз. Ақын 1906 жылы «Қанды жексенбі» атты өлең жазып, бұл тақырыпта бірінші болып қалам тартты:

*Орысты туған бауыр есептедім,
Жыланды келіп қондым мұжығына,-деп
Қазан төңкерісіне дейін бірінші айтқан.*

Толық пайғамбар жасына келгенінше Мәшһүр жиһан кезіп, қай жағынан болмасын өзінің толық кемеліне жеткен шағы еді. Біз, Мәшһүрді шежіреші, ақын, тарихшы деп білеміз. Алайда, ақынның ғылым-білім жайлы өзіндік көзқарасы да болған. Ғылым-білім жайлы:

*«Қылады әркім мазақ ғылымы жоқтан,
Надандар алмасуда білімі жоқтан», -деп*

жалпы қазақ жұртының оқымайтындарына қиналыс білдіреді. Солай дей тұра:

*Шаруаның берекесі кірмейді екен,
Мекен жай, қоныс қылар орны жоқтан», -деп*

біздің сол кездегі де, тіпті бүгінгі жайымызды да қолмен қойғандай айтады.

Ақын өз басының қамын әсте ойламаған. Бір сөзінде айтқан екен: «Егер мен байлықты мақсат етсем, осы күнгі байлардың қай-қайсысынан болсын асып түскен болар едім». Ақын сол үшін де:

*Байлар-ау, жиган малың жанның қасы,
Садақа беріп жүрсің, атаңның басы.*

Қолындағы мал-мүлік дүниелерің,

Кем-кетік кедейлердің сыбағасы», -деп олардың кедейлерді қанап отырғандығын ашып айтқан еді.

Ақындық пен шешендік-егіз өнер. Әдетте, қазақтың ақыны-шешен, шешені-ақын. Мәшһүр поэзиясы да шешендік өнерге жақындығымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, ақын өзінің тәлімдік-тәрбиелік идеяларын әсерлі жеткізу үшін айтыс түрінде де өлең жазған. Оған дәлел, ақынның «Жүсіптің тырнамен айтысы». Бұл айтыста тырна өзіне құрылған тордың қаупін бағаламай, торға түседі. Ақын тырнаның әрекеті арқылы әркім өз жөнімен жүруі керектігін тұспалдап жеткізу үшін бұл өлеңді айтыс түрінде жазады.

Мәшһүрді тек қана ақын, шежіреші, тарихшы, философ деп тануымыз. Алайда оның жиһанкез-саяхатшы, елдің этнографиялық хал-ахуалына, тұрмыс-тіршілігіне де баса назар аударғанын көп ескере бермейміз. Ақынның көріпкелдік, болжағыштық, дәрігерлік қасиеті де басым болған. Қарғысы қара тасты қақ айырса (бірақ оны қолданбаған), дұғасы небір апатқа дауа болған екен. Бойында осындай қасиеті бар абызымыз: «Бар еді деп жақсылармен жақындығым», -деп жанына игі жақсыларды үйірілте білсе, «Жаманмен ежелден жоқ мақұлдығым», -деп бойын аулақ салды.

Халық мұрасын жинақтаушы Мәшһүр атамыз: «Сияның құрамына мышияқты қосып зауытпен жазамын. Сонда менің қолтаңбамнан ешбір жазу көрінбей қалмайды және өшпейді», -дейді. Ол өзі айтқандай, өшпейтін сиямен күні-түні жаза берген, жаза берген. Ақынның өзі әр жазбасында тілге тиек етілген ақындарға да өз бағасын берген.

Ғайыптан айтқан сөздерінің барлығы да тура келіп отырған Мәшһүр бабамыз бізге берген тәңірдің ерекше жаратқан әулиесі.

Мәшһүр Жүсіп-қазақ мәдениетінде, әдебиетінде өз орны бар тұлға. Оның қай шығармасы болсын, заман жайын тереңнен толғай отырып, ел арасындағы кертартпа мінездерді әшкерелейді. Өмірінің соңына дейін адалдық пен адамдықты, имандылықты ту еткен ақын 1931 жылы өмірден өтеді.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының ауыз әдебиетін жинақтаушы, ғұлама, қазақ халқының көреген ақыны екендігіне тоқтала отырып, ақынның өз дәуіріндегі тарихи тұлғаларға берген бағасын анықтау. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы- ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтай отырып, қазақ халқының тарихи тұлғаларына өз бағасын берген және шығармаларына арқау етіп, артына өшпес із қалдырған ақын, этнограф екендігіне сипаттама беру. Мәшһүр Жүсіп еңбектерін саралай отырып, жинақтарының ерекшелігі -өмір сүрген ортаның сырын ұғынуға жетелейтінін, адами ізгі қасиеттерге бастайтынын сезіндім.

Аннотация

Акцентируя внимание на том, что знаменитый Машһур Жусуп является собирателем устной литературы казахского народа, учёным, поэтом казахского народа, определить оценку поэтом исторических деятелей своей эпохи. Описать то, что знаменитый Жусип Копейули – поэт и этнограф, который, собирая образцы устной литературы, дал свою оценку историческим деятелям казахского народа и оставил неизгладимый след в своих произведениях. Особенность фрагментов, взятых из собранных и дифференцированных образцов литературы, состоит в том, что они ведут к пониманию тайн среды обитания, приступают к человеческим добродетелям.

Abstract

Focusing on the fact that the famous Mashur Zhusup is a collector of oral literature of the Kazakh people, a scientist, a poet of the Kazakh people, determine the poet's assessment of historical figures of his era. Describe the fact that the famous Zhusip Kopeyuli is a poet and ethnographer who, collecting samples of oral literature, gave his assessment of the historical figures of the Kazakh people and left an indelible mark in his works. We felt that the peculiarity of fragments taken from collected and differentiated samples of literature is that they lead to an understanding of the secrets of the living environment, and begin to human virtues.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әсет Пазылов «Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев», Екібастұз 2007 ж.

2. «Мәшһүр шығармаларындағы төрт түлік малға қатысты заттық мәдениет» әдістемелік құрал, Оразбаева Б.Қ. 2007 ж.
3. «Мәшһүр Жүсіп өмірі» Көпеев С.Ш., Павлодар 2000 ж.
4. «М.Ж. Көпеев танымы және тәлім-тәрбие мұралары», Ж.М.Саурықова 2017 ж.
5. Мыңжан Нығмет. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы : Жалын, 1994 . – 400 б.
6. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. Жиған-терген. 1-кітап. – Алматы : «Ана тілі» ЖШС. 2003. – 136 б
7. «Қазақ әдебиеті» оқулығы, 10 сынып, Алматы «Мектеп»2003 ж.

Әбілова Гүлсая Алдажарқызы
Астана қаласы
Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
ф.ғ. магистрі

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ТӘЛІМДІК, НАСИХАТТЫҚ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУ

Адамзат дамуында бағдаршам ретінде қызмет атқарып, адам баласының дүниетанымы қалыптасуы мен кемелденуінде үлкен рөл атқаратын құдыреттердің бірі – әдебиет екені дау тудырмайды деп ойлаймын. Қай халықтың болмасын ауыз әдебиетінен бастау алар сөз өнері ұрпақ тәрбиесінде, тәлім-тәрбие ісінде айрықша маңызға ие. Міне, осы тұрғыдан келер болсақ есімі алты алашқа белгілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын кейінгі ұрпаққа жеткізу, оны бастауыш мектептен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру сатыларында оқыту ісі де ерекше мәнге ие екендігімен көрінеді.

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығын насихаттауда, оны оқытуда қазіргі кезде көптеген олқылықтар кетіп жатқаны жасырын емес. Сонымен қатар, М.Ж.Көпейұлы өлеңдері, оның өмірдерегі, жалпы шығармашылығы туралы ғана шолу жасалып, оның шығармаларын жас ұрпақ тәрбиесі ісіне пайдалану да назардан қағыс қалуда. Бұл біз көтеріп отырған мәселенің көкейтестілігін, өзектілігін көрсетеді.

Осы тұста біз Мәшһүр Жүсіп шығармаларын оқыту тәрбие берумен қатар, тұтастырыла жүргізілуі керек екеніне назар аударамыз. Әлбетте М.Ж.Көпейұлы шығармаларын оқыту ісі тәрбие беру ісімен ұштастырыла жүргізілуі керек. Бұл тұстағы біздің пікірімізге Әбу-Насыр - әл - Фарабидің: «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы...» деген сөзі [3, 64.] тиянақ бола алады деген ойдамыз.

Енді Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының оқытылуы деген мәселеге келер болсақ, бұл тек жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарында ғана жүзеге асатыны жасырын емес және оның өзі шолу түрінде жүреді. Мұның өзі біз көтеріп отырған мәселенің өте көкейтесті, өзекті екенін көрсетеді. Егер біз жас ұрпақ бойында азаматтық, отаншылдық рухты қалыптастырамыз, соларға эстетикалық, ұлтжандылық, патриоттық тәрбие беріп, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын білгіземіз десек міндетті түрде Мәшһүр Жүсіп шығармалары оқытылуы керек екенін қайталай айтпақпыз.

Ақын, шежіреші, фольклор жинаушы, публицист, тарихшы, этнограф, ауыз әдебиетін зерттеуші, философ, ойшыл, ағартушы Мәшһүр Жүсіптің көп тілді меңгеріп, ислами білімнің биігін бағындырғаны белгілі. Енді осындай ғажап тұлғаның, ғылымның бірнеше салаларын өнермен тоғыстыра келешек

үшін, қазақ үшін тер төккен ғұламаның, ұстаз, энциклопедиялық білім иесінің шығармаларын оқыту ісі осы кезге дейін тар шеңберде қалып келе жатқаны сын көтермесі анық. Бұл жәйт те біздің бұрынғы кеңестік жүйе салған жолдан әлі толық шыға алмай келе жатқанымыздың бір көрінісі болса керек деген ойдамыз. Олай болса, оқу бағдарламаларында Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын оқыту белгіленбеген оқу орындарында бізге өзге жол іздеуге тура келеді. Бұдан біз ақын шығармаларын оқыту бағытын екі үлкен топқа бөле қарауға болатынын көреміз:

1. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарында М.Ж.Көпейұлы шығармаларын оқыту,
2. М.Ж.Көпейұлы оқу бағдарламаларында еңбеген оқу орындарында ақын шығармаларын оқыту.

Біз осыған орай екінші бағытқа көбірек назар аударамыз. Мәселен, орта мектептерде М.Ж. Көпейұлы шығармаларын оқыту дегенге келсек, оны да іштей бірнеше бағытқа жіктей аламыз:

1. Факультативтік сабақтарда,
2. Арнайы курстарда,
3. Қазақ әдебиеті үйірмелерінде,
4. Тілтану үйірмелерінде,
5. Оқырмандар конференциясы арқылы,
6. М.Ж.Көпейұлы шығармашылығына қатысты әдеби кештер мен дөңгелек үстел, пікір алысуларда,
7. Тәрбие сағаттарында
8. Мектеп тәрбиелік шараларында және т.с.с.

Бір қарағанда алдыңғы жеті бағыт нақты, ал соңғысы жалпылама көрінуі мүмкін. Ал, бұған ой сала қарасақ, кез-келген тәрбиелік шарада М.Ж.Көпейұлы шығармаларын пайдалануға болатынын аңғарамыз. Тәрбие түрлеріне қатысты өтер шаралардың, байқау, конкурстардың, жарыстардың барлығында ақын шығармаларын пайдалануға болады. Тіпті, спорт жарыстарында жеңімпаздарға берілер грамоталарда педагогтар мен ойшылдар сөздерінің орнына М.Ж.Көпейұлы өлеңдерінен үзіндіні цитат ретінде берсе де жаман болмас еді. Егер мектепте радиожелісі болса, одан үзіліс кезінде ақын өлеңдері оқылса, оның да оң ықпал-әсері болары анық. Біздің бұл көрсетіп отырғанымыз өз болжамымыз ғана, бәлкім, мұны ары қарай дамыта түсуге де болатын болар. Бұлардың әрқайсысын жоспарлы түрде жүргізгенде ғана жұмыс нәтижелі болмақ.

Орта мектепте М.Ж.Көпейұлы шығармаларын оқытуда, әрине, оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі керек. Сонымен қатар, оларға оқытылар өлеңдер таңдалып алынғаны дұрыс. Мәселен, оның діни дастандары оқушылар үшін артық болары анық, керісінше оның тәлімдік, насихаттық өлеңдері біздің мақсатымызға дәл келеді.

Сол сияқты орта мектепте оқу бағдарламасына сай халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру кезінде оқулықта берілген шығармалармен қатар

М.Ж.Көпейұлы жоқтауларынан, айтыстарынан, арнау өлеңдерінен мысалдар алына өтсе мұның да оң нәтиже берері анық.

Енді М.Ж.Көпейұлының тәлімдік, насихат өлеңдерін оқыту деген мәселеге келер болсақ, бұл тұста сол шығармалардың мазмұнына ерекше назар аудару керек. Сонымен қатар оқушыларға бұған айрықша көңіл бөлу керектігін ескерте отырып, бірнеше топта қараған жөн. Мысалы:

1. М.Ж.Көпейұлының ишарат өлең түріндегі тәлімдік, насихаттық шығармалары,
2. М.Ж.Көпейұлының жұмбақ өлең түріндегі тәлімдік, насихаттық шығармалары,
3. М.Ж.Көпейұлының арнау өлең, жоқтау, хат өлеңдері түріндегі тәлімдік, насихаттық шығармалары,
4. М.Ж.Көпейұлының үгіт, насихат түріндегі тәлімдік шығармалары.

Мысалы ақынның:

«Бір үйге көп қараймын тамаша етіп,
Ұстаға соны салған көңілім кетіп.

Алыстан анадайдан түсіп көзім,

Қасына шыдай алмай бардым жетіп», - деп [2,3.] басталатын ишарат өлеңінің негізгі идеясы ілімге, білімге үндеу. Солай бола тұра бұл өлең діни-философиялық поэзияның үздік үлгісі де.

«Қымыздың құнын саба білсін қайдан,

Оған бір бас – қымыз бен, іркіт, айран.

Біледі шөлдеп, шаңқап ішкен ауыз

Ынтығы құрып соған анадайдан», - деген [2,7.] бір шумақтың өзінде

қаншама ой, тәлім жатыр. Сол сияқты ақынның «Қанағат туралы жұмбақ өлең» атты шығармасы мен сол жұмбақтың «Шешуінде» адам баласы үшін сабыр, қанағаттың үлкен қасиет екені айтылып, жұртты сабырлы, қанағатшыл болуға шақырады. Өлеңде жұмбақтың өзі аңыз түрінде беріледі.

М.Ж.Көпейұлының «Қолыма қағаз, қалам алайын да» атты өлеңі таза насихаттық шығарма. Солай бола тұра бұл өлеңде де тұспалдап айту, ойды мәтін астарында жеткізу де аз емес. Өлең ақынның діни-философиялық өлеңдерімен сарындас, өзектес. Солай бола тұра, адам баласы тіршілігінің мәні неде екенін аңғартып, адам мен қоғам, адам мен адам қатынасы мәселелеріне қатысты ой түйеді және оны ислами дүниетаныммен байланыста қарайды.

«Бұлбұл құс гүлстанда гүлге ғашық,

Көбелек, сірә, жүрмес оттан қашық.

Көлеңке денесінен қайда кетсін

Өлең-жыр бізге сондай болған машық.

Ойласаң бұл жалғаннан кетпеймісің,

Мезгілсіз келсе мейман, күтпеймісің.

Хан-қара, бай-жарлының бәрі де өткен

Жалғаннан сен де бір күн өтпеймісің?», - деген [2,120.] екі

шумақта

біраз ой жатыр. Адам өмірінің өлшеулі екендігі, күні жеткенде хан да, қара да, бай да, жарлы да өмірден өтерін айтқан ақын өзінің өлең-жырға көзқарасынан да хабар бере өтеді.

«Бұ дүние – айсыз бұлт, қараңғы түн,

Жалған сөз – ер жігіттің бойына мін.

Жалғанға жетемін деп қуа берсең

Таң атып, жарық сәуле, шықпайды күн», - деген [2,123.]

шумақтың

да көтеріп тұрған жүгі аз емес. Біріншіден, мұнда ашық айтылып тұрған тәлімдік «Жалған сөйлеудің жігіттің бойына мін екендігі», «Дүние қуа берсең көп нәрседен құр қаларың, көкірегің қараңғыда қалары» ойлармен қатар, мәтін астарында бостандықты, ел тәуелсіздігін күнге, езгіде, қанауда қалуды түнге балай астарлай ой айту да бар.

Жалпы мұны осылай жалғастыра беруге болады, алайда, біз жоғарыдағы пікірімізге осы айтылғандар да жеткілікті дәйек бола алар деген ойдамыз. Біз бұл тұста ақынның насихаттық, тәлімдік өлеңдерін орта мектеп жағдайында оқытуға байланысты бірнеше мысалдар алдық. Осылардың өзінен-ақ жастар үшін керек қаншама тәлім-тәрбие барын анық аңғаруға болады.

М.Ж.Көпейұлының тәлімдік, насихаттық өлеңдерін оқытуда тек бір бағытта, яғни, тек әдебиеттану бағытынан келгеннен гөрі, тілтану бағытын да ұштастырып, әдеби және тілдік талдауларды қатар жүргізудің де айтарлықтай жақсы нәтижеге қол жеткізері анық. Басқасын айтпағанның өзінде М.Ж.Көпейұлы шығармаларында кездесер араб, парсы сөздерінің мағынасын түсіндіре өтудің өзі білім алушыға қажетті мол ақпараттар берері даусыз.

М.Ж.Көпейұлының тәлімдік, насихаттық өлеңдерін оқытуда инновациялық технологиялардың айтарлықтай көмек берері де белгілі. Оқытудың түрлі әдістерін пайдалана, интерактивті тақталар, компьютерлік құрылғылар және т.с.с. жабдықты оқыту технологиялары арқылы дәрістер өтудің, тәрбиелік кештер өткізудің берері мол болары сөзсіз.

Біз бұл еңбекте М.Ж.Көпейұлының шығармаларын, оның насихаттық, тәлімдік өлеңдерін орта мектепте оқыту, тәрбие ісіне қолдану жағдайларын аштық. Ал, оның өтілу әдістері өз алдына бөлек мәселе.

Ойымызды түйіндей айтар болсақ, жас ұрпақ бойында азаматтық, адамдық болмыс пен өр рух, ұлтжандылық, имандылық, білуге, ілімге, өнерге құмарлық, отаншылдық, адами кемелдікке ұмтылу дағдыларын қалыптастыруда М.Ж.Көпейұлы шығармаларының алар орны ерекше. Ал, оны оқыту, тәрбие ісінде пайдалану бүгінгі күннің талабы – деген қорытынды жасаймыз.

АННОТАЦИЯ

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының қазіргі кезде оқытылуына, насихатталуына баға беріліп, бұл істің олқылықты екені аталып өтеді. Сонымен қатар, М.Ж.Көпейұлы өлеңдері, оның өмірдерегі, жалпы

шығармашылығы туралы ғана шолу жасалып, оның шығармаларын жас ұрпақ тәрбиесі ісіне пайдалану да назардан қағыс қалып келе жатқаны сөз болады. Бұл көтеріліп отырған мәселенің көкейтестілігін, өзектілігін көрсетеді. Соған сай, осы көкейтесті мәселеге шешім ретінде ақын шығармаларын орта мектепте оқытудың бағыттары нақтыланады, мақсаты айқындалады. Мәшһүр Жүсіптің тәлімдік, насихат өлеңдерін оқыту мәселесіне тоқталып, оқушылардың танымдық ерекшелігіне сай бірнеше мазмұндық топқа бөліп қарастыру ұсынылады. Ақын шығармаларын тек оқу ісінде ғана емес, тәрбие ісінде де пайдалану керектігі және оны жүзеге асыру жолдары атап өтіледі. Сонымен қатар, ақынның тәлімдік, насихаттық өлеңдерін оқытуда әдеби, тілдік талдауларды қатар қолдану керектігі көрсетіледі. Ақынның насихаттық, тәлімдік өлеңдерін жас ұрпаққа оқыту қажеттігі мысалдар арқылы түсіндіріліп, дәлелденеді.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается и оценивается текущее состояние преподавания и пропаганды творчества Машхура Жусипа Копейулы. Автор статьи подчеркивает наличие недостатков в современном подходе к изучению и популяризации творчества Копейулы, а также предлагает возможные решения для улучшения ситуации. Статья рассматривает проблему отсутствия учебного материала, неизученность творческого наследия М.Ж.Копейулы и его недостаточное использование в воспитании молодого поколения. Автор подчеркивает актуальность данной проблемы и предлагает направления преподавания творчества Машхура Жусипа в средней школе, определены цели этого обучения. В статье предлагается обратить внимание на проблему преподавания учебно-воспитательных стихов Машхура Жусипа, и рекомендуется разделить их на несколько содержательных групп в соответствии с когнитивными особенностями учащихся. Отмечается, что произведения поэта должны использоваться не только в образовании, но и в просвещении, а также предлагает способы их реализации в средних образовательных учреждениях. Основная мысль статьи заключается в необходимости эффективного использования учебно-воспитательных стихов Машхура Жусипа для достижения образовательных и просветительских целей. Объясняется и доказывается на примерах необходимость преподавания пропагандистских и воспитательных стихов поэта подрастающему поколению.

ANNOTATION

This article examines and evaluates the current state of teaching and promoting the work of Mashkhur Zhusip Kopeiuly. The author of the article emphasizes the presence of shortcomings in the modern approach to the study and popularization of Mashkhur Zhusip's work, and also offers possible solutions to improve the situation. The article examines the problem of the lack of educational material, the

lack of knowledge of the creative heritage of M.Zh.Kopeiuly and its insufficient use in the education of the younger generation. The author emphasizes the relevance of this problem and suggests directions for teaching the creativity of Mashkhur Zhusip in secondary school, the goals of this teaching are determined. The article proposes to pay attention to the problem of teaching educational poems by Mashkhur Zhusip, and it is recommended to divide them into several content groups in accordance with the cognitive characteristics of students. It is noted that the poet's works should be used not only in education, but also in enlightenment, and also suggests ways of their implementation in secondary educational institutions. The main idea of the article is the need to effectively use the educational poems of Mashkhur Zhusip to achieve educational and educational goals. The need to teach the poet's propaganda and educational poems to the younger generation is explained and proven with examples.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аяғанова Л. Жаңа технологиялар сабақта // Бастауыш мектеп, 2003.
2. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары I-том. Павлодар; «ЭКО» ГӨФ, 2003.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы; Қазақстан, 1994.
4. Көпеев М.Ж. Өлеңдер // Жиырмамыншы ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1994.
5. Көпеев М. Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері / М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. - Алматы: Ғылым, 1992. - 222 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті ақындардың бірі, елімізге кеңінен танымал, ардақты ақын. Шығармашылық мұрасы күллі түркі тілдес халықтар әдебиеті үшін рухани байлық болып, бірегей туындыларымен ұлттық сананы оятуға, халықты ізгілікке, адалдыққа, саналылыққа шақыруға тырысты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің сан қырлы әдеби қызметінде қазақ әдебиетінің көрнекті ақыны ретінде көзге түсіп қана қоймай, өзін белсенді фольклор жинаушы ретінде де танытты. Шығармашылығы халық мифтерімен, аңыздарымен, діни дәстүрлерімен тығыз астасып, өлеңдерінде көрініс табады. М.Көпейұлының ақындық мұрасының едәуір бөлігін дастандар (көркемдігі жоғары поэтикалық шығармалар) құрайды, олардың көпшілігі, біз білетіндей, діни тақырыпқа арналған. Бұл жағынан ақынның дастандары шығыс классиктерінің шығармаларына ұқсайды. Діни дастандарда автор сан ғасырлар бойы қалыптасқан халық ертегілерінің дәстүрін жазба көркем әдебиет деңгейіне көтерді.

Мәшһүр Жүсіп өз шығармашылығына діни тақырыптарды белсенді енгізіп, шығармаларының негізгі тақырыбына айналдырды. Оның әрбір шығармасынан мұсылман дініне деген құрмет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті көруге болады. Өлеңдерінде діндарлардың образдарын, олардың рухани дүниесін қоршаған ортамен байланыстырады. Автор адам жан дүниесінде болып жатқан күйлер мен өзгерістерді шынайы суреттейді. Ақиқатты айту арқылы адамдардың санасын оятуға болатынын түсінген ол, өмір шындығын батыл және ашық айтуды өзіне парыз санайды.

Ар-ұждан мен гуманизм ақын үшін ең негізгі ұғымдар болып, оның ағартушылық идеяларына негіз болды. Білім мен өнер адамның жан дүниесін тазартып, биік мақсаттарға жетуге көмектесетінін атап өтті. Бұл тұжырымды дінмен байланыстыра отырып, Алланы тану адамгершілік пен әділеттілікке жетелейтініне көз жеткізді. Оның дүниетанымында Аллаға деген сенім ерекше орын алды. Ол жөнінде ақын былай дейді: «Мен Құдайдың жалғыз екенін, оның бар және құдіретті екенін білемін. Мен оған сенемін. Мен құдайдың нақты қандай екенін білмеймін, бұған менің ақылым жеткіліксіз. Бірақ Оның жаратқанына қарап, оның ұлылығы мен құдіретіне кәміл сенемін» [1. 139]. Бұл жерде Абайдың «*Алланың ғылымы – шексіз, шексіздіктің сан қырлы сырлары бар*» деген көзқарасымен ұқсастығын атап өтуге болады.

Ақын өз шығармашылығында шындықты объективті түрде бейнелеу, дәстүрді жалғастыру және одан әрі дамыту және сол кездегі қоғамда орын алған басқа да өзекті мәселелерді жарыққа шығаруға ерекше мән берді. Осы

орайда М.Көпейұлы шығармашылығының шығыс әдебиеті дәстүрімен тығыз байланысы ақынның тарихи шындықты шынайы бейнелеуіне ықпал еткенін айта кеткен жөн.

Ғасырдан астам уақыт бұрын айтқан ақынның әрбір сөзі бүгінде қанатты сөз іспеттес. Оның ислам тарихына қатысты хикаяларында, аңыз-әңгімелерінде, жырларында айтылған ойлары мен тұжырымдары бүгінде кез келген адамға қолжетімді, түсінікті. «Алаш мұрасы» баспасынан қазіргі таңда қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің үлгілері болып табылатын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалар жинағының жарық көруі ақын шығармашылығының танымалдығының дәлелі.

М. Көпейұлы ақын ғана емес, халық ауыз әдебиетін жинаушысы болғандығы жөнінде жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Ауыз әдебиеті шығармаларын жинап, талдай отырып, тарихта Едіге есімді үш, Жәнібек есімді төрт, Абылай есімді екі тұлға болғанын анықтады. Жазушының дүниежүзілік су тасқынынан бастап (Әбілғазы шежіресі бойынша) 1929 жылғы байлардың дүние-мүлкін тәркілеуге дейінгі тарихи оқиғаларды қалай суреттегеніне үңіле отырып, ол ұсынған тарихи материалдың ауқымдылығын аңғаруға болады. Ол батыстың әдеби дәстүрін мойындамаса да, рулар мен тайпалардың генеологиясын сипаттауда хронологиялық жүйеге сүйеніп, белгілі бір оқиға туралы тарихи материал жинағанда барлық нұсқаларды жазып, тарих пен тарихи мәселелерді негізге алды, сонымен қатар әртүрлі пікірлер мен қарама-қайшы көзқарастарды ұсынды.

Деректерді жинаушы бола отырып, ол тарихи зерттеулер, әртүрлі шежірелер, діни, мифологиялық аңыздар, түрлі топонимдердің шығуына байланысты деректер, т.б. сияқты естеліктердің барлық түрлеріне назар аудара отырып, жинаған материалдарын іріктеп, салыстырып, жіктеп, жүйелеп отырды. М. Көпейұлы фольклор шығармаларын жинау барысында материалдардың қашан, қай аймақта, кімнің сөзінен алынғанын үнемі көрсетіп отырды. Сонымен қатар ол материалдар мен құжаттарды ұсынғандар туралы құнды мәліметтер жинады. Ол өзінің «Қазақ түбі» еңбегінде жинақталған материалды өзгеріссіз ұсынып, мәлімет берген адамдар туралы жазды [2]. «Қазақ түбі» жинағында Шыңғыс хан туралы аңызын жазып, оны В. В. Радловтың кітабынан алғанын көрсетеді. Сөз соңында М.Көпейұлы қазақ хандарының (Жәнібектен Тәукеге дейінгі) шежіресінің өзіндік нұсқасын ұсынып, тарихта «Ақтабан шұбырынды» атанған апатты оқиғалар туралы аңыз-әңгімелерді келтіреді. Ол үшін Қ. Халидтің, Т. Құдайбердіұлының, В. В. Вельяминова-Зернова, Ч. Валиканова сияқты зерттеушілердің еңбектерін қарастырғанын жазады. Бұл мәселе жөнінде А. Е. Ерланова өзінің мақаласында атап өтіп: «Халық ауыз әдебиетінің, жыраулық поэзияның, шығыс әдебиеттің барлық көркемдігін бойына сіңіре білген Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында дәстүр жалғастығының керемет өрнегін көрсете білді» [3] – деген пікір білдіреді.

Мәшһүр Жүсіп адалдықты, басқа адамдарға құрметпен қарауды, ар-ұжданды және діндар адамдарды жоғары бағалады. Әйелдердің қоғамдағы орнына ерекше мән беріп, оларды ерекше құрметпен жырлады. М. Көпейұлы

Ясауи бабасы сияқты әйел адамды құрметтеу - мұсылман адамның басты міндеті деп түсінді. Ортағасырлардағы әйелдердің қоғамдағы орны жайлы Ж.А. Сүлейменова өзінің «The female ideal in medieval Sufi literature (on the basis of Yasawi hikmets)» атты мақаласында атап өтіп: «Сопылық әдебиеттегі әйел рөлін зерттеу арқылы әйелдің идеалды бейнесін анықтадық. Идеалды әйелдің бейнелері өміршең, шынайы және ұтымды болды. Ясауи суреттеген әйел бейнесі канондық сипатқа ие болмады. Мұсылман елінің, әсіресе арабтар мен парсылардың әйелдің бұл идеалын мойындау ықтималдығы аз болды, бірақ түркі әдебиеті үшін әйел идеалының мұсылмандық діни культі болып қала берді. Тарихи және әлеуметтік өзгерістердің барлық кезеңдерінде идеалды тақуалық бейне күні бүгінге дейін өзгеріссіз қалды» [4, 339]. – деген пікір білдірді. Яғни ежелгі суретшілер әйел бейнелерін ерекше ықыласпен бейнелегені сияқты, Мәшһүр-Жүсіп жақсы, ақылды әйел бейнесін жасауды бітпейтін өнер деп есептеді. Жалпы, М.Көпейұлы адам образдарын жасаудың тамаша шебері болды. Ол жансызға жан бітіріп, деректендіру тәсілін ұтымды қолдана білді. Оны мына бір өлең жолдарынан көруге болады:

Безерленер кедейлік белдеу ұстап,
Бас салар еріншекті ұйқы қостап.
«Құдай салды, мен көндім» дегеннен соң
Сенен қолын үзбейді, жайлап, қыстап.
Күн бұрын бекітіп бақ келер жолын,
Үйіңнің белдеуінен ажырат қолын.
Үйіңе кедейлікті бір түнетсең,
Бермейді ел көшкенде жұрттың соңын [5, 95].

Осы өлең жолдарынан ақынның адамдарды кедейліктен сақтандыру, жалқаулық, еріншектік, кежірліктен жирендіріп, еңбек етуге ұмтылдыруға тырысқанын көруге болады. Кедейліктің жоғарыда аталған кеселдерінен, кедейлікке ұшырататын түрлерінен аулақ болу керек деп ой түйеді.

Мәшһүр-Жүсіп шығыс әдебиетінің «інжу-маржандарынан» алынған тақырыптарды, сюжетті, көркемдік әдіс-тәсілдерді пайдаланып, халқымыздың ауыз және жазба әдебиетінің поэтикасын байыта түсті. Өзге ақындар қозғамаған тақырыптарды қозғап, өз шығармаларында махаббатты, сананы, ағартушылықты дәріптеп, ертедегі қазақ әдебиетіндегі немесе араб, парсы әдебиетіндегі шығармалардың оқиғаларын, сюжетін, мазмұнын қайталамады. Керісінше, әдебиетті өз заманына тән ұлттық сипаттармен байытып, белгілі бір дәстүр жалғастығын да өз туындыларында сақтай білді. Өзі өмір сүрген кезеңге дейінгі әдебиеттерде көтерілген тақырыптардың болмысын бұзбай, өз заманының үнімен үндестіре, үйлестіре отырып жоғары деңгейге көтере білді. Ақын адамзат баласына өз нәпсісімен күресуді, өзін тәрбиелеуді ұсынды. Бұл мәселе жөнінде оның мына өлең шумағынан байқауға балады:

Тұқым салмай, алар ма егін орып,
Кім балалы болыпты бойдақ жүріп?
«Еккен орар,-деген сөз, -берген алар»,
Көрдiң бе бәйге алғанды қарап тұрып [6, 156].

Мәшүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы қазақ мәдениеті контекстіндегі тәрбиенің маңызды аспектілерін көрсетеді. Оның шығармаларында отбасы құндылықтары, отансүйгіштік пен моральдық тазалық ерекше атап өтілген. Ол өз шығармалары арқылы оқырмандарды ізгі қасиеттерге, ұлттық құндылықтарды терең қастерлеуге шақырды.

Қорыта келгенде, Мәшүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының әдебиет арқылы қазақ болмысының сақталуына, берілуіне ықпал ететін құнды мәдени қор екендігін ерекше атап өтуге болады. Оның шығармашылығы тек көркемдік қасиетімен ғана емес, сонымен бірге ұлттық тарих пен мәдениетті терең түсіну мен құрметтеудің қайнар көзі болып табылады. Олай болса, Мәшүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын зерттеудің қазақ әдеби дәстүрін ұғынып, дәріптеуде маңызы зор.

Аңдатпа. Бұл еңбек қазақ әдебиеті тарихындағы аса көрнекті ақындардың бірі, халық ауыз әдебиетін жинаушы ретінде де танылған Мәшүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына арналған. Оның діни тақырыптағы өлеңдері қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алып, қазақ әдебиетін идеялық, тақырыптық, көркемдік жағынан байытқан сирек те бірегей туындылар болып табылады. Мақалада М. Көпейұлы өмір шындығын батыл, ашық айтуды парыз санағанын, сол арқылы адамдардың санасын оятуға болатынын айтады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – ақын шығармашылығын айшықтау, оның өмір шындығын айтудағы ашықтығы мен батылдығын ескере отырып, қоғамдық сананы ояту.

Зерттеудің өзектілігі Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы тұлғасының қазақ әдебиеті үшін маңызы, фольклор элементтерін сақтау мен жеткізудегі еңбегінің маңызымен байланысты. Өлеңдерінің діни сарыны, өмір шындығы мен халық санасы оның шығармашылығын біздің заманымызда өзекті етуде.

Зерттеу нәтижелері Мәшүр-Жүсіп Көпейұлының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін, әсіресе діни тақырыпқа қосқан үлесін тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ оның ашықтығы мен шындықты айтудағы батылдығы қоғамдық сана мен мәдени құндылықтардың қалыптасуына қалай әсер еткені зерттелмек.

Аннотация. Данная работа посвящена творчеству Машхур Жусипа Копеева, одного из самых выдающихся поэтов в истории казахской литературы, который также признан собирателем народной литературы. Его стихи на религиозные темы занимают особое место в истории казахской

литературы и являются редкими и уникальными произведениями, обогатившими казахскую литературу с идейной, тематической и художественной точек зрения. В статье говорится, что Копеев считал своим долгом смело и открыто говорить правду жизни, и тем самым пробудить сознание людей.

Основная цель исследования – прояснить творчество поэта, пробудить общественное сознание с учетом его открытости и смелости в рассказе жизненной правды.

Актуальность исследования обусловлена значимостью личности Машхур Жусипа Копеева для казахской литературы, а также важностью его творчества в сохранении и передаче фольклорных элементов. Религиозные мотивы его стихов, реальность жизни и сознания народа делают его творчество актуальным и в наше время.

Результаты исследования позволят более глубоко понять и оценить вклад Машхур Жусипа Копеева в казахскую литературу, особенно в аспектах религиозной тематики. Также будет рассмотрено, как его открытость и смелость в выражении правды повлияли на сознание народа и формирование культурных ценностей.

Abstract. This work is devoted to the work of Mashhur Zhusup Kopeev, one of the most outstanding poets in the history of Kazakh literature, who is also recognized as a collector of folk literature. His poems on religious themes occupy a special place in the history of Kazakh literature and are rare and unique works that enriched Kazakh literature from ideological, thematic and artistic points of view. The article states that Kopeev considered it his duty to boldly and openly speak the truth of life, and thus awaken the consciousness of people.

The main purpose of the study is to clarify the poet's work and awaken public consciousness taking into account his openness and courage in telling the truth of life.

The relevance of the study is due to the significance of the personality of Mashhur Zhusup Kopeev for Kazakh literature, as well as the importance of his work in preserving and transmitting folklore elements. Religious motifs of his poems, the reality of life and consciousness of the people make his work relevant in our time.

The results of the study will allow a deeper understanding and evaluation of Mashhur Zhusup Kopeev's contribution to Kazakh literature, especially in aspects of religious themes. It will also examine how his openness and courage in expressing the truth influenced the consciousness of the people and the formation of cultural values.

Библиографиялық тізім

1. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы. – Жазушы, 1986.

2. Көпеев М. Ж. Тандамалы. [Құрастырған С. Дәуітов. - Алматы: Ғылым, 1992. – Т.2. – 63 б.
3. Ерланова А.Е., Баратова М. Н., Ташекова А. Т. Мәшһүр Жүсіп Көпеев поэзиясы: дәстүр жалғастығы (кедейлік мәселесі) // Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – Том 70, № (3), 2023. – Б. 433–451.
4. Suleimenova Zh. A., Yildiz N. A., Muratova A. N. The female ideal in medieval sufi literature (on the basis of Yasawi hikmets) // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – № (1), 2023. – Б. 332–343.
5. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 4 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, – 2004. – 535 б.
6. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1 том. – Павлодар, – 2004. – 519 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЕЖІРЕСІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қасиетті де киелі Баянауыл өлкесінде дүниеге келіп, есімі дүйім жұртқа танылған ұлы есім. Қазақтың біртуар тұлғаларының бірі, алты алашқа әйгілі болып, ел-жұрттың ықылас – құрметіне бөленген, әр қазақтың төрінен орын алған киелі адам. Ол – Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Тәуелсіздік алғалы бері ардақты тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген ғылыми- зерттеу еңбектері, мақалалар жарияланды. Тарихи тұлғаның мол мұрасы әлі де тың зерттеулерді, ғылыми тұрғыдағы жаңаша ізденістерді, жүйелі сараптамалар мен әдеби-тарихи дәлелдемелерді қажет ететіні анық. Бізге қалдырған мұраларының молдығымен, мазмұнымен, өзінен бұрынғы, өзі өмір кешкен және болашақтағы дәуірді ерекше тұрғыда сипаттауымен ерекшеленіп түсіндіріледі.

XX ғасырда өмір сүрген Советтік Социалистік Республикалар Одағы деп аталатын мемлекетте түрі ұлттық, мазмұны социалистік деп аталғанымен ұлы орыстық шовинизммен ұштасқан коммунистік идея басым тотаритарлық жүйеде іс-әрекеті мен шығармашылығында діни көзқарас, ұлттық мақсат тәуелсіздікке ұмтылу идеясы бар тұлғалардың есімін ел есінен шығарып, ұмыттыру мақсатында саясат бұғауында ұстап, оқытпай жасырып келгені белгілі. Қазақ халқының осындай перзенттерінің бірі, XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қос ғасырдың куәсі, ұлт білімпазы және зиялы топ өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Біз көбіне еңбектерін жіктей келе, фольклортану, астрономия, медицина, философия, этнография, теология т.б. ғылым салалары үшін құнды зерттеулер, деректік мәтіндер бар екенін білеміз. Осы орайда айтатын болсақ, оның халқымыздың тарихы, мәдениеті туралы қосқан үлесін ерекше атауымызға болады. Тарихи мұраларын, ғалым жазбаларын мазмұны жағынан екі жақты сипаттаймыз. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір бойы салт атпен Қазақстанның көп жерін аралап жүріп, мол мағлұмат жазған. Екіншіден, көп жылдық зерттеу жұмысын қолжазбалық кітап түрінде жинақтаған [2]. Қолжазба кітаптары әрі деректанушылық, әрі тарихи мазмұнда жазылғанын байқаймыз.

Қазақ елінің тарихы шежіреден бастау алады. Еліміз егемендігін алып, қазақ тарихын қайта жазуға ұмтылған тұста қазақ шежіресінің тарихымыздың негізгі дерек көздерінің бірі екендігі дәлелдене түсті. Олардың қатарында кейінгі жылдары басылып шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресін», Нұржан Наушабаевтың «Манзумат қазақиясын», Шәкәрім

Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін» жатқызамыз.

Мәшһүр Жүсіп таратқан шежіре – «Қазақ шежіресі» шығуына бірнеше қазақтың ірі тұлғалары, этнографтары, шығыстанушыларының еңбегі зор. Қазақ халқының ұлттық тарихын зерттеуде тайпалар мен рулардың шығу тегі, олардың тарихи орны ерекше рөл атқарады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде» қазақтың шежіресін былайша тарқатады: бірінші нұсқада Қанжығалы Саққұлақтан басталып, Үкей тармағы таратылады.

Екінші нұсқада Алаштан Сейілхан, Жайылхан атты екі бала тарайды. - Соның Сейілханынан сегіз арыс түркімен таратылады да, Жайылханның ұрпағы туралы шежірешілер екі түрлі пікір таратады. Соның бірінде Жайылханнан Қазақ, Созақ, Ұзақ деген үш бала дүниеге келеді. Осының Созағы қарақалпақтардың, Ұзағы қырғыздар мен хакастардың түп атасы деп есептейді. Ал Қазағынан келіп Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген балалар дүниеге келеді. Олардан Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз тараса керек.

Алаштың екінші баласы Жайылханнан үш бала емес, бір ғана ұл Майқы болады. Майқыдан Өзбек және Сыбан деген екі ұл туады. Сыбаннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Қазақ пен Созақ, Созақтан Қарақалпақ, ал Қарақалпақтан Ақарысты таратады. Қырғыздардың ақ айыр қалпақ киетіндігі осыған байланысты болса керек[1].

Қазақ халқының қайдан шыққаны, оның жүздерге бөлінуі туралы мәселе кейінгі кезеңдерде де көп толғантқан. Осы мәселе бойынша Шәкәрім өз шежіресінде «қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түрік әлемінде жатыр» деп тұжырым жасаса[4], ал Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай түркісінде «хазағ» деп, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған»деп қазақ этнониміне қысқаша шолу жасап, қазақтың шығу тегін қазақтардың алғашқы ханы-Алаш пен оның балаларымен байланыстырып солардың ұрпағы деген ұғым қалыптастырады[4].

М.Ж. Көпеев жалғыз қазаққа ғана емес, түркі халықтарына да ортақ тарихи тұлғалар: Нәрікұлы Шора (Қазан), Әмір Темір (Самарқан), ер Едіге (Алтын Орда) туралы шежіре нұсқаларын жазып алып, ара - арасында оларға деген өз көзқарас-пікірін келтіреді [1]. Баспа бетінде жарияланған “Қазақ шежіресі” туындысын зерделей қарастырсақ та, Мәшһүр Жүсіптің жеке адамдар тарихын жер тарихымен, ел тарихымен байланыстыра баяндағанын көреміз.

Қазақтың шығу тарихынан бөлек сонымен қатар қазақ жерін қалмақ басқыншыларынан азат еткен қолбасшы батыр Жасыбай Өмірұлына қатысты деректерді «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында Қызылтау бауырында жер үшін болған шайқаста оққа ұшқандығын мәлімдейді. Жасыбай туралы Мәшһүр Жүсіп мағлұматында жеке адамдар әрекеттері арқылы қазақ жерлерін қалмақтардан босатуға келген жасақтың әскери қимылдары, Баянауылдағы болған ұрыс барысын, соғысу тәсілін, асу бойын күзеткен

қараушылық қызметі танылады. Олжабай Баянаулаға «Бәсентиін малы» үшін емес, Жасыбаймен бірлесіп қалмақпен шайқасуға келген деп жазылған [3]. Бұл дерек көздерінен жоңғар-қалмақ шапқыншылығы кезіндегі батырлардың бірқатарына нақты мәліметтер келтіріп, сипатталып жазылған. Бірақ тарихи дерек ретінде мектеп оқулықтарында осы аталған мәліметтер келтірілмейді. Қазақ батырларымыздың ерлігі мысалға алып жазылса жас ұрпаққа үлкен патриоттық тәрбие болар еді.

1887 жылы Мәшһүр Жүсіп Сырдария, Ташкент өлкесіне барып, бұл жолында көбінесе әртүрлі тарихи кітаптармен танысып, қазақ тарихының орта ғасырлардағы дәуірлері жағынан көп мағлұмат алады. Тарих оқу туралы Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіресі» өзіне үлкен әсер бергенін айтады. Ол жерлердегі ақын-жыраулармен кездесіп, халық әдебиетінің қымбатты, тарихи мағыналы түрлерін жазып алып отырады. Атақты ақын Қоңырат Майлықожамен кездесіп, тарих жайында пікір алысады.

Мәшһүр қолжазбасындағы ел билеушілері (XV ғ.-XVIII ғ.ғ. аралығы) қазақ хандары тарихы сөз болады. Шежірелік-жылнамалық сипатта жазылған бұл шығармаларда атақты билеушілердің іс-әрекеті қысқаша, тартымды баяндалынып, шежірешінің өз пікірлері де қатар беріледі. Мәшһүр Жүсіп жазбаларында Алаша ханға қатысты берілген мәліметтер тарих ғылымы тұрғысынан арнайы қарастыруды қажет етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев хандар тізіміне Алаша ханды, Ормамбет ханды т.б. қосады [1]. Бірақ, “Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер” еңбегінде оның тарихта кім болғаны халық жадында ұмытыла бастағанын атап көрсетіп, енді бір хандар тізімінде Алашаны қазақ билеушілерінен бөліп алып жеке қарастырады: “Қазақтың өз сыбағасына арналып хан болғандар: “Қасқа жолды” Қасым хан, “Ескі жолды” Есім хан, “Күлтебеде күнде кеңес” атанған әз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан. Қазақта хан болып, заң шығарып, халық қатарына қосқандар - осы айтылған хандар. Алды-арты жоқ Алаша хан деген бір хан билеген. Қазақ 3 жүзге бөлініп; Ұлы жүз Үйсін, Орта жүз Арғын, Кіші жүз Алшын атанғаны; “Алаш” деп ұран шақырысып: “Алаш- алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш болғанда, ұранымыз Алаш болғанда”, -деп айтатын заман болған”[5]. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі-“Қазақ түбі”. Бұл еңбегінде әз Жәнібек ханнан бастап әз Тәуке ханға дейінгі хандар тізбегін таратады.

«Мес» жинағында қазақ халқының жүздерге бөлінуі көбінесе Алаша ханмен байланыстырады. Мәшһүр Жүсіпте Жәнібек хан туралы мынандай тарихи дерек берілген: «Барақ ханнан- Жәнібек хан. Қазақ жұрты білетұғын Жиренше шешенмен бастас болған әз Жәнібек осы. Тоғыз баласы болған. Ақназар – Қасымның баласы» деп берілген[1]. Жәнібек ханның балаларының даңқтары қалай шыққандары және ел басын билегендері жайлы айтып, шежірені таратып берген. Жәнібек хан туралы жинаған деректерінде бір жақты әділ, шешен, тапқырлығымен сипатталған.

Жекелеген қаһарман тұлғаларды сипаттау барысында ел тарихын шежіре сипатында баяндаған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерінің маңызы зор. Мәшһүр Жүсіп тарихты жазуда жер тарихын, ел тарихын, жеке адам

тарихын біртұтас сипатта қарастырып, өзара тығыз қарым-қатынастар жүйесінде баяндайды. М.Ж.Көпеев қолжазбасы – халқымыздың тарихына өз үлестерін қосқан қаһарман тұлғалар хақында фольклорлық нұсқалардың, жазба зерттеулердің, зерттеуші автордың өз ой-пікірлерінің өзара байланыстырылған мағлұматтарының аса мол қазынасы.

Алаштың айбыны болған Абылайға қатысты тарихи жырлардың бір үлкен шоғырын Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып қалдырған. «Абылай хан» 41 жолдан тұратын тарихи жыр. Оның біріншісі - он бір буынды қара өлеңмен жазылған, арасында қара сөздер кездесетін «Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілініп түскені»дейтін жыр. Екіншісі-«Абылай аспаған Сарыбел аталғанның мәнісі», үшінші - «Абылай ханның бір жорығы», одан соңғысы «Абылай хан» [3] деп аталатын көлемді жыр нұсқасын атауға болады. Бір орталыққа бағынатын күшті қазақ хандығын құру идеясы жолында табанды мемлекет қайраткері бола білген Абылай ханның шынайы тарихи болмысын, оның адами ішкі жан дүниесін, пендешілік осал жақтары мен туған халқының болашағы үшін қайтпайтын қайсар рухын диалектикалық тұрғыда таразылауда, өмірінде жасаған игі іс-әрекеттері дәріптеудегі сөздерінің мәні ерекше. Мектеп оқулықтарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын тарихнамалық сипатта жазған, бірақ қазақ тарихшысы ретінде осы жоғарыда аталған Абылай хан туралы талдаулары, тарихи деректері келтірілмейді. Оның есесіне орыс ғалымдарының И.Крафттың, А.И.Левшиннің, Н.Коншиннің цитаталары мысалға алынған.

Одан басқа Кенесары хан, Наурызбай батыр, Ағыбай батырлардың ерлігін жырлаған «Кенесары - Наурызбай» тарихи жыры құнды дерек болып табылады. Ол жырда Кенесарының қырғыз манаптарымен соңғы шайқасы және батырдың қаза табу оқиғасы тарихи шындықта баяндалғаны жазылады. Мәшһүр Жүсіптің «Кенесары жорығына қатысты төртінші дерек» дейтін жазбасында: «Ағыбай батыр туын жықпай, таң атқанша тұрған жерінде тұрып қалды. Таң атқан соң, оқ бойы өз алдында жүріп: Ағыбай! Ағыбай! – дегізіп, жолдастарын шулатты да отырды. Қырғыз қақ жарылып, жол бере білді. Бір қырғыз беттеп бөгеуге бата алмады. Сол жүргеннен жүріп отырып, тайдай тал түсте аман-есен құтылып шықты», [3] делінген. Сондықтан аталған батырларымыздың ақылды, батыл қолбасы болғанын дәріптеп мадақтау бір адамның ғана емес, бүкіл халықтың берген бағасы деп білген жөн. Елдік пен ерліктің үлгісіне айналған батырлар есімін асқақтата жырлайтын, шындыққа сүйеніп шығарылған жырлар қазақ халқының руханиятынан алатын өзіндік орны және тәрбиелік – тағылымдық мәні зор бағалы мұра болып есептеледі. Мектеп оқушыларына Кенесары көтерілісінен мағлұмат бергенде, Л.Мейер, ағылшын зерттеушісі Б.Д.Чарлз деректерінен қысқаша сипаттамалар берілген. Ал отан тарихшыларының жоғарыда аталған цитаталарын, ерліктері туралы жазылған жырларынан үзінді келтірсе, оқушылар М.Ж. Көпейұлын тарихи тұлға ретінде таныр еді.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресі тарихымыз үшін құнды негізгі деректер көзі болып табылады. М.Ж.Көпеевтің еңбектері тарихи тұлғаларымызды ғана емес, жалпы қазақ тарихына қатысты

мәселелерді де жан-жақты қарастыруымызға мол мүмкіндік береді. Оның еңбектері келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түседі және бір қарағанда кездейсоқ болып көрінетін қазақтардың қоршаған ортамен байланысын, олардың тарихи үрдістегі әлемдік тарихтың дамуындағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Болашағымызға қазақ тарихшыларының келтірілген құнды деректерін талдап, таныстырып жазылып айтылса, келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түсер едік.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресі тарихымыз үшін құнды негізгі деректер көзі болып табылады. Мектеп оқулықтарында жалпы қазақ тарихын, тұлғаларды, көтерілістер жөнінде айтқанда орыс ғалымдарының деректері, цитаталары ғана келтіріледі, қазақ тарихшысы ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерінен мағлұмат берсек, келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түсер едік

Аннотация

Генеология знаменитого Жусипа Копеева является ценным источником для нашей истории. В школьных учебниках, разработанных российскими учеными, содержатся лишь некоторые данные об истории казахских личностей и восстаниях, реже приводятся авторские цитаты. Используя произведения казахского историка Жусипа Копеева, мы обогатим будущее поколение историческими сведениями, связанными с прошлым нашей страны.

Abstract

The geneology of the famous Zhusip Kopeev is a valuable source for our history. School textbooks developed by Russian scientists contain only some data about the history of Kazakh personalities and uprisings; author's quotations are rarely provided. Using the works of the Kazakh historian Zhusip Kopeev, we will enrich the future generation with historical information related to the past of our country.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жүсіпова Л. Қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі – «Қазақ түбі» / Аңыз адам №19 (79) Қазан, 2013. 26-27бб.
2. Жұмабек С. Сын әуені. Әдеби ой-толғаныстар. Астана: Елорда, 2001. 288б.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 704 б.
4. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. 2-ші бас.толық.- Астана: «Алтын кітап», 2007,-233 б.- (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32-ші том).
5. Көпейұлы М.Ж. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке баспасы, 2014. – 336 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазба мұрасында қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты бай материалдар бар. Қазіргі ғылымда ақынның тек әдеби қызметі туралы ғана түсініктері бар. Мәшһүр Жүсіп жаңа мен ескі заман әдебиетінің алтын көпірі іспетті. Аса зерделі жанның асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт», - деп жазған екен.

Мәшһүр Жүсіптің бізге қалдырған мұрасының жан-жақтылығын автордың жеке қолжазба кітаптарын толық оқи алатын мамандар ғана білген. Мәшһүр Жүсіптің мұрасы этнографияға, медицинаға, философияға, космологияға және қазіргі ғылымның басқа салаларына арналған еңбектерді қамтиды. Біз ғалымның тарихи көзқарастарына ғана тоқталамыз және соның ішінде ұлттық құндылықтарына.

Мәшһүр Жүсіп бір жағынан жеке тұлғалардың шежіресіне сүйене отырып тарих туралы жазады, ал екінші жағынан халық тарихнамасының фольклорлық үлгілілерін ұсынады. Айта кету керек, Мәшһүр Жүсіп сонымен қатар Ресей мен Еуропа ғалымдарының еңбектерін де пайдаланды. Мәшһүрдің шығармашылық мұрасы түркі әлемі әдебиетіндегі халықтың рухани байлығына айналғаны көпшілікке мәлім. Ақын өзі өмір сүрген кезеңнің уақыт шындығын, дәстүр жалғастығын жинақтап, саралап қана қоймай, оны көркемдік тұрғыдан толықтырып, тарихи деректермен молықтырып отырған.

Мәшһүр Жүсіптің туындыларында қазақ тарихындағы тұлғалар туралы мәліметтер көп. Оның ішінде Есім хан, Абылай хан, Абылай хан тұсындағы батырлар, Олжабай батыр, Баян батыр, Бөгенбай батыр, Кеңесары Касымұлы және тағыда осындай тарихи ұлы тұлғалар туралы тарихи деректер қалдырған. Оның мұрасын зерттеуші филолог М. Бөжеевақынның қолжазбаларында түпнұсқалар мен көшірмелерді қоса алғанда 30 томнан астам дүние бар деп келтірген.

Тарихи көзқарасының тағы бір ерекшелігі туындылардың мазмұнына үңілсек жеке әңгімелер бір-бірімен тығыз байланысты (генеология), жер тарихы (өлкетану, жер бедері), этникалық топтар, рулар мен тайпалар (этнология) тұрғысынан. Мысалы: «Қыстау» және «жаз» туралы

әңгімесінде оның әрбір кейіпкері және белгілі бір тұлғаның есімі берілген аймақты Мәшһүр Жүсіп барынша егжей-тегжейлі, жан-жағынан көрсетуге тырысты.

Мәшһүр Жүсіп түркі тілдес халықтарды ортақ деп есептейді: «Біз қазақтардың ұлы, атақты үш батыры болған. Бірі – батыр Едіге, екіншісі – қыпшақ Қобыланды, үшіншісі- Тамадан (Кіші тайпалардың бірінен) шыққан Шора батыр»[3].«Өзі атақты болғанымен, ата-бабалары ұмытылған батыр» атты шығармаларының бірінде Мәшһүр Жүсіп былай деп жазады: «Содан беріқара халықтың ішінен Әмір Темір қанша халықты жаулап алса да хан болып жарияланбады. Жақсы көргендерге: «Әмір Темір көріпкер», - дейді. Ал жек көретін адамдар үшін : «Тамерлин» дейді. . . Кім болса да, Қалай болса да жаман адам болып қалмады. Себебі артында талай игі істер қалдырды. Ол,қыпшақ батыры Әмір Тағайдың ұлы Самарқандық Әмір Темірі. Ташкентте Қожа Ахмад Йасауи, Зеңгі ата кесенесін тұрғызған. Әмір Темір қазіргі Бұхар бекінісін салдырды» деп жазған туындыларында. [4].Алтын Ордадағы Едіге мен Тоқтамыс арасындағы тартыс дәуірін де баяндаған, Мәшһүр Жүсіп алдымен шығу тегі туралы аңызды келтіреді.Періден Едіге мен Шашта Әзиз әулие [5]. Әрі қарайекі билеуші мен арасындағы күресті сипаттайды.Тоқтамыстың Сібірге қашуы расталады. Қадырғали Жалаиридің «Жәмих ат Тауарих» шығармасынан [6] соңында Тоқтамыстың асыл тұқымдылығы келтірілген:«Жошы ханның ұлы Тоқай Темір, оның ұлы ТоққылҚожа, оның баласы Қой қожа, оның ұлы ТоқтамысТүркістанда дәріптелді. Оның сегіз баласы болды деп айтылған.[7].

Мәшһүр Жүсіп шежіресінде, 15-17 ғасырлардағы қазақ хандарытуралы көп деп келтірген мәліметтерімен ерекшеленеді: барлық қазақ билеушілері хронологиялық тәртіпте сипатталған.Олардың генологиялық сабақтастық сызығын сақтай отырып, реттілігіде келтірілген. Мәшһүр Жүсіптің жазбаларындағы ел тарихының хронолиялық шегі (азамат жаратылысынан Ресейдің отарлау саясатына дейін) аралықты қамтиды. Тарихи оқиғалар тізбектері өте ауқымды. Жалпылама алсақ Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі тарихи мәліметтерді 11 кезеңге жіктеп қарастыруға болады.

1. АдамАта – Ел хан (б.з. VIIIғ. дейін), 2. Ел хан – Қондыкер жұрты (VIII-XIғ.)
3. 92 баулы Қыпшақ (XI-XIIғ.), 4. Шыңғыс хан-Жәнібек Барақұлы (XIII-XVғ.),
5. Жәнібек – Салқам Жәңгір (XV-XVIIғ), 6. Әз Тәуке Абылай сұлтан (1680-1836ж), 7. Абылай хан (1734-1781ж), 8. Уали Саржан (1781-1836ж), 9. Кеңесары (1837-1847ж), 10 Қоқан (XVIIIғ – XIXғ. 60ж)
- 11 Патшалы Ресейдің отарлау саясаты (XIXғасырдың II-жартысы – 1907ж.)

35 бет

«Қазақ түбі» тарихты Адам атадан бастап тарата отырып 1928-1929 жылдағы байлардың мүлкін тәркілеуге дейін баяндаған. Мәшһүр жазбаларында сөз болған тарихи оқиғалардың географиялық шеңбері қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, (Бұқар, Қоқан хандарының тарихы туралы) Қырғыстан (Кеңесары көтерілісі), Ресей, Туркия жерлерін қамтиды. 19-20 ғасырларда қалыптасқан ауызша баяндау дәстүрі бойынша қазақ шежірелері Адамзат тарихын Адам Ата мен Хауана жаратуынан бастайды. «Қазақ түбі» №1173

(394-397 беттер) қолжазбаларында Адамзат тарихы екі кезеңге: адам Атадан топан су тасқынына дейінгі кезең мен Нұх пайғамбардан Ел ханға дейінгі кезеңге бөлініп қарастырады. Шежірелік мәлімдеуге қоса Мәшһүр Жүсіп Нұх топан су туралы аңыз-әнгімелерді де келтіреді.

«Қазақ түбі»№1173 (397-406 беттері) нұсқаларында Мәшһүр Жүсіп Уыз (Оғыз) хан туралы көбірек дерек бере отырып, Оғыз заманын қазақ халқының тарихымен, салт-дәстүрімен байланыстырған өз тұжырымын топшалауын қатар келтіріп, соңына Оғыз ханнан Ел ханға дейін хандар тарихының тізбегін баяндайды. «Қазақ түбі «Ел ханнан кейінгі тарихты Мухаммед пайғамбар мен Аныс, Аққөсе сахабалар дәуірінде қарастыралды. Түркі халықтарының тарихында 8-9 ғасырда ислам дінінің таралуы арабтар шапқыншылығымен байланыстырады. Ал «Қазақ түбі» №1177 (304-154 беттерде) берілген Мәшһүр деректерінде Аныс, Аққөсе, Имамбайыр т.б. сахабалардың 92 баулы Қыпшақтан шыққан түркілер бабалары екендігін, олардың пайғамбардың туын көтеріп мұсылман дініне қару күшімен насихат жүргізгендерін танимыз. Осы бір тұста Мәшһүр Жүсіп қазақтың арғы ата-тегі осы Аныс (Әнес) сахабадан бастайтын шежіре нұсқаларының тарихы 1874ж Құнанбай бидің қажылық сапарынан басталатындығын баяндап отырып осы шежіре нұсқасын (арабдық) сөзбе-сөз таза генеологиялық тұрғыдан (яғни қазақ арабтан шықты деген) емес, жылнамалық тұрғыдан қарастыру қажеттілігін тұжырымдайды. Егер біз осы Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі мәліметтерді тарих пәніне еңгізсек, жастарымызға таныстырсақ бәлкім қазіргі таңда етек алып бара жатқан діннен адасу немесе арабтардың діни нанымдарына еліктеу орын алмас пе еді деп айтамын. Мәшһүр Жүсіп жазбаларында бұндай тарихи мәліметтер соның ішінде қазіргі жастардың санасына қажетті тәрбиелік, ұлттық дүниелер өте көп. Тағы бір мысал ретінде айта кететін дүние Абылай хан туралы мәліметтерде.

Мәшһүр Жүсіп еңбеккерінде Абылай хан заманы туралы көп деректер келтірілген. Абылай әулетінің арғы тегінен, Абылай ханның тұсындағы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының гулденгені туралы этнографиялық мәліметтер, 1734-1740,1738,1750,1755,1778,1821ж оқиғалар туралы фактологиялық мәліметтер берілген.Негізінен алғанда Абылай заманы оқиғалары Мәшһүр Жүсіп жазбаларында үш негізгі топтама жинақталған.

«Қазақ түбі»№1177 қолжазбаларында нақтылы тарихи даталар, фактілер, ғылыми зерттеулер аз орын алған.[15]

Орта жүзбен Жоңғар хандығының саяси тарихы туралы «Қалдан Шерін әнгімесі», Жоңғариядағы азаматтық соғысқа Абылай бастаған қазақтардың белсене араласуы, Олжабай батырдың «Шүршітқыран», «Талқы» соғыстарында (қазақ-қытай қарулы қақтығыстары)Ерлік көрсету, Абылай Қоқан, Алатау қырғыздарына қарсы жорықтары, Абылайдың орысты шаппақшы болған Бұқар жыраудың өлеңмен райынан қайтаруы, «Абылай аспас сары бел» оқиғасы (хан билігіне қарсы Арғын руы адамдарының қарсылығы)туралы да айтылған [15]

Мәшһүр Жүсіптің Абылай хан туралы әңгімелерінен қазіргі жастарға рухани тәрбие ұғындыратын тарихи туындыдан үзінді келтірер болсақ онда «Абылайдың Қалдан Шерінге елші жіберуі» мен «Абылайдың тұтқында болу» әңгімесінен алсақ.

«Абылайдың Қалдан Шерінге елші жіберуі» әңгімесінде:

Абылай хан Қалдан Шеренге жауласпай тұрған күнінде көп елші жіберген екен. Оны жалпы Абылай хан соғысты болдырмай дипломатиялық келісіммен шешуді жөн көргені тарихпен мәлім. Абылай: «Қазақ, қалмақтың тынышланып, бір-біріне тимей тұру үшін, елдесіп, бітіп келіңдер!» деп елшілерді жіберген. Қазақтан елшілер келді дегенді естіп Қалдан Шерін Қарабас ханымды байқап қайтуға жіберген екен. «Қазақтан келген жолаушыларды аралап байқа, ішінде бітім алып қайтуға тұрарлық кісі болса, сынап маған алып кел» деген екен. Сонда Абылай хан жіберген елшілердің бірі Қаз дауысты Қазыбек, екіншісі Айдабол бидің баласы-Тайкелтір би, үшіншісі Балтакерей, Тұрсынбай, ал төртіншісі Шаржетім: Шақшақ-Жәнібек. Қалдан Шерен елшілер туралы сұрағанда Қарабас ханым:

- Мынау отырған Қазыбек ұйықтағанда, екі қолы екі жақта, екі аяғы екі жаққа жіберіп, керген төсектей жатады екен. Оның мәнісі: «дүниенің төрт бұрышын тірей туған ұлмын!»-дегені. Қара бақайына шейін құт екен! Өлгенде, арулаған жерін басып өткен ел бай болар!-дейді
- Мынау отырған Тайкелтір- кішкене тілінің ұшы екіге айырыла біткен екен. Өнері қара санынан келеді екен. Ер көмей, темір жақты барып тұрған өзі екен. Екі жақты, бір тілдіге өмірінде сөз бермес!-дейді.
- Мынау тұрған Балтакерей: Тұрсынбай – «кұлағы жоқ, шұнақ; құйрығы жоқ шолақ» екен. Ерлігінен де міні жоқ, еңбектілігінен де міні жоқ. Жалғыз-ақ айыбы жау желкесінде екен. Онан басқа қорқар нәрсесі болмаса керек, -депті.
- Ал мынау отырған – Жәнібек: екі аяқты, бір бастының сырттаны екен, өзінің оққағары бар екен. Күннің ыңыршағыңды отқа жағып, бақайшағыңның майын шағатұғын осы екен! Деп елшілерді сипаттаған.

Сонда Абылай хан Қалдан Шерінге елшілікке іріктеп ең мықты мықты деген адамдардан жіберген екен. Ал Мәшһүр Жүсіптің жазбасындағы осынау әңгімеге тереңірек үңілсек қазақ халқы өзінді ерекшеліктері болғанын байқауға болады. Қазақтың әр баласы бір тұлға, себебі қасиетін ананың сүтімен, тұған жердің топырағымен беріледі деген атам қазақ. Егер тарих сабағында тарихи оқиғалармен қатар Мәшһүрдің осынау әңгімелерімен ұштастырсақ балалардың арасында бір-біріне деген құрмет, ізет, сыйластық болар ме еді. Қандай да болмасын адамның бойынан жаман қасиет табу кез келгенні қолынан келеді, ал жақсы, ерекше қасиет табы ердің ісі деп айтар едім. Оқушылардың бойында бір-бірін күндеп, сынап аяқтан шалмай қиелі қазақтың ұрпағына сай мақтан тұтуға, бір бірін құрметтеуге беімдеуге болар ме еді. Әңгіменің соңында Қалдан Шерен елшілерді сый құрметпен шығарып салған екен.[15]

Ал енді «Абылайдың тұтқында болуы» кезіндегі әңгімеге келер болсақ бұл жерде де қазіргі ұрпақтың бойына сіңіретін дүние мол.

Мәшһүр Жүсіптің жазбасында «Абылай заманында сүрген дәуренді енді Қазақбайдың баласы-Абылайдан бұрын Адам атадан бері көрген емес. «Абылай заманындағы дәурен қазаққа жоқ, түсіне де кірмес мұнан былай!»» деп жазған екен. Бір сөйлеммен Абылай тұсындағы қазақ халқының жағдайының қаншалықты жақсы болғандығы, Абылай ханның басқаруының ерекшелігі туралы айтылған.

Ғаламда он сегіз мың жан болыпты,

Бұл сөзім білгендерге таң болыпты.

Жігіттер, құлақ салып тыңдасаңыз,

Қазақта Абылайдай хан болыпты,-өлең шыққан Абылай осы.

Қазақ жұртында мақал болып қалған: «Аң алмайтын жаман құс атеңбегі, Абылайдан басқа төре – ет еңбегі»-деген

Қалдан Шерінің Абылайдың тұтқынға түсі себебіне келсек. Қалдан Шерінің Сәру деген інісін бір жорықта кездестіріп Абылай хан өлтірген екен. Осыдан Қалдан Шерін жердің астында болсын, үстінде болсын Абылайды маған тірілей әкеліңдер деп бұйрық берген екен. Көкшетауда бүркіт салып жүргенінде, қалмақтың бір жайсаны Абылайды тірі ұстап алып келіпті. Жанындағы жолдастары да білмей қалыпты. «Абылайды ұстап әкелді» дегенді естіген Қалдан Шерін: - маған көрсетпей, зынданға салыңдар, ас-су бермендер, аш сақтаңдар! Сегізінші күн зынданнан шығарып ай далаға бір ауыз ақбоз үй тігіндер. Соның ішіне жалғыз қойыңдар, бір аяқ қара суға тобықтай тоң май салыңдар, қара суға ерімес, - дейді. – Ұрттап жіберейін десе ауызына бармас. Қара болса, аяққа қолын салып жіберіп, майды бір-ақ жіберер. Егер ақсүйек болса, аштан өліп бара жатса да, майды керек қылмас дейді. Мұны осылайша сынайық деді. Барлығын Қалдан Шерін айытқандай жасайды. Шынымен де Абылай қара суды ішіп еді, майы не ерімеді, не ауызына келмеді.

-Үрсем, кетпейтұғын неме едің? Өпкеніммен, келетұғын неме емессің ғой!- деп қолындағыны аспанға бір-ақ лақтырады.Бұры естіген Қалдан Шерін:- Мұның заты бір асылдық бар қу екенғой! Дейді. Енді бір төрт жігіт жігітті қару сайманмен жіберіңдер деді. Сіздің мейманаңыз Құдайдан сізге жазу бұйрық осы болды! – деп қылышпен шабуға дүрсе қоя беріңдер.- дейді. Егер біреуіңнің астарыңа кіріп кетсе, немесе шегініп қашса шауып жіберіңдер! – депті.Қалдан Шеріннің айытқанын түгел орнына келтіріп, жөндеттер жетіп барғанда, қаперіне дәнеме келтірмей, қабағын қағып, жасқанбастан отыра берді дейді. Мұны Шерін қасына 90 сәргердені алып: - Абылайдың жүзін көремін! – деп, бір үйдің ішін түзеттіріп патшалық тақ орнатып, тоқсан сәргердесімен тоқсан бір болып, патшаның тағынан басқа бос жер қоймай, қатарынан түзеп отырып алыпты дейді.Сонан соң.

-Абылайды шақыр! – дейді. – қара болса жан-жағына қарап, бос жер жоқ болған соң, сол босақаға отыра кетер! – дейді.Абылайды шақыртып үйге кіргізеді. Жан-жағына жалтақтап қарамастан тақтың үсті бос тұрғанын көріп, табынатын пұты бар, жан-жағына көзін салмады, барып таққа отыра кетеді, қалмақтап қауқаласып:-жерге отырмай таққа отырды! – деп, күңкіл қыла бастайды.

Қалдан Шерін танып қойғанын біліп:

-Уай, Абылай, Сәру қайда?-дейді

-Жақ тартушы көп болды, жаман аты бізде қалды? – дейді

Екінші сұрады:

-Сәру қайда?

-«Сәрумін!» - деп, Сәру айытпады, «Кеспеймін!» - деп, қару айытпады.

Және үшінші рет мәртебе:

-Сәру қайда? – дейді

-Көрінбеген Сәруді іздегенше, көрініп тұрған өзінді ізде! – деді

Қалдан Шерін сәргердеріне:

-бұл неме деген жан? – дейді. Сонда Абылай:

-Өзің қарап отырып тағыңнан айырылып қалдың. Осы күнде тақ үстінде мен отырмын. Осы күнде басыңды алдырсам, кім менің жарлығымды бұзады? – дейді. -Жабық сенде, жарлық бізде!- деген сөзді естігенде Қалдан Шерін Абылайды сынаймын деп алдырып, өз орнына шығарып алғанын түсінге ұшып келіп Абылайдың қолын алған екен. Жарасып, Елдесіп, Топыш Сұлуды Абылайға беріп, қазақтан не заманнан бері олжаға түскен, өсіп-өнген қазақты Абылайға босатып жіберген екен. Топыш сұлуды өзіміздің біреумізге бермей, Абылайға берді деп ақырында араз болып қалмақ хандарын өздері өлтірген дейді. [15]

Абылайдың тектілігін, ақылдығын, тапқырлығын көруге болады. Қазіргі жастарымызға осындай тарихи мәліметтер арқылы тарихымызбен мақта ете алатын, бойларында Отан сүйгіш, тектіліктің қасиеті бар, намысшыл, ақылдыл қасиеттер бар азаматтарды тәрбиелеуіміз қажет. Бір ұлтты екінші бір ұлттан ерекшелеп тұратын жақтары: тілі, халық ауыз әдебиеті, әдет- ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тарихы, шежіресі және т.б.

Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы», – деген сөзбен қорытындылаған екен. Ендеше, халқымыздың ұлттық құндылықтары мен тарихын ғұрыптайық.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіптің қазақ халқының тарихына қатысты тарихи зерттеулері мен ондағы ұлттық құндылықтар тақырыбын ашу мақсатында Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ түбі» журналының №1173-76 нұсқаларынан және 20 томдық еңбегінен қазақ тарихы мен мәдениетіне байланысты анықтама жасалынды. Мақаланың басты бөлігінде Мәшһүр Жүсіптің еңбектеріндегі тарихи мәдениет аспектілер туралы мәліметтер берілген. Мәшһүр Жүсіптің еңбектеріндегі тарихи мәліметтерді 11 кезеңге жіктеп соның бірнеше кезеңдері қарастырылған. «92 баулы Қыпшақ», «Оғыз ханымен алғашқы кездесетін оқиғалар, Абылай хан» және т.б. Сонымен қатар қазақ тарихындағы мәдениет, салт-дәстүр мен жеке тұлғаға қатысты тұжырымдама, ақпараттарды қамтиды. Қазіргі ұрпақ бойында төл тарихын білетін ,өз

ұлтының тарихын мақтан ете алатындай қасиеттерді қалыптастыратын дүние келтірілген. «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы», – деген сөзбен қорытындылаған

Annotation

The article provides an overview of Mashkhur Zhusup's historical research and national values related to the history and culture of the Kazakh people. This summary is based on issues #1173-76 of the "Kazakh Tubi" magazine and a 20-volume collection of his works. The main part of the article contains information on historical and cultural aspects in Mashkhur Zhusup's contributions. Historical information from his works is categorized into 11 phases, including events like "92 battles of the Qypshaqs," "Encounters with the Oghuz Khan, Abylai Khan," and so on. Additionally, it covers cultural practices, traditions, and personal insights related to Kazakh history. The history of the Kazakh people is crucial for building a strong foundation for the future. The author concludes with a statement expressing the belief that knowing and valuing the history of the nation is the key to a prosperous future.

Аннотация.

В целях раскрытия исторических исследований Машхура Жусупа по истории казахского народа и теме национальных ценностей в ней была сделана ссылка на казахскую историю и культуру из журнала Машхура Жусупа «Казах туби» №1173-76 и 20 томов его сочинений. Основная часть статьи содержит информацию об историко-культурных аспектах творчества Машхура Юсупа. Исторические данные в произведениях знаменитого Юсупа разделены на 11 периодов и рассматриваются несколько периодов. «92-струнный кипчак», «События первой встречи с госпожой Огиз, Абылайханом» и др. В нем также содержатся понятия и сведения, связанные с культурой, традициями и индивидуальностью казахской истории. В нынешнем поколении формируется мир, в котором формируются люди, знающие свою историю и гордящиеся историей своего народа. «Я верю, что людей, которые знают, ценят и гордятся историей, ждет большое будущее. Гордиться прошлым, точно оценивать настоящее и проявлять позитивное отношение к будущему – залог успеха страны».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қ.П.Жүсіповтердің қолжазба қоры. (Павлодар). Жолмұраттың көшірмесі. 3-папка. 22-дәптер.Түгендеу 3. Б. 2.
2. Қазақстан Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры (бұдан әрі – РФ ОК). Көпеевтің қолжазбасы М.-Ж. 1176-папка. 331-бет (424;164) - 338 (431;168); Сол жерде. 1645-папка. 165-208 беттер.
3. Сол жерде. 1177-папка. 44-бет; Көпеев М.-Ж. Таңдаулылар. Алматы: Наука, 1992. Т. 2. Б. 77.

4. Көпеев М.-Ж. Өздері атақты болған батырлар бірақ ата-бабалары ұмытылған // Ақ Орда. 1993 жыл. № 2. 77-79 беттер.
5. Көпеев М.-Ж. Таңдаулылар. Алматы: Наука, 1990 ж. Т. 2. Б. 77-83.
6. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997. 114-115
7. РФ Орталық ғылыми кітапханасы. 1177-папка. 68-бет (38).
8. Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларындағы халық тарихы мен хандар шежіресі // Казак тарихы. 1999. № 4-5. 11-15 беттер; Артықбаев Ж.О. Қазақтардың билеуші үйінің тарихы бойынша материалдар. Алматы: Наука, 2001. 79-123 б.
9. Жүсіповтың қолжазба қоры Қ.П. Фазилдің көшірмесі. Т. 5. Түгендеу 6. 22-б.
10. Сол жерде. Жолмұраттың көшірмесі. Папка 3. Дәптер 22. Түгендеу 3. 1-2 б.
11. Абылай хан / Құраст. С. Дәуітов. Алматы: Жазушы, 1993. 315-316 б.
12. РФ Орталық ғылыми кітапханасы. Көшіру 8. 29. б. 16-14 (8).
13. Көпеев М.-Ж. Таңдаулылар. Алматы: Наука, 1990 ж. Т. 1.
14. Бекмаханов Е. Қазақстан 19 ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, 1992. 47
15. Мәшһүр Жүсіп шығармалары, 9 том, 2013 жыл. 14 -145 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАНЫМ

Қазақтың бірегей тарихи ұлы тұлғаларының бірі - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Публицист жасынан білімге құштар болып өседі. Ақын өз ғұмырында ел аузындағы аңыз-дастандарды, ертегілерді, қиссаларды жинап, одан басқа өзінің шығармашылығынан туындаған жазбаларын жазып қалдырған. Осындай шығармашылыққа толы өмірі көзі тірісінде-ақ аңызға айналғаны белгілі. Барлық өмірін болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыруды мақсат еткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырады. Сондықтан оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай асыл перзентінің ұлағатты өмір жолы мен ерең еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау кейінгі ұрпақтың міндеті. Кез-келген ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы сөз болғанда, оның туған жері мен қасиетті топырағы, өскен елі мен ортасы туралы айтпай кетуге болмайды. Сондықтан Мәшһүр Жүсіптің өміріне қатысты шежірені баяндарда бұрын жарық көрген еңбектердегі таратуларға сүйенетініміз анық. Заманымызға дейін жеткен тарихи жәдігерлерді кейінгі ұрпаққа жеткізуші тұлғалардың еңбегін атап өткен жөн.

Ақынның қай туындысы болсын, тақырыбы жағынан қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін қамтыды. Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілімен қылыштаған. Мәшһүр-Жүсіп өзінің ақындық қасиетінде «Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді». «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармасында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры өзекті мәселелерді көтерді. Шынымен де қазіргі ұлттық тарихымызды қайта зерделеу заманында ерекше тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлыда бар. Талантты қолдан жасау қиын. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында ел аузынан халық ауыз әдебиетінің сөз маржанын теріп, оны насихаттап елді сауаттандыру жұмысымен де айналысты. Уақыт өткен сайын, маржан тас су түбінде жатқан сайын жарқырай түсетіні сияқты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ұрпағына қалдырып кеткен мол мұрасы, баға жетпес байлығы оның даңқын бүкіл әлемге асқақтата паш етіп, өзінің құндылығымен ерекшеленіп тұрады. Кезінде солақай саясаттың кесірінен араб

харіптерімен жазылған шығармаларға тыйым салынды. Еңбектерін жарыққа шығармай қудалады. Енді қазір заман түзеліп, өз қолымыз аузымызға жетіп, егемен ел болып, арыстар ақталып, елім деп еңіреген ерлерді еске алып, құрметтеп ас беріп, мұражайлар ашып жатырмыз.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұрасы бүгінгідей рухани құндылықтың азайған шағында, қоғамның келеңсіз жайттарына тұсау салуға болатындығын дәлелдеп көрсетеді. Ақын мұрасы бүгінгі ұрпақ жүрегіне шынайы сезімнің ұшқынын жағуға болатынына көз жеткізу.

Қазақ фольклорының тарихын зерттеу - қазіргі қазақ ғылымының маңызды бағыттарының бірі. Соңғы онжылдықтарда 19 және 20 ғасырдың басындағы қазақ фольклорын зерттеушілерге Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, А.А.Диваев. Фольклортанушылар кейінірек қазақ фольклорын жинаушы және білгірі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларына бірінші кезекте командалық-әкімшілік жүйенің қарсылығынан жүгінді. Автордың таңдамалы шығармаларының екі томдығы 1990 және 1992 жылдары ғана шыққанын айтсақ та жеткілікті. Сонымен қатар, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қолжазбалары революцияға дейінгі дәуірдегі араб графикасында жазылған және бұл аударманы қиындатады. Ақын мұрасын зерттеудегі үлкен қиындықтар қолжазбалардың әр жерде сақталуынан туындайды. Мәселен, 30-35 томнан тұратын қолжазбалардың көп бөлігі ҚР Ғылым академиясының кітапханасында, ал 11 томы отбасылық мұрағатта.

М.Ж.Көпеевтің қолжазбаларының ғылыми құндылығы өткен дәуірді сенімді түрде көрсететіндігінде. Бұл тұрғыда Асан қайғы, Жиренше-шешен, Абылай хан және басқалар туралы аңыздар ерекше құнды. Көпеев соңғы екі ғасырдағы қазақ билерінің шешендік сөздері туралы мол материал жинады. 19 ғасырдың аяғында Мәшһүр-Жүсіп қолжазбалары кең тарала бастады, оларды ауызша үйреніп, таратты және осы ауызша формада олар өзгеріске ұшырады. Осы себепті жеке қолжазбалардың әр түрлі нұсқалары бар, тіпті олар авторлық құқығынан айырылған. Бұл нұсқалар кейде билер мен шешендер мәлімдемелері ретінде таратылып, әртүрлі басылымдарда жарияланған. Сонымен қатар, Кеңес үкіметі кезінде идеологиялық цензурамен режим талаптарының рухында өзгертулермен қолжазбалар жарық көрді. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев көптеген аңыздарды, тарихи аңыздарды, билер шешендік сөздерін, тұрмыстық әндер, ертегілер, батырлық эпостар, мақал-мәтелдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жинады. Оларда қазақ халқының сөз өнері, тұрмысы мен тұрмысы көрініс тапты. Бұрын коллекционердің аты-жөнінсіз шыққан кейбір мақал-мәтелдер жинақтары бүгінде М.-Ж.Көпеев мұрасының бір бөлігі ретінде танылды.

Біріншіден, Мәшһүр-Жүсіп тек ертегілер мен аңыздардың сюжеттік желісін жеткізумен ғана шектеліп қалмады, материал жинау кезінде ол ауызша

шығарманы халық арасында кең тараған түрінде толығымен жазып алды. Екіншіден, ол сол дәуірдегі сөйлеудің халықтық дыбысталуын сақтап, сөздегі үндестікке және олардың сөз таңдаудағы әсеріне және толық шығарманың көркем безендірілуіне ерекше назар аударды. Мұндай бақылаулардың қазақ тілінің тарихи фонетикасын зерттеу үшін маңызы зор. Үшіншіден, оның қай жерде, қандай жағдайда, кімнің сөздерінен материал жазылғанын нақты көрсеткен деп есептесек, оның қолжазбаларының тарихи, этнографиялық және мәдени құндылығы бар деп айтуға болады. Төртіншіден, өлкенің тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын жақсы біле отырып, материалға қосымша түсіндірмелер мен жазбалар берді. Сонымен, Көпеев фольклорлық үлгілерді жазып қана қоймай, оларды тарихи шындық пен қоғамның жағдайын ескере отырып зерттеді. Мәшһүр-Жүсіптің фольклортанушы ретінде қалыптасуында келесі себептер басты рөл атқарды: ол қазақ халқының рухани бай ауызша халық шығармашылығын қабылдады, Шығыстың ортағасырлық ғалымдарының жетістіктерімен жақсы таныс болды, Орыс фольклоры.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев техникасының басты ерекшелігі - мәтінді орындаушының аузынан тікелей жазу. Сонымен бірге ол халық арасында кең тараған қолжазбаларды пайдаланды. Мәшһүр Жүсіп өзінің қолжазбаларына басылымдарда жарияланған мәтіндерді де енгізген, мысалы В.В.Гадлов. Ол әрдайым өзі пайдаланған дереккөздерді көрсетіп, орындаушылар, олардың репертуарлары туралы толық мәлімет беріп, бір сөзбен мәтіндердің толық паспортын беріп отырды.

Мәшһүр-Жүсіп қалдырған ең бай фольклорлық мұра іс жүзінде Ұлттық Ғылым Академиясының Азаматтық кодексінің және фольклортанушының отбасылық мұрағатының қоймаларындағы «өлі салмақ» болып қала береді. Сондықтан, ең алдымен, ҚР ҰҒА қорында коллекционер мұрасынан не барын ашып, олардың жай-күйін сипаттап, қолжазбаларға сипаттама беріп, олардың ГКА ҒА репозиторийіне түскен тарихын көрсету қажет болды.

Мәшһүр-Жүсіп фольклорды жастарға тәрбиелік әсер ете алатын, халықтық педагогикалық даналықтың қайнар көздерінің бірі ретінде қабылдады және бағалады. Мысалы, басылымдардың бірінде ол газет оқырмандарына Кіші жүздің әйгілі биі Алшын Қаражігіт туралы әңгіме айтты. Алшын Қаражігіт болысы бір қатты қыста барлық малынан айрылды: жылқы, сиыр, түйе және қошқар. Қысқа уақыт өткеннен кейін, небәрі 3-4 жыл ішінде тұқым аяғынан тұрып, бұрынғыдай сауығып кетті. Бірақ бұл үшін оған адамның үш жаман қасиетін жеңу керек болды: жалқаулық, ұйқышылдық және қыңырлық. Басылым соңында Мәшһүр-Жүсіп: «Мен мұның бәрін жастардың еңбек өмірінің артықшылықтарын түсіну және кез-келген ақылға қонымды адам мақал-мәтел

бойынша жоя алатын барлық келеңсіздіктерді жоққа шығару мақсатында баяндап отырмын: «Асыл адамдар еңбектен қашпаңыз ... ».

Мәшһүр-Жүсіп ешқашан фольклордың барлық үлгілерін баспаға ұсынбағанын, тек оның пікірінше, адамдарға көп пайда әкелетінін ғана ескеру керек. Осы халық шығармашылығымен бірге ол өзінің өсиеттерін жас ұрпаққа жеткізді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет», 2005 ж., №10.
- 2 Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. - Павлодар, 2010. - 308б.
- 3 Ғ.Есім Адам-зат. Философиялық эсселер кітабы –Астана, 2008. - 381б.
- 4.Копеев М.Ж. Кому принадлежит Сарыарка ? / М.Ж.Копеев//Дала уалаяты. - Казань.-1907.- №5.
- 5.Копеев М.Ж. Чертов торг // Поэты Казахстана.- Л.,1978.- С.314-320
- 6.Копеев М.Ж. Чертов торг // Поэты пяти веков. Казахская поэзия XV нач. XX веков.-Алма-Ата, 1993.-С.231-235
- 7.Копеев Юсуф. "Местные известия": [статья Копеева М-Ж., опубликованная в акмолинской газете за 1890 год; предисловие к материалу краеведа С. Джаксыбаева] / Копеев Юсуф; Юсуф Копеев // Звезда Прииртышья.- 1998.- 26 ноября. - С. 14..

ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАНЫМ: РУХАНИ ТАҒЫЛЫМ СЫЙЛАҒАН АҚЫН

Биылғы оқу жылы көптеген ақын - жазушыларды дәріптеумен ерекшеленуде. Соның бірегейі елі сүйген, елі сүйген қаламгер ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165-жылдық мерейтойы. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімі ретінде ақын жырларының бастауыш сыныпқа беретін тәлім-тәрбиесін жайлы ойымды ортаға салып үлесімді қосқым келді.

Осы орайда алдымен бастауыш сынып оқушыларына қаламгерді танып білгізу мақсатында "Кішкентай мәшһүртанушылар ! Мәшһүртанудың тиімді бағыттары" атты жоба сызып алдым. 1 - бағыт: Ақын өміріне саяхат барысында өмірбаянымен, шығармашылығымен танысса, 2 - бағыт: Мәшһүр Жүсіп - әдебиет және бейнелеу сабағын кіріктіріп, өлеңдеріне шолу жасап, бейнелеу сабағында мазсұны бойынша сурет салдырттым. 3 - бағыт: Өлеңін өмірмен байланыстыру: Анам хат өлеңі арқылы шәкірттерім өз анасы туралы эссе жазып шықты. Ал, 4 - бағыт: Қанатты сөздері-сынып сағатында тіл туралы айтқандарын талдаттым. 5 - бағыт: Ғылыми жоба 5 қымбат өлеңін биылғы оқу жылында жоба тақырыбына алмақшымын. Міне, бастауыш оқушыларына сөзбен емес, іспен көрсетіп келемін. Дара тұлғаның мұрасы оқушыларды еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат.

Мәшһүр Жүсіптің "Сарыарқаның кімдікі екендігі" атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. [1,5-6 б] Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Бұл кітапты мен мерейтой қарсаңында кітапханадан тағы бір саралап шықтым. Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған көп материалдарды шолып қарай отырып, оның жинаушылық еңбектерін саралауға бастайтын мынадай ерекшеліктерін байқадым. Осы орайда халқына рухани тағылым сыйлаған ақынды, яғни тұлғаны танып білгім келді. Кітапханадан ізденіс барысында мынадай тың ақпараттарға куә болдым. Тарқатып айтсам, біріншіден, Мәшһүр Жүсіп ертегінің, не аңыздың қысқартылған сұлбасын, шығарма фабуласын берумен шектелмеген. [2,6-9 б] Ақын белгілі бір материалды ел арасындағы айтылу қалпын сақтай отырып, неғұрлым толық қамтып отырған. Екінші байқағаным, әрбір сөздің сол кездегі дыбысталу қалпын, орфоэпиясын ескеріп, белгілі бір сөздерді естілуі бойынша қағазға түсірген.

Әсіресе, сөздің дыбыстық әуезділігіне, өзара үндесуіне көп көңіл бөлінетінін, дыбысталу сапасының сөз мағынасына, сол арқылы шығарма көркемділігіне пәрменді ықпал жасап отыратынын бағамдасақ, бұлай жазу қазақ тіліндегі сөздер фонетикасы тарихын жасауда да елеулі рөл атқаратынын дәйектеуге болады. Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп қай материалды кімнен қандай жағдайда қалай жазып алғанын жеткізіп отырған.

Демек, ол қалдырған жазбалардың тарихи, этнографиялық, т.б. мәні айрықша болатыны күмәнсіз. Төртіншіден, ел тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын кең білген Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдарға деген өз бағасын, байқауларын қоса жазып отырған. Соңғы айтылғандары Мәшһүр Жүсіптің естігенін құр жазып алумен ғана емес, оларды саралап, белгілі бір тарихи жағдай, ел ахуалымен салыстырып отырған зерттеушілік еңбегін көрсетеді Ақын үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырғаны мәлім. Мәшһүр Жүсіптің түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда, ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана іске аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Мәшһүр Жүсіпті де осындай жан деп білемін. [3,8-9 б] Оның жанының нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, "өзім не болсам да мейлі – өзгенің жаны жараланбасын, басқаның басына бақытсыздық, күңгірттік келмесін", – деп іштей жақсы тілеумен жүретінін айтып жеткізу мүмкін емес. Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т.б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады. Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттары. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны белгілі. [4, 6-9 б] Бастауыш сыныпта мен ақынның қанатты сөздерін сынып сағатында және сабақ барысында тиімді қолданамын.

Бастауыш сыныпта «Дүниедегі ең асыл тіл - араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары - қазақ тілі. Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында» деген сөздерінің мағынасын түсіндіріп, тілді құрметтеуге үйретемін. Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі. Кедейлік үш ағайынды болады: үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы Шын жақсының бойында болмас кегі. Не нәрсе талаптансаң табылады. Бүгін аш болған қарын ертең тояр.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклорлық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі, мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіру керектігі аян. Мәшһүр Жүсіп сондай-ақ ақындар айтысының не бір тың үлгілерін де жинаған. Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы, т.б. нұсқалары бар. Мұндай үлгілерді жинағанда ара жігін бөліп-жармай, жаңа-ескі деп қарамай, шамасы келгенше фольклордың әр жанрын қамтып, барлығын жан-жақты жинауға

тырысу тек Мәшһүр Жүсіп ерекшелігі емес, сол тұстағы көптеген ғалым-фольклоршылардың шарты. [5,12-15 б] Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Жалпы ауыз әдебиеті мен фольклорлық нұсқаларды жинаушылардың көпшілігі ұстанған дәстүрдің бірі – экспедициялық әдіс екені белгілі. Жинаушылықтың осы формасын “экспедициялық” әдісті Мәшһүр Жүсіп те көп қолданған. Бірақ жинаушылық барысында Мәшһүр Жүсіп жоғарыдағы фольклорист-ғалымдар тәрізді тілшілер, т.б. көмегіне сүйенбеген.

Мәшһүр Жүсіптің қазақ тілін жете меңгергендігі, бір жағынан, оның жинаушылық қызметінің тілдік қиындықтарға ұрынбауын негіздесе, оның жинау жұмыстарының тез қарқынды жүруіне де, фольклорлық үлгілерінің мол болуына да ықпал етті. Онысы дұрыс та, әдетте бір ел өкілі екінші бір халықтың тарихын, әдет-ғұрпын білгісі келсе, ең алдымен оның фольклорын, яғни әсіресе көне жанр түрі – аңыздарына зейін салатыны мәлім. Сол арқылы бүкіл халықтың түсінігін, арман-ойын, салт-ғұрпын, мәдениетін, т.б. түсінеді. Мәшһүр Жүсіп болса, халыққа сол кезеңде “не керек” дегендерді аражігін ашпай жинай берген.

Яғни, елінің тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктері, тұрмыс-салты, т.б. жақтары – бәрі қажет боларын сезініп, неғұрлым ауқымды жұмыстар атқарған. Сонымен жинаушылықтың негізгі мақсаты халыққа “не пайдалы” деген тұрғыдан жүргізілгендіктен де басқа дамыған елдер қатарында өмір сүру үшін қазаққа не қажет, өскелең ұрпақты қалай тәрбиелеген жөн, ол үшін қандай үлгі-өнеге боларлық іс-әрекет қолдану керек. Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар. Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы; Екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі, үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері. Ауыз әдебиеті мен фольклорлық үлгілерді жинау барысында Мәшһүр Жүсіп белгілі бір жинау принциптеріне сүйенген. Ол ақынның ағартушы-демократиялық көзқарасынан туындаған. Ең алдымен айтатын нәрсе, Мәшһүр Жүсіп фольклорды өзгертуге, түзетуге жатпайтын асыл мұра деп білген, мәтінді сол қалпында хатқа түсіру шартын ұстанған. Сол себепті, Мәшһүр Жүсіп кімнен не алса да көрсетіп отырған. Мәселен, “Өз Әйтеке би” әңгімесінде бірнеше мәтелдер шоғыры беріледі де, оның иесі, яғни жеткізушісі есебінде төрт Шөмекейге қараның ханы болғанын тілге тиек еткен. [6,3-4 б] Мұндай мысалдар ақын қолжазбасында көптеп кездеседі. Фольклорды тұрмыстың қажеті, елге білім, тәрбие беретін құрал деп білген. Сондықтан, әр мәтіннің шығу тарихын, айтылу жағдайын, қалай тарағанын анықтап отырған.

Мәселен, Мәшһүр Жүсіп жинаған “Малшы Алтай” әңгімесі. Мұнда Қуандықтың баласы Алтай деген жігіттің Піспекбайдың жылқысын ерінбей, жалықпай тер төгіп, адал еңбегі арқасында жұттан шашау шығармай аман алып шығуы баяндалады. Міне, көріп отырғанымыздай, адал еңбегі арқасында малшының да мұратына жеткендігін баяндай отырып, Мәшһүр Жүсіп өз заманындағы жастарға осы іс-әрекетті үлгі ретінде ұсынады.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда, Мәшһүр Жүсіп фольклорлық үлгілерді

тек үлгі-өнеге, т.б. үшін ғана жинамаған тәрізді. Автор сол нұсқалар арқылы өзіндік ой-топшылауларын да бірге беруге тырысқан. [7,5-6 б] Осы баяндаманы жазу үстінде маған өте ұнағаны өзіміз өмірде тілге тиек ететін "Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол", – дейді. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып, "Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды", – деп те ашылады. Міне, осы сөз дәл бүгінгі өмірмен байланысты болып отыр емес пе? Иә, ақын шығармаларында да көпшілік қауымды еңбекке, оқу-білімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе қолыңнан келгенше кісіге жақсылық істе, кедей-кембағалдың қажетін өтеу адамдық борышың. Ал, халық үмітін ақтарлық игілікті ісің болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікір қорытады. Ол адалдық, адамдық жайындағы толғамды ойларын өлең, мақала, аңыздың айналасында ғана айтпай, көптеген дастан да жазған. Қорытындылай келе, сөз соңында ақынның шығармаларын бастауыш сыныпта қолдану аясын кеңейтуде күш-жігерімізді аямайық дегім келеді. Өйткені, ұрпағы барда рухани тағылым сыйлаған ақын рухы мәңгі жасай беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аңыз адам республикалық журналы №5, 2019 ж., 5-6 бет
2. Жаңа білім республикалық журналы №6, 2020 ж., 6-9 бет
3. Қазақ энциклопедиясы, 2020 ж., 8-9 бет
4. Қазақстан мұғалімі №4, 2021 ж., 6-9 бет
5. Қостанай таңы облыстық газеті №5, 2021 ж., 12-15 бет
6. Парасат республикалық журналы №2, 2021 ж., 3-4 бет
7. Мөлдір бұлақ журналы №7, 2021 ж., 5-6 б

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ: ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАНЫМ

Бүкіл әлем мәдени мұрада қазақтардың ауызша тарихи дәстүрі өте аз зерттелген. Кеңестік тарихнамада ауызша тарихи дәстүр еленбей, дерек көз ретінде қабылданбады.

Батыс тарихшыларыда ауызша тарих деректеріне күмәнмен қарады. Олардың қатарында Мұхаммед Шайбани хан, Қадырғали Жалаири, Мұхаммед Хайдар Дулати, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердиев[1] және т.б. сияқты атақты әрі танымал авторлар мен жазба дереккөздер мен мұрағат материалдарын құрастырушылар бар.

Қазақ фольклорын, тарихи аңыз-әңгімелерін, қазақ шежіресін зерттеушілердің бірі – ақын, фольклоршы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Ол Семей облысы Баянауыл сыртқы округінің тумасы еді. Бұхара мен Ташкентте оқып жүргенде мұсылмандық білім алған. Ол ағартушылық қызметпен айналысты: Қызылтау ауданында қазақ балаларына мұсылманша сауат ашуды үйретті. Қазақтардың ауызша халық шығармашылығынан материалдар жинаумен айналысты. Осы мақсатта Омбы, Павлодар, Семей, Петропавл, Атбасар және басқа қалалар аймағындағы көптеген қазақ ауылдарын аралады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ірі ақын, ғалым, ойшыл. Оның шығармашылық қызметі қазақ даласының ең қиын жағдайында ғана емес, сонымен бірге дабыл қаққан екі тарихи белестің бетбұрыс кезеңінде өтті. Оның мұрасы таусылмас бай және алуан түрлі. Зерттеушілер одан адам туралы, өмірдің мәні, парасат пен сана туралы, өз халқының тағдыры туралы, жақсылық пен жамандық туралы философиялық толғаулар табады, замандасының бытыраңқылығы мен жалқаулығы туралы батыл сынды атап өтеді, қоғам, тәрбие, адамгершілік тәрбиесі мәселелерімен танысады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің этнографияға, медицинаға, философияға, космологияға және қазіргі ғылымның басқа салаларына арналған еңбектері бар. Ғалымның тарихи көзқарастарына ғана тоқталамыз.

Мәшһүр Жүсіп жазба мұрасының ерекшелігі – қазақ хандарының (Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, т.б.) өмірінің тарихи деректеріне негізделген егжей-тегжейлі бейнесі. Шығыс шежірешілерінің үлгісімен жазылған бұл вариация М.Ж. Көпеев «Қазақтың тамыры», қазақтың жалпы тарихына арналған. Бар болғаны 2-ақ бетке сипатталған қазақтардың шежіресі, қазіргі таңда тарих ғылымында қолданылмаған тарихи даталар, келтірілген деректердің қай жерде, қашан, кімдер жинағандығы көрсетілмегенін ескерсек, бұл мәліметтерді М. Ж. Көпеев, Абылай және Кенесары

ғасырлардағы хандардың тарихын байланыстырады. Бұл қолжазба деректі материалдың бай мазмұнымен ерекшеленеді.

Ол жинақтау қызметімен қатар көптеген поэтикалық шығармалар жазды. Сөйтіп ол «Исабек ишан», «Мұса Шорманов» атты жоқтау поэмаларын жазды, оларда да тарихи құнды деректер бар. 1893 жылы ол патша самодержавиесінің отарлау саясатына қарсы бағытталған өлеңдері мен мақалаларын жариялай бастады. Ақын-философ қазақ жерін жаппай тәркілеу үдерісін сабырмен бақылай алмады. Қазан қаласындағы ағайынды Хұсайыновтар баспасынан Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы үш кітап шығарды. Солардың бірінде «Сарыарқаның кімдікі екен» атты шығармасында автор даланың нағыз иесі – қазақтардікі екенін тарихи деректерге сүйенеді. Осы және басқа да шығармалар ақын мен ойшылдың қудалануына себеп болды. Ол амалсыз Самарқанға, Бұхараға көшіп, кейін Еділ мен Жайық бойын кезеді. Бірақ қай жерде жүрсе де ауызша халық шығармашылығының бірегей материалдарын жинап отырды.

Мақалалары қазақтың тұңғыш газеті «Дала уала-ятының газеттері» мен «Айқап» журналында жарияланған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жинаушы, аскеттік қызметінің арқасында Қазақстанның хандары, сұлтандары, билері, батырлары, қожаларының бірегей тарихи аңыздары, этнографиялық материалдары, егжей-тегжейлі шежірелері бізге жетті. Ол бізге көптеген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы құнды деректер әкелді.

Білімі мен талантын қастерлеген халық арасында үлкен беделге ие бола отырып, ол араб тілінен аударғанда «даңқты, атақты, лайықты» деген мағынаны білдіретін «Мәшһүр» атауын алды. 1887 - 1890 жылдары Орта Азия халықтарының тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, тұрмысымен танысу мақсатында Самарқанд, Бұхара, Ташкент, Түркістан және басқа қалаларды аралады. Мәшһүр Жүсіптің қазақ фольклорын жинаушы ретіндегі қызығушылығының қалыптасуына орыс шығыстанушы-түркологы, этнограф В.В.Радловпен танысу әсер етті. Қазақтың ауызша халық өнерінің көптеген үлгілерін жинастырып, жарыққа шығарды... Оны әулие ретінде қастерлеген, зияратшылар жатқан жеріне зиярат еткен, құлпытасқа қол тигізу дерттен жеңілдеп, рухани шипа болатынына шын жүректен сенген. Көпеевтің шығармашылық мұрасымен адамдар аз таныс еді. Ұлы Совет энциклопедиясында ол туралы аз ғана жол бар. Оның беттерінде Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрім 20 ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-философиялық ой-пікірдегі «діни-мистикалық ағымның өкілдері» ретінде аталады. Тағы бір мақаласында ол өз шығармаларында діни-патриархалдық көзқарастарды уағыздаған 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі ең көрнекті «жазушылар» тобына кіреді. Дегенмен, ТSB «жазушыларды» жинау іс-әрекеттері үшін елеулі еңбегі деп атайды. Кеңес заманында «діни-патриархалдық көзқарастар» құпталмаған, Мәшһүр Жүсіп шығармалары жарық көрмей, ақын-философ ретінде әдеби өмірден сызып тасталды.

Бүгінде оның шығармаларын қалпына келтіруде қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Қ.П. Жүсіп айналысуда. Көпеев шығармалары

араб, парсы тілдерінен аударылған. Бірақ ол шешуі қиын қысқартуларды жиі қолданды. Бірқатар шығармалардың жарыққа шығуын күтіп отырмыз, бұл мені алаңдатады, Көпеевтің айтқандары халыққа жеткенін қалаймын. 1907 жылы Қазан қаласында Хұсайынов баспасынан Мәшһүр Жүсіптің «Өмірден жиған тәжірибесі», «Жағдаят» атты жыр жинақтары мен «Сарыарқаның иесі кім» деген прозалық кітабы жарық көрді, бұл мемлекет тарапынан өткір реакция тудырды. Бүкіл тиражды бүлікшіл әдебиет тәркіленіп, автор саяси сенімсіз адамдардың қатарына қосылып, түрмеге түспес үшін Ташкентте біраз уақыт жасырынуға мәжбүр болды. Бұл шығармаларында автор әлеуметтік теңсіздік, білім бостандығы, сөз бостандығы мәселелерін қозғайды.

М.Ж. Көпеев өз отандастарының – билік басындағылардың мейірімсіз әрекеттерінен зардап шеккен қарапайым және қорғансыз адамдарды жиі суреттейді. Сол кездегі қазақ қоғамының хандық озбырлық тудырған жағымсыз қасиеттерін ақын ащы күймен жазады:

Айналада бір-бірімен жарысатын арамзалар ғана бар,
Өздерін ғана дұрыс және жақсы санайтындар...
Бір-бірін қызғанып,
өшпенділік тудыруға дайын...

Мінез-құлқынан ұлттық мінездің жағымсыз қасиеттерін көретін адамдардың сол әлеуметтік тобын суреттей отырып, ақын түрлі метафоралық бейнелер мен белгілерді пайдаланады. Сөйтіп, бір-бірімен жауласатын қарсыластарды «мүйізді өгіздер» мен «ешкілерге», «тізгінсіз айғырларға» теңейді, оның жанашырлығын тудыратындарға «жақсы» деген эпитетті қолданады.

Сонымен қатар, «Ғылымға тағзым», «Қазақтың бүгінгі кәсібі туралы», «Өмірлік серік іздеген жерден», «Хат», «Аналар» т.б. Ауызша шығармашылық дәстүрінде «Шайтандардың саудасы», «Сұңқар мен бұлбұл», «Қарт пен екі жас» және т.б дастандар жазылды. Араб, парсы тілдерін жетік білу Мәшһүр Жүсіпке Шығыс поэзиясын терең зерттеп, шығыс мотивтері негізінде «Гүлшат-Шеризат», «Ғибрат-нама», «Баян-нама» және т.б дастандар жасауға мүмкіндік берді. Бұқар жыраудың, Көтештің, Шортанбайдың, Шөженің шығармалары, оның ауызша айтушылардан жазып алған Абай, С.Торайғыров өлеңдері фольклоршыларға, тарихшыларға, әдебиеттанушыларға мол материал болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесіне шипа алу үшін әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған зияратшылар келеді. Павлодар облысы Баянауыл ауылынан бірнеше шақырым жерде Ескелді ауданында қазақтың белгілі ойшылы, философ, тарихшы, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесі орналасқан. 2018 жылдың 28 шілдесінде философтың ұрпақтары оның 160 жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл күні Ескелді алқабына әр өңірден бес мыңнан астам адам келіп, 35 киіз үй тігіліп, жергілікті қолөнершілер қолөнер бұйымдарын сатуды ұйымдастырды. «Оны әулие деп атаған», - дейді Павлодар мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры Лаура Жүсіпова.

Лаура Жүсіпова Мәшһүр Жүсіп ұрпақтарының барлығының тегі әртүрлі болғанын қуғын-сүргін жылдарында оқуға жібермегендіктен түсіндірді. Көпеев деген атқа ие болғандардың бәрі халық жауының баласы саналып, бірден қуылды. Лаура Жүсіпованың айтуынша, қолжазбалар да мышьяк қосылған сиямен жазылғандықтан сақталған. Бүгінгі күні сия түсі бұрынғы қалпында сақталған. Қолжазбалардың бір бөлігі Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы мұражайда сақтаулы. Міне, оның жеке заттары – тұмсық, әмиян, тиындар, көзілдірік, киім-кешек, ыдыс-аяқ, ат әбзелінің бөліктері. Мұражай орналасқан ғимараттың қалған бөлігінде 40 төсектік қонақүй орналасқан. Ол демеушілердің ақшасына салынған. Мекеме әкімшісі Сәуле Қанышова мұнда қажылардың жайлы тұруы үшін барлық жағдай жасалғанын айтты. «Қонақ үйіміз 2016 жылы ашылды. Бізде екі VIP бөлме бар, бір бөлме зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған. Саяхатшылардың қарамағында 3, 4 және 5 төсектік бөлмелер бар. Мұнда заманауи құрылғылармен жабдықталған асхана мен ас үйі бар. Оны тек келушілер өздері дайындайды. Бөлмеде тұру бір адамға тәулігіне 5000 теңге тұрады. Қажылардың көпшілігі жазда келеді. Сондай-ақ кесенеде 20 төсектік тегін қонақ үйі мен 10 адамға арналған асхана бар.»- деп жауап береді, Сәуле Қанышова.

Кесененің өзі Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмір сүрген жылдарын бейнелейтін 73 баспалдақ шығатын төбеде орналасқан. Жоғары көтерілген сайын оның баспалдақтың шетінде орналасқан тас тақталарға қашалған сызықтарын оқуға болады. Кесене екі бөлмеден тұрады. Біреуі алғашында саяхатшыларға арналған, онда Мәшһүр Жүсіптің қажылар пайдалана алатын жеке заттары болған. Екіншісінде Мәшһүр Жүсіптің денесі гранит құлпытастың астында жатыр. Бұл залға кірген қажылар дұға оқып, құлпытасқа қолын тигізіп, шипа, амандық тілеп, садақа қалдырады. Кесененің жанында Мәшһүр Жүсіптің туыстары жерленген тағы бірнеше жерлеу орындары бар.

Астанада белгілі ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165 жыл толуына орай жарық көрген «Адам Жүсіпті «Мәшһүр» қылған адамдық жол...» бес томдық таңдамалы шығармалар жинағының тұсаукесері өтті. Мәшһүр Жүсіптің таңдамалы шығармалары «Сенімен болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің қолдауымен оқырман назарына ұсынылған бес томдық жинаққа енді. Бес томдықтың тұсаукесер рәсіміне қоғам және мемлекет қайраткерлері, мәдениет және руханият қайраткерлері қатысты.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тұлғалық өмірі мен тағылымына арналған. Қазіргі уақытқа Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармалары қаншалықты толық жеткендігі қарастырылады. Қазіргі таңда М.Ж. Көпеев шығармаларының 80 жылдан кейін елге оралуы өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. М.Ж. Көпеев әдебиет, бір жағынан, елдегі қоғамдық-саяси жағдайға байланысты дағдарысты бастан кешірсе, екінші жағынан, дарынды ақындардың шығуына байланысты қазақ әдебиеті жаңа сипаттарға ие бола

бастаған кезеңде өмір сүріп, еңбек етті. М.Ж. Көпеев бүгінде өзге ұлт өкілдеріне Павлодар қаласының орталық мешітіне ат берілуі және оның жерленген жеріне жаппай зиярат студің арқасында танымал болып отыр. Білімі мен талантын қастерлеген халық арасында үлкен беделге ие бола отырып, ол араб тілінен аударғанда «даңқты, атақты, лайықты» деген мағынаны білдіретін «Мәшһүр» атауын алды.

Кілттік сөздер: Мәшһүр, шығарма, қазақ жері, қазақ тағдыры.

Қолданылған әдебиеттер тізім

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 2018, 221 б.
2. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет, -Астана : «Фолиант», 2002
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004, 535 б.
4. <https://qazaquni.kz/ru/151838-ego-nazyvali-sviatym-fenomen-mashkhur>
5. Жүсіпов Е. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰЛҒА ТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) қолжазба мұрасы қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің құнды дерегі. Қазіргі ғылымда Мәшһүр Жүсіп бейнесін әлі де тек әдеби қызметіне байланысты таниды. Ойшыл Жүсіптің қалдырған бай тарихи мұрасын бірі білсе, бірі біле бермейді. Тарихшының деректерінің құндылығын тек оның қолжазбаларымен танысқан мамандар ғана түсінеді.

Өз замандастары Құрбанғали Халиди, Мұса Шорманұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы тәрізді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлыда қазақ халқының тарихын шежіре түрінде жеткізді. Осы бір бағытты ұстануына жас күнінен бойына сіңірген шығыс ілімі әсер етті. 1872-1874 жылдары Адам Жүсіп Бұһарадағы «Көкілташ» медресесінде білім алып, араб, парсы және шағатай тілдерін меңгереді. Ел-жерді аралап, ел аузынан баға жетпес құнды мағлұмат жинады. Бұл қызметі алдағы уақытта ерекше тарихи мұра қалдыруына түрткі болды. Ескере кететін жайт Мәшһүр Жүсіп Ресей мен Еуропа ғалымдарының еңбектерін де қолданды, бірақ зерттеу барысында олардың нақтылығына күмән келтірді. Батыс ғалымдарының мәліметтері мен көзқарастарын ақиқат деп танымағанымен, кейбір батысшыл көзқарастар оның еңбегіне әсер еткенін байқауға болады. Мысалы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар фондында сақталған Көпейұлының қолжазбаларынан Еуропа зерттеушілерінің тұжырымдамаларын кездестіруге болады.

Мәшһүр Жүсіп мұрасында тұлға тану бағытындағы зерттеулер көптеп кездеседі. Көпейұлының мұрасын зерттеуші, филолог Мұратбек Бөжеевтің пайымдауынша ойшылдың қолжазба қорының көлемі, көшірмесі мен түпнұсқасын қосқанда 30- дан астам томды құрайды. Патша дәуірі тұсында қазақ зиялы қауымының тұлға тану бағытындағы зерттеулері цензурадан өтті. Тұлғаның саяси қызметі, империяның колониалдық жүйесіне көзқарастары тексерілді. Және Кеңес дәуірінде жеке тұлға тарих беттерінде өз ізін қалдыра алады деген түсінік жоққа шығарылды. Билеушілерді, қолбасшыларды, би-шешендерді халық арасындағы беделіне қарай топтастырған. Қазақ хандарын беделіне қарай «елеулі» (беделді, аты шыққан) және «елеусіз» (абыройсыз) деп екі топқа бөлген. «...В свое время были ханы, прославленные народом.

Но нет смысла говорить о тех ничего не значивших людях, которые не прославили себя?! Были они или нет? Есть же ведь слово : «От не прославленного парня лучше холм с названием» [7].

Шора Нәрікұлы (Қазан билеушісі), Темірлан, ержүрек Едіге (Алтын Орданың билеушісі) сияқты кейбір тарихи тұлғаларды Мәшһүр Жүсіп түркі тілдес халықтардың ортақ қаһармандары деп санайды: "Бізде қазақтардың ұлы, даңқты үш батыры болды, бірі ержүрек Едіге, екіншісі қыпшақ Қобыланды, үшіншісі – тамадан шыққан (Кіші жүз тайпаларының бірі) Шора батыр" [11].

Сондай-ақ, өз еңбектерінің бірінде «Герой которые прославились сами чьии предки были забыты» М.Ж. Көпейұлы жазады: «Қара халықтан болғандықтан Әмір Темір қанша халықты жаулап алса да, хан болып жарияланбады. Оң бағасын бергендер Темірді «Көріпкел» дейді. Теріс пікірде болғандар «Темірлан» дейді.... Кім болса да, жаман адам болған жоқ. Халық аузында қалды. Көптеген мұра қалдырды. Самарқандтық Әмір Темір, қыпшақ батыры Әмір Тарағайдың ұлы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, Ташкентте Зеңгі ата кесенесін салдырды. Бұхара қамалының негізін қалағанда Темірлан» [5].

Едіге мен Тоқтамыс арасындағы Ұлық ұлыстағы саяси текетірес дәуіріне кеңінен зерттеу жүргізіп, Мәшһүр Жүсіп алдымен Едігенің шығу тегіне тоқталады. Әйгілі беклербекті әулие Баба түкті Шашты Азизден тарайды деп аңыз келтіреді [4]. Бұдан әрі екі билеуші арасындағы күрес және Тоқтамыстың Сібірге қашуы сипатталады, бұл Қадырғали Жалаиридің «Жами ат- тауарих» еңбегімен расталады [3]. Соңында Тоқтамыстың шежіресі беріледі: «Жошы ханның ұлы Тоқа Темір, оның ұлы Тоққыл Қожа, оның ұлы Түй Қожа, оның ұлы Түркістанда даңқы шарықтаған Тоқтамыс. Одан сегіз ұрпақ тарады. Ержүрек Едіге Ұлық ұлыста Тоқтамыс билік еткен кезеңде ерлігімен танылды" [10].

М.Ж. Көпейұлы Ш. Уәлиханов, Қ.Халид, Ш. Құдайбердіұлы, В. В. Веляминов-Зернова, Әбілғазы хан және т. б. зерттеушілердің еңбегіне сүйеніп, зерттеді. Ғалым әйгілі хандарға мынадай баға береді: Қасым хан «қазақ хандары арасында беделі жағынан жоғары тұр», Ақназар хан «жігерлі адам», «батыр хан», Әз-Тәуке «ақылды адам», «терең ойлы, ұлы хан» [2].

Ғалым қазақтарда Әз-Жәнібектен Әз-Тәукеге дейін біртұтас, орталықтандырылған билік болды дегенге күмән келтіреді . Дәрменсіз билеушілер билігі ұзаққа созылмайды, нәтижесі хандықтың ішкі алауыздығына әкеледі. Қазақтың маңдайына біткен, халық игілігі үшін дүниеге келген хандар: «Қасым хан «қасқа жол», Есім хан «ескі жол», Әз-Тәуке «Құлтөбедегі қырық кеңес», олардан кейін 48 жыл Абылай хан билік

етті. Бұл хандар мемлекет басқару жүйесін ретке келтіріп, заңдар жинағын ұсынған, қазақ жұртының басын біріктірген» [9].

Сондай-ақ ғалымның зерттеулерінде XVIII-XIX ғасырлар аралығындағы Ел аузында жүрген тұлғалар туралы мәліметтер бар. Зерттеуші осы бір дәуір батырларын үш тізімге енгізген. Тізімнің бірінде Сіргелі руынан шыққан Елшібек батыр кездеседі. Шамасы бұл тізім Ш. Ш. Уәлихановтың материалдарымен толықтырылды. Бұл батырлардың бір бөлігі және ерлік көрсеткен шайқастарының өткен жерлері бір-бірімен байланыстырылып М.Ж. Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екендігі» (Қазан, 1907) еңбегінде жарық көрді, онда автор патшалықтың отаршылдық саясатын сынайды [6].

Көпейұлының қолжазбаларында Исатай Тайманов туралы бұрын соңды жарияланбаған, сирек кездесетін материалдар бар («Науша батыр» «Қазақ түбі» жинағына енген). Бұл оқиғалар 1836-1838 жылдарды қамтиды. 1889-1891 жылдары Батыс Қазақстанда болып, сол жерде Исатай Тайманов және осы аймақтың басқа да танымал тұлғалары туралы мәліметтерді жинап, жазып алды. 1947 жылғы монографиясында Ермұхан Бекмаханұлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасының тарихи шындығына жоғары баға берді [1].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Мәшһүр Жүсіп тұлға тану бойынша үлкен мұра қалдырғанына күмән жоқ, сонымен қатар зерттеулердің нәтижесінде осы тұлғаларға баға берді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тұлға тану бағытын жандандырған тарихшы.

Аннотация

Бұл мақаланың зерттеу бағыты тарихшы, зерттеуші, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи мұрасын дәріптеу. Зерттеу жұмысы Мәшһүр Жүсіптің тұлға тану бағытындағы еңбектеріне негізделген. Ойшыл зерттеу барысында белгілі бір тарихи дәуірдің ақын, жырауларының қиса, дастан, жырларына сүйенген. Заманына сай тұлғаларға баға берген. Тұлғаның қызметіне ғана баға бермей, оның шығу тегінеде аса маңызды тұрғыда көңіл бөлген. Тарихтың бастауы - «шежіре» деп есептеген зерттеуші, қазақ шежіре бағытының негізін қалаушы болды.

Аннотация

Направление исследований этой статьи-популяризация исторического наследия историка, исследователя, мыслителя Машхур Жусупа Копеевича. Исследовательская работа основана на работах Машхур Жусупа по распознаванию персоналий. В ходе исследования мыслитель опирался на стихи, поэмы определенной исторической эпохи. Не только оценивая деятельность человека, но и уделяя особое внимание его происхождению.

Истоками истории был исследователь, считавший "генеалогию", основатель казахского генеалогического направления.

Abstract

The research direction of this article is to popularize the historical heritage of the historian, researcher, thinker Mashhur Zhusup Kopeevich. The research work is based on the works of Mashhur Zhusup in the direction of personality recognition. In the course of his research, The Thinker relied on the poems, poems, poems of a certain historical era. "I don't know," he said. He did not only evaluate the activity of the individual, but also paid special attention to his Origin. He was a researcher who believed that the beginning of history is "shezhire", the founder of the Kazakh shezhire direction.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алматы, 1992 – с. 47.
2. Жусупов Е.К. История народа и родословная ханов в рукописях Машхур Жусупа // Казак тарихы. – 1999. - №4-5. – с. 11-15; Артыкбаев Ж.О.
3. Материалы к истории правящего дома казахов. - Алматы: Наука, 2001. – с. 79-123.
4. Кадыргали Жалайыр. Сборник летописей - Алматы: Казахстан, 1997. – С. 114-115.
5. Копеев М.Ж. Избранное. – т. 2. - с. 77-83.
6. Копеев М.Ж. Герой которые прославились сами чьи предки были забыты // Ак Орда. - 1993. - № 2. – с. 77-79.
7. Копеев. Избранное - Алматы: Наука, 1990. – Т.1.
8. Рукописный фонд Жусуповых К.П. (г. Павлодар) копия Жолмурата,
9. 3 папка, 22 тетерадь, 3 опись, 2 стр.
10. Рукописный фонд Центральной научной библиотеки (далее – РФ ЦН б), рукопись Копеева М.Ж., № 1176 папка. Стр 331 (424;164) – 338 (431;168); Там же № 1645 папка, стр. 165-208.
11. Рукописный фонд Жусупова К.П. , копия Фазыл, 5 том. 6 опись, с. 22.
12. РФ ЦНБ № 1177 папка. С. 68 (38).
13. Там же № 1177 папка . стр. 44; Копеев Избранное, - Алматы: Наука, 1992. – Т.2. – с. 77.

Сабденова Кулиза Кудайбергеновна
Астана қаласы Мұстафа Шоқай атындағы
№ 51 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
сарапшы-педагог

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ТАНЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Терең тамырлы қазақ халқы – әуел бастан дүниетаным, оның ішінде діни дүниетаным арқылы өзін-өзі мен жан-жағын таныған халық. Бұл ауыз әдебиет үлгілерінен де, авторлық шығармашылықтан да айқын көрінеді. Қазақтар айтар ойы мен ақыл уағызын, өсиеті мен өнегесін жұрттың жүрегіне жеткізу үшін өлең сөзбен өрнектеген. Жақсылыққа шақыру мен жамандықтан тыю, халықты имандылыққа, бірлікке шақырып, адамгершілікке үйрету де сөз өнері, оның ішінде өлең сөз арқылы болған. Исламның нұры қазақ арасына осылай өлең арқылы тараған. Ауыз әдебиетіндегі сан алуан қисса-дастандар, жарапазан үлгілері т.б. осыны дәлелдейді. Қазақтың, одан арғы түркілердің бастан өткізген әр қилы тарихи кезеңдерінде өмір сүрген дара да дана тұлғалар өз көзқарастарын, дүниетанымын көркем сөзбен білдірген. Сонау Қорқыттан бастап, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Йүгінеки, бертіндегі қазақ хандығы тұсындағы қазақтың ақын-жыраулары мен би-шешендері, одан берідегі діни ағартушылар, Абай мен Шәкәрім және т.б. қара сөзден өлең оңай болды. Біздің зерттеуімізге ой-өзек болып отырған Мәшһүр Жүсіп те солай. «Көңіл – бір жатқан кеннің дариясы. Сонан шыққан сөз – жауһар» дейді Мәшһүр Жүсіп [1]. Оны өлең сөзбен де, қара сөзбен де жазғандықтан Мәшһүр Жүсіпті ақын әрі ойшыл дейміз. Діни ойшыл дейміз, өйткені өмірі мен шығармашылығы діннен, ислам дінінен ажырамас тұтастықта өрбіді.

Халқымыздың руханияты мен даналық рухын тану жолында қазақтың ұлттық ойлауы мен менталитетінің қалыптасып дамуына ерекше үлес қосқан ойшыл-тұлғаларымыздың көзқарасын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ой кешу үрдісінің ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бастапқы ширегіндегі ірі өкілдерінің бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерін дінтанулық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Мәшһүрдің дүниетанымының діни сипатын

зерттеу ойшылдың шығармашылығының дүниетанымын мәселелерді біртұтастықта, жүйелілікте қарастыруға мүмкіндік береді.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы дүниетаным мәселелерін осы уақытқа дейін әр ғылым саласы өзінше қарастырып келеді: тарихи-философиялық этнографиялық, фольклортану, филологиялық, педагогикалық және тағы басқа тұрғыдан қарастырып келді. Жалпы дүниетаным әлемі сан алуан болғандықтан да әр ғылым саласы өзіндік қызығушылық мәселесін таба алады. Сондықтан, молда Мәшһүр Жүсіп көзқарасындағы діни мәселелерге дінтану ғылымы шеңберінде талдау жасау – қазіргі ғылым мен қоғамның талабы, заман мен уақыттың сұранысы.

Қазақтың дін ғұламасы, ақын әрі ағартушы, этнограф әрі тарихшы, фольклортанушы әрі әдебиеттанушы, публицист әрі ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дүниетанымдық көзқарасының ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда ашу үшін, алдымен, дүниетаным түсінігінің өзін анықтап алып, содан кейін діни дүниетаным ұғымының концептуалдық мазмұнын беру керек болады.

Жалпы қабылданған философиялық түсінік бойынша, дүниетаным – адамның санасы мен танымының құрамдас бөлігі. Дүниетаным – бұл шынайы болмысқа және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған әлемге және өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастары арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері, құндылықтық бағыт-бағдарлары. Дүниетаным қоғамдық және жеке адам санасының ұйтқысы болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру – тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік немесе этномәдени топтың жетілуінің маңызды көрсеткіші [4].

Мәшһүр Жүсіптің тарих сахнасына шығуының өзі ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамындағы болып жатқан өзгерістерге тұспа-тұс келді. Автор ойы мен толғанысы ұлттық сана-сезім мен қоғамдық қозғалыстардың бір саласымен ұштасып жатады. Отарлық езгі мен қанауда күн кешкен қазақ халқының мүшкіл күйі мен экономикалық мешеулігі, білім мен ғылым деңгейінің заман талаптарына сай еместігі, отаршылдық өкімет орындарының әділетсіздік пен адам құқығын аяққа басқан озбырлық, қатігездікке негізделген саясаты, патша шенеуніктері мен жергілікті ел билеушілерінің парақорлығы, ел ішіндегі жікшіл алауыздық пен партиягершілдік, халықтың саяси белсенділігінің төмендігі, ел мүддесін мансап пен атақ-даңқ үшін сатып жүрген ел билеушілерінің іс-әрекетін

Мәшһүр Жүсіп өз еңбектерінде өзекті мәселелер ретінде қарастырады. Қоғамдық өмірдегі келеңсіз құбылыстарға сыни тұрғыдан қадалған қайраткер ғылым, білім үйренуге қазақ халқын, әсіресе еңбек адамын шаруашылықты дұрыс, ұқыпты тиімді, ысырапсыз жүргізуге шақырды. Қорлықта пенде пейілінің азғындығынан сескенген ол:

*Білімге жабысайық көңіл қойып,
Ерлердің көңіліне жүрмін тойып.
Болмаса бір құдайдан үміт-қуат,
Залымдар көзімізді алар ойып...
...Өнерге, ғылым-білім болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.*

*Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә,
Табылар мұңлы-зарлы саған серік.* [2].- деп ел санасын оятар тетіктерді ұсына бастайды.

Мәшһүр Жүсіптің рухани мұрасы мен терең мағыналы философиялық ойлары имандылық, адамшылық туралы пайымдарымен, этномәдени құндылықтары мен ұлттық мәдениетке деген жанашырлығымен ерекшеленеді. Оның ойлары қазақ әдебиетінің даму жолына және тарихына қатысты, әрі сол замандағы қоғамдық ой-пікірлермен ұштасып жатады. Өзі сол заманның сөзін, адамның сөзін сөйлеп, ұлағатты мақсатына жетпек болады. Бұл - қажымайтын ұзақ еңбектің, талмайтын ізденістің көрсеткіші.

Мәшһүр Жүсіптің дүниетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлері ретінде төрт тармақты – ұлттық дәстүрлер мен қазақ ауыз әдебиетін, Шығыс мәдениетін, мұсылмандық – түркі, араб, парсы дүниетанымының үлгілерін, Батыс және орыс мәдениетін алдымен еске аламыз. Ол шығармашылық ізденістерінде өз халқының бай мәдени мұрасы мен ұлттық рухани дәстүрлерін, қазақ халқының өткен тарихын, хандар, билер, батырлар, шешендер туралы этномәдени оқиғаларды танып білуге ұмтылды. Халықтың азаматтарына деген ыстық ықыластары, елдің ерлері мен естілеріне деген құрметтері, ұлттың рухани мұраларға ұқыптылығы ойшылдың дүниетанымының қалыптасуына, жаңаруына айқын зор әсер етті.

Қазақтың менталитетін жақсы түсінетін адам оның ұлттық дәстүрінде материалдық құндылықтарды иеленуге ұмтылушылық, оның қызығына дәнігушілік пен құнығушылық сияқты әдеттерді халқымыз өзінің қоғамдық санасында дәріптемейтіндігін байқайды. Сондықтан да болар мұсылмандық дүниетаным арқылы келген «қанағат», «сабыр», «тәуба» сияқты терең мағыналы ұғымдар халқымыздың әлемді түсіну көкжиегіне үйлесімді сіңісіп кеткені көрінеді. Жоғарыда аталған орнықты рухани құндылықтар, терең

рухани тіректер белгілі ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың шығармашылығында жиі кездеседі және ол бұл ұғымдардың өзінің дүниетанымына арқау ететінін де байқаймыз. Осындай аксиологиялық астары байқалған дүниетаным жүйесі қазақ ойшылының ерекшелігі ғана емес және ол жалпы түркі әлемінің де ділдік сипаттамасы.

Тұтастанған дүниетанымның иегері әр уақытта елдің бірлігін, мемлекеттің тұтастығын, халқының білімділігін ойлайды. Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлау нағыз руханилықтың белгісі екені анық. Осындай қасиеттердің иегері, қазақтың XX ғасырдың басындағы діни философиясының өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы екені анық. XX ғасырдың басындағы ислам әлеміндегі модернистік-ілгерішіл қозғалыс – жәдидшілдіктің усули-и-жәдид (жаңа әдіс), оқыту әдісін, ғылым-білім мен дін үйлесімділігі туралы тәрбиелілік, өнегелілік маңызы бар пікірлер толғаған ағартушы-ойшыл [3]. Оның халық бірлігін, ұлт тұтастығын негізгі құндылықтық бағдар еткен өмірлік позиция төменгі жыр жолдарынан анық байқалады:

*Асқынды болып жара-жауырларым,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым [2].*

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің танымының негізгі ерекшелігі – оның діни-этикалық сипатында. Ойшылдың дүниетанымдық жүйесінде дәстүршілдік пен жаңашылдықтың арасындағы қайшылықтар көрініс табады, ондағы даналық әлемді рухани игерудің өзіндік өлшемі ретінде байқалады және таным субъектісінің образдық түсініктері айқындалған. Қоғам қайраткерінің қызметі қазақ халқының этникалық дүниені түсінуінің жаңа түрін қалыптастыруды қамтамасыз етті. Мәшһүр Жүсіп Көпеев философиясы қазақтардың рухани өмірі туралы және оның құндылықтық әлемі туралы ойтолғауларға толы екені пайымдалды.

Қазақ руханияты тарихынан өзінің лайықты орнын алған дара тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жан-жақты, кең әрі терең мәнді шығармашылығынан көрініс тапқан оның дүниетанымының өзіндік ерекшеліктері болды. Ол сонау орта ғасырлардағы ислам өркениетіндегі әл-Фараби тәрізді ғұламаларға тән энциклопедиялық білімді бойына жинақтады. Сондай-ақ «ол қазақ қоғамындағы ұлттық дәстүр мен болмыстың інжу-маржандарын жинақтаумен қатар өзінің діни-философиялық дүниеге қатынасын ерекше сипатта өрнектей алған қайраткер еді. Ол діншіл философ, дегенмен оның діншілдігі догмалық деңгейде қалып қоймаған, үнемі

шығармашылық ізденістегі діншілдік. Ол ғылымның, ғылыми танымның, психологиялық ұғымдардың маңызын жете түсінеді және олардың әрқайсысына өзіндік ғылыми сипаттама беріп отырады» [5].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алдыңғы ширегінде өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жан-жақты шығармашылығында діни құндылықтар, оның ішінде исламдық рухани негіздер алдыңғы орынды алады. Жастайынан өмірінің соңына дейін діни және дінтанулық білім алумен сипатталатын рухани ізденісте болған М.Ж.Көпейұлының өмірі мен шығармашылығындағы діни дүниетаным эволюциясында ханафилік мәзһабтағы сүннилік көзқарастар айқын басымдық танытады. Оның көзқарасына йасауилік және нақышбандилік тариқаттарға сүйенген сопылық ілімдердің ықпалы болғанымен, оның көтерген діни тақырыптағы мәселелерін дәстүрлі біліммен қатар, сол заманда өмірге енген заманауи ғылыми жаңашылдықтар тұрғысында да пайымдау қажет.

Туған халқына шын берілген Мәшһүр Жүсіп қазақтарға азаттық пен бостандыққа жету үшін ең алдымен бірлік пен ынтымақ, биікке самғатар ұлттық рух қажеттігін, қазақтардың ұлттық сана-сезімін оятуға ұйымдасқан түрде ден қоюға шақырады. Қазақтың берекесі өз ортасында деген ұстаным бірлік пен тұтастыққа шақырады.

Андатпа. Бұл мақалада ұлтымыздың дана перзенттерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымының негізгі ерекшеліктері баяндалады. Ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, ойшыл, рухани қайраткер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бітім-болмысы, шығармашылық мұрасы толық зерделеніп біткен жоқ. Ғалым әрі ақын туған елінің тарихы мен мәдени мұрасын түгендеуді өзінің өмірлік мұраты деп білді. Оның шығармаларына терең ұлттық бағдар, асқақ патриоттық сезім, отансүйгіштік идеясы тән. Ойшылдың пікірінше, ұлттық тұтастық пен ауызбіршілік халық өмірін топтастыратын басты шарттар және негіз. Ақынның бостандық пен азаттыққа жеткізер жолда халықтың бірлігі мен татулығын, ұлттық жарқын келешегін жырлауы – заңды, бас мұраты. Ойшылдың көздегені - қазақ халқының санасынан ру-тайпалық өрісті тарылту, керісінше, ұлттық бірлік пен ұлттық болмыс-бітімді сездіру.

Аннотация. В данной статье описаны основные особенности мировоззрения одного из мудрейших детей нашего народа – Машхура Жусипа. Жизнь и творческое наследие просветителя, летописца, собирателя образцов устной литературы, выдающегося поэта, мыслителя, духовного деятеля Машхура Жусипа до конца не изучены. Ученый и поэт считал

идеалом своей жизни инвентаризацию истории и культурного наследия родной страны. Его произведения характеризуются глубокой национальной направленностью, высоким патриотизмом, идеей патриотизма. По мнению мыслителя, национальная целостность и единство являются главными условиями и основой группировки жизни людей. Законный и главный идеал поэта – воспевать единство и согласие народа, светлое будущее нации на пути к свободе и освобождению. Цель мыслителя – сузить родоплеменное поле в сознании казахского народа и, наоборот, дать ему почувствовать национальное единство и национальное согласие.

Annotation. This article describes the main features of the worldview of one of the wisest children of our people - Mashkhur Zhusip. The life and creative heritage of the enlightener, chronicler, collector of samples of oral literature, outstanding poet, thinker, and spiritual figure Mashkhur Zhusip have not been fully studied. The scientist and poet considered the ideal of his life to be an inventory of the history and cultural heritage of his native country. His works are characterized by a deep national orientation, high patriotism, and the idea of patriotism. According to the thinker, national integrity and unity are the main conditions and basis for the grouping of people's lives. The legitimate and main ideal of the poet is to glorify the unity and harmony of the people, the bright future of the nation on the path to freedom and liberation. The goal of the thinker is to narrow the tribal field in the consciousness of the Kazakh people and, on the contrary, to give them a sense of national unity and national harmony.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бейсенов Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясы. Алматы, 2002
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Сөз жүгі. Шығармалары: 12-томдық. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008
3. Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. Алматы, «Қазақ университеті» 2009
4. Мухаметханов Қ. Мәшһүр Жүсіпов Қ. Мәшһүр Жүсіп мұрасы жөнінде // Жұлдыз, 1984. -№3
5. Тілешов Е. Алаштың жолы – Алматы: Сардар, 2008

Сапарбаева Акмарал Жумабаевна
Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектебі
Тарих пәні мұғалімі

«ОНЫ ӘУЛИЕ ДЕП АТАДЫ» МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ФЕНОМЕНІ

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің діни және моральдық сенімдерімен танымал қазақстандық ақын және қоғам қайраткері болған. Ол жан тазалығы, өмірлік даналығы және Құдайға деген терең адалдығы үшін "әулие" деп аталды.

Мәшһүр Жүсіп әкесі Көпейдің (шын есімі -Көпжасар) 42 жасында, шешесі Ұлбала Танашқызының 18 жасында, ақын жұма күні 1858 жылы Павлодар облысының қазіргі Баянауыл ауданының аумағында дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойған аты – «Адам Жүсіп». 1861 жылы Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Содан Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас» - деп ұлын оқуға жібереді.

Оның күрделі тағдыры аңыздармен көмкерілген, шыңы сияқты Қызылтау тауы таң атқанда тұман. Аңыздарға сәйкес, 9 жасында Баянауыл округінің сұлтаны Мұса Шорманов аңыздарды, дастандар мен поэмаларды керемет орындағаны үшін оны Мәшһүр деп атады – бұл араб тілінен аударғанда "белгілі" дегенді білдіреді. Халық оның талантын осы бағаға алды.

Мәшһүр Жүсіп көп саяхаттады, зерттеумен айналысты және нағыз ғалым ретінде өмір бойы оқыды және өз білімін адамдармен жомарттықпен бөлісті. Ол араб, парсы, түркі, орыс тілдерін меңгерген. Әл-Фараби, Аристотель, Әбу Әли Ибн Сино, Платон, Сократ, Қожа Ахмет Яссауи және басқа да көптеген ойшылдардың еңбектерін білген. Соған қарамастан, Көпеев өзінің шығармашылығының арқасында қазақстандық қоғамда танымал тұлғаға айналды. Ол терең моральдық құндылықтар мен діни тақырыптарды бейнелейтін өлеңдер мен дастандар жазды. Оның өлеңдері көбінесе адамдарға қатты әсер етті, олардың өмірлік қиындықтары мен рухани үйлесімділікке деген ұмтылысын жанды түрде көрсетті.

Көпеев сонымен қатар материалдық байлыққа немесе даңққа ұмтылмай, қарапайым өмір сүргенімен танымал. Ол өзін рухани жолға толығымен арнау үшін көптеген дүниелік азғырулардан бас тартты.

Көпеевтің жан тазалығы, терең руханият және дінге деген адалдығы сияқты қасиеттері оның халық арасында "әулие" деген беделге ие болуына әкелді. Оның поэзиясы мен ілімдері бүгінгі күнге дейін адамдарды шабыттандырады және қуантады. Ол ағартушы және рухани тәлімгер ретінде құрметтелді. Ислам дәстүрінде оның қасиеттілігі көптеген ғажайыптар мен бітімгершілікпен байланысты. Аңыз бойынша, Мәшһүр Жүсіп Көпеев

адамдарға өз мәселелерін шешуге және рухани және материалдық рақым алуға көмектесетін ерекше рухани көшбасшы болған.

Қазіргі уақытта Қазақстаннан және басқа да мұсылман елдерінен көптеген адамдар арнайы дұға ету баталарын алу және өз сенімдерін көрсету үшін оның қабіріне мыңдаған қажылық жасайды.

Ресми түрде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қасиеттілігімен ешқандай діни ұйым айналыспайды, бірақ ол әлі күнге дейін қарапайым адамдар арасында құрметтеледі және қасиетті деп танылады.

Белгілі факт – Мәшһүр Жүсіп өзінің қайтыс болған күнін-73 жылды дәл болжады. Куәгерлердің айтуынша, 1929 жылы Ескелді төбесінде екі құрылысшының көмегімен ол өзіне мазар салған. Мәшһүр Жүсіп өзінің қабірін оның үйі деп санауға өсиет етті. "Менің үйім қыста да, жазда да өмірдегідей халыққа қызмет етсін. Кім менің денеме қарап, дұға оқығысы келсе, мен жатқан жертөлеге түсе алады", - деді ол.

Ақын 1931 жылы 27 қарашада қайтыс болды. Оның үстіне оның денесі 1952 жылға дейін – 21 жылға дейін сақталды! Бірақ содан кейін жоғарғы партия органдарының нұсқауы бойынша қабір бұзылды.

Халық ауыздан-ауызға Мәшһүр Жүсіптің қасиетті адамының қабірін бұзуға қатысқандар жоғарыдан күшпен жазаланды, ал кейбіреулері бірден қайтыс болды деп мәлімдейді.

Баспалдақтың бүйірлеріне Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері жазылған мәрмәр стелалар орнатылды. Алтындатылған кіреберіс есігі зергер шебері Қырым Алтынбековтың ою-өрнектерімен және көркем оюларымен безендірілген. Кесененің сәулетінде ислам және түркі стильдерінің үйлесімі байқалады. Қабір екі кең залға бөлінген – гурхана мен зиратхана. Біріншісі келушілердің дұғалары мен демалыстарына арналған. Естеріңізге сала кетейік, ежелгі дәстүр бойынша дала мазарлары ауа-райынан баспана және саяхатшылар үшін баспана болған. Мәшһүр Жүсіптің күлі жатқан залға апаратын есіктерде Құран сүрелері жазылған. Мұнда салмағы 9 тонна гранитті құлпытас бар. Марқұмның жетінші руға дейінгі ата-бабаларының есімдері жазылған құлпытастың басында.

Сандықтас (құлпытас) үш бөліктен тұрады: төменгі бөлігі ақырет әлемін, ортасы – тірілер патшалығын, жоғарғы жағы – аруахтар әлемін (өлгендердің рухтары) бейнелейді. Айтпақшы, қазақтар дәстүрлі түрде Ахмет Яссауидің жеңіл қолымен "дұрыс емес" исламды ұстанады-ханафи мектебінің, сопылық пен тәңіршілдіктің әулиеге және аруахтарға деген сенімімен үйлесуі - біз Аруах Машекке тағзым етеміз.

Кесененің жанында ойшыл мұражайы орналасқан, онда оның жеке заттары ұсынылған, сол ғимаратта 40 орындық қонақ үй орналасқан.

Қазақтар үшін бұл қасиетті орынның тартымдылығы неде? Бұл ұлы адамға деген құрмет қана емес, көптеген адамдар емделуге үміттенеді. Барлық қасиетті немесе қасиетті орындарды бір жағдай біріктіреді-онда адам Құдайға ерекше жақындықты сезінеді.

Қажылар мұнда дұға етіп, жан жараларын жеңілдету, оларды мазалайтын сұрақтарға жауап алу үшін Алла Тағаламен сөйлеседі. Сұрақтар мәні бойынша Мәңгілік болса да, әркім өз бетінше жауап береді.

Материалдық заттар, кез-келген адамның рухани мұрасы сияқты, цифрлық дәуірдің қарқынды дамып келе жатқан әлемінде оның ерекше жетістіктерінің арқасында ғана қызықты.

Сонымен бірге ол өзінің мақалалары мен көркем шығармаларында халықтың әділдігі мен құқықтарын қорғады, өзінің саяси көзқарасы бойынша демократ болды.

Айта кету керек, Мәшһүр-Жүсіп қазақ жастарын еуропаландыруды жақтады және Ресей үкіметінің отаршылдық экспансиясын айыптады, ол қазақтарды өздерінің ата-бабаларынан жүйелі түрде вытыстырып, елдің көптеген аймақтарында ең жақсы жайылымдар мен егістік жерлерді алып тастады. Баямға да, патша шенеуніктеріне де, кейінірек кеңестік номенклатураға да ұнамады.

Бұл түсінікті кез-келген авторитарлық билік ақиқат монополиясы үшін қатты күресіп, халық санасының билеушілерін ұнатпайды. Сондықтан діни қызметкерлер орта ғасырларда ғалымдарды, ал марксистер мен коммунистер жаңа заманда діни қызметкерлерді қудалады.

Мәшһүр Жүсіп қазақтың ауызша халық шығармашылығын, шежіреге арналған материалдарды (қазақ руларының генеалогиялық схемасы) және палеэтнография (әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер) жинауға үлкен үлес қосты, оның ізденістерінің өмірбаяны туған өлкеден Ташкент пен Троицкке дейін созылады. Мәшһүр-Жүсіп шежіресі қазақ халқының рулық құрамы мен шығу тегі туралы кеңінен танымал.

Мамандардың пікірінше, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің тарихи еңбегі-ол XVIII ғасырдағы ауызша поэзияның ірі өкілі Бұқар-жырау Қалқаманұлының поэтикалық мұрасын жинап, жүйелеп, оның жерленген жерін белгілеген.

Жалпы, оның еңбектері 2013 жылы 20 томдықта, 2023 жылы 10 томдықта жарық көрді, оның бір бөлігі ағылшын тіліне аударылды. Олардың көпшілігі Ескелді шатқалындағы мұражайда ұсынылған.

Айтпақшы, ойшыл ұзын бойлы және мықты дене бітімі бар адам болған, бұған оның киімінің мөлшері дәлел бола алады. Оның ішінде ол жыртқыш құстарды пайдаланып аң аулауды ұнататын.

1954 жылы Мәшһүр Жүсіптің қабір ғимараты қалпына келтірілді. Ал 2006 жылы бұл жерде мемориалдық кешен салынды, ол жыл сайынғы қажылық орнына айналды адамдар республикадан ғана емес, көптеген елдерден.

Оның ұрпағы Әсет Пазылов, 2006 жылы кесене ашылғаннан бері Ескелді де тұрады және кешеннің қызметін бақылайды.

"Кесенеде адамдар өздері дұға етеді. Мұнда имам, дәрігер жоқ. Адамдар өз сенімдерімен емделеді. Ғажайыптар әр түрлі, бастысы сеніммен келу керек, - дейді немересі. Мен мүгедектер арбасына мініп, аяқтарымен кетіп бара жатқан адамдарды көрдім. Мен көру қабілеті оралғандарды көрдім,

атамның кесенесіне барғаннан кейін 20 жыл күткен балалары бар адамдарды көрдім", - деп келтіреді.

Цицерон дәл айтқандай, "әділеттілік әркімге өзінің еңбегі үшін жазалау арқылы көрінеді" және әркім өз сенімі бойынша марапатталады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевке Аллаға және өз халқына деген сенімі үшін қалай құрмет көрсетілді. Оның денесі 21 жыл бойы бұзылмаған, рухы мәңгі қалады.

Аңдатпа

Мақала "оны әулие деп атады": Мәшһүр Жүсіп Көпеев феномені", Мәшһүр Жүсіп Көпеев феноменін зерттеуге арналған зерттеу болып табылады. Автор осы атақты тұлғаның өмір жолы мен әулиелігін, оның Қазақстанның мәдени мұрасы мен тарихына қосқан үлесін талдайды. Мақала Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларының шығармашылық стилін, техникасы мен тақырыбын, сондай-ақ оның басқа қырларын және ұйымдармен өзара іс-қимылын егжей-тегжейлі зерттейді. Сонымен қатар, мақала осы тұлғаның Қазақстандағы алатын орны мен адам өмірінің дамуына әсерін қарастырады. Оның шығармашылығының маңыздылығын және қоғамда танылуын талдай отырып, автор Мәшһүр Жүсіп Көпеев феноменін және оның Қазақстан халқына әулиелігі мен мәдениетіне әсерін көрсетуге тырысады. Нәтижесінде мақала осы көрнекті тұлғаның белгілі бір ерекшелігін және ғылым дамуына қосқан үлесін толық түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Аннотация

Статья "назвал его святым": феномен Машхур Жусупа Копеева " представляет собой исследование, посвященное изучению феномена Машхур Жусупа Копеева. Автор анализирует жизненный путь и святость этой знаменитой личности, ее вклад в культурное наследие и историю Казахстана. В статье подробно исследуется творческий стиль, техника и тема произведений Машхура Жусупа Копеева, а также его другие аспекты и взаимодействие с организациями. Кроме того, в статье рассматривается место этой личности в Казахстане и ее влияние на развитие жизни человека. Анализируя значимость его творчества и его признание в обществе, автор пытается показать феномен Машхур Жусупа Копеева и его влияние на народ и культуру Казахстана. В результате статья позволяет полностью понять и оценить определенную особенность этой выдающейся личности и ее вклад в развитие науки.

Abstract

The article "called him a saint": the phenomenon of Mashhur Zhusup Kopeev " is a study devoted to the study of the phenomenon of Mashhur Zhusup Kopeev. The author analyzes the life path and sanctity of this famous personality, her contribution to the cultural heritage and history of Kazakhstan. The article examines in detail the creative style, technique and theme of the works of Mashkhur Zhusup Kopeev, as well as its other aspects and interaction with organizations. In addition, the article examines the place of this personality in Kazakhstan and its impact on the development of human life. Analyzing the significance of his work and its

recognition in society, the author tries to show the phenomenon of Mashkhur Zhusup Kopeev and his influence on the people and culture of Kazakhstan. As a result, the article allows us to fully understand and evaluate a certain feature of this outstanding personality and her contribution to the development of science.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет», 2005 ж., №10.
2. Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. - Павлодар, 2010. - 308б.
3. Ғ.Есім Адам-зат. Философиялық эсселер кітабы –Астана, 2008. - 381б
4. Мамытова С.Н. Исторический процесс в интерпретации М.Ж. Копеева: диалектика божественного и человеческого // Известия НАН РК. - Серия общественных наук, 2009, № 2. - С. 17-19. 5.
5. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 1 том. - Алматы: Алаш, 2003. -504 б. 6.
- 6.Ахметова Г.Г. Взаимосвязь этического и эстетического в творчестве М.Ж. Копеева, С. Торайгырова и Ж. Аймаутова. Автореферат дис. канд. филос. наук. - Алматы, 2003. - 34 с. 7.
- 7.Кепеев М.Ж. Екі томдық. 2-т. - Алматы: ЕЫЛЫМ, 1992. - 224 б.
8. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Суреткер ақын // Кітапта: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.4 – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2004 – 535 стр. Баратова М.
- 9.Н.Қ. Жүсіпов «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - фольклорист» Алматы: Тіл - оқу әдістемелік орталығы, 2011 ж.
- 10.С.Елікбай «Мәшһүрдің мұңы» Роман-Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы, Е-50 2021.-336 б.

Сапарбекова Гульнар Жайдаровна
Астана қаласы әкімдігінің
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКК
қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің аға оқытушысы,
жоғары санатты педагог, ф.ғ.к.
Хасанова Ақторғын Ерікқызы
Astana IT University
цифрлі журналистика
мамандығының 2 курс студенті

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРЛІК ТАНЫМЫ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, шығармашылығы ешкімге ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасы бар қазақ ақынының бірі және бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ол өзінің өлеңдері мен поэмалары, мысалдары мен әңгімелері арқылы ғана емес, ауыз әдебиетінің не бір асыл үлгілерін меруерттей тізіп, хаттап жинауымен жұртқа кеңінен танылған. Ақындығымен қоса әулиелігі бір тылсым дүние. Өз замандастары Мәшһүрді «әулие» атауы да тегін емес, себебі ол қарапайым адамзат баласынан жоғары білім иесі еді.

Мәшһүр ғұмыры түсініксіз тіршіліктен түсінікті етіп жасап шыққан ғибратты тағдыр иесі. Адамның кім екенін анық біліп, жақыннан танығың келсе оны білгің келсе, өмір тарихымен таныс. Адам қандай іске араласты? Нені құндылық деп таныды? Бойына қандай өнерді сіңірді? Бастан кешкен оқиғасына қандай позициядан баға берді?

Ақынның өмір сүрген кезі - бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын айдап алып, сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кез еді. Осы бір кезеңге жұтылмай, адами болмысын жоғалтпай өмір сүрген жан. Оның ғибрат сөздерін ұғу, ұғыну бүгінгі барша халықтың еншісінде. Сахарадай сары далада дүниеге келген осы бір жанның осыншама дүниені артына тастап кетуіне таң қаласың. «Ғибратнама» деп аталатын өлең жолдарында:

Япырм-ай, кесем бе екен мен тілімді?!

Үйрендім қайдан өнер, көп білімді?!

Өткіздім қасірет пенен қапалықта,

Қызықты, ойнап күлер мезгілімді

Бес жасынан бастап оқуға зейін қойып, ержетіп есейген шағына дейін ала қағаздан бас алмаған. Ізденудің нәтижесінде білімге, парасаттылыққа ерте жеткен.

Мәшһүр «Ақыл деген не нәрсе? деген ойларында: «Адам деген бір жалаңаш нәрсе мінез, ақыл, сөз киім іспетті. Осылар көркем болса, жұрт көзіне сүйкімді көрікті көрінеді. Егер мінезі жаман болса, ақылы жоқ болса, сөз ретін білмесе, киімі жаман есепті, жұрт көзіне сүйкімсіз, жексұрын. Олай болса әркім мінез түзетуді ақыл не нәрсе соны тануды, сөз деген не нәрсе - соны білуді тіршіліктегі керек нәрсенің ең алды» деп біліп соңына түсуі керек. Ақыл деген бір нұр, жарықтық. Бұл өзі Құдайдың беруімен болады. Не болмаса ісі ілгері басқандарды көріп солардың қылғанын қылуға тырысса, көтінен кейін кері кеткендердің қылығын қылмасқа тырысса – осындай тәжірибемен де табылады. Бұрынғының жақсылары айтқан «ақылды өзің білмесең сатып ал!» -деп. Ақылды, ғылымды Алла тағала ада мзатқа қиған, басқа мақлұқатқа қимаған. Ақылдың қаралдысы жалғыз тарыдай болады, бұл бір тары ең азы. Бір пұт ақылы бар жан болады. Онан да көп болса бола береді. Бір тарыдай ғана ақыл біреуде бола қалса ол ақыл иесін қорлыққа бермей, таза ұстауға жарайды. Біреуге біреу ұрысқанда «Осы шіркіннің өзінің тарыдай ақылы жоқ» деп ұрсады. Малайлықта, лас жұмыста жүргендердің тарыдай ақылы жоқтықтан... Тарыдай ақылы болса есебін тауып, малайлықтан, лас жұмыстан кетіп, басқа бір кәсіпке кірісіп кетеді» қандай керемет айтылған, шындығында еңбек ет, ойлан, кәсіп ет, малай болып қор болма деп тереңнен болжап тұрғандай.

«Кедейлік үш ағайынды» дейді. Дерт жіберген Құдірет болмашы бір нәрседен дауасын да өзі жібереді. Бірақ дауа жоқ екі түрлі ауру бар. Бірі - «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғысқа ұшыраған ақымақтардың ақымақтығына дауа жоқ. Бірі – жалқаулыққа, еріншектікке дауа жоқ. Ақымақтықтан жалқаулық көп жаман. Жалқаулықтың себебінен жас адам кәрі кісі сықылды әрекеттен бос қалмақ. Бұрынғылар «Кедейлік үш ағайынды болады» деген. Үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі - ұйқы... Бұл үшеуі: бірі - желкеңнен тартып, бірі құйрығынды жерге жабыстырып, бірі қисайта құлатып жібермей жатқан соң, қолың қайда жетсін? Өзіңнен өзің көтіңнен кейін қарай кетіп қор боласың.

Тіл алғыш, елгезек болып үйрен - кежірліктен құтыласың. Тіпті дәнеме қылмасаң да жаяң аяндап, олай-бұлай жүріп үйрен - жалқаулықтан құтыласың. Дүние ақиреттің бірі болмаса, бірінің уайымын ойлап «қалай қыламын, қайтып есебін табамын? деп ойға түс – ұйқышылдықтан құтыласың. Бұл үшеуінен құтылсаң қолың әр нәрсеге жетеді. Адам бойындағы жағымсыз сипаттарға баға бере отырып, жұмысқа мойны жар

бермейтін еріншек, бойкүйез, кежірлікті білдіретін мінездегі ұнамсыз сипаттан арылу үшін адам күнделікті тіршілікте өз алдына мақсат- міндет қойып, оны қалайда әрекет жасап жүзеге асыруым керек деген талап қойып отыруы керек, - дейді.

Мәшһүр бір сөзінде: «Өзіңді екінші рет туғыз» - дейді. Ол қалай? «Кімде кім екі тумай іске жарамайды» деген сөз бар. Бір туғаны деп анасының құрсағынан шығып, қалқиып кісі болғанын айтады. Екінші туғаны – хайуандық дәрежесінде алдыратын мінездерінен арылып, періште сипатты болуға тырысып, не үшін жаратылғанын түгел танып, сорда қалмай, мағыналы жұмыспен айналысуын айтады. Солай болғаны үшін әуелгі шешеден туған туысты қанағат қылып «кісі болдық» дегендер жаны жоқ өлік есебінде, ел болудан, жұрт болудан қалады.

Алла тағала адам балаларын тегіс бірдей қылып жаратқан. «Кәсіп қылып әркім өз күшімен тапқан нәрседі болмаса, басқа хақында бәріңіз бірдейсіз. Не артық, не кемің жоқ» деп Құран Кәрімде неше жерде айтқан.

Мал тауып, бай болып, ғылым, білім иесі болып, өнеге қуып жүргеннің басы екеу, көзі төртеу, қолы алтау, аяғы сегіз емес. Осыдан неге ойламайсындар: кемдікте қалу әркімнің өзінен болатұғынын. Қазақ мақалында айтады: «Жорға жүрісінен - пұл болады. Жаман жүрісінен - құл болады» - деп, «Талап қыл пендем, жеткізбек менен» - деп, Құдай тағала өзі уағда қылған. Өмір деп тұлғаның бойындағы шектеулеріне қарсы күресуін айтамыз. Рекорд жаңартқан нағыз жарыс деп адамның өмірін айтса жарасады. Біз бір адамды білуші едік. Анасының құрсағынан оның миы зақымданған. Туған соң аяқтары сал болып қалды да, өмір бойы арбаға таңылды. Елдің бәрі есейгенше оны ақыл-есі кем дейтін. Соның кесірінен ол сауатсыз боп қалды. Бір күні бір ғалым оны қолға алды. Сөйтті де әліппеден бастап оған жайлап білім берді. Ол оқып қана қоймай, жазуды да үйреніп алды. Онымен тоқтамады. Қызыққан тақырыбы бойынша университет деңгейінде білім алды. Көптеген танымал ғалымдар мен профессорлар бірі бірімен бәсекелесіп, оған тақырып ұсынып, ғылыми жетекші болуға таласып қалды. Ол пәтерін әдеби салонға айналдырды. Қоғамдағы қызықты адамға айналып шыға келді. Аурудың кесірінен әрбір сөзін қиналып зорға айтатын. Сөйлегенде бет аузы қисайып кететін. Осындай өмірді сомдап шығу үшін бұл жігітке қаншалықты күш-жігер жұмсағанын ойлай беріңіз?! Бұл қаншама адамға үлгі. Егер ол жігіт «Құдайдың пешенеге жазғаны осы болды» деп отыра бергенде, қалған өмірі мағынасыз өтуі мүмкін емес пе?» Алла тағала әрекет еткен пендесіне қарап қалмайтыны, Рас?! Осы тұрғыда Мәшһүр тағы да былай дейді: «Не тапса да адам пиғылынан табады». Жастар ұғып алыңдар: Жас күндеріңде ата-ананың қызметін қылып, бата алмағандарың – өскенде

өзіңнен төмен иттің құлдығында қаласың. Ата ананың ризалығын мақсат қылсаң, есіл дертің ата ана ризалығы болса жасаған жас, сүрген өмір, қылған кәсіп, тіршілігіңпайдасын көресің. Бұл үшеуінің ризашылығын іздемеген, ойламаған болсаң, бұл жалғанның жүзінде атар таң, шығар күн, жарық сәуле көремін деп ойлама. Иттен ілгері, кісіден кейін болып, жалған дүниеде жүргеннен өлгенің артық.

Біреу кедей болса «Құдай кедей қылды», біреу жаман болса «Құдай жаман қылды», біреу надан қылса «Құдай надан қылды» деу Құдайды жамандаған болады. Не тапса әркім пиғылынан, өз кәсібінен таппақ. Құдай ешкімді зорлықпен кедей қылмайды, ешкімді зорлықпен жаман қылмайды, ешкімді зорлықпен надан қылмайды. Құдай бермейтұғын сараң емес, сақтай алмайтын осал емес. Не кемшілік болса, пенденің өз пейілінен, өз осалдылығынан...Кісі кәсіп, әрекет қылсын, өзінен басқаға пайдасы тисін. Өзінен басқаға пайда келтірмейтін адамды кісі деме, жаман ұрғашының күсі де. О да аңқайып тұрады, мұның да аузы аңқайып тұрады. «Жаман бала малға ортақ, жаман адам жанға ортақ». Жаман туған бала ата-ананың һәм бірге туған бауырларының соры. Ай Құдай-ай, сақтай гөр, не қылайын күні бұрын жалбарынып?!

Тағдыр адамға үш түрлі формада беріледі. Бірінші - табиғи бейімділік. Мұны Тандлер «Болмай қоймайтын тәндік» (телесная инеизбежность) деп атаған. Екінші – ситуация ретінде яғни өскен ортасының амандығы. Үшіншісі – ситуацияға позиция ұстану. Мысалы, шешендік өнер адамға табиғатынан берілуі мүмкін. Оны жеке басының қамына пайдалана ма, оны адам өзі шешеді. Адам бір іске орай бір позицияға бекінеді. Ғұлама Мәшһүр бар өмірін білімін жетілдіруде, бір жерде отырып қалмай, өзін-өзі дамытқан, тіпті дүниетанымын, керек десеніз, діни сеніміне де сызат түсірмеген жан дерсің. Мәшһүр: «Кісі екі нәрсеге ие болу керек» дейді. Бірі - қолына түскен дүниелік пұлға, бірі - ойына түскен бір мақсатты жұмысқа. Қолындағысын біреуге беріп, сонан қайтарып ала алмай жүрген жаман көп болады. Ойына алған сырын біреуге айтып қойып, енді оған: «Сен біреуге айта көрме» деп жалынышты болып жүрген жаман көп болады. Дүниенің жақсы екенін білсең, қолыңнан шығарма. Қолыңнан шығардың қайтып сұрама. Ішіндегі сырыңды кісіге айтпа. Айттың екен «Айта көрме» деп тіпті жалынба, - дейді.

Мінезді түзету хақында: «Құдай жаратқан нәрседе қалыпсыз, мөлшерсіз еш нәрсе жоқ. Адамның бойындағы мінез біткеннің тұқымы: ақылдан, ашудан, шаһуаттан, осы үшеуінен шығады. Бұлардың әрқайсысының үш орны бар... Бұрыңғы өткен ғұламалар мінезден мінезді айыру үшін мінез тұқымын тоғызға бөліп, алтауын тастап, үшеуін ішінен таңдап алған. Тастаған алтауы: омырау, кес (кеше), батырсымақ, қорқақтық, өткен (шира-

халал, хараммен жұмысы жоқ адам), ез. Бұл алтауынан алпыс түрлі мінез тарады. Таңдап алған үшеуі: хикмет (ақылға салып, аңдап басу), жүректі ер, әдеп-иба. Бұл үшеуінен сексен түрлі көркем мінез таратылады. Мінезді көркем қылып ұстау - бек зор пайдалы жұмыс».

«Мінез бұзылғанда неден бұзылады, ашуланшақ болумен бұзылады. Адам әуел бастан, құлын жасынан ашуды жұтып үйрену керек. Бұрынғылар «ашу шайтан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» деген. Мінезді одан кейін бұзатын нәрселер күншілдік, дүниеқоңыздық, тәкәппарлық, нәпсіқұмармен дос болып адасу, кекшілдік... Құй ұқ, құй ұқпа, айтқаным сол» - деген екен.

Мәшһүр Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинаған. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басында түнеп қалған сәттері де көп болған деседі. Мұндай сапарында жай ғана жинаушы ретінде жүрмей, көптің көңіліне терең үңілумен болған. Бағзы біреу айтады: «Бізде ерік ықтияр жоқ. Бәрін қылдырып тұрған Құдай тағаланың өзі» деп. Қате адасқан ой.

Бай болатұғын кісі өзін де аямайды, баласын да аямайды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, ұйқы көрмей, күлкі көрмей, күн қатып, түн қатып, жаны да жоқ ойында, ас суы да жоқ ойында малдың қамын қылады. Кедей болатұғын кісі малдың қамымен жұмысы жоқ, есіл дерті суыққа тоңбай, ұйқысы бұзылмай жүрсе болғаны, соны мақсат көреді, жасынан жаман гадетке үйренеді. Бала соны қалап алып, ақырында мұқтаждыққа, қорлықта қалады.

Жалқауға атар таң, шығар күн жоқ. «Жалған дүниеде кімнің қолы қысқа»? десең, еріншектің қолы қысқа. Ұйқышыға дәнеме жоқ. Бұрынғылар айтқан «Ұйықтасаң - ұйқы аласың, ұйықтамасаң - жылқы аласың» деп. Кежірлік ішетұғын асынан, алатұғын олжасынан құр қалдырады.

Адамзат он сегіз мың ғаламда жалғыз өзі жеке тағдырымен бетпе-бет келеді. Тауқыметке толы өмірі - қайталанбас құбылыс. Оған берілген мүмкіндік басқаға берілмейді. Табиғат бәріне жасампаз құндылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіпті қайғы мен қасірет арқылы да шындалуға мүмкіндік ашады. Тәні күйресе позиция құндылығын өндіреді. Осы нығметтің бәрі оның жеке байлығы саналады. Осындай дүниені таза жүрегімен түсінген, Мәшһүрді әулие демей не дейсің?

Аннотация

Мақалада қазақтың ғұлама шежірешісі, ақыны және философы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірлік тәжірибесінен түйген ойлары мен ғибрат сөздері талданады. Ойшылдың тұлғалық болмысын оның әлемін зерттеу бүгінгі ұрпаққа экзистенция тұрғысынан зерттеуді қажет етеді.

Аннотация

В статье анализируются мысли и слова мудрости из жизненного опыта Машхура Жусипа Копейули, ученого-генеалого, поэта и философа Казахстана. Изучение личности мыслителя и его мира требует изучения нынешнего поколения с точки зрения существования.

Annotation

The article analyses thoughts and words of wisdom from the life experience of Mashhur Zhusip Kopeyuli, a scholar-genealogist, poet and philosopher of Kazakhstan. The study of the personality of the thinker and his world requires the study of the present generation from the point of view of existence.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Бес томдық. 1-т. – Алматы: Ғылым, 1990
2. Қоғабай Ж. Мәшһүр шапағаты мен тылсымы. Абаттанған ата қонысы. – Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы, 2023.
3. Пазылов Қ., Абенова М. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспаханасы, 2022.
4. Керімбай С., Нәби Ә., Төлеген М. Логотерапия немесе өмірге құштарлық. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы» -2021.

МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Мәшүр Жүсіп шығармаларындағы ұлттық таным.

Аңдатпа: Бұл баяндамада Мәшүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы туралы баяндалған. Сонымен қатар ақын шығармаларын тақырыптық жағынан жіктеліп, оның жас ұрпаққа берер өнегесі талданған.

Бұл жоба жұмысы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар Мәшүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының сырын білуге, Елбасымыздың Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасы аясында туған халықтың төл әдебиетіне, оның заңғар тұлғаларының шығармаларына деген сүйіспеншілікті оятуға бағытталған.

Елбасымыздың болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру мақаласы аясында қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға Мәшүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы ұлттық танымды анықтау, оның бүгінгі күн тұрғысынан алғанда қаншалықты өміршең екендігін дәлелдеу.

Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшүрде мол екенін және де естен шығармау керек. (М.О.Әуезов)

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшүр Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеология қудалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді. Бұл еңбектің Мемлекеттік «Ғылыми қазына» бағдарламасы ауқымында «Ұлы дала тұлғалары» топтамасын қалыптастыратынын атап өтуге болады. Дара тұлғалардың рухани тарихымыздағы орнын анықтайтын ойшылдың өмірі мен қызметі туралы еңбек гуманитарлық кеңістіктегі заңды құбылыс деуге болады. Мәшүр Жүсіп қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты ғылыми қызметкерлері қалыптастырған еңбекте Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігіне қарайтын Орталық ғылыми кітапхана жанында құрастырылып, 2008 жылы жарық көрген «Сөз өнерінің зергері» атты кітаптан біршама материалдар топтамасы өзара келісіммен қолданылды. Осы аталған еңбек тарихымыздың ұлы ойшылы, ғұламасы, дінтанушысы, библиографы, сөз өнерінің зергері, ақын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшүр Жүсіп Көпеевке арналады.

Қазан төңкерісіне дейінгі ақындардың ішінде шоқтығы биік жарқыраған жұлдыздардың бірегейі – Мәшүр Жүсіп Көпеев, қаншама ғұлама ақын шайырлардың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-оспақ күлдіргі әңгімелері хатқа түспей, бізге жетпей қалды. Арабша оқыған адамдардың шығармаларын оқытпай тыйым салды.

«Дала уалаяты газетіне» мақала, хат-хабарлары жиі жариялана жүріп, Мәшһүр Жүсіп атанады. Ол 15 жасына дейін Хамеретдин хазіреттің медресесінде білім алады, одан соң 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинаумен шұғылданады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы қысқаша ақпараттық тұрғыда баяндалып, оның өмір асуларынан мағлұматтар беріледі. Бұл жұмысты қазіргі тарихи кезеңде өзінің ақпараттықтанымдық қызметін толықтай орындаған еңбек десе де болады.

Оқырмандарға «Ғылыми қазына» бағдарламасы аясында ұсынылып отырған еңбектің жоғарыдағы жинақпен кейбір сәйкес келетін жерлері де және еңбектің өзіндік шығармашылық ерекшеліктері де бар. Әсіресе, ол ақынның философиялық тұжырымдары мен дін туралы айтқан ойларын біршама жүйелеуге келтірумен, ғылыми байыптаумен байланысты.

Қазақтың ұлағатты діни ойшылы Қазақтың бірегей тарихи ұлы тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (1858–1931 жж.) жеке өмірбаяны әр қилы сырларға толы. Жасынан білімге деген құмарлығы белгілі бола бастайды. Ақын өз ғұмырында ел аузындағы аңыз-дастандарды, ертегілерді, қиссаларды жинап, одан басқа өзінің шығармашылығынан туындаған жазбаларын жазып қалдырған. Осындай шығармашылыққа толы өмірі көзі тірісінде-ақ аңызға айналғаны белгілі. Барлық өмірін болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыруды мақсат еткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырады. Сондықтан оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай асыл перзентінің ұлағатты өмір жолы мен ерең еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау кейінгі ұрпақтың міндеті. Кез-келген ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы сөз болғанда, оның туған жері мен қасиетті топырағы, өскен елі мен ортасы туралы айтпай кетуге болмайды. 1907–1908 жылдары Патша заң орындары Мәшһүр Жүсіпті қамауға алуға бұйрық береді. 1908–1910 жылдары Самарқан, Бұқарға тағы да саяхатқа шығады. Ол сапардан оралған соң, араға аз уақыт салып, Еділ, Жайық, Ресей еліне барады. 1911–1914 жылдары «Айқап» журналында Мәшһүр Жүсіптің өлең, мақалалары жиі басылып тұрады. 1915 жылы бәйбішесі Рәбиға қайтыс болады. 1916–1931 жылдар аралығында Мәшһүр Жүсіп Ескелдіде елді қабылдап, барлық білгенін қағазға түсірумен болды. 1907–1912 жылдарғы қатты қуғындаудан кейін үйінен алысқа ұзап шықпапты. 1923 жылы «Қажымұқан» деп аталған жоқтауы шығады. 1930 жылы көзі тірісінде асын бергізеді. 1931 жылы 27 қарашада өз қыстауы Ескелдіде елмен кешу алысып, келіні Ақ Зейнепке өсиетін айтып, ақ батасын беріп дүние салады. 1952 жылы «Мәшһүр Жүсіптің ішінде 21 жыл денесі ашық жатқан Ескелдідегі кесенесі қиратылсын» деген Кеңес үкіметінің қаулысы шығады. Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының ұлы ойшылы, атақты фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, дінтанушы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі көрнекті тұлғасы ретінде қалыптасты. Ақын жастайынан шығыс әлемінің білімімен сусындап, араб және парсы тілдерін жетік біліп, басқа да шет тілдерді терең меңгерген. Өзі өлең жазумен қатар, ауыз

әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежіре мен айтыс, көптеген тарихи жырды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды.

Қазақ елінің тарихы шежіреден бастау алады. Халыққа ауыздан-ауызға тарап жеткен қазақ шежірелерінің қатарына Захираддин Бабырдың – «Бабырнамасын», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашидиін», Бейбарыс пен Халдунның «Қыпшақ шежіресін», Әбілғазы Бахадүр ханның «Түрік шежіресін», Ұлықбектің «Сұлтаннар шежіресін» және тағы да басқаларын жатқызуға болады.

Еліміз егемендігін алып, қазақ тарихын қайта жазуға ұмтылған тұста қазақ шежіресінің тарихымыздың негізгі дерек көздерінің бірі екендігі дәлелдене түсті. Олардың қатарында кейінгі жылдары басылып шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресін», Нұржан Наушабаевтың «Манзумат қазақиясын», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін» жатқызамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде» қазақтың шежіресін былайша тарқатады: Алаштан Сейілхан, Жайылхан атты екі бала тарайды. Соның Сейілханынан сегіз арыс түркімен таратылады да, Жайылханның ұрпағы туралы шежірешілер екі түрлі пікір таратады. Соның бірінде Жайылханнан Қазақ, Созақ, Ұзақ деген үш бала дүниеге келеді. Осының Созағы қарақалпақтардың, Ұзағы қырғыздар мен хакастардың түп атасы деп есептейді. Ал Қазағынан келіп Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген балалар дүниеге келеді. Олардан Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз тараса керек.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында Алаша ханға қатысты берілген мәліметтер тарих ғылымы тұрғысынан арнайы қарастыруды қажет етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев хандар тізіміне Алаша ханды, Ормамбет ханды қосады⁷ Бірақ, «Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер» еңбегінде оның тарихта кім болғаны халық жадында ұмытыла бастағанын атап көрсетіп, енді бір хандар тізімінде Алашаны қазақ билеушілерінен бөліп алып жеке қарастырады: «Қазақтың өз сыбағасына арналып хан болғандар: «Асқа жолды» Қасым хан, «Ескі жолды» Есім хан, «Күлтебеде күнде кеңес» атанған әз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан. Қазақта хан болып, заң шығарып, халық қатарына қосқандар - осы айтылған хандар. Алды-арты жоқ Алаша хан деген бір хан билеген. Қазақ 3 жүзге бөлініп: Ұлы жүз «Үйсін», орта жүз «Арғын», кіші жүз «Алшын» атанғаны. «Алаш» деп ұран шақырысып: «Алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш болғанда, ұранымыз Алаш болғанда», -деп айтатын заман болған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі-«Қазақ түбі». Мәшһүрдің «Қазақ түбі» тақырыбында қағаз бетіне түсірілген шығармаларының бірнеше нұсқалары бар.

Біріншісінде Әбілғазы шежіресіндегі Адам ата, Нұх заманынан бастап, Уыз ханға дейін таратылған баяндаулары. Мұхаммет пайғамбар мен Аныс, Аққосе сахабалар дәуірі туралы аңыз-өңгімесі. 92 баулы Қыпшақ, 32 баулы Өзбек, 3 жүз атанулары («Алаша хан» әңгімесі) туралы шежіре сөзі. Мәшһүрдің өзінің әз Жәнібек ханнан әз Тәуке ханға дейінгі хандар тарихын баяндауы. Ақтабан шұбырынды оқиғасы туралы тарихи аңыздары жинақталған.

Екіншісінде Шынқыз (Шыңғыс) хан шығу тегі хақында жарияланған В.В.Радловтың «Қазақ түбі» аңызының (толықтай тексінің кошірмесі) нұсқасы; Абылай хан заманы жайында сақталған фольклор үлгілері; Нысанбай жыраудың қара сөзбен аралас берілген «Кенесары-Наурызбай» дастаны сөз болады.

Жоғарыда келтірілген нұсқаларды салыстырып қарасақ, жекелеген үқсас мәтіндер болуына қарамастан әр «Қазақ түбі» үлгісі қазақ тарихын әртүрлі баяндайды. Бұған қарағанда «Қазақ түбі» Адам Атадан бастап Абылай ханға дейін таратылып жазылған М.Ж.Көпеев шежіре сөздерінің ортақ тарихи тақырыбы ғана болады. Мұнда әрбір нұсқада шежіре, аңыз, әңгіме, тарихи сөз, зерттеу үзіндісі текстері бір уақыт жүйесі ретімен орналасады, ара-арасында зерттеуші автордың өзінің қазақ хандары туралы еңбектері, анықтама-түсініктемелері беріліп отырылады. Яғни, қазақтың түпкі тарихы туралы әр түрлі текстер мен түрлі ой - пікірлердің пайдаланылуы, бір тақырып бойынша жазылған еңбектерінің түрлі нұсқалары болуы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің тарихи таным арнасына әртүрлі көзқарас, мәлімет тарта білгенін айқындайды.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресі тарихымыз үшін құнды негізгі деректер көзі болып табылады. М.Ж.Көпеевтің еңбектері тарихи тұлғаларымызды ғана емес, жалпы қазақ тарихына қатысты мәселелерді де жан-жақты қарастыруымызға мол мүмкіндік береді. Оның еңбектері келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түседі және бір қарағанда кездейсоқ болып көрінетін қазақтардың қоршаған ортамен байланысын, олардың тарихи үрдістегі әлемдік тарихтың дамуындағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. 2-ші бас.толық.- Астана: «Алтын кітап», 2007,-233б.- (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32-ші том).
2. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.- Алматы: «Қазақстан» және «Санат», 1991. -80 б.
3. Жүсіпова Л. Қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі – «Қазақ түбі» / Аңыз адам №19 (79) Қазан, 2013. 26-27бб.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның педагогикаға қосқан үлесі екінші биігі. Ағартушының педагог - зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теніз. Ол кітап, қолжазба, мақала түрінде бай мұра қалдырды. Қоғам өміріне белсенді қатысып Мәшһүр-Жүсіп әдеби шығармаларын жазды, фольклор жинақтады, балаларды оқытты. Солардың ішінде тәлім-тәрбие саласында бала мен үлкендердің қарым-қатынасы, әйелдерге білім беру жөнінде, әділдік, ізгілік, адалдықты іздеушілер өмірін бейнелеген еңбектері аз емес. Өз жеке басының ғана пайдасын көздемей, білімге, ғылымға деген шынайы қатынасымен абыройға, құрметке ие болды. Зерттеуші ғалым У.Қалижан «Мәшһүр Жүсіп» атты зерттеу еңбегінде: «Мәшһүр Жүсіптің бүкіл тірлігі-жастарға үлгі, өнеге, ол мал мүлікті көзіне сүрітпеген аса жомарт, мол білім иесі, ғұлама, ағылып – төгіліп тұрған ақын. Адам Атадан бері қарай толғап кетсе - шежіреші, тарихшы, этнограф, әр нәрсенің байыбына бармай, тексермей қалам тербемейтін терең ойшыл екені даусыз. Ол бір жаратушы Алладан басқаға мойын бұрмаған діндар да еді, - аузына адам салмаған тахуа да еді», - деп тұлғалық сапаларына баға береді. [3.58 б.]

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында ақыл-ой елегінен өткізілген өмір тәжірибесінің даналық тұжырым-қорытындысы, жоғары адамгершілік мәдениеттің ереже-қағидасы іспетті ғибратты кеңестер мол екендігіне көз жеткіздік. Мәшһүр Жүсіп Көпеев сопылық ілімнен тәрбиенің идеалын, міндетін, мазмұнын анықтау мүмкіндігін көрді. Қазақстан қоғамының рухани-адамгершілігі қайта жаңғыру кезінде оның мұрасында үлкен орын алған сүйіспеншілік тақырыбы ең көкейтесті тақырыптарының бірі болып табылады деп есептейміз. Ағартушы сүйіспеншілікті жоғары құндылық ретінде ынтымақтастық пен бейбіт өмір сүрудің бір тәсілі деп түсінді, оны руханилықпен байланыстырды. Қазіргі жаһандану заманында ақынның бұл ойлары өзара түсінісу, рухани келісім үрдістеріне, әртүрлі әлеуметтік, діни, мәдени қайшылықтарды шешуге ықпал етеді. Біздің ойымызша сүйіспеншілік сезімді тәрбиелеу және сүйіспеншілік арқылы тәрбиелеу оқу-тәрбие жүйесінің негізі болу керек екені даусыз. Баланың өз-өзін жақсы көруі мен басқа адамдарды, бүкіл әлемді жақсы көруіне шейінгі сезімінің дамуы үйлесімге, өзара түсінудің және қоғамдағы бөтенсуді жеңуге әкеледі.

Патшалық үкімет халықтың білім алуы жөнінде қамқорлық жасамады, ал елдің экономикалық дамуы өз талаптарын қойды: кәсіпшілік пен қолөнердің, базар мен сауданың өсуі сәйкес мамандарды дайындауды талап етті. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектің әлеуметтік ролін көре білді. Ол

еңбекте адамдар арасындағы қатынастар және адамның адамгершілігі қалыптасады деп түсінді. Оның ойынша балаларды жастайынан еңбекке тарту арқылы дұрыс тәрбие беру мәселесін шешуге болады. Ағартушы еңбектің материалдық нәтижесі адам үшін өте маңыздылығына, сонымен бірге адамның лайықты өмірі мен бақытының көзі болатын еңбектің жігер туғызатын ішкі, рухани күшінің маңызы аз емес екеніне көз жеткізді. Қазіргі кезеңде кәсіпкерлік іс-әрекеттің түрлі формаларының пайда болуымен жас ұрпақтың жаңа әлеуметтік психологиясын қалыптастыруда ойшыл-педагогтың «Алтай-бақташы» сияқты шығармаларының тағлымы мол. Осы шығармада бақташы бала бейнесі арқылы ақын еңбексүйгіш жасөспірімнің тұлғалық қасиеттерін - тапқырлығын, үлкендерше шешім қабылдай алатын мінезін жан-жақты ашып көрсетеді. Ағартушы көрегенділікпен кәсіптік білім берудің объективті қажеттілігін түсінді. Оның ойынша өз еңбегінсіз адам азып кетеді. Еңбекке сүйіспеншілік оның пікірінше бай, кедей демей қоғамның барлық өкілдеріне тән болу керек. [2. 75 б.]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дарынды адам еді, ұлттық мәдениет тарихында әдеби педагогикалық мұрасымен өшпес із қалдырды. Оның педагогикалық мұрасы уақыт өткен сайын көп қызығушылық тудыруда. Мәшһүр Жүсіп педагогикасын жалпыадамзаттық тұрғыдан зерттеуге көшу оның философиясының әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық негіздерін түсінуге, шығармаларының тылсым сырлы бояулары мен қайнар көздерін ашуға, ұлы ұстаз ұсынған идеялардың құпия сырларын танып білуге, қазақ халқының шынайы тарихындағы, тағдыры мен дамуындағы ақынның орны мен рөлін, маңызын пайымдауға мүмкіндік береді. [6. 79б.]

Ағартушы өмір сүрген ХІХ ғасыр ортасындағы қасіреттен құтылудың жолын нұсқаған өсиеті мен асыл ойлары қазіргі ХХІ ғасыр басында тұрған осы кезеңде де өз мәнін жойған жоқ. Тек әдебиетші, тілшілер ғана емес, тарихшы, педагог, психолог, философ, өнер маманының адамдары үшін де оның еңбектерінде ғылыми зерттеулерге азық болатын жақтары аз емес.

Көңіліңіз болса, ескер адамдықты,

Асылы, қыла көрме харамдықты.

Біреуі бұл жетінің – ғылым оқу,

Тастаныз енді ойдан надандықты

Мәшһүр -Жүсіп Көпейұлының өнегелі сөздері қазіргі адамгершілік тәрбиесімен үндеседі

«Ең әуел керек нәрсе иман» деген,

«Ақырет істеріне инан!» деген!

«Құдай кешірет!» дегенмен, іс бітпейді,

«Иман шартын білмесе, есек» деген сөздері рухани -құндылыққа бағдарлайды.

"Ақымақтың тізгіні – құлағы, ақылдың тізгіні – көңілі. Қатықтай қатып, сүттей ұйып жүре береді. Ғақылды не нәрсені естісе, естуіне қанағат қылмай, ғақылына салып, көңілінің дауалауына тоқтайды." Ақыл-ой тәрбиесімен пара-пар.

"Кендікпен өтсін десең ерте-кешің,

Бір іске жұртқа ұнайтын сарып қыл күшің.

Өнермен жұрт аузына ілініп бақ,

Ұнамды ағайынға болсын ісің еңбек тәрбиесіне жалынды түрде шақырады.

"Өнерге өзіңді-өзің ерте баулы,

Жастықтың бір күн көшіп кетер аулы"өзін-өзі тәрбиелеуге шақырады.

[2. 676.]

Есімі алты Алашқа мәлім Мәшһүр Жүсіп Көпеев - әлем педагогикасының мектебі, құнды қазынасы Шығыс поэзиясының пәлсапа табиғатымен, заңдылығымен жете таныс болған, одан күш-қуат алған, сөйте тұра ұлттық педагогикамыздың менталитетінде ерекше ізі айырықша қол таңбасы қалған тәлімгер.

Қазіргі кезде жастардың рухани, адамгершілік, ізгілік тәрбиесінің күрделі мәселелері мазаламай тұрмайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазіргі кезеңдегі адамға айтары көп. Оның айтқандары біз үшін тұлғаның өзін-өзі сезінуін қалыптастыруда аса көкейтесті болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы оған өмірдің өзі көрсеткен білім беру мен тәрбие істерінің мешеулігінің себептерін ойластыру міндетін тамаша шешті.

Адамгершілігі бар тұлғаны тәрбиелеу объективті қажетті процесс болған кезеңде ұлы ақынның педагогикалық мұрасы бізді ерекше бір күшпен өзіне тартады. Оның мұрасы мен үлгісі – бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі іркілісті түсіндіруге, тәуелсіздіктің жаңа жағдайы мен талаптарында тәрбие міндеттерін жүйелі ұғынуға, ондағы адам өмірін жарастыруға таптырмас құрал. Ұлттық педагогикалық білім түзге кетпесін десек, Мәшһүр-Жүсіптен әрдайым үйренуден қапы қалмауымыз керек, оның өсиетін жас ұрпаққа жеткізуде ұстаздық жасаудан жалықпауымыз керек .

Педагогикалық ақиқатты танып білудің маңызды шарты тарихи шындыққа объективті баға беру, педагогика тарихының қазіргі кезеңмен үздіксіз байланысын, тарихи-педагогикалық дәйектердің, құбылыстардың, идеялардың болжау жасаудағы маңызын анықтау болып табылады. Аса көрнекті ойшылдар тарихты болашаққа апаратын жол деп білген. Өткенді білмеу, қазіргіні түсінбеуге әкеледі. «Кім ескіге бас бұрса, сол жаңаны ашуға қабілетті, ұстаз болуға лайықты, - дейді Конфуций.

Ағартушы ұсынған әдіс пен құралдардың көпшілігі адамгершілік тәрбиенің отандық теориясы мен практикасында бейнесін тауып, қазіргі кезеңдегі педагогика үшін көкейтестілігін жоғалтқан жоқ. Ағартушының еңбектері бүгін де көкейтесті педагогикалық идеялардың бай қазынасы болып табылады. Ол - жалпыадамзаттық мұраттарды, проблемаларды қозғай білген ағартушы. Мәшһүр Жүсіп бойында қайырымдылықты, ізгілікті, адамгершілікті қалыптастыруда нені ескеріп, неден қашқан жөн екеніне назар аударады. Ақынның шығармаларында діни сарын анық байқалуына карамастан оның мазмұнында негізінен адамға деген сүйіспеншілік, мейірімділік, адамдар арасындағы ынтымақтастық сияқты асыл мұраттар орын алады. Бұл ағартушы мұрасында қуатты гуманистік потенциалдың барлығын дәлелдейді. Өйткені ол адамның бүтін біртұтас дамуының жолдары

мен тәсілдерін өте мұқият іздеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық идеяларға толы және оларға негізделген тұжырымдамасы:

-тұлғаның толық дамуы үшін қандай қағидалар жетекшілікке алынуы туралы;

-өзін-өзі үнемі тәрбиелеп жетілдіру қажеттілігін тудыру туралы және т.б. тәрбие мен білім беру жүйесіндегі бүгінгі күннің бірқатар көкейтесті мәселелеріне жауап береді. Оларды қарастыру барысында ағартушының атап өткен гуманистік принциптерін жетекшілікке ала отырып бүгінгі таңдағы оқыту және тәрбиелеу проблемаларына қатысты мәселелерді шешуге болатыны айқын көрінеді.

АННОТАЦИЯ

Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның педагогикаға қосқан үлесі екінші биігі. Ағартушының педагог - зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теңіз. Абыздың еңбектерінің қазіргі кезбен үндестігінің өзі оның көрегендігін көрсетеді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбектерін тәптіштеп зерттеу қажеттігін дәлелдейді. Ағартушының педагогикалық мұрасын зерттеу бүгінгі таңдағы аталмыш ғылымды жаңа біліммен молайтып байытуға кең мағынасындағы тәрбие мәселелерін шешуге ықпалын тигізіп, педагогика ғылымының әрі қарай даму жолдарын болжауға мүмкіндік береді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасын зерттеу жағымды бай педагогикалық тәжірибені айқындауға мүмкіндік берсе, онда ол оқыту мен тәрбиелеу процестерінің тиімділігін арттыратын жаңа идеяларды ұсынуға және бүгінгі күн талабына сай келетін отандық педагогика ғылымының әрі қарай дамуын ағартушының жұмыстары нақты көрсете алынған. Мәшһүр Жүсіптің философиялық-педагогикалық талғамының өзіндік ерекшелігін түсіну арқылы біз оның ұстаздық өлшемін табуға бір табан жақындай аламыз. Өткен кезеңдердегі педагогикалық ойлардың болмыстың бірегейлігіне қарай бұрылуы және олардың әр адам тұлғасын сезінуі көп жағдайда бірқатар философиялық ағымдардың қалыптасып дамуы арқасында мүмкін болды. Педагогиканың адамтанушылық іргетасының мазмұны мен құрылымын философиялық тұрғыдан түсіну сол уақыттың философиялық ілімінен шықты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық көзқарастары оның идеялары қазіргі таңда өзектілігімен асыл мұра деп айта аламыз.

АННОТАЦИЯ

Имя Машхур Жусупа в поэзии-один холм, его вклад в педагогику-уникальный. Знания, которые просветитель передает педагогам - исследователям. Сама созвучность трудов с современностью свидетельствует о его дальновидности. Машхур Жусуп Копеев доказывает необходимость детального изучения трудов. Изучение педагогического наследия просветителя позволяет прогнозировать пути дальнейшего развития педагогической науки, способствуя решению проблем воспитания в широком смысле и обогащению современной науки новыми знаниями. В то время как

изучение наследия Машхур Жусуп Копеева позволяет выявить богатый положительный педагогический опыт, он способен предложить новые идеи, повышающие эффективность процессов обучения и воспитания, и наглядно продемонстрировать дальнейшее развитие отечественной педагогической науки, отвечающее современным требованиям. Понимая своеобразие философско-педагогического вкуса Машхур Жусупа, мы можем приблизиться к поиску его педагогического измерения. Поворот педагогических мыслей прошлых периодов в сторону уникальности бытия и осознание ими каждой человеческой личности стал возможен во многом благодаря формирующемуся развитию ряда философских течений. Философское осмысление содержания и структуры гуманистического фундамента педагогики исходило из философского учения того времени. Педагогические взгляды Машхур Жусуп Копеева можно сказать, что его идеи являются благородным наследием с актуальностью на современном троне.

Annotation

Mashkhur Zhusup's name in poetry is one hill, his contribution to pedagogy is unique. The knowledge that the educator passes on to research teachers. The very harmony of his works with modernity testifies to his foresight. Mashkhur Zhusup Kopeev proves the need for a detailed study of the works. The study of the educator's pedagogical heritage makes it possible to predict the ways of further development of pedagogical science, contributing to solving the problems of education in a broad sense and enriching modern science with new knowledge. While studying the legacy of Mashkhur Zhusup Kopeev allows us to identify a wealth of positive pedagogical experience, he is able to offer new ideas that increase the effectiveness of teaching and upbringing processes, and clearly demonstrate the further development of domestic pedagogical science that meets modern requirements. Understanding the originality of Mashkhur Zhusup's philosophical and pedagogical taste, we can approach the search for his pedagogical dimension. The turn of pedagogical thoughts of past periods towards the uniqueness of being and their awareness of each human personality became possible largely due to the emerging development of a number of philosophical trends. The philosophical understanding of the content and structure of the humanistic foundation of pedagogy proceeded from the philosophical teachings of that time. The pedagogical views of Mashhur-Zhusup Kopeev can be said that his ideas are a noble legacy with relevance on the modern throne.

Библиографиялық тізім

- 1 Абдукадирова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы ролі (1952-1972жж.): п.ғ.к. диссертациясы. - А. 199
- 2 Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында, - Алматы, 1994.

- 3 Бисенов Б. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси әлеуметтік-философиялық көзқарастары. Ізденіс.- 2000. №2
- 4 Дәуітов С. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Қаз. Мектебі.- 1990.- №2
- 5 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет.- Астана, Фолиант, 2002.- 74 б.
- 6 Құсайынұлы Т. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дүние таным көзқарастары мен философиялық ойлары. Сарыарқа самалы.- 1998, 18 тамыз.
- 7 Жүсіпов Е. Мәшһүр Жүсіп және Шығыс руханияты.- А., 2005

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақтың айтулы ақыны, шежіреші, философ, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар мен тәрбие мәселелері.

Қазақстан билігі бір кездері өз алдына әлемдегі дамыған, озық 50 елдің қатарына кіру мақсатын қойды. Ол тек экономика тұрғысынан емес, әлеуметтік даму – білім тұрғысынан да айтылған болатын. Ал білімді болу дегеніміз не? Бұл сұрақтың жауабын әркім әртүрлі түсінеді. Дегенімен қазақ қашан да. білімді тәрбиемен байланыстырып, оған ерекше мән берген. Атақты ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабиден «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген сөз бекер қалмаса керек.

Жер бетіндегі әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, бір сөзбен айтқанда ұлттық құндылықтары бар. Әрі ол әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие үлгісі болып табыдады.

Халқымыздың дана ойшылдары өз шығармаларында тәрбие мәселесі, сондай-ақ ұлттық құндылық туралы көп жазып кеткен. Соның бірегейі – қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ол өз шығармаларында ұлт құндылығы – елдің асыл арқауы екенін көрсетіп кетті.

Мәшһүр-Жүсіптің өмірбаянымен танысқан оқырман оның жас кезінен халықты ағарту ісі мен ғылым саласына ден қоя бастағанын аңғармай қоймайды. Өзінің туған жері Қызылтауда жерлестерінің балаларына арабша әріп танытып, олардың ғылым-білімге деген құштарлығын арттырған. Сондай-ақ жастарды қолөнер, егіншілік, сауда, мал шаруашылығымен айналысуға шақырды. Себебі ол «Білім алып, өмірлік қажетті іскерлік пен дағдыларды меңгеру – ұлттық ояну мен өркендеудің бірден-бір жолы» деп білді.

Ұлтымыздың тарихында орны болған белгілі тұлғаларды дәріптеу ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды жұмыстың бірі. Жоғарыда аталған ерекшеліктерімен қоса, Мәшһүр-Жүсіп тамаша өлкетанушы болғанын білеміз. Нақты мысалмен айтсақ, ол көзі тірісінде Абылайдың ханның кеңесшісі, әрі серігі болған Бұқар Жыраудың жерленген орнын анықтап, көрсетіп кеткен.

Сонымен қатар ол шығармаларында ұлттық тарих пен ұлттық дәстүр, мұраны кең насихаттағаны белгілі. Еңбектерінен халық ауыз әдебиетінің жанашыры болғанын аңғару қиын емес. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-

килы тағдырын байқай білді. Ақын «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Өтірік өлең», «Жақсылардың мысал сөзі», «Такпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лиро-эпос», «Батырлар жыры» (1) сияқты ұлттық дәстүр түрлерін хатқа түсірді. Түркі елдерінің ұлттық құндылықтың бірі – Наурыз мейрамы екенін белгілі. Дана ойшыл бұл мерекені тойлауға ерекше тоқталып, қазақ халқы бұл мерекені 2500 жылға жуық, айта кетсек, ислам діні тарағанға дейін де тойлағанын атап өткен. «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама» (2), деп жазып кеткен екен. Бұл ақынның ұлттық құндылықтар туралы жазған көп шығармаларының бір парасы ғана.

Халқымыздың бала тәрбиесіне ерекше мән бергені дәстүрі ауыз әдебиетімізден анық көрінеді. Балаға бесіктен бастап бесік жыры, ертегі, батырлар жырын айтып тәрбиелеген. Ертегі, жыр тыңдап өскен баланың есте сақтау қабілетінің жоғары болып, сөздік қорын бай болатынын білген. Содан болар қазақтың бала тәрбиелеу дәстүрінде ерекше орынға ие. Ертеде халық ертегі айтатын адамды жоғары бағаласа, оны айтатын адам да әр ертегінің мазмұны, берер тәліміне жауапкершілікпен қарағаны белгілі. Дана халқымыздың қай ертегісін алсақ та, мазмұны терең, оқырманға салатын ойы бар, ол – жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді насихаттайды. Қазақ ертегілерін алғаш зерттеген Шоқан Уәлиханов екенін әдебиеттен белгілі. Одан кейін қазақ ертегілерінің мол қорын жинаған зерттеуші – Мәшһүр Жүсіп Көпеев болған. Ол ел арасынан «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «7 жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Екі патша», «Әділ би» т.б.ертегілерін жинап, қағазға түсіріп кетті.

Бұдан бөлек, ақынның адамзатқа ғылым-білімді насихаттап, ілім алуға стимул беретін өлеңдері бар. Мәселен, ойшылдың «Нәпсіңді атқа мінгізбе» атты өлеңінде:

«Ғылым біл, жұмыс істе,- оған серік,
Жарлығы мал, бұл ғылым - байға көрік!

Ғылым.білім, өнерсіз, қадірсізді,

Өлік біл, оны жан деп білме тірік!» (3) дейді. Бұл төрт шумақтың астарында жастарды білімге ұмтылып, уақыттың қадірін түсінуге, сондай-ақ кез келген адамды адам ететін білімі мен адал еңбегі екені айтылады. Байға да, кедейге де білімге ұмтылу қажет екенін меңзейді. Сондай-ақ байлық адамның жиған мал-мүлкімен емес, білімі мен біреуге жасаған жақсылығымен өлшенетінін айтады.

Сондай-ақ «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені» (4) атты өлеңінде арамдық, айла, екіжүзділік сияқты жағымсыз мінездерді сынап, адамды аздыратын бұл мінездерден арылу қажеттілігін насихаттайды. Адам бойындағы тағы бірқатар жағымсыз мінездерді туралы айтып, одан арылмаудың салдары кедейлікке апаратынын айтады. «Бұрыңғылар «Кедейлік үш ағайынды болады» деген. Үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы. Бұл үшеуі – бірі желкеңнен тартып, бірі

күйреңінді жерге жабыстырып, бірі қисайта құлатып, жібермей жатқан соң, қолың қайда жетсін? Өзіңнен өзің көтіңнен кейін қарай кетіп қор боласың», деп жазды этнограф.

Ойшылдың жазбаларында ұлттық тәрбиені танытатын мұралары да жеткілік. Мәселен, ол тәрбие туралы бір толғауы баланы тәрбиелемес бұрын, ананың тәрбиесі, көзі ашық һәм саналы болуы керек деген ойға жетелейді. «Қазақ айтпай ма «алып анадан» деп, бұған қарағанда, ана жақсы болса, одан туған бала да жақсы болады. Ана бір жаман, ғылымсыз, меңіреу болған соң одан туған бала не қылып оңсын?! Адамның білгіш, өнерлі болуына әуелі ата-ананың жақсылығы себеп. Қазақта мақал бар: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі деген»(5) деп жазды Мәшһүр Жүсіп. Бұдан бөлек әйел тақырыбына арналған шығармалары бар, мазмұны жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену қажеттілігін еске салады.

«Ғылымсыз болған нәрсенің пайдасы жоқ, ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Ғылымды болған кісі ғылымын шашып, жұртқа үйретудің жаһтұнда болады. Ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей керек нәрсе. Біздің қазақ: «Қатын молда болып бала оқыта ала ма?» Ұрғашыны оқытып не керек?» – (6) дейді. Жоқ, олай емес. Ойлап тұрсаң, еркектің оқығанынан ұрғашының оқығаны пайдалы. Неге десең, ұрғашы үйде отырып, балаларының тәрбиесіне қарайды, оның ғылымды болғанының пайдасы сол өзінің балаларына тиеді» деп жазды ол. Осылайша ғылым, барша адам баласына керек екенін жазып кетті, әсіресе әйелдердің білімді болып, баласына дұрыс тәрбие беруі маңызды екенін меңзеді.

Тағы бір сөзінде ақын «Адам ойына келген сөздің арамын алып тастап, адалын сөйлеуге ұмтылуға тиіс. Сөйлеген сөздің қан-жыны аралас болса, тыңдаушының мейірі қанбайды. Егер қан-жынынан айырып, сүттей тазасын теріп сөйлесе, оған тыңдаушының да құлақ құрышы қанады», - дейді. Бұл жерде ақып әдепті сөйлеудің маңызы, сөз құдіреті барын меңзейді. Сөзбен сау адамды құлатып, ауру адамды орнынан тұрғызуға болатынын еске салады. Ойшылдың бұл сөзі адамға дұрыс сөйлей алу үшін де адамда ішкі рухани құндылық болуы міндетті екенін көрсетеді.

Сондай-ақ ақын шығармалары, оның ішінде өлеңдерінің көп бөлігін дін тақырыбына арнаған, сол арқылы адамзатқа көркем мінез бен ізгілік, мейірім мен жақсылықты насихаттады. Мысалы, көптеген өлеңінде иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп мәселелерін көтереді, бұның бәрі адамға қажет әрі оны көрікті ететін асыл қасиеттер екені баршаға мәлім. Осы қасиеттер арқылы қазақ өзінің ұлттық болмысын сақтап қалатынын айтады. Сонымен қатар ақын өлеңдерінде ұлттық құндылықтарды айшықтай отырып, ұрпақты жақсылыққа, игілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке, парасаттылыққа тәрбиелейді.

Ақын өзінің еңбектерінде адам санасының ояу болуына насихаттайды, ол үшін өзін-өзі дамыту, білім алу, еңбек етуге керек екенін айтады. Тек еңбек бар жерде ғана адам өзінің болмысын жасайтынын ескертеді. Еңбекке үйренген адам ғана рухани өседі. Сондай-ақ ол шығармаларында еңбексіз рухани дамимын деу жалған екенін дәлелдейді.

Адамның арманы қиялында, сүйіспеншілігі жүрегінде, ұяты бетінде, ары мен намысы жанында өмір сүреді.

Қандай уақыт, қандай кезең болмасын, ұлттық құндылықтарымыз сақталмай, келешектің жарқын болуы күмәнді. Біз алдағы уақытта ұрпақтарымыздың білімді, саналы, ізетті, жаһандық білім беру кеңістігінде еркін самғай алатын, елі мен жерінің қадір қасиетін ұғатын, мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, ойы азат, мақсаты айқын, ел игілігі үшін еңбек ететін ұлтжанды, денсаулығы мығым, ата дәстүрді сақтайтын, рухани бай ұрпақты көргіміз келеді. Сондай ізгілік жолындағы ізденісіміз барысында басты арналы бағыттарымыздың бірі - Мәшһүр Жүсіп мұралары екені анық.

Ұрпағымыздың келешегі қандай болмақ деген сауал кез келген адамды, тұтас қоғамды аландатпай қоймайды. Халық «Тәрбие табалдырықтан басталады» деп бекер айтпаған. Тәрбие балаға ең алдымен отбасында беріледі. Ұрпақ білімді һәм саналы болуы үшін, оған ең алдымен ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білу керек. Ұлттық құндылықтар туралы ұлт тарихында айрықша орны бар тұлғаларымыздың шығармалары аз емес. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары соған дәлел. Ол ұрпағының саналы болғанын тіледі, ізгілік, мейірім, ғылым, білімді насихаттап, ізденімпаз болудың пайдасын ұғындыруға тырысты. Ойшылдың шығармашылығында айтылған тәрбие мен құндылықтар әсіресе арзан дүниеге ұмтылу, жат ағым мен адамзат үшін жат қылықтар көбейіп, жастарды рухани аздырып жатқан қазіргі кезде аса өзекті болып отыр. Бүгінде оның шығармалары әлі де толығымен зерттелген жоқ. Оның шығармалары қазақ тарихы, шежіресі, ауыз әдебиеті үшін құнды әрі негізгі дерек көздері болып табылады. Әрі ол еңбектер тарихты танумен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, соның көмегімен бүгінгі һәм келер ұрпақты салиқалы етіп тәрбиелеуге көмектесетін құрал бола алады. Қазіргі жаһандару заманында әр халық, оның ішінде қазақ халқы өзінің кіндігін, яғни айдентикасын тануға талпынып жатқанда ұлтымыздың дана ойшылдарының мұралары таптырмас көмек бола болатынын ұмытпау керек.

Аннотация

Бұл шығармада қазақтың айтулы ақыны, шежіреші, философ, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар мен тәрбие мәселелері қарастырылады. Адамның өміріндегі ұлттық құндылықтардың алатын орны туралы айтылады.

В данном докладе будут рассмотрены вопросы национальных ценностей и воспитания в творчестве известного казахского поэта, летописца, философа, этнографа Машхура Жусипа Копейули. Говорится о месте национальных ценностей в жизни человека.

In this report, the issues of national values and education in the works of the famous Kazakh poet, chronicler, philosopher, ethnographer Mashhur Zhusip Kopeiuli will be considered. It talks about the place of national values in a person's life.

Библиографиялық тізім

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ Тарихы. 1 кітап
2. Өмірхан Әбдиманұлы. XX басындағы қазақ әдебиеті
3. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп: Мәшһүр Жүсіп. 10 томдық жинақ
4. М.Н.Баратова Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық сипаты. Оқу-әдістемелік құрал
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 13-том
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 13-том

Абужарова Айнагуль Нургалиевна
Астана қаласы әкімдігінің
«Шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәни»
атындағы №85 мектеп-лицей ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог-модератор

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі уақытта ересектер де, жастар да заман талабына сай жаңа ақпараттық технологиямен жұмыс істейді. Тіпті, қолға телефон ұстап, таңын атырып, күнін батырады десек те артық айтпаймыз. Әрине, оның пайдалы жақтары көп. Дегенмен, соның салдарынан ұлттық құндылықтарды, тәрбиені ұмыт қалдырып жатқанымыз да шындық. Мәселен, көптеген елдерде 18 жасқа толмағандардың ғаламторды қолдануы, ғаламтор клубтарына баруы туралы заңдар жүзеге асып үлгерді. Оларда қазір әрбір адам, соның ішінде ғаламтор клубын ашып отырғандар да бала тәрбиесіне көңіл бөледі. Қытайда ғаламтор клубтарында кәмелет жасына толмағандардың кіруін шектеу тым қатаң түрде жүзеге асады. Ал жапондар бұған жиырма жыл бұрын-ақ қатты көңіл бөле бастаған. Сондықтан да оларда ұрпақ тәрбиесіне аса көңіл бөлінеді. Ал бізде бұған әлі күнге дейін аса көңіл аударыла қоймаған. Әлеуметтік желінің шырмауында шырмалғандар ұлттық құндылықпен мәдениеттіліктің мән мағынасына жете бермейтіні рас. Осы орайда жақында ғана сенатор Нұртөре Жүсіп қазақстандықтардың мәдени деңгейін көтеретін, ұлттық мінезді ұлықтайтын тұжырымдама қабылдау керек деген ұсыныс айтты. Бұған былтыр Тәжікстанның жеміс жидегіне таласқан жұрттың видеоға түсіп қалғаны түрткі болыпты. Шынымен де халықтың алды артын ойламай, бір бірін жұлқылағаны халықаралық пабликтерде жарияланып, мыңдаған қаралым жинаған. Осыдан -ақ қазіргі таңда қазақ халқына мәдениеттілікпен ұлттық құндылықтың жетіспейтіндігін түсіне аламыз. Ал бұл тұжырымдама қалай жүзеге аспақ? Мұны халық та біраз талқыға салып жатыр. Мен де арнайы сауалнама жүргіздім. Сонда білгенім көбісі тәрбиені балабақшадан, мектептен бастау керек деген қорытындыға келіпті. Мен де ұстаз ретінде ұлттық құндылықтар да, тәрбие де біздің ақын, жазушы, философтердің еңбектерінде, ой толғауларында жатқанын айтқым келеді. Соны насихаттасақ кем болмаймыз. Ұлттық тәрбиені, құндылықты, мәдениетті көтереміз десек, солардан бастау қажет. Мәселен, Алаштың біртуар перзенті Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің “Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы – оның тәрбиесі” деген сөздерінің астарынан арнамыс пен адалдық, ізгілік пен қайырымдылық, әдептілік секілді қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру қай кезде де халқымыздың басты мұраты болғаны аңғарылады.

"Әңгіме", "Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен", "Кедейлікке үш қырсық оралады", "Күн шықпай ерте тұрып", "Білмейді ел өнерлісін аулақ болар" Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл өлеңдерінің бәрінің мақсаты ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді:

*Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнер жоқ жігіт жастан.*

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға "мынадай бол, мынадай істе" деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Бұдан аларымыз көп. Қазір, тіпті, кей жастарға осыны айтып, ақыл үйрететін ересектер де азайып келеді. Олар болғанның өзінде, қоғамда бір талпыныс, өзгеріс болмаса, бала оны түсіне қоймас. Сондықтан, мұның барлығы халықтан, қарапайым адамдардан басталуы керек. Ұлттық құндылықты насихаттауды жастардан ғана емес, ересектерден де бастау қажет.

Сондай ақ, ақын өз шығармаларында жастардың тәрбиесіне қатысты көптеген мысалдар келтіріп, өсіп келе жатқан ұрпаққа нақты бағыт берген. «Адамға қазына дәулет жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісің ілгері баспайды.» Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген.

Мәшһүр Жүсіп жинақтаған мақал-мәтелдер турашылдығымен, нақтылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар жалпы адами құндылықтарды ұлықтаса да, мақалдардан ұлттық бояудың қанықтығын көре аламыз.

Қазақ халқы ұрпақ жалғастыруға ерекше көңіл бөлген. Бала мен бала тәрбиесіне қатысты мақалдарға мән берейік:

*Бір баласы бардың
Шығар-шықпас жаны бар.
Екі баласы бардың
Өкпе, бауыр, жалы бар.
Үш баласы бардың
Бұхарада бұты бар,
Қорсанда қолы бар.
Суы жоқ жердің шөбі арам,
Перзентсіз ердің малы арам,
Еңбексіз ердің дәмі арам.
Ораздының баласы –
Өз үйінде – өз құл.
Шерлінің баласы –
Өз үйінде өзі сый.*

«Бала деген Құдайдан сұрайтұғын нәрсе емес, ерлі-байлы екі кісінің еңбегі, қолдан жасап, егіп, өсіріп алатұғын ағашы. Осы ағашты жеміс ағашы қылып өсіріп, өндіріп алатұғын қайратты сабаздар да бар. Кісі – сол, адам –

сол! Ол бір жерден өрік-мейіздің тұқымын алып келіп еккен жоқ. Бірақ жақсы, тілеуі жемісті ағаш болуын ойлап, баққан, қаққандықтан» , дейді қазақтың ғұлама ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Бұл өсіп келе жатқан баланы ұмытып, қым қуырт шаруамен жүретін ата- анаға ескерту. Дәл қазір бұны өзекті деп айтпасақ болмайды. Көбі баласын таңертең балабақшаға, мектепке алып келіп, кешке үйге апаруымен жұмысым бітеді деп ойлайды. Тәрбие туралы сөз қозғала қалса, барлығын ұстаздарға жауып, ақталады. Алайда, ең бастысы үйден алынған тәрбие мен құндылық екенін ұмыт қалдырады. Бұл дұрыс емес. Бала шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап оған жақсы мен жаманды айыруды әке -шешесі үйретуі тиіс. Дегенмен мектепте де бұдан алшақ кетуге болмайды. Осындай Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сынды ғұлама ойшылардың сөзі балаға жету керек. Бұл жерде оны қалай істеуге болады деген ой да келеді. Жоғарыда айта кеткендей, қазіргі заманда өмір сүріп жатқан балаға оны кітап оқытып, өлең жаттатып түсіндірудің өзі оңай емес. Бар ақпаратты оған қызықты етіп түсіндіру керек. Яғни, мультфильмдер, фильмдер, түрлі қысқаметржады видеороликтер, әдемі анимациялар қажет. Оны жасағанның өзінде балаға түсінікті етіп, қарапайым тілмен, қызықты оқиғалармен түсіру қажет. Сонда ғана ұлттық құндылықпен тәрбие мәселесі шешіледі. Қазақ халқы бұрыннан ұрпақ тәрбиесінде шешендік, өнерпаздық тәрбиеге баса назар аударды. Қытайда ата-ана мен мектеп баланы төзімділікке, іскерлікке, ептілікке тәрбиелейді екен. Ал қазақтарда балаларын төзімді, епті, сезімталдыққа баулыған.

Мектепте де бұны ұмыт қалдырмау керек. Осыған орай қосымша сабақтар жасалса, нұр үстіне нұр болмай ма? Жәй ғана жаттап, айтып беру емес. Кәдімгідей пікірталас алаңдары, дөңгелек үстелдер, дебат ұйымдастырылуы қажет. Онда баламен әңгімелесе отырып, ұлттық ойындар ойналса, қызықты ақпараттар беріліп, ұлттық құндылықтар жайлы айтылса, бұл мәселе шешілетініне күмән жоқ. Мәселен, жақында ғана мектеп бағдарламасына "этика" сабағын енгізу туралы ұсыныс түсті. Бұл да бір жақсы шешім. Бірақ, сол этика сабағында қалай жүріп-тұруды, қоғамда өз-өзін қалай ұстауы сынды ғана емес, ұлттық құндылықты насихаттаудың бір тетігі болса игі. Яғни, оған да бала тәрбиесіне қажетті ой-толғаулар енуі қажет деп ойлаймын. Мәселен, оқушылар ұстазбен бірге Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бала тәрбиесі туралы жазғанын талдап, оқып көрсе. Алайда, тек мұнымен тоқтап қалмай, түрлі қызықты ойындар арқылы пікірталасқа салса, баланың есінде бұл көпке сақталатыны шындық. Осы жерде жаңағы айтқандай, түрлі мультфильмдер, фильмдерді көрсе, мүмкін, тіпті, оны қалай жасау керек екеніне оқушылардың өзі ой қосса, тіптен жақсы емес пе?

Біздің мектеп ұстаздары Аібі бағдарламасы бойынша 5 жылдан артық жұмыс істеп келеді. Еліміздің ұлттық құндылықтары мен ХБ миссиясы, ХБ оқушы профилін басшылыққа ала отырып, мектеп-лицейі төмендегі құндылықтарды оқушы бойына сіңіруге жұмыс жасайды:

- Ұлттық сана
- Азаматтық белсенділік

- Мәдениетаралық сыйластық
- Зияткерлік
- Құрмет
- Эмпатия
- Еңбексүйгіштік

Оқушыларды ұлттық құндылыққа дәріптеу, сабақты қызықты өткізу үшін де осы Aibi жаңа бағдарламасы мен ұлы ғалымдардың пікірін, өмірлік зерттеп жазған жұмыстарын ұштастырып қолдана отырсақ, бала тәрбиесінде көптеген жетістіктерге жетуге болатынына нық сенімдімін.

Аннотация

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы және ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі, тәрбие мәселелері туралы кеңінен баяндадым. Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра сараладым. Мақаланы мәдениеттің құндылық әлеуетін тұлғаның тұжырымдары мен көзқарастары арқылы дәлелдедім. Ақынның шығармалары өміршең, бүгінгі күнде де өз маңызын жоймаған асыл мұралар.

Алаштың біртуар перзенті Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің “Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы – оның тәрбиесі” деген сөздерінің астарынан арнамыс пен адалдық, ізгілік пен қайырымдылық, әдептілік секілді қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру қай кезде де халқымыздың басты мұраты болғаны аңғарылатынын тілге тиек еттім. Ол өлеңдерінде жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Өсіп келе жатқан ұрпаққа нақты бағыт берген. Бала тәрбиесіне қатысты мақалдарды жазған. Тәрбие мен құндылықты бала ең бірінші отбасынан алатынын дәлелдеген. Оқушыларды ұлттық құндылыққа дәріптеуде мектебімізде жұмыс жасап жатқан «Aibi» бағдарламасын ақынның келешек ұрпаққа қалдырған ұлттық құндылықтарын күнделікті өмірде қолданып отырсақ, бала тәрбиесінде көптеген жетістіктерге жетуге болатынын сенімдімін. Өйткені, Мәшһүр шығармалары жас ұрпаққа рухани азық сыйлап елжанды, Отансүйгіш, өз елінің мәдени мұрасын қадірлей білуге үйретеді.

Аннотация

В статье подробно рассказано о литературном наследии Машхур Жусуп Копеева, о значении национальных ценностей в жизни человечества, о роли воспитания в жизни человека, о проблемах воспитания. Кроме того, анализируя национальные ценности наследия Машхур Жусуп Копеева глазами современности, я дифференцировала национальную ценность в сочетании с процессом развития общества. В статье я доказала ценностный потенциал культуры через высказывания и взгляды личности. Произведения поэта - это живое благородное наследие, не утратившее своего значения и сегодня.

По словам выдающегося поэта, философа Машхур Жусупа Копеева: “Ребенок – главное богатство, а самое благородное – это его воспитание...” из этого следует, что в какой-то момент главным принципом нашего народа было привитие таких качеств, как честь и честность, доброта и милосердие, порядочность. В своих стихах он призывает молодежь к труду, искусству, образованию, земледелию, торговле, ремеслам. Копеев в своих работах много писал о воспитании детей. Доказал, что воспитание и ценность ребенок получает в первую очередь в семье.

Благодаря целям программы IB в нашей школе и используя идеи М.Ж.Копеева в воспитании подрастающего поколения можно достичь популяризации национальных ценностей. Ведь произведения Копеева дарят молодому поколению духовную пищу, учат патриотизму, уважению к культурному наследию своей страны.

Annotation

The article contains a detailed analysis of Mashkhur Zhusup Kopeev's literary works and the significance of national values in human life, society, and education. Furthermore, I examined the national values in Mashkhur Zhusup's legacy through the lens of modernity and merged them with the process of social evolution. The article substantiated the value of culture by drawing on personal conclusions and viewpoints. Even today, the works of the poet are still highly valuable, and noble.

The son of Alash, Mashkhur Zhusup Kopeev, stated that our people's primary values were honor and honesty, virtue and charity, and decency, with the child being their primary wealth. His poems encourage the young generation to engage in activities such as work, art, sowing, and trading. The human being is the mother in terms of work and labor. A clear course of action for the growing generation. He wrote about the importance of parenting. Upbringing and value are learned from the child, as demonstrated by research. The program "IB" in our school is aimed at promoting the poet's national values, which can be of great value to children. Mashkhur's works provide the youth with spiritual nourishment, promoting appreciation for patriotism, and their country' culture.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Балаңызды ғаламтордың кері әсерінен қорғай біліңіз (massaget.kz)
2. <https://bilimdiler.kz/ustaz/3773-mugalimnin-tulgasy-zhane-okushylarga-beriletin-ulttyk-tarbienin-ereksh>
3. Қазақ мақал- мәтелдері. Алматы кітап баспасы 2023ж.
4. Мұғалімнің тұлғасы және оқушыларға берілетін ұлттық тәрбиенің ерекшелігі » Білімділер порталы (bilimdiler.kz)
5. Тарихи тұлғалар. Алматыкітап баспасы 2022ж.
6. <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/19109/?ysclid=lrd93mtwlu409026608>

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ШҚІРЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Елбасы Н.Назарбаев халыққа жолдауларында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру міндетін қойған болатын. Сонымен қатар қоғам алдында білім беру жүйесін модернизациялау - 12-жылдық мектеп жүйесіне көшу мақсаты да тұр. Бұл жағдайда педагогика ғылымының алдында білім саласына тиімді болатындай даму жолдарын іздестіру міндеттері қойылып отыр. Ондай жолдардың бірі өткен жылдардағы бай теориялық және тәжірибелік мұраны айқындап, мәнін түсініп қолдану болып табылады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату - қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес» -деген болатын.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық көзқарастарының қалыптасуының негіздерін айқындау үшін біздер зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің бірі ретінде оның өмір жолы және ағартушылық іс-әрекетімен танысуды жөн деп есептедік.

Ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858 ж. Баянауыл округіне қатысты Қызылтау болысындағы Найзатас деген жерде дүниеге келген. Әкесі Көпей орташа жағдайы бар шаруақор адам болған.

Оның әкесі Көпжасар Шермұхаммедұлы дін жолын берік ұстанған тақуа адам еді. Көпжасар Шермұхаммедұлы Баянауыл елді мекенінде өз қолымен, өз қаражатына мешіт тұрғызған. Жас шағында алыс сапарларға сауда керуендерімен жиі барған Көпейдің өмірден көріп түйгені көп болатын. Дінді берік ұстануымен қатар халықтың, ұлттың болашағы білімде екенін жете түсінген Көпжасар Шермұхаммедұлы балаларды оқытуға ерекше көңіл бөлген. Көпжасардың әкесі Шермұхаммед те сондай үлгідегі жан болған екен. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ақын, ағартушы, тарихшы болып қалыптасуына тікелей әулетінің білімге, ғылымға деген құштарлығы болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығындағы маңызды тақырыптардың бірі – қазақ халқын ағарту, жалпыадамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу тақырыбы. Гуманист, ағартушы ретінде ол қазақ қоғамындағы артта қалудан, әлеуметтік келеңсіздіктерден шығудың жолын халықтың барлық топтары арасында білім мен мәдениетті таратудан көрді.

М.Ж. Көпейұлы қазақ даласында орнаған таптық теңсіздікті қатты сынады. Рулық дворяндардың өкілдері сән-салтанатпен өмір сүрді, ал

көшпелілердің негізгі бөлігі күнкөрістерін әрең көрді. Сонымен қатар, қарапайым халық надандыққа ұшырап, білімге де, адамзаттың мәдени жетістіктеріне де қол жеткізе алмады .

Ақын-ағартушы өз шығармаларында бұл әділетсіздікті жою қажеттігін алға тартты. Ол тегіне, отбасылық байлығына қарамастан даланың барлық балалары үшін мектептер ашық болуы керек деп есептеді. Көпейұлының ойынша, артта қалушылық пен надандықты жеңіп, адамдардың бойына адамгершілік пен адамгершілік негіздерін сіңірудің бірден-бір жолы осы. Білімге қол жеткізудегі теңдік туралы бұл идеялар көп жағынан өз заманынан озық болды.

Сондықтан, Көпейұлы барлық сыныптағы балаларды жастайынан үй шаруасына, мал бағуға, қолөнерге баулу қажеттігін алға тартты. Дене еңбегі, оның ойынша, денені ғана емес, мінезді де шыңдайды, дербестікке, жауапкершілікке, адамдарды құрметтеуге үйретеді.

Тәрбиешінің педагогикалық тұжырымдамасында жастарды адамгершілікке тәрбиелеу туралы ойлар ерекше орын алады. М.Ж.Көпейұлы мектептегі, отбасындағы балаларды тегі мен табысына қарамастан мейірімділікке, жанашырлыққа, басқа адамдарды сыйлауға тәрбиелеуді насихаттады. Ол адамзат қоғамының ілгері дамуының объективті қажеттілігі ретінде жастардың білімділігі мен адамгершілік тәрбиесін атап көрсетті. Қиындықты жеңу, ұлт қамын ойлау, бостандыққа жету, елдің өмірін жақсарту жолдарының бірі лайықты ұрпақты тәрбиелеу деп білді ол. Онсыз халық тағдыры көзден ұшқан бұлбұл сияқты екенін ағартушы тереңнен түсінген. Қоғамды дағдарыстан шығару, бұрынғы жойылған мұраттардың орнына жаңа мақсаттарды іздестіру - тәрбиенің алдындағы тұрған басты міндеттердің бірі ретінде күн тәртібіне қойды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көптеген ой-пікірлері өзектілігін жойған қ жоқ, сонымен қатар бүгінгі күні де ерекше резонансқа ие болып отыр. Кедейлікті жеңу, ата-аналардың материалдық жағдайына қарамастан балалардың жақсы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету – бұл міндеттер Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттік бағдарламаларында басымдықтар ретінде тұжырымдалған .

Айтылғандарды қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ халқының мәдениетін сақтау мен дамытуға қосқан шын мәнінде ерекше еңбегін тағы бір мәрте атап өтекім келеді. Оның сан қырлы қызметі ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы қазақтардың тарихының күрделі, бетбұрыс кезеңінде ұлттық сана-сезімінің оянуына, рухани жаңғыруына орасан зор игі ықпал етті.

Сайып келгенде, Мәшһүр Жүсіп ойшыл, ағартушы ретінде қазақтың жас ұрпақтарына білім мен тәрбие беру тұжырымдамасын жасауға өлшеусіз үлес қосты. Оның озық гуманистік идеялары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Оның тәрбиеге, ұлттық құндылыққа негізделген шығармаларын мектеп бағдарламасына енгізсе нұр үстіне нұр болар еді.

Осынау көрнекті тұлғаның сан қырлы қызметінің барлық қыры дерлік қазақ халқының төл мәдениеті мен рухани жаңғыруына қызмет етуге

арналды. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі ұлттық тарих пен мәдениет шежіресіне алтын әріптермен жазылды.

Аннотация

Статья посвящена выдающемуся казахскому поэту, мыслителю и общественному деятелю Машхуру Жусупу Копееву, внесшему огромный вклад в развитие национальной культуры Казахстана на рубеже XIX-XX вв. Цель работы - комплексно проанализировать различные грани многогранной деятельности М.Ж. Копеева как собирателя фольклора, этнографа, писателя и педагога-просветителя. Особое внимание уделено изучению педагогических взглядов мыслителя, их современного звучания. В результате проведенного анализа делается вывод о поистине неопенимом вкладе М.Ж. Копеева в сохранение и обогащение духовного наследия казахского народа. Подчеркивается, что его педагогические идеи не только не утратили актуальности, но и приобрели особую злободневность в современном Казахстане.

Аннотация

Мақала XIX-XX ғасырлар тоғысында Қазақстанның ұлттық мәдениетінің дамуына орасан зор үлес қосқан қазақтың көрнекті ақыны, ойшыл және қоғам қайраткері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына арналған. Жұмыстың мақсаты – М.Ж. Көпейұлының фольклор жинаушы, этнограф, жазушы және ағартушы ретіндегі сан қырлы қызметінің сан алуан қырларын жан-жақты талдау. Ойшылдың педагогикалық көзқарастары мен олардың заманауи үндестігін зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ халқының рухани мұрасын сақтау мен байытуда оның педагогикалық ой-пікірлері өзінің өзектілігін жойып қана қоймай, қазіргі Қазақстанда да ерекше өзектілікке ие болғаны баса айтылады.

Abstract

The article is dedicated to the outstanding Kazakh poet, thinker and public figure Mashkhur Zhusup Kopeev, who made a huge contribution to the development of the national culture of Kazakhstan at the turn of the 19th-20th centuries. The purpose of the work is to comprehensively analyze the various facets of M.Zh. Kopeev's multifaceted activities. Kopeev as a collector of folklore, ethnographer, writer and educator. Particular attention is paid to the study of the pedagogical views of the thinker and their modern sound. As a result of the analysis, a conclusion is made about the truly invaluable contribution of M.Zh. Kopeev in preserving and enriching the spiritual heritage of the Kazakh people. It is emphasized that his pedagogical ideas not only have not lost their relevance, but have also acquired particular relevance in modern Kazakhstan.

Библиографиялық тізім

1 Ахметов, З. Машхур Жусип - фольклортанушы [Текст] / З. Ахметов. - Алматы : Жазушы, 1986. - 237 с.

2 Базарбаева, Р. Қазақ поэзиясындағы ағартушылық дәстүрлер [Текст] / Р. Базарбаева. - Алматы : Санат, 2004. - 375 б.

3 Жаркынбекова, Ш. М.Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы [Текст] / Ш. Жаркынбекова. - Алматы : Ғылым, 2005. - 255 б.

РУХАНИ АЗЫҚ

Бүгінгі қозғағалы отырған тақырыбымыз өте өзекті, өнегелі тақырып. Адамның адам болып қалыптасуының алғышарты деп атасақ та болады. Тағдыр, құдай, адам туралы талдаулар жасалып, байлық, дәулет туралы, жарлылықтың себебі жайлы айтылады. Бабалар өнегесі мен ауыз әдебиетінің, халық даналығына сүңгіп, ел мұрасынан сусындауға шақырады. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының халық қазынасы лық толы елге тартқан баға жетпес мұрасымен сусындап ойымыз жеткенінше зерделеп бізде талдау жасауға бек кірістік. Әлем қалай өзгеріп жатыр? Миллиардтаған халықтың бүгінгі халі қалай? ғасырлар бойғы қалыптасқан құндылықтарды қалай дәріптеудеміз? Бар ғаламшарға қалай баға берер едік. «Қазір дүниенің соңынан қуған заман болды ғой». Бұлай баға беру осыдан 100 жыл бұрын да, 1000 жыл бұрын да болған. Алайда, халық саны артып жұмыссыздық қай елді алсаңыз да басты проблемаға айналды. Мемлекеттен жәрдемақы талап еткен азаматтардың өтініші жыл сайын күшейіп келеді. Экологияға да қатты зиян келуде. Егістік алқаптары химиялық тыңайтқыштармен уланды. Өнім арттыру мақсатында әртүрлі салалардағы кәсіпорындар түрлі әрекеттерге баруда. Айналып келгенде, бәрі адам баласына кері әсерін тигізіп жатыр. Осының шешімі қалай? «Ұсақшыл болсаң ұтыласың, кең пейіл болсаң құтыласың» дейді Жәді Шәкенұлы. Халық саны көбейіп, адами құндылықтар азайып бара жатыр. Мұны, халық санының тығыздығы артқан сайын керісінше пейілі де тарылып барады деп түсіндіруге болады. Бұл дегеніңіз азаматтардың қазіргі күніне риза еместігінен хабар береді. Бақытсыздық көрінісі көбейген. Табыс табу, табысты арттыру мақсаты адамзат санасын жаулап алғалы, заманың түлкі болса, тазы болып шалдың өзі болды. Еліміздің ірі мегаполистері тірлік етуден басқа ешқандай мағына қалмаған секілді. Ешкім сенің моральдық ауыздарыңды тыңдап тұруға уақыты жоқ. Таң атса, кеш батып жатқан заманда рух күзетшілері тек қаламгерлер мен қарттарда ғана қалған сыңайлы. Телефон халықтың тілін жұтты. Экранның бәрі ауыздықсыз кеткен сауда мен жарнамадан басқа жақ ашпайтын болды. Мұның шешімі неде? Таңғысын балабақшаға баласын әкеле сала апыл-ғұпыл асығып жұмысына жүгірген ана, жұмыстан кеш келген әке, көше бойынан «чипси» алып, қытырлатып кетіп бара жатқан жасөспірімді көргенде жүрегің қан жылайды. Осы адамзаттың тағдырына неге ғана жанымыз ашымай барады, Бұл қалай? Адамзаттың ұлы

проблемаларын жүйелей келе, осы бір түйіні шешілмейтіндей көрінетін мәселелерге тоқтала келе мен осының шешімін іздеумен болдым. Бір ойдың ұшығын ұстағандай болдым. Бізге тапсырылып отырған осы бір ғылыми жұмыстың да көздеген мақсаты шешімдер табу екені бесенеден белгілі. Аз да болсын өз үлесімді қосқым келеді.

Табысты адам формасы күллі ақыл-есті жаулап алғалы адамзат одан өңгені көрмейтін болды. Адамзаттың проблемасы қазір өзі емес, өзгеге айналды. Басқалар сияқты болу идеясы адамзатты өз-өзінен алыстатты. Біреу билікке жетсем деп, біреу байлыққа жетсем деп, елдің діңкесі құритын болды. Сол сияқты бола алмай, бағы жанбай, ісі өнбей, шаруасы жүрмей, дәулетінің басы құралмай еткен еңбегі далаға кетеді. Ағайын-туыс, дос-жаран, бала-шаға жайына қалып, өз жанымен өзі алысқан әурешілік. Түбі салы суға кетіп бейшара хәл кешіп көштен адасады. Онымен қоймай айналасына уын шашып, өзінің негатив ойларын жұқтырып, жұртты тура жолдан тайдыратыны бар. Адам берекелі еңбек еткісі келсе, берік бір қазық керек екен. Оны осы Абай, Шәкәрім, Мәшһүр сынды алыптарымыз ұқтырды. Ол қандай қазық? Ол рухани қазық. Рухани жолға бет алмай, материалдық әлемнен жол тауып шығып кетемін деу бекер екенін түсіндік. Қанша шебер болсаң да, қанша жүйрік болсаң да, адам болған соң қолың қалт етпей, аяғың бір тасқа сүрінбей тұра алмайсың. Сондайда Бабалар салған даңғыл жол адастырмасын түсінгендей боламыз. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп Абай айтқандай адамзатқа деген махаббат, жерге, елге деген махаббат. Мәшһүр-Жүсіп бабамыз дәріптеген ізгіліктер, рухани құндылықтар қажет. Сенің ішінді махаббат шуағы шарпып тұрса, өмірдің өзі гүлденіп кетеді. Ал, Махаббат отын тұтататын не? Ол өзі өртеніп, өзгеге жылу берген алыптар: Абайлар, Мәшһүрлер, Шәкәрімдер. Осы бір данышпандарымыздың дара жолына түсіп, адаспай адамзаттың ұлы мақсатын орындауға бек болады. Бүгінгі еңбегіміз Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ұлы ойларына арналады. Мен тарих мұғалімі ретінде оқушыларды Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының даналығымен сусындатып, ізгілікке толы өмірін үлгі етіп, тарих сабағымен кіріктіріп оқытып жүрмін. Оқушыларға өлеңдерін жаттатқызып 8 минуттық оқу жобасы кезінде оқытамын. Өмірі мен еңбегі түгелдей елді көгертуге арналған заңғар тұлғалардың ізін өкшелеп біз де келеміз. Біреулер табысын еселеп арттырсам, қыруар ақша қалай тапсам деп күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып жүр. Мәшһүр бабаларымыз күндіз ел аузынан, кітап қойнынан қымбат қазына теріп, аңыз, ертеке теріп, кешке қағазға қондырып, ғұмырын мағыналы, мәнді, мәңгі қылып өткізді емеспе. Бар мұрасын таусылмас, сарқылмас етіп қалдырды. Артына өлмейтін сөзі, көзіндей болып қолжазба, баспа беттерінен жаңғырған еңбектері қалды. Ішіңе бір күш кіріп бар бойыңды билеп алғандай

болады. Сол бабалар білгендей іс қылыпты. Бүкіл халықтың фольклорын зерттеп, зерделеп бізге хатқа түсіріп қалдырмаса, ХХ ғасырдың солақай саясаты қазақ тарихын осы күнде жоқ қылып жібергендей екен. Бір дауылдың болатынын сезгендей, алдын ала мол мұра, асыл қазынаны дер кезінде жасырып, тыққанын айтсаңызшы. Жүсіп пайғамбар да баяғыда ханның түсін жорып, жеті жылдық жұттан елді аман алып қалған деседі. Мәшһүр-Жүсіп бабамыз да бір әулиелік жасап, қазақ деген халықтың әдебиетін хат бетіне сақтап қалған екен. Халықтың күллі жады, тарихы, тәжірибесі, бізге, болашақ ұрпағына аманаттап қалдырған хаты, бәрі-бәрі ауыз әдебиетінде жатыр.

Ауыз әдебиетінің асыл мұралары ерте заманда ірге жайды. Қазіргі заманның қиындығын айтып шаршаймыз, Бұрынғы кезде кәзіргіден қиын заман болды. Сол қиын кезге төзіп, тағдыр тәлкегінен аман-есен өтіп, тарихын тасқа қашап жазып, тәжірибе жинап, ұрпағына тәлім беріп кеткен бабаларымыздың әр біреуі бір-бір тұлға. Оның айғағы олар табиғатпен үйлесіп, мәселені қиынсынбай шеше білген, ынтымақты сақтай білгені болады. Ел аузынан сан мыңдаған мақал қалды. Тоқсан ауыз сөзді тобықтай сөзбен түйе салып, елді тек ізгілікке бастап отырды. Осы бір ұлылықтың ұшығын сезген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 10-15 жасында өлең шығарып, хат жазарлық болған шақта халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналыса бастайды. Қызықты еңбек жас баланы шабыттандырып, ертеңгі, келешек қазақ ұрпағына өзінің жасап жатқан игі ісі аңыз болып барарын іштей сездірген де болар. Ауыз әдебиетін зерттеуде Мәшһүр-Жүсіптің шоқтығы биік, ақын тәжірибелі маман, иманы кемел. Ілеуде бір келіп, бір ұрпақ атқара алмаған істі тындырып, артына өшпес із қалдырып кете баратыны. Біз солардың ізінен өкшелейміз. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларының II томында «Шүкіршілік тағылым» тақырып болады. Сонда бабамыз адам төрт нәрсеге шүкіршілік ету керек деп айтқан екен. Ендеше түгендеп шығайық. 1. Алла тағалаға шүкіршілік етуіміз керек. Яғни, құдай бізге бәрін беріп қойған: жер, жеміс, не керек бәрі жер бетінен іздеген адамға табылады. Тегін табылады. Құдай байлықты берген. Байлықтың иесі алла екенін естен шығармауымыз керек. Алла жомарт. Құдай демек жомарт адамды жақсы көреді. Байлық бөліссең көбейеді дейді Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Яғни, Алланың берген ырзық-несібесін жоқтармен бөлісуіміз керек. Құдай бізге не беруі мүмкін. Біреуге өнер береді. Күміс көмей жезтаңдай қылып. Соны халыққа арнау керек екен. Тағы біреуге ақыл, алғырлық, таным берді. Соны елдің игілікті жолына арнап білім беріп, жақсы жолға жұмсау керек. Енді біреуге дүние берді. Соны мұқтаж жандармен бөлісу керек дейді. Бөліссең байлық көбейеді екен. Бір қолым бергенді екінші қолым көрмеу керек дейді. Ауызбен шүкір етпей, қолмен, іспен жасау керек

деп анық айтып кеткен екен. 2. Екінші шүкіршілік бұл ел басқарып отырған сұлтанға шүкіршілік дейді. Яғни, елдің тыныштығын сақтап, берекесін күзетіп отырған кісіге шүкіршілік қылу керек екен. 3. Ата-анаға шүкір етуіміз керек екен. Яғни, Ата-анамыз барда оған қызмет ету парыз екен. Қазір керісінше ата-аналар балаға қызмет ететін болды. Бұл үлкен қателік. 4. Күндіз Күнге, түнге Айға шүкіршілік қылуымыз керек екен. Таңның атқанын көргеніңе, кештің батқанын көргеніңе шүкіршілік дегені ғой. Алла қосқан жарыңа шүкіршілік ету, Қазақта «Алпыс қанат ақ орданы алпыс еркек толтыра алмайды, алпыс қанат ақ орданы ақ жаулықты әйел толтырады» дейтін сөз бар. Сондықтан жарыңа шүкіршілік ету керек екен. Жаман еркекті жақсы қылатын әйел екен. Әйелі жақсы ердің көңілі тыныш болады дейді. Көңілі тыныш ердің жұмысы елмен болады. Бар уақыты елдің, түздің қамымен болады да, ондай ер халыққа қалаулы, еліне елеулі болады екен. Демек ер адамның ел адамы болу үшін әйелі жақсы болу керек дейді Мәшһүр-Жүсіп атамыз. Оңғарайын деген еркектің әйелін жақсы қылып жолықтырады дейді екен қазақ деп төрт шүкіршілікті айтып кетеді. Міне, кіріспе бөлімінде айтып келген барлық проблемалардың шешімін данышпан осылай шешеді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбектері халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты. Ауыз әдебиеті халықтың тынысынан, тәжірибесінен ақпарат береді. Халық тәрбиесіне, танымына ықпалын тигізіп отыратын әдеби мұраларымыз сараланып алынған, сан ғасырлық сүзгіден сүзіліп өткен, ең бір асыл деген үлгілерді ғана халық қалдырып отырды. Тек пайдалысын ғана сақтап келді. Біздің бай әдебиетіміз сараланып келіп ХІХ ғасырдың үш алыбына жолыққанда тіпті де құлпыра түскендей. Абай да, Мәшһүр-Жүсіп Шәкәрімде ауыз әдебиетіне бейжай қарай алмаған. Оны әр сөзінен, әр әрекетінен байқауға болады. Бала тәрбиесіне келгенде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы халық сырын ашады. Ескі жадтың терең түпкіріне бойлап халық түсінігін қайта жаңғыртады. Мысалы, бала тәрбиесіне арналған, ер міндеті, әйел міндеттеріне ерекше талдаулар жасап халық даналығының қойнау-қойнауына емін-еркін сапар шегеді. Енді сол бір ХІ томның бала тәрбиесіне арналған жерін талдайық. Данұшпанның бізге берген хабарына қарағанда қазақ адамның өсу прогресін жұлдызбен өлшеген екен. Қазақ «Бір сәби дүниеге келгенде бір жұлдыз қоса туады» деп ырымдайды. Сондай-ақ адам баласы өмірге келгенде алты мақұлық қатар келеді дейді. Адамның өсу жолында, физикалық емес, рухани өсу жолында осы алты мақұлық билейді екен. Оның бірі жын деседі. Адамның «Жыным келіп тұр» немесе «жынымды ұстатпашы» дегені содан дейді. Оны адам танығанша ол билейді, адам оны танығаннан кейін адам оны билейді екен. Оның бірі періште екен. Жас бала бір бәледен аман қалғанда айтады ғой «періштесі қақты» деп, сол осы дейді.

Оны да адам танығанда бірігіп, кемелденеді екен. Ал, осыны танымай кеткен адам өмір бойы мақұлық болады. Расымен айналамызға қарасақ адам баласы нешетүрлі әрекетке барып жатады. Дүниенің соңына түскен қаншама адам өзіне бір сәт үңілмей, дүниенің құрты ашөзектен алқымдап адамгершілік дейтін ұлы қасиетті өкінішке орай түсінбей бірінің соңынан бірі кетіп жатады. Мәшһүр-Жүсіптің «Аспан денелері және аспан» деген мақаласында адам дүниеге шыр етіп келген сәтте Айдың тартылыс күшіне түседі екен де, балалардың тез өсетіні сол екен. Ай баланы төрт жасқа дейін бағып-қағады екен. Қазақ айтады «Бесіктегі бала бес түлейді» деп. Міне, Ай баланы өзі секілді тез өсіреді екен. Төрт жастан асқаннан кейін баланы Меркури деген жұлдыз тартады екен. Ол бес жастың шағы. Ғылым-білім деген дүниелерге баланың әуестігі ауады екен. Абайдың да оныншы қарасөзінде бала хақысында айтады ғой: Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Осы жаста баланы бұрын медресеге беріп, білім алуына жол жасаған. Бұл период 12 жасқа дейін созылады екен. Яғни, қазақ баланы 12 жасқа дейін оқытқан да, он үште отау иесі деп жеке үй қылып шығарған. Міне, ғажап! Ал, 12 жастан асқан соң отызға дейін Күннің құшағында болды екен. Яғни, Күн өзі сияқты адамды жұрттың көзіне түсіруге тырысады екен. Сонда Мәшһүр-Жүсіп айтады «Отызға дейін жұрттың көзіне түсіп үлгермеген жаман ештеңеге жарамайды» дейді. Қазақ айтады «Отызда орда бұзбасаң, қырықта қамал алмайсың» деп. Бәрі сәйкес келеді. Халық айтпайды, халық айтса қата айтпайды. Отыздан кейін Мәрік деген жұлдызға байланады екен. Мәрік деген Марс, бұл соғыс жұлдызы. Бұл шақта адамда өткірлік пен өжеттік тұспа-тұс келеді екен. Осы шақта әділет жолында күрескен адам сертіне жетеді. Қырыққа дейін адамды алас ұрғызып, отырған орнынан тұрғызып, ақиқатты іздетеді екен. Данышпанның талдауы бойынша қырықта қамал алу дегеніңіз осы екен. Қырықтан кейін алпысқа дейін адамды Міштірі, яғни, Юпитер жұлдызы тартады екен. Бұл дәулеттің, байлықтың жұлдызы екен. Кезінде хандар, сұлтандар осы бір шақта таққа отырған. Міне, халық даналығына қалай сүңгісең солай байып шығасың. Осы бір мол мұрадан неге үнемі

сусындап тұрмасқа. Ұлттық құндылығымыздан алыстап кетпеуіміз керек. Ғасырлар бойы жалғасқан Бабалар мұрасын, киелі аманатын тәрбиеленіп жатқан жастарға жеткізіп сіңіре алмасақ бүгінгі буын бізге сын. Мәшһүр-Жүсіп кемелденген адам болу үшін үш нәрсеге жағу керек дейді. Бірінші; Аллаға ғибадат ету керек дейді. Ғибадатының қызығын көресің Екінші; бала Ата-анаға қызмет ету керек екен. Ата-анаға қызмет етсең бай боласың дейді. Төрт түлігің сай боласың дейді. Үшінші; ұстазға қызмет ету керек екен. Қазақтың «Алты алаштың басы қосылса, төр- ұстаздікі» дегені осы. Неге десеніз, ұстазына құрмет көрсетпеген бала, ержеткенде өзінің оқыған ғылым-білімінің, үйренген өнерінің қызығын, пайдасын көре алмайды екен.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бақытты өмір сүрудің ұлы жолы әуелі ұлттық құндылықтарымызға баса назар аудару, Ата-анаға қызмет ету, ұстазды Құрметтеу, жастардың санасына рухани шуақ шашуды тоқтатпау, отбасындағы татулық пен бақытты дәріптеу. Бала тәрбиесі — ұлт тағдырына деген жауапкершілік. Біз, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларынан ғасырлар бойы жүйеленген, халық қадірлеген, қаттап сақтап, келешек ұрпаққа жаттап жеткізіп отырған жауһар дүниелерін қайта тапқандай болдық. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, келешегі жарқын болуы үшін жастар білімді, алғыр болуымыз керек. Сонда Алаштың іргесі мықты, керегесі кең болмақ. Отан үшін қызымет ету ұлы парызымыз деп түсіну керекпіз. Ұлылардың ұлағатын ұға білейік!

Аннотация

Кәзіргі аласапыран заманда Елдің ұлттың болашағын сақтау ең бірінші мәселе. Ұрпақтар жарқын өмір сүру үшін Ата-бабамыздың өсиетін тыңдап солардан қалған асыл мұраларды сақтап, ғасырлар бойғы жалғасқан құндылықтарымызды сабақтастыру ең басты іс деп есептеймін. Бұл мақаламда Ерекше тұлғаларымыздың бірі бірегейі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жеткізген құнды дүниелерін ұрпаққа жеткізіп жалғастыруды мақсат еттім. Ұлы тұлғалардың салған сара жолымен жүрудің қаншалықты маңызды екенін түсіндіруге тырыстым. Рухани азықты ұрпақ бойына толық сіңіру, жарқын болашақтың айқын кепілі.

Preservation of the future of the country, the nation is the first issue in the world. I believe that the most important thing is to preserve the precious heritage of our ancestors and to preserve our centuries-old values so that generations can live brightly. In this article, I aimed to continue to convey to the generation the valuable things that one of our special personalities, Mashkhur-Zhusup Kopeyuly, has delivered. I tried to explain how important it is to follow the path of great people.

Сохранение будущего страны, нации – это первый вопрос в мире. Я считаю, что самое главное – это сохранить драгоценное наследие наших предков, сохранить наши многовековые ценности, чтобы поколения могли жить ярко. В этой статье я стремился и дальше донести до поколения то ценное, что подарила одна из наших особенных личностей – Машхур Жусуп Копеюлы. Я постарался объяснить, как важно идти по пути великих людей.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларының XI томы.
2. Лосев А.Ф.Философия. Мифология.
3. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы лексика.
4. Павлодар, «Кереку», 2008 – 1164

Алгамбарова Ботагоз Ермаковна
Екібастұз қаласы
Абай Құнанбаев атындағы
№2 жалпы орта білім мектеп
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
педагог-зерттеуші

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Әр пәннің өзіндік ерекшелігі, тілі бар. Әр пән өз өрнегімен сөйлейді. Әдебиет пәні – өнер пәні, жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні. Ең бастысы, әдебиет басқа пәндерден ерекшеленеді, өйткені онда ешқандай дәлелденген құқықтық жүйе, формулалар, элементтер, өзгермейтін ережелер жоқ. Әрбір әдебиет сабағын адам бойындағы мөлдір сезімдер мен адами қасиеттер, жоғары армандар, әдемі сенім, сұлулыққа деген ұмтылыс және ізгілік туралы әңгімелесу сабағы деп атауға болады. Осы пәннің арқасында оқушылардың рухани әлемі байытылады, ана тіліне деген сүйіспеншіліктен адамзатқа деген құрметке дейінгі сезімдер қалыптасады. Жасөспірімдердің алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады. Әдебиеттегі басты мақсат – сөз өнерінің қыр-сырын түсіндіру, халық даналығы арқылы ұлттық құндылыққа тәрбиелеу.

Жаһанданған заманда өскелең ұрпақтың тәрбиесі маңызды орын алып отыр, сондықтан жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеуде өз үлесін қосу – әр ұстаздың адами парызы. Осы адами құндылықтарды әр сабақта көркем шығармалардың өн бойынан таныта отырып, шәкірттерімізді сусындата аламыз. Ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген.

6-сыныпта «Өлкетану» бағдарламасы бойынша әдебиет сабағына әр тоқсан соңында сағаттар берілген. Осы сабақтарда өз еліміздің тумасы, ақын, шежіреші, тарихшы, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларын оқытуды жөн көрдім.

Ұлтымыздың дана перзенттерінің бірі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Осынау ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, ойшыл, рухани қайраткер Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының бітім-болмысы, шығармашылық мұрасы зерделеніп біткен жоқ. Барлық өмірін болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыруды мақсат еткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырады. Сондықтан оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай асыл перзентінің ұлағатты

өмір жолы мен ерең еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау кейінгі ұрпақтың міндеті.

Ақынның мол мұрасынан оқушының жас ерекшелігіне сай өлеңдері таңдалып алынды. Әр сабақта Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірбаянымен таныстыра отырып, жас ұрпақтың бойына ұлы тұлғаларға деген құрметті дарытудамын.

Мәшһүр жырлары оқушысын еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат. Ақын ойлары заңғар. Ол ауыл үйдің әңгімесін айтып отырған жоқ, адамға, қоғам өміріне қатысты мәселені толғайды, ұлттық құндылық арқылы тәрбиелейді. Сол заманда оқу іздеп, өнер қуып жүрген жастарды кездестіре алмаған ақын халыққа қарап:

«Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басына келген жоқ па талай қорлық, - дейді. Оқу іздеуге, білім алуға насихаттайтын өлеңдерін жинақтадық. Ең алдымен, «Өнерпаз» деген тағылымдық сипаттағы шығармасымен таныстық. Әр топқа өлең шумақтары бөлініп беріліп, оқушылар автордың астарлы ойын айқындады.

1-тапсырма. Берілген үзінді негізінде көркем шығарма идеясын анықтап, үзіндіде берілген ойға өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Шығармадан үзінді	Шығарма идеясы	Өз пікірім
<p>Өнерпаз қара жерге салар қайық, Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып. Әр жердің тамашасын көзбен көріп, Жастықта сайран етер болып ғайып.</p> <p>Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы, Аяғың бір күн қылдан кетер тайып! Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ, Отырып қалмай үйде қыңырайып.</p>	<p>Жастықпен сайран құрмай, жаһанан тағлым алып, өнер алып, білім жолына түсуге насихаттайды.</p>	<p>Менің ойымша, ақын көтерген мәселе әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Себебі, құр жүрмей, әлем танып, білім алу керек, өз-өзінді дамыту керексің деп ойдаймын.</p>
<p>Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ Бір әріп сөз үйренсең, кітап жайып. Тамшыдан тама берсе, дария болар, Кетпей ме ақырында бір молайып?!</p> <p>Қылжақтап екі ауылдың арасында Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!</p> <p>Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы, Тамаша болдың жігіт таңғажайып. ..</p>		

<p>Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық, Жоламас кем-кетіктік оған айып. Бұларды айту – бізден, ұстау – сізден, Ыңғайлы, үлгі аларлық тұрсаң лайық. Көзіңе көрінгеннен ғибрат алсаң, Ғаламға болдың өзің Еділ-Жайық. Дариядан көз жеткісіз өткізетін Боласың өзің кеме, өзің қайық. Қызға айтып келіндерге байқатамыз, Түс ашып, сол солай деп не қылайық?! [4, 97–98 бб]</p>		
---	--	--

Ақынның қай шығармасын алып оқысаң да, ұлттық құндылыққа тап боласың. Адам бойындағы ізгі қасиеттерді ақылмен жеткізе білген. «Өнерпаз» өлеңі арқылы ақын білім, ғылым, өнер рухани құндылықтың бастау алар тамыры екенін насихаттайды.

«Бес қымбат» өлеңінде адамға қатысты құндылықтар иерархиясын, яғни сатылы тізбегін сипаттап береді. Иманы бар адамның бойында ақылы мен білімі толық дей келе, сабырлық, шүкірлік деген құндылықтарды бойына сіңіру керектігін жеткізеді.

«Ең әуел керек нәрсе – иман» – деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!
«Құдай кешірет!» – дегенмен, іс бітпейді,
«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген.
«Екінші керек нәрсе – ғақыл» – деген.
«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар, Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.
«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр» – деген,
«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.
«Әр істе сабырсыздық тәубе – зорлық,
«Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.
«Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір» – деген,
«Нығыметке шүкірсіздік – күпір» – деген.
Жатқан жерден: «Құдай кешірет!» – деген – қорлық,
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір» – деген.
«Бесінші қымбат нәрсе – әдеп» – деген,
Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.
«Кәпірлік – әдептіде тұрмағандай,
Әдеп деген махаббатқа себеп!» – деген [3, 107–108 бб.]

Тапсырма: өлеңдегі құндылықтар класстерін құрастырыңыздар.



Ақын «Бес қымбат» өлеңде маңызды деген құндылықтар жүйесінде адамзаттың саналы, парасатты өмір сүре алатынын, осы құндылықты бойына сіңірген жанның бұл фәниде бақытты болатынына ғұлама күмәнданбайды. Әрине, бақытқа жету жолында жыр жолдарындағы дүниетанымдық бағдарлардың ішінен маңыздыларын өзектендірмей, рухани даму жолында біршама күш салмай нәтижелі іс болмайтына да меңзейді. Дегенмен, адамның дүниеге үйлесімді көзқарасы иманнан басталатынын анық жеткізеді. Одан кейінгі орындарға – ақылды, сабырды, шүкіршілікті, әдепті қояды. Осылардың барлығын біріктіретін құдіретті – махаббат деп атайды. Міне, осы өлеңді талдау сабағында оқушы бойына да қазіргі таңда «ақыл, сабыр, шүкіршілік, әдеп» құндылықтарын дарыта отыра, айналасына, жалпы өмірге деген махаббатын оята алдым деген ойдамын.

«Қанағат туралы жұмбақ» өлеңін оқытуда алдымен шығарма құрылысына талдау жасалды. Өлеңнің тәрбиелік мәні зо екенін ұғындырудан бастадым.

Оқиғаның басталуы:	Бір патша көп қосынды жауға айдады, Үш жерден ортасына ту байлады. "Алып жүр, түзу бастап, оң жолға!"- деп, Біреуін ортасынан хан сайлады.
Оқиғаның дамуы:	Күн ыстық, әуе айналып жерге түскен, Таңсық боп бір жұтым су көкей кескен. "Армансыз болар едім, - деп шуласып, - Бір ұрттам мөлдір тұнық судан ішсем!
Оқиғаның байланысы:	Сонда ханы нөкерге жарлық шашты: - Бара сала қоймандар суға басты! Сол судан ішкендерің бізге ере алмай, Қаларсың жер бауырлап, құшып тасты.
Оқиғаның шиеленісі:	Ертіс пен Сыр суындай дария тап боп, Болар ма: "Ішпеймін!"- деп, мұнан қашқан. Бет қойып келе жатыр суға қарай,
Оқиғаның шарықтау шегі:	Сүңгіп барып, ішемін дегендері Су түбіне көрінбей кетіп жатыр. Ішкендердің еріні қап-қара боп, Аузы-басы көнтііп, көп жара боп, Сіңбіруге келмейді мұршалары. Аласұрып қана алмай, жүзқара боп. Қанша ішкенмен, сусыны қанбас болды, Судан басын көтеріп алмас болды.

	Зорланды, ыдыстарын толтыра алмай, Ұзап судан ешқайда бармас болды.
Оқиғаның шешімі:	Ішпегендер тып-тыныш жүр, сау-сәлемет, Ұрттасыпты қолымен бір-бір алып. Сусындарын қандырып бір алғаны, Мейірлерін қандырып шын нанғаны. Ыдыстарын толтырып молайтыпты, Қанғанынан артылып ол қалғаны. Қолмен алып ұрттаған хан болыпты, Білгендерге бұл сөзім таң болыпты.[1]

Тапсырма: өлеңнің түйіні бойынша астарлы ойды талдап эссе жазыңыздар. Есті адам - қанағатты. Қанағатты адам тиянақты. Тиянақты адам көнтерлі. Көнтерлі адам қайғысыз. Қайғысыз адам бақытты. Ендеше есті адам бақытты болады.

Ақынның «Қанағат туралы жұмбақ» өлеңі арқылы әр нәрседе қанағатшыл болға адам ғана мақсатына жете алады деген идеяны ұғына алды. Бақытты өмірдің бастауы қанағат пен төзімде деп айта келе, ұлтқа тән құндылықты дөп басып жеткізеді.

«Өлкетану» бағдарламасы аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының біршама шығармаларын оқып, талдадық. «Гүлшат-Шеризат», «Желкілдек» дастандарын, «Фибратнама», «Шайтанның саудасы» өлеңдерін оқыту барысында ең басты мақсат – шығарма бойындағы ұлттық құндылықтар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу.

Қай уақыт, қай кезең болса да, ұлттық құндылығымызды сақтамайынша, келешегіміздің жарқын болуы күмәнді жайт. Бүгінгі таңда ұрпағымыздың білімді, саналы, ізетті, әлемдік білім кеңістігіне еркін ене алатын, туған жерінің қадір-қасиетін жұдырықтай жүрегімен ұғына алатын, ұлттық мәдениеті мен әдебиетін бойына сіңірген, ойы таза, мақсаты айқын, ел игілігі үшін қызмет ететін ұлтжанды, ата дәстүрді сақтайтын рухани бай ұрпақты көргіміз келеді. Осындай ізгілік жолындағы бағытымыздың басты арнасы – Мәшһүр Жүсіп мұраларында екені айдан анық. Ақынның құндылыққа толы мол мұрасы – Ұлы даланың асыл қазынасы десек артық айтпағандығымыз. Ақынның шығармаларының әр тармағы, әр жолы, әр сөзі фибратты, тәлімі мол құнды дүние екенін біле тұра, бүгінгі «жойқын ақпараттың ағымында жүрген» жас ұрпақтың ұлттық рухани санасын ояту, тарихи жадымызды жандандыру, ұлттық құндылығымызды дарыту басты бағытымыздың бірі.

Библиографиялық тізім

1. Орталық ғылыми кітапхана. «Сөз өнерінің зергері», Алматы, 2008ж;
2. С.Нұрматов, Б.Сатершинов, А.Шағырбаев «Мәшһүр Жүсіп Көпеев», Алматы, 2013ж;
3. Мәшһүр Жүсіп. «Шығармалар жинағы» 1-том, - Павлодар: 2013ж;
4. Мәшһүр Жүсіп. «Шығармалар жинағы» 2-том, - Павлодар: 2013ж;

Алиева Дидарай Бугибаевна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
№89 мектеп-лицейі ШЖҚ МКК
Педагог-сарапшы
Педагогикалық ғылымдар магистрі

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

Мәшһүр Жүсіп жаңа мен ескі заман әдебиетінің алтын көпірі секілді. Мәшһүр шығармашылығына қазақ әдебиетінің алыптары аса зор мән берілген. Біз бүгін баяндамамызға арқау етіп отырған әулие Мәшһүр Жүсіптің Абай ақынмен замандастығы, идеяластығы жайлы да біраз жазылды. Біз де қос алыптың ой үндестігі мен әулиелігі жайындағы әңгімелерге өз бетімізше шолу жасадық.

Абай мен Мәшһүр Жүсіп кездескен бе?

Қос алыптың кездескендері жайлы әлеуметтік желілерде, түрлі жинақтарда, газет-журналдар мен сайттарда әңгімелер бар. «Кім де кім шынайы ақын болса, соңына өшпестей аңыз қалдырсын» деген екен бір данышпан... Қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлы мен оның замандасы, ұлы философ, ақын, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының таныстығы мен кездесуі жайлы екі түрлі пікір бар екенін байқадық. Кейбірі «олардың рухани байланысы болған» десе, енді бір тобы «кездесуінің нақты дерегі жоқ» дегенді алға тартады.

Абай 1845 жылы қазіргі ШҚО-ның Жидебай ауылында туса, Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Екеуінің жас аралығы 13 жыл ғана болса да, олардың кездесуі жайлы бүгінде, тек аңыз-әңгімелер ғана бар.

Мәшһүртанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Айтмұхамет Тұрышев екі ойшыл кездескен деп тұжырымдайды: «Абай мен Шоқан, Мәшһүр мен Шәкәрім кездесті ме?» дейміз. Бірақ, ол заманда бейнетаспа жоқ болғанымен, рухани байланыс деген болған. Ол кезде бір-бірімен байланыс жасамау мүмкін емес. Мысалы, Құнанбайдың Алшынбаймен, Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыспен байланыс жасауы. Шоң мен Байдалы би, Шоң мен Ақтайлақ би, Құнанбай мен Балта, Құнанбай мен Алшынбай тағы басқа шешендік сөздерде қағысып, сөз айтысқан. Демек, олар да кездесіп, кейбір елдік мәселелерде ақылдасып отырған», – дейді ол. Сондай-ақ, ғалымның пайымдауынша, бір дәуірде өмір сүрген екі алыптың кездеспеуі мүмкін емес. Өйткені, сол дәуірдің беткеұстарлары бір-бірімен байланыс жасап отырған.

«Мәшһүр Жүсіптің Абаймен кездескені туралы Рамазан Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» романында да жазады. Онда: «Мәшһүр Жүсіп Абайдың ұлы Әбдірахман қайтыс болғанда көңіл айтуға барады. Сонда Абай: «Мәшһүр досым, «Құдай қайда?» дейді. Сонда Мәшһүр жүрегін көрсетіп, «Жүректе»

депті. «Рас, Мәшһүр екенсің. Онда менің оң жағыма кел» деп, оны оң жағына отырғызыпты.

Одан кейін Мәшһүрге: «Ай мен күннің арасына жел кірсе не тұтылады?» депті. Мәшһүр: «Ай тұтылады» депті. Ал, «Күн мен жердің арасына ай кірсе не тұтылады?» десе, «Күн тұтылады» депті. Ал, енді, «Мәшһүр Жүсіп екеуміздің арамызға сөз кірсе не тұтылады?» дегенде, «Жүрек тұтылады» деген екен», – дейді ғалым жазушының кітабынан үзінді келтіріп. Дәл осыған ұқсас оқиға жазушы, әдебиет зерттеушісі Ақселеу Сейдімбектің ел аузынан жинаған әңгімелерінде де кездеседі. «Бірде, тобықты еліне жолы түскен Мәшһүр Жүсіп арнайы сәлем беру үшін Абай ақынның үйіне келеді. Табалдырық аттап үйге кіре бергенде Абай тосын сауал қойып: «Ақылдының өзінен бұрын айтқаны жетеді деген. Атың құлағымды сарсылтып еді, шынымен Мәшһүр болсаң айтшы кәне: Құдай қайда? Жұмақ пен тозақ қайда?!» – депті. Сонда Мәшһүр Жүсіп кідірместен:

– Абайдың құдайының қайда екенін білмедім. Менің құдайым жүрегімде. Ал, жұмақ пен тозақ әркімнің өз үйінде, қатының ақылды болса – жұмақ, ақымақ болса – тозақ! – деген екен.

Абай есті сөзді естігеніне риза болған шыраймен:

– Мәшһүр десе дегендей екенсің! – деп, қолын алып, төрін ұсыныпты.

Ел арасында Мәшһүр Жүсіптің Абайды сынауы туралы да аңыздар бар. Онда Құнанбай өмірден өткенде үлкен қылып, ас бермеген Абайды сынап, мақала, яки, хат жазса керек. Сонда Абай асқан даналықпен жауап беріпті. Әкеме көп мал шығындап берген үлкен астан пайда жоқ, оған барары оқылған Құран барады. Ал, асқа кететін малды кедей-кепшікке таратып беремін депті. Сонысын орындапты да. Осыдан кейін Мәшһүр Абайдың дін ілімін дұрыс әрі терең меңгергеніне тәнті болып, жақын дос болған деседі...

Ал, Абайтанушы Тұрсын Жұртбай: «Мәшһүр Жүсіптің Абайға өлеңмен жолдаған хаты бар. Олардың характері басқа. Ақселеу Сейдімбектің ел аузынан жинағандары қоспа сөз шығар. Бірақ ғылымда нақты дерек жоқ», – деп жауап берген екен журналистердің сұрағына.

Ал, осы әңгімелердің тағы бір нұсқасын тарихшы Жолымбет Мәкіш өзінің фейсбук парақшасында жариялаған екен. Мәтініне қарап отырып, оқиғаның ұқсастығын байқадық. «Абай атамызға Мәшһүр Жүсіп атамыз сәлем бере келсе керек. Сонда Абай «Мәшһүр деген атыңды естіп едім, сұрақ қояйын, сұрағыма жауап бер» депті. «Иә, қойыңыз», «Онда Алла қайда, шайтан қайда» депті Абай атамыз. «Алла менің жүрегімде, шайтан сіздің тіліңізде» деген екен сонда Мәшһүр Жүсіп атамыз іркілместен. Абай қатты риза болып, жеке үй тіктіріп, құда күткендей күтіп, сыйлап жіберіпті.

Кейін үйіндегілердің «бір ауыз сөзіне бола мына жігітке осыншама құрмет көрсеттіңіз, оның не сыры бар?» дегеніне Абай атамыз «Сендер түсінбеген шығарсындар, мына жігіт шынымен Мәшһүр деген атқа лайық екен, Алла жүрегімде дегені расымен адам Алланы жүрегімен таниды, ал, Алла қайда деген сұрақты тілге шайтан салады» деген екен... Осыларды оқып отырып,

шынымен де қос алыптың кездескеніне сенгің келеді. Көз алдыңа елестейді бәрі.

Абай мен Мәшһүр Жүсіптің ой үндестігі

Әдебиеттегі қос ақынның туындыларын қарап отырып, ой үндестігін байқаймыз. Олардың кешегі мен бүгінгіні және болашақты болжаудағы ойларының ұқсас жерлерін өлеңдерінен де көреміз.

Жастық шақ туралы екі алыптың жырларына үңілсек:

Абай:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп,
Жұмысың жабдықталсын ерте бітіп.
Қолыңа қармағанмен түк түспейді,
Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп.

Әділетті сүйеге үндейтін ойларына тоқталайық:

Абай:

Патша-құдай сыйындым,
Тура баста өзіңе.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Дүниемен болып жүрмін мен екіұдай,
Әурелік балалығым бұрынғыдай.
Қараумен өз бойыма күнімді өткіз,
Басқаға көз салдырма Патша-құдай, – дейді.

Ақындар ішкі жалғыздық жайлы да ұқсас күрсінеді:

Абай:

Моласындай бақсының,
Жалғыз қалдым, тап шыным.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Хақылықта, туралықта тұрамын деп,
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай.

Қос шайырдың өлеңдеріндегі ой үндестігі бір дәуірде өмір сүргендігінен болар. Оның үстіне екеуі де медреседе білім алып, діни сауатты болғанын білеміз.

Абай мен Мәшһүр Жүсіптің ұстазы

Жалпы, Абай мен Мәшһүр Жүсіпті оқытқан Камараддин Бижомартұлы туралы да жазылып жүр. Ол қазақ топырағында өмір сүрген оқымысты, діндар, тақуа жандардың бірі. Алаштанушы ғалым Мақсат Тәжімұраттың жазуынша, оның шын аты – Айжарық екен. Туған жері – Бөкей ордасы. «Камараддин», яғни «Діннің айы» деген ат бұл кісіге Бұқар медресесінде оқып жүргенде, білімге деген құштарлығы мен тақуалығы үшін берілгені жайында айтыпты («Астана» журналы, №2 (51), 2010).

Айжарық Бижомартұлы 1807 жылы туып, 1889 жылы 81 жасында Баянауылда дүниеден өткен. Жас кезінде 18 жыл Бұқара қаласында діни ілім үйренген. Құран һәм хадис ілімі бойынша жоғары дәрежеге жетіп, Ислам ғұламаларының ғажайып еңбектерін оқып, бойына сіңірген.

Бұқарадан оралып, 1849 жылы Орынбордағы мұсылман діни мекемесінде шарифатты тереңдете бойына сіңіріпті. 1852 жылы Семей медресесіне ауысып, 1855-1858 жылдары сонда білім алып жүрген жас шәкірт Абай Құнанбайұлын оқытқан.

Филология ғылымдарының докторы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай 2008 жылы «Айқын» газетіне берген сұхбатында: «Құнанбай қажы баласы Абайды Семей қаласында орналасқан медресеге оқуға берген. Үш айдан кейін: «Мына бір жас молданың оқуы күшті екен», – деп Камалатдин (Камараддин) молдаға ауыстырған» – дейді.

«Егемен Қазақстан» газетіне шыққан Бекен Қайратұлының мақаласында: «Камараддин хазірет – мұсылман әлемінің ойшылы жәдидшіл-реформатор тұлға Шаһабуддин Маржанидің шәкірті. Шаһабуддин Баһауиддинұлы түркі, араб, парсы, орыс тілдерін еркін меңгеріп, сол тілдерде ғылыми еңбек жазған. Мұсылман елдеріне ұзақ уақыт сапар шегіп, әлемге әйгілі «Өткен бабалар өмірінен» («Уафиат әл-асләф») деген әйгілі жеті томдық еңбекті араб тілінде жарыққа шығарған. Осы жеті томдық Абайдың жата-жастана оқитын кітабы болғаны жайлы деректі ғалым Тұрсын Жұртбай келтіреді», – дейді. Демек, осы кітап Абайдың мұсылмандық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен болуы мүмкін.

Осы орайда заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Егер Шаһабуддин Маржанидің жәдидтік бағдарламасы мен есепті ақылға құрылған пікірін ұстанбаса Абай еуропалық ғылым мұхитының жағасына жете алмас еді» деген ой тұжырымын да айта кеткен жөн.

Ал, оның шәкірті Камараддин хазірет болса, одан кейін бұл кісіден Абай білім алса, қазақ руханиятының сабақтастығы осылай түзілген деуге негіз бар.

Камараддин хазірет 1867 жылы, 59 жасында Кереку өңірінің шонжары Мұса Шормановтың ықпал етуімен Баянауылға келіп, Білән ауылы мешітінде бала оқытуды қолға алған. Оның алғашқы үш шәкіртінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болыпты.

Мәшекең өз қолымен жазған өмірбаян хатында: «...Алты жасымда кітап оқып, сегіз жасымда Баянауылда Камараддин ахунның алдында сырып ой бастап, тоғыз жасымда ғылым хатқа, мұхтасар әл-уиқаяға шарх қылып, он жасымда шайырлық арқылы танылдым. 29 жасымда Бұқари шарифке барып, мырза Ұлықбекке мүдәріс болдым» дейді («Қазақ шежіресі», 7-нұсқа).

Сондай-ақ Мәшекеңнің «Дуаның пайдасы» дейтін шағын жазбасы бар. Сонда Әкімбек деген жомарт адам Баянауылдағы Камар (Камарадин) хазіретке 10 ат берді. «Бесеуін өз қолыммен алдым», – деп жазған екен.

Өмірінің соңғы жылдарын Баянауыл өңірінде өткізген Камараддин хазірет Мәшһүр Жүсіпті оқытып қана қоймай, осы өлкеге рухани танымның нәрін сепкен екен...

Сонымен қатар, Абай жата-жастана оқыған Камарадиннің ұстазы Шаһабуддин Маржанидің әйгілі жеті томдық еңбегін Мәшекең де оқыған болуы ықтимал. Өйткені, «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дейді қазақ. Екі алыптың ой үндестігінің де құпиясы осы жеті томдық іргелі еңбекті оқуынан болар, мүмкін. Демек, Абай мен Мәшһүр Жүсіптің рухани жақындығы олардың негізінде жатыр.

Сөз соңында айтарым, Абай мен Мәшһүр Жүсіп екеуі де өте терең білім иелері. Заманынан озып туған алыптар. Дүнианың шексіз ілімін бойларына сіңірген кең жүректі ғұламалар. Біз қазақ өлеңінің екі алыбының тұңғыық ілімінен сусындап, жауһар туындыларын бойымызға сіңіруіміз шарт.

Библиографиялық тізім

1. «Астана» журналы, №2 (51), 2010ж.
2. Айтмұхамет Тұрышев Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері [Мәтін] : Абай, Шәкәрім шығармаларымен үндестік, желілестік, сабақтастық / А. Тұрышев // Павлодар МУ хабаршысы. Филологиялық серия = Вестник Павлодарского ГУ. Серия филологическая.- 2005. - № 3.- Б. 160- 179.
3. «Егемен Қазақстан» газеті, Бекен Қайратұлының «Жүсіп ата жазбасы» мақаласы, 16 қазан, 2023 жыл
4. Рамазан Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» романы, Алматы қ., 1999 ж., 752 бет
5. Тұрсын Жұртбай: «Мәшһүр Жүсіптің Абайға өлеңмен жолдаған хаты»
6. Мақсат Тәжімұрат «Астана» журналы, №2 (51), 2010 ж.

Аманкүлова Маржан Әбдікәрімқызы
Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
География пәні мұғалімі
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, сол мемлекеттің азаматтары. Өзінің берік те мызғымас болашағын ойлайтын мемлекет ұрпақтар тәрбиесін негізгі міндеттер қатарына қояды. Осыдан әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән берсе, мектеп те өз кезегінде білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы болуы қажет.

Өркениетке бой түзеу экономикалық, саяси және ұлттық дербестікті айқындап, ұлттық таным-түсінік, дін және мәдениеттің ұлтқа тән табиғилығы мен жалпыадамзаттық құндылығын саралап алуды талап етеді: Өткенін білмейтін халықтың ертеңі бұлыңғыр. ХХІ ғасырда бұл проблеманың философия, экономика, саясаттану, психология, әлеуметтану және т.б. бағыттарда кеңінен зерттелуінің өзектілігін айқындай түсуде.

Елдің рухани-психологиялық, мәдени бірлігі мен жалпылығы, адамзат дамуының тұтастығы әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Х.Дулати, М.Қашқари, А.Яссауи шығармаларында өз бастауын алған болса, осы мәселелер Г.Гегельдің, И.Канттың, И.Фихтенің, Д.Юмның еңбектерінде көрініс тауып, жарыққа шыққан [1, 2, 3, 4]. Яғни, ғасырлар желісінде қалыптасқан адамзаттың ақыл-ой қорытындылары жинақталып, өмір сабақтарын құрайды.

Еліміздің егемендік алу жылдарынан бастап халықтың тарихи жадынан ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылық, тәрбие мәселелері Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, «Елім-ай», «Кәусар бұлақ» және т.б. бағдарламалардың мазмұнына арқау болды [5, 6, 7, 8]. Мәселен, этникалық-мәдени білім ана тілі мен төл мәдениетті әлемдік мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы тұлғаның этникалық-мәдени сәйкестілігін сақтауға бағытталған білім болса, «Кәусар бұлақ», «Елім-ай» бағдарламалары мектеп оқушыларын халықтық педагогика негізінде тәрбиелеуді, өнер түрлеріне қатысты іс-әрекеттерге тартуды мақсат етті.

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі 2023 жылы ұсынған Біртұтас тәрбие бағдарламасының да мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу [9]. Демек, ұлттық құндылықтарды дамытып, оны ұлттық дәстүр ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, тіліміз бен ділімізді олардың санасына сіңіре алсақ, ұлттық руханият арқылы ұрпақ тәрбиесі жетіледі. Руханият – адамзаттың негізгі

бастауларының бірі. Адам әдебиет пен өнер туындылары, түрлі уағыздар мен мінажаттар арқылы өмір тағылымдарын танып, руханиятқа қол жеткізеді. Бұл шындық, әділеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, сұлулық идеялары мен рухани-адамгершілік ұстанымдарын қабалдау мен пайымдауға әкеледі. Қазір отандық бұқаралық ақпарат құралдарында, түрлі әдебиеттерде «руханият» атауы орынды қолданыла бастады деп есептейміз. Біле білсек, бұл – дәстүрге адалдық, тарихқа құрмет. Ұлттық руханият – ұлттық құндылықтар жүйесі деп түйіндеуге болады[10].

Ұлттық жадымызды зерделеп, қайта оралған кезеңдерде ақылгөй даналардан қалған мол мұра, баға жетпес байлық көздері ерекшеленіп, қайта жаңғыртып қолдана беруді сұранып тұрады. Осындай екі ғасыр жүгін бірдей көтерген ақыл-ой иесі, білім көзі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармалары.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ақын, энциклопедист-ғалым, тарихшы, фольклорист, публицист, сыншы, шежіреші, ғұлама, қазақ халқының біртуар азаматы. Энциклопедист-ғалымның фольклор шығармаларының өзі бүгінде халқымыз үшін, ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі, саналы тұлға болып қалыптасудың негізі деуге тұрарлық.

Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Ақын жастайынан шығыс әлемінің білімімен сусындап, араб және парсы тілдерін жетік біліп, бақа да шет тілдерді меңгерген. Өзі өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін инап бастырумен де айналысты. Шежіре мен айтыс, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Ғұламаның басты мақсаты әрі өмірінің негізіне айналған ой – қазақ халқын сауаттандыру болды[11].

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясы –адамға көрсетілген сенім мен құрметке толы. Қандай ой-пікірді дамытса да, исламдық мәдени контекстен еш ауытқымайды. Тек ақиқаттан ауытқып, догма мен қасаңдықтың, білімсіздік пен надандықтың шаңына көмілген ұғымдарды өзінің алмастай өткір тілімен тазартады. Тазарта отырып, шын білімнің лайланбаған кәусарына қарай бізді жетелейді» [12].

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тақырыптарының басты нысанасы – дін, ал ақын сол дін тақырыптарын жеңіл, түсінікті, өз еліне қолайлы поэзия тілімен мүмкіндігінше жеткізуге тырысқан. «Жетпіс бапта» топтастырылған шығармалардың бәрін біріктіретін ортақ идея бар. Ол аз күндік пайдаға малданбау, әділдік, адалдық көзін іздеу, ақиқатқа, Аллаға, имандылыққа барар жолға түсу, ізгілік, қайырымдылықты насихаттау, т.б. [13].

Ғұлама ойшыл шығармаларындағы ғылыми-жаратылыстық, діни және саяси-әлеуметтік көзқарастарымен танысып, оларды зерделеу Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық көзқарастары мен идеяларын нақтылап алуға себеп болды:

- барлық тіршілік атаулының бірлігі және өзара байланыста болуы;

- бала тәрбиесін ұлтқа және адамзатқа тән Руханият, Махаббат, Еркіндік, Жауапкершілік, Ар-ұят және өзін-өзі жетілдіру сынды құндылықтарға бағдарлау;

- мейірімділік пен қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті ояту үшін оның өзін осы әлемнің бөлшегі ретінде қабылдай білу түсініктерінің қалыптасуына жағдай жасау;

- зұлымдыққа зорлық-зомбылықпен қарсы тұрмау, өзара бірігу мен қолдау көрсетуді кісілік, өмірдің мәні деп ұғындыру.

Бұл идеялардың мазмұны ғұламаның шығармаларымен дәлелденеді.

Барлық тіршілік атаулының бірлігі және өзара байланыста болуын адамның өмір жасына қатысты даму өзгерістерімен байланыстыра отырып, оның 18 мың ғаламмен бірге даму сабақтастығын ұштастырады.

Бала тәрбиесін ұлтқа және адамзатқа тән Руханият, Махаббат, Еркіндік, Жауапкершілік, Ар-ұят және өзін-өзі жетілдіру сынды құндылықтарға бағдарлау идеясы төмендегі шумақтарда берілген:

...Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды,
Жемісінен дүниеге жүзі баһра алады.

Бір адам бар терек ағаш сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды... [14].

Мейірімділік пен қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті ояту үшін оның өзін осы әлемнің бөлшегі ретінде қабылдай білу түсініктерінің қалыптасуына жағдай жасау идеясы ғұламаның «жалғыз емес, шынайы достары бар адам нағыз бақытты, бақытты әл-ауқаттың негізі әр адамның басқа біреудің бар екенін бағалау сезімінен бастау алады», - деген насихатты сөздерінен байқалады.

М.Жүсіптің зұлымдыққа зорлық-зомбылықпен қарсы тұрмау, өзара бірігу мен қолдау көрсетуді кісілік, өмірдің мәні деп ұғындыру идеясы жастардың бойына адамзат құндылықтарын қалыптастыруды мақсат еткен тұжырымдарынан көрінеді: «Баз-баз жандар болады: ұрлық қылған емес, қорлық қылған емес, кісі өлтірген емес, мехнат-машахатты басынан көп кешіріп, қайғы-қамның қалың ортасында жүріп, табиғат жазасымен жазаланып, әрбір жапаны көр көріп қорытылуы жеткен соң, алтын болып тазарып шығады», - деп адамның белгілі бір уақыт ішінде қарым-қатынас нәтижесінде ерік-жігер, өзіндік талпыныстар, жауапкершілікті мойнына алуына байланысты екенін білдіреді. Адам бойындағы жақсылық пен жамандықтың күресіндей болған кісілік, мейірімділік, қамқорлық өмірдің мәні болатындығы арқылы түсіндіріледі.

Жоғарыда атап өткен идеялар жеке дара мазмұндалғанмен, ғұламаның шығармаларында («Бес қымбат», «Төрт асыл, бес береке» және т.б.) бірігіп, тұтастықты сипатта көрініс тапқан.

Мәселен: «Бес қымбат»:

«Ең әуел керек нәрсе – иман» – деген,

«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!

«Құдай кешірет!» – дегенмен, іс бітпейді,

«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген.

«Екінші керек нәрсе – ғақыл» – деген.

«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.

«Аз іске ашуланып, дінін бұзар, Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.

«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр» – деген,

«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.

«Әр істе сабырсыздық тәубе – зорлық,

«Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.

«Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір» – деген,

«Нығыметке шүкірсіздік – күпір» – деген.

Жатқан жерден: «Құдай кешір!» – деген – қорлық,

«Себеп іздеп тура жолмен жүгір» – деген.

«Бесінші қымбат нәрсе – әдеп» – деген,

Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.

«Кәпірлік – әдептіде тұрмағандай,

Әдеп деген махаббатқа себеп!» [15].

Осы өленде ұлттық құндылықтарды (иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп) жалпы адамзаттық құндылықтармен ұштастырудың маңызын жан-жақты көрсетіп, жас ұрпақты әділдікке, шынайылыққа, көпшілікке, турашылдыққа, игілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке, парасаттылыққа тәрбиелеуге бағдарлайды.

«Ғылым-білім» туралы әңгімелердің келесі бір тобы мінез түзету хақында. Адамға білім қалай қажет болса, үлгілі тәрбие де соған сай болуы тиіс. Мәселен, бұл жөнінде Мәшһүр Жүсіп былайша жазады: *«Ғылым-білімнің ең әуелгі пайдасы – хұсен, құлық тахсылы дүр. Адам өзін көркем мінезге үйрету керек. Бұрынғы өткен газилер: «Мұсылман ұғлыға жақсы қылық қыл, тіліңді хош, шырайыңды жылық қыл. Ағуздан саш (шаш), ерінде дүрр мизыны. Егер ол болмаса: «Хамуш илайғыны». Қазақша аудармасы: «Сөз білмесең, үндеме//Шығанақта тұрарсың!»* Аталған тұжырымда көркем мінездің басты белгілері жақсы қылық, әдепті сөз, жылы шырай деп атап өтеді автор. Сонымен қатар көркем мінез ғылым-білім арқылы болатынын да аңғартады.

Мәшһүр Жүсіп көркем мінез туралы айтқанда, әдептілік жөнінде құнды пікірлер келтірген: *«Ердің шарапатлы болуы – ғылым біліммен, әдепті болумен. Әдеп – діннің қақ жартысы. Әдепсіз болған соң, дін жарты болып қалады екен».* Мінез немен бұзылады деген сұраққа автор былайша жауап береді: *«Мінез бұзылғанда, ашуланшақ болумен бұзылады. Адам әуел бастан, құлын жастан ашуды жұтып үйрену керек. Мінезді екінші бұзатұғын нәрсе – күншілдік. Күншіл болудан күн бұрын аулақ қашып, алыс жүріп үйрен. Мінезді үшінші бұзатұғын нәрсе – қырыс дүние. Дүниеге махаббаты кеткен адам, көзі-соқыр, құлагы – саңырау болады. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – тәкаппарлық. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – нәпсіқорлық. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – өтегендік, өрлік. Мұндай кісінің мінезі адыр-бұдыр келеді. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – кінә сақтап, кекшіл*

болу. Бұрынғылар айтқан: «Қас жақсының өкпесі//Торғын орамал кепкенше.//Қас жаманның өкпесі//Басы жерге жеткенше!»

Мәшһүрдің 21 жасында жазғаны
Сүннәт бар Мұстахаббен адаб хәйә
Харам макруһи мүстәні қылма жая
Мұбах деген нәрседен тарт бойынды
Тәкәппар ғажап хасты қылма рия
Көңілінде тұт жаратқан құдайыңды
Сыйлап күт ата-анаң мен жұбайыңды
Адамға жала жаппа қастық қылма
Махшарда тартпан дессе уайымды
Ғайыбы шарикни хаири пак дүр атын
Ла хаула хаири бар сипатың
Өзің ғайып мекенің мағлұм емес
Ғаламға заһир болған мың бір атың

Қорыта келсек, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларының педагогикалық мәніғұламаның еңбектерінің өзегі болып келетін имандылықрухани даму саласының үштағаны (дін, мәдениет, ғылым). Бұл бай мұра жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды көркейтетін тәрбиелеу көзі.

Андатпа. Бұл мақалада бүгінгі қоғамда өзекті мәселе болып отырған құндылық тәрбиесі, оның алатын орны баяндалады. Ұрпақ тәрбиесіне байланысты туындап отырған мәселелердің шешімін іздестіруде М.Жүсіп шығармаларының маңыздылығы атап өтіледі. Мақалада болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ғұлама ойшыл шығармаларының педагогикалық мәні ашып көрсетіліп, оларға сипаттама беріледі. Ұлттық құндылықтар қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы ретінде баяндалады. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені атап көрсетіледі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие Мәшһүр Жүсіп шығармалары екендігі ашып көрсетілген.

Зерттеудің негізгі мақсаты: бала тәрбиесін ұлтқа және адамзатқа тән Руханият, Махаббат, Еркіндік, Жауапкершілік, Ар-ұят және өзін-өзі жетілдіру сынды құндылықтарға бағдарлау; мейірімділік пен қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті ояту үшін оның өзін осы әлемнің бөлшегі ретінде қабылдай білу түсініктерінің қалыптасуына жағдай жасау; зұлымдыққа зорлық-зомбылықпен қарсы тұрмау, өзара бірігу мен қолдау көрсетуді кісілік, өмірдің мәні деп ұғындыру.

Зерттеудің өзектілігі: Мәшһүр Жүсіп есімдерінің бірге аталуының сыры тереңде. Себебі қазақтың үш алып тұлғасы да ұлттық ойлау жүйемізді сақтап, дініміз бен дәстүріміздің берік сабақтастығын бұзбай бүгінгі ұрпаққа табыстаған ұлылар. Алаштың үш ғұламасының еңбектері ғылыми зерттеулермен пара-пар. Себебі бұл еңбектерде дінтану, жантану, тәнтану,

педагогика, психология, тарих, этнография сияқты көптеген салалар қамтылып, түрлі сауалдарға нақты жауаптар берілген. Демек, біз өмірімізге қажетті ілімді сырттан іздемей-ақ, Мәшһүрдің еңбектерінен оқып алуымызға мүмкіндік бар екенін ескеруіміз керек. Бұл тағы бір мәрте ғұлама еңбектерінің өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларынан бүгінгі күні оқып-үйрену, ұрпақ тәрбиесінде көмекші құрал ретінде пайдаланудың қажеттілігі туындап отырғанын көре аламыз. Әсіресе, бүгінгідей ұрпақ тәрбиесінің шегесі босап, жұрт рухани уызға зәру болған шақта қажеттілігі...

Кілт сөздер: тәрбие, ұлттық тәрбие, құндылық, ұлттық құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтар, дін, мәдениет, ғылым, имандылық, жауапкершілік, ар-ұят.

Аннотация. Аннотация . В данной статье описывается ценностное воспитание, которое является актуальной проблемой в современном обществе и его место. Подчеркивается значение работ М. Жусупа в поиске решения проблем, возникающих в связи с воспитанием детей. В статье раскрывается и описывается педагогическое значение произведений учёного мыслителя в воспитании будущего поколения. Национальные ценности описываются как совокупность духовных идеалов представителей какой-либо этнической общности, имеющих своё историческое выражение. Подчеркивается, что место национальных ценностей в жизни каждого народа различно. Именно поэтому выявлено, что произведения Машхура Жусупа являются важным образованием для каждого нового поколения.

Основная цель исследования - ориентировать воспитание ребенка на ценностях духовности, любви, свободы, ответственности, чести и самосовершенствования, свойственных нации и человечности и создать условия для формирования понимания бытия. способен воспринимать себя частью этого мира, чтобы пробудить доброту и любовь к окружающему миру, не противостоять злу насилем, осознать, что взаимное единение и поддержка – суть жизни.

Актуальность исследования: тайна совместного упоминания имени знаменитого Жусупа глубока. Потому что все три гиганта казахского народа – великие люди, сохранившие нашу национальную систему мышления и передавшие ее сегодняшнему поколению, не нарушая прочной преемственности нашей религии и традиций. Труды трех ученых Алаша приравнены к научным исследованиям. Это связано с тем, что эти работы охватывают многие области, такие как религия, психология, педагогика, психология, история и этнография, и дают конкретные ответы на различные вопросы. Поэтому следует учитывать, что из произведений Машхура есть возможность почерпнуть необходимые для нашей жизни знания, не ища их извне. Это еще раз доказывает актуальность научных работ.

Результаты исследования: мы видим, что сегодня необходимо изучать и перенимать труды Машхур-Жусупа Копейұлы, чтобы использовать их в

качестве помощи в воспитании следующего поколения. Особенно когда, как сегодня, гвоздь воспитания поколения расшатывается и люди нуждаются в духовном руководстве...

Ключевые слова: образование, национальное образование, ценности, национальные ценности, общечеловеческие ценности, религия, культура, наука, мораль, ответственность

Annotation. This article describes value education, which is an actual issue in today's society, and its place. The importance of the works of M. Zhusip is emphasized in the search for solutions to the problems arising in connection with the upbringing of children. In the article, the pedagogical value of the works of the learned thinker in educating the future generation is disclosed and described. National values are described as a set of spiritual ideals of the representatives of any ethnic community with their own historical expression. It is emphasized that the place of national values in the life of each people is different. That is why it is revealed that the works of Mashhur Zhusip are important education for each new generation.

The main goal of the research is to orient the child's upbringing to the values of spirituality, love, freedom, responsibility, honor and self-improvement characteristic of the nation and humanity; to create the conditions for the formation of the understanding of being able to perceive oneself as a part of this world in order to awaken kindness and love for the surrounding world. not to resist evil with violence, to realize that mutual unity and support is the essence of life.

The relevance of the research: the secret of the name of the famous Zhusip being mentioned together is deep. Because all three giants of the Kazakh people are great people who preserved our national system of thought and passed it on to today's generation without breaking the strong continuity of our religion and tradition. The works of three scholars of Alash are equal to scientific researches. This is because these works cover many areas such as religion, psychology, pedagogy, psychology, history, and ethnography, and specific answers to various questions are given. Therefore, we should take into account that there is an opportunity to learn the necessary knowledge for our life from the works of Mashhur without looking for it from outside. This once again proves the relevance of scholarly works.

Research results: we can see that there is a need to study and learn from the works of Mashhur-Zhusip Kopeiuli today, to use them as an aid in the education of the next generation. It is especially needed at a time when, like today, the nail of the education of the next generation is loosened, and people are in need of spiritual guidance.

Key words: education, national education, value, national values, universal values, religion, culture, science, morality, responsibility, honor.

Библиографиялық тізім

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі.- Астана, 2023 жыл.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев // Әдебижәдігерлер. Жиырма томдық. 5-том. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007.
3. Елімай бағдарламасы (zharar.kz)
4. Кант И. Грезы духовидца, поясненные грезами метафизика// Перевел с немецкого Б.П. Бурдес. Под ред. А. Л. Вольнского. Изд. переводчика. СПб., 1904. 125 с.
5. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде №3058.
- 6.Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығымен бекітілген.
- 7.Жәлелұлы Омар. Харекет.-Зерттеу мақалалар.-Алматы: BRK Pres, 2018.-552 бет.
8. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б
- 9.Мәшһүр Жүсіп Көпеев Жетпіс бап.-Павлодар: ЖК «Сытин А.А.» баспасы, 2021.-312 бет.
- 10.Мәшһүр Жүсіп Көпеев Таңдамалы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.
- 11.Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 1-том – Павлодар, 2013. –381-384 б.
12. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 2-том – Павлодар, 2013. – 92 б
13. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 11-том– Павлодар, 2013. – 32 б
14. Руханият дегеніміз не: 1 тыс изображений найдено в Яндекс Картинках (yandex.kz)
15. Энциклопедия "Ұлттық тәрбие"«Кәусар бұлақ». | Facebook
16. Эстетика. Астана, ТОО «Лотос – Астана», 2007. 4 том. – 286 б.
- 17.Хайдар М. Мирза Мұхаммед Хайдар Дуглат в персидских источниках. – Алматы, 2010.
- 18.[https://kitap.kz/books/bota_olender123456/read#epubcfi\(/6/36\[id18\]!/4/2/2/1:0](https://kitap.kz/books/bota_olender123456/read#epubcfi(/6/36[id18]!/4/2/2/1:0)

Асмаганбетова Асемгул Есеновна
«№79 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-сарапшы

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі біртұтас тәрбие бағдарламасына елеулі өзгерістер еніп, жаңа көзқарастар пайда болды. Әрі білім беру құрылымында жаңа рухани тәрбиеге басымдық берілген технология өмірге келді. Жаңа Қазақстанның салаутты да білімді ұрпағын қалыптастыруда сапалы білім бере отырып, патриотты тұлға қалыптастыру, өмірге деген қызығушылығын ояту, тілін, жерін, елін құрметтейтін тұлға қалыптастыруда М.Ж.Көпейұлының шығармаларының берері мол. Ақын мұрасы-елдігіміздің белгісі. Осыларды оқып, адам өзіне керегін алады. Ақын, фольклоршы, этнограф, публицист, ағартушы, шежіреші, діни адам болған, ел тағдырын уайымдаған ұлт жанашыры. Еңбектері мен өсиеттерін жастарға үлгі етіп көрсету-біздің парызымыз, шығармалары-рухани жаңғыруымыздың алғашқы кепілі.

Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың теріс мінездерін, қазақ арасындағы ескіліктің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды”, – десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз. Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы — бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді.

Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап: Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық, Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, – дейді. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп: Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар, Атанды бәрі қайуан – тілі жоқтан, – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның “ұшқан құс, жүгірген аңнан” артықтығы – ақылында дегенді айтып отыр. Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен тірлік кешу арамтамақтардың ісі

екенін де есінен шығармаған. Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты толғайды. Ақынның бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері “Дала уалаяты” газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: “Әңгіме”, “Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен”, “Кедейлікке үш қырсық оралады”, “Күн шықпай ерте тұрып”, “Білмейді ел өнерлісін аулақ болар”. Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді: Әр істі ойлау керек әуел бастан, Не пайда өнер жоқ жігіт жастан. Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға “мынадай бол, мынадай істе” деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Мәшһүр Жүсіпті өз көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой қорытады: “Мәшһүр Жүсіп халықтың мұңын жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпеев өлеңдері оқырманға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады”. Мәшһүр Жүсіпті 1874 жылы өз ауылының ауқатты адамы Әкімбек деген кісі келіп әкесінен сұрап алады. Бұл байдың Қалибек деген жалғыз баласы бар еді. Арманы перзентін оқыту болатын. Оның молданың алдынан енді ғана шыққан Мәшһүрді ата-анасынан “аттай қалап” сұрауының кілті осы еді. Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды.

М.Жүсіптің қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынын дамытуға қосқан елеулі үлесін саралауды, ғалым еңбектерінің зерттеушілік және әдістемелік қырларын ашуды көздейді. Тұлғатану ғылымы жеке адам өмірі мен шығармашылығын оқшау түрде емес, оның өзі өмір сүрген қоғам аясында қарастыратыны мәлім. М.Жүсіп шығармашылығы ғалымның жеке тұлғасын зерттеудегі әдебиеттану ғылымының сындарлы жүйесінде қарастырылады. Әдебиет тарихы саласында зор еңбек етіп, өз құндылығын жоймай келе

жатқан іргелі еңбектер қалдырған ғалымның ғылыми мұрасы жан-жақты талдап, зерттеуді қажет етеді. Мәңгілік ел, ұлттық құндылықтарда зерттеушілердің жұмысына үлкен мән беріледі. Ғылыми жаңалықтардың адам өміріне әсері мол. Мен М.Жүсіптің зерттеуін оқып, біздің түп тамырымыз қайдан бастағанын ұға бастадым. Айтыс өлеңдерінің түрлерін тудырғанын, тұңғыш фольклортанушы болғанын, шежіреші екендігін, адам физиологиясы туралы тоқталғанын білдім.

«Бес қымбат» өлеңінен көркем ой, талғам мен түсінік, ұлттық танымның ерекшеліктерін, адамзат, ұлт руханиятындағы мәнімен көре аламыз. Көркем ой иман мәселесіне тоқталған. Ақылмен іс жаса, бір істі көпсынып аз істен қиналма деген. Сабыр әр адамның бойындағы асыл қасиет болуы керек десе, барға тәубе, шүкіршілік ет, еңбектен, ұлтыңа қызмет ет. Адалдық абырой береді. Адал кәсіп ет, ұлтыңды құрмет тұт деген құнды ақылдарын бүгінгі күнімен салыстырсақ дәлі қазір осы ақылы керек сияқты.

Жігіт- ол жас азамат. Жалқаулық, қырсықтық ешкімнің ақылын тыңдамайтын, маубастық біліп тұрып жасамайтын, еріншетікпен күн кешіп дайынға жүгіретіндерді сынап, өз ақылын айтқан. Қазақ ұлты еңбекқор болуы керек. Иманды адал болуы керек деген өсиетін қалдырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бас болып өнер білсең, тіпті жақсы боларын көзіне елестете отырып қызықтыра адал еңбек етуге шақырды. Адам бойында сондай-ақ тәнқұмарлық, ашу, қырсықтық, ерегісу, қызғаныш сынды қисық мінездер де бар. Мәселе осы мінездерді өз ықтиярыңа бағындырып, дұрыс тәрбиелей білуде. Қорыта келе Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Ұстаздар біздер ата-аналар жиналысында, оқушылар мен өткен кездесулерде тәрбиені отбасыда берілетін, тілін, дінін құрметтеуі керек екенін айтып отыру керек. Бір ғана берілетін өмірді мәнді, мағыналы, білімді де зерек адам болып қалыптасса ғана мақсатқа қол жеткізетінін айтуымыз керек. Кез келген адам ар-ұжданды құрайтын – ақыл-қайрат, сезім, сияқты қасиеттерін жетілдіре білсе шын адам болуға талпынып, әлемнің түпкі мазмұнын түсінеді. Яғни әр пенде адам болам десе осылардың ішіндегі жаман қасиеттерді бойынан аулақ ұстап, жақсы қасиеттерді жанына жинай білу керек.

Туған халқына шын берілген Мәшһүр Жүсіп қазақтарға азаттық пен бостандыққа жету үшін ең алдымен бірлік пен ынтымақ, биікке самғатар ұлттық рух қажеттігін, қазақтардың ұлттық сана-сезімін оятуға ұйымдасқан түрде ден қоюға шақырады. Қазақтың берекесі өз ортасында деген ұстаным бірлік пен тұтастыққа шақырады. бірлік пен тұтастыққа шақырады. Қазақтың

жаңғыру, Қазақстанның жаңару идеясы біздің еңбекте де жалғасын тапты. Ауызша дерек жинау дәстүрі Мәшһүрден басталады. Оның ізбасары-Әлкей Марғұлан. 1881 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлымен танысады. Оның кітапханасынан 1870 жылы жарық көрген В.В.Радловтың жинағының көшірмесін алады. Бұқара қаласына келген Қожа Ахмет Яссауи кесенесін көріп, тарихына үңілген. Ташкент шаһарында Сыздық Кенесарыұлымен кездескен. Хан Кененің жорықтарын қағазға түсірген. Майлықожа, Күдеріқожа, Ақмолда, Дайыр, Молдағали ақындармен сөз таластырған. 1889-1891 жылдары кіші жүз жәңгір төремен, атақты батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырмен сұқбаттасады. Жәңгір, Исатай, Махамбет, Шернияз туралы дерек жинаған. Ру, тайпа таңбаларын, ұрандарын, шежіре жинайды. Мәшһүрдің қара месінің ішіне жиналған қазыналар өте көп. Оның жинағаны: аңыздар мен әңгімелер. Аңыздарды жер-су аттары, әулиелер, тарихи адамдар, пайғамбарлар деп бөлуге болады. 1881 жылы 23 жасында В.В.Радловпен кездеседі. Мәшһүр Жүсіп ел арасынан «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» батырлар жырын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» лиро-эпостық жырларын. «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» шығармаларын жинаған. 1866 жылы 8 жасында жырларды Хазіреттен жазып алған.

Мәшһүр ертегілерді де жинаған. «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Бақырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Алаша хан», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «тама Сарыбас мерген» ертегілерін жиған. 1865 жылы «Сүйіндік: Олжабай батыр» ертегісін Сақау ақыннан жазып алған. Ол туралы Әлкей Марғұлан Сердалы деген адамға хатта жазады.

Мәшһүр Жүсіптің философиясы адамға айтылған ода, адамға көрсетілген сенім. Адамға деген құрмет. Сондықтан Мәшһүрді оқып, керегімізге жарату-біздің қолымызда. Мәшһүр ұсынған біліммен қаруланып, ол ұсынған жұлдызнаманы білсек, құба-құп. Көзі тірісінде елге еңбек сіңірген қандай да бір алып тұлғаның іздеушісі-халық. Асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы, бабамызды құр мақтан тұтпай, әр қырынан зерттеп, бағалау керек. Мәшһүрдің мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

АННОТАЦИЯ

М.Ж.Көпеев, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік елеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген.

Біз оның мұндай туындыларынан сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, ішкі жан дүниесін, тұрмысын жан-жақты танығандай боламыз.

М. Ж. Копеев, как он сам говорил, почти всю свою жизнь после пятнадцати лет говорил стихами. Поэт проявил познание мира, отношения с людьми, то, что он любит, что ненавидит, у кого учится, у кого ненавидит. Из таких его творений мы, кажется, всесторонне узнаем отношение людей того времени к жизни, внутреннюю душу, быт.

M. Kopeev, as he himself said, spoke in verse almost all his life after the age of fifteen. The poet also expressed his knowledge of the world, his relationship with people, what he loves and hates, from whom he learns and from whom he hates. It is as if from such works of his we comprehensively get acquainted with the attitude to life, inner world and life of people of that time.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. «Аңыз адам» журналы №19, қазан 2013 жыл.
2. «Сөз өнерінің зергері» Алматы, Орталық кітапхана.
3. Мәшһүр Жүсіп «Ауыз әдебиеті үлгілері» Алматы, Алаш, 2006ж
4. М. Жүсіп «Шығармалары.»13 том.Павлодар, 2008ж
5. М. Жүсіп «Жиған-Терген»11 том.Алматы, 2010ж
6. Қазақ әдебиетінің тарихы 6 том, Алматы, 2006ж
7. Қазақтың ұлттық энциклопедиясы 6 том, Алматы, 2006ж

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ БІЛДІРЕТІН БІРЛІКТЕР

Ұлттық дүниетаным мен ақынның қиялы, танымы астасып жататындығын айтуға болады. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы ұлттық дүниетаным тілінің көрінісін бірнеше бөлікке бөлуге болады. Олар негізінен: ұлттық мәдениет; ұлттық өнер; діни дүниетаным мен ұлттық таным әлемі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларында ұлттық дүниетанымды бейнелейтін тілдік құралдар кеңінен қолданылды. Солардың бірі-ақынның шығармаларындағы ұлттық дәстүрлер мен рәсімдердің тілдік көрінісі. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы қазақ өлеңінің орны, олардың мазмұны өмір құбылыстарының алуан түрлілігіне негізделгенін көруге болады. Мысалы, философиялық мазмұнға өлеңдерде, жұмбақтарда, тұспалдарда, аңыздарда және т.б. жазылған шығармаларын жатқызуға болады. Бұл тек ұлттық мәдениеттің бір элементіне ғана негізделген шығармалары болмақ.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларының мәніне тереңірек үңіле отырып, тұрмыстың ұлттық тұрмыс-тіршілік нышандарын да байқап көруге болады. Олар: *«Жасымнан үйір болдым өлең сөзге»*, *«Мәшһүр Жүсіптің шабдар атпен айтысқаны»* т.б. өлеңдерінен қазақ халқының тұрмыс тіршілігімен қатар ұлттық мәдениетінің ерекшелігін *«Жүйрік ат»*, *«көңіл»* концептілерінің ой бейнелерімен сөз суреттер негізінде көркем сөзбен суреттеліп берілгенін көруге болады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында қазақ ұлтының діни дүниетанымдық түсініктері мол қамтылған. Олар ақын шығармаларын ұлттық сипатын, ұлт өкілдерінің таным-түсінігін шынайы беруге септігін тигізеді.

Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы қазанда жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабы 1912 жылы зиянды деп табылып, оның шығармаларын жариялауға тиым салынса, өзінің тірі кезінде салдырған кесененің бұзылуы еді. Ақын 1907 жылы қабынған зорлықты, қазақ халқының ең бір шұрайлы жерінен айырылып, жоқшылық шеге бастауын жұқалап қана көрсеткен еді.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ерекшеліктері өмірге, ойға, ақиқат әлеміне деген көзқарасты білдіреді. Адамның ақиқат әлеміне қатынасы тілдік құралдар арқылы беріледі, оның негізінде ақпараттық жүйе қалыптасады. Ғаламның бейнесін бейнелейтін бұл ақпараттық жүйе ақынның ғалам туралы тұжырымдамалық түсініктерінде көрінеді. Демек, әлемнің лингвистикалық бейнесі туралы білімді анықтау үшін көркем шығарманың тілін (поэзия тілі

немесе проза тіліндегі философиялық зерттеулер) тұжырымдамалық талдау қажет.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өткен ғасырда адамдарды тек ақ, қара деп бөлді және оған сыртқы таңданумен де, оны мүлдем айырумен де шектелмеді. Адамдардың бірде-бір қарлы-ақ немесе бір қара негативке келмейтінін және тағы да бір адамда жағымды және жағымсыз сезімдер қатар өмір сүретінін білу, әсіресе сол уақыт үшін, бұл серпіліс, адамның сезімін тереңдетудегі маңызды қадам болды.

Мысалы, оның 1880 жылдары жазылған *«Жарты нан» хикаясы*, өлеңде басты назар оған жақсылық жасаған адамды жұтуға тырысатын айдаһардың қатыгездігіне емес, бұрын жазған адамға аударылады жапа тырнақ. Міне, біреу «байқаусызда» жақсылық жасайды, орынсыз аянышты адамды ақын ретінде Жалғыз ақ-қарлы, сүйкімді адамға айналдырмайды. Суретші адамның ішкі қайшылықтарын қалай қарау керектігін біледі, оны қарапайым көзбен байқау қиын, бір қарағанда жағымды болып көрінеді. Біреу қамқорлық жасағанда, нанның жартысын ғана береді, бұл сол адамға қажет және айыптау әрекеті. Бұл әдеттегі адам санасында да болады, сонымен қатар шамалы абстиненция болуы мүмкін. Бұл жұмыста ақын сонымен қатар әр пенденің өзінің "айдаһары" болу мүмкіндігіне назар аударады, сонымен бірге ол зұлымдықтың иесі, бөтен күш, тәуелсіз айдаһар. Осылайша, адам сезімдерінің жан-жақтылығын, ішкі қайшылықтарға қарсы күрестің мәнін көрсете отырып, ақын батырлық жанға терең енудің үлгісін көрсетті.

Зұлымдық пен жақсылық ұғымы қатар қабылданады және адамның мінезін ашуға, қоғамдағы зұлымдық пен жақсылықты тануға қызмет етеді. Мәшһүр Жүсіптің «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңінде халықты езіп, қанаушы Сәйгелді, бөгелек тәрізділерге өріс беретін *аңқаулық, надандық* сыналады. Ақын *жауыздық пен адамгершілік* арсындағы қайшылықты, кереғарлықты алумен, жауыздың жауыз, ізгінің ізгі екенінін бейнелеумен шектелмейді. Жауыздың жауыз екені онсыз да белгілі. Басты қателік, трагедия сол жауыздыққа жол беруде, сенгіштікте жатыр дегенге саяды ақын. Міне, сондықтан да Сәйгелді, сона, бөгелекті сол кезде елді алдаған, қанаушылар деп қана қарау біржақтылық, үстірттік болар еді. Өмірде қас пен досты айырмай, жәдігейлікке ұйып, кеш опық жеп, күйзелушілер бар да әдемі сезімнің бірі сенгіштікті пайдаланып тайраңдаушылар бар екені белгілі. Оны ана халықта бар, мынада жоқ, ана заманда бар, кейін болмайды деп айтуға болмайды. Ол барлық заманда және барлық халықта бар. Әлем әдебиетінде қоғамды жайлаған келеңсіздіктерді жинақтап көрсетіп, шенеу үшін шартты сюжет үлгісі қолданылып келгені мәлім.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Шайтанның саудасы» өлеңінде шайтан сауда жасайды. Расында, шайтанның базарға барып сауда жасауы, дерексіз ұғым: *зорлық, алдау, күншілдік, тәкәппарлықты* белгілі бір бұйым тәрізді тез сатуы т.т – бәрі өмірде болмайтын шартты әрекеттер жемісі. Шығарма басындағы Ғайса пайғамбардың: *«Жұрт барса, тері, терсек, жүн сатады, сататын малғұн сенің не тұлың бар?»*

- деп *шайтанға* сауал қоюы өмірде іске асуы ықтимал, шындыққа сай алынған сөз қолданысын танытады. Ал шайтан жауабы – шарттылық айнасы:

Артқаным бір есекке ылғи жалған,
Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.
Жүгім бар бір есекке мекер хайла,
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.
Артқаным бір есекке **өңкей зорлық,**
Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.
Мен алмай оның малын кім алады,
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.
Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,
Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.
Мастанып артқандықтан тәкаппарлық,
Жүре алмай бара жатыр мына есек.

Осы өлеңдегі *жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған, мекер хайла, өңкей зорлық, иттер, пайдасыз бос орынға жүрмеу, мастанып тәкаппарлық арту*-дегендер зұлымдық концептісін танытады. Себебі, осы айтылғандардың қай-қайсысы да жақсылыққа қарама-қарсы жайлар. Өтірікті *судай сапыру, мекер хайла* дегендегі *мекер* деген де жағымсыз жайды аңғартады. Ақын өлеңінде қазақ даласын жайлаған: **жалғандық, күншілдік, зорлық, тәкаппарлық, ашкөздікті**, яғни, адамдар арасындағы теріс істерді олардың өзіне сынатып қоймай, жиі кездесетін ағаттықтарды сол қалпында алмай, бәрін оқшау орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелейді. Ақын өткір сынды да шартты бейне, шайтан атынан айтқызады:

Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,
Алады **зорлығымды** пұлға сатып.
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлықпенен алмаса үкімі асып.
Қарсы келсе бетіне басын шайнар,
Құнсыз-пұлсыз кедейдің **соры қайнар**

Шынында да, ел билеушілерінің билігі көбінесе таза жолмен емес, қайта зорлық-зомбылық, парақорлық арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Сонымен қатар, егер мұндай қызмет Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген ортада ғана емес, кейінірек де орын алатынын талдайтын болсақ, онда ақын тек бір кезеңде ғана емес, жиі қайталанатын кесельдерді шебер жинай алатынын көреміз. Басқа олқылықтар сияқты, тәкаппарлық ақын оны сынға алып қана қоймай, оны шебер ашады:

Біреуі ұн, біреуі пұттап май алады,
Біреу қой, біреу тайынша, тай алады.
Тәкаппарлық «жүгіңді» қалтасы мол,
«Жетілген» надандыққа бай алады.
Томпып қалтасына жүрген сыймай,

Біреуге ешбір жанға көзі қимай.
Алған соң тәкаппарлық сатып менен,
Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай.
Бай біткен болғандықтан қарабауыр,
Арқасы ер салмастан болар жауыр.

Халық танымында **шайтан теріс іске итермелеуші**, ал **періште оң жолға үгіттеуші** символдық бейне ретінде алынады. Шайтан:

Ағайын егіз туған: **ұрлық-зорлық**,
Зорлығы – ағасында, іні де – ұрлық.
Бірі қойса, бәрі де қояр еді,
Тауып тұр қоймағаннан тегіс қорлық.

Ақын өлеңдерінде үнемі осылай адамдар арасында орын алған *пайдакүнемдік, ұрлық, өтірікті* сынап отырады. Ал *пайдакүнемдік, ұрлық, өтірік, тәкаппарлық, зорлық, надандық, шайтан, ит, жалғандық, күншілдік, зорлық, ашкөздік* зұлымдық концептісінің мазмұнымен астасып жатады.

Халықтың әл-ауқаты әрқашан ақын шығармаларының тірегі болады. Сондықтан көптеген жұмыстар "байлық пен кедейлік" ұғымдарының айналасында жүреді. Бұл әркімнің мінезі әртүрлі өмірдегі қиындықты көрсетеді. Кедейлердің бай байлығын жоғалтуға үміттеніп, қалай жұмыс істей алатындығы туралы осы идеялардың барлығы "тозақ" тұжырымдамасына сәйкес келеді. Қоғамдағы қиындықтар, бейнелі өмір, ауыр өмір тозақ сөзімен бейнеленген. Дүниенің жалғандығы туралы айту, барлығының жалған екендігі «Түн қандай?» өлеңінде айтылады.

*Қол-аяғын ұйқы жау жіпсіз буып,
Серейтіп алып соғар табандатып.
Бай, жарлыға- бәріне бірдей ұйқы,
Жым-жырт болар күндізгі ұйқы-тұйқы.*

Түнде бүкіл адамзат қысқы ұйқыға кетеді. Күндізгіден гөрі бай-кедей, әлеуметтік топқа бөлінбейді. Ақын түн адамдарды теңестіретін арман дейді. Олар әлемді қудаламайды немесе қудаламайды, бәрі бірдей жауға жіпсіз байланған дейді.

*Дүние, ойлай берсем, жалған дейді,
Әркімді әлекке тек салған дейді.
Дүниені өле-өлгенше қуып-қуып,
Ауызы аңқиып (құр босқа) қалған дейді.*

Адамзатқа тән жағымсыз әрекеттер, мысалы, дүниеқоңыздық, көрсеқызарлық, сараңдық әрекеттер тексеріледі. Ақын әлемді қуу-бұл бос әрекет, бәрі бекер болып қалады дейді. «Алтынның жер астында кімге пайда?» философиялық ой. Мәшһүр Жүсіптің шығармалары-көркем әдебиет пен тілдің мұрасы ғана емес, сонымен қатар тарих, мәдениеттану, философия нысаны. Әсіресе ақын тіліндегі тұжырымдамаларды танымдық талдау-көркем сөздің тасымалдаушысы ретінде әлемді тану принциптерін анықтауға,

терең философиялық ойларды, тұжырымдарды, діни нанымдар мен генеалогиялық тарихи білімдерді тануға және талдауға мүмкіндік береді. Әлем танымының тілдік бейнесі мен тілдік таным ислам әлемімен байланысты тұжырымдамалық құрылымдарда көрініс тапты.

Қорытындылай келе, аталған барлық мәселелер халық дүниетанымын анықтаумен қатар, қазақ тілін коммуникативті құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық рухты, ұлттық сананы сіңіре алатын, табиғат пен адам әлемінің сұлулығын көрсете алатын, қазақ тілінің әдеби нормалары белгіленген құрал ретінде қарастыра отырып, қазақ тіл білімі теориясының ерекшелігін сипаттайтынын атап өткен жөн. сөздік қазынасы өте бай, біз жетілген құрылымды, күшті көзқарасты, құлаққа жағымды, сындарлы тілді қолдануымыз керек. Біздің зерттеуімізде жүргізілген тұжырымдамалық талдау танымның күрделі табиғатын және оның адамзат өміріндегі орнын кеңінен талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, басқа құбылыстармен сабақтастық ерекшеліктерін қарастыруға ықпал етеді деген қорытындыға келдік.

Аннотация

Мақалада ұлттық дүниетаным зерттеледі және Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін бірнеше бөлікке бөліп қарастырады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлттық дүниетанымды бейнелейтін тілдік құралдар кеңінен қолданатыны айтылады. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы қазақ өлеңінің орны, олардың мазмұны өмір құбылыстарының алуан түрлілігіне негізделгені туралы айтылады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында қазақ ұлтының діни дүниетанымдық түсініктері мол қамтылған. Олар ақын шығармаларын ұлттық сипатын, ұлт өкілдерінің таным-түсінігін шынайы беруге септігін тигізеді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ерекшеліктері өмірге, ойға, ақиқат әлеміне деген көзқарасты білдіреді. Адамның ақиқат әлеміне қатынасы тілдік құралдар арқылы беріледі, оның негізінде ақпараттық жүйе қалыптасады. Ғаламның бейнесін бейнелейтін бұл ақпараттық жүйе ақынның ғалам туралы тұжырымдамалық түсініктерінде көрінеді. Зұлымдық пен жақсылық ұғымы қатар қабылданады және адамның мінезін ашуға, қоғамдағы зұлымдық пен жақсылықты тануға қызмет етеді. Ақын өлеңінде қазақ даласын жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, тәкәппарлық, ашкөздікті, яғни, адамдар арасындағы теріс істерді олардың өзіне сынатып қоймай, жиі кездесетін ағаттықтарды сол қалпында алмай, бәрін оқшау орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелейтіндігі айтылады.

Аннотация

В статье рассматривается национальное мировоззрение и рассматривается языковая репрезентация национального мировоззрения в творчестве Машхура Жусупа в нескольких частях. Говорят, что Машхур Жусуп Копеев широко использует языковые средства, отражающие национальное мировоззрение. Говорят, что место казахской поэзии в

произведениях Машхура Жусупа, их содержание основано на самых разных жизненных явлениях.

В произведениях Машхура Жусупа содержится немало религиозных мировоззренческих концепций казахского народа. Они помогают передать национальный характер произведений поэта и знания представителей нации. Особенности произведений Машхура Жусупа выражают его отношение к жизни, мысли, миру истины. Отношение человека к миру истины передается посредством языковых средств, на основе которых формируется информационная система. Эта информационная система, изображающая образ мироздания, отражена в концептуальном понимании мироздания поэта. Понятие зла и добра принимается одновременно и служит раскрытию характера человека, распознаванию зла и добра в обществе. В стихотворении поэта говорится о лживости, эгоизме, насилии, высокомерии, жадности, т. е. он не критикует дурные поступки людей, но и не принимает общие особенности такими, какие они есть, а изображает все с помощью изолированная среда, особое действие и традиционный сюжет.

Abstract

The article examines the national worldview and examines the linguistic representation of the national worldview in the works of Mashkhur Zhusup in several parts. They say that Mashur Zhusup Kopeev widely uses linguistic means that reflect the national worldview. They say that the place of Kazakh poetry is in the works of Mashkhur Zhusup, their content is based on a variety of life phenomena.

The works of Mashkhur Zhusup contain many religious worldview concepts of the Kazakh people. They help convey the national character of the poet's works and the knowledge of the nation's representatives. The features of Mashkhur Zhusup's works express his attitude to life, thought, and the world of truth. A person's attitude to the world of truth is conveyed through linguistic means, on the basis of which an information system is formed. This information system, depicting the image of the universe, is reflected in the poet's conceptual understanding of the universe. The concept of evil and good is accepted simultaneously and serves to reveal a person's character and recognize evil and good in society. The poet's poem talks about deceit, selfishness, violence, arrogance, greed, i.e. he does not criticize the bad actions of people, but also does not accept common features as they are, but depicts everything using an isolated environment, a special action and traditional plot.

Библиографиялық тізімдер:

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар, 2004. – 535
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар, 2003. – 436
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. – Павлодар, 2003. – 384

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

«XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі – жазба әдебиеті басталады. Жазба әдебиетінің негізін салушы есімі Мәшһүр деген атпен белгілі болған Жүсіп Көпеев... өз руымен өзін мадақтайтын ақындардың ертеден келе жатқан дәстүрінен ірге теуіп, алғашқы рет Жүсіп Көпеев халықтың мұңын жырлай бастады. Мәшһүр Жүсіп өленді жазып шығарады, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұған мысал ретінде сол кездегі талантты жастардың бәрі Мәшһүр Жүсіпке еліктегенін айтсақ та жеткілікті. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шартты еді. Енді Көпеев өлендері оқырмандарға жазбаша түрде ұсынылады, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады.

“Көпеев өлең де, қара сөзде жазған. Оның көптеген публицистикалық мақалалары Омбы қаласында шығатын «Дала уәлаяты» газетінде басылып тұрды. Көпеев шығармалары жазба әдебиетпен қатар, дамыған ауыз әдебиетіне ықпал ете алмады. Бірақ ауыз әдебиетінің өкілдері қаншама күшжігер жұмсағандарымен, бұрынғы деңгейде тұра алмады, - десе, зерттеушінің пікірі негізінен дұрыс деп білеміз. Алайда қазақ жазба әдебиеті тек Мәшһүр Жүсіптен басталады, ақын соның негізін қалады деген сияқты үзілді-кесілді тұжырым ұшқары айтылған дүние.” Ал ақынның әдебиет алдындағы ерекше қызметі мен сол кездегі жас ақындарға әсер ықпалының болғанын Белослюдов өз пікірінде орынды көрсеткен.

Мәшһүр Жүсіптің қоғамдық-саяси өмірге, әлеуметтік-тұрмыстық тірлікке арнап, ел-жұртың қамын ойлап жазған лирикалық өлендері өте мол. Ақын өз кезінің кем-кетік, олқы соғып тұрған жағын тебірене жырлаған, әсіресе оқу-ағарту мәселесіне қатты көңіл бөліп, бүкіл ел-жұртты оқу-білімге, өнерге, еңбекке шақырғаны сол кез үшін аса маңызды, аса қажет кезек күттірмейтін мәселе еді. Ақынның осындай мәнді өлендерінің қатарына: біз оның: «Ақ қағаз, қалам, сия», «Ырыссыз жоқ нәрсеге ерінеді», «Түркістан, Ташкент сапары хикаясы», «Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста», «Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы», «Момынның әйеліне шығарғаны», «Салдым айғай», «Анама хат» секілді туындыларын жатқызамыз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында бір сәт те қолынан қаламы түсіп көрмеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер-ғылым үйреніп, жатпай-тұрмай ізденіп жүріп, Қазан төңкерісіне дейін 1907 жылы бір жылдың ішінде үш бірдей кітабы жарық көрген. Олар: «Тірлікте көп жасағандықтан

көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал». Ақынның жоғарыда аталған үш кітабы да дерлік өлеңнен тұрады. Жалғыз-ақ «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты туындысында: «Күнбатыстың – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс оңтүстіктегі – Жетісуы, солтүстігі – Еділ, Жайық сол төрт судың арасы заман хадымда дешті қыпшақ атанған Қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел тарайды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе» деген мақал болған себебі ол... Күншығыс жағында ашық намаз оқылатын қыбылаға төрі тура дәл келген тас қорғандар бар... Өлеңтінің аяғында «Қаратөбе», «Сарыоба» деген екі төбе – Қарабай, Сарыбай екі байдың қоныс қылған мекені екен, бұл екеуі де қазақ байлары» деп Сарыарқа әлімсақтан бері қарай қазақтың жері екенін тебірене айтады, жан-жақты дәлелдеп береді. Мәшһүр Жүсіптің осы үш кітабы ел-жұртың іздеп жүріп оқитын асыл дүниесіне айналған. Сол кездегі зиялы қауымның бәрі де жақсы біліп, терең танып сыйлапты. Мәшһүрдің көңіл-күй лирикасынан басқа мысалдар жазғаны да бар, онысы мол әрі мәнді де маңызды. Әсіресе, «жарты нан хикаясы» деп аталатын туындысы көркемдігімен де, көтеретін өзіндік идеясының тереңдігімен де өзгеше дүние.

“Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан. Өлең-жырдың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген Мәшһүр оны жасынан құлай сүйген, жаттап өскен, хатқа түсіріп сақтай отырып, кейінгі буынға жеткізген.” Көпті көріп, көп оқыған білгір ақын бұл асыл мұралардың «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Өтірік өлең», «Жақсылардың мысал сөзі», «Тақпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лиро-эпос», «Батырлар жыры» сияқты түрлерін хатқа түсіріпті.

Мәшһүр Жүсіптің жинап, топтастырған «Үлгілі сөзі» небәрі қырық сегіз жол екен. Жинаушы қанатты сөзді шартты түрде бес түрге бөліпті. Бірінші түрі – он жол, екінші, үшінші түрі – сегіз жол, төртінші түрі – жеті жол, ал соңғы – бесінші түрі он бес жолдан тұрады. Өлеңнің қалған сегіз жолы он бір буынды қара өлең үлгісімен берілген. Осы қанатты сөздер тізбегі әртүрлі көркемдік жолдардың сатыларымен жасалған. Біріншіден, жеті-сегіз буынды жыр түрімен беріледі. Енді бір саласы ғажап сазға, үндестікке құрылған. Өлеңнің екпін, ырғағын, сөз қолданысын, әдемі сазын, ішкі музыкасын, үндестігін бізге барынша айқын жеткізген. Жыр жолдарында жеңіл юмор да бар. Біз «Үлгілі сөздің» үшінші жасалу түрінен аз да болса, әлеуметтік теңсіздік мәселесін көреміз:

Үлгілі билер қалды да,
Надандар кірді кеңеске.
Кеңескендік не десті
Тырнадай мойнын теңдесті

Бұл еспе қайталау әдісімен жасалған жыр жолдарының мәніне терең үңілсеңіз, ақылы таяздау билердің жайдақ қылықтарына ашына да, аяи да қарар едіңіз. Олардың іс еместі іс, сөз еместі сөз қылғанына, алтын уақыттың қадірін білмей, пыш-пышпен күн өткізгеніне бір сәт күйінесің. Содан кейін неге бұл туынды «Үлгілі сөз» атанды екен деген ойға келеміз. Бақсақ, осындағы осалдық, босбелбеу күйректік болашақта қайталанбаса екен деген ниетпен жазылған.

Жинаушының архивінде үш жүз елу жол бата сөзі бар. Тең жартысы жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен жазылған да, ал жартысы он бір буынды қара өлеңмен өрнектелген. Бір қызығы, олар кейде тақпақ, кейде терме түрінде келсе, ал енді бірде нөсерлі жыр жолдарын еске салады. Мәшһүр жинаған бата сөздердің бір парасы ас қайыруға арналған:

Асың-асың, асыңа,
Береке берсін басыңа
Бөденеден жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа.

Міне, бұл жолдарда үлкен парасаттық, шынайы ақ тілек жатыр. Бір ғажабы, адамның ұғымына соншама жеңіл, қарапайым. Әсіресе, халқымыздың жан дүниесін ашатын тұсы аз емес.

Мал көшпелі халықтың мінсе – жорғасы, кесе – торқасы, ішсе – сусыны, жесе – азығы болды. Осы себепті де, бесік жырынан бастап жар-жарға дейін, мақал-мәтелден дастанға дейін, әннен күнге дейін халқымыз төрт түліктің мінез-құлқын бірде-бір рет тыс қалдырмаған. Алғашқы дидарласудың өзін «мал-басың аманбадан» бастаған.

Мәшһүр Жүсіптің «Қара месіндегі» батаның бір бөлігі қарсы жаққа айтылған қарғыс түрінде келеді. Бата беруші тереңнен тебіреніп үй иесіне бар жақсылықты үйіп төгеді де, енді алғыс алушының дұшпанына өзінің ата жауындай өшіге улы сөзін бұршақтай жаудырады. Қолжазбадағы батаның біраз бөлігі шешендік сөз сипаттас келеді. Мұндай жағдайда жыр жолдары бірде төгіліп ұйқасқан үндес тіркестерге бағынса, енді бірде өлең түрінде келеді. Ақ пейілін білдіруші адам үй иесінің мал-басын, денсаулығын тілей келіп, жақсы ұрпақ өсіріп, үбірлі-шүбірлі болуында айта кетуге міндетті. Батадағы «Ұл берсе оразды берсін» деген жолдағы сөзі береке-бірлікті, татуынтымақты болсын деген ұғымды береді. Осы өлеңнің сазы да, өзіндік ерекшелігі де қызық. Ол өсер ұрпақтың жан-жақты жақсы болуын келістіре сипаттауымен дараланады. Сонымен қатар, жас өспірімдердің өмірдегі алатын өз орындарын нәзік те тапқыр айта білген. Ал «адамның жаласынан, бұлтың аласынан, көрінер көрінбес мың да бір пәлесінен, патша құдайым өзі сақтасын» деген тіркесті тек қана ұлы ақындар айтса керек!

Мәшһүр Жүсіптің «Қара месінде» жар-жардың жалғыз ғана түрі берілген. Атап айтсақ, бұл – ұзатылар қыз жағындағы қыз-келіншек пен жігіттердің жиналып хормен айтысуы. Аталған топтың бір жағы өзінің туған әке-шешесін, аға-інісін, жеңгесін қимайтынын айтса, екінші жағы жаңа түсетін келіннің жаңа тумалары болатынын, олардың жас келінді өз

туғандарынан кем көрмейтінін толғайды. Осы жар-жарды екі жақтың да айту мәнері, сарыны, сөз саптауы, бір-біріне егіздей ұқсас.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбасынан алынған «қаршығаны мақтау» атты туынды да бас-аяғы тегіс, жұп-жұмыр келген, он бір буынды қара өлең түрімен жазылған әдемі бір дүние. Бұл шығармадан тек қаршығаның қадір-қасиетін түсініп қоймай, сонымен бірге, құсбегінің де ішкі жан-сырын, психологиясын, Ғабит Мүсіреповше айтқанда, «сәл асыға сөйлейтінін, сәл асыра сөйлейтінін» шамалаймыз. Құс салу да, тазы жүгірту де – серіліктің бір түрі. Сондықтан да «Сұлу қыз тұрушы еді, «келсең кел», – деп аңшының аузынан шыққан әзіл-шыны аралас өлең жолында артық ештеңе байқалмайды.

Әдеби үлгіні жинаушының «Қара месінде» оқушыны тебірентер отты сөздер де аз емес. Тақпақтап айтылып жатталып қалатын талай-талай сөз үлгілері жетерлік. Олардың қай-қайысысы болмасын, ойға қуат, сенімге күш жалғайды. Адамды салмақ сақтауға шақырады, «әр нәрсенің де сұрауы бар, тек оған жеткенше төзімділік керек» дегенге үндейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қара месіндегі» ендігі бір айырықша көңіл аударатын материал – Толыбай туралы аңыз. Бұл Толыбайды «Пәлі, Толыбай» деп те атайды екен. Жинаушы «пәлі, Толыбай» атауын былайша түсіндіреді: «Бұрынғы заманда Арғынның қойшысынан өрт кетіп, Ұлы жүз Үйсін Арғыннан даулаған екен. Сонда соның бітіміне Ұлы жүз Үйсіннен Төле би шыққан екен. Арғыннан Толыбай шыққан екен. Үйсін Төле би «Қолыңмен салған өртті етегіңмен қалай сөндіремін – деп келдің, Толыбайым: «Алладан деп білсеңіз, қойыңыз, адамнан деп білсеңіз, алыңыз» – деген екен. «Пәлі, Толыбайым, жарайсың, жарайсың» – деп Төле би тақ тұра қалған екен. Содан «Пәлі, Толыбай» атанған екен деседі. Толыбай мал тауып келмекші болып Орал тауындағы Естекке аттанады. Сонда ол көп жүреді, тіпті бірнеше жыл жүреді. Жай жүрмейді, былайша өлендетеді екен:

Ау, көк көгершін, көк көгершін,

Көк кептер ұшар жем үшін.

Қара сабам жоғы үшін,

Қатын-балам қамы үшін,

Тең құрбымнан жем үшін,

Ерлер жортар хал үшін.

Бұл жыр жолдарында да байырғы батырлық сарыны, жорық дүбірі суреттеледі. «Едіге жайлы» да М.Көпеев ел аузынан естігенін жинаған екен. Ұзақ жыр емес, қысқа ғана өлең. Кішкентай ғана үзінді бірде қара өлең, бірде тақпақ түрінде берілген.

Мәшһүрдің сөздің қадірін білуге, оны аса қасиет тұтып, бағалауға үндейтін жерлері аз емес. Өзі ақын болғандықтан да болу керек, ол жадында сақталған сөз маржандарының бірде-бірін назардан тыс қалдырмауға тырысты! Мысалы, оның қолжазбасында: «Жан бір асыранды құс. Дүние бір қапас. От, су бермесе қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған қорек беру керек. Адам баласы қайдан тамақтан семіреді, құлақтан семіреді. Мұнан мағлұм болды, жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның қорегі құлақ сүйсінер

сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып, тырмысу керек», – делініпті. Дәл осы ой, дәл осы пікір бүкіл адамзат баласына ортақ. Шынында да адам жаны жақсы лебізге, әсем әнге тәтті күйге ынтық.

«Ақын-жыраулар туралы» атты бөлімде Мәделі қожа, Шернияз, Төлеген қожа, Алтыбас Қыпшақтан шыққан Ақмолла, Шортанбай, Абай, Қайырхан Көпейұлдарының бірді-екі өлеңдері берілген. Бұл өлеңдердің негізгі идеясы – өмірдің бір қалыпты емес, өткіншілігін толғау. Олардың мазмұнына қарасақ, адам әркез күрескер болу керек. Сонымен бірге, адам күні адаммен дегенді де еске салып қояды. Осыған мысал ретінде Қайырхан Көпейұлының мына бір шумағын келтірейік:

Тиеді ер пайдасы сасқан жерде,
Етегін ер жамылып басқан жерде.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге, –
деп толғайды ақын.

Жинаушының қолжазбасында Абылайға байланысты ел аузынан жиналған аңыздар да мол. Әрине, Абылай аты аталған тұста Бұқар жыраудың да болатыны белгілі. Сондықтан бұл аңыздар тек Абылай жайында емес, ол өмір сүрген кездің ел қамқоры болған жақсы адамдары мен ақындары жайлы жазылған.

М.Көпеев біраз айтыстарды қағаз бетіне түсіріпті. Ол айтыстардың қалай, қандай жағдайда болғанын, кімдердің жеңіп, кімдердің не себепті жеңілгенін де айта кетіпті. Қайым өлеңнің, жырдың кімнен басталғанынан да біраз мәлімет беріпті. Ол былай дейді: «Бұрынғылар домбыра ұстап, өлең айтатұғыннан қайым білесің бе деуші еді. ...Қайым деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда қайым өлеңнің ілкі басы Күдері қожа мен Ұлбике қыздың айтысы. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ. Бұлардан бұрын жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлеушінің тұңғышы – Ноғайлыдан шыққан Мөңке би, қазақтан жырлап сөйлеушінің басы – Бұқар жырау», – деп жалпы қайым өлең мен жырдың шығу, қалыптасу жайында біраз сөз етті.

М.Көпеев материалдарынан қазірше бес айтысты алып отырмыз. Олар: «Ұлбике мен күдері қожа», «Жанақ пен Түбек», «Шортанбай мен Орынбай», «Қыз бен жігіт», «Ақбала мен Боздақ». Осы туындыларды талдай отырып, мынандай ой түюге болады – айтыста сол дәуірдің сипаты, адамдардың тірлік - қарекеті әжептәуір көрініс табады екен. Айтыс үшін жалғыз ақындық аздық етеді. Оған қыруар білімдарлықтың қажет екені жұртшылыққа белгілі жай. Ақын дегеніміз, ең алдымен, халықтың сайрап тұрған «тілі, соғып тұрған жүрегі».

Ел арасындағы кейбір қиын жағдайды, жәй адамның айта алмай іштей тынып жүретін ауыр халін ақын тірі жаннан сескенбей батыл толғай береді. Ал өліп қалған адаммен тілдесуі де, ол жөнінде айтып, ішкі шерін тарқату да тек ақындардың қолынан келетін іс. Біз «Ақбала мен Боздақ» айтысындағы осындай шеберлікке қызыға қараймыз. Боздақ өзі үшін де, Ақбала үшін де

өлеңді кезек-кезек шығарып, сөз жүйесін қуады. Бұл жағдай халқымыздың тумысында ақын екендігін айтпай танытатын шындық.

Мәшһүрдің «Қара месінің» «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Асанқайғы», «Еділ – Жайық», «Желкілдек», – деп аталатын бес ертегіні алып отырмыз. Осы ертегілердің ішінде «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған» және «Желкілдек» өлең түрімен жазылумен ерекшеленеді. Әсіресе, «Алтынбас» бастан-аяқ он бір буынды қара өлең түрімен өрнектелген. Ал «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қақтығысымен ерекше, бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Желкілдектің қарсыластары да осал емес. Бұл туындыдағы айрықша бір кейіпкер – мыстан кемпір. Ол айла-шарғысымен, неше түрлі сұм-сұрқия іс-қимылмен көзге түседі. Бір сөзбен айтқанда халық армандаған алып батыр да, сұлу да ақылды қыз-келіншектер де зерек қариялар да бұл ертегілердің ішінде баршылық.

Жинаққа батырлар жырынан біреуі ғана енгізілген. Ол – Мәшһүр қолжазбасынан алған «Сайын батыр». Бұл жыр – қазақ-ноғай жыры делінеді. Хатқа түскен нұсқасы өзі алдына, ел аузында сыны түспей сақталғанын жырдың айрықша көркемдік қасиеті деп білеміз. Сайын батыр да қалмақпен шайқаста жеңіске жетеді. Оны Киікбай мен Бөгенбай атты ұлдары өзі сияқты ержүрек батыр болады. Халықтың қиялынан туған бұл жыр «Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды.» деген даналық сөзді еске салғандай.

Библиографиялық тізімдер

1. Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс- Поиск» 2003 ж 184-190 б
2. Әлиханұлы Ж. «М.Жүсіптің әулеті» Егемен Қазақстан 2003 ж 14-20 б
3. Дәуітұлы С. «Халықтың інжу маржаны-ай» Қазақ әдебиеті 1992 ж 156
4. Дәуітұлы С «М.Жүсіп шежіресі» ұлт тағылымы 2002 ж №4 86-89 б
5. Жұматаева Е. «М.Жүсіп шығармаларындағы дидактиканың пәлсапалық негізі». Қазақ тарихы №1 4-9 б
6. Көпеев М.Ж. «Әулие ақынның туындысы». Сарыарқа 1995ж №5 8-35 б

Дауренбекова А.А
Астана қаласы
№64 мектеп –лицей
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, п.ғ магистрі

М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫ РУХАНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПАЛИТРАСЫ

Зерттеуде қазақ ұлтының сөз өнері әлеміндегі аса талантты өнерпаз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар жүйесі таным-тағылымдық тұрғыдан өндіре талдап таразыланады. Ақынның көркем шығармашылықтағы көтерген мәселелеріне шолу жүргізіледі. Ұлттық тұлға ретіндегі ақындық көзқарастың табиғи қырлары ашылып, жаңаша пайым көзқараста тұжырымдалады.

Ғасырлар көшінің ХХІ-ші кезеңінде барынша қарқындай түскен ғылыми техникалық даму жағдайы ой танымдағы тың бетбұрыстарға жол ашып берді. Бұл құбылыс тарихи жады шайылып, ұлттық сападағы дүниетаным моделінен жаңылған қазақ халқының ұлттық сана серпілісіне игі әсерін тигізді. Соған орай өткенімізді сыни көзқарас елегінде екшеп, ұлттық құндылықтар жүйесін ғылыми негізде ізерлей отырып зерттеп, зерделеудің зәрулігін етене сезіне түстік.

Өйткені тоталитарлық жүйе тұсындағы шектеу принциптері мен саяси-идеологиялық бұрмалаушылықтар салдарынан ұлттық сипаты басым құндылық атаулы тегіс терістелді. Осындай шындыққа кереғар құбылыстар біздің халықты ұлттық дүниетаным тамырынан қол үздірді. Табиғилыққа қарама-қайшы бұл үрдіс ойлаудағы орашолақтыққа дағдыландырып, таным түсініктегі таяздыққа әкеп соқтырды. Ұлттық сана, ұлттық рух біржолата семіп қалмағанымен, мейлінше әлсіреп кетті. Ал «Рухы асқақ халық қана ұлы істерді атқара алады» дегендей, келешектің кемел, жолымыздың жарқын болмағы тікелей сол ұлттық рухтың қуат-күшімен байланысты. Ұлттық идеологиялық маңызы теңдессіз осы қажеттілікті барынша жандандырудың түп қайнары ол – ұлтымыздың рухани қор көздерін құрайтын, тарихи тұлғалардың тағылымды мирасы, асыл ой, асқақ рухты идеялары.

Заманауи зардаптар орайында бір кездері әдебиеттен шеттетілген ұлтымыздың кемел тұлғаларының қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Кейінірек әдебиет айдынына қайта енгенімен, шығармаларының ұлттық маңызы қою тұстары қасақана көлегейленіп отырды. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы да толыққанды түрде игерілмеген күйде. Қоғамдық өмірдің өзекті тақырыптарында ой толғап, қаламгерлік қабілетін қайраткерлік болмыста ұштай білген өнерпаздың күрмеуі қиын ой сабақтастықтары зерттеудегі таптаурын тәсілдерден арылып соны соқпақпен жол салуды қажет етеді. Себебі өнер-білімі мен ілім-білімнің

куатымен әулиелік өреге қол артқан тұлғаның дүниетаным дариясы терең иірімді. Ұлттық сипатқа бай ақындық мұраның танымдық сыры тарихи жадымен тамырласып жатыр. Абай өнерпаздығының күрделі болмысы жөнінде А.Байтұрсынұлының «Ойланып дағдыланған кісі болмаса, көп сөздерін түсіну мүмкін емес... Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны сынайды» деген пікірі Мәшһүр Жүсіптің де кемеңгерлік кеңістігіне қатыссыз емес. Себебі түркілік дүниетаным дәстүрінде өркен жайған құндылықтар жүйесінің ара жігін салмақтап, табиғатына бойлау үшін тыңғылықты даярлық қажет. Әрбір ой үзімі ұлттық колоритімен айшықталып тұратын ақындық көзқарас, таным қатпарларының сырын танып-білу ойлаудағы ұшқырлық, талдаудағы жан-жақтылық пен жүйелілік, дәйектудегі дәлдік, тарихилық, ғылыми негізділік мәселелеріне тығыз байланысты. Ғұламалық өре мен өнерпаздық шеберлік терең үндескен шығармашылық тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасын аталған зәруліктер тұрғысынан зерделеуге қадам жасалынды.

Кодтық үлгідегі ұлттық бірегейлік сырлары тереңінен астарланған құндылықтарды танып-білу, ұлықтау, ұлттық сананы жаңғыртудағы өзекті желілердің жайын айқындап және сол аталған құндылықтардың белгі-бедерін әдеби шығармашылық өрнегінде өрістеткен өнерпаздық шеберлікті тану, білу, насихаттау мақсатында төмендегі міндеттер белгіленді:

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылық әлеміне шолу жүргізіп, өнерпаздық болмыстың өзіндік қырларын ізерлеу;
- Ақындық мұра ауқымындағы дүниетаным дестелерінің рухани құндылықтық сипатын саралап, салмақтау;
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ой толғамдарының танымдық сырын зерделеу;
- Ұлттық тұлға ретіндегі Мәшһүр Жүсіптің қайраткерлік көзқарастары ұлттық идеологиялық, гуманистік тенденция сабақтастығында айқындап көрсету.

Түпнұсқа күйінде оқып танысқан шығыс ғұламаларының еңбектері Мәшһүр Жүсіптің рухани кеңістігін байытты. Десек те, дүниетаным діңгектері өзінің төл мәніндегі түркілік қалыбында мықтап бекітілген-ді. Көне түрік тілімен қатар, қазақ даласында ғылым тілі ретінде етек жайған араб, парсы, шағатай, осман тілдерін жан-жақты меңгерген тұлға еңбектері негізінен ғылыми-танымдық және тарихилық сипатымен құнарлы. Білім мен өнердің құдыретін жете сезініп, құнын бағалай білген атасының жетелеуімен ерте бастан ауыл молдаларынан сауат ашқан Мәшһүр Жүсіп есейе келе еліміздің әр аймағын аралайды. Ұзаққа созылған сапар барысында көкірек көзі ояу, санасы сергек ел арасындағы зиялылармен етене тіл табысып, ой алмасып, пікір жарыстырып өзінің білім қорын байытқандығы мәлім. Бірқатар жылдар бойына елден жырақтап шығуының өзіндік себептері болғандығы да мәлім. Қоғамдық тараптан жасалынған қысымға байланысты болғанымен, ел адақтап, сапар шегу кезеңі оның білім кенін байытуға баса көңіл аударады. Тіпті Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі сапарында тарихы сандаған жылдарға созылып жатқан атақты Көкілташ медресесінде іліми

сауатын шыңдап, шығыс ойшыл-ғұламаларының еңбектерімен індете оқып танысады.

Соның арқасында «Құран тәжуиті», «Құран тафсирлері», «Иман қағидалары», «Хадис шарифтер», «Нәбилер тарихы», «Діндер тарихы», «Сахабалар, әулиелер тарихы» атты ислами ілім жүйелерін жан-жақты игереді. Сөйтіп рухани кеңістікке самғай көтеріліп, ілім-білімнің тереңіне сұғына бас қойған Мәшһүр Жүсіп ислам ғұламаларының дәстүрін жаңғыртады. Хақтану бағытында асқан табандылықпен талмай ізденіп, әулиелік өреге қол артқан жан. Рухани кемелдену бағытындағы оның барлау, байламдарының дені ілім мен діннің біртұтастығына құрылады. Еңбектерінде хақ дініміздің құндылықтарын ғылым мен ілім жүйелері желісімен ширатып отыратын Мәшһүр Жүсіп ой тұнбаларының жалпыадамзаттық сипаты зор. Сондай-ақ өзінің кең масштабты дүниетаным ауқымында қорытылып шыққан концептуалды ой-маржандарын ғылыми-поэтикалық үлгіде өрістету шеберлігі жағынан озық үлгіде танылған өнерпаз.

Дін исламның жаһандық өрісте етек жаюы, ондағы жалпыға ортақ құндылықтар жайына байланысты түйінді сауалдарды талдап, тарқатып, түсіндіру, насихаттаудағы тіл өрнегі тиянақты Мәшһүр Жүсіп өзіндік бояуын тапқан суреткер. Ислам дінінің қасиеті мен оның қоғам және адамның рухани өміріндегі маңызы туралы ой дестелері оқырманның таным шеңберін барынша кеңітеді. Мәселен Қасиетті Құран Кәрімнің адамзат қауымына түсудегі өзектілік мейлінше әдеби үлгіге бейімделіп талдап түсіндіреді. Жаратушы және жаратылыс арақатынасындағы жауапкершілік рухани кемелділік тәрбиесінің түпқазығы, адамдықтың адастырмас сара соқпағы ретінде тарқатылады. Шығармашылығында діни теологиялық терминдердің еркін, әрі кеңінен қолданылуы жағынан да оқырман тарапқа өзіндік жүк артылады. Себебі ол терминдер ғұламалық ой-тұжырымдардың тиянағын контекстік құрылымда қамтамасыз етіп, концептуалдық сипаты жағынан күрделендіре түсетіндігі анық.

Гибрат ал атқан таң мен батқан күннен,
Шықпассың адам болсаң айтқан жөннен.
Басыңа қайғы келсе қапа болма,
Тарылып, назаланып шықпа діннен.

- деп, жалпыға ортақ қозғалыс заңдылығына бағынатын қоршаған орта мектебінен тәлім алуды - рухани жетілудегі тиімді әдіске жатқызады.

Өнер-білімді құрметтей білген отбасылық тәрбие Мәшһүр Жүсіптің жастайынан әдеби шығармашылыққа қанат сермеуіне игі ықпалын тигізді. Отбасылық тәрбие арқылы берілген есті әңгімелер, ертегі, жыр-дастандардың әсерінен ұлттық жадысы мығым, рухты азамат болып қалыптасты. Оның әдеби шығармашылық жолы шамамен он бес жасынан басталады. Ақындық шеберлікті – Жаратушыдан берілетін сый-сыбаға ретінде бағалағандығы:

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қылысың- деді таста.
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.

Шүкірлік, бергеніңе, құдай патша,
Он бесте шабыттанды жүйрік атша
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша, – [10, 5 б.]

деген өлең жолдарынан аңғарылады. Өнерпаздық ғұмырының дені өнер-ғылым үйрену бағытындағы табанды ізденістерден тұратын Мәшһүр Жүсіп, өз бойына жиған-терген қазына-дәулеті, яғни рухани қорын өлең үлгісінде өргізді. «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деп аталатын туындылары ХХ ғасыр бастапқы шағы, яғни 1907 жылы Қазандағы Құсайыновтар баспасынан басылым көреді. Соңыра сол баспаханадан еңбектері жарыққа шыққан он төрт автордың кітабы цензура тарыпынан сынға ұшырап, сотқа тартылады. Солардың қатарында Мәшһүр Жүсіптің де атап көрсетілген үш кітабы болады [9, 55 б.]. Осы жағдайдың барысында ғұламаның ұлт тағдырын тәлкек қылған отаршыл билікке қатысты қайраткерлік көзқарастары сыр береді.

Өзіне дейінгі ұлт ұстазының ұстанымын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы адамның теріс қырларын түзеу, қоғамды түзі жолға салып, тәрбиелеу мақсатында өрістетті. Жалпыадамзат қауымының даму бағытында ешқашан мәнін жоймайтын осы классикалық мәселе ақындық туындылардың басым бөлігін алып жатыр. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Табиғат ғибраты» атты туындысына: «Адам қалай қылғанда адам болады?» деген сауалдың ізімен іздене келе: «Ұшқан құс, жүгірген аңнан ғибрат алып, солардың мінезіменен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, палуан жолбарыс білекті болып келсе, досы көп болып, дұспаны жоқ адамнан осы екеуінің жүрегі, білегі табылады», – деп тұжырымдайды. Әрмен қарата: «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын. Зеректігі байғыздай болсын. Жүрісі маймылдай болсын. Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын. Орнына қарай мінез қылсын. Сонда адам болып, адам қатарына кіреді», – деген ой байламын жасайды [1, 81 б.]. Осы айтылғандарға қарап, айнала тегіс қоршаған ортаға ақынның тағылым мектебі мәнінде мән беретіндігін аңғаруға болады. Қайбір жаратылыс түрі болмасын, өзіне тән ізгі қыры болатындығы, сол құндылығы арқылы айрықшаланатындығына баса назар аударылады. Осы тұста ақындық өнер алыптары ретіндегі Абай мен Мәшһүр Жүсіптің басын тоғыстырып тұрған «Өнерпаз болсаң, әрқалан» (Абай) деген ой қорытындысы екендігін сезінуге болады.

Тәрбиенің түп тетігін тұлғаның өз әрекетімен сабақтастықта қарастыратын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жаман қасиеттерден арылып, жақсы болуға бет түзеуде ең алдымен адам өз бойындағы жаман әдеттерді тексеріп, танып, біліп алу қажет дегенге оқтам қылады. Демек жаман әдеттер тыйылудың бастамасы олардың барысын анықтап алудан басталады екен. Сонда бұл мәселенің адамның сыншылдық көзқараста ой толғау дағдысына қатысы ашыла түседі.

Осы тұрғыда Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүріп жатқан дәуірдің шындығын қопара зерттеп, оның ішкі және сыртқы белгі-бедерін елдің моральдық-әлеуметтік жайымен сабақтастықта қорытады. Халықтың әлеуметтік тұрмыс-

күйіне мейлінше тереңінен үңіледі. Қоғамдық қозғалыстарға сыни көзқараста сараптама жасай отырып, ондағы қарама-қайшылықтардың туындау барысын айқындауға тырысты. Ол осыған дейін айрандай ұйыған елдің құтын қашырып, өзара талас-тартыс, дау-шарың шоғын үрлеу арқылы бас пайдасын кйттеп жүрген залым қулардың, зұлымдықтың бетін әшкереледі.

Демек, ақын адам және оның қоғамдағы орны, олардың жақсы-жаман іс-әрекеттерінің жайын толғауда «жақсы адам деп кімді айтамыз, жаман адам деп кімді айтамыз?» деген сауалға жауап іздейді. «Жақсы» мен «жаманның» ара жігін ажырату барысында жағымсыз мінез-машық белгілерін анықтай келе, «жақсы» болудың шарттарын нақтылайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылық мұрасының асыл арқауы – түзу адам тәрбиелеп, қалыптастыру. Соған байланысты өнер-білім тақырыбын өмір талаптарымен өзектестікте қорытып, дала дәстүріндегі ізгілік ілімдерінің жүйесін жаңғырта дамытушы.

Библиографиялық тізім

- 1 Көпейұлы М.Ж.. Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008.
- 2 Көпейұлы М.Ж.. Шығармалары. 4 том. – Павлодар: «ЭКО» –
- 3 Құнанбайұлы А. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002.
- 4 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. - Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005
- 5 Көпейұлы М. Ж. Шығармалары. 4 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.
- 6 Көпеев М.Ж. Таңдамалы шығармалары. Алматы Ғылым, 1990, 1 том, 156-157
- 7 Марғұлан Ә. М.Ж.Көпеев// «Қазақ әдебиеті», 1940, 5 қаңтар, 4 б.
- 8 Көпеев М.Ж. Хал-ахуал. Өлеңдер жинағы. Қазан. 1907, 14- 20 б.
- 9 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасы. Жұмағыз Шалғымбаева «Қыспақ көрген кітаптар» // «Мәдениет» газеті №13, 1993 жыл, 14-15 б.

Дженсыбаева Салтанат Калиолдановна
Астана қаласы әкімдігінің
«31 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог –зерттеуші, магистр

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тіршілік – Адам болмысын қалыптастырудың жалғыз, абсолюттік мүмкіндігі. Адам тіршілік ете отырып, өмірдің мәні туралы ойларын, ұстанымын қалыптастырады. Тіршілік - адамға берілген болмыс, ал адам осы болмыстың барлық көріністерінен мән іздей отырып, саналы ғұмыр кешеді. Адам болмысын айшықтайтын ұлттық құндылықтарға адамгершілік, ұждан, намыс, жауапкершілік, үміт жататыны хақ. Ал, дәл осы ұғымдар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларынан көрініс табады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ХХ ғасырдағы түркі халықтарының өміріндегі қалыптасқан ұлттық құндылықтарды дамыта отырып, өзіндік сара жолын қалыптастырушы тұлға. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы-ұлтымыздың дана перзенттерінің бірі. Осынау ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, көрнекті ақын, ойшыл, рухани қайраткер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бітім-болмысы, шығармашылық мұрасы әлі күнге дейін зерделеніп біткен жоқ. Балалықтың бау-бақшасынан даналықтың дариясы деңгейіне көтерілген ұлы тұлғамыздың басты мақсаты- ұлтымыздың құндылықтарын насихаттау болды. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің арқауы – жеке адам болмысы мен қоғам өмірінің байланысы, соған орай туындайтын алуан проблемелар. Бұл орайда, қаламгер өз кезінің санасы сергек, ойы озық ағартушысы ретінде танылды. Оның қазақ қоғамының экономикалық, әлеуметтік және рухани тыныс-тіршілігін, олқылықтарын терең түсінгендіктен еңсесі биік ел болуға уағыздап, үгіттеген туындылары – соның дәлелі. Айталық, «Қара өлең» деген өлеңінде:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы ,
Айыра алмай жақсы менен жаман парқы .
Баласы дін мұсылман ояныңдар ,
Көрінер өз пайдасы жұрттың нарқы
Әркімнің өз пайдасы- ойлағаны,
Тереңге түсіп жатыр –бойлағаны
«Хұрият» деген сөзді жоқ қылам!- деп,
Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны.
Ойлайды бізді ілем деп бармағына,
Көрсетіп зорлық күшін жан-жағына.
Бас қамын, жан пайдасын ойлаңыздар,

Жақсы емес, түсе берсең қармағына.- деп толғанса, ойын әрі қарай дамыта түсіп, былай дейді:

Өнерге ғылым- білім болсаң жерік ,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік .
Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә ,
Табылар мұңлы зарлы саған серік .

Мәшһүр жұртшылықты адал еңбек етуге, рухани көтерілуге шақырып қана қоймай, халықты жарыққа шығарудың бірден-бір жолы – оқу-білім деп түсініп, соны бағыт-бағдар ретінде нұсқайды. М.Ж. Көпейұлы – өз заманының барлық болмыс-бітімін, бүкіл қазақ халқының тыныс-тіршілігін, рухани және мәдени өсу деңгейін, кем-кетік жақтарына кеңінен тоқталып, тереңнен толғаған қаламгер. Оның «ұйқыда жатқан» қараңғы халықты оятпақ болып, жұртына жақсылық пен жаңалықты түсіндіріп, өркениетті ел қатарына қосылудың жолын көрсетуге тырысқан туындылары бұған толық куә.

Егер де ісі жақсы болса ұнамды,
Талап қып ыждахатпен бас қадамды!
Айна қыл өзінді өзін түзетуге ,
Бұл жүрген жақсы, жаман көп адамды.
Не пайда маңдайдағы екі көзден,
Салмақта, ақылыңды қылып безбен.
Айтыпты Лұқпан әкім өсиет қып:
«Мен білім үйрендім,-деп,-білімсізден!»
Өнерге өзінді-өзің ерте баулы,
Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы.
Қауіп-қатерсіз, қайғысыз болам десең,

Араз боп еш адаммен болма даулы! - дейді ақын «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» деген өлеңінде. Бұл – туған халқының қамын ойлап қамыққан, болашағы үшін жабыққан қайраткер сөзі. Қамығып қана қоймай жанын ауыртқан сол дертке шипа іздеп, қалың бұқараны ғасырлар бойғы бойкүйездіктен, сауатсыздықтан арылып, өнер мен ғылым үйрену арқылы көңіл көзін ашуға шақыруы – қайраткерлік қарымы мен құлашын байқатады. Міне, автор адамзатты адамгершілікке шақырып отыр. Дүние үшін емес, ел қамы үшін қам же деген ой салады.

М.Ж.Көпейұлының ағартушылық бағыты оның поэзия саласындағы туындыларында әсіресе айқын сезіледі. Ол өз тұсындағы ел тіршілігіне көз жүгіртіп, мынау жақсы, мынау жаман деп тайсалмай, өз пікірін күлбілтесіз батыл айта білген. Мысалы, оның «Адам екі түрлі» атты өлең жолдарынан көруге болады

Мысала адамзаттың ағаштай-ды,
Қу ағаш мәуесі жоқ, жараспайды
Терек қанша аспанмен таласқанмен,
Бұлттан биік болып, бойы аспайды.
Қалдырған су түбінде дүрдің тасын,

Түспейді көзге әр нәрсе, болса асыл.
(Бір тамшы көрмейсің садап асын).
Мәуесі басқа ағаштан көп болғаннан,
Көтермес үзім ағашы жерден басын.
Жақсылық, қайыр, ықсан қылған ісі,

Адамның қымбат баһа сол жұмысы -деген үзіндінің мағынасы тереңде жатқаны байқалады. Бір адам бар мейіз ағашы сықылды жемісін беретін, бір адам бар терек ағашындай отқа отын болғаннан басқаға жарамайтын дегенді айтқысы келді. Ақын жақсылық пен жамандық жайында, адамның мінез-құлқы мен жеке қасиеттері туралы ой толғайды. Ол адам бойындағы адамгершілікке жат қылықтардан қатты жиіркеніп, ашына суреттейді. Бұл сипат оның «Жалқаулар туралы айтқаны», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол», «Жеткізер, құдай, пенде, қылса талап» және т.б. өлеңдерінен айқын аңғарылады. Бұл шығармаларында ол:

Балалар жалқау болмай оқы сабақ ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ .
Айрылса оқу оқып білгенінен ,

Біз оны деп айтамыз Арамтамақ ! – деп жастарды ерінбей еңбек етуге, оқу оқып, білім алуға, сөйтіп ілгері ұмтылуға үгіттесе, енді бірде салақтық пе жалқаулықты сынға алады:

Кедей болар кері кеткен ұйқысы мол , ,
Сайрап келіп тұрады үш қара жол .
Кедейліктің бір үлкен жерік асы ,
Жаман қатын бар үйден үзбейді қол .

Шайыр кедейліктің түп тамыры еріншектікте деген қорытынды жасайды. Немесе:

Парқы бар жақсының да жақсыменен ,
Балгер бірдей бола ма бақсыменен .
Артымда ненің барын мен білем бе ,

Жамандық қанша болса тапшы менен - деп адамгершілікті мадақтап, оған жат қылықтарға жирене қарайды.

«Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңінде қалыпты пішіндегіні көрмейтінді, ал өте ұсақ құмырсқадай затты көзі бардан артық көретінді «соқыр» деп алып, әдеттегі дыбысты естімесе де, сыбырды құлақтыдан бұрын еститінді «саңырау» деп бейнеленген. Осы соқыр, саңырауға серік болып жүрген «жалаңашқа» келсек, оның киімінің жаға-жеңі жоқ, тек ұзын етегі сүйретіліп жүреді. Оның «жалаңаш» аталуының себебі – ұят жерінің көрініп тұрғандығынан екені айтылады. Сөйтіп, көруі мүмкін емес соқырдың «көрдім» деуі, естімейтін саңыраудың «естідім» деуі және мұны естісімен, ұзын етегінің ұшын кесіп алудан жалаңаштың қауіптеніп, алдымен қашуы ой саларлық түйінге бастайды.

«Жалаңаш айтты:

- Екі ит не етті?» - дейді,

- Алып шығып елсізге кетті!»! - дейді.

- Бірің көрдім, біреуің естідім - деп,
Зәремді алып түбіме жеттің! - дейді?

Онда екеуі шап берді жалаңашка:

- Табылса ортақ боласың даяр асқа.

Елден бұрын алақтап тұра қашып,
Нең бар еді сонда артық бізден басқа?!

Жалаңаш екенінді жұрт көріп тұр,

Мені алар деп келсе жау, қылдың ғой қор.

«Етек -жеңім ұзын», - деп мақтанасың,

Киім жоқ, етек-жеңің қай жақта жүр?!

Өңір менен тауып-ақ жаға-жеңді,

Жұртқа айтсайшы сонан соң «етек кеңді».

Киімің жоқ үстінде тонайтұғын,

Жау алғанда, алады сенің неңді? - дей келіп, одан әрі автор «соқыр, саңырау, жалаңаш» дегендердің кім екенін жинақтап бейнелейді.

Адами болмыстың ұлттық құндылықтарын өз туындыларына арқау ете отырып, өскелең ұрпаққа дұрыс жолды меңгейді. Саналы ұрпақ қалыптастыру жолында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін туындыларының өміршендігі мәңгі жалғасады. Қазақ елінің дана абызы мен қайраткері ұлт үшін жасаған қызметі мен дана, өнегелі сөздері қапас құрсауынан азатыққа шығып, қайта оралып, жұрт көкейіне қонғанына да ширек ғасыр уақыт өтті. Бұл уақытта тәуелсіздігімізге, оның табыстарына, мемлекетіміздің қуаттануына масаттанып та, мақтанып та үлгердік. Болашағына сенген мәңгілікке ұмтылған елдің ұл-қызы кешегісін біле отырып, бүгінмен сабақтастыра алуы керек екенін ұмытпаған жөн. Кешегі абыз ақсақалымыздың әр сөзі мен ойының бүгінгі күні де өз өзектілігін жоймағандығының дәлелі. Ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасы – нағыз парасаттылықтың, инабаттылықтың, киеліліктің, ар-намыс пен тектіліктің жарқын үлгісі. Асыл мұралары қазақтың тарихын түгендеуде, әдебиетін жүйелеуде таптырмас алтын қазына. Сол қазынаны ұлтымызға және әлемге жеткізу – бүгінгі ғалымдардың, аудармашылардың абыройлы міндеті.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ХХ ғасырдағы түркі халықтарының өміріндегі қалыптасқан рухани құндылықтарды дамыта отырып, өзіндік сара жолын қалыптастырушы тұлға. Ұлы ойшылдың шығармашылығын жан-жақты әрі терең зерттей келіп, оның екі ғасыр аралығындағы қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін бедерлеуіне әділ де нақты бағасын бере отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін туындылары жан-жақты

қарастырылған. Қаламгердің шығармашылығындағы негізгі ұстанымдары айқындалып, ұлттық құндықтарды насихаттайтын тың туындылардың адам өміріндегі маңызы көрсетілген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тағылымдық өлеңдеріне терең талдау жасалынып, жас ұрпақтың дұрыс тәрбиеленуіндегі маңыздылығы анықталған. Ұлы ойшылдың негізгі ұстанымы зерделеніп, өседең ұрпақ өмірдегі негізгі тәрбие бағыттары қарастырылған. Ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасы бүгінгі күнде де өзектілігін жоймаған асыл қазына екені дәлелденген. Қазақ қоғамының экономикалық, әлеуметтік және рухани тыныс-тіршілігін, олқылықтарын терең түсінген қаламгердің шеберлігін зерттей келе, сол жолда өзінің терең мағыналы туындыларымен еңсесі биік ел болуға үлес қосқан зиялы азамат ретінде танытқан. Тақырыпты зерттеу барысында жинақтау, болжау, саралау әдістерін қолданылған.

Annotation

Mashur Zhusip Kopeiuli is a person who developed his own unique path while developing spiritual values in the life of the Turkic people of the 20th century. Having comprehensively and deeply studied the creativity of the great thinker, his works glorifying national values, giving a fair and accurate evaluation of the way of life of the Kazakh society during the two centuries, are comprehensively considered. The main positions in the artist's work are defined, and the importance of new works promoting national values in human life is shown. The educational poems of Mashur Zhusip Kopeiuli have been deeply analyzed and their importance in the proper upbringing of the young generation has been determined. The main position of the great thinker is studied, and the main directions of education in the life of the next generation are considered. It has been proven that the rich spiritual heritage left by Mashur Zhusip Kopeiuli to the next generation is a precious treasure that has not lost its relevance even today. While studying the skill of the writer, who deeply understood the economic, social and spiritual life and gaps of the Kazakh society, he presented himself as an intelligent citizen who contributed to the development of the country with his profound works. In the course of researching the topic, methods of collection, forecasting and differentiation were used.

Аннотация

Знаменитый поэт и писатель Жүсіп Көпейұлы – человек, проложивший свой уникальный путь в развитии духовных ценностей жизни тюркских народов XX века. Всесторонне и глубоко изучено творчество великого мыслителя, глубоко рассмотрены его произведения, прославляющие национальные ценности, дающие справедливую и точную оценку образу жизни казахского общества на протяжении двух столетий. Определены основные позиции в творчестве художника, показана важность новых произведений, пропагандирующих национальные ценности. Глубоко проанализированы воспитательные стихи Жүсіп Көпейұлы и определено их значение в изучении основной позиции великого мыслителя, а также рассмотрены основные направления воспитания в жизни следующего поколения. Доказано, что

богатое духовное наследие, оставленное известным мыслителем Жүсіп Көпейұлы следующему поколению, является драгоценным сокровищем, не потерявшим своей актуальности и сегодня. Изучено творчество писателя, глубоко понимавшего экономическую, социальную и духовную жизнь и проблемы казахского общества, интеллигентного гражданина, внёсшего огромный вклад в культурное развитие страны своими глубокими произведениями. В ходе исследования были использованы методы сбора, прогнозирования и исследования

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кенжетай, Д. Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы: Оқу құралы / Д. Кенжетай.- Түркістан: Туран, 2004 ж.- 341 б.
2. Әдеби жәдігерлер . Жиырма томдық. 6-том / Құраст.: А. Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б. Сағындықұлы.- 10, 4 МБ.- Алматы: Таймас баспа үйі, 2008.- 488 б.- (Мәдени мұра бағдарламасы.).
3. Қожа, А.И. Диуани хикмет (ақыл кітабы) / Ахмет Исасауи Қожа; Қазақшаға аударғандар: Жармұхамедұлы М, Дәуітұлы С, Шафиғи М.- 4, 91 МБ.- Алматы: Мұраттас орталығы, 1993.- 262 б.
4. Жанайдаров, О. Ежелгі Қазақстан аңыздары : Қазақстан балалар энциклопедиясы / О. Жанайдаров.- 9, 42 МБ.- Алматы: "Аруна" баспасы, 2006.- 248 б.
5. Ахметова, М. А. Мәшһүр-Жүсіптің қысқаша энциклопедиясы том 3 / М. А. Ахметова, А. Ж. Енсебаев, Г.С. Нұрмағанбетова.- 7, 71 МБ.- Павлодар: Кереку, 2008 ж.- 187 б.
6. Тұрышев, А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің морфологиялық ерекшеліктері / А.Қ. Тұрышев.- Павлодар, 2009 ж.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858 жыллы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы өңірінде Найзатас деген жерде дүниеге келген. «Бес жаста «бісміллә» деп жаздым хатты, Бұл тағдыр жастай маған тиді хатты» деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі айтқандай бес жасынан бастап- ақ молдадан хат таныған ол Хамеретдин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұқарадағы Мірараб діни жоғары оқу орнында оқыды. Ақын ауыз әдебиеті нұсқаларымен жас кезінен бастап танысып халықтық жыр-дастандарды жаттап өскен. «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» секілді халық жырларымен Шығыстың хисса-дастандарын жатқа айтуының арқасында Мәшһүр Жүсіп атанды. «Мәшһүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді. Медреседе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып, он бес жасынан бастап өлең жаза бастады. Ауқатты отбасында дүниеге келген Мәшһүр Жүсіптің әкесі де, анасы да ұстамды және сабырлы болған. Отбасындағы осынау ұстамдылық Мәшһүр Жүсіптің де қаршадайынан өз ісіне мұқият қарауына әрі өзіне талапшыл болып өсуіне ықпал еткен. Ол Шорманның Мұсасы салдырған Баянауылдағы медреседе білім алды. Жүсіп Көпейұлының «мәшһүр» атануы туралы ел арасындағы бір әңгіме былай дейді. Мұса өзі салдырған медресеге келіп, шәкірттердің оқуын қадағалайтын болса керек. Бір жолы Мұса көп шәкірттің ішінен ерекше зеректікпен оқитын кішкен Жүсіпке назар аударады. Хазірет Халимолданың рұқсатымен басқа да көптеген өлеңдерді жатқа айтып береді. Сонда таңдана отырып, Мұса: «Сен өзің мәшһүр көпке танымал адам болайын деп тұрған екенсің. Жүсіп атыңа Мәшһүр есімін қосып айтатын бол», -деп ризалық білдірген. Содан бастап Жүсіп есіміне Мәшһүр аты қосылып айтылатын болған. Ақындық жолға бой ұру, алғашқы шығармашылық қадамы он бес жасынан басталған.

Смағұл Сәдуақасов:«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ең алғаш ақындардың өзін, өз руын ғана мақтайтын белгілі әдет дағдысынан бас тартып, халықтың қайғы-мұңын айтып, қасіретін жырлайтын өлеңдер жазды. Оның өлеңдері тұңғыш рет жазба түрде жарық көріп, қазақ әдебиетінің тарихында халықшылдықпен атайтын жаңа ағымның арнасын ашып берді. Оның әдебиетте соны сүрлеу салғанына сол замандағы жас ақындардың көбі ұстаз тұтып, еліктеп жырды жазбаша шығарғаны мысал бола алады». Мұратбек Бөжеев айтқандай «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан қалған мұра ішінде: әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаяларға айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға

қоса ақынның араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін есепке алсақ, оның өз қолымен, жирені әрі шәкірті Жолмұрат қолымен, араб әрпімен жазылған. Олардың кейбіреулері қауырсын қаламмен хадимше жазылса, қалғандары кейін қолданылған араб алфавитімен жазылған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ фольклоры нұсқаларын жинау ісімен көп шұғылданғаны мәлім. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып алуды борыш санағандығы сондай, жыр нұсқалары табиғи көне түрін мол сақтағандығымен көзге түседі».

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің кітаптары мен қолжазбалар, мақалалары түрінде қолжетпес бай мұра қалдырды. Солардың ішінде біздің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы №57 орта мектебіміз осы мәдени мұраның баспалдағы секілді. Біздің мектебімізде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына арналған мұражай ашылды. Осы мұражайдан мектебіміздің ұстаздары, оқушылары тәлім-тәрбие саласында бала мен үлкендердің қарым- қатынасы жайлы еңбектерін оқып, таныса алады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бүкіл тірлігі жастарға өнеге, ол-мол білім иесі, ғұлама. Ақын заман қиыншылығына қарамастан, қоғам өміріне белсене араласып, балаларды оқытты, кітап жазды. Ойшылдың тәрбиелік ықпалы жөнінде айтатын болсақ, балалар тәрбиесіне нақыл сөздерін бірінші сыныптан бастап жаттатып, өлеңдерін бастауыш сынып оқушыларына оқытып, түрлі ауқымды іс-шаралар өткізіп, балаларымыз мән мағыналы тәрбие алуда. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы іліміндегі адамгершілік, төзімділік, адалдық, ізгілік, өмірдің ақиқатын ұғынуға талпыну идеялары біздің мектебімізде із боп қалыптасуда. Өйткені, жыл сайын біздің мектебімізде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. 2023 жылы мектепшілік Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы нақыл сөздерін, өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауы өтті. Бұл байқауда оқушыларымыз өздерінің Мәшһүр атамыздың шығармашылығына деген қызығушылығын байқатты. Менің бірінші сыныпта оқитын оқушым Сарсенбаева Амина Мәшһүр атамыздың нақыл сөздерін жаттап, жатқа мәнерлеп айтып, жүлделі орынға ие болды. Екінші сыныпта оқитын Бекжан Ерасыл деген оқушым да байқауға қатысып ол да жүлделі орынға ие болды. Былтырғы жылы төртінші сыныпта оқитын оқушым Жанбулат Жанерке деген оқушым «Қаламымен ұрпақтарға ой салған Мәшһүр Жүсіп» атты мектепшілік мәнерлеп оқу байқауынан жүлделі орынға ие болды.

2022 жылы күз айында мектеп ұжымы болып Мәшһүр Жүсіп атамыздың кесенесіне барып зиярат етіп қайттық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы осы жерге бейітін өзі салдырып жататын орнын, қалай жерлеудің әдіс-тәсілдерін айтып ұрпақтарына түсіндіріп кеткен. Алайда, 1952 жылдың тамыз айында дінге қарсы саяси науқан белең алған кезде зиярат бұзылған екен. 1970 жылы тарихи ескерткіш үй ретінде қайта тұрғызылғанын біліп келдім. 2006 жылы қазақ елінің тұңғыш президенті «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес әулие бабамыздың жатқан жері, қазіргі өркениеттік үлгіге сай етіп, кесене түрінде қайта салынған екен. Атамыздың басына барып, батасын алып мектебіміздің мұражайы ашылды. Қазіргі таңда оқушыларымыз алыстан

іздемей, өз мектебіміздегі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұражайындағы кітаптарды, түрлі құндылықтарын өз көзімен көріп, қолмен ұстап, санасына тоқи алады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпақтары Әсет Пазылов, Пазылова Динара Шегендікқызы атамыздың мұрасын жандандыруға үлестерін қосып жүр. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп мұражайының қызметкері Әсет Пазыловтың наурыз тақырыбында жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жариялаған мақалалары «Мәшһүр Жүсіп тойлаған «Наурызнама»» кітабында көрініс табады. Дана бабамыз Мәшһүр Жүсіп: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы-наурызнама», -деп жазып кеткен. Мәшһүр Жүсіп куәгері болған-Наурызнаманы жастар біле бермес. Аталмыш кітапта мағыналы әрі мәнді рәсімдерге толы мереке туралы толық жазылған, Мәшһүр Жүсіптің шығармаларымен таныса аласыздар. Жылда бүкіл мұсылман халқы ұлыс күні селт еткізіп ұйқыаштырған қазағым деген тақырыпта Мәшһүр Жүсіп атамыз сол жылдары біліп жазып кеткен. Мәшһүр атамыздың айтуы бойынша жігіт өз тарапынан сүйектен, ағаштан жасалған қазақы ою өрнектермен көмкерілген күміс зергерлік бұйымдарды әзірлеп, немесе, айна, тарак, әтір су алғызып сыйға тартатын болған. Қыздар жігітті ұнатса жас малдың етіне уыз қосып, дәмділеп тамақ дайындап «Ұйқыашар» берген. Демек жігіт «Селт еткізер» беріп ғашық болып, отау құруға әзір екендігін тұспалдаса, бойжеткен «Ұйқыашар» әзірлеп келісетінін жеткізген. «Ұйқыашар» 21 - наурыздан 22-не қараған түні көз ілмей Жаңа жылдың алғашқы таңын күткен. «Елді, жұртты оңға бастаймын, ілгері басуын, мал бас өсуіне тілектес боламын деушілер осы Наурызды құрметтеп: «Ұлыстың Ұлы күні» атандырып, той-тамаша қылдыруға тырысуы керек» деп

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы айтып кеткен екен.

Ақынның халық қамын ойлап жазған әрбір өлең-жырлары осы күнгі еліміздің жастарын тәрбиелеуде тигізетін пайдасы ерекше екенін атап айтқым келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығы тарихи, әдеби, ғылыми тұрғыда қарастырылып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихы төрінен әлі де өзінің лайықты орнын алуы қажет. Қорытындылай келе, жан-жақты біртуар фольклортанушы, лингвист, әулие-ақынның шығармашылығы мектеп оқулығына кеңінен енгізілсе, келер ұрпаққа берері мол болар еді.

Аннотация

Бұл мақаланы жазудағы мақсатым: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерін, нақыл сөздерін оқушыларға мән- мағынасын ашып, түсіндіре отырып, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдеріндегі ұлттық құндылықты халық өмірі мен мәдениетінде алатын орнын қайта түлеп бай мазмұнымен жаңа түр тауып, рухани қазынасына айналғанын дәлелдеу. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы кітаптарды, журналдарды, тарихи әдебиеттерді оқып, оны мақала етіп жазып құнды материалдар жинағын құрастырып, басып шығару. Әдебиет

сабақтарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерін, нақыл сөздерін құнды материал ретінде пайдалану.

Аннотация

Моя цель при написании этой статьи- объяснить и разъяснить ученикам смысл известных поговорок и пословиц знаменитого Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, воспеть в них национальные ценности. Доказать что национальная ценность в произведениях знаменитого Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы вновь обрела свое место в жизни и культуре народа, обрела новую форму со своим богатым содержанием и стала духовным сокровищем. Читать книги, журналы, историческую литературу о знаменитом Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, писать о нем статьи, составлять и публиковать сборники актуальных материалов. Использование известных стихов и пословиц Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы как ценного материала на уроках родного языка и литературы.

Библиографиялық тізім

1. Мәшһүр Жүсіп тойлаған «Наурызнама», Әсет Пазылов, - Павлодар 2021 ж.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931), Қажымұқан Пазылов, Мағзия Абенова, - Павлодар. ЖК «Сытин А.А» баспаханасы. 2021 жыл.
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6- том. Алматы, Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2004 жыл.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 1- том. Алматы. «Алаш» баспасы. 2003 жыл.

Досымова Замзагүл Муратбековна
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Педагог-шебер

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАЛДЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Шежіреші, тарихшы, ақын, этнограф Мәшһүр Жүсіптің шығармалары тәлім мен тәрбиеге толы құндылығы зор шығармалар. Ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы өте зор. Соның ішінде адам бойындағы ең басты құндылықтар – адалдық пен адамгершілік деп есептеймін. Ақын осы асыл қасиеттерді өз шығармаларына арқау етіп, дәріптейді.

Мақала барысында ақын шығармаларындағы ар-ұят құндылықтары, соның ішінде адалдық пен адамгершілік қасиеттеріне жан-жақты талдау жұмыстары жүргізіледі. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы негізгі ой, автор ойы сараланып, түйіні шығарылды. Ақынның адалдық пен адамгершілікті дәріптеп жазған шығармалары талданып, оқырман назарына ұсынылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдеріндегі адамгершілік, адалдық құндылықтары талданды. Адамгершілік, адалдық тақырыбы ешқашан ескірмейді. Себебі адам баласының бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адамгершілігі мол, адал адам – қоғамға өз тарапынан қолдау білдіре алатын, елінің дамуы мен өркендеуі үшін күш-жігерін жұмсай алатын, өз елінің жанашыры деп ойлаймын. Сондықтан да жас ұрпақ бойына адамгершілік пен адалдық қасиеттерін сіңіру – бүкіл адамзат баласының басты міндеті. Осыны жете түсінген қоғам қайраткерлері, әдебиет өкілдері өз шығармаларында барынша дәріптеп, қоғам санасына жеткізуді мақсат еткен.

Ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы – тәлім-тәрбиесі мол шығармалар. Халықтың ұлттық құндылықтары мен мәдени мұрасын құрметтеу, адал еңбек ету, туған ел мүддесіне қызмет ету, ар-ұят, адалдық, адамгершілік, ата-анаға деген сыйластық, ұлттық мәдениетті дәріптеу – ақын шығармаларының өзегі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы нақыл сөзінде «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті» деген. Өсіп келе жатқан ұрпаққа қазақ тілінің байлығы мен ата-бабадан қалған асыл мұра екендігін насихаттаған. Әр қазақ баласы өз ана тілінде еркін сөйлеу керек екендігін

жеткізді. Ұлттық мұраға, ана тіліне деген құрмет бірінші өзіңнен басталады деп турасын айтады [1,10-б]. Өзін құрметтей білген азамат қана, туған жерін, отбасын, достарын құрметтей алады емес пе?


Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз шығармаларына арқау еткен тақырыптардың бірі – адамгершілік, адалдық. Ол арамдық, әділетсіздік, ызақорлық сияқты қасиеттерге қарсылығын білдіріп, махаббатқа, достыққа, әділдікке шақырады. Ақын ұлттық құндылықтар тек мәдениет пен тарихта ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да көрініс табады деп есептеді. Бұл әрине, дұрыс пікір. Ата-ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік, екі дос арасындағы адалдық, мұғалім мен оқушы арасындағы сыйластық – қоғамның дамуына оң әсерін береді.



Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінде адалдық ұғымын сан алуан аспектілеріне тоқталған. Оның өлеңдеріндегі адалдық тақырыбын бірнеше бағытта бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзіне адал болу мәселесін көтереді. Ол өз қалауларымен, ұмтылыстарымен және мақсаттарымен қалай адал болу керек деген сұрақ қояды. Біз өз іс-әрекеттеріміз бен шешімдерімізде өзімізбен қаншалықты адалбыз деген сұрақты қояды.

Екіншіден, ақын басқа адамдармен қарым-қатынаста адалдықтың маңыздылығын атап өтеді. Адал болу – уәдеге берік болу, келісімді сақтау, өзгені алдамау керек екендігін айтады. Ол басқалармен қарым-қатынаста ашықтық пен шынайылықтың маңыздылығын атап көрсетеді.

Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы табиғатқа, қоршаған ортаға қатысты адалдық мәселесін көтереді. Табиғатқа адал болу керек, оны бұзбай, тұтастығын сақтау керек дейді. Ол жануарларға жасалатын қатыгездікті айыптайды және бізді қоршаған әлемге адал қарауға шақырады [2, 4-б].

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінен адалдық тақырыбын әр қырынан көруге болады. Ол өзіне, басқаларға және табиғатқа адал болу туралы сұрақтарды тудырады. Оның өлеңдерінен сыртқы дүниемен қарым-қатынаста шынайылыққа, ашықтыққа, жауапкершілікке үндеу байқалады.





Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдеріндегі қозғалатын мәселелері адамгершілік, адалдық, рухани байлыққа негізделген. Өз жұртына рухани байлықтың жемісін, имандылық дәнін сеуіп, оны әрі қарай дамыту әр азаматтың парызы. Соның бірі мысал жанрындағы «Ғибратнама» өлеңі. Бұл өлеңнің «Ғибратнама» аталуында терең мән жатқан сияқты. Себебі, ақын осы өлеңі арқылы халқын қоғамның түрлі соққыларынан арашалап алар жолды көрсетеді. Өлеңнің басты өзектілігі де осында жатыр.

Біріншіден, ақын өзін бұлбұл бейнесінде ала отырып, өзінің ішкі ойын жеткізеді. Өзінің диалогіне қаршығаны таңдауы тегіннен емес деп ойлаймын. Себебі, қаршыға да мықты құстардың бірі. Әр заманда кездесетін өзі мықты бола тұра, өзінің аузын бағып үндемейтіндерді астарлап көрсетеді. Мықты болып, елге, айналаңа пайдаң тимесе, мықтылығыңның құны көк тиін екендігін бұл шығарманы оқи отырып бағамдаймыз. Бұлбұлға:

«Тілің жоқ мен секілді мылқау болсаң,

Бір күні мың мұратты табар едің»- дейді. Бұдан қаршығаның өз мүддесін көксеген бейнесін аңғарамыз. Өлеңдегі бұлбұл әдемілікті аңсайтын, күнде әр гүлдің ашылуын сабырмен күтетін шыдамды бейнеде көрінеді. Сол әдемілік үшін, әдемі гүлдің жұпар иісі үшін тікенекке де төзген бұлбұл, ең алдыменен, төзімділік қасиетінің жоғары екендігін көрсетеді. Менің ойымша, бұлбұл жеке бастың қамын емес, елдің қамын ойлайтын, мейірімді бейнеде көрінеді. Бұл арқылы автор бұлбұлды ел бостандығы мен тыныш өмірі үшін күрескер бейнесін көрсеткендей. Бұлбұлдың қаршығаға:

«Сен ақымақ тамақ үшін болған сарсаң,

Арбакеш сарттарға құл болғанша,

Онан да жақсы емес пе өле қалсаң» дегені қаршыға мен бұлбұлдың жан дүниесінің, мақсатының арақатынасын ашып көрсетіп тұр емес пе? [3, 17-б].

Сондай-ақ, «Ғибратнама» өлеңінің астарлы ойы, менің ойымша, адамгершілік пен мейірімділікке арнап жазылған. Бұлбұл мен Қаршығаның өзара үдеуіне ақын атамыз «Адамның да ішінде адалы бар», - деген сөзге келістіргендей. Кіп-кішкентай гүлге ғашық болған парсының «Сандуғашы», қаршығаның жанында бірдей болса да, айырмашылығы неде? - деп сұрайды. Қырағы құс қаршығаның жауабын оқи отырып, өзімше түсінгенім:

«Адамға, ұят, иман, сабыр-қазық,

Қанағат, рақым, шапағат өмірге озық

Ақыл, ой-ар, намыстың күзетшісі
Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып».

Адам ешқашан жаман болмайды. Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті жаман бола алады. Адамдардың ішінде мінезі қатып қалғаны да болмайды. Істеген әрбір ісі, сөйлеген әрбір сөзі тікелей адамның өзіне байланысты немесе өзінің жүріп-тұрып жүрген ортасына байланысты. Өз ортаның елеулі де , сыйлы мүшесі болғын келсе, ең алдымен, адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа жақын болу керек. Осы қасиеттер арқылы өзінді ғана емес, қоршаған ортанды да өзгерту қиынға соқпайды деп ойлаймын, Осы өлеңді оқи отырып, бұлбұлдың жауабын талдау арқылы жазылған «Ғибратнаманың» көркемдік әсері мол екенің байқадым.

«Тізе бүгіп тірі жүргенше, тік тұрып өлген артық» -деген сөзі бұған дәлел. Бір жол өлеңнің мағынасы сондай зор...

Ойымды қорытынылай келе, ақын біреудің тасасында үндемей жүре бергенше, бұлбұлдай сайрап өтуді өмірлік мақсат-мұрат тұтады. Соны болашаққа үлгі етеді. Бұлбұлдың бойындағы төзімділік, шыдамдылық, сабырлылық, адамгершілік қасиеттерді бойымызға дарыта білейік!

Өлеңді «Маңыздылық аймағы» әдісі бойынша талдап көрелік:



Талдаудан шығатын қорытынды, өлеңдегі ең маңызды мәселе – адамгершілік. Адамның бойындағы адамгершілік қасиет – қоғамның қалыптасуы мен дамуы жолында аса маңызды екендігін автор жеткізе білді. Қоғамды құрушы адам. Сондықтан да, әр адам баласы адал еңбек етіп, адамгершілігі мол тұлға болып қалыптасуы маңызды фактор [4,31-б].

Instagram парақшамда оқырмандар пікірі білу үшін «Сенің ойыңша, адамгершілік дегеніміз не?» деген сұрақ жолдадым. Сілтемесі: <https://www.instagram.com/reel/C2AscQAId3/?igsh=MnRtcmVieTNYbHFv>
Төмендегідей жауап алдым:


Комментарии	Комментарии
<p>ertegileralemi_1 9 с Адал болу. Жақсылық жасау Ответить</p>	<p>ulshat 10 с Адамгершілік - ешкімді ренжітпеу, жақынына қамқор болу. Жамандық жасамау. Ответить</p>

Демек, оқырмандар «адамгершілік – асыл қасиет» екендігін түсіне отырып, өз ойларын жеткізе білді.

Ар-ұят құндылықтары – адам баласының өмір сүруінің алғышарты десем болады. Өйткені, еңбетену, халыққа адал қызмет ету, достыққа берік болу, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету, өзара сыйластық мұның барлығы адамның ішкі сезімдерінің көрінісі. Оқушыларға арнап, <https://www.umaigra.com/> платформасында Мәшһүр мұрасы бойынша «Шын/жалған» форматында ойын дайындадық. Ойын қызықты әрі білімді қорытындылауға арналған. Оқырмандар сілтеме арқылы өтіп, берілген сұрақтарға жауап берді [5,43-б].

Сілтемесі:

<https://www.umapalata.com/zexpo/game.html?LANG=RU&idGames=89829>



Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы адалдық, адамгершілік құндылықтары жан-жақты сипатталған. Жоғарыда талданған шығармалары сөзіме дәлел. Автор адамның адамгершілік принциптерінің маңыздылығына назар аударады, бұл қасиеттер біздің жеке басымыздың және жалпы қоғамның басты құндылығы екенін атап көрсетеді.

Адалдық пен адамгершілік Мәшһүр Жүсіп шығармаларының кейіпкерлерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар жағдайларға және сынақтарға қарамастан өз принциптеріне адал болып қалатын кейіпкерлер ретінде суреттелген. Автор оқырмандарды біздің өміріміздегі адалдық пен адамгершіліктің құндылығы туралы ойлауға шақырады. Ол бұл қасиеттер маңызды ғана емес, сонымен қатар әділ және саналықоғам құрудың негізі екенін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіптің шығармалары қоғамдағы адалдық пен адамгершіліктің дамуына құнды үлес қосады. Олар бізге осы құндылықтардың маңыздылығын түсінуге көмектеседі және бізді адал болуға шабыттандырады.

Библиографиялық тізім

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 1-том – Павлодар, 2013. –381-384б.
2. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 2-том – Павлодар, 2013. – 3-7б.
3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», Астана, 2023 ж.

4. Л.Қ.Жүсіпова «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – деректанушы». Павлодар, 2013 ж.
5. Дәуітұлы С «М.Жүсіп шежіресі» ұлт тағылымы 2002 ж №4 86-89 б.

Әбдікерім Мархабат Бүркітқызы
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Binom school мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог

М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын оқытудың өзіндік мақсат-міндеттері қалыптасқан жүйені құрайды. Негізгі мәселе әдеби көркем туындыларды оқу барысында рухани интеллектуалдық жағынан тұлғаның дамуын қаматамасыз ету болып табылады. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар бүгіндері өзінің даму кеңістігін кеңейтіп, тарихи желісін ұзартып, көшін толықтырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын зерттеуге бетбұрыс көбейіп отыр. Ұлы Тәуелсіздігіміз ұлттық рухани қазыналарымызды болашақтың игілігіне қолдануға, мәдени толықтыққа жетуге жол ашып отыр.

Т. Кәкішев айтқандай, «Көркем әдебиетті тек ұлы ақын, жазушылар ғана жасамайды. Оның ұлылы-кішілі, ірілі-уақты өкілдері болады. Әдебиет тарихи әр кезеңге, әдебиетке ат салысқан, оған өзінше аз да болса үлесін қосқан ақын-жазушыны ұмытпайды, ұмытуға тиісті емес».

Осы тұрғыдан келгенде, әдебиетіміздің тарихында бір бұтасы болып өрбіген, өз заманының ащы шындығына арналған шығармалар жазып, әдеби мұра етіп қалдырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының рухына тағзым етіп, әрқашан ұмытпай дәріптеп келеміз. Баяндама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы адамгершілік мәселесі, дүниені тану мәселесі, ұлттық құндылықтар мәселесі тұрғысынан талдау жасалынды. Ақынның шығармаларындағы дүниетаным, ұлттық рух, ұлттық тіл туралы азды-кем сөз қозғалды.

Баяндаманың негізгі мақсаты - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық тарихын зерделеу, өлеңдерін талдау. Ал белгілі бір шығарманың жазылу тарихын зерттеу оның басталуынан соңғы нүктесі қойылғанға дейінгі аралықты қамтиды.

Баяндама нәтижелерін орта мектепте Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын оқыту ісінде, арнаулы курс, арнаулы семинар сабақтарында пайдалануға болады. Сонымен бірге бұл еңбек Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жалпы шығармашылық психологиясын қарастыруда материал талдау, жазу әдісін, шеберлік қырларын зерттеушілерге де қажетті материал болып табылады.

М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Мәшһүр-Жүсіп қай өлеңінде болмасын, белгілі бір құбылыс, әрекетке көп көзбен қарай білуге жетектейді. Соның бір айғағы «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі. Шығармада алдымен халықты езіп, қанаушы сәйгелді, бөгелек тәрізділерге өріс беретін аңқаулық, надандық сыналады. Сөйтіп, ақын жауыздық пен адамгершілік арасындағы қайшылықты, кереғарлықты ашумен: жауыздың жауыз, ізгінің ізгі екенін бейнелеумен шектелмейді. Мәселен, сәйгелді, сона, бөгелекті сол кезде елді алдаған езушілер, отаршылдар деп, соларды түйреумен шектелу біржақтылық, үстірттік болар еді. Өмірде қас пен досты айырмай, жәдігөйлікке ұйып, кеш опық жеп күйзелушілер бар да, әдемі сезімнің бірі сенгіштікті пайдаланып, тайраңдаушылар бар екені белгілі. Оны ана халықта бар, мынада жоқ, ана заманда орын алған, кейін ұшыраспайды деп айтуға болмайды. Ендеше, жауыздың жауыз екені онсыз да белгілі. Басты қателік, трагедия сол кесапатқа жол беруде, иланғыштықта жатыр дегенге саяды ақын. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылы Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабындағы «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы» да – қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын туынды. Мәшһүр-Жүсіп мұнда адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге көңіл бөледі. Бір адамның әрі басқаның кемшілігін байқағыш екені әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде «соқыр» деп алынған ол құмырсқадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болып алынған. Бір адамның бір затқа қырағы бола тұра, екіншісін мүлде көрмеуі оқырманға көп ой салғандай. Шартты түрде «саңырау» деп аталған екінші адам болса, ол қатты шыққан дыбыс атаулыны мүлде қабылдамайды да, өте бәсең үнді, сыбырды, «кұлақтыдан» бұрын естіп қояды. Ақын өлең аяғында «саңырау» дегені – «бәрін өзім білдім» деп, ұзақ ойға салынған, «өз жанының пайдасын» естімейтін адам екенін айтады. Ақын шартты түрде «жалаңаш» деп аталған үшінші адам арқылы өмірінің өткінші, қысқа екенін ұмытып, ойға алғанының бәрін тындырдым деп, бос жүрген жандарды сынайды. Өлеңде айтылатын өзекті идея, негізгі сын тек бұл айтылғандарда емес. Ақын өзіне керек істі көрмеушілікті, естімеушілікті, азға тоқмейіلسуді сынап қана қоймайды. Суреткер басты назарды көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, бардан емес, жоқтан айырыламын деп, адасушыларға көңіл аударады. Көрмеу, естімеу, ештеңесі болмау – бір кемшілік, бір жоқтық болса, одан үлкен қасірет тағы тұр. Ол көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, «жоқтан» айырыламын деушілік, өтірікке алданушылық деген ойға саяды автор. Бұл өлеңде де ақынның қайшылық сипаттарды кең қамтып, адам сырын тереңдей ашу бағытындағы елеулі жетістігі. Бұл Мәшһүр-Жүсіптің ғана емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиетінің қомақты табысы. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Шайтанның саудасы» өлеңін ақынның жиені Қасенғали Жүсіповтен белгілі жазушы Зейтін Ақышевтің 1937 жылы жазып алып, оны мектеп оқулығын құрастырушылар – Қ.Бекхожин мен Е.Смайыловқа

ұсынғаны белгілі. Содан бастап ақынның осы өлеңі алдымен мектеп оқулықтарына (1940-1946), кейін жоғары оқу орнына арналған хрестоматияға (1959, 1983) енді. Сонымен қатар бұл туынды орысшаға аударылып, 1978 жылы Ленинградтан шыққан «Поэты Казахстана» антологиясында (құрастырушы М.Мағауин) жарияланды.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңдеріндегі тілдік бірліктерге, сөздердің лексикалық мағыналарына тоқталатын болсақ ... Жалпы ақынның өлеңдерінде халық арасындағы әлеуметтік жағдай, ұрлық тақырыбы кеңінен талқыланады. Қысқаша тоқталатын болсақ, «ұрлық», «зорлық» көзбен барлап, қолмен сипауға келмейтін дерексіз ұғымдар екені белгілі. Ал осы екі ұғымның бірін екіншісі тудыратынын әспеттеу үшін, екеуін де жан иесі, ағайынды адам ретінде алу нәтижесінде ақын қоғамды жайлаған кесапаттың өзара байланысты екенін ұтымды өрнектеген. Көрініске, суретке ұлттық өрнек тұрғысынан келсек, інісіне сөзін өткізе алмаудың өзі қазақ ұғымында соншалық ерсі, оғаш қылық. Ал осы ағаның ініге игі үлгі көрсете алмауына, қасқырдың өз күшігін талауымен салыстыру қосылғанда (біз келтірген үзіндідегі жетінші жолда), ел билеушінің келіссіз әрекеті айқындала түскен. Бұл әсерліліктің бастау көзі дерексіз ұғымның («ұрлық», «зорлық») заттану, жандануында жатқанын дәйектесек, тағы да ақынның суреттеу құралдарының сан алуан екеніне көз жеткіземіз. «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» өлеңінде мынандай бір жолдар бар: «Өзіме көрінемін өзім мінді // Кісендеп бекітпедім неге тілді?» (73 б.) Сөзбе-сөз ұғынсақ, «тіл» сөзі дерексіз емес, оны көруге де, ұстауға да болады. Әйтсе де, мәселе жеке тілді бекіту емес, ішке сыр сақтауда, демек адамның жалпы өзін тежеуінде екенін зерделесек, тілді жай ұстамай, темір кісенмен бұғаулаудың адам тәніне айрықша қатты бату мүмкіндігі аян. Ендеше, сөз иесіне қысым жасаушы күштердің қаншалық өктем екенін бейнелеуде осы бір шартты қолданылған «кісендеп» сөзінің алар орны ерекше. Ақынның «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» өлеңінде де осы іспетес дерексізді заттандырудың ұтымды үлгісі көрінеді: Абыройым төгілмесін деп ойласаң, Ұяттан қолшатыр ғып ал басыңа. Дерексіз ұғым ұятты қолмен ұстарлық қолшатырға айналдыру нәтижесінде ақын адамға қорғаныш боларлық қасиетке мойын бұрғыза білген. Қолшатырды елестетіп, оның күннен, жауыннан қорғарлық мәнін дәйектегесін барып, біз ұяттың ізгі ниетті адам үшін ерекше рөл атқаратынын зерделей аламыз. Ақын дерексізді заттандыру тәсілін қолданғанда, тұрмыста жиі пайдаланылатын бұйымдарды алады: Бұзылған замананың уақытысында Шын сөзің өтірікке болмайды астар. Киімнің не көрпенің ең қымбат, асыл жағы бергі беті, өңірі екені, ал астарға неғұрлым арзан материал қолданылатыны мәлім. Демек, адамдар үшін зиянды өтірік-өңірге, неғұрлым бағалы материалға айналса да, адамдар үшін керек шын сөздің соған астарлыққа да, яғни бағасы төмен екінші қатардағы материал болуға да жарамай қалуы ой саларлық. Сөйтіп, дерексіз «шын сөз» бен «өтірік» ұғымдарының заттанып, бірінің өңір болуға жарап, ал екіншісінің астар дәрежесіне де жетпей қалуы көмегімен ақиқаттың қаншалық қадірі кеткені жарқырап ашылған. Ақын өз ойын шынайы нақыштау үшін, табиғаттағы

көріністер мен оған шартты түрде болсын ұқсас делінген адамдар өмірін салыстыра, жарыстыра алу, яғни психологиялық егіздеу тәсілін де жиі енгізген: Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас, Екпіндеп өзі тасып шашылмаса. Ерлерге жай жатумен қайрат кірмес, Ғалыдай орда жатып ашынбаса. Үзіндідегі «тасып шашылмаса» сөздері демеуімен отау тіккен екпін күші, мәні одан кейін күрескер ерлерге де сондай қасиет керек екенін салыстыра шегендеуге қызмет етіп тұр. Яғни табиғаттағы айқындық адамдар бойындағы көзге көрінбейтін қайратқа да белгілі бір заттылық, тегеуріндік шарпуын дарытқан.

Сол іспетті жарыстыру үлгісі:

Сеңгір-сеңгір таулар бар, бұлағы жоқ,

Қопалы көл-жекен мен құрағы жоқ.

Өңшең үрген қарынға душар болдық,

Зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ.

Алдымен қанша зәулім болса да, бұлағы жоқ тауларды, ізінше жекен мен құрағы жоқ көлді көру мұнарасымен саралап барып, «зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ» «өңшең үрген» қарын сияқты адамдардың пайдасы жоқтығы, бейшаралығы айқындала түседі.

Ақ марал жайылмайды қабанменен,

Бірге ұшпас бұлбұл-қарға, тағанменен.

Түлкі мен шер, мысық пен тышқан бір боп,

Барады әуре-сарсаң заманменен, – деген жолдарында да психологиялық егіздеу, табиғаттағы бұлтартпас сәйкессіздікті паш етуден кейінгі адамдар қарама-қарсылығын жайып салу іске асқан. Атап айтқанда, маралдың қабанмен, бұлбұлдың қарғамен, түлкінің арыстанмен (шер-парсыша арыстан дегені), мысықтың тышқанмен бірге жүруі, бірдей күй кешуі қандай орынсыз болса, лирикалық қаһарманда да сондай мүшкіл хал бар екені, жақсы мен жаман адамдар аражігі ажыратылмай жатқаны, т.б. сыналады.

Ақын дәстүрлі символдық белгілерді жарыстыра пайдалануға сүйеніп, өз ойын өрістетіп, тұлғалантып жеткізе біледі:

Ай орынын аспандағы бұлт алып,

Орнында дүр гауһардың су тас қалып.

Құр тікен қызыл гүлсіз қолға түсіп,

Ауызға қант орнына зәһәр салып. Мұнда да айды – бұлтпен, дүр гауһарды – су таспен, қызыл гүлді – тікенмен, қантты зәһәрмен ауыстыру келіссіздігін, яғни көзге бадырайып көрінген, дәлелденіп біткен айқын ұғымдарды алға тарта алған ақын оң ниеттің орындалмай, не бір қымбаттың арзанмен теңестірілуі таныта білген. Мәшһүр-Жүсіп шеберлігі, бейнелеу тәсілдері дегенде, ол мәнерлеген сөз кестелерінің алдымен ұлттық бояумен көмкерілгенін, көп детальдің ұлттық өрнекке сай сұрыпталғанын дәлелдеу қажет: «Өнерге өзіңді өзің ерте баулы, // Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы»). Бұл деталь, жастық ауылының бір күн көшіп кетуін бейнелеу өрнегі, негізгі тіршілігі малмен, көшумен байланысты қазақ ұғымына неғұрлым жақын түсінікті болумен де мәнді. Ауыл көшуімен, басқа жерге ауысуымен,

яғни шұғыл алыстауымен салыстыру нәтижесінде жастық шақтың да тез өтетіндігі ұтымды кестеленген. Сол тәрізді: «Бұл жалғанның жүзінде көңілің өспей, // Көрінгеннің жұртында қалдың көшпей» тармақтарында басқалар аттанғанда ере алмай қалуды сипаттау да малы барлар ғана көше алатынын бағамдап өскен қазақ үшін аса аянышты халді жайып салады. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылғы «Хал-ахуал» кітабында шығыс поэзиясында кең әспеттелген махаббат, бақыт символы бұлбұл мен гүл жарасымдығын қызықтап, бұлбұлдың түнімен қызыл гүлдің ашылуын тосуын, арман етуін жырлағаны белгілі. Ақын сонымен бірге орыс поэзиясы дәстүріне де иек артып отырған. Бұл ақынның шеберлігімен бірге тақырыптық аясы мол кемел талант иесі екенін де білдіріп тұрғандай.

«Алты алашқа жайылып кеткен атым, Жүрген жерім – ду базар, қылып хатым. Ұстаз пірдің һүмматы болып жәрдем, Бір ұшсам, кете берем, бар канатым, – деп жырлағандай шығармашылығы халқымыздың тарихымен, салт-дәстүрімен, бай ауыз әдебиетімен тығыз байланысты өрілген ақынның дара туындылары өзіндік қолтаңбасымен ғасырдан ғасырға жалғасып, тәлім-тәрбиелік әсері, өнегесі мен тағылымы талай ұрпақтардың жан дүниесін кемелдендіріп, рухани тұрғыдан байыта берері сөзсіз. Ақынның әдеби, мәдени мұрасы қай кезде де халық игілігінде. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ұлт руханиятының ең биік дәрежесінде екенімен мақтанып, баяндамамды аяқтағым келеді.

Библиографиялық тізім:

1. Кәкішев Т. XX ғасырдың басындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы, 1988. – 294, 295, 299, 300 б.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1857–1931) // Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. – 2-т. – 240–253 бб. 208. Мәшһүр Жүсіп оқулары: Республикалық ғылыми конференция материалдары / ҚР Білім және ғылым министрлігі. Павлодардың С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті; Жауапты сарапшы Н.Қ. Жүсіпов. – Павлодар, 2001. – 1 жинақ. – 176 б. 209. Мәшһүр Жүсіп Қ. Мәшһүр-Жүсіптің әулеті: [Естелік әңгіме] / Әңг. Ж. Әлиханұлы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 30 сәуір. 210.
3. Мәшһүр Жүсіп Қ. Мәшһүр-Жүсіптен базарлық: Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлының шығармаларын бастыру жөнінде// Сарыарқа самалы. – 2004. – 21 қазан. – 6 б. 211.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы // Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. – Алматы, 2006. – Т. 6. 2-ші кітап: XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. 1900–1917. – 85–108 б.
5. Тәжібаев Ә. Мәшһүр жайлы бірер сөз // Мәшһүр Жүсіп Көпеев. – Алматы, 1992. – 2 т. – 3–5 бб. 257. Тілеке Ж. Әйгілі адамдар: Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Тілеке Ж. Шежіре: Ертiс – Баянаула өңiрi. – Павлодар, 1995. – 90–91 б.

6. Толыбайұғлы М. Қарқаралыдан хат // Дала уалаяты газеті. – 1890. – 11 май. 259. Төреқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешендер. – Алматы, 1995. – 145 б.

7. Түсіпова Қ. Ақын мысалдарының жанрлық сипаты // Мәшһүр Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. – Павлодар, 2001. – 1-жинақ. – 143–147 б.

Әзімханова Азиза Абдрашидқызы
Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектебінің»
Бастауыш сынып мұғалімі
Педагог-модератор

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Не пайда күш жоқ болса нарлығыңнан
Пайда жоқ кең болмасаң тарлығыңнан
Көрінбеген нәрсені аламын деп
Айырылма қолыңдағы барлығыңнан..

Қазақ халқынан шыққан данышпан да талантты тұлғаның бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ол – әйгілі ақын, фольклортанушы ғалым, шежіреші, ойшыл ғұлама, діни қайраткер, елге беделді де ықпалды тұлға.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – жұмбағы тылсым күдірет, қасиет иесі. Ол – көріпкел, әулие. Мәшһүрдің мұндай қасиеті туралы көптеген аңызға бергісіз оқиғалар айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы жерінде дүниеге келген. Ауыл молласынан алғаш сауат ашқан жас Жүсіптің алғырлығы ерте байқалады. Ол он жасынан өлең шығара бастайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар мен тәрбие мәселелері кеңінен ерекше қарастырылған. Адам өміріндегі ұлттық құндылықтардың алатын орны ерекше екенін айтып өткен. Ұлттық құндылықтар-әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Мәшһүр Жүсіптің қай шығармасын алып қарасаң да, ұлттық құндылыққа тап боласың, оның шығармаларын оқи отырып, ұлылардың өткені - бүгінгінің ұлттық құндылығы екеніне күмән келтіре алмайсың. «Дауасыз дерт» деген өлеңінде:

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.
Кәнеки, бермегенің сол емес пе,
Білмеген-білген тілін неге алмайды?-деп толғайды..

Мәшһүр Жүсіптің туған халқына, отанына, тіліне, салт-дәстүріне ислам өркениетіне деген зор құрметінің ерекше маңызды мәні бар. Қазіргі жағдайда оның патриоттық жалынды өлеңдері егеменді елдің жастарын елге, жерге,

тілге, дінге, салт-дәстүріміздің құрметін арттырып, оларға ізгілік нұрын сіңіруге, отаншылдық рухты тәрбиелеуге көмектеседі.

Ойшылдың пікірінше, білім мен ғылымды үйрену жолында талапты, жігерлі болу адамды белгілі бір нәтижеге жеткізіп, білім биігіне көтереді

Не нәрсе парыз болса, ғылым-парыз,

Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз, -деген нақыл сөздерінен ғылым-білім мен еңбекке құштарлық адамның мінез-құлқындағы жағымды жақсы қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіретінін меңзейтінін байқаймыз.

Ойшылдың тәрбиелік ықпалы жөнінде айтатын болсам нақыл сөздері мен өлеңдерінің өзі бастауыш оқушыларын тылсымы күшті тәрбиеге баулиды.

Бас қаладағы Астанадағы Мәшһүр Жүсіп мектебінің дарынды қазақтай қайсар текті ұрпағымызға нақыл сөздерін, өлеңдерін жатқа айту сайыстарын өткізіп жас ұрпағымызды тәрбиелеудеміз. Мектебімізге Мәшһүр атағы берілгеннен бастап, бабамызды тереңінен зерттеп оған мектебімізде мұражай ашылды.

Бұл мұражайдан мектебіміздің оқушылары тәлім-тәрбие саласында көптеген құндылықтарды өз бойына сіңіре алады. Атап айтатын болсақ биылғы оқу жылында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай мектеп ішілік көптеген байқаулар өткізілді. Солардың ішінде мені тәнті еткені мектеп табалдырығын аттаған 1 сынып оқушылар арасындағы нақыл сөзді жатқа айту байқауының ерекшелігін айтқым келеді. Оқушылар ғылым-білім, еңбек, мінез-құлық, береке-бірлік, дүние, жақсылық пен жамандықтың имандылықты отбасы тәрбиесі жайлы нақыл сөздерді жатқа айту арқылы құндылығымыздың қалыптасуына көп септігін тигізіп жатқан ұлтымыздың ұлы перзенттеріміз қалыптасып жатқанына ерекше мақтанышпен айта аламын.

Осындай байқаулар өткізудің арқасында оқушылардың Мәшһүр атамның шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттырамын. Оқушылармен шығармашылық жұмыстар жүргізіп, мектеп ішілік байқауларды өткізіп Мәшһүр шығармалары арқылы кішіпейілділікке, жомарттыққа, имандылыққа, адамгершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа адамның мінез-құлқындағы жақсы қасиеттерді қалыптастырамыз. «Мәшһүртану» қосымша сабақтарын бастауыш буын оқушыларына да кіргізіп Мәшһүрді тануды жас бүлдіршіндерімізден бастасақ деген болашақта ойымыз бар.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы әдеби тілдің негізін қалаушылардың бірі ретінде қарастырылады. Ақынның бай тілі мен философиялық көзқарастары оның 20 ғасырдың басындағы қазақ әдеби жанры мен жаңа идеяларының жаңашылдығы екенін дәлелдейді.

Жаһандық үдерістер ұлттық мәдениет пен руханиятқа үлкен өзгерістер әкеледі. Жаһандану, жаңа әлемдік қатынастар ұлттарды руханилықтың негізіне – ана тіліне назар аударуға мәжбүр етеді. Кез келген ұлттың тілі әлеуметтік қажеттіліктер мен сұраныстар қанағаттандырылған жағдайда ғана толыққанды қарым-қатынас құралады бола алады. Қазіргі әлем материалдық және рухани байлыққа қол жеткізбеуге тырысады, бірақ оларды ұлттың игілігі мен пайдасына дұрыс басқаруға тырысады. Ақынның, этнографтың және фольклор жинаушының шығармашылық мұрасы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ұлттық тұрмысты, салт-дәстүрлерді, тарихты, тілді, өзін-өзі тану мен ұлттың өзін-өзі тануын зерттеу тұрғысынан үлкен маңызға ие және бөлек тұрады. Сондықтан, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылық тілін үйрену тілді үйренуге, оның грамматикалық және лексикалық құрылымы, сөз құрылысы, синтаксистік және стильдік ерекшеліктері туралы мол мағлұмат береді. "Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ауыз әдебиеті үлгілерін сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу ісіне қосқан зор еңбегі мен үлесін атап өтпеуге болмайды, мұның барлығы да өзінің авторлық жұмыстарынан басқа",- деп жазады М.Әуезов [1, 6 8].

Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: "Әңгіме", "Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен", "Кедейлікке үш қырсық оралады", "Күн шықпай ерте тұрып", "Білмейді ел өнерлісін аулақ болар". Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Осындай өлеңдерімен жастарды еңбекке баулиды. Мәшһүр жастайынан сөз шеберлерімен қоршалып, сөз сезді. Ақын діни ағартылған, дін тарихын жақсы білген, діни заңдар қоймаларының білгірі болған. Бұған дәлел-діни өлеңдер және оның басқа да шығармалары. Осыған байланысты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ даласында ислам және әлемдік құндылықтарды таратушы болғандығын да атап өткен жөн. Құранды қарапайым адамдардың түсінуіне бейімдеп, қазақ руханиятына жақындатты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ең үлкен еңбегі-ауыз әдебиетінің үлгілерін мұқият жинау және оны кейінгі ұрпаққа беру.

Ұлттық құндылықтардың көрсеткіші, құрылымы, өлшемдері, деңгейлері т.б. мәселелері ақын, шежіреші, тарихшы, этнограф Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұраларындағы тұжырымдардың негізінде талданып қарастырылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолынағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі екені анық. Шығармаларында ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады. Сонымен қатар, Мәшһүр

Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра саралайды.

Жалпы құндылықтардың өзі - өмірге, қоғамға, еңбекке, шығармашылыққа және адам өмірінің мәніне баға беруден тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өз бойына сіңіру. Адамзат өзін қоршаған ортасын және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалауға құлықты. Ал құндылықтар дегеніміз – ол адамға ғана тән игі қасиеттер екені белгілі. Жануардан біздің айырмашылығымыз да осы қасиетімізде. Олар бізге дүниеге келген кезден бастап, ананың ақ сүтімен бірге, ана тіліміз арқылы мораль негіздері ретінде, өзінің тілін, дәстүрін, мінезі мен болмысын тарихын, мәдениетін игеру нәтижесінде орнығады. Құндылықтарды танудағы ең күрделі мәселе: нағыз құндылықтарымызды оның жалған (ақиқат және бейақиқат) форматынан айыра білуде.

Жалпы адам үшін ең басты құндылық – өмір. Адам өмір бойы жаңалыққа ұмтылып, дамып, жетіліп, күресіп өмір сүреді. Ертеңін ойлап, табысты еңбек етеді, білім-тәрбие алады, өмірлік тәжірибе жинақтайды, өмірді мәнді өткізуін осы құндылықтар негізінен іздейді. Жалпы адамның болмысы жақсылық пен жамандықтың жиынтығынан тұрады.

Мәшһүр еңбектерінде ұлттық құндылықтарымызды тану, оны зерделеу, заман талабына сай оқушыларға насихаттау - ұлттық болмысымызды таныту мұра етіп қалдырған құндылықтарды бойына дарыта білу міндетіміз. Ұлттық құндылықтар адамзат өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады. Сондай-ақ ақын шығармалары, оның ішінде өлеңдерінің көп бөлігін дін тақырыбына арнаған, сол арқылы адамзатқа көркем мінез бен ізгілік, мейірім мен жақсылықты насихаттады. Мысалы, көптеген өлеңінде иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп мәселелерін көтереді, бұның бәрі адамға қажет әрі оны көрікті ететін асыл қасиеттер екені баршаға мәлім. Осы қасиеттер арқылы қазақ өзінің ұлттық болмысын сақтап қалатынын айтады. Сонымен қатар ақын өлеңдерінде ұлттық құндылықтарды айшықтай отырып, ұрпақты жақсылыққа, игілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке, парасаттылыққа тәрбиелейді.

Ақын адам баласын ерлікке, өр намысқа шақырады, адал жанды бір Алланы өзі қолдап-қоршайтындығын тебірене толғайды.

Ақын бұл шығармаларында да көпшілік қауымды еңбекке, оқу-білімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе қолыңнан келгенше кісіге жақсылық істе, кедей-кембағалдың қажетін өтеу адамдық борышың. Ал, халық үмітін ақтарлық игілікті ісің болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікір қорытады.

Мәшһүр шығармалары жас ұрпаққа рухани азық сыйлап елжанды, Отансүйгіш өз елінің мәдени мұрасын қадірлей білуге үйретеді.

Абай: “Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек” -дейді.

Қазіргі жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігіміз бен рухани ерекшелігімізді сақтап қалу басты міндетіміз. Әрине халқымыздың ұлттық құндылықтары өте көп..

Қазақта “Егесіз ел азар, иесіз жер тозар” деген мақал бар. Ұлан ғасыр даланы бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтады. Қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғады. Қасиетті қазақ жерімізді қорғай білуді дәріптеу. Тіл мен әдебиет-ұлттың жаны мен жады бүгінгінің болашағы. “Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады”-деп тілдің қаншалықты маңызы орасан зор екенін ұғындыру. Ақынның халық қамын ойлап жазған әрбір өлең-жырлары осы күнгі еліміздің жастарын тәрбиелеуде тигізетін пайдасы ерекше екенін атап айтқым келеді.

Өскелең ұрпағымыз білімді һәм саналы болуы үшін, оған ең алдымен ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білу керек. Ұлттық құндылықтар туралы ұлт тарихында айрықша орны бар тұлғаларымыздың шығармалары аз емес. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары соған дәлел. Ақынның шығармалары көркемдік мәнерімен қатар, тарихи анықтамалармен, қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүрлері туралы сипаттамалармен ерекше құнды.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірін шығармаларын, ағартушылық қызметтерін халыққа таныстыру, өлеңдерін оқып ғибрат ала білу.

Қазақтың біртуар ақыны Мәшһүр бабамыздың уағыздаған білімі мен дін екенін айтып, ақыл кеңестерін оқып жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу. Өскелең ұрпағымызға заман талабына сай құндылықты насихаттау. Әдеби тіліміз мәдениетіміз, салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыпымызды ана-тілімізді дәріптей отырып болмысымызды сақтай білу. Ақынның халық қамын ойлап жазған өлең-жырлары мен нақыл сөздерін құндылық негізінде маңызды пайдалану арқылы жас ұрпақты тәрбиеге баулу. Көптеген өлеңінде иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп мәселелері көтеріледі, бұның бәрі адамға қажет әрі оны көрікті ететін асыл қасиеттер. Осы құндылықтарды бойына сіңіріп өскен ұрпақтың келешегі зор болмақ

Познакомить людей с жизнью Машхур Жусупа Копеевича, просветительской деятельностью, читать стихи.

Воспитывать молодое поколение, читая мудрые советы, рассказывая о знаниях и религиях, проповедуемых великим казахским поэтом Машхур бабам.

Пропаганда ценности для нашего подрастающего поколения. Литературный язык-это культура, традиции и манеры, умение сохранять свою идентичность, прославляя родной язык. Воспитывать подрастающее поколение, используя на ценностной основе стихи и притчи, написанные поэтом в народной заботе. Во многих стихах поднимаются вопросы веры, здравого смысла, терпения, к счастью, этики, все это благородные качества, которые необходимы человеку и делают его привлекательным. У поколения, выросшего на основе этих ценностей, будут большие перспективы.

Introduce the life of mashkhur Zhusup Kopeevich to the people, his works, educational activities, to be able to read his poems.

The Kazakh poet Mashhur said that the knowledge and religion preached by our ancestor, read the advice of the mind to educate the younger generation in virtue

Promotion of modern value to the younger generation. The ability to preserve our identity by glorifying our native language, culture, traditions and Customs. To educate the younger generation through the use of poems and sayings written by the poet with the care of the people on the basis of value. In many of his poems, the problems of faith, wisdom, patience, gratitude, ethics are raised, these are all noble qualities that make a person necessary and attractive.

Библиографиялық тізім

1. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/>
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 1- том. Алматы. «Алаш» баспасы. 2003 жыл.
3. Қазақ әдебиеті - www.kazakhstanlive.ru/culture/litature/
4. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп: Мәшһүр Жүсіп. 10 томдық жинақ
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / / Павлодар Ертіс Өңірі: Энциклопедия.- Павлодар, 2003.-С. 401-402
6. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 1- том. Алматы. «Алаш» баспасы. 2003 жыл.
7. Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1859-1931 жж.) // қазақтар: 9 томдық танымал анықтамалық. Көлемі 2. Тарихи тұлғалар.- Алматы, 1998. 397 с.-399

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері бүгінде бабадан қалған бай қазынаны игеріп, белгісіз асыл мұраны ұрпаққа беру ісі жүйелі қолға алынды. Қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын зерттеу өткен ғасыр соңынан кейін басталды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев – бір кездері Мәшһүр атанып, халыққа қызмет еткен, халықтың жоғын жоқтап, өз елі үшін келелі ойын қалдырған тұлға. Мұның дәлелі – ақын қалдырған мұра. Ақынның қазақ әдебиетінен орын алған бай әдеби мұрасы кеңінен жиналып, халық қолына тиді.

Зерттеуші М.Бөжейов: «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен (1858-1931) қалған мол мұра ішінде: әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тілдеріндегі көшірмелерін есепке алсақ, одан қалған мұра - 30 томдай болады екен» [1, 127],- деп мөлшерлеген екен. Расында, ғалымдар арқасында 20-томдық еңбегі жарияланды. Ақынның тікелей ұрпағы, профессор Н.Жүсіпов: «Оларды өзара жіктесек: ақынның өлеңдері 3 - томды; дастандары – 3; жинаған айтыс үлгілері – 2; аудармалары – 3; ауыз әдебиеті туындылары – 3; қазақтың тарихы, діні, философиясы, этнографиясы, педагогикасы, шаруашылық ойлары т.б. – 6; фольклор үлгілері – 10 томды т.б. қамтиды», – дейді [2, 12].

Ғұламаның мұрасын зерттеген ғалым А.Қ.Тұрышов ақынның мұраларының жиналу, зерттелу кезеңін шартты түрде 5-ке бөледі. Алғашқы кезеңге «Дала уалаяты» газетіндегі Мәшһүр Жүсіп Көпеев турасындағы алғашқы пікірлер және өзінің мақалаларын жатқызады. «1907 жылдары шыққан кітаптары. 1931 жылға дейін ақынның көзі тірісіндегі айтылған, жазылған еңбектері; Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұралары туралы: «Соның нәтижесінде ақынның тірі күнінің өзінде-ақ жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік т.б. еңбектерін алғаш бағалаған мақалалар да осы аты аталған басылымдарда жарық көреді» [3, 5],- деп анықтайды.

Ғалым Г. Жүсіпова: «Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу еңбектерін жүйелеу, саралау ісі тек бір ғылым емес, бірнеше ғылымның ұзақ жылдар бойы ат салысуын күтіп тұрса, оның араб, парсы шайырлары туындыларын түпнұсқадан тікелей тәржімалаған еңбектерін арнайы қарастыру да араб, парсы тілдерін жетік білетін мамандар ізденісін керек ететіні анық. Ал, ақынның философияға, қазақ тарихына, шаруашылығына, педагогикасына, т.б. қатысты жазбаларын зерттеу сол саладағы білікті мамандардың үлесіне тиеді. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеу ондағы кандидаттық, тіпті докторлық диссертация

үлестеріне тиіп, ұзақ уақытты қамту мүмкіндігін дәлелдесе керек» - дейді [4, 139].

Ж.Аймауытов: «Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жоқ. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді», - деп айтқанындай біз ақын Мәшһүр Жүсіп туындыларынан тарихи оқиғалар ізін көреміз [5, 25]. Ақынның жазбаларынан, көркем шығармаларынан сол кезеңнің бейнесін танимыз.

Айталық, «Туысқан бауырларыма бір насихат» - деген мақаласында: «Әй... қазақ ағайындар! Жылдан-жылға кедей болып, жоқ жерден малдарыңнан айрылып қалып, күн асқан сайын кеміп барамыз, мұны кімнен көреміз» - деп жазды [6, 139]. Бұл жерде ақын отарлау саясатын, елге жасалып жатқан қысымды айтып тұрса керек. Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ елі үшін белі қайысып, «орыстың жүрісі анау, ал менің елім не болып барады», - деп уайымын ашық жазады. «Қойды шарық бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді» - деген халық мақалы арқылы ел жағдайын білдіреді [6, 139]. Жалпы, ғұламаның бұл мақаласы халық басындағы үлкен келелі жағдайды, әлеуметтік мәселені көтерген құнды дүние.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев әрдайым жастардың білімге шақырып, надандықтан қашу керектігін айтып, «орысқа қара, сартқа қара, ноғайға қара, солар секілді жер жырт, егін сал, оқу оқы» деген идеяны үнемі астарлап та, ашық та жазып, айтып отырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ еліндегі аумалы төкпелі заманда өмір сүрген, ол тұрмыстық өмір мәселелері туралы көп жазды, басқа ақындар мен философтардан ерекше жан-жақтылық, әмбебаптық талап еткен. Біздің мақаламыздың мақсаты – Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларындағы дәуірдің тарихи шындығы көп қырлы екенін көрсету.

Ақынның «Тіршілікте жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деген туындыларын нысан етіп алдық.

«Тіршілікте жасағандықтан көрген бір тамашамыз» шығармасы 1907 жылы жарияланған. Бұл шығарма жазылған дәуір сияқты ерекше, күрделі шығарма. Шығарманың пайда болу себебін және оның негізгі идеясын түсіну үшін сол дәуірдің тарихына назар аудару керек. 1906-1912 жылдардағы Столыпин аграрлық реформасының нәтижесінде Ресейдің орталық аймақтарынан 500 000 шаруа Қазақстанға жер аударды, ең құнарлы жерлерге 17 миллион ондық жер шаруаларға бөлінді, ал қазақтарды патша үкіметі құнарсыз жазықтарға көшірді. Бұл ауыр жағдайды Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында:

... Сөйлесе, жұрт пайдасын, білген ерлер,
Хакімдер атып тастар көзін жойып.
Қалайша Россияның ғаділдігі,
Мүшелер терімізді малша сойып?!...

... Жазы жоқ, біздің халық, күнсіз болды,

Басқа жұрт, күні тұрып, түнсіз болды.

Ие болып көп қойға тоқты қошқар,
Начальник әрне қылса мінсіз болды... [6, 139].

Халық ақыны ретінде халыққа әсер еткен жағдайларды көре білді, жазды. Өкінішке орай, оның көрген қатыгездігіне халық та шарасыз болды. Адамды қорлау, жазықсыздарды жала жабу, айтылмаған үкімдер шығару және жерді басып алу сияқты шындықтарды Мәшһүр Жүсіп жазды:

Ходқа алып тексермейді қазақ сөзін,
Жіберер келемеждеп оның өзін.
Сөтке, жұма, ай, жылда –бір жауап жоқ,
Сүзілтіп жүргенменен екі көзін.

Нақақтан құсаменен қан жұтқызып,
Тұтқынға салған жоқ па талай ерді?!
Шықпаса көңіліне алған ыңғайынан,
Қапасқа салып қояр кемеңгерді [6, 139].

Осындай қиын уақытта адамдар арасында қорқыныш, үмітсіздік, үрей басым болды және ұзақ уақыт бойы мұндай өмір сүру жағдайларына үйрене бастады. Ақын шығармасында болып жағдайды былай суреттеген:

«Участке войсковой» деген шығып,
Айрылды жерден қазақ ол ағашты.
Ата менен бабадан қалған жерге,
Мұжық кеп тіл білмейтін бидай шашты.

Жолаушы-жобаушыны атып тастап,
Маңына жан жолатпай, бауыр басты.
Өлген құнсыз, айтқан сөз пұлсыз болып,
Біле алмай не қыларын қазақ састы [6, 139].

Сипаттау кезінде ақын бізге ұнамаған нәрсені жеткізу үшін өткір және нақты астарлы теңеулерді ұтымды пайдаланды:

Үлгісі чиновниктер осы болып,
Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан.
Құрметлі ел билеген әкімдер де,
Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан [6, 139].

Мәшһүр өз халқының ұлтын, ұлылығын, ең бастысы, Аллаға деген сенімі мен сүйіспеншілігін жоғалтқанына қатты қайғырады:

Қазаққа әділ хукім қылған болып,
Тұл қылып жібереді қатын, қызын.
Неке ,талақ қамшысы қолында боп,
Жоқ қылды шариғаттың соқпақ ізін [6, 139].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев халқын күреске шақырып, өайратты болуға шақырды. Қандай жағдай болмасын, ол қазақ халқы үшін жарқын болашақ болатынына сенеді, бірақ ол үшін күресу керек дейді:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,

Айрылмай жақсы менен жаман парқы.

Баласы дін мұсылман, ояныңдар,

Көрінер өз пайдасын, жұрттың нарқы!

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» деген шығармасының алғашқы тармақтарында болып жатқан оқиғалар тізбегін оқимыз. 1906 жылы 3 шілдеде Семей жұмысшыларының ірі көтерілісі болып, көтерілісшілер саны 500-ге жетті. Бұл шаруалардың сол кездегі аграрлық отаршылдық саясатқа қарсы қозғалысы болды. Жаркент, Әулиеата және Шымкент уездерінің шаруалары жиі қарсылық білдірді. Сол уездердің қатарына Орал және Торғай болыстары жатады.

1907 жылы Сібір, Орта Азия және Қазақстанның байырғы халықтарын сайлау құқығынан айырған "Мемлекеттік Думаға сайлау туралы заң" қабылданды. Мұндай оқиғалар тізбегі дала тұрғындарына бірден әсер етіп, оларды үмітсіздікке ұшыратты, шарасыздыққа әкеп соқтырды:

Адасып осы күнде қазақ халқы,

Бұрынғы ата-баба рәсімінен.

Жылқыға керек жерге егін салып,

Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен [6, 139].

Қатал ережелерден қорыққан қазақ халқының жағдайы ауыр болды, түрмеге отыру немесе жазықсыз атылып кету қаупі болды, ешкімнен көмек сұрай алмады немесе өзінің қиын тағдыры туралы айта алмады. Сол жылдары өткізілген "Столыпин аграрлық реформасы" даланың түкпір-түкпірінде өзін танытты:

Орысқа мынау жерің керек десе,

Әркім-ақ жылап көшті ұясынан.

Ұлыққа бізден барып арыз айту,

Шыңның да қиын еді-ау қиясынан [6, 139].

Осындай қиын уақытта да Мәшһүр Жүсіп Көпеев адамның баға жетпес ішкі дүниесін, Аллаға деген сүйіспеншілігін, сенімін қайталауын қоймайды:

Сөктелген тарыдай боп ақталыңдар,

Бәйге алсаң бұл жарыстан мақтаныңдар.

Қулардан шекпен киіп, наград алған,

Мұсылман, мұнан былай сақтаныңдар.

Бұл өлеңдер циклі Мәшһүрдің келешек ұрпаққа арнаған өсиетімен аяқталады:

Дінімізді кемітіп қорламасын,

Көзімізді бақырайтып ұраламасын.

Баламызды билетсін өзімізге

Оқытсын деп орысша зорламасын.

Асқанды болып жара жауырларым,

Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.

Бірлік қыл, басынды қос, пайданды ойла,

Қазағым, қайран халқым, бауырларым!

Мәшһүр-Жүсіп даладағы жаңа заңдардың әсерін су символы арқылы береді, жаңа өмір салты бұлтты екенін және жұмақ көздеріне, өмір суына ешқандай қатысы жоқ екенін сезеді және көреді:

Бұзылып әсіресе біздің заман,
Көлдей болып тоғытқан, ылайланды [7, 151].

Суға батыру, түпнұсқаға оралу адамға да тән, бірақ бұл қайтару ыдырауға тең:

Жас жетіп, дәурен кетіп, елу асқан,
Шайқалып ми су болып, ақыл қашқан [7, 14].

Су өмірдің өзгергіштігінің көрінісі ретінде Көпеевтің поэзиясында айқын көрінеді:

«Тұрақ жоқ ағып жатқан суда!» - дедім [7, 12],

Әр тұста қилы-қилы заман өтті,
Су тасыды, көп толқын қайда кетті?
Кеткен толқын өз-өзіне кете берсін,
Желмен қуып, толқынды толқын жұтты [8, 20].

Бүлік пен әлеуметтік наразылық Мәшһүр Жүсіп поэзиясында оқырманның қабылдауында ассоциация тізбегін құратын бірліктер көтереді, ақын сөздің полисемантикасын қолдана отырып, ерекше мағына, ерекше мазмұн береді. Ақын сол кездегі шарасыздықты символдық тілмен тұспалдап, барлық кедергілерді жеңуге болатынын айтады. Бостандық идеяларын білдіре отырып, ең өзекті оқиғаларға жауап береді.

АННОТАЦИЯ

Мақалада Мәшһүр Жүсіптің өнер – білімді ел азаттығы жолындағы күресте қару етіп пайдаланып, өз туындыларында еркіндік, азаттық, бостандық идеяларын аса бір ұлтжандылықпен ту етіп көтергені туралы жазылған. Автор ақын мұрасын толыққанды пайымдау арқылы оның қайраткерлік қуатын ашады. Сондай-ақ, мақалада заманының ірі тұлғасы, қазақ елінің маңдайына біткен санаулы жұлдыздарының бірі, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы М.Ж.Көпеевтің ұлт оянушылық идеяны ұстанған шығармашылық мұрасы талданады.

АННОТАЦИЯ

В статье говорится о том, что Машхур Жусуп использовал искусство в качестве оружия в борьбе за свободу страны и с особым национализмом возвысил в своих произведениях идеи свободы, свободы, свободы. Автор раскрывает его творческую мощь путем полноценного осмысления наследия поэта. Также в статье анализируется творческое наследие выдающегося деятеля казахской литературы М.Ж.Копеева, выдающегося деятеля своего времени, одной из немногих звезд казахского народа, придерживающихся идеи национального пробуждения.

ABSTRACT

The article says that Mashkhur Zhusup used art as a weapon in the struggle for the freedom of the country and, with special nationalism, elevated the ideas of freedom, freedom, freedom in his works. The author reveals his creative power by fully understanding the poet's heritage. The article also analyzes the creative heritage of the outstanding figure of Kazakh literature M.Zh. Kopeev, an outstanding figure of his time, one of the few stars of the Kazakh people who adhere to the idea of national awakening.

Библиографиялық тізім:

1. Бөжеев М. Мәшһүр-Жүсіп мұралары хақында // Жалын. - 1974. №3. -Б. 127
2. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр - Жүсіп және фольклор. - Павлодар: ЭКО, 1999
3. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары тілінің кейбір мәселелері.- Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ баспасы, 2002. -54-56, 211 б.
- 4.Жүсіпова Г. Мәшһүр - Жүсіп мұрасының зерттелу жайы // Жұлдыз. - 1998. №4. -Б. 139.
5. Аймауытов, Ж. Шығармалары [Мәтін] : романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар / Ж. Аймауытов ; [құраст.: М. Атымов, Қ. Керейкқұлов] ; Қазақ ССР Ғылым академиясы, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. - Алматы : Жазушы, 1989. - 558 б.
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар, 2004. – 535 б.
- 7.Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар, 2003. – 436 б.
- 8.Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. – Павлодар, 2003. – 384 б.

Жандыбаева Гулнар Жолдыбаевна
Астана қаласы №49 мектеп-гимназия,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-зерттеуші

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың сөз өнерінің майталманы, заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, шежіреші, қазақтың ауыз әдебиетін жинақтап, артындағы ұрпағына жеткізуші, ағарту саласының белді өкілі, қазыналы мол мұра қалдырған Алаштың біртуар перзенттерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы көп қырлы. Соған орай ақынның дүниетанымы да күрделі. Туындыларында ұлттық идеяға құрылған таза ағартушылық бағыт бар. Мұндай кесекті мәселені адам баласы үшін шерткен ақын әрі ойшыл, әрі фольклорист, тарихшы атамыздың еңбегі ерекше.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1858 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау елді мекенінде дүниеге келген. Бала Жүсіп 1870 жылы Хамаретдин хазіреттің медресесінде, 1972-74 жылдары Бұхарадағы Көкілташ медресесінде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін меңгереді. [1] Жасынан халық ағарту ісі мен білімге ден қояды.

Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қоқан барған,
Ойым бар: барсам деген одан да әрмен.
... Жасымнан ғылым іздеп кеткен басым,

Жерімде жүрген, тұрған сөзім қалған, - деген үзіндіден ақынның білім жолына бет бұрған ізденісінен үлгі боларлық тұсы оқырманның рухани құндылықты білімнен, оқығанынан, жақсы мен жамандықты ажырата алуынан болады деген ой түйеміз.

Ақын атамыз 8 жасында ауыз әдебиеті үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастаған деген нақты дерек бар. Яғни, бұл тұста бала да болса бойындағы ұлтжандылықты танытып тұр. Осы қасиетінен біз адамзаттық құндылықты сезінеміз.

Алғашқы өлеңі 15 жасында жазылған. 20-25 жас аралығында Сарыарқаның халқын, жерін-суын түгел аралайды, серілік құрады. Әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдармен жолығып, пікір алысады. Ел аузынан халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен жүріп, арасында қағазға жазып айтысқа түседі. 1880-1885 жылдары қағазға түсіріп жинаған үлгілерін Омбы қаласынан шығатын «Дала уәлаяты» газетінде бастырады.

Ақын әр нәрсенің байыбына бармай, тексермей қалам тербемейтін терең ойшыл. Алладан басқаға мойын бұрмаған діндар, аузына арам салмаған тақуа болған. Ол халық даналығын, шығыстың дүние танымын, мұсылман дінінің негіздерін насихаттап, адам тұлғасын қалыптастыру туралы өзінің маңызды ой-пікірлерін қалдырған. Өзіне дейінгі ғұламалар дәстүрін лайықты

жалғастырып, адам бойында кездесетін жағымсыз қасиет атаулыны сынға алып, игіліктің көзі – білім, мәдениет, имандылық деп атаған. Барлық жинаған, жазған дүниелері бүгінгі таңдағы жас ұрпақ үшін таптырмас мол қазына. Ерте оқып, ерте білім алып, ерте есейген Мәшһүр Көпейұлы елі үшін аянбай еңбек еткен. Қара бастың қамын ойлау деген ол кісінде мүлдем болмаған. Өз қазағын жанымен сүйген қайраткер.

Шығармалары өзіндік құндылығымен мәнді. Философия саласы – құндылық ұғымын қарастыратын ілім. Адам үшін аса маңызды заттар, құбылыстар, қасиеттер, жай-күйлерді құндылықтар деп атайды. Құндылықтар – күнделікті өмірде, ортада қалыптасатын үдеріс. Табиғи, жүре пайда болатын құндылықтар, жалпы адамзаттық құндылықтар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында кенінен сипатталған.

Тарихқа жүгінсек, Мұса Шорманұлы Баянауыл дуанына қараған халыққа аға сұлтан, дуанбасы болып тұрған кезі екен. Мұса әкелі-баланы арнайы шақырып алып, тыңдайды. Көпті көрген көнекөз Мұса Жүсіптің әкесіне: «Мұнан былай балаңның бас киіміне үкі тақтырып қойың. Көз-тілге шет болмасын. Бұл бала өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен», - деп лепес қылған екен. Ал үкіні хазірет әйелі Бибі Мариям қызының бөркіндегі үкісінен бір шоқ алып таққан екен.[2] Жүсіп атына Мәшһүр атының алғаш қосылу тарихы осы кездескен күннен басталса керек. Осы деректен ақынға қатысты тарихи құндылықтан тұлғалардың лебізін түсінеміз. Қазақта үкіні қасиетті құс деп танып, қазақтың ұлттық құндылығы әдет-ғұрпы ырымының келісті келтірілгені оқушыға ақпарат берген кезде өте қызықты болатыны сөзсіз дер едім.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Мәшһүрдің өзін таныстыруы» [3] атты өлеңін оқыған оқушы атамиздың кім, қанындағы қандай қасиетті бойына дарыта білгенін оқисыз және таң қаласыз. Тәрбиенің шырынын бойына сіңірткен арғы атасы Шермұхаммед, өз әкесі Көпейдің дін жолындағы кісілер болғанын айтады. Және әкесі Көпей Мәшһүрдің үш жасында: «адамға мал да жолдас емес, ғылым жолдас» екен деген шешімге бой ұсынып, баласын медреседе оқыту мақсатымен Баянға көшіп келген деген дерек те бар.[4]

Балаларын оқуға сүйрейді екен,

Екі қолдап жетелеп, қылып һүммет, - деген

жолдардан қос әкенің тәрбие негізі білім беруден басталғанын көреміз. Ендеше, табиғи құндылық адам баласына тәрбие үдерісінде қалыптасады деген шешімге тоқталамыз.

Ақынның шығармаларында ұлттық құндылық тікелей тәрбиемен қабысып жатқанын да байқаймыз. «Анама хат» өлеңінде [5] білім жолына түсіп шаһар кезіп елден, ата-анадан жырақта жүрген кездегі:

Талпынған дінге Мәшһүр іштен туа,

Сол кеткен атасының жолын қуа.

Шаһардан ғайып болып жиһан кезген,

Біз пақыр баласына қылсын дұға, - үзіндіде

анасына деген сағынышы мен сенімінде отбасылық құндылық көрініс береді. Дәл осы құндылық ақынның «Қазақтың хан, батыр, би-шешендері хақында»

бөлімінде «Жақсыдан жаман тумайды» [6] аңызында тарихи тұлғалардың сөздері мен іс-әрекеттерінен аңғаруға болады. Мысалы:

Өз Жәнібек Жиреншеден «Хас жақсыдан жаман туа ма?» - деп сұрайды. Жәнібек: «Тумайды!» - депті. Өз Жәнібек Жиренше өмірден озғаннан кейін жорыққа шығады. Жиреншенің баласы анасына келіп:

- Осы жорыққа мен де барсам, қайтеді? – деп сұрайды. Шешесі:

- Әкенің айтып жүрген сөзінен ұққаның бар ма? – депті. Сонда баласы:

- Жорыққа барсаң, аттың сыр мінезін мін, сыр мінезі жоқ болса, жасынан мін! – деуші еді, - депті. Бала жас ат мініп көппен жорыққа кетеді. Өз Жәнібектің аты оққа ұшып, жау қолында қалады. Жиреншенің жаман баласы атын ханға беріп, оны босатып, өзі жау қолында қалыпты. Елге келген хан:

- Таудан аққан тас бұлақ,

Құймай қоймас теңізге.

Жақсыдан жаман туғанмен,

Тартпай қоймас негізге! – депті. Бұдан шығатын

тұжырым ата-ананың берген тәрбие негізінде жүректен шыққан сүйіспеншіліктің бала бойында жүре қалыптасатын құндылықты байқаймыз. Ақынның ата-ана сөзіне құлақ асып, өмірде қолдана білуге, үлкенді сыйлауға бағыт нұсқап тұрғанын көреміз.

Сол сияқты «Ағайын» өлеңінде [7] туғанның қадірін тануда жақсы ой қозғаған.

Жаман атақ бойыңа тақпайтын да ағайын,

Тарыққанда рақым ғып, сақтайтын да ағайын.

Сабыры қалмай сағынып, жүретін де ағайын,

Есіне алып, елжірей білетін де ағайын, - деп

ағайын-туыстың сыйластығын, қадірін бағалай білуді баса айтқан. Біздің болмысымыздағы ұлттық мүдде тұрғысынан бағалай білетін ұлттық құндылығымыз наурыз айын тұрмыс-тіршілігімізбен қиыстыра өрнектей түскен өлеңі – «Наурыз тілегі» [8]. Шығармасында мал басының көбеюі, күн сәулесінің жылуы, көкорай шалғыны, титықтап шыққан шаруаның арқаны кеңге салуы, күн мен түннің теңеліп, наурыз тойына жеткен елдің қуанышты сәті мен ақсақалдың бата беріп, еліміздің өрлеп, ілгері аяқ басуына тілектес екенін аңғарамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Кедейліктің арқаны» [9] өлеңінде

Балалар, жалқау болма, шабан тартып,

Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып, - деп

еріншектікке бой алдырсаң, желкеңнен мықтап ұстап тұратын кедергіден өмірбақи құтыла алмайсың деген ой айтса,

Мал көзде, ертеңді-кеш ұйқыңды бөл,

Кім жұмсаса ұшып жүр, қайтарма тіл, - деп

елгезек, тіл алғыш болуға шақырса,

Жігіттікте іс қылсаң жаннан кешіп,

Төр алдында отырып, жерсің жамбас, - деп

игі іспен айналысып, адал еңбегіңмен көрініп, жақсылық жасасаң, қашанда топтың ортасында сыйлы болатының ескертіп, жоқшылықтың алдын алудың бір жолы – қажырлы еңбек деп түсіндіреді.

Ақынның шығармаларында адал, жүрегі кең, адал ниетті адам бейнесіне, адамгершілік, ар-ождан мәселелеріне де соқпай кетпейді. «Адам екі түрлі» [10] өлеңінде:

... Бір адам бар: өрік, мейіз, ағашы секілді,
Жемісінен дүниеге баһра алады.

Бір адам бар: терек ағаш сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды, - деп

адамды екі түрлі ағашқа балайды, көркем суреттейді. Мұнда адамгершілігі мол адам мәуелі ағаштай жақсылығы жан-жағына шуақтай шашса екіншісі терек сияқты бойы бар да, ойы жоқ құр қарайған пенде іспетті. Ақын қашанда тәрбиенің бір ұшы адамның адамгершілік құндылығында болатынын ескертеді.

Ақынның «Бес парыз» өлеңін Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі», Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» шығармаларымен салыстырғанда, үш ойшылдың да әр сөзі адам баласы үшін пайдалы кеңестің шексіздігі деп білуге болады. Мысалы:

Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Бес парыз» өлеңі	Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикметі»	Абай Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба»
Иман; Ғақыл; Сабыр; Шүкіршілік ет; Әдеп	Алланың ақ жолын қадірлеу; менмен, тәкәппар болма; дүние- мүлік үшін арыңды сатпа; арамдықтан аулақ бол; еріншек болма	Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ
Үш ойшылдың пікірінің өзара үндестігі «Тәрбие – тал бесіктен» деген мәтелдің аясына әкеледі. Оқушыға осы айтылған түйінді ойды сіңіре білсек, адамның адамгершілік қасиеті жоғары, өмірде өзіне деген сенімділігі басым болатыны сөзсіз. Баланы мейірімділікке, жерін, елін, отбасын сүйуге жетелейтін күштер болып табылады.		

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз халқының тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын жетік білген, саналы ғұмырын ағарту саласына арнап, рухани қазынасын сеніп қалдырған. Елім деп өзегі өртенген ақын халықтың болашағын болжап, алдағы күннің қамын, елінің «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» жарқын өмірді сөзге қосты. Ұрпағының бір мақсатқа ұмтылуын жігерлендірді, қазақ деген айрандай ұйыған елінің болашағына үміт артты. Сондықтан тәрбие беру арқылы ұлттық құндылығымызға жол көрсететін болсақ, еліміз тыныш, болашақтың иесі жастарымыз өнегелі, білімді, ұлтжанды болары сөзсіз.

Аннотация

Ақынның шығармасында білім алу, адал еңбек ету – өзекті мәселе, себебі ұлтымызды жаңғырту мен дамытудың бірден-бір жолы: ол – тозбайтын білім екенін айтады. Ақын шығармалары Жаңа Қазақстанның дамуы үшін қазақ ұлты мәдениеті асқан, өнері шалқыған, білімі мен тәрбиесі бір-бірін толықтырған берік мәңгілік ел екенін дәлелдей алады. Дәлел – Мәшһүр атамыздың туындыларындағы ұлттық құндылықтар. Ақын қозғаған даланың бай мәдениеті жайлы, қазақ халқының тарихы мен діни наным-сенімі туралы шығармаларын тану. Әділдік, даналық пен адамгершіліктің жарқын үлгісі екенін дәріптеу.

Mashhur Zhusup Kopeyuly has done in every possible way by providing information from his life and work, promoting it in the absorption of future generations and transmitting it from century to Century. In his work, the poet considers education, literacy, and honest work to be the most important problem. Because they say that the only way to modernize and develop our nation: it is an indestructible education.

Получить знание, трудиться – это самая актуальная проблема, так как модернизировать и развивать нашу нацию одна из единственных путей: это неисчерпаемое знание говорит он в своих произведениях. Для Нового Казахстана знание и воспитание, доказывает прочность и вечность народа. Все это национальные ценности в творениях Машхура Жусупа Копеева. Разпознать произведения поэта, о богатой культуре степи, об истории и религиозных верований казахского народа.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия Алматы, 2004 ж 6 том, 430 б.
2. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж б.
3. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж 11, 12 б.
4. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж 4 б.
5. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж 19 б.
6. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж 236 б.
7. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж 33 б.
8. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж 21 б.
9. Шығармалар жинағы Алматы «Өлке» баспасы, 2014ж 27 б.
10. «Ит дүние» Таңдамалы Халықаралық Абай клубы Жидебай 2008ж.


Жумабаева Меруерт Сабырбаевна
Астана қаласы «Темірбек Жүргенов атындағы
№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-сарапшы

ОҚУШЫ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар ізгілік, адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп, өзіне таңдау жасауы. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін асыл мұрамыз. Ол келешек ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Бұл мұра ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні сөзсіз. Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, ақын-жазушыларымыздың өмірбаянын, шығармаларын ұлттық құндылықтар аясында кеңейту – жаһандану дәуіріндегі өзекті мәселе. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларын жас ұрпаққа кеңінен таныстыру арқылы рухани азық берері анық.

Ғұлама ғалым жас ұрпақтың бойына адамзат құндылықтарын қалыптастыру – ең ұлы іс деп есептейді. «Кімде-кім туа болмайды, жүре болады. Баз-баз жандар болады: ұрлық қылған емес, қорлық қылған емес, кісі өлтірген емес, мехнат-машахатты басынан көп кешіріп, қайғы-қамның қалың ортасында жүріп, табиғат жазасымен жазаланып, әрбір жапаны көп көріп қорытылуы жеткен соң, алтын болып тазарып шығады» [2, 261 б.]. «Өз басында ерік-ықтияры жоқ кісі үнемі жалқаулық пен ұйқының тұтқындығында болады. Енді біреу болады. Ол жалқау да болмайды, ұйқышыл да болмайды. Бірақ істеген ісі оңға баспайды. Сонда да жалықпай, жасымай соңына түсе берсе, өзі өлмей тірі жүрсе ақыры барып бір ұшығынан шығып, ойға алғанына жетпей қоймайды», – деп өмірдегі сынақтарға сынбауды, қиындықтардан өте келе, адамның шыңдала түсетінін, қорытынды жасап, ары қарай жалғастыру керек дегенді жеткізеді. Ақынның «Барлық дәнемені білдірмейді, жоқтың өзі үйретеді», – дегені осы салиқалы ойды білдірсе керек.

Ұлттық тәрбиенің көздері



Ол тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, эпикалық жырлар, шежірелер, айтыстар, тарихи жырлар, ертегілер сияқты халық әдебиеті үлгілерінің көптеген түрлерін жинаған. «Көпеев бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездесті... Өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың айтқандарын, маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырады... Оның үстіне ол орыс, татар ғалымдары мен жазушыларының қазақ жайындағы жазбаларын 156 зейін қоя зерттеді. Қазақтың әдебиеті мен тарихы жөнінде бағалы материалдар жинады» [2.25, 266]

Халық поэзиясы үлгілерін,оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп ерінбей ұзақ жинағаны мәлім.Өзім сынып жетекшілік ететін 5 «В» сыныбында ата-анамен бірлесе отырып «Отбасылық оқу» ұйымдастырылды.Мұндағы мақсат: оқушылардың тек мектепте ғана емес отбасында да көркем шығарма оқуын ұйымдастыру, оқуға деген қызығушылығын ояту, ұлттық құндылықтарымыз арқылы тәрбиелеу. Біз I тоқсанда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің тәлім-тәрбие, ынтымақ, мейірімділік, достық тақырыбында ел аузынан жинаған мақал-мәтелдерін талдадық.

1. Ағайынның азары болса да,
Безері болмайды.
2. Адамзатты сөз бұзады,
Тау мен тасты жел бұзады.
3. Адасқанның айыбы жоқ,
Айналып үйірін тапқан соң.
4. Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді,
Құйма құлаққа айтсаң, құйып алады.
5. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
6. Әке тұрып, ұл сөйлегеннен без,
Шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без.
7. Бағаменен ер көгереді,
Жаңбырменен жер көгереді.
8. Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.
9. Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені.
10. Ерте тұрғанның – ырысы артық.
11. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
12. Күлме досыңа, келер басыңа.

13. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
14. Сабыр түбі – сары алтын.
15. Талапты ерге нұр жауар.



Оқушылар мен ата-аналар осы мақал-мәтелдердің тақырыбын, идеясын ашты. Түсініксіз сөздермен жұмыс жасады. Оқушыларға өздері оқыған көркем шығармаларын есте сақтағандай, оқырман күнделігін жүргізуге дағдыландыру қажет. «Менің оқыған кітаптарым» деп қойын дәптер бастап, күнделік жүргізіп отырса, оқырмандық сауаттылығы қалыптасатыны аян. Дәлелдеме бөлімінде Мәшһүр Жүсіптің мақалдарын қолдану міндеттеледі.

Оқушы күнделігінің үлгісі

Мақал-мәтел	Кім?	Дәлелдеме
«Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді, Құйма құлаққа айтсаң, құйып алады»	«Аяз би» уәзір	Ханның тапсырмасын орындай алмауы
«Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа» «Талапты ерге нұр жауар». «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді»	Қыпшақ Сейітқұл	Қыпшақ Сейітқұлдың отыз үйлі кедейді ел қылуы.

«Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені»	«Керқұла атты Кендебай» Ханның балалары	Хан балаларының әкесін алдауы.
--------------------------------------	--	--------------------------------

Кітап оқып, талдау жасау, күнделік жүргізу арқылы балалар өз бойына ізгілікті, имандылықты, парасаттылықты сіңіреді. Оқушылардың тіл байлығы артып, сөйлеу тілі дамиды. Кітап оқу күйзелістен арылтады. Қазіргі заман күйінде адамдардың басты мәселелерінің бірі - күйзеліс пен мазасыздықтан құтылу. Ал кітап оқу күйзеліс деңгейін 68%-ға дейін төмендеті алады. Небәрі 6 минут кітап оқу жүрек соғысын бәсеңдетіп, бұлшық ет қызуын төмендетеді. Сондықтан оқушылар мектепте 8 минуттық кітап оқу жобасында да Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларын оқиды.



Осындай түрлі трендтік әдістер арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, кітап оқуға дағдыланады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артында қалған шығармалары қазақ халқының баға жетпес, мол рухани қазынасы болып табылады. Барды бағалай білу – ата-бабалардан қалған рухани мұраларды қалдырмай жинап, асылындай ардақтап, көзінің қарашығындай сақтап, ақыл-таразысына тартқанда ғана, өткеннің дұрысы – өнеге, бұрысы – бүгінге сабақ болмақ.

Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтарды жалаң сөз ретінде емес, ұлт қайраткерлерінің еңбектерін қолдана отырып, күнделікті оқу үдерісінде, бос уақытында тұрақты жұмыс жүргізгенде ғана нәтижелі болмақ.

Аңдатпа. Мақалада оқушы бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектері негізінде тұжырымдалған. Құндылықтарды бойына сіңірудің маңыздылығы зерделенген. Тәрбие адамның адами келбетін сақтап тұруға негіз болатын асыл қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған деген тұжырым жасалған. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолынағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі екені дәлелденген. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады. Мәшһүр Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра саралайды.

Аннотация. В статье формирование национальных ценностей у студенчества сформулировано на основе произведений известного Жусипа Копеева. Изучена важность привития ценностей на протяжении всей жизни. Сделан вывод, что образование направлено на формирование благородных качеств, которые являются основой сохранения человеческой природы человека. Доказано, что признание национальных ценностей в произведениях поэтов, их изучение и пропаганда в соответствии с требованиями времени является одним из актуальных вопросов, не потерявших своего значения на пути признания нашей национальной идентичности. В статье рассматривается значение национальных ценностей в жизни человека, их роль в жизни человека. Анализируя национальные ценности в наследии знаменитого Жусупа глазами современности, он дифференцирует национальные ценности в сочетании с процессом развития общества.

Annotation. In the article, the formation of national values in the student is formulated on the basis of the works of the famous Zhusip Kopeev. The importance of inculcating values throughout life has been studied. It is concluded that education is aimed at forming noble qualities that are the basis for maintaining the human nature of a person. It has been proven that recognition of national values in the works of poets, their study and promotion in accordance with the requirements of the times is one of the urgent issues that have not lost their significance in the way of recognizing our national identity. The article discusses the meaning and importance of national values in human life, and their role in human life. Analyzing the national values in the legacy of the famous Yusup with the eyes of modern times, he differentiates the national value in combination with the development process of the society.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәшһүр –Жүсіптің лингвистикалық көзқарастары. А. Қ. Трушев. – Павлодар : Кереку, 2009. 193 б

2. Мәшһүр тағылымы: жинақ.- Павлодар : Кереку, 2008. 2-бөлімінен 4
Жүсіпова Л. Қ. М.Ж. Көпейұлы- деректанушы.- С. Торайғыров атындағы
ПМУ, 2005.

3. Көпеев М. Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-том. – Алматы : Ғылым, 1990.
Шығыс әдебиеті.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ -ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ

«Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, фәлсапасын жақсы білген. Химия, физика, астрономия ғылымдарынан жақсы хабардар болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылыммен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары мен араб, парсы, түрік кітаптарын көп оқыған. Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы»

Әлкей Марғұлан.

Мәшһүр Жүсіптің азан шақырып қойған есімі – Адамжүсіп. Мәшһүр Жүсіптің атағын естіп, сонан соң өнерпаздығына куәгер болған ел ұстарлық өнер-білімі мен ақылы асқан дуанбасы Мұса Шорманұлы: «Өз заманында адамзаттың сырттаны, жігіттің сұлтаны атанып, халыққа мәшһүр болатын жан екен», деп оған ілтипат көрсеткен екен. Мәшһүр Жүсіптің ұстазы – Қамаралдин (кейде Қамардин, Қамар) хазірет еді. Аға сұлтан Мұса Шорманұлы Қамаралдин хазіретке сәлем беру мақсатында үйіне келеді. Мәслихат құрады. Жақсылардың кеңесінде сөзден сөз, ойдан ой туындап отырғанда: «Көпей сопының қарғадай баласының білмейтін сөзі, жырламайтын қиссасы жоқ, сайрап тұрған бұлбұл!», деген сөзді естіп, Көпейге қарата: «Сопы, сіздің бір балаңыз: «Әңгімешіл, қиссашы, өлеңді, жақсы айтады», дейді. Өзін көріп, әңгімесін тыңдайық, депті. Бұл өз заманында халыққа мәшһүр болатын бала екен! Бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз, мұнан былай бұл бала – Мәшһүр - Жүсіп болады!» депті. Мәшһүр Арабтың сөзінен аударғанда танымал деген мағынаны білдіреді [1].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіндегі мәні. Мәшһүр-Жүсіп адам бойындағы асыл қасиеттерді – кісіліктің туындап қалыптасуының құнары ретінде бағалайды. Кісіні қалыптастыру үшін оның адамгершілік қасиеті тереңге жайылып, осы құнардан нәр алатындай дәрежеге жеткізу шарт деген. Рухани кемелдену жолындағы биік шыңға жалпыадамзаттық құндылықтарды бойымыздан жарыққа шығару арқылы жете аламыз. Ақын өлеңіндегі иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп деп отырғандарының бәрі – адамзат баласын көрікті ететін асыл қасиеттер екені мәлім. Осындай ұлттық қасиеттер арқылы ғана біз ұлттық кодымызды сақтап қалатынымызды ақын өлеңінде тәптіштеп айтып отыр. Бір – иман, екі – ғақыл, үш – сабыр, төрт – шүкір, бес – әдеп деп бес қымбат деп әрқайсының маңызына ерекше тереңнен толғауы тұнып тұрған ұлттық құндылық. Абайдағы бес құндылық – талап, еңбек, терең ой, қанағат пен

рақым, ал Мәшһүр Жүсіпте – иман, ақыл, сабыр, шүкіршілік пен әдеп өлең сөзбен әдемі екшеліп, көкірек көзі бар оқырманға жол тартады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы бұл құндылықтар ұрпақ тәрбиесінде мәні зор болмақ [2].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Ғибратнама» өлеңі адамгершілік пен мейірімділікке арнап жазылған.

Адамға ұят, иман, сабыр - қазық,
Қанағат, рақым, шапағат өмірге озық.
Ақыл-ой, ар-намыстың күзетшісі
Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып.

Бұл өлеңнің мазмұнын ашып айтсақ, адам ешқашан жаман болмайды. Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті жаман бола алады. Адамдардың ішінде мінезі қатып қалғаны да болмайды. Істеген ісі, сөйлеген сөзі тікелей адамның өзіне байланысты немесе өзінің жүріп-тұрып жүрген ортасына да байланысты. Өз ортаңда сыйлы болғың келсе, ең алдымен, адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа жақын бол дейді. Ынтымағымыз бен бірлігіміздің, адамгершілік пен сүйіспеншілігіміздің күшімен одан әрі көтеріп, өзге елдің алдында үлгі болайық, - дейді. Мәшһүр-Жүсіп «Алланың жұмыр басты пендесі – адам баласының ақыл-парасаты, таным-түйсігінің ұлылығы – адамға жаратушының берген ұлы сыйы» дейді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармалары бауырластық, ортақтастық, мүдделестік сезімдерін бәрінен жоғары қояды. Адам бойындағы аңқаулық, көрсеқызарлық, пайдакүнемдікті – ақылсыздыққа баласа, ұстамдылық, мінезге байлық, жомарттықты бағалы қасиеттерге жатқызады [3].

Міне, осындай Мәшһүр Жүсіп атамыздың тайға таңба басқандай атап айтып өткен қасиеттерін әдебиет сабағымда шығармаларға, өлеңдерге мағынасына қарай байланыстырып, оқушыларыма айтып отырамын. Оқушыларымыздың рухани жақсы қасиеттерге бай болуына көп септігін тигізері сөзсіз.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп әйел адамын ер адаммен қатар білім алуына оң көзқараспен қарап, кейінгі ұрпаққа үлгі болатын даналықтарын қалдырған. Батыс әйелдері білім алу, еңбек ету, меншіктену құқықтары мен сөз бостандығы, іс-әрекет бостандығы үшін күрес жүргізді. Исламда болса, әйелдердің білім алуға деген құқығы ерлермен бірдей. Ислам мұсылмандарды білім алуға ұмтылуға міндеттегенде, оларды ер мен әйел деп бөлмейді.

Әйел тіршілікті өмірге әкелуші ана, отбасының күре тамыры, шаңырақтың тірегі, ұрпақтың тәрбиешісі, қамқоршысы, жарық дүниенің жақсылықтарын жасаушысы адам баласына тек ізгілік, жақсылық тілеуші тұлға болғандықтан қазақ қоғамында қатты құрметтелді.

Әрбір салттың тұтқасында әйел заты жүреді және соның барысынан ақ қазақы әйелдің болмысы аңғарылады [4].

Ағартушы Мәшһүр Жүсіп өзінің 1890 жылы «Дала уәлаятының газетінің» алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның кереғарлығы туралы, ислам дінінің білім аруды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі әр алуан

стереотиптер мен штамдарды теріске шығарады. Мал жиюдан басқа өнерге құлықсыздық таныта бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үйренуге шақырып, аталмыш мақалада былай деп жазады: «Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қарау – байдан қалған мұра. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстіне көбейе береді. Мал біткен кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыласың.

Ұстаз Мәшһүр Жүсіп бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөледі. «Сүтпен берген мінез сол бағытымен кетеді», – деген сөз бар. Баланың табиғаты үйінде ішпек-жемекте болады. Осыларды әдетпен өлшеумен жас күнінен қалып алдырса, өскенде көп пайдасы болады. Алтыжеті жасқа жеткен соң молдаға оқытуға берсе керек. [5].

Мәшһүр-Жүсіп Баланың білімді, өнерлі болуына әуелі ата-ананың ықпалы оң әсер етеді дейді. Отбасы тәрбиесі – ата-ананың ұрпаққа рухани-адамгершілік турасында тәрбие беріп, бір-бірімен адал сыйласып, үлгілі тәрбиесімен ерекшеленіп, жан-дүниесі таза, жақсылыққа ұмтылған, кез келген адамға көмектесетін елгезек, еліне, жеріне қызмет жасауды үйрету. Баланың алғашқы адами құндылықтары оның отбасында қалыптасады. Мәшһүр-Жүсіп адам бойындағы асыл қасиеттерді адамгершіліктің қалыптасуының құнары ретінде бағалайды. Тұлғаны қалыптастыру үшін оның адамгершілік қасиеті тереңге жайылып, осы құнардан нәр алатындай дәрежеге жеткізу шарт деген. Рухани кемелдену жолындағы биік шыңға адами құндылықтарды бойымыздан жарыққа шығару арқылы жете аламыз [6].

Қорытындылай келе, қазақ халқының руханият тарихында Мәшһүр - Жүсіптің алатын орны ерекше. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың тағылымының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол. Ендеше, сол рухани мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, кейінгі буын үлгі аларлық кәдеге жарату бәріміздің қасиетті парызымыз деп есептейміз.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы рухани құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіндегі мәні орасан. Тарих, ұлттық тәрбие, адамгершілік, салауатты өмір, ғылым мен білім, салауатты өмір салты, әйелді аналарды құрметтеу, бала тәрбиесі барынша толық қамтылған. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өз бойына сіңіріп, келер ұрпаққа керемет жеткізе білген ғұлама ақын. Мәшһүр Жүсіптің бұл ұстанымдарын қазіргі технологияның дамыған заманында қазақ мектептерінде өзін-өзі тану пәніне білім бағдарламасына кіргізсе қазақ баласы рухани жағынан толық жетілген білімді, ғылымды меңгерген салауатты заманауи ұрпақ болып өсері сөзсіз.

Адамды өзін –өзі тәрбилеуде Мәшһүр Жүсіп атамыз құдды дәл қазіргі заман адамдарына айтып кеткендей, қандай құнды ақпарат жатыр десеңізші.

Осы құнды қазынаны бойымызға сіңіріп, күнделікті өмірде қолдансақ, бала тәрбиесінде қолдансақ, рухани кемелдену жолындағы биік шыңға жетеріміз сөзсіз.

Аннотация

Значение духовных ценностей в произведениях Машхур Жусупа Көпеев в воспитании поколений колоссальное. Наиболее полно освещены история народа, национальное воспитание, нравственность, здоровый образ жизни, наука и образование, здоровый образ жизни, уважение женщин к матерям, воспитание детей. Мудрый поэт, который сумел привить себе функции обычаев и норм, что ценности являются наиболее важными для общества, и прекрасно передать их будущим поколениям. Если бы эти принципы Машхур Жусупа Көпеев были заложены в образовательную программу по самопознанию в казахских школах в эпоху современных технологий, то наш народ бесспорно процветало бы.

Какая ценная информация лежит в самовоспитании человека, представьте себе как передал нам Машхур Жусупа Көпеев современным людям. Несомненно, мы достигнем вершины на пути к духовному совершенству, если будем использовать это ценное сокровище в повседневной жизни, в воспитании детей.

Annotation

The importance of spiritual values in the works of Mashkhur Zhusup Kopeyuly in the upbringing of generations is colossal. The history of the people, national upbringing, morality, a healthy lifestyle, science and education, a healthy lifestyle, respect for women for mothers, and child rearing are most fully covered. A wise poet who managed to instill in himself the functions of customs and norms that values are the most important for society, and perfectly pass them on to future generations. If these principles of Mashkhur Zhusup had been incorporated into the educational program for self-knowledge in Kazakh schools in the era of modern technology, then our people would undoubtedly have flourished.

What valuable information lies in the self-education of a person, imagine how Mashkhur Zhusup gave us to modern people. Undoubtedly, we will reach the top on the path to spiritual perfection if we use this valuable treasure in everyday life, in the upbringing of children.

Библиографиялық тізім

1. Егемен Қазақстан. Мәшһүр мұра. Серік Негимов, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы 1-2 б.
2. Қалижан У. Мәшһүр-Жүсіп: Зерттеу. – Алматы: Атамұра, 1998. 30 б.
3. Олжаева А., Мектептегі психология. – Алматы қаласы, 2001. – 14 б.
4. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ сериясы, - Нұр-Сұлтан, 2020, 17 б.
5. Сүтжан С. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар, 2001. – 104 б.

Каппасова Меруерт Еркиновна
«№79 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

МӘШҲҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Ұлттық құндылықтар-қандай бір халықтың өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы десек, ұлттық құндылықтардың әрбір халық өмірінде алар орны ерекше болмақ. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары деп тілі мен дінін, салт дәстүрін айтар едім. Сондықтан да әрбір болашақ ұрпақ үшін мәнді тәрбие -ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып саналады.

Бірінші құндылық – тәуелсіздік және тарихи таным болса, екінші құндылық-ел мен жер, үшінші құндылық – тіл, әдебиет және руханият. Төртінші құндылық-ұлттық дәстүр және отбасы. Бесінші құндылық-білім мен біліктілік. Ұлтты сүю – ұлтшылдық емес.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы- өз заманынан озып туған дара тұлға. Қазақ әдебиеті тарихында осыған дейін сөз болмаған ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениет мен әдебиетінің белгілі тұлғасы-Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзінің ұрттық шешендік өнерге қосқан үлесін көп қырлылығын, күрделілігін негіздеп, арнайы зерттеу қажеттілігін тудырып отыр. Ақынның шығармашылығының қайсысын алсақ та Ұлы дала елінің құндылықтарын дәріптеп, кемшілігін шығармасына арқау етіп отырған.

Жалпы адамзаттық құндылықтардың өмірлік мәні мен мағынасы көне заманнан бүгінгі күнге дейін философтар мен психолог-педагогтердің зерттеулерінен орын алып, бүгінгі қоғамның ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Сократ, Конфуций, Әл-Фараби, Платон, Аристотель, Ж. Баласағұни, М.Х. Дулати, т.б. секілді ғұламалар еңбектерімен қатар, қазақтың Асан Қайғысы, Шалкиіз жырауы, Шал ақыны, Бұқар жырауы сонымен қатар, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, , М. Дулатов, біз сөз еткелі отырған М. Көпейұлы т.б. ғұламаларымыздың шығармаларында сипатталған қазақтың бай мәдени мұрасы, ұлттық құндылығы және жоғары рухани идеялары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Аталған тұлғалар шығармаларындағы адами құндылықтар әр адамның бойынан табылса қандай бақыт болар еді!

Қазақтың біртуар төл перзенті, ақын, ағартушы, тарихшы, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ұлы дала елінің құндылықтарына тоқталар болсам, «Ағайын» өлеңінде:

Айтқаныңа қалтықсыз сенетін де ағайын,

Аяқ тайса, алдымен көретін де ағайын.

Маңдайдағы күніңді жоқтайтын да ағайын,

Басыңдағы бағыңа тоқтайтын да ағайын,-дейді.

Бұл өлең жолдарынан қазақ үшін ағайынның қандай қадір-қасиеті бар екенін аңғару қиын емес. Бауырмалдық, туысқандық, татулық сезімдердің қазақ халқы үшін қаншалықты жақын екені айтпаса да түсінікті.

«Бес қымбат» деп аталатын өлеңінде иман, ақыл, сабыр, шүкір, әдептің адамзат үшін қымбат екенін айтып, адамзатты жақсылық жасауға үндеген.

Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлының «Ақылдың пайдасы» ертегісінде патшаға ақыл айтқан кісінің: «Не жұмыс, не іс қылсаң, ақылмен, сабырмен артын ойлап істе!» деген ақылы арқасында аман қалғанын жаза отырып, болашақта әр адам осы өсиетті жадына ұстаса қанша бәледен құтыла алар еді деген өсиетін бойтұмардай ұстау қажет екені айтпаса да түсінікті.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халықта, отбасында, ұлттық дәстүрде, ұлттық өнерде, әдет-ғұрыпта. Әр адам адами рухани-құндылықтарды өскен ортасынан, күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, білім ордасынан бойына сіңіреді. Кезінде Мәшһүр Жүсіп адам үшін төрт кедергіні атап өткен: Бірінші: адамның желкесінде тұрады. Аты – керітартпа. Адамның желкесін қырық адам ұстап отырады. Басты сылтауы «кейін жасарсың», «оны қайтесің»? Екінші: жалқаулық. Ол құйрықта. Тұрмау, жүрмеу. Үшінші: ұйқышылдық. Үнемі маңызды емес бір нәрсені ойлап, уайымдап жүреді. Белгі сөзі: «жасау керек еді». Төртінші: қорқақтық. Адам жаны өз жүрегінің қожайыны болу керек! Адам кейде тіршілік етіп жүргендей көрінуі мүмкін, бірақ ұйқыға кетіп қалғанын сезбейді, оны сезу үшін де адамға ішкі рух пен құндылық керегі ақиқат.

«Сүлеймен мен құмырсқа» аңыз ертегісінде кішкентай жәндік Құмырсқаның: «Басым зор, миым көп, ақылымның артықтығы содан. Сенің денеңе қарағанда, қарның жуан: тойымсыздығың жоқ, қанағатың аз. Тойымы жоқ қанағатсызда қасиет бола ма?!-дейді. Менің өзге денеме қарағанда, қарыным жіңішке: қанағатым зор, дүниеге мұқтаждығым аз!-дейді. Ақылымды көп қылып, тамақ үшін уайымымды жоқ қылып, өзімнен зорды көтеретұғын күш беріп жаратты. Мұнан артық жаратылу бола ма?» деген сөзі әр қазаққа үлкен ой салуы керек деп ойлаймын. Қанағатсыздық, ынсапсыздық, тойымсыздықтың апарар жері белгілі. Олай болса, осы кішкентай жәндіктің сөзі арқылы қаншама адамға ой салып отыр.

«Жиренше» туралы аңыз әңгімеде:

-Ей, ханым, бірімізге біріміз-аз күн қонақ,

Ойласаң, мына дүние тіпті шолақ.

Тірлікте, аз өмірде сыйласып өт,

Бүгін бар, ертең жоқ: өмір-сол-ақ!

Қысқа ғұмырда сыйласып өтуден басқа ештеңенің қажеті жоқ екенін осы бір шумақ өлең жолдарына сыйғызып тұр. Сыйластық- ең басты құндылық екенін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы есімізге тағы да салып отыр.

«Дауасыз дерт» өлеңінде ақын:

Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,

Жақсы емес қапы болу тікенектей.

Ғылымың болса -дағы ұшан-теңіз,

Пайда жоқ: өз халқыңа қызмет етпей!,- деп жырлауы тегінен –тегін емес. Жас ұрпаққа білім мен ғылымды бойына сіңіріп қана қоймай, оны халқының игілігіне жұмсаса сол пайдалы екенін айтып өткен.

«Кедейліктің арқаны» өлеңінде:

Балалар, жалқау болма, шабан тартып,

Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып.

Арқаны кедейліктің-еріншектік,

Желкеңнен жібермейді мықтап тартып деп, бастап адамзаттың хас жаулары жалқаулық, кежірлік, ұйқышылдық, пасықтық, надандық, әдепсіздіктің зияны туралы қалың оқырманға ой салады.

Ақын тағы да өз еңбектерінде адам санасының ояу болуына, өзін-өзі дамытуға, білім алуға, еңбек етуге шақырады. Еңбек бар жерде ғана адам өзінің болмысын жасайтынын ескертеді. Еңбекке үйренген адам ғана рухани өседі, ал еңбексіз рухани дамимын деу жалған екенін әрбір шығармасы арқылы дәлелдейді.

Ұлы бабамыздың жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ халқының маңдайына қасқайып біткен азаматының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алар орны ерекше. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұрасының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу туындайды. Кейбір адамдарға не болып жатса да – бәрібір. Олар өздігінен ой қорытып, шешім іздеп жатпайды, кім жоғарыда отырса, солардың сөзі – сөз. Түсі, түрі осылайша өзгеріп тұратын адамдарды, өкінішке орай, қазіргі таңда көптеп кездестіруге болады. Мұндай адамдар қоғам үшін өте қауіпті болады. Тәрбие мәселесінде кетіп жатқан олқылықтарға зер салатын болсақ, ол олқылықтар ересектер тарапынан жіберіліп жатқанын аңғару қиынға соқпайды. Қоғамның, уақыттың ығына жығылып, адами рухани құндылығымыздың төмендігінен тек қарабастың қамын ойлайтын дәрежеге жеттік. Тек қарабастың қамы үшін өмір сүруге етіміз үйренді. Соның нәтижесінде ұрпақ та бізден алыс емес. Нағыз байлық – дүниенің ағыл-тегіл көптігі емес. Нағыз байлық – жан сарайыңның байлығы екенін терең түсіне алмай жүргеніміз әрине өкінішті. Сондықтан да Ұлы дала халқының ұлттық құндылықтарының жоғалып бара жатқаны әрине қынжылтады. Ұлттық дәстүр мен тілімізді, дінімізді сақтау-ол біздің парызымыз. Туған тілді шұбарламай, келешек ұрпаққа салт-дәстүрімізді сақтап, келешек ұрпаққа табыстау-қастерлі борышымыз деп білемін.

Адамның арманы қиялында, сүйіспеншілігі жүрегінде, ұяты бетінде, ары мен намысы жанында өмір сүреді. Қандай уақыт, қандай кезең болмасын, ұлттық құндылықтарымыз сақталмай, келешектің жарқын болуы күмәнді. Біз алдағы уақытта ұрпақтарымыздың білімді, саналы, ізетті, жаһандық білім беру кеңістігінде еркін самғай алатын, елі мен жерінің қадір қасиетін ұғатын, мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен салт дәстүрін, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, ойы азат, мақсаты айқын, ел игілігі үшін еңбек ететін ұлтжанды, денсаулығы мығым, ата дәстүрді сақтайтын, рухани бай ұрпақты көргіміз келеді. Лайым, ұлттық құндылықтарымыз болашағымыз - жастарымыздың бойынан табыла бергей!

АННОТАЦИЯ

Бұл мақаланың мақсаты- жалпыадамзаттық құндылықтардың көрсеткіші, құрылымы, өлшемдері, деңгейлері т.б. мәселелері ақын, шежіреші, тарихшы, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларындағы тұжырымдардың негізінде талдап, қарастыру болып табылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолындағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіптің Көпейұлының мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра айтады. Шығармалардағы ұлттық құндылықтар талданып отырып, сараланады. Алдағы уақытта жас өреннің бойынан көргісі келетін ұлттық құндылықтар аталып өтіледі. Оқырманға осы мақалам үлкен ой салар деген үміттемін.

Цель этой статьи изучить и исследовать общечеловеческие ценности, уровень, показатели, проблемы человека через наследие историка, поэта, фольклориста, летописца Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Через труды писателя изучить национальные ценности, дифференцировать, и одна из проблем не потерять свою национальную идентичность. В статье рассматривается важность национальных ценностей для человека, широко изучается роль ценностей в жизни человека. На ряду с этим, изучая современным взглядом наследие поэта, находим соприкосновение с процессом развития общества.

Изучая дифференцируем национальные ценности в произведениях поэта. Так же указываются те ценности, которые хотели бы видеть у будущего поколения. Надеюсь, что учителя моя статья разбудит великие мысли.

The purpose of this article is to study and explore universal human values, level, indicators, human problems through the heritage of the historian, poet,

folklorist, chronicler MashhurZhusipKopeyuly. Through the writings of the writer, to study national values, to differentiate, and one of the problems is not to lose your national identity. The article considers the importance of national values for a person, and the role of values in human life is widely studied. Along with this, studying the poet's heritage with a modern eye, we find contact with the process of development of society.

By studying, we differentiate national values in the works of the poet. The values that the future generation would like to see are also indicated. I hope that my article will awaken the reader's thoughts.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ:

1. Б.Ғ.Ғалымжанов «Мәшһүр Жүсіп мұрасы – Ұлы дала елінің құндылықтары» Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
- 2.Б.Р.Қожахметова «Мәшһүр Жүсіп фольклористикасындағы би-шешендердің сөз өнері» оқу құралы, Павлодар, 2014 ж, 5 б.
- 3.Жалпы адамзаттық құндылықтар [Электронды ресурс] - URL: <https://e-history.kz/kz/publications/view/3271> (қаралған күні: 10.03.2020)
4. «Мұстафа Шоқай. Тандамалы» (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, - Алматы, «Қайнар», 1998. – 57 б.
- 5.М. Жүсіп. Шығармалар жинағы // 11-том, - Павлодар: 2013. –23 б. 6 Қазақ афоризмдері. – Алматы, 2012. –323 б.
6. Мәшһүр Жүсіп Шығармалар жинағы // - «Өлке» баспасы: 2014. – 167-241 б.

АДАМИ ҚАСИЕТТЕР – ҰРПАҚТЫҢ ӨРКЕНДЕУІНІҢ ӨЗЕГІ

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармасының өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өміршеңдігі жайлы айтылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармасын оқыған әрбір қазақ баласы өзін-өзі құрметтеуге, бағалауға шешіле бел байлайтыны жайлы өрелі түйін түйілген. Мақала елім деген, өзім деген әр азаматқа арналған.

В данной статье говорится о значимости произведения Машхура Жусипа Копейули в деле воспитания подрастающего поколения. Делается вывод, что каждый казахский ребенок, прочитав произведения знаменитого Жусипа Копейули, решительно будут уважать себя и ценить. Статья предназначена для каждого гражданина моей страны.

This article talks about the significance of the work of Mashkhur Zhusip Kopeyuli in the education of the younger generation. It is concluded that every Kazakh child, having read the works of the famous Zhusip Kopeyuli, will strongly respect and value themselves. The article is intended for every citizen of my country.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, ақын, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ ұлтының бірлігі ғана емес, жалпы мұсылман халықтарының бірлігі туралы мәселе көтереді. Оның ойынша, рухани, дін және сенім тұрғысынан интеграция мен өзара әрекеттесу ұлттар мен ұлттар болып бөлек жиналудан гөрі шынайы бірлікті құрайды. Қазақ даласында кейінгі тарихымызда орын алған революциялық өзгерістер ұлттың бірегей қасиеті саналатын көшпелілер өркениетін жойды.

Ашылмай басымыздан тұман басты,

Сол үшін жол таба алмай жұрт адасты.

Мың сегіз жүз алпыс тоғыздан соң,

Қор болып болмадың ба аяқасты.

Даярлап күнде алдыңнан қақпан-торын,

Шыңырау ғып сексен құлаш қазан орын.

Құранды қор, моланы болдай қылып,

Тырысты сөндіруге ислам нұрын...[7,61-б.] – ақын «Қазақ халқының бүгінгі тарихы» атты еңбегінде кеңестік саясаттың қазақ жеріне деген арам пиғылын ашық жырлайды, қазақ халқын тарихи-мәдени құндылықтарын сақтауға, дәстүрлі құндылықтарын жаңғыртуға шақырады, рухани ағартушылықты насихаттайды.

Ақын шығармашылығының түпкі мәні мен маңызы қазақ халқының ұлттық мүддесі мен рухани дүниесін озбыр саясаттың жойқын күштерінің қаһарынан қорғау әрекеті болды.

Тарту деп медал, наград ала берді,
Өз басым аман, жұртты отқа сала берді.

Пайдасына ұрым-бұтақ ойламады,

Күйікте кейінгілер қала берді... [7,62-б.] – деп құрғақ марапаттар үшін өз халқының тілін, ұлттық салт-дәстүрін жоюға жол берген мансапқор ағаларын сынайды.

Қазақтардың ең қалаулы, құнарлы жайылымдары тек орыс шаруаларына берілмей, миссионерлер бүкіл елге таратылды, қазақтарды ислам дінінен, олардың барлық рухани және дәстүрлі идеяларынан алшақтату әрекеттері жасалды. Әрине, мұндай біржақты саясат талай қазақ зиялыларының ашуын тудырды. Ал Мәшһүр Жүсіптің арманы – әділетсіздік пен зұлымдық, кемшілік пен кедейліктен ада, адам қабілетіне қарай дамып, өсетін жаңа мемлекет құру еді, сондықтан ол адам мәселесін өзекті ету бағытында жалпы қоғамдағы әлеуметтік жағдайды өзгерту, түзету мәселесін күн тәртібіне қоя білді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын оқи отырып, XX ғасыр басындағы саяси өзгерістердің нәтижесінде қазақ қоғамының ең жақсы, ең тұрақты кезеңі жоғалғанын түсінеміз. Ақын адам бойындағы келеңсіз, жағымсыз қасиеттердің бастауы – оның Алладан алыстығы деген тұжырымға келеді. Әрине, адамдар арасындағы қарым-қатынастың күрделілігі мен қайшылықтылығы XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамына тән еді. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы рухани бірліктің жоғалуын адамзат қоғамының құндылық бағдарларының өзгеруімен байланыстырады.

Шағын, өткінші дүние үшін адамдар өздерінің шексіз рухани мүмкіндіктерін толық пайдаланбай, өзімшілдікке бой алдыратыны белгілі. Халық түсінігінде Аллаға деген сүйіспеншілік тек жақсылық пен сұлулық, адамдық пен адалдық, діни рәсімдерді орындау ғана емес, жалпы Оның жаратылысына деген сүйіспеншілік. Яғни, шын махаббат қана адамның бойында адалдық пен әдептілік, қамқорлық пен мейірімділік қасиеттерін қалыптастырады. Адамгершілік жауапкершілік пен тәубеге келу қасиеттері адамға, оның рухани әлеміне деген құрмет пен сенімнен туындайтыны анық.

Ойшыл өз шығармаларында адал адам бейнесіне, адамгершілік, ар-ождан мәселелеріне көбірек көңіл бөледі.

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды,
Жемісінен дүниеге жүзі баһра алады.

Бір адам бар: терек ағаш сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды... [8,83-б.] – деп ол адам болмысын екі ағаш түріне теңеп, тамаша суреттейді. Мұндағы мән – ізгілікті адам күн нұрын шашып, жақсылық жасайтын кемел ағаш сияқты болса, екінші адам – мейірімсіз, тәкаппар, ұзын бойлы, жеңіл-желпі адамның бейнесі.

Балалар, жалқау болмай, оқы сабақ,

Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ...

...Арқаны кедейліктің – еріншектік,

Желкеңнен жібермейді мықтап тартып... [8,84-б.] – деп «Жалқаулық туралы не айтты», «Жарлы қайтқан болар, ұйықтар» атты шығармаларында оның жаман жақтарын, Абайдың «Бес нәрсеге асық, бес нәрседен қаш» деген сөзін сынаған. жалқаулық, менмендік, надандық сияқты адами жақсы қасиеттерді дәріптейді. Қазақ тілінде «кедейді арбадан ұстама», «кедей» деген тіркестер бар, бұл тіркестердің мәнін ақынның мына өлеңдері айқын аңғартады:

Сөз айтса, дәл қол сырнай, тақылдайды,

Өз сөзін, құрғыр, өзі мақұлдайды.

Кеңеске қалжың-мылжың тым-ақ ұста,

Суырдың айғырындай шақылдайды.

Жөн сөзді айта білмес ақылдасып,

Ыржаң, қылжаң өнер сықақ, машық.

Сыр-сымбат, өн бойында, өнеге жоқ,

Әдеп, ар кем, ұятсыз, надан пасық... [8.88-б.] – деп Көпеевтің пікірінше, өнер мен білім ғана адамның жүрегін, санасын, жан дүниесін тазартып, биік мақсаттар мен мұраттарға жетуге ықпал етеді. Әрине, ол бұл ойды дінмен байланыстырады: Өйткені, Алланы тану, Оған құлшылық ету әділдік пен имандылыққа жетелейді. Сондықтан оның дүниетанымында Аллаға деген сенім ерекше орын алады. Жастайынан діни білім алып, ғажайып шығыс өлеңдеріне қаныққан Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің көпшілігі діни тақырыпта жазылған, тіпті бірде-бір шығармасында дін, ғашықтық, ғибадат, мадақ туралы сөздер кездеспейді.

Адам табиғатынан Құдай алдындағы міндеттеріне адал, саналы, адамгершілік пен парасаттылыққа және осыларға қарама-қайшы зұлымдыққа бейім келетін екі сипатқа ие. Әл-Фараби адам бойындағы осы сипат туралы былай дейді: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» [1, 128 б.].

Көпеев «Бес асыл» өлеңінде адамға қажетті рухани және адами құндылықтарды бір-бірімен үйлестірге суреттейді.

«Ең әуел, керек нәрсе – иман» – деген.

«Екінші, керек нәрсе – ғақыл» – деген.

«Үшінші, керек нәрсе – сабыр» – деген.

«Төртінші, керек нәрсе – шүкір» – деген.

«Бесінші керек нәрсе – әдеп» – деген [4].

«Ғақыл» – араб тілінен енген сөзінің мағынасы «ақыл, ес, даналық» дегенді білдіреді.

Осы «ақылдылық, естілік, даналық» Абайдың шығармасында да кеңінен қамтылған. Соның бірі – он бесінші қарасөзі. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» – деген екен. Әр адам өмірі мағыналы болуы үшін, өзін-өзі реттеп отыруы керек екенін нақты айтқан. Тіршілікте өкінбейтіндей өмір сүру маңызды екенін ескертеді. Өзінен есеп алған адам, саналы да мағыналы өмір сүрген «толық адам» деп Абай айтса, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы адамның адами қасиетінің қастерлігін «түгел адам» деп ой түйіндейді.

Осы «түгел адам» ойын «Төрт асыл, бес береке» өлеңінде ашыла түседі.

...Бірі – тілде, біреуі – көңіл-ойда,

Енді бірі – теп-тегіс түгел бойда.

Бұл үшеуін жүргізсе, қара жолмен,

Бәйге алады жарқырап үлкен тойда.

«Құдай – бір, жоқ – деп – басқа!» – айтса тілің,

Шын білсе, тіліңдегі – жан-ділің... [4] –

деген жолдарда төрт асылды зерделеп көрейік.

Төрт асыл, яғни, адам бойынан табылатын әдеттер:

1) Тіл;

2) Көңіл;

3) Жан;

4) Сенім;

Осыдан келіп мына жолдарға назар аударайық.

...Береке – өз қарақан басыңдағы,

Әдетің (ғадетің) – ұзын өмір жасыңдағы[4] – деген жолдардағы «береке», «әдет» деген сөздерге нені сыйғызып отыр? – деген ой келеді.

Бес береке, яғни, адам бойынан табылатын әдеттер:

1) Бес уақыт намаз;

2) Тілден, көзден тыйылу;

3) Қайырымдылық;

4) Аманатқа қиянат жасамау;

5) Уәдеңде, сөзіңде тұру – деген сияқты асыл қасиеттер әр адамның бойында болса, сонда ғана «түгел адам» болады деген ойын тұжырымдайды.

...Төрт асыл, бес береке – бір бойынан

Табылса, түгел болып, эне, кісі! [4] –

дей келе, адамның тұла бойынан осы «төрт асыл» мен «бес береке» табылса, оны «түгел адам» деп атауға әбден болады деп санайды.

Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасының руханилығы әрі қуаттылығы – ұрпақтың өркендеуінің өзегі – бойындағы адами қасиеттерді реттеп отыруында және жетілдіріп отыруында болып отыр. Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу» деген Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсатымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармасының мазмұндық мағынасы үндесіп жатыр.

Библиографиялық тізім

1. Әбу Насыр әл-Фараби. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Астана, ТОО «Лотос – Астана», 2007. 4 том. – 286 б.
2. Әбілев Д. Мәшһүр Жүсіп. Өткен күнде белгі бар: Естелік-эссе. – Алматы: Жазушы, 1997. – Б. 3-41.
3. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1990. – 273 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Мәшһүр Жүсіп Көпеев лирикасы // Қазақ әдебиеті. – 1959, шілде. – 19.
5. Марғұлан Ә.Х. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев // Сарыарқа самалы. – 1994, сәуір. – 28.
6. Марғұлан Ә.Х. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. //Қазақ әдебиеті. -1940. -5 қаңтар. - №2. -4 б. ; Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс-Баянаула өңірі. -Павлодар: Дауа-Қазақстан, 1995. - 1 кітап. - 368 б.
7. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Сөз жүгі. Шығармалары: 12-томдық. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – Т. 12. – 363 б.
8. <https://kitap.kz/author/425>
9. [https://kitap.kz/books/bota_olender123456/read#epubcfi\(/6/36\[id18\]!/4/2/2/1:0](https://kitap.kz/books/bota_olender123456/read#epubcfi(/6/36[id18]!/4/2/2/1:0)
10. https://kk.wikibooks.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D1%8B%D2%A3_%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B0_%D1%81%D3%A9%D0%B7%D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D1%8B%D2%A3_%D0%BE%D0%BD_%D0%B1%D0%B5%D1%81%D1%96%D0%BD%D1%88%D1%96_%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B0_%D1%81%D3%A9%D0%B7%D1%96

Қыдырбаева Феруза Қыдырбаевна
Астана қаласы Мұстафа Шоқай атындағы
№ 51 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ әдебиетінде дидактикалық сарында жазылған шығармалардың тәрбие құралы ретіндегі мән-маңызы зор. Олардың басым көпшілігі адамзатты ізгілік пен адамгершілікке шақырады, имандылық пен көркем мінезге баулиды. Әдебиеттің ежелгі мұралары «Күлтегін» мен «Тоныкөк», «Оғызнама» мен «Қорқыт ата кітабы», Жүсіп Баласұғұн мен Әл-Фарабидің даналық өсиеттері, Йассауи бабамыздың хикметтерін көкірек көзімізбен үңіліп оқысақ, санамыз бен рухымызға қажетті нақылдардың інжу-маржандарын кезіктіре аламыз. Осылайша ежелгі рухани қазыналарымыздан бастау алатын дидактикалық шығармаларды бүгінгі күні оқып-үйрену, ұрпақ тәрбиесінде көмекші құрал ретінде пайдаланудың қажеттілігі туындап отыр.

Дидактикалық сарындағы әдебиет өкілдерінің бірегейі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы ХХІ ғасырда да өзегін жоғалтпады. Себебі Мәшһүр Жүсіп ұлттық ойлау жүйемізді сақтап, дініміз бен дәстүріміздің берік сабақтастығын бұзбай бүгінгі ұрпаққа табыстады. Ол өз еңбектерінде дінтану, жантану, тәнтану, педагогика, психология, тарих, этнография сияқты көптеген салалар қамтып, түрлі сауалдарға нақты жауаптар берген.

Заманынан озып туған ұлттың аяулы перзенті, сұңғыла білімі мен білігі арқасында әулиелік деңгейге жеткен ғұлама философ, әдебиетші, этнограф, тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы терең зерттеуді қажет етеді. Жастайынан алғыр зейінімен ерекшеленіп, шаршы топта әділ сөз айтқандықтан қалың көпшілік оның есіміне Мәшһүр деген атты қосақтап айтқан. Міне, еліне, жұртына ардақты Мәшһүр Жүсіптің өнегесі мен өсиеті, қадірі мен қасиеті әлі де халықтың жадында. Оның тәлімін ұлтымыз әлі де тұтынып, қажеттілігіне жарататыны сөзсіз.

Ағартушының көркем және публицистикалық шығармаларында тұлға руханияты мәселесі терең зерттелген. Бұл оның педагогикалық тұжырымдамасындағы басты педагогикалық идеяларының бірі болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық тұжырымдамасын талдай отырып, құрылымын былай бөлуге болады: адам тұлғасы, тәрбие мақсаты, заңдылықтары мен принциптері, тәрбие мен оқытудың мазмұны және әдістері, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынас және

отбасының рөлі жөніндегі ойлары. Тұжырымдаманың басты компоненті болып табылатын тәрбие мақсаты – болашақты межелеген нысана.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзқарасындағы тәрбие мақсатына байланысты айтқан пікірлері педагогика классиктерінің ой-пікірлерімен ұштасады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының руханилық ілімінің халықтық педагогика тәжірибесімен үйлесімі оған рухани–адамгершілік тәрбиені бірінші орынға қоюға итермеледі. Оның шығармашылығындағы негізгі көңіл адам мәселесі мен оған тиімді ықпал ету жолдары іздестіруге бөлінді. Ұлттық рухы биік азамат – ағартушының көзқарасындағы тәрбиенің басты мақсаты болып табылды. Ал тұлғаны ол руханияттың бастамашысы ретінде қарастырады.

Жалпыадамзаттық, гуманистік мақсаттардың артықшылығын негіздейтін қазіргі кездегі жаңа педагогика парадигмасы ретінде ең алдымен тұлғаның құндылығы, оның руханилығы мен азаттығы идеясынан бастау алатын рухани-адамгершілік тәрбиесі болып табылады. Өйткені педагогика адамға оның рухын жоғары көтеруге қалай көмектесу керектігі жөнінде мәселені қойып, талдап зерттейтін ғылым. Педагогика адамды бақытты етуге мүмкіндік беретін механизмді, құрал, әдісті анықтайды, адамға өз орнын тауып, шығармашыл жеке тұлға болуына көмектеседі. Ұстаздың педагогикалық қызметі білім, іскерлік, дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмей, ең алдымен кішкентай баланы кең пейілді, ақ көңілді «Адамға» айналуға көмектесу керектігімен тікелей байланысты. Бұл іс-әрекеттегі басты мақсат: балаларға рухани тәрбие беру. Рухани тәрбие - әлеуметтік, педагогикалық категория. Философиялық-психологиялық әдебиетте адамның рухани бастауы оның тіршілік әрекетінің қоғамдық және шығармашылық-жасампаздық сипатымен, оның мәдениет әлеміне қосылуымен байланыстырылады. Руханилық ұғымы сөзсіз, тұжырымдалып анықталған. Сонымен бірге қазіргі кезеңнің соңғы жылдарындағы психологиялық-педагогикалық әдебиетте бұл ұғымды түсінуде және түсіндіруде ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басындағы қазақ ойшылдарының келістерімен жақындасу тенденциясы айқын байқалады. Бұл ойшылдардың түсінігі бойынша, руханилық - болмыстың тәсілі және бейнесі ретінде адамға сүйіспеншілікке, ұятқа және парыз сезіміне жол ашады. Тек қана руханилық адамға оның өміріндегі нағыз құндылық пен өмірінде ең басты не екендігін, не үшін өмір сүруге, не үшін өзін құрбан етуге болатындығын анықтап береді. Сонымен, біз руханилық дегеніміз өз мінез-құлқында жоғары құндылықтардың жетекшілік етуіне, ақиқат, сұлулық, мейірімділік мұраттарының соңынан еруге қабілетті адамның ерекше адамгершілік құрылысы негізделген ұғым болып табылады деп есептейміз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сенімі бойынша тәрбие мақсаты адам өмірінің мақсатына сәйкес, ендеше моральдық және діни білімге басты назар аудару, ең алдымен адамның өмірінің мәні мен рөлі жөніндегі ақиқат орын алған қарым-қатынасқа бет бұру керек деп білді. Ағартушының бұл соны идеясы «Алланы тану» - адамгершілік, ізгілік жолы екені жөнінде ойын шегелеп көрсету. Бұл ұғымды Еуропада «гуманизм» деп атаған. Ойшыл адам

моделін тән мен жан бірлігі ретінде көрді. Оның түсінігінде адам тәні әлемді тану құралы іспетті. Дүниені тануда шығыстық қатынасты алсақ, шығыстың ұраны: «өзіңді өзің танып соның негізінде оны қайта өзгерт». Шығыс адамы үшін әлем шексіз, сондықтан да ол өзінің бойында бәрін жинақтайды, сондықтан ол дүниені қайта құруды қажет етпейді. Дүниені емес, адамды өзгертуді талап етеді. Материалдық-тәндік қана емес, сонымен бір мезгілде рухани, жаны бар тіршілік иесі бола тұрып, адам өзінің физикалық шектелуін және нәпсісін жеңіп шығуы және таза рух деңгейіне дейін көтерілуі тиіс. Сондықтан ағартушы тәрбиенің мақсаты белсенді іс-әрекеттегі тұлға болу керек дейді. «Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ, отырып қалмай үйде қыңырайып.», [1] немесе «Талаптыға мол нәсіп беріледі.», «Не нәрсе талаптансаң беріледі.», «Алмассың егінді орып, тұқым сеппей», [1] деген кеңестері тек қана іс-әрекетте адам жетіліп табысқа қол жеткізе алады деген ойының айғағындай. Оның ойынша, адам әрбір іс-әрекетін сана сүзгісінен өткізіп, саралап, бағамдап жасауы керек. Ағартушы өз заманындағы және болашақтағы жастарға әрқашанда өздерінің ойына алған мақсат-мүдделеріне жету үшін қандайда болмасын қиыншылықтарға қарамастан іс-әрекет жасауға шақырады. Сол замандағы қоғамда қалыптасқан «таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» деп орныққан нанымға қарсы шығады. Талаптану, аянбай еңбек ету, тірлік жасау арқылы дегендеріне жете аласыңдар деген насихат айтады. Қазіргі заманда «талаптану» жастар тәрбиесінде жетпей жатқан керек қасиет екені баршамызға мәлім. Сол себепті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз заманында айтып кеткен осы бір сөздері қазіргі тәрбие саласыда қолданылуға тиіс деп ойлаймыз. Төмендегі өлең жолдары айтылған ойымызға дәлел іспетті:

«Жігітке талаптанған жүз мың рахмет,
Әрқайда сен білгенің ырзық шашқан.
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,
Салса егер түзу жолға, болса адасқан». [1]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзқарасындағы тәрбиенің мақсатынан шығатын басты міндеттің бірі – адамның өзін-өзі тануы, өзінің санасын жетілдіруі болып табылатын ішкі психологиялық-рухани әрекет. Ақынның ойынша, білім адамның өз ішіндегі ақиқат шындықты ашатын тек қана өзін-өзі тану нәтижесі болып табылады. «Ғылым-білім немен болады? Ең алды құдайды, құдай тағаланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды. Қазақ қариялары да айтады жақтырмаған кісісін: «бұл, шіркін, өзін танымайды, кімді таниды?»-деп. Олай болғанда, ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануды мақсат қылу керек.» [1]

Ағартушының тағы бір өзіндік ерекше идеясы – қоғамды жетілдіру, дүниенің ақиқат сырын білу үшін алдымен өзін-өзі танып білу негізінде адамның өзін-өзі жетілдіруі қажет деп есептеуі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық ойларындағы адамның өзін-өзі дамыту жөнінде бұл идеясы өте маңызды, өйткені өзін-өзі дамытуға қажеттілік кемел адамның негізін құраушысы.

«Бұлақ пен судың көзін ешкім ашпас,

Екпіндеп өзі тасып шашылмаса.

Ерлерге жай жатумен қайрат кірмес,

Ғалидай орда жатып ашынбаса». [1]-дей отырып, ол адамның рухани бастауын оның өмірлік іс-әрекетінің қоғамдық және шығармашылық-құрастырушылық сипатымен, адамның мәдениет әлеміне енуімен байланыстырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының пайымдауынша, толық жетілген адам – арлы, адамгершілік қасиеті жоғары, еңбекқор, білімді сабырлы, иманды, қанағат пен ұятты білетін, танымды, игі жүректі болуға тиіс. Ол өз халқын осыған шақырды, адамдарды өзім деп, жат деп, бай мен кедей деп бөлмеуге, іріткі салмауға, жалпыадамзаттық ізгілікке үндеді.

«Кедейлерге қарайсың неге қырын?

Не үшін кедей қылды оны, байқа сырын.

Сынау үшін жаратқан бай-кедейді:

«Бір-біріне салсын, - деп, - көздің қырын!» [3]

Осылайша Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығының негізінде адам мәселесі тұрды. Қазақ ағартушылығының көрнекті өкілі ретінде ол рухани-адамгершілік бағытты насихаттады. Ақынның өлең, әңгімелері мен мақалаларының арқауы – жеке адам болмысы мен қоғам өмірінің байланысы, одан туындайтын алуан түрлі мәселелер. Ақын үшін рухани өмір адамда «не үшін өмір сүремін?» деген өмірдің басты сұрағын өз өзіне қойған сәттен басталады. Руханилық жеке адамға өмір мәнін береді, одан адам не үшін өмір сүретініне, өмірдегі орны қандай, қайырымдылық пен зұлымдық, ақиқат пен адасу, сұлулық пен сиқысыздық не деген сұрақтарға жауап табады. Оның пайымдауы бойынша рухани өмір – бұл адамның өз орнын анықтауға ұмтылысы және сол орынға аз болса да сәйкес болу үшін еш ерінбей-жалықпай өзін-өзі тәрбиелеуі. Бұл жәй ғана сөз емес. Ағартушының өзі осындай қиын, бірақ адамды жоғары дәрежеге көтеретін үздіксіз рухани жұмыс жасау үлгісін көрсете білді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз еңбектерінде адамның шынайы тұлғалық қасиеттері: білімділік, отансүйгіштік, адалдық, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыстың мағынасын ашып көрсетеді. Оның пікірінше, аталған қасиеттердің барлығы сезімді тәрбиелеу керек. Ол адамның тіршілігінің мәні жөнінде мәселені адамгершілікпен байланыстыру керектігіне көз жеткізді. Рухани-адамгершілік тәрбиенің құрамына моральдық, адамдардың мейірімді қатынастары, шыншылдық, адам лайықтылығы, намыс, парыз, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, ерік-жігер, кісілік мінез, жоғары адамгершілік сезім, діншілдік сияқты жалпыадамзаттық қасиеттерді енгізді.

Қысқасын айтқанда, ұлттың ұлы ғұламасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы дидактика мен өсиет сөзге бай. Бүгінгі күні ұлттың санасын ояту, ұлттық кодын анықтау мен тарихын тану үшін ұлы тұлғалардың еңбектерін оқып-үйренуі міндет. Өз тарихын жете білген елдің иек астындағы ертеңі жарқын болмақ...

Аңдатпа. Бұл мақалада ағартушы, ойшыл, халық ауызәдебиеті үлгілерін жинақтаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы ұлттық құндылық пен ұлттық тәрбие мәселелері баяндалды. Ағартушының пайымдауынша тәрбиенің басты міндеттердің бірі адамның надандықтан босап, сол арқылы бақытқа жол ашуы. Осы орайда ол адамның өмірін алмасып отыратын хал-ахуалдарының күрделі ағымы деп қарастырады. Ойшыл тұлғаны жан-жақты тәрбиелеудегі тағы бір маңызды принцип ретінде қажеттіліктен туындайтын нені болса да тұтыну мәдениетін игеру керектігін түсінді. Өйткені қажеттілік – адамзат пен адамды алға қарай жетелейтін қозғаушы күш. Оның педагогикалық тұжырымдамасындағы идеялар бүгінгі таңдағы педагогика ғылымы мен теориясының және тәжірибесінің әрі қарай дамуына өз ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы национальной ценности и национального воспитания в творчестве Машхура Жусипа – просветителя, мыслителя, собирателя образцов народной литературы. По мнению педагога, одна из главных задач образования – освободить человека от невежества и тем самым открыть путь к счастью. В связи с этим он рассматривает жизнь человека как сложный поток сменяющихся ситуаций. Мыслитель осознавал, что в качестве еще одного важного принципа всестороннего воспитания человека необходимо овладение культурой потребления всего, что возникает по необходимости. Потому что необходимость – это движущая сила, которая движет человечество и человека вперед. Идеи его педагогической концепции – это сегодняшняя педагогика.

Annotation. This article examines issues of national value and national education in the works of Mashkhur Zhusip, an educator, thinker, and collector of folk literature. According to the teacher, one of the main tasks of education is to free a person from ignorance and thereby open the path to happiness. In this regard, he views human life as a complex stream of changing situations. The thinker realized that another important principle of the comprehensive education of a person is the need to master the culture of consumption of everything that arises out of necessity. Because necessity is the driving force that moves humanity and people forward. The ideas of his pedagogical concept are today's pedagogy.

Библиографиялық тізім

1. Құсайынұлы Т. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дүние таным көзқарастары мен философиялық ойлары.// Сарыарқа самалы.- 1998
2. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі: Оқу құралы.-Алматы: Санат, 1995
3. Жұматаева Е. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы дидактиканың пәлсапалық негізі. «Мәшһүр-Жүсіп оқулары.» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары.-Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2001. 248-263 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы.- А.: Алаш, 2003

Мамедәлі Аида Рахметханқызы
Астана қаласы «Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ТӘРБИЕМЕН ҰШТАСУЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы-ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсірген Мәшһүр Жүсіп өз ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға арнаған тұлға. Оның әрбір жинағы қазақ халқының әдебиеті мен тарихының бояуын бұзбай, айшықтап анық көрсете алады. Мәшһүр Жүсіптің “Сарыарқаның кімдікі екендігі» еңбегінде қазақ халқының көрген қиындықтары мен жай-күйі сипатталған, ойшылдың бұл сыр шерткен өлең жолдарында қазақ халқының күші тек бірлікте екендігі, кез-келген қиындықтан, халыққа жасалған озбырлықтан шығудың жалғыз жолы елім дейтін, жерім, тілім дейтін бір жұдырық астында бас қосқан халықтың бірлігі ғана екендігін насихаттаған, артынан жақсы сөз, даналы ой қалдыру әр қазақтың еліне пайдалы бола білу керектігін өзінен бастаған, бұл шығармада сондағы халықтың тұрмыс жағдайы, білімсіздігі, тіл мәселесі, шаруашылығы, жер мәселесі, отарлау саясаты сынды мысалдар келтірілген, ал бар нәрсенің шешімі өнер-ғылым мен білімнен басталатындығын түсіндірді. Сарыарқаның ертеден халқымыздың қоныстанған жері екенін және оның кең байтақ екенін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп Сарыарқадағы елеулі оқиғалардың куәгерлері болған жер-су аттарының шығу тарихын төмендегідей сипаттайды. Қазақ тілі сабағында Зат есім, жалқы есім, жер-су аттарымен танысқанда, мысал келтіре отырып тарихпен байланыстырып оқушыларға қазақ жерінің қандай мағынада аталу себептерін түсіндіре отырып сабақ өту тиімді, тарих пен грамматиканың байланысы, сабақ барысындағы жер-су аттарын біле отырып тарихпен танысу ұлттық тәрбиенің біліммен ұштасу көзі болып саналады. Оған мысалдар келтірсем:

«Жасыбай асуы» - Жасыбай батырдың қалмақпен соғыста қаза тапқан жері.

«Қалмақ қырған» - Олжабай батырдың қалмақты қырған жері.

«Жалаңтөс асуы» - Олжабайдың қалмақ заманында қоныс қылып, қыстаған жері.

«Шойынды көл» - Олжабайдан қашқан қалмақтар ыдыс-аяқтарын бір жерге жинап тастап кеткен. Содан әркім бір нәрсе тауып, солай атап кеткен.

«Баянаула» - Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың туған жері Баянаула тауы екен. Сондықтан да тау аты «Баянаула» аталып қалған.

«Қарқаралы-Қазылық» - осы қыздың қарқарасы түсіп қалған жерді осылай атап кеткен.

«Домбыралы», «Моншақлы» - домбырасы мен бет моншағы түсіп қалған жері.

«Тоқырауын», «Жамшылы» - жамшысы түсіп қалған жері.

«Алтынсандық», «Ақшатау» - сандығы түсіп қалған жер.

«Өлеңті» - өлең айтып, той қылған жері.

«Жауырбұғы» - аттарының шідері түсіп қалған жер [1].

“Хал-ахуал” өлеңінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір шындығын көрсете отырып, қазақ азаматтарының бір-бірінің аяғын шалмай, ғылым мен өнерге жақын болуын айтқан, және де сол замандағы билер мен байлардың жағымсыз әрекеттеріне сыни пікір білдіре отырып әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті сынайды. Ол ел арасынан: “Қамбар батыр”, “Ер Тарғын”, “Ер Көкше”, “Ер Сайын”, “Нәрік ұлы Шора батыр”, т.б. тәрізді батырлар жырын да, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Алтынбас-Күмісаяқ” т.т. лиро-эпостық жырларды да, сондай-ақ “Киік”, “Бозторғай”, “Дін үйренетұғын” тәрізді басқа шығармаларды да жинаққа енгізген. Бұл шығармалармен оқушыларды таныстыру арқылы балалардың әдебиет пен тарихқа деген пікірін, көзқарасын тыңдай отырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне, сол замандағы оқиғаларға баға беру арқылы оқушылардың ойлау және түсіну қабілеттерін арттыруға, тарихты тануға деген қызығушылықтарын арттыруға, сондай-ақ кейіпкердің, яғни әділетсіз қоғамдағы тіршілік пен сол жағдайда өздері қандай іс-әрекетке ұмтылар екендерін, ойларын жеткізе алады. Бұл жұмыстар мен шығармаларды талдау тарихқа сын көзбен қарап, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеттеріне жол ашады.

Зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған – “Еділ-Жайық”, “Көр ақтарған Жаманбай”, “Баһырам патша туралы”, “Есен тентек туралы”, “Ертеде бір хан болыпты”, “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”, “Еңсегей бойлы Ер Есім”, “Алаша хан”, “7 жасар Желкілдек”, “Ер Төстік”, “Әз Жәнібек және бір ұста”, “Екі патша”, “Әділ би”, “Сүйіндік: Олжабай батыр”, “Тама Сарыбас мерген”, т.б. сол заманның тыныс тіршілігін айқындайды.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны бәріне мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас қайрат пег ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі, мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке-дара кездеспейді. Оларды Мәшһүр Жүсіп айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіріп жинақтаған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мақал-мәтелдерін жаттау және ондағы тұнған тәрбиені оқушылардың түсінуі ауыз әдебиетке жақын болуға, сондай ақ елге қызмет етуге, өнер мен білімге баулиды. «Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі», - деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы айтпақшы тіл мәселесі сол заманнан бері елеулі болып келе жатыр, сондықтан да тіл құдіретін, ана тілінің асқақтығын мақал-мәтелдер арқылы шебер жеткізу, оқушылардың білім мен тәрбиеге үйрету, тілге құрметін арттыру қазіргі мұғалімдер мен қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр, сондықтан халық ауыз әдебиетімен оқушыларды сусындатып, оның әсемдігін көрсету, қызықтыра білу, түрлі әдістер мен тәсілдерді, мақал-

мәтелді жатқа айту сынды сайыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың тарих пен білімге деген қызығушылықтарын арттырып, ой-өрістерін кеңейтуге болады. [2]

Мәшһүр Жүсіп сондай-ақ ақындар айтысының не бір тың үлгілерін де жинаған. Мәселен, “Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы”, “Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы”, “Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы”, “Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы”, “Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы”, “Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанак пен Найман Сабырбай айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанак пен Найман-Түбек айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанак пен Орманшы Сақау ақын айтысы”, “Қуандық-Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы”, “Керей-Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы”, “Айдабол Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман Түбек айтысы”, “Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы”, “Қыз бен жігіт айтысы” тәрізді ақындардың сөз қағыстырулары Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында белгілі бір тәртіппен, реттілікпен берілген. Сондай-ақ қолжазба ішінде ақын айтыстың: “Қыпшақ Өске Тәтті қыз”, “Қолға түскен Алтай жігіт – Найман Опан қыз” айтысы 46 жолдан, “Шортанбай қожа мен Арыс-танбай ақын” айтысы 100 жолдан, “Шал мен қыз”, “Шөже мен Қалдыбай”, “Жа-нақ пен Түбек”, “Ұлбике мен Күдері” ай-тысы – 106 ауыз өлең, “Жанкел мен Ұлбике” айтысы – 100 ауыз өлең, “Заман қожа мен Осы қыз” айтысы – 50 ауыз өлең, “Тоғжан мен Сақау” айтысы – 78 ауыз өлең т.б. деген түрлерін қанша жолдан тұратынын дерегімен де бірге жинақтап берген. Осындай айтыс түрлерімен танысып, оқушылармен айтыс өнерінің маңызын түсінуге және де ұлттық аспап домбыраның күмбірін даналы сөзбен жеткізу арқылы оқушылардың айтыс өнеріне, қазақтың салт-дәстүрлері мен тұрмыс-тіршілігін көрсетіп, таныстыра аламыз. [3]

Ақын қолжазбаларында көптеген ақын жыраулардың өлең мен қиссалары, дастандары т.б. бар: Бұхар жырау, Мәделі қожа, Сақау ақын, Ақан сері, Шернияз т.б. өлеңдері, Қоңырат Сапақ датқа ақын, Үйсін Үмсін қыз, Заман қожа, Тоғжан, Қалдыбай қожа, Шөже ақын, Арғын-Қамбар Жанак, Найман Сабырбай, Найман Түбек, Найман-Опан қыз, Орынбай, Шортанбай қожа, Күлік-Жамшыбай, Қаракесек Балта, Көтеш, Ақмолла, т.б. ақындар туындыларын қағазға түсірген.

Сондай-ақ тарихтың қай кезеңдері: үлгілі билер мен айбарлы хандар заманы ма, әлде аты аңызға айналған Асан қайғы мен Жиренше шешен тәрізді бабалар дәуірі ме, қайсысында кейінгілер тағылым аларлық қаншалық мән жатқандығы – бәрі Мәшһүр Жүсіпті қызықтырған. Осының бәрі Мәшһүр Жүсіп жинаушылығының негізін құрайды. Міне, бұдан біз Мәшһүр Жүсіптің фольклористік концепциясы оның демократиялық, ағартушылық көзқарасынан туындағанын көреміз.

Осы жинақтаған еңбектерін қазіргі ұрпаққа жеткізу, ұғындыра біліп насихаттау, өз еліміздің өткен тарихы мен бастан кешкен қиындықтары мен тайғақ кешкен тар жолын көрсете білу арқылы, оқушылардың бойына патриоттық сезім мен ғылым, білімге шақыру, ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбиенің негізін бала бойына сіңірту қазіргі ұстаздардың шеберлігі

мен ізденісінің нәтижесінде туындайды. Әр сабақта халықауыз әдебиетінің озық үлгілері Мәшһүр Жүсіп шығармаларымен таныстырып, ондағы қозғалған мәселелер мен оның шешілу жолдарын табу арқылы, оқушылардың сыни көзқарасын дамытып, пікірлерін тыңдау арқылы олардың ойын біліп, бұл шығармалардан алынған даналы ойды оқушы бойына жеткізуге болады. Бұл ретте Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинаған еңбектері мен шығармаларының білім мен тәрбиенің құндылығын көрсетуге берер пайдасы зор.

Аңдатпа

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары арқылы оқушылардың бойына ұлттық құндылық пен тәрбие негізін ұштастыру мәселесі қарастырылған. Мақала тәрбие мен білімнің негізін халықауыз әдебиеті арқылы үйрету жолдарын қамтиды. Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинақтаған еңбектеріне жан-жақты талдаулар жасалынып, оны білімге түрлі іс-шаралар мен әдістер арқылы енгізу жолдары қарастырылған. Мақаланың өзектілігі қазақ халқының өткен тарихына көз жүгіртіп, бүгінгі келешекті ойлау, ұлт мәселелерімен таныс болу. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие үлгісін көрсету арқылы, тәрбиеге баулу. Сол арқылы тарихпен таныс болып, зерттеу жасау арқылы білімге деген қызығушылықтарын арттыру шараларын жүргізу, тәрбиелі білімді ұрпақ қалыптастыру.

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема сочетания национальной ценности и основы воспитания учащихся через произведения Машхур Жусупа Копеевича. Статья охватывает пути обучения основам воспитания и образования через народную литературу. В статье сделан всесторонний анализ собранных работ Машхур Жусупа Копеевича и рассмотрены пути их внедрения в знания различными видами деятельности и методами. Актуальность статьи состоит в том, чтобы заглянуть в прошлое казахского народа, поразмышлять над сегодняшними перспективами, познакомиться с проблемами нации. Через произведения Машхур Жусупа Копеевича воспитывать учащихся, показывая им пример национального воспитания. Тем самым знакомиться с историей, проводить мероприятия по повышению интереса к знаниям через исследования, формировать образованное поколение.

Annotation

This article examines the problem of combining national values and the basis of educating students through the works of Mashkhur Zhusup Kopeevich. The article covers the ways of teaching the basics of upbringing and education through folk literature. The article provides a comprehensive analysis of the collected works of Mashkhur Zhusup Kopeevich and considers ways to introduce them into knowledge by various types of activities and methods. The relevance of the article is to look into the past of the Kazakh people, reflect on today's prospects, and get acquainted with the problems of the nation. Through the works of Mashkhur Zhusup Kopeevich, to educate students, showing them an example of national education. Thus, to get

acquainted with history, to carry out activities to increase interest in knowledge through research, to form an educated generation.

Библиографиялық тізім:

1. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына / М. Әлімбаев. –Алматы: Ғылым, 1967. – 298-300 б. [3]
2. Мәшһүр Жүсіп шығармалары. Павлодар: «ЭКО», 2004 жыл. [1]
3. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері/ Ө. Тұрманжанов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 218-220 б. [2]

МӘШҺҮР ЖҮСІП МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - ел тарихындағы дара санлақтардың бірі. Зерттеулер мен естеліктерден байқағанымыздай, оның бала күнінен табиғи зеректігі мен алғырлығы, Құран сөздерін, жыр-дастандарды, даланың ауызекі тарихын жатқа соғуы сирек кездесетін дарындылықтың белгісі. Мәшһүр Жүсіптің өзі де ақындық қасиетін Тәңір сыйлаған өнер деп түсінген.

Ойланып қаламыңды қолға аласың,

Сүңгіп жүзіп кетуге толғанасың.

Естіген кейінгіге мирас болып,

Саусағым ақ қағазға жорғаласын (Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы.

1-т. – Алматы, 1990. 135 б.). немесе:

– Жабысты он бесімде өлең маған,

Түстеніп, өлеңші ата қона алмаған дейді(сонда).

Ғұлама ойшыл өлең сөздің әрі ғибрат, әрі шежіре, әрі пәлсафа ретіндегі қызметін әбден жетік түсінеді. Сондықтан болар ол Мәшһүр бала оқытумен қатар, айналасын әлем жаңалықтарымен, халық әдебиеті мен мәдениетінің қайнарымен сусындатты. Билік айту, шешендік өнері және көріпкел әулиелік болмысы жан-жақты дарын иесінің беделін арттыра түсті. Әр сәті халықпен біте қайнасқан ақын барлық жиған терген мұрасы мен шығармаларын тек сол жұрттың көзін ашып, көкірегін оятуға бағыттаған. Сондай шығармаларының бірі - мысал өлеңдері.

Мәшһүр-Жүсіптің мысал өлеңдері өмірбаяндық деректермен қабысып отырады. Бастан кешкен жақсы-жаман оқиға, құбылыстардың бәріне дерлік өзіндік көзқарасын береді. Сондай -ақ ақынның мысал өлеңдері шығыстық стиль сарынында жазылған. Бұл туралы ғалым Ш.Қ. Сәтбаева да бір шоғыр қазақ ақындарымен бірге М.Ж. Көпейұлын Шығыстың классикалық әдебиетінен нәр алып «нәзира» дәстүрін қалыптастырған тұлғалардың қатарына жатқызады. Сондықтан Мәшһүр мысалдарында оқырмандық пен астарлы ойлау, тұспалдап сөйлеу, кесек ой айту үрдісі толық аңғарылады. Оның мысал жанрындағы ізденістері тапқыр да салмақты тәрбиелік тұжырымдамаларымен ерекшеленеді. Ақынның кейбір мысал өлеңдеріне үңіліп көрейік.

«Жарты нан хикаясында» ұлттық үлгіден гөрі шығыстық «Мың бір түндегі» Сүлеймен патшаның жазасына ұшыраған дию мен балықшы әңгісінің сарыны сезіледі.

Қазақ ертегілерінің ішіндегі «Сиқырлы тас» (2-т.) ертегісімен салыстырсақ, онда бай баласының қанағатсыздығы, сандықтан шығатын жыланның шексіз жақсылығы суреттеледі. Ал Мәшһүр мысалында сандықтан босаған жылан өсе келе айдаһарға айналады, өзіне рахым жасаушының өмірін

қатерге салады. Автор көркемдік шарттылық заңдылықтарын еркін пайдаланған.

Қолыңа алдың ойлап нені? – дейді,

Осынша әуре қылып мені, – дейді.

Ауызға ашылған соң қорек керек,

Жұтамын енді амалсыз сені! – дейді (165-бет). Әрине, айдаһардың да кішкене сандыққа сыйып жатуы, олардың тілге келіп, сөз таластыруы, әсіресе бірден іске көшпей, дау қуалап, тәжікелесуі – шартты көріністер. Мәселен сұм тажал көмектесуге бет қойған отыз адамға тиіспейді, әлгілер амалсыз жөніне кетеді. Бұлардан кейінгі бес адам тіпті қайран қыла алмайды. Осы екі ортада жарты адам пайда болады. Ол қандай кейіпте екенін қиялмен болжайсыз.

Жарты адам ыңғайланып тұра қалған,

Сөзіне мұның айтқан құлақ салған:

Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік,

Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған! (166 б.). Жарты адамның айлалы лебізі аждаһаны ашуға міндіріп айтқанын дәлелдеу үшін бұрынғы мекені – сандық ішіне қайта түседі. Балықшы да диюды солай жерге отырғызған. Мәшһүр Жүсіп осы оқиғаның бәрінен өмірлік мән түйеді. Бұл көркемдік міндетті автор аясымен егіздес күйдегі жарты адам – жарты нан атқарады. Пәленің үлкені – ауыздан байқаусыз шыққан сөз екен. Айдаһар – сол. Алыстағы отыз кісі де, жақындағы бес досың, туысың да лаулаған өртке араша түсе алмауы мүмкін. Оразаң отыз күнгі – отыз кісің, Бес кісі – бес намазың, білемісің.

Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,

Бұлармен дәнемеге келмес күшің.

Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,

Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.

Танып қой, танымасаң, мен боламын,

Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! (167 б.). Ақынға тән көркемдік ой қанатының топшысы мығым. Бір-екі ауыз нақылмен айтыла салатын ұждандық қағида өлең жолдары, әрекет, шешім, пәлсапа-ғақлиялық идея күдіреті, поэтикалық образ, характерлердің шартты қиял әлеміндегі нанымдылығы нәтижесінде өте зор имандылық тұжырымдаманы өрнектейді.

..Қолына қаламды мұсылман болып алып, көзін де сол мұсылман қалпында жұмған» (У. Қалижанұлы) Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы бауырластық, ортақтастық, мүдделестік сезімдерінің бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар ақын жеке тұлға үшін қажет сапалар құрамында жан-жақты толымды, тұтас мінез үлгісінің сілемін кестелей біледі. Аңқаулық, көрсеқызарлық, пайдакүнемдік – ақылсыздыққа баланса, ұстамдылық, мінезге байлық, жомарттық хас бағалы қасиеттерге саналады. Ақын барлық жанның қатесіз өмір сүре алмайтынын біледі. Сонда да ағаттықтан сақтандырып, зұлымдықпен күресудің қиындығын, ол үшін жүрек, қайрат, парасат, кісілік сапалардың, яғни Абай айтатын толық адам

сипаттарының керектігін Мәшһүр Жүсіп терең астарлы символикалық нұсқа - белгілердің көмегімен шебер мүсіндейді.

«Жарты адам хикаясы» – әдеби, философиялық, эстетикалық тұрғыдан қазақ әдебиетіндегі құнды жәдігер. Шығыстық, фольклорлық, діни-ағартушылық сарын, терең қабатты тұспалдар жүйесі М.Ж. Көпейұлының өзге мысалдарынан да мол байқалады. Мәселен «Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысында» бір адам, бір хайуанның тілдесуінен екі әлемдегі ортақ жағдаяттар, қуаныш пен реніш, күш пен әлсіздік, зорлық пен қорлық неғұрлым шынайы суреттеледі. Аққу бола алмаған тырнаны менсінбей тұрып, мойындап, әнтек қылығынан тосылу ұзын мойнын баяндайтын әңгімеге қатысты. Екінші кезектегі фабула сілемі бой көтереді. Тоты құс туралы сөз өз өнеріне даңдайсып, еркінсу, артық сенімділік әрі соның салдарынан торға түскенде біршама шырғалаң сюжеттік оралым барысында, композиция түрінде ашылады.

Халайық: аманы бар, жаманы бар,

Көп малдың жүйрігі бар, шабаны бар.

Біреу жылап, біреулер күлген заман,

Жан бола ма таймайтын табаны бар? (171 б.) – дейтін Мәшһүр Жүсіп жауабында болашақ оқиға болмысын ишаралаумен бірге шешімін ұсыну бар.

Ол үшін өмір – өткінші, бірқалыпты емес, адам – уақыттың, жағдайдың құлы, жұмыр басты пенделердің барлық жағынан теңесуі мүмкін емес. Тырнаның хикаясынан да күнде сайрап жүрген тоты құстың азат күйінен кенет айрылуы – тіршілік сүрлеуінің ойлы-қырлы, әр алуан бұралаң-бұлттарысын тұспалдай кестеленуі екенін ұғамыз. Әйтсе де ерке де сұлу тоты батылдығы мен тапқырлығының арқасында тұтқыннан құтылып шығады.

Мен торға түспейін деп аспанға ұштым,

Сізбен емес, баламен ерегістің.

Жер жүзін өрт алыпты, тегіс күйіп,

Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.

Көрінген өрт боп маған сор екен сол,

Бір тосу хақтан даяр түр екен сол.

Сау жер болып көрінген титтей ара,

Балалар құрып қойған тор екен сол.

Ілініп қыл мен жіпке қалды аяғым,

Ұмыт боп ойдан шығып сол баяғым.

Далақтап ұшып жүрген бір уыс жүн,

Сендей – жүзік, Мұсадай – жоқ таяғым (173 б.).

Ақын өмірдегі барша іс-хикмет жақсылық, жамандық Алланың қалауымен болатынын, сондықтан мұндай тосын оқиға, шырғалаңдар адам баласына ой мен әрекет кеңістігін ашатын сынақ алаңы екенін айқын тұғырнамаға айналдырады. «Сәйгелді, сона, бөгелек туралы», «Шайтанның саудасы» мысалдарында Мәшһүр Жүсіп қазақ жұртының көбелектей сайраншыл, ұшарын жел, қонарын сай білетін жеңіл мінездеріне, Ғайса пайғамбардан қаймықпайтын шайтандай пысықтардың берекесіз тірлігіне назаланып, өз сөзінің жерде қалғанына шамырқанады.

Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.

Кім болса бұл заманда сол әкестер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?! (189 б.) дейтін малғұн сөздерімен талай заманалар асып келе жатқан, шындықтың күйген беті сияқты келеңсіз заңдылықтардың өміршеңдігін аңдату әділеттілікпен оны толық жеңеріне күмәнданса да, жігері мұқалмай күресетін Мәшһүр дауысының қайрат-қажыры мен ертеңгі күнге сенімі қайыспас қайсар рух қайнарына кепілдік береді. Осы тақырып тұрғысынан мынадай ой қорытуға болар еді.

Біріншіден, М.Ж. Көпейұлы туған елін мұсылмандық жол, адамзаттық білім нәрі арқылы болашақтың өріне сүйреуге ұмтылды.

Екіншіден, Мәшһүр Жүсіп жырлары мен өлең, толғауларындағы сияқты мысал туындыларында да адамның кісілік қасиетін, жарық әлемнің шапағатын дәріптейтін діни-ағартушылық, кітаби ақындық дәстүр сілемдері айқын аңғарылды.

Үшіншіден, ақын мысалдарының көркемдік поэтикасынан фольклорлық, шығыстық аңыз, миф үрдістері фабулалық көркем өрнек әрі ұтымды, топтастырушы композициялық пішін, тың логикалық шешімдер тапты.

Төртіншіден, М.Ж. Көпейұлының баяндау мәтініндегі реминисценциялық құбылыстар автор білімі мен білігі, сана тасқыны ғана емес, ислам имандылығына тән рухани қуаты мол шынайы ұждандық идеяларды айшықтап бейнеледі.

Бесіншіден, Мәшһүр Жүсіп дүние-болмысты қайшылықты, тартыс-даулы, қарама-қарсы дилеммалық феномен ретінде қабылдады. Ізгілік, мейірім шапағат, сана парасатының үстемдігіне жетуді ұлттық өсу мен өзін-өзі айқындаудың басты талабына санады.

Алтыншыдан, символмен астарлап, әр деңгейде ойлаудың көркемдік-эстетикалық жолын жеке субъект пен заман, дара тұлға мен жағдай, адам мен мәңгілік рухани ақиқаттар арасындағы терең тамырластықтың сырын ашуға шебер пайдаланды.

Мәшһүр Жүсіп есімі – адамдық пен ұждан, ар-иман, ұлттық намыстың, зиялылық пен білім, зерденің, өмір нұрын армансыз сезінудің, тәркі дүние сырын терең түсініп, екі әлемнің пәлсапалық парадигмаларын толық қабылдау, жалғанның жасанды қылықтарына өкінбеудің асыл үлгісі.

Библиографиялық тізім

1. Мәшһүр

Жүсіп Көпейұлы. Шайтанның Саудасы. Т.ш. — Павлодар : ЭКО, 2005.

2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. - Павлодар, 2006. - 9 т

3. Майтанов Б. «Абай» журналы – 2002. – № 1. – 51–53 бб.

4. Адамбаев Б. Ел аузынан. - Алматы : Жазушы, 1989.

Муханова Сабира Мадениятовна
«Шейх Тәмим бен Хамад Әл-Тәни
атындағы №85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
тарих, құқық негіздері және экономика пәні мұғалімі

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ

Баянауыл- қазақ халқының тарихы мен фольклорын жинаушы, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, шежіреші, философ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының атамекені. Осындай елден ерек туған пенделеріміздің арқасында осы күні Баянауыл, әлемге әйгілі.

Ата-анасының азан шақырып қойған есімі Адам Жүсіп. Ол халық аңыздары мен дастан, поэмаларын жатқа айтқаны үшін «Мәшһүр» атандырады. «Мәшһүр» сөзі араб тілінен аударғанда «атақты», «даңқты», «белгілі» ұғымын білдіреді. 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинаумен шұғылданады. Адамдардың өмір-тұрмыстарымен, фольклорымен жақын танысады. "Дала уалаяты" газетіне мақалаларын, өлеңдерін жиі жариялануының арқасында көрген-білгенін оқырманға жеткізе алатындай өзінің Мәшһүр Жүсіп атын таныта бастайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұлы Абайға ілесе шықты да, осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

"Айырылдым дәл он бесте ақыл-естен,

Жабысып бір дауасыз ауру төстен..."деп ақындық жолға түсуін ақын осылай баяндайды.

Мәшһүр Жүсіп халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен бала кезінен айналасқан. Ол 1865 жылы ұстазы Қамар хазіреттің көмегімен «Ер Олжабай батыр» эпосын жазып алу арқылы келешек ұрпаққа баға жетпес тарихи мұра қалдырды. Бозбала шағында Абылай хан, Қазыбек би, Бөгенбай батыр және басқа тарихи тұлғалар туралы мағлұматтар жинастырды. Ол Омбы, Павлодар, Семей, Петропавл, Атбасар, Ақмола қалалары төңірегіндегі және басқа өлкелердегі ауылдарда болды. Оңтүстік және Батыс Қазақстан аумағын түгелдей дерлік аралап шықты. Бұл сапарларының барысында қазақ даласының әйгілі тұлғалары, атап айтқанда, Мейрам кажы Жанайдарұлы, Кенесары ханның ұрпақтарымен және Ақан сері, Саққұлақ билермен танысты. Ел арасынан жинаған материалдары бүгінде ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдар, тарихшылар мен филологтар үшін бағалы еңбек болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тек Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде болып жатқан оқиғаларға сергек көңілмен қараған. 1905 жылы бірінші орыс революциясының әсерімен осы жылдың 9 қаңтарында болған оқиғаға арнап

ақын «Қанды жексенбі» деген өлеңін жазған. Өкінішке орай, бұл өлеңді «Айқап» журналына басуға жергілікті өкімет органдары біліп қалып, тыйым салады. Бұл оқиға туралы Ә.Қоңыратбаев жазған. Ол: "Мәшһүр Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп таратылмауы, оны басып шығарған Қазандағы Құсайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне ұшырап ел ішінде бұғып жүруі осыдан", – деп тұжырымдайды. Ақынның қудалануы осы жылы жарық көрген үш кітабында кедей-кембағалдың мүддесін көп толғағандығы, патшалық отаршылдық саясат туралы ашық жазуы себеп екенін көруге болады. Ақын Бұхараға, Ташкент жақта төрт жыл жүріп оралған соң да жағдайының жөнді болмайтынын түсініп, бұл жолы Еділ, Жайық жағалауын аралайды. Ақын туған өлкесіне тек 1915 жылы оралады.

Қазақстан тарихынан «Қазақстанға жаппай отаршылық қоныс аударту саясаты» тақырыбын оқыту кезінде Мәшһүр Жүсіп атамyzдың қазақ халқының ең шұрайлы жері Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударылған шаруаларға тартып алынып берілуіне қарсы болғанын көзқарасын басшылыққа ала түсіндіру маңызды. Өйткені, Мәшһүр Жүсіптің "Сарыарқаның кімдікі екендігі" атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: "Күн батысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді", – десе, халқының қамын ойлаған озық азаматтың пікіріне толық қосыламыз. Ақын тарихи деректер негізінде Дала өлкесінің байырғы тұрғындар қазақтарға тиесілі екендігін дәлелдел шыққан. Патшалық билік өкілдері бұл кітаптың барлық таралымын жойып жіберді. Ал ақынның өзін саяси сенімсіздер тізіміне енгізді.

Мәшһүр Жүсіптің білімге көңіл бөлуіне әкесі әсер еткен. 1861 жылы елде болған алапат жұт кезінде отбасы бар малынан айырылады. Сол кезде ақынның әкесі: «Адамның тірегі мал емес, білім!» деп, баласын сауат ашуға медресеге берген. Мәшһүр Жүсіп Бұхарадағы Көкілташ медресесінде оқып, араб, парсы және шағатай тілдерін меңгеріп алады. Ақын үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырған. Басқа кітаптарында ақын сөз бостандығы

мен халық ағарту ісі мәселелерін көтерді. Мәшһүр Жүсіптің түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда, ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана іске аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, – дейді. Ақын бұл шығармаларында да көпшілік қауымды еңбекке, оқу-білімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе қолыңнан келгенше кісіге жақсылық істе, кедей-кембағалдың қажетін өтеу адамдық борышың. Ал, халық үмітін ақтарлық игілікті ісің болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікір қорытады.

Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы — бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты. Сол қиындық бейнебір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Болмайды түн күндізсіз, күндіз-түнсіз,

Ай кірсіз деген сөз бар, Құдай мінсіз,

Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,

Бірінен соң бірі бар артық – кемсіз, –

деген жолдармен дүниенің бірқалыпты тұрмай өзгеретінін, алдағы жақсы күннен күдер үзбеу керектігін жырлайды, елге демеу, сүйеу болып, басу айтады. Біз осы жолдардан ақын өз қара басының ғана қамын ойлап қоймай, өзгенің де өзегіндегі өксігін, өкінішін бар жанымен сезіне алатындығын көреміз.

Мәшһүр Жүсіп қолына түскен бір шежірені оқып отырып былай деп жазады: "Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би" дегендей, анық қазақтың өз ортасында сөйленіп жүрген танымал сөзден шежіре алып жазған біреуі де жоқ", – дейді.

Мәшһүр Жүсіп шежірені жадағай атаны тарату деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырға байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әңгіме, жыр, күй, тақпақ болса, соны қалдырмай жазған. Әсіресе жастарға үлгі-өнеге боларлық-ау деген дүниені тұтас қамтып, өзінше сипаттама беріп, дәлелді оймен түйіндеп, таратып айтып отырыпты. Аса зерделі жанның осы асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов «...Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің

дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт», -деп жазған екен.

Мәшһүр Жүсіп арғын, найман, тарақты, қыпшақ аталарын жеке-жеке таратып, олардың ішінен шыққан сұлтан, би, батыр, әнші, ақындар жайлы да әжептәуір мәлімет береді.

Мәшһүр Жүсіп қазақты салт-дәстүріндегі бір қызық жағайды еске салып кетеді. Ол егер бір азаматтың ұл баласы болмай, кілең қыз болса, артынан жиендерін асырап бала қылып алу мәселесі. Бұл, әрине, «шаңырақ иесі болмай қалды» деп қатты қайғыратын біздің ағайындарға таптырмас олжа. Мәшһүрге сөз берсек: «Есен - Бозымның Есенінен ерген тұқым жоқ, Есеннің жеті қызы болған. Жеті қызын жеті жерге беріп, әрқайсысынан бір баладан асырап алып, бала қылған», — десе бұл да халқымыздың есте мықтап ұстар асыл қасиеті. Мұхамет пайғамбардың өзі: «Қызды балам демеген — менің үмбетім емес» — депті ғой.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде Абылай хан, Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Қабанбай, Бөгенбай, шанышқылы Бердікожа, Ұлбике, Шернияз сияқты шашасына шаң жұқпайтын жүйріктер жан-жақты сөз болады. Осы еңбекте Дос батырдың ұрпары жайлы тәлім-тәрбиелік мәні бар мәлімет ұшырасады: «Дос батыр болған. Қалмаққа таң атырып, күн шығармаған. Жетпіс сегіз жасында жалғыз баласы Қожаназар екеуі қолға түскен. Сонда қалмақ «өлтіріп тастайық» деп сыбырласыпты. Сол сыбырласқанын құлағы шалып қалған Дос батырдың айтқаны:

Сыбыр, сыбыр етеді,
Сыр құлақтан өтеді.
Сырласпаған жат, шіркін!
Өзім өлсем боғым-ай,
Қожаназар құлыным-ай,—

деп жылайды дейді. Қалмақ мұнысын көрген соң, «әкелі-балалы өзді-өзі кеңессін. Бірін бізге олжаға қалдырсын, бірін еліне баруға босаттық», — депті. Сонда бала ұшып тұрып жылап қоя беріпті: «Әкетай-ай, мен лағын болайын, мені құдай жолына құрмалдық деп қалмаққа бер де, ел-жұртыңды таба гөр.

Сақалыңның ағында,
Өлеріңнің шағында.

Қалмақтың моласында қалмай,

Қазақтың даласына барыл қала гөр», — депті. Дос батыр айтыпты: «Қалмақ шалға зәру емес, жас ұланға зәру:

Қаздың етін асадым,

Жетпіс сегіз жасадым.

Сені қалдырып мен елге барсам,

Екінің бірі, егіздің сыңары айтады,

Алысым былай тұрсын, жуығым айтады.

Дұшпаным былай тұрсын, досым айтады,

Мына жалмауыз талайдың басын жалмаған

Жалмауыз емес пе,

Жалғыз баласы Қожаназарды жалмап,

Ұялмай жылт етіп келуін қайтерсің, —

дейді. Сен барсаң, Дос өлген жоқ, міне тірі деп қуанады. Қатын алсаң, балалы болсаң, сенен туған бала мені құнымды күндердің күнінде бір алмай қоймайды», — деп батасын беріп, баласын қайрып жіберіп өзі қалады» — десе, қазіргі күндері өз ата-анасын қарттар үйіне өткізіл жатқандар үшін үлкен сабак емес пе...

Мәшһүр Жүсіп діни зерттеулер де жүргізеді. Даланың бай мәдениеті жайлы, қазақ халқының тарихы мен діни наным-сенімі туралы материалдар жинастырды.

Мәшһүр Жүсіп дінге адал берілген адам еді. Өз өлеңдерінде шала-сауатты молдаларды қатаң сынағанымен, қазақ халқы арасында ислам дінін кеңінен насихаттады. Халық оны сәуегей, көріпкел деп санап, құрмет тұтты. Мәшһүр Жүсіп туралы: "Ақын жеті күн ауырды. Дәл жеті күн ауырып жатқанда бір айтқан сөзі: "Ажал жүр жағалап қоймаймын деп, Шәрәпиден жүр бермеймін" деп мырс етіп күледі (Шәрәпиден үлкен баласы). Өзі тірісінде айтушы еді, "жетпіс үшке жеткенше балталасаң да өлмеймін. Жетпіс үштен ары қарай сүйресең де аспаймын", – деп. Ақын тірі кезінде қайтыс болар күніне дейін біліп, алдын ала ас бергізген, шағын кесене тұрғызған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да Мәшһүр Жүсіпті қасиетті санаған. Ел аузында айтылатын бір аңыз әңгіме бойынша Абай Мәшһүр Жүсіптен: «Егер сен данышпан болатын болсаң, Құдай қайда екенін айтшы?!» - деп сұрапты. Сонда ақын: «Құдай жүрегінде», - деп жауап қайтарыпты дейді.

Мәшһүр Жүсіптің есімі көзінің тірісінде-ақ көп жерге тарап кеткен еді. Оның да бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол бұл кезде бірнеше кітаптары шығып, елге танылғанды, екіншіден, көне мұраны жатпай-тұрмай хатқа түсіруімен де белгілі болған десек, осындай жақсы істеріне қанық зиялы қауым оның еңбегін айрықша бағалап, өз еңбектерінде атын құрметпен атап отырған.

Елімізде «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген аталы сөз бар. Ата тегін білмеген келешегін білмейді, өткенін байыптамаған- ертеңін ойламайды. Сол үшін де тарихи тағылымды жастарға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының

шығармалары арқылы ұғындаруымыз керек. Сондықтан халықтың өмір жолын, хандарымыздың ізгі іс-әрекеттерін, билер мен шешендердің қанатты сөздері мен әділ төрелігін жұртшылыққа тұтас жеткізуге тиіспіз.

Аңдатпа

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын талдау тарихты түсінуге өзіндік үлес қосты. Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Ресейдің жаппай отаршылдық қоныс аударту саясатына, бірінші революцияға қатысты дәлелді деректер талданып жазылды. Мақалада ақынның білімге шақырған «жаппай сауаттандыруға» бағытталған көзқарасы қарастырылды.

Сондай-ақ шежіре жазудағы ерекшелігін тоқтала отырып, шежіредегі отбасылық тәрбие яғни, әке мен балаға арасындағы және отансүйгіштікке тәрбиелеу көрініс тапты. Шежіредегі салт-дәстүрді дәріптеуге қатысты деректер жинақталды. Мақалада ақынның діни біліміне қатысты Абай атамыздың берген бағасы талданады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының жастарға берер тарихи тағылымы қарастырылған.

Аннотация

Анализ произведений знаменитого Жусипа Копейулы способствовал пониманию истории. В данной статье анализируются свидетельства знаменитого Жусипа Копейулы, связанные с российской политикой массового колониального переселения и первой революции. В статье рассмотрен подход поэта к «массовой грамотности», призванной к образованию.

Также, акцентируя внимание на особенностях генеалогии, было отражено семейное воспитание в генеалогии, т.е. между отцом и сыном, и воспитание патриотизма. Собраны данные, связанные с прославлением традиций в генеалогии. В статье анализируется оценка, данная нашим дедом Абаем религиозному воспитанию поэта, рассматриваются исторические уроки творчества знаменитого Жусипа Копейулы.

Annotation

The analysis of the works of the famous Zhussip Kopeev contributed to the understanding of history. In this article, the famous Zhussip Kopeev's evidence related to Russia's policy of mass colonial resettlement and the first revolution was analyzed. In the article, the poet's approach to "mass literacy" called for education was considered.

Also, focusing on the peculiarities of genealogy, family education in the genealogy, i.e. between father and son and patriotism education was reflected. Data

related to glorification of traditions in the genealogy have been collected. The article analyzes the assessment given by our grandfather Abay regarding the religious education of the poet. The historical lessons of the works of the famous Zhusip Kopeiuli are considered.

Библиографиялық тізім

1. Жүсіпова Л. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – энциклопедист. Монография. – Алматы Эпиграф, 2016
2. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі – Алматы «Жалын», 1993
3. Көпеев М.Ж. Шығармалар жинағы 1-7 том - Павлодар, 2013.
4. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Монография. – Алматы: Білім, 1998.
5. Сейсекенова А. Болашақ мамандардың Шәкәрімнің «Ар ілімі» контексіндегі құндылық мәдениетін қалыптастыру. Ғылыми басылым. – Астана, 2015.
6. Саурықова Ж. М.Ж. Көпеев дүниетанымы және тәлім-тәрбиелік мұралары. Монография. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2017.

АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы деген есімді естісек, халықтың басым көпшілігі оны тек болашақ жайлы болжам айтқан әулие ретінде ғана біледі. Бұл ойландыратын жайт. Қаншама еңбегі, қоғам үшін, қазақ үшін жазылған оқу білім тақырыбындағы өлең, нақыл сөздері тасада қалып қоюда. Бұның өзектілігін таныстыра отырып, жастардың қызығушылығын ашуға ықпал болу үшін Мәшһүр Жүсіп образының басқа қырларын ашуды қолға алмақпын. Ақынның оқу білім тақырыбындағы жазған әртүрлі шығармалары әр адамға жаңа әсер, жаңа білім, жаңа сана, жаңа бақыт сыйлай алады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнерпаздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының да бар екендігін анық танытады. Мұны «Он бесте шабыттандым жүйрік атша, кеудеме өлең толды сызған хатша» деген жолдардан ұғынуға болады. Одан бұл кезде жазу-сызудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшһүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғарасың. Мәшһүр Жүсіп, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген.

Ақынның шығармаларында білім беру мен оқу орындарына қатысты мәселелер айқын көрінеді. Мәшһүрдің мектеп пен медреселерді жаңа уақыт талабына сай құру туралы ойлары «Дала уалаяты» газетінде жарияланып тұрған. Оның ағартушылық көзқарастарында халықты өнер-білім мен белгілі кәсіпті үйрену, шаруашылықты ғылыми негізде жүргізу және ғылым мен техника жетістіктерін практикада қолдану туралы ойлары тұжырымдалады. Қазақ ағартушылық ойының ерекшелігі оның ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясымен біртұтас идеялық мазмұнда көрінуінде. Мәшһүрдің өлеңдеріндегі бостандық, азаттық, теңдік туралы ойлары патриоттық сипатта баяндалады.

Ағартушылық идеологиясы адамзат қоғамының прогресі әлеуметтік және мәдени дамуын іске асыру үшін халықты сауаттандыру мен мәдени деңгейін көтеру арқылы саяси белсенділікке жұмылдыруды көздеді. Қазақ ағартушылығы білім мен ғылымды насихаттау арқылы ұлттық сана-сезімді ояту мен ұлттық дербестікке қол жеткізуді мақсат тұтты. Мәшһүр шығармаларында білім беру мәселесіне байланысты оқытудың жаңа заман тудырған талаптарға қатысты ой-пікірлер баяндалады. Мәшһүрдің қазақ

қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-ағарту мәселелеріне байланысты ойлары мерзімді баспасөз бетінде жарияланып тұрды. Мысалы, 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталатын үш кітабы шықты. Ол жастарды өнер-білім мен ғылымның жетістіктерін үйренуге шақырды. Ойшылдың пікірінше, білім мен ғылымды үйрену жолында талапты, жігерлі болу адамды белгілі бір нәтижеге жеткізіп, білім биігіне көтереді. Білім мен ғылымға құштарлық адам бойындағы абзал қасиеттердің бірі, әрбір адам өзін үнемі жетілдіріп, дамытып отыруы қажет. Білімді адам ғана өзінің жаратылыс табиғатын, қоршаған ортаның тылсым күш сырларын тануға, саралауға мүмкіндік алады. Ғылым мен білім – адамның рухани жетілуінің қайнар көзі. Мәшһүрдің ағартушылық көзқарастарының құндылығы білім мен ғылымды адам мен қоғамның үйлесімді дамуы мақсатында қолдану – үлгісін жарқын болашағының кепілі ретінде қарауынан көрінеді. Ақын мектеп пен медреседегі оқу бағдарламасы мен оқыту әдісі шәкірттердің ой-өрісінің жан-жақты дамуына және ұлттық психологиясына сай жасалынуы тиіс деп ой түйіндейді. Мектеп пен медреселерде жүргізілетін оқу бағдарламасына ислам діні мен шарият заңдары туралы пәндерімен қатар, жаратылыстану ғылымына байланысты пәндерді енгізу қажет екендігін атап көрсетеді. Ойшылдың ағартушылық ойларынан жәдидшілік (жаңашылдық) идеясының әсерін байқаймыз. Жәдидизм өткен ғасырдың сексенінші жылдарында пайда болған прогресшіл және жаңашылдық мұраттарын насихаттаған қозғалыс еді. Патшалық Ресейдегі жәдидизмнің көсемі И. Гаспринскийдің исі түркі халықтарын бірлік пен ынтымаққа, ғылым мен білімге шақырған мақалалары «Тәржіман» газетінде жарияланып тұрды. Ресейдің территориясын мекендеген түркі халықтарын алдыңғы қатарлы озық мәдениетті елдермен терезесі тең дәрежеге жеткізетін жолбілім мен ғылым, сондықтан да оларды үйрену ең бірінші міндет екендігін жәдидизм көсемдері ерекше атап көрсетті. «Жәдидшілер қоғамдық прогресті исламның ролін біржақты ұлығылап жіберген жоқ. Жәдидтер прогресс жолы ғылым-білім мен озық мәдениетте деп білді, һәм қозғалыс міндеттерін осы тұрғыдан келіп айқындап отырды» [1]. Жәдидшілер қозғалысының қазақ ағартушысының дүниетанымына тигізген әсері туралы ғылыми ізденістер жүргізу халқымыздың ардақты азаматының дүниетанымдық бағыт-бағдары мен философиясын толық деңгейде түсініп саралауға мүмкіндік береді. Мәшһүр Жүсіптің оқу орындарын уақыт талабына сай құру, мектеп пен медреселерде қыздарды ер балалармен бірге оқытуды және әйелдерге білім берудің қоғам мен ұлт үшін маңыздылығын атап көрсеткені белгілі ғалым, философ Қ. Бейсенбиевтің «Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана» атты еңбегінде баяндалған. Ақын әйелдердің жанұя мен бала тәрбиесіндегі алатын орнын әділ бағалап, білім алуына жағдайлар жасау қажеттігіне де назар аударады. *Бүгінгі сауатты білімді әйел – келешек ғылым биігінен көрінер салауатты жас ұрпақ.* Ойшыл әйел теңдігіне шынайы мән бере отырып, оның бақытты өмірі мен қоғамдағы алатын орнына құрметпен

карады. Нақты бір қоғамдағы білім беру жүйесі мәдени-әлеуметтік тұрғыдан айқындалған, сондықтан білім беру жүйесін реформалау қоғамның әлеуметтік құрылысы мен халықтың салт-дәстүрімен, олардың мұрат тұтқан құндылықтарымен өзара байланыста жүзеге асырылу тиіс. Оқу орындарын реформалау қоғамның экономикалық және әлеуметтік қатынастарына әр түрлі әсер етеді, сонымен бірге өзгерістер тудырады. Патшалық Ресейдің отарлық әкімшілігі қазақ даласындағы мектептер үшін жасалған оқыту бағдарламасында жергілікті халықтың рухани дәстүрі мен наным-сенімін есепке алмады. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер халықтың руханиятына және тәлім-тәрбиелік құндылықтарына залалын тигізбеуі шарт:

*Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.
Баламызды билетсін өзімізге,
Оқытсын деп орысша зорламасын [2].*

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қоғамдағы білім беру жүйесі мен оқу орындарын жаңашылдық (жәдидшілік) бағытта қайта құру қоғам мен ұлт мүддесі үшін қажет деп санады.

Ол жас ұрпақты тәрбиелеуге ұлттық мүдде тұрғысынан қарады. Жастарды өз ұлтын шынайы сүйеге, қасиетті қазақ жерін қастерлеуге, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін құрметтеуге шақырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім беру мәселесі туралы ой-толғауларының гуманистік сипаты білім мен ғылымның жетістіктерін қоғам мен ұлт мүддесі үшін тиімді және үйлесімді қолдану қазақ қоғамын алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең болар күнге жеткізетінін және қазақ халқының болашағына деген сенімінен көрінеді. Мәшһүрдің ағартушылық идеясының ерекшелігі оның азаттық, теңдік-бостандық идеяларымен өзара байланысты және өзара үндестікте көрінуінде:

*Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан,
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.
Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып,
Айдалып атылсаң да арман бар ма? [3].*

Ұлт мүддесі және елдің азаттығы үшін жан аямай күресу елі үшін туған ердің азаматтық парызы. Осындай қажымас қайратты ер жүрек азаматтар халықтың азаттығы мен тәуелсіздігінің баянды болуының кепілі. Ұлттық сананы ояту арқылы халықтың бірлігі мен ынтымақтастығының ұйытқысы қазақ оқығандары алдарына халықты сауаттандыру, білім мен ғылымды насихаттау міндеттерін қойды.

*Халық қылып атандырды бізді қазақ,
Еркелі көп жұрт ел емес, өзі де қазақ.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Барасыз көрінгенге болып мазақ [3].*

Халық бірлігі мен ынтымағы оның шығармаларында патриоттық сезіммен жырланады. Қазақ халқын бірлікке, достыққа, ауызбірлік пен татулыққа шақырады. Ел ішіндегі жікшілдік, рушылдық, партияға бөлінушілік, билік үшін қақтығыстардың заласын қарапайым бұқара

халықтың тартып отырғанын ашына айтады. Ұлттық бірлік пен ұлттық тәуелсіздік – ақынның мұраты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы ішіндегі білім беру мәселесі мен ағартушылық қызметіне қатысты пайымдаулары бүгінгі уақыт тұрғысынан қарастырсақ, әлі де көкейкесті. Халқымыздың бай рухының мұрасын игеру мен қайнар бастауларының мөлдір тұнығынан нәр алу бүгінгі тәуелсіз елдің азаматтары үшін қажет. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымы қазақ қоғамындағы экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістердің нақты тарихи жағдайында қалыптасты. Мәшһүр Жүсіп болашақ жастар арасынан жаңа заман талабына жауап беретін жаңа тұрпатты зиялы қауым өсіп шығатынына және олардың биік асулардан жарқырай көрінетініне сенді.

Халық мұрасын жинаушы: «Сияның құрамына мышьякты қосып сауытпен жазамын. Сонда менің қолтаңбамнан ешбір жазу көрінбей қалмайды және өшпейді», - дейді. Ол өзі айтқандай, өшпейтін сиямен күні-түні жаза берген, жаза берген. Әрбір жазғанында тілге тиек етілген ақындарға өзіндік бағасын да беріп отырған.

Аннотация

Бұл еңбек Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы оқу-білім оқу білімге арналған өлең, нақыл сөздерінің қазіргі таңдағы өзектілігін таныстуға арналған. Мақалада ақын дүниетанымы, адамдармен қарым-қатынасы, нені сүйіп, нені жек көретіні, кімнен үйреніп, кімнен жиренетіні де өрнектелген. Ақынның оқу білім тақырыбындағы өлеңдері жастарға несімен маңызды екендігі түсіндіріліп, олардың мағынасы ашылған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім беру мәселесі туралы ой-толғауларының гуманистік сипаты суреттелген.

Этот труд посвящен знакомству с актуальностью в настоящее время поэм, притч, посвященных учебно-образовательному чтению, в произведениях Машхура Жусупа Копеевича. В статье также отражено мировоззрение поэта, его отношения с людьми, то, что он любит, что ненавидит, у кого он учится, у кого ему противно. Стихи поэта на тему учебных знаний объясняются важностью для молодежи, раскрывается их смысл. Описан гуманистический характер размышлений Машхура Жусупа Копеевича о проблеме образования.

This work is devoted to familiarization with the current relevance of poems and proverbs in the works of Mashhur Zhusup Kopeevich. The article also expresses the poet's worldview, relationships with people, what he loves and hates, from whom he learns and from whom he is disgusted. The poet's poems on the topic of educational education are explained what is important for young people, and their meaning is revealed. The humanistic nature of mashhur Zhusup Kopeevich's reflections on the problem of education is described.

Библиографиялық тізім

1. Көпейұлы М.Ж.. Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008.
2. Көпейұлы М.Ж.. Шығармалары. 4 том. – Павлодар: «ЭКО»
3. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. 1 том. – 504 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ӘЛЕМІ

Әулие бабамыз Машһүр Жүсіптің көріпкелдігіне тарихтың өзі куә. Машһүр Жүсіп бабамыз 1917 жылғы революцияны және Ақ патша режимінің күйреуін қуана құптағанын білеміз.

Көріпкел бабамыздың бұдан бір ғасыр бұрын қалың ел-жұртым, қазағыма қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман болады деген болжауы – бәрімізді алға жетелеуде. Себебі, бәріміз де сол жарқын болашақта өмір сүргіміз келеді, бірақ та оны біреу көрер, біреу көрмес. Сондықтан, құр қол қусырып, жайбарақат отыратын уақыт жоқ. – Ия, сонда не істеуіміз керек? – дейміз ғой... Осы сұрақтың жауабын бабамыз Мәшһүр Жүсіптің өзі айтып тұр ғой. Арнайы сәлем берейін деп барғанда ағасының тосыннан-тосын қойған сауалына:

Абайдың құдайы қайда екенін білмедім. Менің құдайым менің жүрегімде. Тозақ пен жұмақ әркімнің өз үйінде: әйелің ақымақ болса – тозақ; ақылды болса – жұмақ! – депті, Жүсіп Көпейұлы мүдірместен.

Сондықтан, әркім өзінің шама-шарқынша Алланың разылығы үшін Мәшһүр Жүсіп бабамыздың болжаған жарқын болашағын барынша жақындату мақсатында өз ұрпақтарының тәлім-тәрбиесін олардың өздеріне өмірлік жар таңдауынан бастап, жасы жеткенде халқына адал қызмет етіп, жасампаздық кәсіп қылу мен жұмыс істеуді міндеттеуі – біздің бүгінгі ең басты бағыт-бағдарымыз деп білеміз, инша Алла.

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халқымыздың ауыз әдебиетін, шежірелі тарихын және салт-дәстүрін жан-жақты зерделеп, ұлт руханиятын дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Халықты өнер-білімге шақырған өлеңдер мен толғаулар, дастандар мен қиссалар жазып, төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтті. Ұлы ойшылдың мол мұрасы әлі де талай ұрпақтың қажетіне жарары сөзсіз. «Салған мені бейнетке ғылым-білім» деп ақынның өзі жырлағандай, терең таным мен телегей білімнің арқасында елге танымал болып, «Мәшһүр» атанған абызды ұлықтап, еңбектерін жұрттың жадында жаңғырту – баршамыздың ортақ парызымыз», делінген Президент құттықтауында.

М.Жүсіп Көпейұлы ақын ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. «Дала уәлаяты» газетінде өлеңдер хат-хабар жазып тұрған. Шығармалары елге кеңінен танылуына байланысты «Мәшһүр» атанған. Даңқты, белгілі, атағы жер жарған.

Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май

шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары шығармаларына сарыла үңіліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Адамға қазына дәулет жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісің ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген.

«Хал-ахуал» өлеңі 1907 жылы жазылған. Ақынның замана сипатын кең суреттеуі. Ел ішіндегі жағдайды айта отырып, келеңсіз қылықтарды аша сынауы.

Ақынның отаршылықпен ерте келген кесірлі сипаттарды аша білуі. Өз тұсындағы өмір шындығын шынайы көрсете отырып, жағымсыз образдарды сол ортадан ойып алуы өлеңде ерекше жазылған.

«... Өзіме көрінемін өзім мінді,

Кісендеп, бекітпедім неге тілді?!

Жасырмай өз ойыма келген сөзді,

Айтайын әңгіме қып сіздерге енді ...»

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» шығармасындағы көтерілген қазақ халқына бостандық беру, жер мәселесі, ғылым, білімді үйрету – басты өзегі. Арада көп жылдар, ғасыр өтсе де, әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқан тақырып. Ақынның шығармаларында ол үшін, жер үшін, еркіндік пен тәуелсіздік үшін жүргізген күрестердің ерлік шежіресі бар.

«Әркім өз жанын тірілтуі керек болса, ғұмырын ғылым-білімге сарып қылсын. Ғылымға ғұмырын сарып қылған адамның жаны тіріліп сыйлы болады.»

Мәшһүр

Жүсіп

Көпеев.

(эссе жазбаларынан)

Атақты ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар. Ақынның 1907 жылы үш бірдей кітабы – "Көп жасағаннан көрген бір тамашамыз", "Хал-ахуал", "Сарыарқаның кімдікі екендігі" атты жыр жинағы жарық көрсе, "Миғраж", "Хаятбақшы", "Қорқыт", "Гүлшат-Шеризат" деп аталатын қисса-дастандарын, публицистикалық этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын атасақ та жеткілікті.

Мәшһүр Жүсіптің ақындығына тоқталсақ, оның нәзік те отты, ойлы өлеңдері халықтың өз ішінен қайнап шыққан талант екенін көрсетеді. Ел ішінің жағдайына жастай қанық ақын ағайын-туыс, бауырдың жан сырын терең жырлайды, нәзік тербейді. Олардың мінез-құлқын салмақты баяндап, сабырлы түйіндейді. Бір қызығы, әрқайсының мінезі әртүрлі, бірі біріне кереғар, күле салуы да жылдам, ренжи салуы да оңай. Енді ақынға сөз берсек, ол:

Аманың да елжіреп мақтайтын да ағайын,

Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.

Ауырыңды жеңіл ғып жоқтайтын да ағайын

Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын, – десе, бұл күнделікті өзіміз көріп, өзіміз қоян-қолтық араласып жүрген ел тірлігі. Халқымыз "Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол", – дейді. Ағайынның тағы бір мінезіне ашынып, "Туысқан бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды", – деп те ашылады. Қалай болғанда да өзіңнің өскен жұртыңа жетері жоқ. Осыны Мәшһүр Жүсіп тіпті әдемі толғайды, ақынға құлақ ассақ:

Әуел баста аңдамай тартып жүрме сазайын,

Толып жатыр түрлі сөз қайсыбірін айтайын.

Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,

Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын, – дейді.

Мәшһүр Жүсіптің осындай жақсы жырларының қатарына оның "Жеті жетім", "Қажылық иман шарттары", "Адам екі түрлі", "Жанайын ба?", "Дауасыз дерт", "Күндіз бен түннің айырмасы", "Сырға сөз" секілді өлеңдерін атар едік.

Өз кезінде Мәшһүр Жүсіп сан-салалы ауыз әдебиеті үлгілерін мол жинағаны, өз замандастарының шығармаларын да хатқа түсіргені көпке аян.

Бұл жөнінде академик М.Әуезов былай деп тұжырымдайды: "Ол, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт" десе, академик-жазушы С.Мұқанов: "XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған – Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: "Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар, бізге келіп жеткен тамыры ғана. "Мес" жинағына қарасаң көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Сиясы әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан". Осыған ұқсас пікірді ғалым Ы.Дүйсенбаев та айтқан. Ол: "М.Ж.Көпеев Бұқарға тиісті деген өлең-толғауларды, ел ішіндегі кәрі құлақ қариялардың аузынан жазып алып, ертеректе қағаз бетіне түсірген, екіншіден ол өзінің шамасы келгенше қарт жыраудың мұрасын толық және келіп жеткен қалпында сақтауға тырысқан, үшіншіден өзі де Бұқардың өмірі және шығармашылығымен жете таныс болғандықтан, кейбір жыр-толғауларына түсіндірмелер берумен бірге, басқа да қызықты мәліметтер келтіріп отырған", – десе, бұл пікірді біз де мақұлдаймыз.

Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы өзінің айтуынша (қазақша қой жылы, арабша ережеп айында, жұма күні, бесін кезінде), Қызылтауда, Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Нәресте туған соң ата-баба салтымен азан шақырып, атын Адам Жүсіп болсын деп қояды. Ал, оның Мәшһүр Жүсіп дейтін атқа ие болуы жайы да қызық.

Сегізден тоғызға аяқ басқан шағында қалың топтың алдында бірде-бір мүдірместен мақамына келтіре отырып "Төрт жігіттің өлеңі", "Ер Тарғын",

"Қозы Көрпеш – Баян сұлу" лиро-эпос дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым дән риза болып, "баланың аты – Мәшһүр болсын, тіл-көзден аулақ болуы үшін басына үкі тағып қойыңдар", – дейді.

Қара өлең, қайым өлең, жар-жар, сыңсу, батырлар жыры, лиро-эпос жыры, шешендік сөздің неше алуан түрін жастайынан жаттап өскен Мәшһүр өзі де он бес жасынан бастап өлең шығара бастапты.

Мәшһүр Жүсіптің қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнерпаздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының да бар екендігін анық танытады. Мұны "Он бесте шабыттандым жүйрік атша, кеудеме өлең толды сызған хатша" деген жолдардан ұғынуға болады. Одан бұл кезде жазу-сызудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшһүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғарасыз.

Бірақ, оның осы тұстағы өлеңдерінің тақырыбы күнделікті тұрмыстық жағдайды суреттеуден әрі асқан жоқ. Ол өзі араласып жүрген айт пен той, әртүрлі адам мінезі, жүріс-тұрыс ерекшелігі, көшу, қону, жаз бен қыс, ас, қыз ұзату сияқты нәрселер еді. Бұл өлеңдерінде кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, талдау жасау жоқтың қасы, бір сөзбен айтқанда, бұл оның шәкірттік, үйрену кезеңі еді.

Мәшһүр Жүсіп, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, ішкі жан дүниесін, тұрмысын жан-жақты танығандай боламыз.

Ақын той мен топта, ел мол жиылған аста бай мен болыстан, би мен бектен ығыспаған, олардың қателіктері мен кемшіліктерін тіке айтып, жуанға істеген "жақсылығын", жіңішкеге көрсеткен "қорлығын" бетіне басып отырған. Осы ақ ниеті үшін артынан опық жеген кездері де аз емес екен.

Расында да ол бала болып ойнамаған, бес жасынан бастап оқуға зейін қояды, ержетіп бозбалалық шаққа жеткен соң да ала қағаздан бас алмаған. Ақын шарқ ұрып ізденудің нәтижесінде білімге де, парасатқа да ерте жетіпті. Күннің шуағын бірінші болып қарсы алып, батып бара жатқан шапағын да өзі шығарып салатын заңғар таудың құзар басы сияқты, алдымен не көрсе де білімді жан көрмек. Ақылды, білімді адам өмірдің соққан бар дауылына төтеп бермек. Мәшһүр Жүсіпті де осындай жан деп білеміз. Оның жанының нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, "өзім не болсам да мейлі – өзгенің жаны жараланбасын, басқаның басына бақытсыздық, күңгірттік келмесін", – деп іштей жақсы тілеумен жүретінін айтып жеткізу мүмкін емес. Мәшһүр жырлары оқушысын еңбекке, адалдыққа, мейірімділікке үндеумен қымбат.

Мәшһүр Жүсіптің "Сарыарқаның кімдікі екендігі" атты кітабы тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Бұл еңбек 1907 жылы баспадан шықса да 1917 жылы сәтті бастама көтерген алаш азматтарының ой-арманымен тоғысып, үйлесіп жатыр. Ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: "Күн батысы – Сырдария,

күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алған жері еді", – десе, халқының қамын ойлаған озық азаматтың пікіріне толық қосыламыз.

Ақын үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырғаны мәлім. Мәшһүр Жүсіптің түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда, ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана іске аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді. Амалсыз ішкі мұң-шерін тағы да өлеңмен шертті.

Ол көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Б.Кенжебаев: "Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың теріс мінездерін, қазақ арасындағы ескіліктің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды", – десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз.

Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген тұсы — бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы-сиырын сіңіріп кете беретін, әлсіздің күні қараң, күштінің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кезі еді. Қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек. Оқу іздеп, өнер қуып жүрген бір де бір жасты көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, – дейді. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,

Атанды бәрі хайуан – тілі жоқтан, – деп түйіндейді. Бұл жерде ол адамның "ұшқан құс, жүгірген аңнан" артықтығы – ақылында дегенді айтып отыр.

Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен тірлік кешу арамтамақтардың ісі екенін де есінен шығармаған.

Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты толғайды.

Ақынның бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері "Дала уәлаяты" газетінде 1889 жылдан бастап шыға бастаған. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: "Әңгіме", "Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен", "Кедейлікке үш қырсық оралады", "Күн шықпай ерте тұрып...", "Білмейді ел өнерлісін аулақ

болар". Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді:

Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнер жоқ жігіт жастан.

Осылай дей отырып, еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жандарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей, жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып, қызартады. Оларға "мынадай бол, мынадай істе" деп те ақыл айтпайды. Тек қана еңбек ет, еңбек адам баласының – анасы дегенді меңзейді. Мәшһүр Жүсіпті өз көзімен көрген, оның барлық еңбегімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой қорытады: "Мәшһүр Жүсіп халықтың мұңын жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Көпейұлы өлеңдері оқырманға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты ғана емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне де қолданыла бастады".

Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары шығармаларына сарыла үңіліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған.

Ақын қолына түскен бір шежірені оқып отырып былай деп жазады: "Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би" дегендей, анық қазақтың өз ортасында сөйленіп жүрген танымал сөзден шежіре алып жазған біреуі де жоқ", – дейді.

Ал Мәшһүр Жүсіп арғын, найман, тарақты, қыпшақ аталарын жеке-жеке таратып, олардың ішінен шыққан сұлтан, би, батыр, әнші, ақындар жайлы да әжептәуір мәлімет береді.

Мәшһүр Жүсіп өмірге көзқарасында, әлеуметтік болмыстарды түйіп-бақылауда сыншылдық идеясын ұстанды. Ол кейде өзі өмір сүрген тұстың қалтарыс-қатпары көп көлеңкелі жақтарын барынша батыл сынайды, патша шенеуніктерінің, би-болыстардың "алсам, жесемнен" басқаны білмейтін озбырлығын қатты шенеп айтады. 1905 жылғы халық көтерілісі жайлы тебірене толғап, патшаның 17 қазандағы манифесі көз бояйтын жалған бұйрық екенін ешнәрседен тайсалмай айтқан да Мәшһүр Жүсіп еді.

Мәшһүр Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басына түнейді.

Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты. Сол қиындық бейнебір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Болмайды түн күндізсіз, күндіз-түнсіз,

Ай кірсіз деген сөз бар, Құдай мінсіз,
Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,

Бірінен соң бірі бар артық – кемсіз,– деген жолдармен дүниенің бірқалыпты тұрмай өзгеретінін, алдағы жақсы күннен күдер үзбеу керектігін жырлайды, елге демеу, сүйеу болып, басу айтады. Біз осы жолдардан ақын өз қара басының ғана қамын ойлап қоймай, өзгенің де өзегіндегі өксігін, өкінішін бар жанымен сезіне алатындығын көреміз.

Кейде қара қылды қақ жаратын туралығымен де Мәшһүр Жүсіп ел ішінің пысықтарына жақпай қалатын кездері болыпты. Сол себепті бірде момын шаруалармен көңілі өсіп жүрсе, бірде өзін жүдеп-жадап жалғыз қалғандай сезінеді. Ондайда ол қасқайып тұрып жырлап кететін:

Бұл сөзім алты алашқа таныс болсын,
Адамзат ермін десе намыс болсын.
Бір Құдай болысқанға дұшпан оңай,
Көптігі қопадағы қамыс болсын.

Ақын адам баласын ерлікке, өр намысқа шақырады, адал жанды бір Алланы өзі қолдап-қоршайтындығын тебірене толғайды. Мәшһүр Жүсіптің есімі көзінің тірісінде-ақ көп жерге тарап кеткен еді. Оның да бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол бұл кезде бірнеше кітаптары шығып, елге танылған-ды, екіншіден, көне мұраны жатпай-тұрмай хатқа түсіруімен де белгілі болған десек, осындай жақсы істеріне қанық зиялы қауым оның еңбегін айрықша бағалап, өз еңбектерінде атын құрметпен атап отырған.

Аннотация: мақалада атақты ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екенінен мәлімет беріледі. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар екендігі айтылады. Ақынның 1907 жылы үш бірдей кітабы – "Көп жасағаннан көрген бір тамашамыз", "Хал-ахуал", "Сарыарқаның кімдікі екендігі" атты жыр жинағының жарық көруі, "Миғраж", "Хаятбақшы", "Қорқыт", "Гүлшат-Шеризат" деп аталатын қисса-дастандарын, публицистикалық этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысы туралы айтылады..

Түйін сөздер: 1917 жылғы революция және Ақ патша режимі. «Дала уәлаяты» газетінде өлеңдер хат-хабар жазып тұрған. Патша үкіметінің чиновниктерін сынайды. Феодалдық қоғамның нағыз қаны тамып тұрған кез. 1905 жылғы халық көтерілісі жайлы тебірене толғап, патшаның 17 қазандағы манифесі көз бояйтын жалған бұйрық екенін ешнәрседен тайсалмай айтқан да Мәшһүр Жүсіп еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ақпарат дереккөзі: <https://www.tarbie.kz/14496>
2. Ақпарат дереккөзі: <https://www.tarbie.kz/14496>
3. Ақпарат дереккөзі: <https://www.tarbie.kz/14496>
4. Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/67575/

Нұрбек Л.С.
средняя школа №57 имени М.Жусупа
учитель русского языка и литературы
магистр педагогических наук

ПРОБЛЕМА ВОСПИТАНИЯ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСУПА

Казахи всегда придавали большое значение образованию своих детей. Несмотря на кочевой образ жизни, где главными средствами передвижения служили лошади и верблюды, они гордились милым поведением своих детей, часто говоря: «Мой ребенок - мой мед, ребенок моего ребенка - моя душа».

Семейные ценности включали в себя идею равенства между девочками и мальчиками. Воспитание девочек часто возлагалось на матерей, в то время как воспитание мальчиков ложилось на отцов, основываясь на убеждении, что "воспитывавшийся у отца мастерит стрелы, воспитывавшаяся у матери кроит шубу".

Символическое значение рода передавалось через поколения, и каждый человек помнил своих семь дедов, отмечая. Они слушали легенды и песни своего народа, передавая их своим сыновьям с намерением воспитать их как настоящих представителей народа.

Каждый отец учил своих дочерей не только быть опорой семьи, но и продолжать и сохранять образование нации. В их традициях закладывалась важность передачи знаний и ценностей от поколения к поколению.

Результаты этого великого воспитания видны в преемственности поколений. Светлая жизнь родной страны — это то, о чем мечтали и стремились достичь лучшие представители нашего народа. Махамбет, человек, взявший в руку острое копьё и стремящийся вперед как тигр, жаждал счастья для своей страны. Шокан, казахский ученый и исследователь, наполнивший свою короткую жизнь мыслями и мечтами, проводил ее с важной целью, посвятив свою жизнь бесконечным поискам путей, желая лучшего для своей страны.

Именно такой нравственной жизни стремился достичь для своего народа учитель Ибрай, который выявлял недостатки огромной земли, как железный кол, и горел, как свеча. Рожденный, как луна на казахском небе, улыбающийся, как яркое солнце, поэт Абай указывал своему народу на этот образ жизни. Однако никто из них не видел и не осознавал своего будущего так ясно, как это делается сегодня.

Эта жизнь — мечта века. В этом великом стремлении к высшим идеалам, каждый из них оставил свой след в истории, создавая наследие, которое продолжает вдохновлять и воспитывать новые поколения.

В казахской мудрости заключена ценная истина: "Дерево ветвями изящно, а потомством человек драгоценен". Наши предки твердо придерживались этого принципа, считая преемственность поколений целью и идеалом жизни.

Одной из таких выдающихся личностей является Машхур Жусип Копеев. Известный поэт, писатель, религиовед, великий философ, он стал известным не только в Казахстане, но и за его пределами. Упорный труд в его жизни служит примером для молодежи, а его оригинальные произведения, написанные с целью пробуждения национального самосознания, призывают к чистоте и вере.

Машхур Жусип Копеев, с самого юного возраста проявивший бдительность и внимательность, обрел признание и огромное уважение со стороны своей страны. Ему удалось открыть дверь в иной мир, став мостом между цивилизацией и будущим, выражая идеи, которые нашли отклик у многих.

В начале молодые люди, а также казахи в целом, получали полное и всестороннее образование не только в семейной обстановке, но и в образовательной среде общества. В то время общество предков являлось местом, где настоящий интеллигент мог раскрыть свою душу, поэтому поколение интеллектуалов, вроде Абая, Шакарима, Мухтара, Ильяса, Магжана, Беимбета, Ахмета Байтурсынулы и других, получавших чисто национальное воспитание от своих бабушек и дедушек, было пропитано казахским духом и мудростью, что стало пищей на долгие годы.

Он делал свой вклад в общество через свои произведения. На страницах современных СМИ и прессы мы часто слышим мнения тех, кто выступает за западное образование и поддерживает его на все сто. Они игнорируют произведения, знакомящие молодое поколение с пониманием национальных путей воспитания, национальных основ культуры и мудрости добродетели, утверждая, что эти идеи основаны на психологии других народов.

В традиционном казахском обществе было немного мыслителей, которые стремились повлиять на направление опережающего развития, учитывая текущее положение своего народа и предвидя его будущее. От Коркыта и до Бухара и Машхура Жусупа, многие мудрые предки, видимо, задумывались о положении и дальнейшей судьбе своего народа.

Среди выдающихся личностей можно выделить поэта М.Ж., жившего полтора века назад. Он восхищался добродетелями своего народа, пропагандировал ценность нации и подчеркивал бессмертие. Особенно заметен педагогический подход Копейули, который в своих работах доказал, что формирование человека, развитие его внутренней духовной силы и способность достижения идеалов зависят от его собственного потенциала. Он также подчеркнул необходимость национального характера в образовании для полноценного развития человека.

Эти мыслители ясно продемонстрировали, что следующее поколение сможет сохранить национальную честь только при условии знания своей истории, происхождения, ценностей и добродетелей. Таким образом,

воспитание полноценных граждан, зрелых в национальном духовно-эстетическом отношении, стало актуальной проблемой общества.

В работе под названием "Наука-знание" или "О исправлении характера", которая нацелена на обогащение естественных личностных качеств молодежи национальными и общегуманитарными ценностями, говорится: "Первое благо науки и знания заключается в исправлении характера, в том, чтобы сделать его красивым — это очень полезная задача". Независимо от того, что может сказать человек, хороший характер можно развить, проявляя вежливость и хорошее поведение. Он берет себя в руки и говорит: "Каков бы ни был дефект, он мой". Такой подход к самоанализу и принятию ответственности за собственные недостатки был для него характерен.

Древние мудрецы учили: "Гнев — дьявол, мудрость — друг. Прибавьте мудрости к своему уму". Гнев считался врагом, а мудрость — другом. Поэт подчеркивает важность обучения управлению гневом с ранних лет. Еще раз обращаясь к поэту, можно выделить: "Чем разбит характер? Человек должен научиться сдерживать гнев с молодости". Такое наставление направлено на развитие в человеке умения контролировать свои эмоции.

Далее поэт предостерегает от ревности, которая может разрушить характер. По его мнению, важно избегать ревности, как избегают солнца до наступления дня. Он также отмечает, что мстительность, гордость и чувство вины могут разрушать характер. Поэт подчеркивает вредность этих чувств, предупреждая о негативном влиянии на личность.

В данном произведении, отражающем обладание природным талантом, проявляется самобытное самосознание и национальный менталитет казахского народа. Поэт выделяет уникальные образовательные и воспитательные особенности, а также ценности народного воспитания и уроки. Его слова о необходимости иметь "артистический характер" соответствуют мнению Ж. Аймаутова о том, что главная цель воспитания — исправление характера, служение человечеству и обучение честному труду.

Одной из воспитательных задач, которую поднимает поэт, связана с духовным развитием. Суть духовного воспитания заключается в уважении к родному языку. Благодаря использованию национального языка расширяются сознание и область мышления нашей молодежи, причем казахский литературный язык передается из поколения в поколение через наших предков.

Поэт призывает молодежь к обучению науке и получению образования. Этот призыв отражается в следующих строках:

Если вы настаиваете на науке с молодости,
Научитесь отдавать миру, не экономя

Также он выражает свое мнение относительно богатства, подчеркивая важность образования. В его высказываниях звучит идея, что обучение науке — это не только накопление знаний, но и способ приносить ценность миру. Поэт высказывает убеждение в том, что наука является наследием Пророков и творческим достижением предшествующих поколений.

Он также отмечает, что богатому человеку часто противостоят враги, в то время как образованный человек может завоевать много друзей. Поэт подчеркивает, что наука неотъемлема как для мужчин, так и для женщин.

Внимательный педагог подчеркнул, что прочная и надежная семья – ключевой элемент формирования нравственности нового поколения.

Она вырастает из ценного источника, искусство начинается с ранних лет. Если образование качественное, начиная с самого начала, – утверждает он, – то лучше отправить ребенка учиться в 6-7 лет.

Мудрый педагог еще в предыдущем столетии смог прозорливо предвидеть необходимость обучения ребенка с 6-7 лет. Сегодня всеобщее признается, что образование и подготовка в соответствии с Государственной программой развития 12-летнего образования детей на 2011-2020 годы имеют важное значение в формировании знаний, профессиональных навыков и компетенций у будущего поколения страны.

Обширные материалы, созданные поэтом в рамках этой темы, могут быть интегрированы в существующий учебный контент и широко использованы. («Наука – это знания»)

Педагогические концепции морального, духовного и трудового воспитания находят свое воплощение в художественных произведениях Машхур Жусупа. В своих трудах он уделяет особое внимание настойчивому труду. В педагогических идеях мыслителя ключевое значение имеет понятие "труд". По его убеждению, труд не только готовит человека к жизни, но и способствует развитию его моральности и духовных сил. "Честный труд приносит деньги и радость людям", – подчеркивает он, – подчеркивая важность прославления труда. Можно утверждать, что нет произведения поэта, которое бы не касалось значения честного и искреннего труда в жизни человека. Ведь он считал, что труд играет ключевую роль в формировании человека как гражданина, как в духовном, так и в интеллектуальном плане. Также поэт приходит к выводу, что трудолюбие делает душу человека доброй, в то время как ленивые люди, не ценящие его, часто проявляют себя плохо. Поэт осознает, что труд ведет к свободе и счастью, а труд, направленный на добро, мирную жизнь, справедливость, благотворительность и образование в обществе, где преобладают знания, отражают его социальные мечты и интересы.

Писатель охарактеризовал добродетель молодежи как "Тугел Адам" и придал особое внимание развитию личности. Мысли поэта, который стоял на защите интересов своего народа, его взгляды на мир, собственная критика общества, его умение видеть его со всех сторон, его образец для будущих поколений, его сила воли – все эти ценности представляют собой неотъемлемую часть традиционной литературной школы, сохраняя свою духовную ценность в современной литературе и культуре.

Таким образом, вместе с воспитанием детей, он тщательно изучает педагогические вопросы, включая национальное сознание. Если прояснить наши идеи, то содержание произведений поэта отличается всеобъемлющим восхвалением негативных и позитивных аспектов социальной и духовной

природы народа. Идея морального воспитания занимает центральное место в творчестве Машхура Жусупа. Ученый считает, что формирование общечеловеческих ценностей у подрастающего поколения является высшей задачей.

Для этого целесообразно изучать и черпать уроки из творчества Машхура Жусипа Копейули, который всю жизнь общался с сердцем. Только в этом случае вы убедитесь, что наука и знания — это непрерывный поток.

Аннотация: Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіптің қазақ қоғамындағы адамгершілік-тәрбиелік құндылықтардың қалыптасуына қосқан үлесі зерттеліп, оның шығармаларында халықтың әлеуметтік-рухани болмысын жан-жақты қарастырғанына тоқталады. Мақалада ғылым мен білімнің үздіксіз қор екенін ұғындыра отырып, оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі ретінде оның еңбегінен сабақ алудың маңыздылығы да атап көрсетілген.

Аннотация: В данной статье рассматривается вклад Машхура Жусипа в формирование моральных и образовательных ценностей в казахском обществе, подчеркивая его всеобъемлющий подход к социальной и духовной природе народа в своих произведениях. Статья также подчеркивает важность извлечения уроков из его творчества как неотъемлемой части образовательного процесса, способствующей осознанию того, что наука и знания представляют собой непрерывный источник.

Abstract: This article explores Mashhur Zhusip's contribution to shaping moral and educational values in Kazakh society, highlighting his comprehensive approach to the social and spiritual nature of the people in his works. The article also underscores the importance of drawing lessons from his creativity as an integral part of the educational process, contributing to the realization that science and knowledge constitute a continuous source.

Использованная литература

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 1 том. Павлодар, ЭКО, 2003 ж
2. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 2 том. Павлодар, ЭКО, 2003 ж
3. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 4 том. Павлодар, ЭКО, 2004 ж
4. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 11 том. Павлодар, ЭКО, 2007ж
5. Мәшһүр Жүсіп. Мектеп оқулығы және Мәшһүр Жүсіп.
6. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 5 том. Павлодар, ЭКО, 2004

Нурышова Фарида Сулейменовна
Кемел Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Қазіргі таңдағы қоғам мен әлеуметтік ортаны ойландырып отырған үлкен мәселелердің бірі - ұрпақ тәрбиесі екені белгілі. Ел болашағы үшін бүгінгі қазақи салт-дәстүрлерді сақтай отырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеузаман талабына айналды. Бүгінгі жастарға ұлттық тәлім-тәрбиені мүмкіндігінше қазіргі заманмен үйлесімді, әрі тиімді жағдайында беруіміз қажет. Жастарымызды ұлттық сезімге, білімге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу үшін өткен тарихымызға бойлап қарап, ұлтымыздың қамын жеген және халықтың болашағы үшін ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген зиялы қауым өкілдерінің педагогикалық ақыл-ойын, пікірлерін, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, олардың ұрпаққа деген өсиеттерін жетілдіріп пайдалануымыз керек. Осы орайда, адамның, оның болмысының жасырын құпия мүмкіндіктерін ашу үшін үнемі тәрбиелік күш-қуатын аямай еңбек еткен тұлғалардың бірі ретінде-Мәшһүр Жүсіп Көпеевті айтуға болады.

Ұлттық құндылық, ұлттық тәлім-тәрбие жайлы сөз болғанда М.Ж.Көпеев үш мықтыны атап кеткен болатын. Сол үшеуі біріксе, бізден мықты ел болмасы анық, біреуі әлсірей бастаса, мәселелер туындай бастайтыны жайлы ой қозғаған. Олар: тіл, дін, діл мәселесі еді. Осы үшеуі төңірегінде ой өрбітіп көрейік.

Мәшһүр Жүсіп: «Әкесі-қазақ, шешесі-қазақ тілін өзі білмейді, өзінің білмейтұғындығын тағы білмейді. Жаһил мұр-а каббе болып жүріп: «Сарт тілін, араб тілін білемін!»- деп, әуре болады екен де, «Ит жаманы- аңда жоқ, даңда да жоқ»- дегендей, екі орта бос қалады екен. Бұл ойлады: «Бұл оқу оқымақтан мақсат - мұнымен дүние тауып алмақ, бай болмақ, қатын алмақ, ағаш үй салмақ, мал малданып, жал жалданбақ екен!»- деп, тілдің болашағына алаңдап, құран оқу үшін арап болу шарт емес екенін ескертеді. Сондықтан да үйде және мектепте қазақ тіліне көп көңіл бөлген абзал. Елдің ертеңіне кепілдік болар жас буынның бойына сіңіріп, ойына руханиялықтың дәнін дер кезінде егу-біздің парызымыз. Мәшһүр Жүсіп халықтың сана-сезімі мен ұлтжандылықты ояту үшін алдымен ұлттың тілі мен тарихын, әдебиеті мен болмысын өрістетуге керек екенін сезініп, ұлт мұрасын уағыздауды мақсат тұтқан. Ағартушы: дін де осында, ғылым, білім де осында, әулиешілік те осында деп тіліміздің өте бай екенін айтқан болатын. Өкінішке орай, арадан қанша уақыт өтсе де, өзінің өзектілігін жоймай тұрған тақырыптардың бірі

болып қалып жатыр. Тіл түзелсе, елдігіміз де түзелмек демей ме? Ендеше бұл әлі де болса шешімін таппай жатқан мәселе болып қала бермек.

Қазақтың ең шұрайлы, құнарлы жайылымдарын орыс мұжықтарына беріп қана қоймай, ел ішіне миссионерлер таратып, қазақтарды ислам дінінен және бүкіл рухани, дәстүрлі идеяларын шеттетуге әрекеттері жүзеге асырыла бастады. Әрине, мұндай сыңаржақты саясат көптеген қазақ зиялыларының ашуын тудырған еді. Ал Мәшһүр Жүсіптің арманы әділетсіздік пен зұлымдық, кемшілік пен жоқшылықтан ада, жұрты өз қабілетіне қарай дамып, өсіп-өнетін жаңаша мемлекеттің орнауы еді.

Ақын:

Керек істі көрмейді өз басына,

Соқыр деп салдым соны сөз басына.

Дәнемені өз көзі көрмеген соң,

Жұқтырар соқырлығын жолдасына-деген жолдарды оқи отырып, қазіргі қоғамда дін мәселесіне байланысты болып жатқан талай шикіліктің себебі-білімсіздік екенін,өзі соқыр бола тұра, басқа біреуге жол нұсқаушы адамдардың көбейгенін, аңқау елге арамза молдалардың ішінара тарап кеткенін сынға алғандай. Педагог-ағартушы өз заманындағы көпшіліктің басына сәлде ораған татар, сарттың барлығын үлкен қажы, молдаға теңеп, жаппай балаларын соларға оқуға беруін сынаған болатын. «Дүмше молда дін бұзар» деп халқымыз айтпақшы, басына сәлде орап, қолына таспиқ ұстап, жұрт үстінен күн көретін кейбір сумақай шала сауатты қожа-молданың бойындағы мақтаншақтық пен даңғойлық мінезді әшкерелеп суреттеген. Қазақ даласына келген ондай жалған молдалар білім ордасына түсініксіз нәрселерді үйрететіндерін автор өз мақаласында дөп басып көрсетеді. Бұл мәселенің барлығын тілге тиек ету арқылы Мәшһүр Жүсіп Көпеев қоғамға, халыққа, оның болашағына өзінің шынайы жанашырлығын көрсетеді.

Мәшһүрдің түсінігінше, Аллаға деген сүйіспеншілік – бұл тек жақсылық пен әсемдік, адамшылық пен адалдық, діни жоралғыларды атқару ғана емес, жалпы оның жаратылысына деген махаббат. Яғни тек шынайы махаббат адам бойына адалдық пен әдептілік, қамқорлық пен мейірімділік қасиеттерін тудырады. Жалпы моральдық жауапкершілік, тәубешілік қасиеттердің адам бойынан, оның рухани әлемінен табылуы ар-ұяттан, иманнан екені анық. Жастарды ақылмен ойлап, іс жасауға, түзу жүріп, адамдық жолдан таймауға, жақсы мен жаманды, пайда мен зиянды ажыратуға, өзінің қадір-қасиетін қастерлеуге, надандардан қашық болуға үндейді. Еш нәрсенің парқын білмейтін, ынтасыз, немқұрайдылығы мен жалқаулығы - ерік-жігері мен өмірге талпынысы жоқ өнерсіз адамнан өзін алшақ ұстауға үйретеді. Педагог-ағартушы өзінің еңбектері мен шығармаларында рухани-адамгершілік, имандылық тәрбиесіне, оқу-білімге, бұл дүниеде озық өмір сүруге жол сілтеген ұлы тұлға. Бұдан шығатын қорытынды, ұлт жанашырының қозғаған бұл мәселесі еліміздің ұлттық құндылығын әлсірету жолында әлі де өзекті болып тұрғанын баршамыз білеміз.

Үшінші мәселе ретінде, М.Ж. Көпеевтің ұстанған мақсат-мұраты– елінің келешегі үшін, жарқын өмір үшін еңбек етіп күресетін имандылық, игілік,

адамшылық қасиеттерді биік көтеріп жүретін жастарды тәрбиелеу. Ол өзін жастарға арнайды:

«Өнерге өзінді-өзің ерте баулы,

Жастықтың бір күн көшіп кетер аулы»-деп кез келгенге уақтының қадірін біле отырып, үнемі алға ұмтылу керектігі айтылғандай.

Ақын: «Балаға жақсы адамдардың мінезін мақтап, ұқтырып құлағына сіңіріп, жаман адамдардың мінезін жамандап, ондайды жек көрсетіп, баланы жастан бағу керек» дейді. Оның бұл идеясы қазіргі кезеңдегі ғылыми педагогика дәлелдеп отырған, тәлім-тәрбие үдерісі тәрбиеленушінің адамдарға, қоршаған әлеуметтік және табиғи ортасына, заттарға жақсы қатынас қалыптастыруы дейтін тұжырымымен үндес келеді екен. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы үшін тәрбиесінен бөлек қоршаған ортасының әсері өте маңызды екенін аңғартады. «Біз бекер еріншектікке, наным-сенімге бой алдырамыз. Адамдардың бәрі де ғылымды қадір тұтқан», - дей келе, білім алып, кәсіп игерген адам әр нәрсенің ебін тауып еңбек етумен іскерлігі мен біліктілігін жетілдіре отырып, бұл өмірде өз орнын табуға мүмкіндік алатынын айтады.

«Жарамайды, бір ноғайға еріп, хатшы болған, бір сартқа еріп, қосшы болған, шала хат таныған, бұзылған, жаман жерлерде оқыған, өзі бұзылған адам баланы да бұзып жібереді. Сонан соң ол бала өмірінде түзелмей кетеді» деп жастардың көрсеқызарлығымен қоса кейбір ата-аналардың бала тәрбиесінде жіберіп жатқан қателіктері туралы кеңінен сөз қозғайды.

М.Ж.Көпеев бойынша таным өте күрделі. Ол санаға, жүрекке, жетіп, көкірек көзінің айқара ашылуына тікелей себепкер болу керек дейді. Себебі қазіргі уақытта қазақ жастарының жүріс-тұрысы мен мінез-құлықтарында өзге елдерден енген кірме мәдениеттердің көріністері бой көрсете бастағанын сынға алады. Бұл қасиеттер қазақи дүниетанымға қарама-қайшы және қазақ қоғамы үшін қатерлі дерттің бірі деуге болады. Еліктеушілік қасиет қазіргі күні де өз өзектілігін жоймай, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде аяқтан тартып тұрған кеселдің бірі дер едім.

Баланы оқу-білімге беріп, заманынан қалдырмай тәрбие беру мәселесін уақытысынан қалдырмай ерекше көңіл аударып отыру қажеттілігіне мән бере келе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев тәрбиенің құдіретті күшін жоғары бағалай алады.

«Шығады асыл-тастан, өнер-жастан,

Тәрбие тәуір болса әуел бастан» дей отырып, баланы 6-7 жасынан білімге, оқуға құштарлығын арттыру керектігін айтады. Қазақ ағартушыларының көрнекті өкілі ретінде ол рухани-адамгершілік бағытты насихаттады. Руханилық жеке адамға өмір мәнін береді, одан адам не үшін өмір сүретініне, өмірдегі орны қандай, қайырымдылық пен зұлымдық, ақиқат пен адасу, сұлулық пен сиқысыздық не деген сұрақтарға жауап табады. Ақынның пайымдауы бойынша, рухани өмір-бұл адамның ұмтылысы және сол орынға аз болса да сәйкес болу үшін ерінбей-жалықпай өзі-өзі тәрбиелеуі.

Жалпы қазақ ақын-жазушыларын толғандырған мәселелердің бірі – адам. Адамның толыққанды жетіліп, нағыз адам болуы. Ғұлама Абай «Кемел адам»

десе, исламда «Көркем мінезді адам» дейді. Ал Мәшһүр Жүсіп «Түгел адам» деп қарастырады. Біз осы кісілер аңсаған кемеліне жеткен көркем мінезді, түгел адам болуымыз үшін бар мүмкіндік жасалса да, неге кері тартып жүрміз деген сұрақ туындайды.

Қорыта келсек, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасының негізгі мақсаты – адамды адамгершілік тұрғыда жетілдіру, парасатты, ізгілікті адам тұлғасын қалыптастыру. Адам баласы өмір бойы ізденіп, рухани және кәсіби жетілу үстінде болуы керек. Әрбір адам тәрбиені өзінен бастаса, өзінің кем-кетігін түзетіп, түгел адам болуға әрекет жасаса, сонда қоғамдағы барлық қайшылықты мәселелер шешіледі, әлеумет түзелері анық. Осы ретте ақынның адамтану бағытындағы рухани даму, кемелдену туралы шығармалары адам үшін, қоғам үшін қазіргі заманда да өте құнды дер едім.

Аннотация

Бұл жұмыста ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлттық мұралары арқылы жастарды тәрбиелеу жолдары ұсынылған. Ақын өз шығармаларында жастардың бойында қазақи ұлттық тәлім-тәрбиені сіңіру арқылы еліне деген, ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру жолдары ұсынылған. М.Көпеевтің кеңестеріне құлақ түре отырып, біз баланы тәрбиелеу барысында қажетті көптеген пайдалы ақпараттарды ала аламыз.

Аннотация

В данной работе представлены пути воспитания молодежи через отечественное наследие известного просветителя М.Ж.Копеева. В своих произведениях поэт предлагал пути повышения любви к стране и нации путем привития молодежи казахского национального воспитания. Прислушиваясь к советам М. Копеева, мы можем получить много полезной информации, необходимой в процессе воспитания ребенка.

Annotation

This work presents ways of educating young people through the domestic heritage of the famous educator M.Zh. Kopeev. In his works, the poet proposed ways to increase love for the country and nation by instilling Kazakh national education in young people. By listening to the advice of M. Kopeev, we can get a lot of useful information necessary in the process of raising a child.

Библиографиялық тізім:

- 1.Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс-Поиск» 2003 ж 184-190 б
2. Дәуітұлы С. «Халықтың інжу маржаны-ай» Қазақ әдебиеті 1992 ж 15б
- 3.Саурықова Ж. «Ж.Көпеев дүниетанымы және тәлім-тәрбиелік мұралары». Монография.-Тараз, 2017 ж.-264б.

Ошибаева Айбала Саяновна
Астана қаласындағы
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі
Зерттеуші- мұғалім

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлемдік мәдени кеңістігінде қазақ ұлты өзінің көрнекті ойшылдары мен ақындардың, ұлы тұлғалардың есімдерімен танымал. Олардың қатарында ХХ ғасырдың ойшыл-философы, ғалымы, фольклоршы, ақын, тарихшы-шежіреші, көріпкел, қоғам қайраткері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі алтын әріптермен жазылып, лайықты орын алған. Ұлы Абайдың ізбасары ретінде ол ақынның философиялық ойының тереңдігі мен ағартушылық дарындылығын өзінің шығармашылығымен ұштастыра білді. Абай атамыз Мәшһүр Жүсіп туралы былай деп айтқан екен. «Шәкәрім мен Мәшһүр-құрдас. Екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Дегенмен, ол ақын болғанымен, Құдайға жақын. Сондықтан да Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой». Ал Жүсіпбек Аймауытов болса: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз- алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі Сізді жаратпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, сәнді салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой!» Ал, Әбділда Тәжібаев айтқандай «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы- әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе де осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті. Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзиядағы алатын орны біртөбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теңіз.» Сәрсенбі Дәуітұлы былай деген екен. «Ақынның бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі-өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған.» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын өз көзімен көрген, оның еңбектерімен таныс-біліс болған сол кездегі орыс оқымыстысы Белослюдов төмендегідей ой қорытады: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халықтың мұңын жырлай бастайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық

сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады. Бұрын өлең көпшілік алдында ауызша айтылатын, ал ақын атану үшін біреумен айтысқа түсетін, жыршы міндетті түрде суырып салма ақын болуы шарт еді. Енді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдері оқырманға жазбаша түрде ұсынылды, ақын деген сөз тек ақын-жырауларға қатысты емес, өлең жазуға қабілетті талант иелеріне қолданыла бастады.» Энциклопедист-ғалым ретінде ол терең білімге ие болды. Орта Азияның (Бұқара, Ташкент) ірі мәдени орталықтарының кітапханаларында араб, парсы, шағатай, ежелгі түркі дерекнамаларын зерттеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы: өлеңдері, поэмалары, әңгімелері, тарихи деректері, шежіресі педагогика және публицистика бойынша еңбектері тіл, философия, жаратылыстану ғалымдары, дін туралы мақалалары жан-жақты әрі көпқырлы.

Мәшһүр Жүсіп әкесі Көпейдің (шын аты- Көпжасар) қырық екі жасында, шешесі Ұлбала Танашқызының он сегіз жасында, Баянауылға қарасты Қызылтаудың «Ашамай тасы» деген жерінде 1858 жылы (қазақша жыл аты «қой», арабша ай аты «ережеп») жұма күні дүниеге келеді. Туғанда азан шақырып қойылған есімі- «Адам Жүсіп». 1861 жылы Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақсирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас»- деп ұлы Адам Жүсіпті оқуға береді. Бес жасынан бастап хат таныған ол Хамередин хазіреттің медресесінде оқиды, одан кейін Бұқарадағы Мірараб діни жоғары оқу орнында оқыды. Ақын халық ауыз әдебиетін ерте жастан жаттап өскен. «Ертарғын», «Қозы-Көрпеш- Баян сұлу» секілді халық жырларын жатқа айтудың арқасында Мәшһүр Жүсіп болды. Ол 15 жасынан бастап өлең жаза бастады. Оның әкесі және анасы сабырлы адамдар болған. Кішкентай Мәшһүрдің өз ісіне жауапшыл болуына ата-анасы ықпал еткен. Жалпы, бала-әр отбасының тірегі, бақыты, ырзығы, мақтанышы мен қуанышы. Ал, ең бастысы болашаққа деген сенімді кепілі. Ата- бабамыз ертеден ақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Әр ата- ана баласын көргенді, көпшіл болғанын қалаған. Баланың үлгі тұтары- әке- шешесі. Демек отбасы- бала тәрбиесінің алғашқы қазығы, әлеуметтендіру ортасы. Қазіргі нарық заманында балаларымыз ұялы телефонның үстемдігіне бағынып, өз айтқандарын істететін дәрежеге жетті. Олар басқа әлемнің ортасына айналғандай. Себебі, олар жыламаса болды, айтқанының бәрін істеуге дайынбыз. Оның қарап отырған мультфильміне, ойнап отырған ойындарына мән бермейміз. Бізге жетпей тұрғаны- баламызға назар аудару, тұлға ретінде қарау, мейірім. Осы тұста Мәшһүр Жүсіп сияқты қазақ зиялыларының нақыл сөздерін баланың жадына жаттатып, бала тәрбиесіне көңілмен қараған дұрыс. Өскелең жас ұрпақты рухани- адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің болашағымыз- жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балаларды тәрбиелеу Қазақ елінің саясатының басты бағыттарының бірі. Астана қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Ұйымда тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» міндеттерін айтар болсақ ұлттық мұраны қастерлеу, отаншылдыққа тәрбиелеу, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге баулу, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу. Осының ішінде ұлттық мүдде құндылығына тоқталатын болсақ: ұлттық мұраға ұқыпты қарау, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, қоғам игілігі үшін қызмет ету. Ар-ұят құндылығы - адал еңбекті құрметтеу; сөзіне берік, ісіне адал болу; халқына адал қызмет қылу; әдеп нормаларын ұстану; достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу; өзін Отанның бірмүшесі ретінде сезіндіру. Талап құндылығы- білуге, жаңаны тануға құштар болу. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерін дәріптеп, осы өлеңдері арқылы оқушыларымның бойына отаншыл болуға ұмтылдырамын. Осы орайда ақынның «Бұлақ көзі», «Өнерпаз», «Кедейліктің арқаны», «Оқуға ұмтыл» т.б өлеңдерін мәнерлеп оқытып, жатқа айтқызу арқылы ұлттық құндылығымызды бойына сіңіремін. Біздің мектебімізде қаңтар айы «Ұлттық код» айы деп аталды. Осы ретте қаңтардың екінші жұмасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында оқушылар өздерінің оқыған бір ертегісін баяндап айтып береді. Менің оқушыларыма ұсынатын ертегім Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Аңыз-әңгімелер» кітабынан алынған «Сүлеймен мен құмырсқа» ертегісі. Бұл ертегінің негізгі идеясы барға қанағат ету, білімге шақыру, біліп айтқан сөзге тоқталу. Осындай ертегілер оқушылардың сөздік қорын молайтып, ұлттық құндылығымызды насихаттап, олардың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне ықпалы зор. «Құс балапаны үшін тұзаққа түседі, адам баласы үшін азапқа түседі» демекші, бала тәрбиесіне көңілмен қарауға тиіспіз. Осындай ертегілерді тек мектепте ғана оқып қоймай, бала ата-анасымен бірге үйде де оқып, талдап, әңгімелесетін болса, балаларымыз рухани азыққа молығып, ел қамын ойлайтын азамат болып өседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бар ғұмырын халық игілігіне, ағартушылық қызметке арнады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы аңыз әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал- мәтел, ақындар айтысын және тағы басқа жинағаны белгілі. 2023 жылы «Мазмұндама» баспасынан жарық көрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Аңыз-әңгімелер» жинағын көріп көңіліме қуаныш ұялады. Бұл жинақта «Бір кедейдің сарандығы», «Тұлпардың дүбірі», «Қазыбек би елшілігі» сияқты ойшылдың тәрбиелік мәні зор аңыз- әңгімелері топтастырылған.

2006 жылы ғалымның 150 жылдығына «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ескі кесененің орнына жоғарыға ұмтылған, зәулім де әсем заманауи кесене салынған еді. 2022 жылдың күз айында №57 орта мектебінің ұжымы болып Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесіне зиярат етіп, оның рухына тағзым ету үшін барған болатынбыз. Ең алдымен біз қасиетті қара бұлақтың дәмін таттық. Кесене басындағы атамыздың ұрпақтары қарсы алып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірбаяны, оның өскелең ұрпаққа бере мол мұрасы туралы айтып берді. Зиярат етіп баратын адамдардың саны көп екен. Көбінесе отбасымен, туған туыстарымен бірнеше көлікпен барады екен. Біз төбенің басындағы кесенеге апаратын сатылармен, бейітке көтерілдік. Баспалдақтардың екі жағына ақынның өлеңдері жазылған көп тас тақталар орнатылған екен. Әрбір сөзі жүрекке жетіп, ойыңды тербейді. Сол тасқа қашалып жазылған өлеңдерінің бірін айтар болсам:

Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ,
Айырылса оқу оқып, білгенінен
Біз оны деп айтамыз «арамтамақ».
Қайрат қыл, жалқаулықтың жібін үзіп,
Көрген жан түңілмеген күдері ізіп.
Бойыңа жалақаулықты үйір қылсаң,
Жүрерсің көрінгенге көзің сүзіп.
Мәшһүр Жүсіп

Осылайша өмір шындығын жыр етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінің тәрбиелік құны өте зор. Жастарды ерінбей еңбек етуге, білімді болуға шақырады.

Отызыншы бері қайта жаңартылып, бірнеше өзгеріске түскен кесененің қазіргі қалпы көңілге қонады. Тағы бір айта кететіні Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұражайы бар екен. Соңында құран хатым етіп, ел- жұртқа жақсылық тілеп, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі мектебімізге берілсін деп тіледік. Біздің ойлағанымыз орындалып, келесі жылы №57 орта мектебімізге Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аты берілді. Бұл мектептің оқушылары да аттары әлемге мәшһүр, білімді болсын деген сенімдеміз.

Қорытындылай келе, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұрасының бізге және бізден кейін келер ұрпаққа берері мол екені сөзсіз. Ақынның шығармаларын мектеп оқулығына енгізсе, оқушылардың алар құндылықтары да еселей бермек. Ал «Қаламымен ұрпақтарға ой салған Мәшһүр Жүсіп» сияқты ақынның шығармаларын жатқа оқудан байқаулар әр жыл сайын өткізіле берсе, оқушылардың таза қазақ тіліне құрыштары қанып, ескі сөздердің қолданысын біліп, рухани азыққа кенелер еді.

Аннотация

Бұл мақаланы жазудағы мақсатым: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының өміршеңдігін дәлелдеу, және тәжірибеде қолдану қажеттілігін насихаттау. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы құндылықты мектептің тәрбие жүйесімен ұштастырса, ұлттық құндылықты жасөспірімдер бойына сіңіру маңыздылығы. Қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының мәңгілік мұра екендігі, оны насихаттау қажеттілігін түсініп, өлеңдерінен ғибрат алуымен маңыздылығы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы ізденіп, оның шығармашылығын мақала етіп жазып басылымға шығару.

Аннотация

Моя цель при написании этой статьи – доказать жизнеспособность трудов знаменитого Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы и пропагандировать необходимость их использования на практике. Важность привития подросткам национальных ценностей заключается в сочетании ценностей творчества знаменитого Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы с образовательной системой школы. Стихи Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, занимающие свое место в казахской литературе, являются осязаемым наследием, и они понимают необходимость его пропаганды и черпают вдохновение из его стихов. Исследование о знаменитом Жүсіп Көпейұлы и публикация его труда в виде рукописи.

Библиографиялық тізім:

1. Аңыз-әңгімелер, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Алматы. «Мазмұндама» баспасы. 2023 жыл.
2. Мәшһүр Жүсіп тойлаған «Наурызнама», Әсет Пазылов. Павлодар 2021 жыл.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931), Қажымұқан Пазылов, Мағзия Абенова. Павлодар. ЖК «Сытин А.А» баспаханасы. 2021 жыл.
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6- том. Алматы, Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы. 2004 жыл.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 1- том. Алматы. «Алаш» баспасы. 2003 жыл.
6. Кенжебаев Б. Ғасыр басындағы әдебиет, Жетінші кітап. Алматы, «Білім», 1993 жыл.

Пазылова Динара Шегендікқызы
Астана қаласы
Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагогика ғылымдарының магистрі

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ІЗГІЛІК ТӘРБИЕСІ

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықты сақтап қалу алдымызда тұрған үлкен міндет екенін білеміз. Міне осы тұрғыдан қоғамға жан - жақты білімді, жоғары мәдениетті, адамгершілігі мол, жұмысты шығармашылықпен жасай алатын жеке тұлға қажет. Себебі, жанартылған білім беру жүйесі адамға білім, білік дағдыларын беріп қана қоймай, өз орнын анықтай алатын, алған білімін өмірде қолдана алатын, үнемі даму үстінде болатын тұлғаны қалыптастырады.

Шешен сөздің шебер атасы Мәшһүр Жүсіп мен жырлар ғана жазып қоймай, аңыз дастандар да жазған. Көптеген аңыздар тарихи деректерге негізделген. Сондай-ақ, дастандарда әртүрлі тақырыптар, мәселен, батырлар жыры, салт-дәстүр, адамгершілік, ізгілік, адами қасиеттер әсіресе дін тақырыптары өмір мен өлім, жын-пері, шайтандар жайлы, нәпсі, періште, тозақ пен жұмақ, пайғамбарлар мен сахабалар, иман мен ислам тағы да сол сияқты көптеген тақырыптар қозғалған. Соның ішіндегі ізгілік тәрбиесі ұлттық рухымызды биікке көтеретін, тұлғаның бойында ізгіліктік, рухани қасиеттер қалыптастыру арғы тегімізден бастау алады.[1]

Қазақтың ұлттық мектебінің педагогикалық, психологиялық және ізгілік негізі халықтық тәлім -тәрбиеден, белгілі ақын-жазушылардың дүниетанымдық көзқарасынан бастау алып, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердиев, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық ой-пікірінен жалғасын тапты.

Солардың ішінен осыдан бір жарым ғасыр бұрын өмір сүріп халықтың қасиетін жанымен ұққан, ұлт құндылығын насихаттап, өлмес өнеге танытқан тәлімгер ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ізгіліктік көзқарасын ерекше атап айтуға болады. Ақынның «Мінез түзету хақында» атты туындысында: «Ғылым – білімнің бірінші пайдасы – мінезді түзету. Мінезді көркем қылып ұстау – бек зор пайдалы жұмыс. ...Қанша айтқанмен, мінездің жақсы болуы әдепті, ибалы болумен табылатұғын болды. Әдеп сол өз бойына өзі қарауыл қойып: «Не кемшілік болса да, менің өзімде ғой» - деуменен – Басқаның бәрі ілгері дәрежеде ғой!» деп ойлаумен болды. [3]

Тағы да ақынды сөйлетейік: «Мінез немен бұзылады? Мінез бұзылғанда, ашуланшақ болумен бұзылады. Адам әуел бастан, құлын жастан ашуды

жұтып үйрену керек. Бұрынғылар: «Ашу – шайтан, ғақыл -дос, Ақылына ақыл қос» -деген. Ашу - өзіңе дұшпан нәрсе, ақыл өзіңе достық қылатұғын нәрсе. Екеуі жағаласа тұра келсе, дұшпаныңа болыспа, достыңа болыс», - деген. Мінезді екінші бұзатұғын нәрсе – күншілдік. Күншіл болудан күн бұрын аулақ қашып, алыс жүріп үйрен. Мінезді үшінші бұзатұғын нәрсе – дүние. Дүниеге махаббаты кеткен адам, көзі - соқыр, құлағы - саңырау болады. Соқыр менен саңыраудан жақсы мінез табылмайтұғынын -жақсы-жаман, үлкен-кіші, - тегіс білсе керек».

Одан ары қарай мінезді бұзатұғын тәкаппарлық пен кінә сақтап, кекшіл болудан сақтандырады. Ал ақынның «Адам өзін көркем мінезге үйрету керек» дегені Ж.Аймауытовтың «Тәрбиенің негізгі мақсаты – мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек етуге тәрбиелеу» деген пікірімен үйлесім тапқан.

Ақынның көтерген тәлімдік мәселесінің бірі - ізгілік тәрбиесі. Жастарды ғылым - білімге үндеді. Оған мына өлең жолдары дәлел:

Ғылымға жастайыңнан талап қылсаң,
Дүниені шығынсынбай беріп үйрен.

Немесе мына сөздерін алайық: «...мал жиып, бай болуды ойлама.

Ғылым үйреніп білгіш болуды талап қыл» - дейді. [7]

Ақынның жастарға ұсынған адамгершілік жолы – адалдық пен ғылымды меңгеру екенін дәлелдеп берді. Осы екі жол кісіні қиындықтан құтқарады, надандықтан арылтады, адамгершілік тезге салады. Сөйтіп бала тәрбиесімен бірге ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді жан -жақты зерделейді.

Ізгілікті тәрбие беру идеясы Мәшһүр Жүсіп шығармаларында үлкен орын алады. Ғұлама ғалым жас ұрпақ бойына адамзат құндылықтарын қалыптастыру -ең ұлы іс деп есептейді.

Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат–Шеризат» қиссасын ғибратты ойын ортаға салу үшін жазғанын айтады. Адам басында боларлық әділетті, әділетсіз істердің жайын түсіндірмек, «қаралы ғарыптардың» көңілін ашпақ, атақ іздеп, араны ашылған жандарды әшкеремелемек, махаббатын ақтап, әділдік іздеген жастарды мадақтамақ.

Шеризаттың әкесі қайтыс болар алдында қол астындағыларын, жақындарын, таныстарын жинап: «тілеп алған баланың дүниеге келуін көрмей, о дүниеге сапар шекпекпін. Ханымнан ұл туса, орнымды басып, патша болсын, қыз туса, қабағын шыттырмай тәрбиелеп, сүйгеніне қосыңдар, тағымды уәзірім Парақзатқа қалдырдым», – деп өсиет айтады. Парақзат патшаға берген уәдесінен таяды, «ханым ұл тапса, тақтан айрылғаным ғой» деген ой көкейін теседі, оны арамдық басады. Уәзірдің бұйрығы бойынша, «толғағы қысып отырған» ханымды иен аулаққа апарып, кескілеп өлтірген жендеттер табанда арыстанға тап болып, түгел өледі. Жендеттер өлтіріп болғанша, босанып үлгерген ананың омырауына өрмелеп, шырқырап жылаған нәресте жайы сөз болады.[4]

Әкеден, анадан бірдей айрылып, жетім қалған Шеризат ер жетіп, ел аралап, жолға шығады. Шешесін өлтірген уәзірдің еліне келеді. Сарайда

сайран салып жатқан уәзірдің қызы Гүлшат аруды көреді. Гүлшаттан дәмеленіп жүрген бір жігіт еркімен табысқан жастардың жасырын кездесіп, шаттық жасап жүргенін біліп қояды, бұл жайды қыздың әкесіне жеткізеді. Уәзір Шеризаттың жазасын тартқызып, алып келу үшін қанша нөкер беріп, Алмас, Қоймас атты екі алыбын аттандырады. Шеризат соғыс үстінде алыптарды, олардың нөкерлерін қырады. Тығылып қалған бір екеу ғана Шеризаттың қаһарлы айбынын, көрсеткен күшін патшаға айтып барады. Оның өлген патшаның тірі қалған баласы екені мәлім болады. Үрейі ұшқан уәзір жерге бас ұрып, Шеризаттан кешірім сұрайды. Шеризат оны зынданға салдырады, басын алмақ болып. Бұл іске ара түскен Гүлшат Ақжүністің Қартқожа өмірін шола сөйлегеніндей, Шеризаттың өмірін, ерліктерін шұбырта айта келіп, тіріні өмірден айыру оңайма, жамандықты жақсылықпен, кешірімшілікпен жең, ол өзі де әділетсіздігінен сазайын тартты, адам қанын мойнына жүктеме, қаһарлықты арттырумен шыққан мүйіз қайсы?

Қылыш ұстап болаттан,
Жеті жасқа жетпей-ақ,
Оздың шығып санаттан.
Кәмшат бөрік басында,
Барлық қыздар қасында.
Дұшпандарың жеңгенде,
Қане, мүйізің шыққаны? – дейді.

Гүлшаттың қаталдықты, қаһарлықты кешірімшілікпен жеңіп үйренуді қостайтын адам екені көрсетілмек. «Көңілім ашылғандай қисса айтып берсең, әкеңнің жазығын кешем» деген Шеризатқа Гүлшат Мәһімәнзал сұлудың бастан кешкен уақиғасын айтып береді. Оның жолына бөгет болып, кесірін тигізген адамдар кінәсін қалай кешіп, қан төкпей қайырымдылық көрсеткендігін үлгі етеді. Ғибратты істер жайында ертегі айтып, ойын өткізген әйел болып та көзге түседі. Ақжүністен, Шаһаризададан тәлім алғандығын аңғартқандай болған Гүлшат Шеризатты ақыры ақылына көндіреді, - дейді.

[6]

Бұл шығармасы арқылы да Мәшһүр Жүсіп: «Сөзің – шын, ісің – әділ, көкірегің мөлдір болса, дұшпаның қанша қысастық қылғанменен, жеңе алмайды» деген ой айтады автор.[5] Дастанның мазмұны толығымен адам баласының парасаттылығына, жасампаздығына негізделген. Жауың қанша қатыгез болса да, оның да басын иіп қателігін мойындайтын кезі келетінін дәлелдейді. Кез келген жамандыққа ізгілікпен, яғни жақсылықпен жауап берген дұрыс екенін айтады. Мәшһүр Жүсіптің «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарып қылсын» деп өз шәкірттеріне берген тәрбиесінің маңызы зор.

Оқушыларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, дәстүрін терең таныстырып, ақынның педагогикалық ой-пікірін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін оның ізгілікті тәрбиеге қатысты төмендегі тұжырымдары дәлелдейді. Ол тұжырымды Мәшһүр Жүсіптің өз шығармаларынан көруге болады:

- ✚ Майда бол жігіт болсаң, тал жібектей.
- ✚ Ғибрат ал: жақсыларға жақын жүріп.
- ✚ «Қанағат, көп білдім!»-деп, айтпа өнерге,
Көре бер басқалардың азын көптей.
- ✚ Әр істі ойлау керек әуел бастан.
- ✚ Өнерге ғылым-білім, болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.
- ✚ Білімге жабысайық көңіл қойып.
- ✚ Өнерге ғылым-білім, болсаң жерік,
Басыңа мұны тапсаң, болдың берік.
- ✚ Адам болсаң, адамдық ісің ойла,
Көз жеткісіз дарияға сүңгіп бойла!
- ✚ Түзу бас, тура жолдан теріс те аспа,
Өнерсіз надандармен араласпа.
- ✚ Дұшпан біліп қоймасын сырды десең,
Жанкүйер досыңа да сырынды ашпа!
- ✚ Дос, жолдас қылам десең қауым, көпті,
Бойыңа үйір қылма өкпе, кекті.
- ✚ Өнерге өзінді өзін ерте баулы.
- ✚ Біреуді дүние әдепке үйретпесе,

Оны үйретіп түзеуге әуре болма! - деп, ғұлама ғалым надандықтан құтылудың жолы ғылым-білімде, мәдениетті, әдепті болу білімге байланысты екенін тағы да бір дәлелдеп берді.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп есімі – адамдық пен ұждан, ар-иман, ұлттық намыстың, зиялылық пен білім, зерденің, өмір нұрын армансыз сезінудің, тәркі дүние сырын терең түсініп, екі әлемнің пәлсапалық парадигмаларын толық қабылдау, жалғанның жасанды қылықтарына өкінбеудің асыл үлгісі болып табылады. Шеризат патшаның өзінің анасын кешегі Парахзат патшаның қастандықпен өлтіргеніне қарамастан кешіруі, келешекте адам баласына ғибрат боларлық, ізгілікті іс-әрекет:

Ғибрат бозбалаға айтқан сөзім,
Жұмылса тіл тоқтайды екі көзім.
Қатесін білмегеннің кешіргеннің,
Ұқсын деп сіздерге айтқан нақыл сөзім.

Мәшһүр Жүсіптің бұл дастанының жас ұрпаққа берер тәлімі мен тағылымы мол. Қай шығармасын оқымасақта ізгілікті, әділдікті, адамдықты, рухани құндылықтарды ұран еткен, асыл қасиеттердің насихатшысы ретінде жадымда сақталады. Адалдықтың туы мәңгілік желбірейтінін бір шығарма кейіпкерлер ісі арқылы, бірі мақсатына жетіп, бақытты ғұмыр кешкен өмір арқылы, бірі ел сүйіспеншілігіне, халық құрметіне бөленген сый-сияпат арқылы суреттейді. Ал, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында адам үшін бар байлық жан-дүниесін таза ұстау екендігін баса айтады.

Ұлы бабамыз жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп намыс

пен жігерді жанып, рухын қайсар қайратқа бағыттап, ұран тастағандай болды. Сонымен, қазақ халқының руханият тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алатын орны ерекше және мәртебелі. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың тағылымының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені даусыз. Ендеше, сол рухани мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, кейінгі буын үлгі аларлық кәдеге жарату бәріміздің қасиетті парызымыз деп есептейміз.

Аннотация: Ізгілік тәрбиесі Мәшһүр Жүсіп шығармаларында үлкен орын алады. Ғұлама ғалым жас ұрпақтың бойына адамзат құндылықтарын қалыптастыру – ең ұлы іс деп есептейді. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының басым көпшілігі адалдық пен адамдық туралы толғамды ойға толы. Жазбалары жақсылықтың жаршысындай еді. Жастарды білімді әрі саусағынан бал тамған өнерпаз болуға да үндеді. Балаларға арабша тіл сындыртып, дәріс беріп, олардың білім мен ғылымға деген құштарлығын арттырып, қолөнер, егіншілік, сауда, мал шаруашылығымен білек түре шұғылдануға шақырды. Заманының заңғары Мәшһүр-Жүсіп «Білім алып, өмірлік қажетті іскерлік пен дағдыларды меңгеру – ұлттық ояну мен өркендеудің бірден-бір жолы» деп білді.

Аннотация: Гуманное воспитание занимает большое место в произведениях Машхур Жусупа. Ученый считает, что формирование человеческих ценностей у подрастающего поколения - величайшее дело. Подавляющее большинство произведений Машхур-Жусупа наполнено размышлениями о честности и человечности. Записки были как предвестники добра. Молодежь призывала к тому, чтобы стать образованной и самостоятельной. Детей поощряли заниматься ремеслами, земледелием, торговлей, скотоводством, воспитывая у них интерес к знаниям и науке. Закон времени Машхур-Жусуп знал, что «обучение и приобретение жизненно необходимых деловых и навыков – единственный путь к национальному пробуждению и процветанию».

Abstract: Humane education occupies a large place in the works of Mashhur Zhusup. The scientist believes that the formation of human values among the younger generation is the greatest thing. The vast majority of Mashhur-Zhusup's works are filled with reflections on honesty and humanity. The notes were like harbingers of good. The youth called for becoming educated and self-employed. Children were encouraged to engage in crafts, agriculture, trade, and cattle breeding, fostering their interest in knowledge and science. Mashhur-Zhusup knew by the Law of time that "learning and acquiring vital business and skills is the only way to national awakening and prosperity."

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы, Ғылым 1988ж.
2. Г.Қ.Жүсіпова. Мәшһүртану белестері.

3. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 1-2 том. Павлодар, ЭКО, 2003ж
4. Н.Қ. Жүсіпов. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының фольклоршылық еңбегі. Автореферат: 1998. -12 б.
5. Г.Қ. Жүсіпова. Мәшһүр-Жүсіп қиссаларындағы Мұхаммед бейнесі. – Павлодар, 2000. – Б. 15-45.
6. Е. Жүсіпов. Мәшһүр-Жүсіп және шығыс аңыздары // Тіл таным. – 2002. – № 1. – Б. 130-140.
7. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 4 том. Павлодар, ЭКО, 2003ж
8. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 11 том. Павлодар, ЭКО, 2003ж

МӘШҲҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

XXI ғасыр – әлеуметтік желілер мен технологиялар дамыған, цифрландыру заманы. Әлем елдері күннен күнге, көз ілестірмей дамуда, экономикалық-саяси, білім мен ғылым ілгерілеп, қалалар гүлденуде. Адам тек материалдық ғана емес рухани да даму үстінде. Рухани жетілген адам дүниесі мен жасаған іс-әрекеті әдемі үйлесімділікте болады. Жалпы «құндылық» жайлы білесіз бе? Құндылық деген қандайда бір нәрсенің мәнділігі, пайдалығы, маңыздылығы мен қымбаттылығы. Құндылықтар адам өмірінде маңызды рөл атқарады, рухани жетілуін қамтамасыз етеді. Құндылықтар адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әртүрлі сипатта болады. Қоғамда "рухани құндылықтар", "материалдық құндылықтар", "ұлттық құндылықтар" сынды ұғымдар қалыптасқан. Әр құндылықтың өзіндік атқаратын міндеттері мен маңыздылығы бар. Сол аталған құндылықтар арасында адамзат үшін ерекше мән-мағынаға ие «ұлттық құндылықтар».

Ұлттық құндылықтар – қандайда бір ұлттың мінезі мен менталитетін, тәрбиесі мен дәстүр-салтын, тыныс-тіршілігін айқындайды, басқа ұлт-өкілдерінен даралап, өзгешелеп тұратын қасиетке ие. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа», - деп бекер айтылмаса керек. Ұлттық құндылықтарға нені жатқызамыз: тәрбие көзі болатын тәлім-тәрбие, тілі мен діні, ұлттық салт-сана. Біз қазақ халқы, дүниетанымы қалыптасқан мемкелет болып отырмыз. Басқа ұлттардан даралана алатын, тек өзімізге ғана тән ерекше қасиеттеріміз бен құндылықтарымыз қалыптасқан. Рухани жан дүниемізді өзгешелейтін құндылығымыз бар.

Қазіргі ғаламдану заманында ұлттың ұлттығын сақтап, қазақ жастарын өзге жат мәдениеттер мен қаптаған қауіпті шатақ діндерден қорғап қалатын жол – ол қазақтың өз ата тарихы, дәстүрі, ұлттық тәрбие, ақын - жазушылардың асыл еңбектері мен мен әулие - ғұламалардың рухани мұралары екендігі сөзсіз. Қазақ тарихындағы сондай әулиенің бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Атамыздың рухани мұралары бұдан бір ғасыр уақыт бұрын, басқа дәуірде жазылса да, тап қазіргі қоғамды айтып тұрғандай. Әр сөзінен ұлттық құндылықтың негізі мен тәрбиенің қаймағын көруге болады.

Ең алдымен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кім? "Жетпіс үшке келгенше балталасаң да өлмеймін, жетпіс үштен асқан соң майға бөлеп қойсаң да әрі өмір сүрмеймін" деп дәл елу жасында өзінің бұл фәниден қашан кететінін болжаған ғұлама, әулие адам, данагөй тұлға, ұлы ойшыл, философ, фольклортанушы, ақын, жазушы ретінде танимыз. Бір сөзбен айтқанда, сегіз қырлы, бір сырлы жан.

Мәшһүр Жүсіп бабамыздың бізге қалдырған асыл қазынасының әр сөзі мағыналы, құнды, түсінген жанға әр сөзінде терең ой жатыр.

« Дүниедегі ең асыл тіл – араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі – гауһары- қазақ тілі. Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дінде осында, ғылым-білімде осында» деп, айтып кеткен Мәшһүр атамыздың осы бір сөздерімен мақаламды бастағым ұрпағына өз ана тілінің қадір-қасиетін сол заманда айтып кеткен бабамыздың осы бір сөздерінде елге, тілге, Отанға деген құрметті көруге болады.

Мақсаты: Ақын бір өлеңдерінде қазақ жастарын орысша зорлап оқытуға да тікелей қарсы шығады. Туған тілді шетке теуіп, еріксіз орыс тілді меңгертуді талап еткендерге қасқайып қарсы тұрады. Бүкіл өлең бойынан біз Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің елі үшін елжіреген жүрек қағысын естиміз. Халқымен бірге күңіренген ақын жанының терең қайғысын түсінеміз. Елін бостандық күнге жеткізуді аңсап, аласұрған азаматтық тұлғасын танимыз. Елге деген ерекше сүйіспеншіліктің нышанын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кез-келген өлеңінен таба аламыз.

Бақыт жайлы, иман жайлы, тәрбие жайлы айтып кеткен қанатты сөздері мен ойлары да көп.

Жас-кәрі, ер жігіт, сұлу әйел, достық, ағайын-туыс, бауыр тағы басқасына арнаған әр жырында, әр шығармасында тәрбиенің тұнығы бар. Мысалы: бір шығармасында былай деген «Жігітті кедейлікке апаратын үш тамыр: желкедегі қырсықтық, шынтақтағы маубастық, құйрықтағы жалқаулық тамырлары». Менің ойымша, түйсігі бар әр жігіт, осы бір сөздерді естігеннен кейін, өзінің бойын жалқаулық билемеуін қадағалап отыратыны анық.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Гибратнама» өлеңінің астарлы ойы, менің ойымша, адамгершілік пен мейірімділікке арнап жазылған.

Адамға, ұят, иман, сабыр-қазық,
Қанағат, рақым, шапағат өмірге озық
Ақыл, ой-ар, намыстың күзетшісі
Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып.

Адам ешқашан жаман болмайды. Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті жаман бола алады. Адамдардың ішінде мінезі қатып қалғаны да болмайды. Істеген әрбір ісі, сөйлеген әрбір сөзі тікелей адамның өзіне байланысты немесе өзінің жүріп-тұрып жүрген ортасына байланысты. Өз ортанның елеулі де, сыйлы мүшесі болғың келсе, ең алдымен, адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа жақын болу керек. Осы қасиеттер арқылы өзінді ғана емес, қоршаған ортанды да өзгерту қиынға соқпайды деп ойлаймын. Осы өлеңді оқи отырып, бұлбұлдың жауабын талдау арқылы жазылған «Гибратнаманың» қазақылық әсері мол екенің байқадым.

М.Көпеев өз өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен күн көретін арамтамақтардың кімдер екендігін де айта кетуді ұмытпайды. Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы көп жанның бақытты екенін жан-жақты айта келіп: Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,

Ойлаймысың бір іске деп жарамас.

Келіп пе едің жалғанға киім киіп,

Тумап па едің анадан тыр жалаңаш – деп бір тоқтайды. Яғни, бізді қоршаған табиғат бір қалыпты тұрып қалмай, үнемі даму, өсу үстінде болатынын осылай нақты қағидалармен толық түсіндіреді. Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлық айырықша бір ерекшелігі – өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіппен, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған.

Ақынның шығармаларын оқи отырып, ұлылардың өткені - бүгінгінің ұлттық құндылығы екеніне күмән келтіре алмайсың. «Дауасыз дерт» деген өлеңінде:

Ағайын барды күндеп көре алмайды,

Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.

Кәнеки, бермегенің сол емес пе,

Білмеген-білген тілін неге алмайды? [7, 94-96 бет].

Жомарттық – адам бойындағы ең ізгі қасиеттердің бірі. Адам бойындағы үш керемет қасиеттер - шындық, ақ пейілділік, даналық. Шындықтан - әділеттілік, ақпейілділіктен - шапағат, даналықтан - ақиқат шығады. Кімде-кімнің бойынан осындай қасиеттер табылса, оның жасаған іс-әрекеті жомарттық болып табылады. Автор осы шығармасында өмір итжығыспен өтетінін айта отырып, жомарттыққа, кешірімшілдікке, сабарлылыққа, шыншылдыққа, қанағатшылдыққа, татулыққа шақырады. «Ғылымың болса-дағы ұшан теңіз, Пайда жоқ: өз халқыңа қызмет етпей!», - деп ой түйеді. Бұл өлеңде де ұлттық құндылық тұнып тұр.

Өнерпаз» деген өлеңінде: Қылжақтап екі ауылдың арасында,

Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!

Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,

Тамаша болдың жігіт таңғажайып [7,97-98 бет]. Автордың бұл өлеңі Ш. Құдайбердіұлының «Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл», - деген терең ойлы, көркем мұраларындағы өлеңімен мәндес келеді. "Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік сияқты. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады" деумен адамзатқа өлмес сөз, өшпес өнеге айтқан зерделі ақынның өзі де өмір бойы ғылым-білімге ұмтылып, өмірі ізденіспен өткен екен. Не табылса да ғылым білімнен табылады деп, қараңғылық түнегінен жол таба алмай дағдарысқа түскен жұртына өлеңмен үндеу тастап, ғылым-білім арқылы халқын оянуға шақырады, азаттықты насихаттайды. Білім, ғылым, өнер рухани құндылықтың бастау алар тамыры екенін насихаттайды

Кімнің дұғасы қабыл болады ?

Дұғасы қабыл болатұғын адамдардың дұғасынан мақұрым қалма !

Ең әуелі дұғасы қабыл болушылар- сасқан, босқан, қысылған, қиналғандардың, олар хақында Айта Кәриме бар...

Екінші, дұғасы қабыл –ата-ана. Ата-ананың дұғасы бала үшін қабылдығына шәк, күмән жоқ. Жастар, балалар, ата-ананың дұғасынан мақұрым қалмаңдар. Шын ықыласпен ата-анасының қас-қабағына қарап, тік тұрып, іші елжіреумен берген батасын алып қалған бала екі дүниеде қор болмайды.

Үшіншіден, қанша оқыған ғылымыңнан бір кәт табуды ойласаң- ұстаздың риалығын ізде.

Төртіншіден, дұғасы қабыл –әділ патшаның халқына қылған дұғасы қабылдығында шәк жоқ, ешбір қате жоқ.

Бесіншіден, Құдайдан қорқынышы бар ізгі тақуа, пірлердің дұғасы қабылдығында шәк шұба жоқ.

Алтыншыдан, ата-анасын шын ықыласпен күтіп сыйлап, ризалығын алған баланың дұғасы қабылдығында шек-шүбә жоқ.

Жетінші дұғасы қабыл –халал жолда жүрген мүсәпір жолаушылар, ораза тұтқандардың дұғасы қабыл. Ауыз ашарында қажылардың дұғасы қабыл, сапарынан қайтып үйіне түскенге дейінгі қырық күнгеше намазхандардың дұғасы қабыл.

Барлық түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған біртуар азамат, ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп келтірген болатын

Сөз соңында айтарым: ұлтымыздың бірегей талантты тумасы Мәшһүр Жүсіп атамиздың шығармаларының қазіргі жастар, қазіргі қоғам үшін пайдасы өте зор. Маңызды, мағыналы асыл дүниелер. Әсіресе мектеп оқушыларының бойына атамиздың әр сөзін терең сіндіріп жүрсек нұр үстіне, нұр болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамиздың мұраларын әлі де зерттеп, зерделейміз деген ойдамын. Жүрегі «елім», «жерім» деп соққан, елі үшін, халқының рухани байып, жетілуі үшін бар ғұмырын сарп еткен, шәкірттерінің терең білімі үшін, ұстаздық жолда да аянбаған, халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы-Жүсіп атамиз, біз үшін қайталанбас тұлға, қазақ даласының мақтанышы.

... Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,

Еңбегінің қызығын да көре алмай.

От боп жанып өтіп кеткен ақынға

Мәңгілік қып өмір берген өлеңді – ай!

- деп Айтақын ақын жырлағандай, өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Ол – біздер үшін өшпес те өлмес асыл мұра, қасиетті қазына.

Аннотация

Бұл мақалада шежіреші, тарихшы, ақын, этнограф Мәшһүр Жүсіптің еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар мен тәрбие мәселелері қарастырылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолынағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі екені анық. Ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі маңызы мен мәні оның алатын орны

талданады. Қазақ халқының ұлттық құндылықтар деп нені есептейтіні бағамдалады. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады. Сонымен қатар, көтерілген мәселеде бақытты болудың, тәрбиелі болудың жолы адами құндылықта екендігі айтылады.

Мәшһүр Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра саралайды. Мақала авторы мәдениеттің құндылық әлеуетін тұлғаның тұжырымдары мен көзқарастары арқылы дәлелдейді. Шығармасындағы ұлттық құндылық пен тәрбие мәселелері кеңінен талданады. Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, адамгершілік, тәрбие, рухани өмір

В данной статье рассматриваются вопросы воспитания и национальных ценностей в трудах летописца, историка, поэта, этнографа Машхур-Жусупа. Очевидно, что признание национальных ценностей в трудах поэта, его изучение, пропаганда в соответствии с требованиями времени - это один из актуальных вопросов, который не утратил своего значения на пути к признанию нашей национальной идентичности. Анализируется значение и значение национальных ценностей в жизни человечества. Оценивается, что казахский народ считает национальными ценностями. В статье широко обсуждается значение и значение национальных ценностей в жизни человечества, роль в жизни человека. Кроме того, в поднятом вопросе говорится, что способ быть счастливым, воспитанным-это человеческая ценность.

Анализируя национальные ценности в наследии Машхур Жусупа глазами современности, дифференцирует национальную ценность в сочетании с процессом развития общества. Автор статьи доказывает ценностный потенциал культуры через высказывания и взгляды личности. Проблемы национальной ценности и воспитания в произведении

This article discusses the problems of national values and education in the works of the chronicler, historian, poet, ethnographer Mashhur-Zhusup. It is obvious that the recognition of national values in the works of the poet, its study, promotion in accordance with the requirements of the time is one of the most pressing issues that have not lost their significance in the way of knowing our national identity. The importance and significance of national values in the life of mankind is analyzed the place it occupies. It is estimated what the Kazakh people consider national values. The article discusses the meaning and significance of national values in the life of mankind, the role in human life. At the same time, it is noted that the way to be happy and well-mannered in the matter raised is in human value.

Mashhur analyzes the national values in the heritage of Joseph through the eyes of modernity, differentiates the national value in combination with the process of development of society. The author of the article proves the value potential of

culture through the statements and views of the individual. National values and educational problems in his work

Библиографиялық тізім

- 1 “Алтын қалам” сайты
2. Өзірет Барбол. Әулие Мәшһүр-Жүсіп және ұлттық рух
3. Ғалымжанов Б. Білім мазмұнында ұлттық адами құндылықтарды жетілдіру- Ұлағат журналы. 2011-№ 3
4. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ- ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ» атты ғылыми-теоретикалық конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ 2020 ж. 28-ақпан3
5. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 1-том Павлодар, 2013ж.

Сариева Галия Сергеевна
Астана қаласы
Қайым Мұхамедханов атындағы №90 мектеп гимназия
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі,
педагог – зерттеуші

МӘШҮР ЖҮСІП МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

XX ғасыр басында қазақ арасынан шыққан білімді азаматтар ұлттың жай-күйін терең ұғынып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, қазақ баласының адалдықтың жолынан адаспауына айрықша үлес қосты. Асан Қайғы, Шалкиіз жырау, Қазтуған, Шал ақын, Доспамбет, Бұқар жыраудан бастау алатын ұлттың ізгі жолын Ш. Уәлихан, Ы. Алтынсары, А. Құнанбайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жалғастырды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақтың бай мәдени мұрасын, ұлттық құндылығы және жоғары рухани идеяларын қазақ баласына ұғынықты тілде жеткізіп, баланың тұлға ретінде қалыптасуына ерең ебек етті.

Ұлттық құндылықтар - әрбір ұлттың ерекшелігін айқындайтын, өмірі мен тіршілігінен хабар беретін, болмысы мен бітімін қалыптастыратын үлкен категория. Ұлттық құндылықтар өмірді кезең кезеңдерге жалғап жататын, әрбір жаңа өскелең ұрпақ үшін үлкен мәнге ие бола отырып, ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып саналады. Осы ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлттық тәрбиенің құнарын бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде үздіксіз пайдалану - бүгінгі таңдағы ең басты қажеттіліктердің бірі де, бірегейі екені анық. Ұлттық болмыс пен санасы мен сезімі толық қалыптасып жетілген, ұлттық мүддеміздің мейлінше өркендеуі үшін барынша өз үлесін қосатын, ұлттық құндылықтарымызды және жалпыадамзаттық құндылықтарды бір-бірімен тиімді етіп ұштастыра білетін толық кемелденген, ұлтым дейтін, ұлтжанды жеке тұлғаны тәрбиелеу біздің ұлттық идеямыздың негізі екені белгілі. Тәрбиелеу ісі – ортақ іс, тіпті мемлекеттік іс деуге негіз бар. Себебі, бүгінгі таңдағы дұрыс берілген тәрбие – келешектегі жақсы, дұрыс елдікті танытатын азаматтардың өсіп-өркендейтінін білдіреді. Қазіргі уақыт тұрғысынан бағдарласақ, егемен еліміздің тыныштығы мен береке-бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына ерте жастан ата-бабаларымыз негізін қалаған ерлік, өрлік рухты, ұлтжандылық, ұлтын сүйе білу сезімін сіңіре алу уақыт күттіріп отырмайтын маңызды мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Ұлттық сезімді және ұлт-тық намысты, ұлттық рухымызды көтеру – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін үлкен міндеті [1, 17].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзқарасындағы тәрбие мақсатына байланысты айтқан пікірлері педагогика классиктерінің ой-пікірлерімен ұштасып жатқандығын атап айтқымыз келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының

руханилық ілімінің халықтық педагогика тәжірибесімен үйлесімі оған рухани-адамгершілік тәрбиені бірінші орынға қоюға итермеледі. Оның шығармашылығындағы негізгі көңіл адам мәселесі мен оған тиімді ықпал ету жолдары іздестіруге бөлінді. Ұлттық рухы биік азамат -ағартушының көзқарасындағы тәрбиенің басты мақсаты болып табылды. Ал тұлғаны ол руханияттың бастамашысы ретінде қарастырады. Сондықтан да ол тұлғаны қалыптастырудың объективті заңдылықтарын зерттеуден, оны дамыту мәселесінен, адам тіршілігінің мәнін анықтаудан аттап кете алмады. Жалпыадамзаттық, гуманистік мақсаттардың артықшылығын негіздейтін қазіргі кездегі жаңа педагогика парадигмасы ретінде ең алдымен тұлғаның құндылығы, оның руханилығы мен азаттығы идеясынан бастау алатын рухани-адамгершілік тәрбиесі болып табылады. Өйткені педагогика адамға оның рухын жоғары көтеруге қалай көмектесу керектігі жөнінде мәселені қойып, талдап зерттейтін ғылым. Қазақ баласының талаптану мәселесін ақын былайша суреттейді:

«Жігітке талаптанған жүз мың
рахмет, Әрқайда сен білгенің ырзық
шашқан. Жаны ашып нашарларға
қызмет етіп,

Салса егер түзу жолға, болса адасқан» [2, 60]- Ақын адам өз білгенін өзгеге үйрете отырып, өз бойындағы құндылықтарды өзгенің де бойына құя білу адамдықтың, адалдықтың белгісі дейді. Ақын адамдық құндылық жайынан сөзінде «Дене - бір қараңғы үй, жан - ол үйді жарық қылып тұрған нұр. Біреудің жаны сығырайып, зорға жанып тұрған шырағдан сықылды. Кейбіреудікі май шам сықылды, кейбіреудікі тас шам сықылды. Кейбіреудікі

- керосин майының жарығы сықылды. Кейбіреудікі - одан да жарық: машинамен жағылатын электрі бар жарық сықылды. Онан да жарығы зор нұрлы жан болады. Есебі жан деген нәрседен ныһаят жоқ».- деп суреттейді. Адам өз жанын кемелдендіру арқылы, біреуге зиян тигізбеу, біреудің ала жібінаттамау, біреуді сыртынан ғайбаттамау, біреудің ар-намысына тимеу сынды қарапайым ережелерді игере отырып, ғұмырының нұрын келтіреді. Ұлы Түркі жұртының баласы Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» [3] - деген сөзі ақынның ойын қуаттай түседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы адам тәрбиесіне, әділдіктің жолына, ұлттық құндылықтардың маңыздылығына айрықша тоқталып, терең зерттеген тұлға. Мәшһүр Жүсіп адам үшін төрт кедергіні былайша атап өтеді : Бірінші: адамның желкесінде тұрады. Аты – керітартпа. Адамның желкесін қырық адам ұстап отырады. Басты сылтауы «кейін жасарсың», «оны қайтесің»? Екінші: жалқаулық. Ол құйрықта. Тұрмау, жүрмеу. Үшінші: ұйқышылық. Үнемімаңызды емес бір нәрсені ойлап, уайымдап жүреді. Белгі сөзі: «жасау керек еді». Төртінші: қорқақтық. Адам жаны өз жүрегінің қожайыны болу керек! Адам кейде тіршілік етіп жүргендей көрінуі мүмкін, бірақ ұйқыға

кетіп қалғанын сезбейді, оны сезу үшін де адамға ішкі рух пен құндылық керегі ақиқат»-деп адам бойындағы кертартпа қылықтарды ғылыми тұрғыдан дәлелдеп нақтылай түседі. Ақын тұлғаның қалыптасуына кері әсер ететін төртбелгіні айта отырып, одан құтылудың да жолдарын анық, ашық айтады. Ақын төрт кедергіні жеңудің жолдарын былайша баяндайды: «Тілағаш, елгезек

болып үйрен, кежірліктен құтыласың. Тіпті дәнеме қылмасаң да, жаяу аяндап, олай-былай жүріп үйрен, жалқаулықтан құтыласың. Дүние ақиреттің бірі болмаса, бірінің уайымын ойлап: «қалай қыламын қайтіп есебін табамын?!» [4,45] - деген ойға түс, ұйқышылдықтан құтыласың. Бұл үшеуінен құтылсаң, қолың әр нәрсеге жетеді. Бұл үшеуі: бірі - желкеңнен тартып, біреуі дүнбе құйрығыңнан жерге қарай жабыстырып, бірі шынтағыңнан қисайта құлатып жібермей, табандап жатқан соң, қолың қайда жетсін?! өзіңнен-өзің кейін қарайкетіп қор боласың», - дейді.

Ақын адамның жалқаулығын, кеш ойланатын кері іс-әрекеттерін өз өлеңінде былайша баяндайды:

Құнан, дөнен-құлын мен тайдан
өсті, Ат болады толған соң болып
бесті.

Отыз-қырықтан асқан соң ойланамыз,

Он бес пен жиырма бесте қылар істі» [2,40] - деп ақын Құнанбайдың Абайының «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деген өлеңімен үндеседі. Адамның қасіретті арқалап бақытсыздыққа ұшырауының себебі көп жағдайда оның өз қабілеті мен мүмкіндігін, шамасын дұрыс анықтай алмағаны болатындығы ақиқат.

Ақын өз өлеңдерінде есті адамның болмысын былайша нақтлай түседі:

«Есті адам – қанағатты.
Қанағатты адам
тиянақты. Тиянақты
адам көнтерлі. Көнтерлі
адам қайғысыз
Қайғысыз адам
бақытты.

Ендеше есті адам бақытты болады» [5, 87]-дейді. Ақын адамға қымбат юес нәрсені «Ең әуел керек нәрсе иман», «Екінші керек нәрсе – ғақыл», «Үшінші қымбат нәрсе - сабыр!», «Төртінші, қымбыт нәрсе – шүкір», «Бесінші, қымбат нәрсе - әдеп»- деп көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп ұлт баласын осы бес құндылық арқылы тәрбиелеп, адамдық жолынан айнымауына ерекше үлес босқан ұлы тұлға еді. Ақын сондай-ақ тұлғаға даланың жазылмаған ұлттық құндылықтарын дәріптей отырып, «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті»-деп қазақ тілінің құндылығын айғақтай түседі. Мәшһүр Жүсіп мұралары – ұлттық құндылықтарымыздың толық

болмыс- келбетін танытатын, қоғамдық сананың даму үдерісіндегі басты бағдары, ұлттың шамшырағы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ сериясы. 2020. №1 (130).
2. Жұматаева Е. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы дидактиканың пәлсапалық негізі. «Мәшһүр-Жүсіп оқулары.» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары.-Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2001. 248-263 б.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы.- А.: Алаш, 2003.- 1т.
4. «Мұстафа Шоқай. Тандамалы» (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, - Алматы, «Қайнар», 1998. – 57 б.
5. Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Көп томдық шығармалар жинағы. Павлодар: Эко, 2004.-3т.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Поэтикалық ойдың тереңдігі мен құбылыстардың мәніне философиялық енуі бойынша Мәшһүр Жүсіп Көпеев Шығыстың үздік ақындары мен ойшылдарымен бір қатарда тұр. Ең алдымен, ғалым замандастары мен ұрпақтарының құрметіне бірнеше тілді меңгерген философ және филолог ретінде қазақ халқын ағартқандығымен лайық болды. Әдемі этнограф ретінде ол бір жарым ғасыр бұрын тарихты сақтап, жеткізді. Мәшһүр Жүсіп қазақ ауызша халық шығармашылығының ірі зерттеушісі, сондай-ақ шығыс әдебиеті мен ислам теориясының белгілі білгірі болды. Энциклопедист ретінде ол сонымен бірге терең діндар адам болды, дінсіз ғылым жоқ деп сенді. Мәшһүр Жүсіптің мұрасы 30 томдық зерттеу: діни-философиялық ойлар, ғылыми еңбектер, аңыздар, фольклорлық аңыздар мен болжамдар болды.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын алғашқы зерттеушілердің бірі Ж. Аймауытов болды, оның еңбектері идеологиялық көзқарастардың арқасында ұзақ уақыт бойы ұмытылмай қалды. Ж. Аймауытов ақын-ойшыл шығармаларының алғашқы жинағын шығаруға бастамашы болды. Ғалым М. Ж. Көпеев туралы қазақ философиялық - поэтикалық дәстүрінің асыл тасы ретінде жазды және философты халық үшін оның шығармашылығының қажеттілігіне жеке хат алмасуға сендірді. Мәшһүр Жүсіпке арнаған сөзінде ол былай деп жазды: "Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалқан гауһарысыз. Сіздің құлашысыз узын, киялысыз терең, арманысыз алыстағы еткен емірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні еткен жат адам қылады..." [1, 242-бет].

Айта кету керек, жеке тұлға мен қоғам арасындағы қайшылықтарды түсіну тәсілдері туралы көп ойланған Ж.Аймауытов қазақ философиялық дәстүрінің өзегі болып табылатын қазақ халқының этикалық ой-өрісін зерделеуге және дамытуға елеулі үлес қосты.

Біз М.Ж. Көпеевтің дүниетанымының эволюциясын үш кезеңге бөлуге болады деп есептейтін Мәшһүртанушы зерттеушілермен келісеміз: XIX ғасырдың соңғы онжылдықтары, XX ғасырдың басы және кеңес кезеңі [2, 235-бет]. Дүниетанымның қалыптасуы өзара байланысты екі процестің

аясында өтті: жеке және әлеуметтік даму идеалдарын одан әрі негіздеу және нақтылау және эмпирикалық тарих барысы туралы идеяларды қиындату. Сонымен қатар, философтың сыртқы және ішкі оқиғаларға бай өмірбаяны осы интеллектуалды трансформацияның күрделі траекториясын анықтады.

Қазақ ойшылы өз бастауларының тұтастығы үшін күресіп, отырықшы болуға көшуге байланысты болмыс пен ойлаудың жаңа түрлеріне бағынғысы келмей, қазақтар үшін болашақтың рухына жақын траекториясын сызуға тырысты. Оның пайымдауынша, философия ұлттық сипатқа ие болады-ғылыми жауап, шын мәнінде, барлық халықтар мен тілдер үшін - бір, бірақ сұрақтар қоюда, осы сұрақтарды таңдауда.

Онсыз өмір сүруге болмайтын, адамның жанын, халықтың жанын қалыптастыратын жазушылар, философтар, ақындар бар. Машхур Жүсіп олардың қатарына жатады. Оның жұмысының моральдық деңгейі өте жоғары. Қазақ ақын-философы өз халқының рухани өмірімен, уақытымен тығыз байланысты, ал өз заманына адал адам басқаларға қарағанда өлместікке оңай қол жеткізетіні белгілі. Бірақ ұлы гуманист пен көріпкелге деген қызығушылықтың артуы, біздің ойымызша, Мәшһүр Жүсіптің әрбір жаңа ұрпаққа қол тигізе алмайтын адамға мән бере алмайтыны туралы поэтикалық және философиялық сөйлеу қабілеті бар екендігімен түсіндіріледі. Сондықтан, бәлкім, бүгін Копеев жолдарында оқығанда, қазіргі заманды тереңірек түсінуге болады. Мәңгілікке, өмірдің мәнін іздеуге, адамның қадір-қасиетін арттыруға бағытталған оның пайымдауларының жүйесі бүгінде бұрынғыдан да құнды.

Әрине, Мәшһүр Жүсіптің өзінен бұрынғылар мен замандастары қол жеткізген барлық нәрсені сіңіріп, игеріп, қайта өңдеп, жалпылайтын құдіретті сыйы болған. Әр түрлі замандар мен халықтардың әртүрлі философиялық ілімдерімен танысып, ол ең алдымен өзінің дүниетанымына, рухани қоймасына жақын нәрсені алды.

Мәшһүр Жүсіптің дүниетанымы-болмыстың Мәңгілік мәселелерін дәйекті және дәйекті түсінудің мысалы.

Ойшыл үшін жан мен ар-ождан мәселесі философиялық рефлексияның алаңдатарлық мәселесі емес, адамдардың өміріне қажетті өте шешілетін дилемма. Философты қатты толғандырған өмірдің мәні, жанның өлмейтіндігі туралы сұрақтар оның шығармашылығына негізделеді, ал ойшыл оларға тұтас дүниетаным тұрғысынан жауап беруге тырысты.

М. Ж. Көпеев адамның өміріне гармоникалық және тұтас дүниетаным аясында жоғары мән беру мүмкіндігіне күмән келтірмеді. Дәл осындай дүниетанымға тән ойшыл адамның рухани өсуінсіз, адамның адамгершілік жетілуінсіз бұл әлемдегі кез-келген іс-әрекет өзінің мағынасын жоғалтатынына сенімді болды. Егер адамның жан дүниесінде жақсылық пен

әділеттілікке деген ұмтылыс басым болмаса, өмір сүру өмірдің қажетті шарты болып табылатын сапалық аспектіні жоғалтады, деп есептеді қазақ діни философы.

Қазақ философының дүниетанымдық ұстанымының діни негізіне ерекше тоқталғым келеді. Адамгершілік қағидасы Құдайға негізделген және қалыптасқандықтан, ізгілік кемелдіктің негізгі көрсеткіші ретінде М. Ж. Көпеевтің алдыңғы қатарына шықты. Ислам діни енгізген басты ерекшелік бола отырып, кемелдік идеясын ойшыл барлық деңгейде: интеллектуалды, адамгершілік және физикалық деңгейде дәйекті түрде жүргізді. Мәшһүр Жүсіп исламның ақыл мен ғылымның дамуына ықпал еткеніне сенімді болды, бұл өз кезегінде жаратылған әлемнің құдайлық мағынасын ашуға көмектесуі керек. Адамның өзін-өзі жетілдіру тәсілдерінің бірі ретінде таным процесін талдау кезінде қазақ діни философы танымның сопылық түсіндірмесіне сәйкес шындықты жүрекпен түсінуге баса назар аударды.

Исламды көпейлік қабылдаудың басты ерекшеліктерінің бірі "Алла" ұғымының жаңа мазмұнымен толықтыру болды. Мәшһүр Жүсіп Алланың сиқырлы әрекетте (ғибадат рәсімдерін жасауда) емес, ең алдымен Аллаға, адамзатқа және барлық тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілігінде екенін түсіндірді.

Мәшһүр Жүсіп этика адамгершіліктің негізі болып табылатын діни негізде құрылады деген тезисті алға тартты. Ол дінді теңгерімді құбылыс және этикалық негіз деп санады. Көпеевтің пікірінше, әлемге деген діни-этикалық көзқарас сенсорлық принципті жеңе алады, ал адамның мінезі ізгіліктерді түсіну және тәрбиелеу шартымен жетілдіріледі. Бұл мүмкін, ойшыл адамның өзі қалаған және шарифаттың белгіленген ережелерін сақтаған жағдайда сенімді [3, 57-бет].

Ойшылдың діни-этикалық көзқарастарын талдау адамның өмірлік ізденістерімен тығыз байланысты бақыт мәселесін қарастырмай-ақ толық болмас еді. М. Ж. Көпеевтің түсінігінде бақыт ізгілік пен адамгершілік өмір салтының салдары болды. Философ оның негізінде тілектердің сөзсіз орындалуы емес, тілектер мен қажеттіліктердің ақылға қонымды өлшемімен шартталуы керек деп тұжырымдады. Мәшһүр Жүсіп былай деп жазды:

«Есті адам - қанағатты.

Қанағатты адам тиянақты.

Тиянақты адам көнтерлі.

Көнтерлі адам қайғысыз.

Қайғысыз адам бақытты.» [4, 22-бет].

("Ақылды адам-орташа. Орташа адам тұрақты. Тұрақты адам-шыдамды, ұстамды. Ұстамды адам-қайғыны білмей өмір сүреді. Қайғысыз адам бақытты. Сондықтан ақылды адам бақытты").

Жалғыз емес, адал достары бар адам шынымен бақытты. Яғни, данышпанның пайымдауынша, бақытты әл-ауқаттың негізі әр адамның басқа адамның болу құндылығын сезінуінен бастау алады. Бақытты отбасылық өмір, дана әйел-бақыт, ал келіспеушілік, түсіністік пен сүйіспеншіліктің болмауы, үй шаруашылығын жүргізе алмау, үй иесінің салғырттығы мен жалқаулығы - үлкен қиындық.

М. Ж. Көпеев бақыттың құрамдас бөліктеріне материалдық байлық, әрине, жинақтау мен байытуға деген ұмтылысты қоспағанда кірді. Ойшыл адал мұсылман өзінің байлығынан кедейлердің қажеттіліктеріне жұмсауы керек, өйткені жинақталған жақсылық жомарттықсыз байлық иесінің өзі үшін зұлымдыққа айналады деп атап өтті. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылығындағы этикалық және эстетикалық қатынастар бойынша кандидаттық диссертация қорғаған Г. Г. Ахметова жазды: "Бақыт көп қырлы екіұшты ұғым бола отырып, адамның еркін таңдауының нәтижесі болып табылады және адамның қажеттіліктерінің, тілектерінің және өмірлік ізденістерінің алуан түрлілігімен байланысты. Бірақ, соған қарамастан, қазақ ойшылдары адам жанының осындай қол жетпес жай-күйін анықтауға тырыспайды. Олардың жалпы тұжырымын бақыттың адамгершілікке бағыну қажеттілігі ретінде анықтауға болады" [5, 23-бет].

Шынында да, адамның ұмтылыстарының, ақыл-ойы мен тілектерінің алуан түрлілігі бақыт туралы әртүрлі түсініктер тудырады. Ол әдетте мақсатқа жетуден терең қанағаттану сезімімен байланысты. Ежелгі заманнан бері қазақ үшін бақыт көбінесе адамның еркі мен қалауына тәуелді емес сыйлық болды. Көбінесе бұл сәттілікпен байланысты болды. Егер бақыт жоғарыдан түсірілген болса, онда қазақ ойшылдары адамға оны сақтау үшін күш салу керек деп есептеді. Мәшһүр Жүсіп былай деп жазды:

"Көрінбеген нәрсені аламын деп,

Айырылма қолыңдағы барлығынан" [6, 57-бет].

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасы-бұл ақыл мен жүректің, сопылық мистицизм мен ұтымды - логикалық білімнің, философиялық публицистика мен лириканың бірігуі, бұл ішкі біртұтас білім екі шындықтың - поэтикалық және ғылыми шындықтың қиылысында логикалық мағыналардың "еншілесуінде" туады, олар осылайша жеке өмір сүруді тоқтатады, бірақ белгілі бір құндылыққа біріктіріледі жеке тұлғаның еркін және жауапты шығармашылық таңдауын анықтайтын қондырғы. Бұл ретте адамгершілік жауапкершілік әрқашан бірінші кезекте қазақ философиялық ойының сипаты мен мақсатын айқындап отырды.

Бейбітшілік пен гуманистік бағдарлаудың философиялық түсінігінің жарқын мысалы болып табылатын Көпеев ойының импульсі мен ритмі ойшылды бүкіл өміріне толғандырған бір негізгі мәселемен анықталды - бұл

халық өмірінің бастаулары, халық тағдыры, оның адамгершілік ұмтылыстары мен мұраттары, оны жалпы адамзаттық құндылықтар мен прогреске баулу мүмкіндіктері. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бүкіл әлемді, оның ішінде Қазақстанды қамтыған жаһандану дәуірінде, ұлттық бірегейлікті, өзіндік бірегейлікті және рухани жаңғыруды іздеу жағдайында мәдениеттің гуманистік мәні туралы жоғары адамгершілік пафос пен терең ойға толы діни-философиялық көзқарастары болашақ перспективалардың бағытын айқындай отырып, қазіргі заманның адамгершілік бейнесі мен мағынасын қалыптастырады.

Аңдатпа: Мәшһүр-Жүсіп Көпеев-ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы ең ірі ақын, ғалым және ойшыл. Оның шығармашылық қызметі тек қазақ даласының күрделі жағдайларында ғана емес, сонымен қатар екі алаңдатарлық тарихи кезеңнің тоғысында да өтті. Оның мұрасы сарқылмас бай, алуан түрлі. Зерттеушілер одан адам туралы, өмірдің мәні, ақыл мен сана, өз халқының тағдыры, жақсылық пен зұлымдық туралы философиялық ойларды табады. Қазіргі қоғамның бытыраңқылығына, жалқаулығына батыл сын айтылады; бір сөзбен айтқанда, олар ағарту, адамгершілік тәрбие мәселелері туралы өзекті тақырыптармен бетпе-бет келеді.

Қазіргі уақытта ақын-ойшылдың бай мұрасы жыл сайын зерттеушілерді көбірек тарта бастады.

Аннотация: Машхур-Жусуп Копеев - крупнейший поэт, ученый и мыслитель конца ХІХ-начала ХХ веков. Его творческая деятельность проходила не только в сложных условиях казахской степи, но и на стыке двух тревожных исторических периодов. Его наследие неисчерпаемо богато, разнообразно. Исследователи находят в ней философские размышления о человеке, о смысле жизни, о разуме и сознании, о судьбе своего народа, о добре и зле. Смелая критика раздробленности, лени современного общества; словом, они сталкиваются с актуальными темами по вопросам просвещения, нравственного воспитания.

В настоящее время богатое наследие поэта и мыслителя с каждым годом привлекает все больше и больше исследователей.

Abstract: Mashkhur-Zhusup Kopeev is the greatest poet, scientist and thinker of the late ХІХ-early ХХ centuries. His creative activity took place not only in the difficult conditions of the Kazakh steppe, but also at the junction of two disturbing historical periods. His legacy is inexhaustibly rich and diverse. Researchers find in it philosophical reflections about man, about the meaning of life, about reason and consciousness, about the fate of their people, about good and evil. A bold criticism

of the fragmentation and laziness of modern society; in short, they are faced with topical issues of education and moral education.

Currently, the rich heritage of the poet and thinker attracts more and more researchers every year.

Библиографиялық тізім:

1. Аймауытов Ж. Құрметті, Мәшһур аға! // Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 5. - Алматы: Ғылым, 1999. - 304 б.
2. Ахметова Г.Г. Взаимосвязь этического и эстетического в творчестве М.Ж. Копеева, С. Торайгырова и Ж. Аймаутова.
3. Автореферат дис. канд. филос. наук. - Алматы, 2003. - 34 б
4. Кепеев М.Ж. Екі томдық. 2-т. - Алматы: Ғылым, 1992. - 224 б.
5. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 1 том. - Алматы: Алаш, 2003. - 504 б.
6. Муцанова Л.Ж. Мәшһур Жүсіп - философ // «Мәшһур Жүсіп оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. - Павлодар: С. Торайгыров атындағы ПМУ. - 2001. - С. 233-237.

Советқанова Мәдина Сайлауқанқызы
Илияс Есенберлин атындағы
«№ 67 гимназия» ШЖҚ МКҚ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
п.ғ.магистрі

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазіргі жаһандану дәуірінде кез келген ұлтты сақтап қалатын тірек – ұлттың тарихы, рухани және мәдени мұрасы. Халықтың өміршендігі ұлттық құндылықтарының сақталуына тікелей байланысты. Бүгінгі таңда төл мәдениетінен ажырап бара жатқан жастар – қоғамның үлкен дерті болып отыр. Сондықтан еліміздің ертеңі болар ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиені, адами қасиеттерді, даналық тұжырымдар мен ойларды сіңіруіміз тиіс. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулудың бірден-бір жолы – ақын-жазушыларымыздың, ұлт ойшылдарының шығармаларын насихаттау. Осындай ойшыл ақын, қазақ әдебиетінің жанашырларының бірі - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - жұтамас рухани азық қалдырған ағартушы, тарихшы, философ, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне зор үлес қосқан ғалым. Мәшһүр атамыз туралы әйгілі академик, Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Шапық Шөкіұлы: «...Мәшһүр Жүсіп сияқты кісілердің арқасында, біз бір кездегі бірінің артынан бірі алма-кезек келген көпірмелер сөзіне елтіп, ой-санамызды аман сақтап қалдық», - деген екен.

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты не қыласың, - деді – таста.
Сөйткенмен қоя алмадым бір білген соң,

Мінім жоқ жұртқа қылған онан басқа,- деген өлең жолдары арқылы ақынның он бес жасынан бастап шығармашылыққа қалам тартқанын байқаймыз.

Мен айтпасам білгенімді,
Сен жазбасаң көргенімді,

Ұрпағың қайдан білер өмір сүргенімді?!-деп жазған Мәшһүр атамыз саналы ғұмырын өлең жазумен, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен, айтыстар мен шежірелерді, тарихи жырларды қағаз бетіне түсіруге арнаған.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың тәрбиесі мен салт-дәстүрін, тыныс-тіршілігін, ұлттың мінезі, менталитеті, өзге ұлттан өзгешелеп тұратын қасиеттері. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының рухани дүниетанымы жайлы ХХ ғасырдың басында демократиялана бастауының, тереңдей түсуінің алғышарттары орныға бастағанын жазған. Ойшылдың шығармашылығы арқылы оның басты уайымы - ұлттық құндылықтардың сақталуы, қазақ

ұлтының тағдыры болғанын аңғаруға болады. Тарихтан ұрпақтарға тәлім беретіндей тұлғалық шынайылықтың үлгісін көрсетіп, онда қазақ халқының өткен ғасырдың дәріптеген, насихаттаған биік деңгейлі руханилықтың солғын тартқан ғана кейпіндей, жалғасындай әсер қалдырған. Қазақ ғұламаларының терең дүниетанымдық, философиялық, танымдық шығармаларын үлгі ете отырып, көптеген өзекті мәселелерді қарастырғанын байқаймыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығының негізгі мақсаты – ұлттық мүдде мен құндылықтарды озбыр отаршыл саясаттың аранынан аман алып қалу еді. Ақын «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені» атты өлеңінде:

Түзелер қашан жұрт боп мына қазақ?!

Қылмаған кім бар дейсің бізді мазақ?!

Кешегі өткен дәуірде тұншығумен,

Өлуге, өлмесекте, қалдық аз-ақ!,- деп ғасырлар бойы отаршыл бұғаудан шыға алмаған қазаққа жаны ашып, ұлттың құрдымға кетіп бара жатқанын сезіп, дабыл қағады. Ғасырлар бойы ауыздан ауызға тараған ұлттық әдебиет пен мәдениеттен түбегейлі айырылуы мүмкін екенін сезген данагөй халық әдебиеті үлгілерін жинап, кітап түрінде жариялайды. «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Өтірік өлең», «Жақсылардың мысал сөзі», «Такпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лиро-эпос», «Батырлар жыры» сияқты халық ауыз әдебиеті үлгілерін қағаз бетіне түсіріп кейінгі ұрпаққа жеткізеді.

1907 жылы Қазан қаласында Мәшһүр Жүсіптің «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» және «Сарыарқаның кімдікі» екені атты еңбектері жарыққа шығады. Сонымен қатар «Дала уәлаяты» газетіне және «Айқап» журналына ұлттық фольклор үлгілері жайлы үнемі мақалалар жазып жүрген. Филология ғылымдарының профессоры Бейсенбай Кенжебаев «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде Мәшһүр Жүсіптің халықты оятуға және ұлттық мәдениетті сақтап қалуға қосқан орасан үлесін өте жоғары бағалаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы арқылы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында халықтың руханияты күрт төмендеп, адами қасиеттерден алыстап бара жатқанын аңғаруға болады. Сол себепті ақын халықты моральдық жауапкершілікке, иманға, еңбек етуге шақырады. Мәселен «Ағашсыз жапырық» атты өлеңінде:

Бос сөзге бейпіл ауыз желдей есіп

Халықтың бар жұмысы қысыр кеңес,-деп бос сөзге еліп, алтын уақытын құрдымға кетіретін халықты ащы сынайды. Жалқаулық пен бос жүріске әуестену баянсыз екенін ескертеді.

Қайрат қыл, жалқаулықтың жібін үзіп,

Көрген жан түңілмесін күдер үзіп.

Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,

Жүресің көрінгенге көзің сүзіп,- деген өлең жолдарында халықты жалқаулықтан арылуға шақырады. Өзгеге жалтақтаумен өтетін жігерсіз

мінезден бойды аулақ ұстауды насихат етеді. Ақынның бұл тағылымы бүгінгі таңда да өзекті екенін байқаймыз.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі қазақтың осы күнгі әңгімесі» атты өлеңінде Мәшһүр Жүсіп сол уақыттағы қазақ қоғамында орын ала бастаған мансапқорлық туралы суреттейді. Билікке ұмтылу, жақсы өмірге құштарлық әр адамның табиғатында бар нәрсе. Бірақ билік үлкен жауапкершілікті, адалдық пен білімді қажет ететінін ескертеді.

Тарту деп медал, наград ала берді,
Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.

Пайдасына ұрым-бұтақ ойламады,

Күйікте кейінгілер қала берді,-деп бос марапат үшін ел тағдырын талқан етуге әзір мансапқорларды сынады. Өлең бүгінгі таңда да ел тізгінің қолға алып отырғандарға үлгі боларлық. Мадақ пен марапат үшін емес, ұлт үшін қызмет етуге шақырады.

Бірқатар шығармаларында ежелден тату болған қазақтың арасына іріткі кіріп, ынтымақтан айырылып бара жатқанын жырлайды. Қазақ арасында қайнап өскен, халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы білген ақын елді бірлікке, жұмыла күресуге шақырады. Қоғамның індетіне айналған әлеуметтік мәселелерді, жаман мінез, құлықсыздық, қазаққа жат қылықты сынайды. Көшпелі дала халқы көрген теңсіздік, әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты әшкерелейді.

Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,

Қазағым, қайран халқым, бауырларым,- деп халықты бірлікке, татулыққа шақырады. Барша халық болып бас қосып, ел болашағы жайлы жоспар құруға, ел қамы үшін бірлесе күресуге шақырады.

Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басыңа келген жоқ па талай қорлық, - деген жолдардан халықтың өмірін, арманын, күйінішін, сүйінішін, қайғы-қасіретін көруге болады. «Үйде отырып бос өлмей» ел үшін ерлік етуді армандап, халық қамын ойлайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ұлтты тығырықтан шығарар жол – білім мен өнер екенін түсінеді. «Қара өлең» атты өлеңінде:

Бас қамын, жан пайдасын ойлаңыздар,

Жақсы емес түсе берсең қармағыңа,

Өнерге ғылым-білім болсаң жерік,

Берілер ақыр бір күн басыңа ерік,- деп жастардың өнімді еңбегі мен күш-қуатына үміт артады. Аянбай талап қылып еңбектенуге шақырады.

Балалар, жалқау болмай, оқы сабақ,

Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ,- деп азаттық алу үшін көзі ашық, көкірегі ояу жастар қажет екенін көрсетеді. Жастардың бойындағы жаман мінезді сынап, білім жолын ұстануды үндейді. Өркениетті, азат елдердің қатарына қосылуға білім қажет екенін дәлелдеп көрсетеді.

Мәңгілік ескіrmес құндылықтардың бірі – адамгершілік тақырыбы. Кішіпейілділік, сабырлық, адалдық жас ұрпақтың бойына адами

құндылықтарды сіңіру адамгерілікті сіңіру барлығымыздың ортақ міндетіміз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бұл тақырыпқа да біршама өлеңдер арнаған екен.

«Бес қымбат» атты өлеңінде бұл өмірдің өткінші екенін айтады. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда әр адам бес асыл қасиетті бойында ұстау қажет дейді.

«Ең әуел керек нәрсе иман»-деген,

«Ақырет істеріне (ишларына) инан!»- деген , -деп жастарды имандылыққа, Құдай алдындағы жауапкершілікке шақырады.

«Екінші керек нәрсе- ғақыл» –деген.

«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!»-деген , -деп аз іске ашуланбай, иманын кәпірлікке сатпау туралы айтады.

«Үшінші қымбат нәрсе- сабыр!»-деген,

«Сабырлысы Мұратын табар!»-деген, - деп сабыр еткен адам мұратына жетеді, ал сабырсыздық адамға қиындықтар алып келеді дейді.

«Төртінші, қымбат нәрсе шүкір»-деген,

«Нығыметке шүкірсіздік-күпір!»-деген, -деп шүкірлік етуді ұмытпауды үйретеді.

«Бесінші, қымбат нәрсе-әдеп»- деген,

Әдепсізде иман тұру ғажап!»-деген, -деп әдептілікке, имандылыққа шақырады.

Иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп – әр адамды көрікті ететін қасиеттер. Осындай асыл қасиеттер бойымызда болса өзіміздің ұлттық кодымызды да сақтап қала алатынымызға күмән жоқ. Сондықтан жас ұрпақты бүгіннен имандылыққа, парасаттылыққа, әдептілікке баулыған жөн.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы рухани арналар ұлттық дәстүрді жалғастырады. Қорқыт ата, Асан қайғы, Сыпыра жырау, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара және т.б. дала данышпандарының жалғасы іспеттес екен. Кейінгі ағартушылардан Абай, Ыбырай, Шоқандардың шығармаларындағы ағартушылық идеямен сабақтас болды. Ұлттық сана-сезімді ояту негізіне құрылған төл туындыларында ар тазалығына, имандылыққа үндеді. Оның ұғымында дін адамның рухани дүниесін қалыптастырады, құдайды тану адамшылыққа, әділдікке бастау ісіне көмегін тигізеді. Құдайды сенетіндігін жасырмай: «Мен құдайды бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне наным-сенімін күшті. Құдай қандай өзі, не нәрсе оны білуге, оны тануға ақыл-ойым, зейін-пікірім жетпейді», - дейді. Ақынның дін мен діл туралы көзқарастары да бүгінгі таңда өзекті мәселелерді шешуге көмектесері хақ. Әртүрлі діни ағымдарға кіріп, түрлі идеологияларға сеніп жүрген жастарымыздың санасын тазартуға, дін мен діл жайлы дұрыс көзқарас қалыптастыруға үлес қоса алады.

«Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», - деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ халқының маңдайына қасқайып біткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихта алар орны ерекше. Оның мол мұрасы – нағыз парасаттылықтың, имандылықтың, арнамыс пен тектіліктің үлгісі. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани

мұра қалдырған қасиетті бабамыздың мұрасының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Мақалада қазақ әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосқан ақын, ғалым фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы ұлттық құндылықтар жайлы сөз етіледі. Мәшһүр мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Терең танымға негізделген шығармалары ұлттық құндылықтарға негізделген философия мен гуманистік идеяларға құрылған. Ақын халықтың рухани өмірін, өмір сүрген уақытын, қоғамның болмысын зерделей отырып келер ұрпаққа тарих алдындағы міндеттерін көрсетіп кетті. Бүгінгі таңда Мәшһүр шығармаларының идеясын насихаттау – ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалудың бірден-бір жолы болып табылады.

В статье рассказывается о национальных ценностях в произведениях поэта, ученого фольклориста Машхур Жусупа Копейулы, внесшего значительный вклад в развитие казахской литературы. Наследие Машхур Жусуп Копейулы - духовная сокровищница нашего народа, сохранившее его значения на протяжении веков. Произведения, основанные на глубоком познании, построены на философии и гуманистических идеях, основанных на национальных ценностях. Поэт, изучая духовную жизнь народа, бытие общества, показал следующему поколению их задачи перед историей своего народа.

The article discusses national values in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev, a poet, scientist and folklorist who made a significant contribution to the development of Kazakh literature. The heritage of Mashkhur is a spiritual treasure of our people, which has not lost its significance for centuries. His works, based on deep knowledge, are based on philosophy and humanistic ideas based on national values. The poet, studying the spiritual life of the people, the time of his life, the essence of society, showed the future generations their obligations to history. Promoting the idea of Mashkhur's works is the only way to preserve our national values.

Библиографиялық тізім:

1. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1990.-273 бет.
2. Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев- Екібастұз: Prima Lux, 2007- 240-бет.
3. Кенжебаев Б.ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, - Алматы, 1976 ж.- 76-бет.
4. Мәшһүр Жүсіптің жарық көрмеген жазбалары, мақалалары// Жалын.-1999.- №5-6
5. Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені// Ұлт тағылымы – 2002. - №1.-112 б.
6. Ы. Дүйсенбаев // «Ғасырлар сыры». – А., Жазушы, 1970. – 9-бет

МӘШҺҮР ЖҮСІП «ҚИЯНАТ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМ БЕЙНЕСІ

Бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырған, әрбір қазақстандықтың көкейіндегі өзекті мәселелерге тоқталып, оны толық, жан-жақты талдап, қарапайым халықтың жағдайын жете, терең түсінетінін, әлеуметтік-экономикалық салаларда орын алған кемшіліктер жайлы ашығын айтар болсақ, көп жылдар бойы шешімін таппай қордаланып қалған әлеуметтік-экономикалық мәселелер. Атап айтсақ, жұмыссыздық пен бағаның өсуі, жемқорлықтың жаппай етек алуы, қоғамдағы әділетсіздік, азаматтардың құқықтарының қорғалмауы, мемлекеттік орган қызметкерлерінің халық талабына құлақ аспауы, қарапайым халықтың өмір сүру деңгейі мен тұрмысының қиындап кетуі еді. Қарапайым халықтың көкейтесті мәселелері ұзақ жылдар бойы шешімін таппай, бай мен кедейдің алшақтығы жылдан-жылға өсіп, қоғамда теңсіздікке жол беріліп келді. Осы мәселе осыған дейінде Мәшһүр Жүсіп бабамызды да ойландырғанын мына өлең шумақтардан аңғарамыз.

«Ғұмыры қызықлықтан зайғы болып,

Мысалы кең дүниесі тар болғандай!

Жетпейтін төстігіне көп жамандар

Өлгенде әлдеқандай таң болғандай!» деп жырлаған.

20 ғасырда болған төрткүйіл мәселелер қазірде жалғасын тауып келеді. Қазіргі қоғамда қыз мәселесі бізге дейінде талқылауда болған. Қазіргі кезде қыз баланы екінші орынға қойып, жауапкершілікті көп артады. Қыздарды тұрмысқа берерде мал сияқты саудалауыда қояр емес. Қыздың «қалың малы» деп базарда тұрған зат секілді сатады. Оған дәлел мына өлең шумақта

Сатылып кейбір қыздар кете барар,

Бағасы ғазиздікі мал болғандай!

Қожасып: «Мал бердім!»- деп жаман шіркін

Жайы бар: байқап тұрсаң, паң болғандай!

Бейшара өздігінен жол таба алмай,

Ғазиз бас ауырланып даң болғандай!

Көрініп кәріп халі тұра алмас ем,

Бір Міскін халық ішінде жан болғандай.

«Бұзылды пәленшенің қызың- десе,
Өзіне көрінеді ар болғандай!
Көлденең ағайындар ұнатпайды,
Хаққа соның үшін лаң болғандай!
Жұрт қалып осылардың обалына,
Секілді алушыға мал болғандай!
«Жалғанда қорлықпенен өттім ғой!»-деп,
Көзінен аққан жасы қан болғандай!»

Қазіргі таңда көп көреміз инстаграм, фэйсбук, тик-ток желілерінен қыз балалар «қалың малым 3 миллион, мәжіріме тайота камри 70 машинасы» дегенді. Қалжың болса да, шындықтың астарлы ақиқаты бар екені көрінеді. Жақсы... қалың малын төлеп алған адам қызды құлша жұмсамай не істейді?! Келіндік міндетін деп артып қояды. Барлық жауапкершілік әйелдің мойнына түскенде әйел сорлы сөйлей бастайды. Тілі шыға бастайды. Одан таяқ жеген әйел өз ата-анасынан пана іздейді. Ал әке мен шеше баста қателік жібергенін түсінбестен. Қызға сол өз жанын түсінбеген ер адамға бар деп қаншама қара көздерімізден айырылып қалғандығымызды айтқысы келгендей. Себебін көріп отырсыздар неден басталатынын. Қайдағы жоқ «бір жұрт» үшін өз қанын қиюға барған ата-аналарды қорғанда тіпті менің жүрегім ауырады. Ал бұл тәрбие үшін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1 ғасыр бұрын көреген көзімен көріп, жырлап кеткен екен. Қыз бишара қара жұмысқа артылмаған, жаны мен тәні нәзік жан. Тарихтың түбіне үңілсек, Адам Ата топырақтан жаратылып Алла Тағалам тән мен жан бітірген. Сондықтан ер адам қанша әлсіз болса да жұмыс пен құлшылықтың арқасында шыңдалады, жетіледі. Хауа анамыз болса, Адам Атамыздың қисық қабырғасынан жаралтылған жан, яғни еттен жаратылған нәзік жан екенін білеміз. Сондықтан адам өз өмірін өтіп кеткеніне емес, қалай өткізгендігіне жауап беру керек сияқты. Ал әйел затына мықты бол «Жалғанда қорлықпенен өттім ғой» налынбай, мойымай қандай сынақ келсе де, жеңілмеу керектігін айтқысы келгендей. Мүмкін қазіргідей білім алуды атамыз сол кезде армандағанда болар.

Көндіріп ғаділдікті жүр ғой қазақ,
Көңіл қайда жарқ етер шам болғандай!
Келе Ме осы ісіміз дұрыстыққа,
Көркіңе көрінсе де , зар болғандай!

Адамды мал орнына жұмсауымыз
Бір емес, бар қазаққа ғам болғандай!
Қай күні бұл қиянат тоқталады,
Бір емес, халық ішінде сан болғандай?!

Мына өлең жолдары адам байлықты да, мансапты да өз орнымен көтеру керектігін анық, дөп басып айтқан. Әр кезде қандай жерде жүрсең де қарапайым қазақ болуымызды нұсқаған. Шындықтың айтылуын, өтіріктің

қылы-бір-ақ тұтам екендігін, жағымпаздандудың керек еместігін айта білген қандай керемет етіп жеткізе білген Мәшһүр Жүсіп атамыз.

Қазақстан аумағында ертеден тамырын терең жайған ислам діні тәуелсіздіктен соң қайта түлеп, қазір елдің қоғамдық-саяси өміріндегі өз орны мен маңызын айшықтай түсуде. Ислам жергілікті халықтардың сенім жүйелерімен, құқықтық және адамгершілік заңдылықтарымен, философиясымен, мәдениетімен араласып әрі олардың әсеріне ұшырай отыра, өзі де ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде ол өзі тараған аумақтардағы халықтардың салт-санасына етене кіріп, діни-рухани, мәдени құндылықтарының біріне айналды.

Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұрғандығын ерекше атап өтіп, жастарымыздың бір бөлігінің олардың көзқарасын көзсіз қабылдап отырғандығы жастарға тән алып-ұшпа мінез бен олардың бойларында кері ағымдар идеологиясына қарсы тұруды. Ол үшін біз шеттен келген әртүрлі жалған әсерлерге беріле бермей, соңдарынан ере бермей, өзіміздің әдет-ғұрпымызға, салт-санамызға, мәдениетімізге негізделген ұлттық сана, соның ішінде діни сананы қалыптастыра білуіміз керек.

Кері ағымдар, солардың ішінде «салафиттік» ағымының ықпалы ел аумағын тұтас қамти қоймағандықтан, дәл бүгінгі күні олардың әрекеттері мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен конституциялық құрылысына тікелей қауіп төндірмейді десе де, олардың белсенділіктерінен белгілі бір аумақтардың жалпы ахуалы тұрақсызданып, мемлекеттік қауіпсіздікке айтарлықтай кедергі келтіруде. Осы мәселеге байланысты мына өлең шумақтарға тоқтала кетсем:

Иа шариф[ат] , иа низамға дұрыс та емес,
Қазақтың қағидасы заң болғандай!
Бұл сөзім біреуге емес, көпке бірдей,
Қажеті кім ге болса, сол алғандай!

Мысалы, кіші(кеше) болса- аңғартқаным,
Осы хал өз басында пар болғандай!
Тең болып екі зайып қосылса егер,
Арман не, ол уақытта, а, дариға-ай!

Мына өлең шумақтарынан Мәшһүр Жүсіп атамыз көптеген қазіргі кездегі дін тұрғысындағы, діндегі мәселерді оқымай білім алмай жүрген адамдарға ашынып айтқан секілді. Діннен мүлде хабары жоқ адамдарды қаншалықты қазіргі қоғамда да ақымақ етіп көрсеткендер болды. Жастардың миын өтірікпен алдауға –арбауға болатынын, әке-шешеге қарсы шығуды, туыспен туысқанды ажыратуға болатынын сондай сорақы молдалардың келіп жатқанын көріпте жүрміз. Мүмкін бұл өзекті мәселе болар тарих беттерінде бізге дейінде білімсіздік түбімізге жететінін осы өлең шумақтарында анықтап айтқан. Тіпты киелі намаздың өзін мазақ ететіндерді де көзіміз көріп жатыр.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың мұраларын әлі де зерттеп, зерделейміз.

... Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,

Еңбегінің қызығын да көре алмай.

От боп жанып өтіп кеткен ақынға

Мәңгілік қып өмір берген өлеңді – ай

- деп Айтақын ақын жырлағандай, өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Ол – біздер үшін өшпес те өлмес асыл мұра, қасиетті қазына.

Аннотация

Баяндамада айтылған Мәшһүр Жүсіп Көпеев атамыздың «Қиянат» шығармасында қазіргі қоғамды зерттегендігі анық көрінген. Қоғамдағы ата-ана тәрбиесі, бала тәрбиесі, қоғамдағы қыз баланың құнсыздығы, қазіргі кездегі «Ислам» дініне теріс ағымдар әсер етуі. Теріс ағымдардың жастарды білімсіздікке апаруы және білімсіздік адамзаттың қас жауы екенін анық айтып кеткен. Сонымен қатар қоғамдағы бай мен кедейді бөлінушілігін, бас пенділердің өз лауазымын жоғары пайдаланатынын, халық арасында көбіне жағымпаздану жиі кездесетінін айтқан. Оның еңбектерінің біраз бөлігі – біздің дініміз, тіліміз, тарихымыз, әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз. Ақынның түсінігінше, елдің елдігін сақтайтын, құндылығы қадір-қасиеті, адамзат өміріндегі пайдалары уағыздалған.

Аннотация

В докладе было ясно, что Машхур Жусуп Копеев изучал современное общество в произведении нашего деда «злоупотребление». Воспитание в обществе, воспитание детей, девичество в обществе, влияние негативных течений на современную религию «Ислам». Негативные течения ведут молодежь к необразованности и четко заявляют, что необразованность – злейший враг человечества. В то же время он отметил разделение богатых и бедных в обществе, что главные чины высоко используют свои должности, что среди населения часто встречается лесть. Часть его работ - это наша религия, наш язык, наша история, наши обычаи и традиции. Как понял поэт, проповедовали сохранение народности страны, ее ценностное достоинство, преимущества в жизни человечества.

Annotation

It was clear in the report that Mashkhur Zhusup Kopeev studied modern society in our grandfather's work "abuse". Upbringing in society, parenting, girlhood in society, the influence of negative trends on the modern religion "Islam". Negative trends lead young people to lack of education and clearly state that lack of education is the worst enemy of humanity. At the same time, he noted the separation of rich and poor in society, that the top officials use their positions highly, and that flattery is often found among the population. Part of his work is our religion, our language, our history, our customs and traditions. As the poet understood, they preached the preservation of the nationality of the country, its value dignity, advantages in the life of mankind.

Библиографиялық тізім:

1. Сілтеме:<https://bilim-all.kz/figure/64?posts=olen>
2. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Қолжазба» кітабы
3. Қажымұқан Пазылов, ақынның немересі, Мәшһүр Жүсіп мемориалдық мұражайының директоры, Мағзия Абенова, Бұқар Жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейі басшысының орынбасары «Мәшһүр Жүсіп Көпеев кітабы»

Ташетова Аимхан Салемовна
Астана қаласы әкімдігінің
"Шейх Тәмиб бен Хамад әл-Тәни атындағы
мектеп-лицейінің" қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Аннотация

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары арқылы өскелең ұрпақ бойында ұлттық және рухани құндылықтарды қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Басты мақсат – ақын шығармаларының тәрбиелік мәнін, өлеңдеріндегі астарлы ойы мен үлгі-өнегесін, ақын шығармашылығының жемісі саналатын рухани мұралары мен құндылықтарын жас ұрпақтың санасына сіңіру, насихаттау. Жалпы құндылықтарды қоғамның дамуының алғышарты, халық мәдениеттің іргетасы, әлеуметтік тұрақтылығының кепілі деп санаймыз. Ақын өлеңдеріндегі көрініс тапқан заман шындығы, тәрбие тағылымы, сыналған теріс қылықтар бүгінгі қоғамда да көрініс табатыны сөзсіз және ақын үлгі еткен ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу өзекті мәселе болып қала беретіні даусыз. Ақын шығармалары *жаһандану заманында да өз құндылығын жоғалтпайтынына* көзіміз жетіп отыр. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын терең зерделеп, өлеңдерін тақырыптар бойынша топтастырып, кейінгі ұрпақты тәрбиелеу әдістемесіне енгізу ұсыныстарын анықтау мақсатында бұл мақаланың өзіндік орны бар.

Бүгінгідей өзгермелі, қарыштап даму үстіндегі заманда адам баласының ақыл-ойы мен санасының бастауы ұлттық тілімізде, туған топырағымызда пайда болатынын мектеп қабырғасында үнемі айтып, жастардың санасына сіңіріп отырғанымыз жөн. Себебі адам баласының ұлттық сипатын, құндылығын анықтау бес түрлі шартқа байланысты екен: бастапқысы – сол халықтың туа біткен тілі, екіншісі – ұстанатын діні, үшіншісі – ғұрпы мен салт-дәстүрі, төртіншісі – жүріп өткен тарихы, соңғысы – сол ұлттық туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігі. Ұрпақ тәрбиесінің шегесі босап, рухани азықтың тапшылығы сезілген шақта осындай ұлттық құндылықтар негізінде ізгілікті тәрбие беру қазіргі қоғамның басты мәселесіне айналып отырғаны хақ. Ұлтымыздың тұтастығын сақтап, қазақ жастарын жат мәдениеттерден қорғайтын жол – қазақтың өз ата тарихы, дәстүрі, жол-жорасы, әулие-ғұламаларының рухани мұралары екендігі сөзсіз [1,3-б].

Осы орайда қай шығармасын алып қарасаң да үлгі мен өсиетке, тәрбие мен тағылымға құрылған, дін мен дәстүр сабақтастығын тұтас күйінде бүгінгі

ұрпаққа табыстаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұраларының қазақ әдебиетінде алар орны бір төбе.

Ақын шығармаларының бір шоғыры ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымыз бен рухани құндылықтарымызды жырлауға арналған. Ұмытыла бастаған жоқтау, жарапазан, жар-жар, т.б. қазақтың ежелгі салт-дәстүрлерін ақын «Жар-жар», «Бата үлгілері», «Жарапазан», «Беташар» өлеңдеріне арқау етеді. Ертеде жерлеу ғұрпына қатысты жоқтау өлеңдерін шығарудың да өзіндік себептері болған: жоқталмай қалу дүниеден өткен адамға қандай сын болса, оның артында қалғандарға тағылар үлкен мін болған. Ақынның «Жоқтау» (ханға арналған) , «Бопы төренің қарындасын жоқтағаны», «Балғынды жоқтау», «Бір әйелдің ботасын жоқтағаны», «Әменді жоқтау» шығармаларын өскелең ұрпақты алшақтаған салт-дәстүрге бір қадам жақындатары сөзсіз. Мысалы, «Бопы төренің қарындасын жоқтағаны» өлеңіндегі мына жолдарынан қайтқан адамның тірі кезіндегі жақсылығы, кісілігі, артықшылығы, ары мен ақылы, мінез-құлқы, ел-жұртпен болған қарым-қатынасы, қоғамдағы орны, бет пен беделі, туысқа бауырмалдығы түгел қосылып айтылады:

*Он жеті жасар Әбіжан
Қорасан деген дерт алды.
Асыл да сауһар болатым,
Ұшайын десем, қанатым.
Әкекем қосқан қосақтан
Айырды шебер құдіретім...*

Мұндай шығармалар адам сезімін құрметтеу, қайғы қалжыратқан жанның көңіл сырын бөлісу, өзгенің жан әлеміне үңіле білу сынды қазақ халқына ғана тән ұлттық сананы, ұлы міндеттерді бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіріп, тәрбиелік үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Сол сияқты ақын өлеңдерін рухани адамгершілік құндылықтарының қоймасы десек, артық емес. Рухани адамгершілікті арқау ететін өлеңдерінен ақынның өз заманының беталысын бағдарлаған, халық санасын жаңа арнаға бұруда адамгершілік рухындағы тәрбиеге аса мән бергендігін аңғаруға болады. Оның «Салақтық – дерт», «Төрт асыл, бес береке», «Өнерпаз», «Жаман пейіл», «Жеті жетім», «Қанағат туралы жұмбақ өлең», «Жарты нан», «Ақыл туралы», «Ағайын», т.с. адам бойындағы гуманистік құндылықтарды, әдеп ұғымдарын дәріптейтін өлеңдері – ұрпаққа үлгі.

*Ақыл – ақ: кіршігі жоқ, ашу – күйе,
Сақтауға күйелемей, керек ие.
Аққа күйе жұққан соң, оңбағаны,
Онан соң таусылмайды күйе-күйе.*

«Төрт асыл, бес береке» өлеңінен берілген бір шумақ өлеңнің астарында үлкен тәрбиелік мән бар. «Ашу тасыса, ақыл төгілер» деген халқымыз. Ақын өз өлең жолдарында аққа күйе жақпау, ақылды кіршіксіз таза ұстау, ашуға берілмеу, сабырлылық сақтауды өскелең ұрпаққа үлгі етеді. Осы өлеңде «Ғылым-білім сықылды күннің көзі, Жап-жарық қып дүниені тұр зой өзі» дей

отырып, ғылым мен білімге, оқуға деген жастардың ыждағатын, ықыласын ояту талпынысы сезіледі.

Сюжетті, аңыз оқиғаға құрылған «Қанағат туралы жұмбақ өлеңінде» М.Ж.Көпейұлы қанағатшылық сынды асыл мінезді үлгі етеді. Өлеңде патшаның бұйрығымен сайланған ақылды хан мен оның жетпіс мың әскері жорыққа шығып, шөл далада әбден шаршап, шөлдеп келе жатқанда айдын шалқар көлге кезігеді. Ақылды хан әскеріне бұл суды бір ұрттамнан артық ішпеуге қанша кеңес берсе де, қанағатсыздық танытып, сүңги ішіп, қасіретке душар болады. Хан ақылын тыңдаған үш жүзге жуық әскер ғана судан оңай өтіп, қанағатшылдықтың арқасында аман қалады. Ақын сөз соңында:

Есті адам - қанағатты.

Қанағатты адам тиянақты.

Тиянақты адам көнтерлі.

Көнтерлі адам қайғысыз.

Қайғысыз адам бақытты.

Ендеше есті адам бақытты болады, –

дей отырып, ұстамдылық пен қанағатшылдықтың адам баласын тоздырмайтын, өмірлік азық болатын дүние екеніне көз жеткізе ой түйіндейді.

Осыған ұқсас, сюжетке құрылған «Жарты нан» өлеңінде өзіне жақсылық жасаған жігітті өлтірмек болған айдаһардың зұлымдығына емес, өз жақсылығының кесірінен зардап шеккен адамның бойындағы қайшылық мінезге назар аударылады. Оңай табылған олжаға қызығып, келесі біреуге жақсылық жасап, өз пиғылының тұтқыны болған жігітті автор не бірыңғай жағымды, не біржола ұнамсыз адам етіп сипаттамайды. Ақын қарапайым көзге байқалмайтын, сырттай қарағанда жағымды көрінген адамның өзінің ішкі түйткілдеріне, негізгі пиғылына үңіле біледі. Өз кезегінде біреуге қамқорлық танытып, жарты нан ғана беруі сол адам үшін бір жағынан құптарлық, екінші жағынан айыптарлық іс болды. Ақын осы өлеңінде адам сезімінің көп қырлы болатынын көрсете келіп, сөз соңында «Қайыр, ықсан, сауапты, – жарты қылмай, Қыла гөр күні бұрын соны бүтін» – деп, жақсылықты бүтін жасауға, жамандыққа жақсылықпен жауап беруге шақырады.

Адам бойындағы теріс қылықтарды сынауға арналған «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясында» өзгенің бойындағы кемшілікті байқауға тырысып, өз басындағы кемшілікті елемейтін, көрмейтін адамдарды сынға алады. Мұндағы «соқыр» түймедей ұсақ қателерді көріп, ал іріні байқамауы оқырманға ой салады. Ал «саңырау» қатты шыққан дыбысты қабылдамай, біреудің сыбырын елден бұрын естіп қояды. Ал «жалаңаш» арқылы өмірдің өткінші екенін, қамшының сабындай қысқалығын ұмытып, арманына жетемін деп бос сандалған жандарды сынға алады.

Ал “Шайтанның саудасы” өлеңінде базарға бара жатқан шайтанға жолыққан пайғамбар оның сатуға не әкеле жатқанын сұрайды. Сол кезде шайтан өтірік, қастық айла, күншілдік, зорлық, тәкаппарлықты есекке өңгеріп әкеле жатқанын, оның өтірігін алыпсатарлар, күншілдікті діншіл молдалар,

зорлықты ел билеген ұлықтар, тәкаппарлықты байлар сатып алатынын айтып береді. Өлеңде халық арасында дінді насихаттаушылар болып саналғанымен, іс жүзінде жеке басының пайдасын ғана ойлайтын дүмше молда, ишандардың елді алдап жүргені баяндалады. Осылайша, ел ішіндегі теріс қылықтарды сынға ала отырып, олардан аулақ болуға, адамгершілік құндылықтарға жақын болуға шақырады.

«Кісі көгендеу» деген өлеңінде әлімжеттілік жасап жүрген Баянның елге кең танылған болыстарының бірі орта шаруасы бар бір азаматтың жерін баса келіп қоныстанады да, «көрші қонғанымның қақысы, маған ерулікке шұрайлы жайлауыңның жартысын бер» деп сұрау салады. «Жер қимақпен жан қимақ бірдей» дегендей, жерді беру оңай болмай, әңгіме дау-дамайға айналып, арты күш көрсетуге тіреледі. Осы іске Мәшһүр араласып, бәтуға шақырып, озбырлықты тоқтатуға тырысады. Көзі қызарып алған озбырлар болса, даудың аяғын «Ер өліп, Ертіс бұзылатын» жағдайға әкеледі. Не керек ақыры жәбір көрген ел үшін Мәшһүр өзі қолына қару алуға тура келеді. Озбырлар жәбірленгендердің «қорқақты қуа берсе, батыр болады» дегендей, ел болып қарсы шығатын қаһар танытып, Мәшһүрді арқа тұтқанын білген соң «Ерден ердің қаупі бар» дегендей, айылын жинап, райынан қайтады. Аяп қойған жоқ, ала алмай қойды. Осылай әрі ақын, әрі батыр халық көтерілсе қаһарлы күш екенін, ел білегі біріксе талай ерді атынан жұлып, дегеніне көндіретіндігін көрсетті. Сол кезеңде Мәшһүр-Жүсіп ақиқат үшін, әділдік үшін қаламмен ғана емес, реті келсе қолына қару алып күресуге әзір екендігін танытты [2,132-б].

Өзі өсіп өнген елінің ұлттық мұрасына терең бойлап, бар асылын бойына жинаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы адам баласына қажетті ізгі қасиеттерді, рухани құндылықтарды дамыту жолдарын айқындап, халқының қажетіне жарата алған. Ақын өлеңдері *жаһандану заманында да өз құндылығын жоғалтқан жоқ*. Қандай ұлт болмасын, ғаламдану үрдісінде көркем әдебиет арқылы сіңірілетін ұлттық тәрбие арқылы өзіндік ерекшелігін сақтап қалуы қажет. Азаматтық, рухани және ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, одан әрі дамыту үшін аты алашқа аян болған ақын-жазушыларымыздың көркем шығармалары мен қисынды ой-пікірлерін қолданудың өзіндік маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Барбол Ә. Әулие Мәшһүр-Жүсіп және ұлттық рух. Ана тілі. Республикалық оқу-әдістемелік журнал., №2-3, 2006 жыл
2. Жұматов Ф.. *Мәшһүр тағлымы: елге танылған есімдер.* - Павлодар: ЭКО, 2008.- 293 б.
3. Мәшһүр Жүсіп мұрасы: әдістемелік-библиографиялық құрал/құраст. Р.Т.Хайруллина. – Павлодар : Кереку, 2010. – 79 б.
4. Мәшһүр Жүсіп. шығ. 1-том. –Павлодар: ЭКО, 2003.- 436 б.
5. Мәшһүр Жүсіп. шығ. 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.

6. Мәшһүр Жүсіп. шығ. 2-том.-Павлодар: ЭКО, 2003.- 384 б
7. Негимов С. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының бейнелілігі // Мәшһүр Жүсіп оқулары (республикалық ғылыми конференцияның бірінші жинағы ішінде).-Павлодар: ЭКО, 2001. –Б.5-9.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ҚАЗЫНА

Өз заманында өзгелерден озып туған тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Туа бітті таланты мен әдебиетке деген ерекше құштарлығы арқасында «мәшһүр» атағын иеленген ақынның мол мұрасы тұнып тұрған тәрбие, тамаша туындылар.

Ол өз шығармаларында адамға ой салатын құнды ақпараттармен бөлісіп, түрлі мысалдар келтіреді. Кейде күйінеді, бірде бойын мақтаншы кернейді. Ұлттың ұлылығын ұрпағына аманаттауға тырысқан тұлғаның тәрбиеге бағытталған тақырыптары да сан алуан.

Мәшһүр – Жүсіп шығармаларының басым көпшілігі адалдық пен адамдық туралы ойға толы. Жазбалары жақсылықтың жаршысындай еді. Жастарды білімді әрі саусағынан бал тамған өнерпаз болуға да үндеді. Оның мысалдары мен өлеңдерінде халқына деген терең сүйіспеншілігі, оқу – ағарту ісін дамытып, әлеуметтік әл – ауқатқа жетуге деген уайымы аңғарылады. [1, 4 б.]

Ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды бет – жүзің бар демей сын тезіне алған Жүсіп кей кездерде:

«Бұл сөзімнің балы бар уы аралас,

Ойлаймысың бір іске деп жарамас» - деп те күйінеді. Халқының бойындағы жағымсыз мінездерді сынау, адамгершіліктің асыл қасиеттерін әспеттеу, халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру, елдікке үндеу – ақын поэзиясының негізгі сарындары.

Абайдан мүшел жастай кіші Жүсіптің өлеңдерінен ұлы ақынның поэзиясымен сарындас екендігі айқын көрінеді.

Ұлы Абаймен пікірлес болып, өлеңдерін насихаттап, туған халқын өнер мен білімге шақырған, діни – ағартушылық сарында жырлар жазып, шәкірттерге жәдидшілдік жолында білім берген Мәшһүр Жүсіптің рухани дидактор келбеті – шын мәнінде Абайдың «толық адам» тұжырымдамасының көрінісі іспетті, мәуе түйген жемісі.

Кезінде Абай жырлаған толық адам, кемел адам қандай болуы керек деген сауал төңірегінде Мәшһүр Жүсіп те көп толғанып, жауап беруге тырысқан. Ақынның өлеңдерінде адамзаттың бойындағы ең асыл қасиеттер барынша әспеттеледі. Ақынның ұғымынша, нағыз адам – өз тағдырын халқының тағдырымен ұштастырған, тәрбиенің тамаша үлгісін көрсете алған жан ретінде сипатталады.

Ақын «Адам қалай қылғанда адам болады?» - деген сұрақ қойып, оған төмендегіше жауап береді: «Ұшқан құстан, жүгірген аңнан ғибрат алып,

солардың мінезімен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, досы көп болып, дұшпаны жоқ адамнан осы екеуінің жүрегі, білегі таблады» - деп бастап, одан әрі: «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын. Зеректігі байғұздай болсын. Жүрісі маймылдай болсын. Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын...орнына қарай мінез қылсын. Сонда адам болып, адам қатарына кіреді» - деген ой түйіндерін жасайды. Төрт түлік мал күнкөрісі болған қазаққа сол өзі күнде көріп жүрген нәрселердің өзінен ғибрат алуға шақырады. Қарға мен сұңқардың, мысық пен құмырсқаның, түйе мен қойдың, жапалақ пен байғұздың тіршіліктеріне ой жіберіп қарап, солардан тәрбие алуға үндейді. Мәселен, «Құтырған ит пен наданды салыстыру»[2, 4 б.] атты шығармасында тәрбиесіз, надан адамның ит жануары тәрізді санасы да жоқ екендігін салыстырып, жат мінезден бойды аулақ салуға үгіттейді.

Ақынның ойынша, «адамның жай жүргенде бәрі бірдей». Айырмасы тек сөзінде ғана. Кей ақылды адамға қыдыр дарып, оның ауызынан шыққан сөз гауһарға айналады. Сөз – «ұшсыз ұзын, түпсіз терең, таусылмас қанша шашсаң» да. Зерек адамдар ғана сөздің парқын айыра алады. Сен де сол гауһар сөзден өзіңе керектің алып, өмірлік қажетіңе жарата біл дейді ақын.[3,11 б.]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сопылық жолды дәріптеп, ақиқатты барынша адам бойына сіңіруге мақсат тұтқаны бәрімізге белгілі. Сол себепті, ақын өзінің өлеңдерінің басым көпшілігін діни дағдылармен байланыстыра отыра, күнделікті тәрбиенің тағылымды тұстарын айна қатерсіз жеткізуге тырысады. Адам бойындағы сараңдық, көрсеқызарлық, қызғаншақтық тәрізді сәттерді сынап, жақсылыққа қарай ойысуға ой тастайды.

«Адам тек өзінің адамдығына ие болуға ойлану керек. Өз бойындағысына өзі ие болуға жараған жан...ақылына билетеді, ақылға сыйғанды ұстайды...» - деп жазады. [4, 5 б.]

Ең ғажабы, М.Көпеев өзінің жан – жақты білімі арқылы кез – келген тақырыпта терең мәселе қозғап, саясаттан да хабары болған адам. Қоғамның аумалы – төкпелі кезеңіндегі адамдардың тәрбиесінің кері кетіп бара жатқанын ол қынжыла, өз өлеңдеріне арқау еткен. Мысалы:

«Арасы ағайынның алыс болды,

Таласып, дамылы жоқ жарыс болды.

Жетіліп партиямен дәрежесі,

Жақсыға жаман адам таныс болды» [5, 350 б.]

Оған қоса, ақын өз өлеңдері арқылы халықтың рухын оятып, патриоттық сезімін арттыруға тырысады. Озбыр саясаттың осал тұстарын оқырмандарына ашына айтып, тағылымды тәрбиені туған жерге деген ыстық ықылас арқылы дәріптеуді көздейді.

Бабалар заманынан ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ елінің қонысы, алтын мекені Сарыарқаны патша өкіметі отарлап, өріске өрт, жүрегіне дерт салып отырған озбыр қиянатын ащы шындықпен әшкерелеп, халықтың ауыр хал – қасіретін тебірене жыр еткен жолдар расымен ұлттық

құндылыққа негізделген тәрбиенің тамаша үлгісі екені рас. Сөйтіп бүгінге қандай қатты қайғырса, болашақ күйзелісті көрегендікпен сезініпті.

Айырылды біздің қазақ Есілінен.

Өзінің болған емес кесірінен.

Жер мүлкі шаруаның қызықты едің – ау,

Қойынында құшақтаған жесірінен.

Осы өлеңде ақын «Ұйқыңнан оян», «елдігіңді ұмытпа», «Жер – суыңа өзің ие болуға талаптан!» - дейді. Патша өкіметінің «Алты бақан - алауыз» қазақты өз өзімен ұштастырып, шабыстырып қойған алаяқтық саясатын әшкерелейді. Елдің еңсесін басып, езгіге салып үкілі арман – мұратының күлін көкке ұшырған отаршыл патша өкіметіне ұнайтыны белгілі.[6, 12 б.].

«Сөз сөзге сәулесін түсіреді» деген атақты теоретик ғалым Потебняның өлең өнеріне қойған негізгі критеріі Мәшһүр ақынның өлеңдерінде қалай өрнектеледі. Әдебиет теориясында әр түрлі көркемдік әдіс – тәсілдердің түрлерін қолдану арқылы ақын өлеңдеріне қандай эстетикалық мән үстей алады?

«Әдебиет туралы жалпы түсініктердің бәрінің келіп құйылар арнасы, әдебиет туралы ғылымның ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық. Образдылық – суреттілік, сөздегі сурет».

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ақындық әлемінің көркемдікке жетелер есігін қағар алдындағы шегініс ретінде, жалпы ақын табиғаты, талант тұрпаты дегенге тоқталып өткен артық емес.

Ақын сипаты туралы ақын Қ.Мырзалиев былай депті:

«Айтамыз біздер ақын деп,

Адамды шоқ боп маздаған.

Ақынға керек ақыл көп,

Асаулық керек аздаған». [6, 39 б.] халқына қызмет қылған, өмірін соған арнаған адам.

«Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса,

Халқынан бойын биік асырмаса.

Бәріне мұсылманның бауыр болып,

Аулаққа бойын тартып қашырмаса», - деп жырлайтыны да сондықтан.

«Түгел адам болуға талап қылсаң,» - нәпсіңді тый, өзіңді ғана емес, халқынды да ойла, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, білім – ғылым, өнер ізде деп өсиет айтады кейінгі ұрпаққа.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – алты алаштың абызы, ақын, шежіреші, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, энциклопедист – ғалым, ағартушы ұстаз, ұлт азаттығы үшін күрескен қайраткер, бір сөзбен айтқанда тамырлы қазақ руханиятын жаңартып түлетуші кемеңгер тұлға. Ол – қазақтың қазыналы тарихы, әдебиеті мен мәдениетінің, тілі мен ділінің, асыл дінінің шырақшысы, қай заманның ұрпағы көз нұрын салса да, алыстаған сайын жарқырай беретін сан қырлы гауһар.[7, 3 б.] Сол себептен де алаш жазушысы Жүсіпбек Аймауытов Мәшһүр Жүсіп туралы: «Сіз қазақтың қазақ

заманында дүниеге келіп қалған гауһарсыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде» деп, ғұламаға көзі тірісінде баға берген.

Аннотация: Бұл зерттеу жұмысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармасындағы тәрбиелік тағылымды ойлар тереңінен зерттелген. Ақынның арманы мен мақсаты, адамдарға ой салар туындылары талданып, өлең жолдарында кездесетін тәрбиелік мәні бар шумақтар мысал ретінде келтірілген. Мәшһүр Жүсіп пен Абай Құнанбайұлының «толық адам» тақырыбындағы өз – ара ұқсастық пен айырмашылық, ақындардың нені меңзегені туралы зерттелген. Ақынның адамдардың тәрбиесінде басшылыққа алатын өзіндік пікірі мен ұсынысы мақалаға арқау етіліп, оны тәрбие құралы ретінде пайдаланудың маңыздылығы дәріптеледі.

Аннотация: В этой исследовательской работе глубоко изучены воспитательные практические мысли из произведения Машхур Жусуп Копеев. В качестве примеров были проанализированы мечты и цели поэта, произведения его мыслей и стихов. Были изучены сходства и различия между знаменитым Жусупом и Абаем Кунанбаевым на тему «полный человек», что имели в виду поэты. Особое мнение и предложения поэта, которыми он руководствуется в воспитании людей, основываются на статье и подчеркивают важность использования ее в качестве средства воспитания.

Annotation: In this research paper, educational practical thoughts from the work of Mashkhur Zhusup Kopeev are deeply studied. As examples, the dreams and goals of the poet, the works of his thoughts and poems were analyzed. The similarities and differences between the famous Zhusup and Abai Kunanbayev on the topic of "a complete man" were studied, which the poets had in mind. The poet's special opinion and suggestions, which he uses in educating people, are based on the article and emphasize the importance of using it as a means of education.

Библиографиялық тізім:

1. Қабылдинов, З. Мәшһүр-Жүсіп әлемі [Мәтін] / З. Қабылдинов // Егемен Қазақстан. - 2023. - 1 қыркүйек (№ 165). - 14 б. ISSN 1999-9720.
2. Мәшһүр-Жүсіп [Мәтін] ; [ред. алқа: Е. М. Арын, Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп [ж. б.] ; араб жазуынан ауд., құраст. Л. Қ. Жүсіпова] ; ҚР Білім және ғылым м-гі ; Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы ; С. Торайғыров атынд. Павлодар мем. ун-ті .- Павлодар : ЭКО, 2008 .– 1000 дана . – 9965-08-293-6 (мұқ.) 13-том . Шығармалары– 384 б.
3. Ысқақұлы Д.Әдебиет алыптары. – Астана: «Фолиант», 2004. – 304 бет.
4. Негимов, С. Мәшһүр мұра [Мәтін] / С. Негимов // Егемен Қазақстан. - 2013. - № 75. - 26 ақпан. - 5 б. ISSN 1999-9720.

5. Ғасырлар тоғысындағы қазақ жыры [Мәтін] : XIX ғасырдағы және XX ғасырдың басындағы поэзия / ; [кұраст. Е. Дүйсенбайұлы]... – Алматы : Раритет, 2007. - 391, [1] б.
6. Қонарбаева А. Ағартушы – ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2014 – 80 б.
7. Қыдырәлі, Д. Мәңгілік мұраның Мәшһүрі [Мәтін] / Д. Қыдырәлі // Түркістан. - 2023. - 18 тамыз. - № 33 (1513). - 1,2 б. ISSN

Турганбек Маржан Турганбекқызы
Абай облысы, Семей қаласы «№21 жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тәрбие – ұрпағымызды алып мұраттарға жетелейтін сапалы білімнің көрсеткіші. Ұлттық құндылықтарға қанып өскен ұрпақ та ұлағатты болмақ. Өскелең , саналы ұрпақтарымыз ұлттың сапасын құрайды. Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын.

2023-2024 жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы тәрбие саласында басшылыққа алынуда.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға сай жасалған. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттерін айқындауда таптырмас бағдарлама. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген әрбір жас ұрпақ әлемдік озық білімді игерген саналы азаматы болып шығуына ықпал ететін тәрбиелеу мақсаты көзделген.

Осы бағдарламаға сәйкес осы тақырыпты таңдауды жөн көрдім. Бұл баяндамада шежіреші және тарихшы, ақын, этнограф Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі ұлттық құндылық, тәрбие мәселелері сөз болады. Ұлттық құндылықтардың адам өміріндегі мәні мен маңызы және оның алатын орыны туралы баяндалады. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары нақтыланып көрсетіледі. Бұл мақаланың өзектілігі бақытты болудың негізі адами құндылықтарда екені туралы айтылады. Ұлттық құндылықтардың – елдің асыл арқауы екеніндігін көрсетеді.

Жас ұрпақты қызығы мен қиыны бірге жүретін өмір атты алып теңізде жағаға соқтырмай, теңізге батырмай алып шығатын- берген тәрбие деп ойлаймын. Ол тәрбие ұлттық тәрбиеге негізделген , бас қойсаң құмарыңды қандыратын таза бұлақ сияқты болса, тіптен жақсы болар еді. Қазіргі таңда ғаламторға жұтылған, желіге тәуелді боп қалған ұрпақтарымыздың көкірек көздерін ашуда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының қосар үлесі туралы айта кетуді жөн көрдім.

Абай Құнанбаев «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деп өсиет етіп кеткен еді. Бес асылға : талап, еңбек ,терең ой, қанағат, рақым деп көрсетіп жазып кетсе, Мәшһүр Жүсіп атамыздың «Бес қымбат» өлеңінде иман, ақыл, сабыр, шүкіршілік, әдепке ден қояды. Кішіпейілділік пен

мейірімділік, адалдық пен сабырлылық сияқты, жақсы адами, көркем қасиеттер мен қатар іштарлық, арсыздық және менмендікке ұқсаған жаман қылықтардың мекені – жүрек. Ұялу, жақсы көру, аялау, мүмкіннің бәрін дос тұту – жүректің ісі. Зұлымдық пен қатыгездік билеген жүректі аяулы деп айту ақылға сыймас. Ол үшін жүрекке не қажет? Иман қажет. «Бес қымбат» өлеңінде ең әуелі керек нәрсе-имна екенін айтқан. Иманның тамыр жайып, нәр алатын мекені – жүрек. Тәніміз ішіп-жеу, киіну, ауырғанда емдетуге ұқсас күтімдерді талап етсе, жанымыз да рухани азыққа соншалық зәру. Адам ішкі дүниесін жан азығымен жаңғыртып отырмаса, ол адам жүрегінің қараюына әкеп соғады. Адамның жүрегі қарайса, иманы әлсірейді. Аз іске ашуланып ақылыңды ашуға жеңдірмеу керектігін айтады. Үшінші қымбат-сабыр дей отырып, сабырсыз болсаң басыңа пәле салады деп сабырсыздықтан сақтандырады. қандай жағдай болмасын әр ісіңе шүкіршілік жаса, қанағатты бол дейді. Әдептің махаббатқа себептігін көрсетеді. Әдепті болсаң иманды боласың деп меңзейді. Ақын өлеңіндегі иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп — деп отырғандарының бәрі — адамзат баласын көрікті ететін асыл қасиеттер екені мәлім. Осы ұлттық қасиеттер арқылы ғана біз ұлттық кодымызды сақтап қалатынымызды ақын өлеңінде тәптіштеп айтып отыр. Бір-иман, екі-ғақыл, үш-сабыр, төрт-шүкір, бес-әдеп деп бес қымбат деп әрқайсының маңызын тереңнен беруі тұнып тұрған ұлттық құндылық. Осы өлеңдегі ұлттық құндылықтарды айшықтай отырып, ұрпақты жақсылыққа, игілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу бізге міндет.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттың ұлттығын сақтап, қазақ жастарын өзге жат мәдениеттер мен қаптаған қауіпті шатақ діндерден қорғап қалар жол - ол қазақтың өз ата тарихы, дәстүрі, жол-жорасы, әулие-ғұламаларының рухани мұралары екендігі сөзсіз. Ұлт тарихындағы сондай әулиенің бірегейі - Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы. «Әулие Құдай емес, Құдайдан былай емес» - дегендей әулиелердің рухани мұралары қай заманда болмасын өз құндылығын жоймақ емес, керісінше заман өткен сайын қажеттілігі артып, заман сұранысына ие бола береді. Мәселен, атамыздың рухани мұралары бұдан бір ғасыр уақыт бұрын басқа дәуірде жазылса да тап қазіргі қоғамды айтып тұрғандай. Қазіргі қазақ қоғамындағы ұлт руханиятының өткір де, өзекті шешімін таппай жатқан мәселелері...

Шариғат, хакім жүрсе, турасы бар,
Халықтың, иә болмаса, жорасы бар.
Баласы кейін туған, қайта қонса,
Атаның, отын қылған, мұрасы бар.
Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан?!
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.
Ойлайтын елдің қамын ерді жібер
Жерінен суырып алып көрде жатқан.
Қазағым, жұрт емессің тіпті бақсыз,

Қолыңа сондай ерді Құдай берген. Бұл да қазіргі кездегі - аты бар да заты жоқ, бітімі қазақ бірақ, болмысы басқа, өзін қазақпын деп, өз ата-дәстүрін өзекке тепкен, білімдісі - батысшыл, діншілі - дүбәрә болған, Мәшүр-Жүсіп

әулие айтқандай: «қазаққа пайдалы» бұғынғы ата-баба рәсімімен қазақ жастарын жүргізіп, тұрғызса «бір түрлі жақсылыққа» апарары хақ.

М.Ж.Көпейұлы: «Қазақтың қазақ болғанда, өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы - наурыздама. Ол күні қожаларға оқытатұғын, наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратұғын ол кітаптың атын: «Салдама» - дейді. Ол күнде тілі орамды, сөзге шешен шалдардың батасы болады. Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда, жұрт жылап, шулап: «Амин!» деп отырады. Сонан соң олардың айтқаны айтқандай келіп халық, жұрт ілгері басып, малы да өсіп, басы да өсіп берекелі болады. Мал сойып, наурыздама қылуға шамасы келмейтін кедейлер жалғыз қой сойса да, наурыз күні бір қазан көжеге салып: «Ауылға таттырамыз!»-деп, басын сақтап қояды..

... Елді, жұртты оңға бастаймын! Ілгері басуына, мал басы өсуіне тілеулес боламын!» - деушілер... Осы наурызды құрметтеп: «Ұлыстың ұлы күні»-атандырып, той-тамаша қылдыруға тырысуы керек.» - дейді.

Бұл айтқандарынан да әулиенің әуелі ұлттық дәстүрді ұлықтап, оны ислами құндылықтармен үндестіре білген ұлтының ұлы екендігін айқын аңғарамыз. Болмаса, қазіргі кездегі қазаққа дін таратқыштар секілді «отқа май тамызудың», «наурыздың түбін» отқа табынушылыққа тіреп, қазақты өз дәстүрінен «жерітіп», оны ислам діні кешірмейтін ең үлкен күнә «серік қосуға» санап отырған жоқ. Ал, наурыздың о бастағы пайда болу тарихын, шығу мақсатын әулие атамыз білмеді емес, білді. Бірақ оның ұлтты ұлт ретінде сақтаушы негізгі дәстүрі, басты құндылығы екенін атай отырып: «Елді, жұртты оңға бастаймын! Ілгері басуына, мал басы өсуіне тілеулес боламын!» - деушілер... Осы наурызды құрметтеп: «Ұлыстың ұлы күні»-атандырып, той-тамаша қылдыруға тырысуы керек.» - деп атады.

«...Дәл осы күнде ит сегіз күшік тапса, біреуі-ақ ит болып, енесінің соңынан ереді.

Өзгесі қажы ма, ишан ба, халфе (қалфе, халифа) ма қожа ма, молда ма, - не екені белгісіз болып кетті. Бұл айтылған затлардың аз күнінде қазақ бай да еді, пейілді де еді, ашу-аразы жоқ, тату-тәтті еді. Осы күнде қажы, ишан, қожа, молда көбейген соң қазақтың араздығы сол шамада болды. Екі ағайынды кісінің баласы бірінің өлігіне бірі барыспайтұғын болды. Ойлаймын: «Осы затлар көп болып, шарапат иесі болып, жұртты түзегені жоқ, ыңғайы бұзды - ау!» - деп. Ақ қағаздың жүзінен қара танып, ақ пен қараны айырып халал ниетпен тұрған бір қожа, молда жоқ...» - дейді және Мәшһүр атамыз. Қазіргі қоғамды айнытпай көз алдыға әкеледі. «Анауы-уахабит, мынауы - құранит, үшіншісі - салафит, төртіншісі тағы басқа... кете береді, кете береді...Санай берсең тауыса алмайсың». Осы қаптаған сансыз шатақ діндер жоқ кезде әулие сөзімен айтсам: «қазақ бай да еді, пейілді де еді, ашу-аразы жоқ, тату-тәтті еді». Қазір екі ағайынды екеуі екі дінге өтіп, «бірінің үйіне бірі барыспайтұғын болды...». Қазақ та әуел баста ойлап еді, екі балам да екі дінге өтсе шарапат иесі болып жұртты түзейтін шығар» деп, керісінше өзі адасып қана қоймай елді адастырды, «не дінге не білгішке сенерін білмей» ел қалды далада. М.Ж.Көпейұлының бай мұраларының рухани құндылығы да осында

болса керек. Діни құндылықтарды ұлттық мүддемен біріктіре білгендігінде. Әулиенің осындай қасиеті қазіргі дін өкілдерінің бойынан табылып жатса, онда қазақ қоғамы «өз ата дәстүрі мен ата дініне» бейілді болар еді. Өз ата діні мен дәстүрінен осынша жерімес еді... Ал, қазіргі қазақ қоғамында бұл жағдай мүлде басқа. Керісінше болып барады...

Ұлы халқымның осындай ұлы дәстүрі, әулие ата-бабасы бар, сол бабалардан қалған өлшеусіз рухани, ұлттық мұрасы бар қазақ халқы, әсіресе қазақтың ұшқыр ойлы ұлтшыл, иманды жастары адасуы мүмкін емес. «Қазағым, жұрт емессің тіпті бақсыз, Қолыңа сондай ерді Құдай берген.» -деп Мәшһүр - Жүсіп атамның айтқан қазақтың бағына туған, Құдай берген - әулиелер мен олардың мұрасынан жау көргеннен де бетер сонша үріккен, «дәстүрін өзекке тепкен», рухани деңгейі «тезектен де төмен кеткен», «тілде бар да ділде жоқ» құр «асыл дәстүрлеген» айғайы кімге керек қазіргі мына дүмшелердің?!

Сондықтан да қазақ жастары әулие Мәшһүр - Жүсіп т.б. көптеген қазақтан шыққан әулиелер, олардың мұраларын қазіргі тәуелсіз заманымызда неге жаңғыртпасқа?! Неліктен дәріптемеске?! Не үшін тұтынбасқа?! Бостан заманда ұлттығымызды ұлықтап, әулие мұраларын тұтынуға не кедергі?! «Дінімізді кемітіп қорламасын, Көзімізді бақырайтып ұрламасын.» - деп әулие Мәшһүр аталарымыз «дін ұстауы мұң болған» заманда әуелі қазақтығын сақтап, содан соң «қорланған дінін қорғамады ма?!» Ал, қазіргі біздің бейшара кейпімізді келер ұрпақ алдында қалай көрер екенбіз?! Бұхар бабамның сөзімен айтсам: «Ата-бабаң қол берген, Қожаларды қас көрген» заман бұл заман.

А.Байтұрсынұлы айтқан: «Байға мал, оқығанға шен мақсұт болған» заманда тек ата-дәстүріңе адал болып, өз ұлттық дәтүрлеріңді дәріптеп, оны тұтыну, Мәшһүр-Жүсіптей әулие бабаларымыздың ұлттық, рухани мұрасын жаңғыртумен ғана қазақтың қазақшылығы, ұлттық ұлттығы сақталып, рухани мәртебесі артпақ! Осыны ұқ, ұлтының ертеңі үшін өзін жауапкер сезінетін қазақ жастары!

Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу туындайды. Кейбір адамдарға не болып жатса да – бәрібір. Олар өздігінен ой қорытып, шешім іздеп жатпайды, кім жоғарыда отырса, солардың сөзі – сөз. Түсі, түрі осылайша өзгеріп тұратын адамдарды, өкінішке орай, қазіргі таңда көптеп кездестіруге болады. Мұндай адамдар қоғам үшін өте қауіпті. Тәрбие мәселесінде кетіп жатқан олқылықтарға зер салатын болсақ, ол олқылықтар ересектер тарапынан жіберіліп жатқанын аңғару қиынға соқпайды. Қоғамның, уақыттың ығына жығылып, адами рухани құндылығымыздың төмендігінен тек қарабастың қамын ойлайтын дәрежеге жеттік. Тек қарабастың қамы үшін өмір сүруге етіміз үйренді. Соның нәтижесінде ұрпақ та бізден алыс емес. Нағыз байлық – дүниенің ағыл-тегіл көптігі емес. Нағыз байлық – жан сарайыңның байлығы екенін терең түсіне алмай жүргеніміз өкінішті.

Абайдың жетінші қара сөзіндегі жан сұранысын дамыту қажет, ішсем, жесем деген тән құмарлығы жануарда да бар, жанды тәннен жоғары қоя білу керек деген ойын Міржақып жалғастырып отыр. Ол бұрынғы замандағы қариялардың «жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса досыңа қыл» деген мағыналы, терең ойлы сөзін Шәкәрім қажының сөзіне жауап ретінде беруімізге болады дей отырып, жақсылықтың өзін әртүрлі ұғуға болады, өзіңе істеген жақсылық біреуге зиян болса, онда ол жақсылық емес жамандық болады, сондықтан жақсылықты біреуге зияны тимейтіндей етіп жасау керек екендігін ескертеді. Жақсылықты досыңа қыл дегенде «дос» ұғымын кең мағынада алады. Тек туған-туысқаның ғана емес, дұшпан еместің бәрі дос дейді, яғни барлық халық, жалпы қоғамды алып отыр. Тек өз пайданды ойламай, қоғамға пайданды тигіз деген ой айтады. Міржақып Шәкәрімнің «қандай адам жақсы кісі болмақ керек?» деген сауалына да жауап береді. «Сондай адам жақсы кімдекім жетім, жесір, кәріп, қасаң, қысылған-қымтырылғандарға жақсылық қылып, оларды қуантып қойса» [3, 237] – дей келіп, игі жақсыларымыздың ойлағаны ел билеу дейді, олар елге пайда келтіретін болса, билеріміз әділ, болыстар жұрт қамын жейтін болса деп Абайдың «Мәз болады болысың» өлеңін мысалға келтіреді. Адам тіршілік иесі ретінде өзін-өзі түсінуге талпынып отырады, бірақ оның түбіне дейін бойлай алмай жатады. Бірақ ерте ме, кеш пе өмірмәндік мәселені шешу жолына түсуі керек. Адамның ең басты құндылығы олардың тіршілігі, өмірі. Сондықтан «не үшін өмір сүрдім» деген сұрақ адам санасында пайда болады. Әр адам өз өмірін саралау керек, өз өміріндегі құнды нәрселерді құнсыз нәрселерден айыра білу маңызды. ХХ ғасыр басында С.Торайғыров сынды даланың ұлы перзенті: «Ғылым екі жікке бөлінеді: бірі – дене азығы, бірі – ар азығы. Дене азығы дегеніміз – осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; ... ар азығы дегеніміз – әділдік. Осы соңғы – әділдік табылмай, басқа дене азығы өнерлерінің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауырламаса, жеңілдемейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды», деген екен. Ал Ш.Құдайбердиев «Білім беру саласында «ар білімі» деген білім оқытылуы тиіс деп ойлаймын», – дейді. Бұл ойлардың бәрі де тегіннен тегін айтыла салған жоқ, ұлт болашағының қамы. Адам бақытты болуы үшін жүрек тыныштығы керек. Ал жүрек тыныштығы тәлім-тәрбиені дұрыс болып, рухани жан дүниені бай болғанда ғана тыныш болатыны ақиқат. Шежіреші, тарихшы, ақын, этнограф Мәшһүр-Жүсіптің еңбектері адамзат баласының ғасырлар бойы жан азығына айналары сөзсіз.

«Бір жылдығын ойлаған ел бидай егеді, он жылдығын ойлаған ел ағаш егеді, мәңгілігін ойлаған ел ұрпағының жүрегіне ізгіліктің дәнін егеді», – деген халық өсиетін ұлы дала жастары тереңінен ұғып өскей. Ұрпақ ауысады, заман өзгереді. Бірақ елдік құндылықтар мемлекеттің асыл арқауы өзгермейді.

Библиография:

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 1-том – Павлодар, 2013. –381-384 б.

2. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 2-том – Павлодар, 2013. – 3-7 б.
3. Сайынқызы Г. Тамшы сөздер мен қамшы сөздер. – А., 2005. – 220 б.
4. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 2-том – Павлодар, 2013. – 21-22 б. 8
5. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы 2-том – Павлодар, 2013. – 92 б.

Унербаева Меруерт Аблазимовна
Астана қаласы №84 мектеп-
лицейінің
тарих пәні мұғалімі, сарапшы.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕРІ МОЛ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858—1931 жылдары қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл жерінде дүниеге келген. Атақты ойшыл, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы екені анық.

Мәшһүр Жүсіп араб және парсы тілдерін өте жақсы білгенімен қоймай, шығыс елдері халықтарының тілдерін білген ғұлама. Ол өлең жазумен қатар, шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Сонымен бірге, ол бар ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға яғни, қарапайым бұхараның көзін ашуға жұмсады десек те болады. Ақын 10-15 жасынан бастап-ақ өлең жаза бастаған.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жас кезінен өте зерек, ізденімпаз болып өседі. 1887 жылы 29 жасында Мәшһүр-Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістан, т.б. қалаларға сапарға шығады. Әрине, ол заманда қазіргідей зуылдаған көліктер болған жоқ. Негізгі көлік қатынасы тек түйе мен ат болғанын ескерсек, бұл сапарының өзі 2-3 жылға созылған деп жорамалдасақ болады. Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада, яғни қазіргі Өзбекстан территориясында тұрып оқып, білімін толықтырады. Сол заманның сұранысы болып тұрған араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Сонымен қоса ол өзбек, тәжік, және т.б. тілдерді де біледі және сол халықтардың әдет-ғұрыптарынан да хабары бар еді. Жалпы айтқанда бұл халықтардың түбі туыстас, яғни шығу тегі бір халық болғандықтан әдет-ғұрыптары да ұқсас болып келетіні сондықтан. Міне, сол заманның қиын да қилы кезеңдеріне қарамастан көптеген ғылыми кітаптарды оқып, одан әрі өз ғылымын жетілдіре түседі. Осы орайда тағы бір айта кетерлік мәселе көп тілділілік. Жалпы қазақ халқы басқа елдің тілін үйренуге ерте заманнан-ақ қарсы болмаған. Әрине, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», -деп те айтып кетекенін біз өте жақсы білеміз. Бұл нақыл сөздері біз әлі күнге дейін қоданып келеміз.

Міне, Мәшһүр Жүсіпті осындай еңбектерінің арқасында тек қана қазақ халқы ғана емес, көрші халықтардың да зерттеушілерінің бір болғандығына біз көз жеткізі аламыз. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбектерін тек қазақ зерттеушілері ғана емес, басқа ұлттың атақты да даңқты зерттеушілерінің еңбектерінен кездестіре аламыз Соның бірі – белгілі орыс ғалымы, зерттеушісі, шығыстанушы-түрколог В.В.Радлов еді. Орыс ғалымы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына ықпал етті. В.В.Радлов ауыл-ауылды аралап, XVIII-XIX ғасырлардағы ақын-

жыраулар шығармаларын, айтыстар мен жыр-дастандарды, аңыз-әңгімелерді, жалпы қазақ қоғамындағы болып жатқан іс-әрекетерді, қазақ тарихын қағаз бетіне түсірді.

Мәшһүр Жүсіп сонау Омбы қаласынан бастап Павлодар, Семей, Петропавл, Атбасар, Ақмола жерінде орналасқан көптеген ауыл-аймақтарды, Сонымен қоса Оңтүстік және Батыс Қазақстан аумағындағы елді мекендерді аралады. Міне, осындай сапарларында атақты тұлғалар: хан Кененің ұрпақтарымен, Мейрам қажы Жанайдарұлымен, сондай-ақ Ақан сері, Саққұлақ бимен де кездесті. Жалпы қазақ қоғамындағы әр аймақтағы атақты, танымал тұлғалармен кездесіп, сол ауылдардың тұрмыс-тіршілігі, өмірі жайлы көптеген мәселелермен танысты. Олармен танысып қана қоймай, шешілмей жатқан, қазақ қоғамын толғандыратын әр-түрлі жайттардың шешілу жолдарына көп көңіл бөлген. Соған байланысты ақын өз шығармаларына осындай мәселелерге де көп тоқталып кеткен. Ақынның шығармалары кейінгі ғалым-фольклортанушылар, тарихшылар мен әдебиеттанушылардың зерттеуіне жол ашты.

1889-1891 жылдар аралығында Кіші жүздің, яғни Батыс Қазақстан жерін аралап, Жәңгір сұлтанмен, батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырмен де кездеседі. Сол сапарында атақты Жәңгір хан, Исатай, Шернияз, тама руынан шыққан Сарыбас мерген туралы деректерді сол тұлғалардың өз ауыздарынан жазып алған екен. Кіші жүздің таңба, ұран, белгі, нақыштары туралы мәліметтерді жинап, зерттеп, талдайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімінің ел ішінде аңызға айналуына, оның ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің майталманы, сонымен қоса қазақ қоғамының үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол өзінің өлең жолдарында еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан. Сонымен қоса сол замандағы қазақ тарихындағы ақ-қараны ажырата білетіндігін де айта кеткен жөн.

Мәшһүр Жүсіптің көне ауыз әдебиетіндегі жырларының арқасында кейінгі ұрпаққа баға жетпес тарихи аңыздар, этнографиялық материалдар мен сол замандағы хан-сұлтандар, жыраулар мен билердің, батырлар мен қожалардың егжей-тегжейлі жазылған шежірелері жетті. Ақын бұл шығармаларының барлығында дерлік адам мен табиғаттың өзара байланысы және үйлесімділігін сипаттап қана қоймай адам баласына жақсылық жасаудың насихаттаған, яғни «қайырымды іс сауапқа кенелтеді» деген тұжырыммен нақтылаған.

Ақынның қорында қазақ қоғамына сонау заманнан бүгінгі күнге дейін мұра болып жеткен ең бір жақсы дәстүрдің бірі, яғни баталар тізбегі де жетерлік. Мәшһүр-Жүсіп жинаған бата сөздердің бір бөлігі ас қайыруға арналған:

Асың-асың, асыңа,
Береке берсін басыңа
Бөденеден жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа.

Міне, ең қарапайым да оңай, тез жатталатын бүгінгі күні жас балалар арасында қолданып жүрген бата жолдары. Әрине, бір қарағаннан бұл қарапайым бата. Бірақ бұл жолдарда үлкен парасаттық, шынайы ақ тілек жатыр. Ең қызығы, адамның ұғымына соншама жеңіл, қарапайым. Бірақ терең үңіле түссек бұл бата жаттап, жас ұрпақтың дастархын басында бата беруі үлкен тәрбиелік мәнге ие іс. Өсіп келе жатқан жас бала бұндай бата жолдарын айту барысында ол ортада өз ойын ашық айта алумен қатар, өзінің шешендік қабілетін де артыруға үлкен мүмкіндік алады. Қазіргі жастармызға Мәшһүр – Жүсіптің еңбектерін кең ауқымда таныс тырып, насихаттаған жөн. Себебі, ақынның әр-бір шығармасын оқу арқылы жастарымыз адамгершілік, төзімділік, адалдық, ізгілік іспеттес қағидаларды ұғынуға алып келеді. Ұлы ойшыл шығармаларынан салт-дәстүрмен қатар, мерекелер жайында ада көптеген мәліметтерді біле аламыз. Мысалы, оқын өз шығармаларында «Наурыз» мерекесінің тойлануына да тоқталып өткен. Қазақ халқы бұл мерекені 2500 жылға жуық, айта кетсек, ислам діні тарағанға дейін де тойлағанын атап өтті.

Қазақ халқының маңдайына біткен біртуар ақыны қоғамдық-саяси қызметке белсене араласты, сол кездегі патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатына қарсылығын да ашық білдірді. Бұған дәлел ретінде 1893 жылы өлкеде патша режиміне қарсы бағытталған өлеңдері мен мақалаларын жариялады. Сөйтіп, 1905 жылы 9 қаңтарда Ресейде болған қанды жексенбі оқиғасы дала қайраткерін, ақынды бейжай қалдырған жоқ. Патша үкіметінің озбырлығы мен тым шектен шығуына қарсы қара халық күресін жақтаушы болды. Ақын Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныс аударған шаруалардың пайдасына ең құнарлы жерлерді жаппай басып алу үдерісі басталғанда жай-барақат отыра алмады. 1907 жылы Қазан қаласында «Тіршілікте көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал» атты үш кітабы жарық көрді. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында автор тарихи деректерді пайдалана отырып, Ұлы даланың, шын мәнінде, оның нағыз ежелден келе жатқан иелері – қазақтар екенін дәлелдеп көрсете білген. Міне, осындан соң билік ақынның кітаптарының таралымын түгел тәркілеп, оның өзін саяси сенімсіз адамдар қатарына қосады. Оның басқа да еңбектерінде жалпы білімге, сөз бостандығына қол жеткізу мәселелері өте көп көтерілді. Патша үкіметі оның шығармаларын «қауіпті» деп санап, автордың өзі саяси қуғын-сүргінге ұшырады да, шұрайлы туған жері Баянауыл жерін тастап, туған өлкесінен жыраққа кетті. Сонымен қоса Мәшһүр Жүсіп 1916 жылы шыққан патша жарлығын да қолдамады. Жалпы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы діндар адам болған. Көптеген зиярат етушілер мен жерлестері ғұлама әулиемен сөйлесуге тырысып қана қоймай, балаларына азан шақырып ат қоюды да жиі өтініп сұрайтын. Мәселен, атақты академик Шапық Шөкинге есім берген – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Ұзақ уақыт бойы Мәшһүр-Жүсіптің шығармалары мүлдем ұмыт болды. Коммунистердің пікірінше, «оның еңбектері атеистік идеологияға қайшы». Себебі ол діндар адам болған.

Мәшһүр Жүсіпті ұрпақтары да, жерлестері де ұмытқан жоқ. Туған ауылында республикадағы жалғыз мұражай ашылып, оның жеке заттары, кітаптары, тұрмыстық бұйымдары жинақталған. Павлодарда «Мәшһүр Жүсіп оқулары» атты республикалық конференция тұрақты өткізіліп тұрады. Павлодар қаласында салынған Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт Мәшһүр-Жүсіп атында.

Қазақтың ойшылы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасы – нағыз парасаттылықтың, инабаттылықтың, киеліліктің, ар-намыс пен тектіліктің жарқын үлгісі. Бұл мұра – қазақтың тарихын түгендеуде, әдебиетін жүйелеуде таптырмас алтын қазына. Сол қазынаны ұлтымызға және әлемге жеткізу – бүгінгі жас ұрпақтың абыройлы міндеті.

Аннотация

Бүгінгі ұрпағына мол мұра қалдырған әйгілі ғұлама ғалым, ақын, тарихшы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының туғанына биыл - 165 жыл. Осы орайда өскелең ұрпаққа даңқты тұлғаның өмірі мен шығармашылығын жан-жақты жеткізуде мектептердің орны бөлек.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының басым көпшілігі адалдық пен адамдық, яғни адамгершілік туралы толғамды ойға толы. Оның жазған әр бір жазбасы жақсылықтың жаршысындай. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының барлығы да жастарды білімді әрі тәрбиелі болуға да шақырады. Оның шығармалары мен өлеңдерінде халқына деген үлкен сүйіспеншілігін байқауға болады. Сонымен қоса оқу-ағарту ісін дамытып, әлеуметтік әл-ауқатқа жетуге деген уайымы аңғарылады. Мәшһүр Жүсіп философия, медицина, астрономия, геология, география, этнография, фольклор, тіл білімі, педагогика, дінтану саласында зерттеулер жүргізіп, Ұлы дала мәдениеті туралы терең дәлелді пікірлерін жазып, болашақ ұрпағына мұра етіп қалдырды. Біздің мақсатынымыз сол мұраны жастарға кеңінен насихаттау.

Аннотация

В этом году исполняется 165 лет со дня рождения Машхур Жусипа Копейули – известного ученого, ученого, поэта и историка, оставившего богатое наследие нынешнему поколению. В связи с этим школам принадлежит особая роль во всестороннем донесении до подрастающего поколения жизни и творчества известного человека. Большинство произведений Машхура Жусупа наполнены напряженными мыслями о честности и человечности, то есть нравственности. Каждое его произведение – словно предвестник добра.

Все произведения Машхур Жусупа призывают молодежь быть образованной и образованной. Его огромную любовь к своему народу можно увидеть в его произведениях и стихах. Кроме того, видно, что он озабочен развитием образования и достижением социального благополучия. Машхур Жусупа проводил исследования в области философии, медицины, астрономии, геологии, географии, этнографии, фольклора, языкознания,

педагогика, религиоведения, написал глубоко обоснованные мнения о культуре Великой Степи и оставил ее в наследство. Наша цель – широко пропагандировать это наследие среди молодежи будущим поколениям.

Annotation

This year marks the 165th anniversary of the birth of Mashkhur Zhusip Kopeyuli, a famous scientist, scientist, poet and historian who left a rich legacy to the current generation. In this regard, schools have a special role in comprehensively conveying to the younger generation the life and work of a famous person.

Most of Mashkhur Mashkhur's works are filled with intense thoughts about honesty and humanity, that is, morality. Each of his works is like a harbinger of good.

All of Mashkhur's works encourage young people to be educated and educated. His great love for his people can be seen in his works and poems. In addition, it is clear that he is concerned with the development of education and the achievement of social well-being. Mashkhur conducted research in the field of philosophy, medicine, astronomy, geology, geography, ethnography, folklore, linguistics, pedagogy, religious studies, wrote deeply informed opinions about the culture of the Great Steppe and left it as a legacy for future generations.

Our goal is to widely promote this heritage among young people and future generations.

Библиографиялық тізім

1. Дәуітұлы С «М.Жүсіп шежіресі» ұлт тағылымы 2002 ж
2. Көпеев М.Ж. «Екі томдық». Алматы, Ғылым 1992 ж
3. Қабдиева С. «М.Жүсіп шығармаларындағы адамгершілік мәселесі» Қазақстан мектебі 2005 ж №2
4. Мәшһүр Ж.Қ. «Мәшһүр Жүсіп – суреткер» Ұлт тағылымы 2004 ж № 3

Хасенова Айнур Айтбековна
Астана Халықаралық Университетінің
педагогикалық колледжінің
педагогика пәні оқытушысы
педагог-сарапшы, магистр

«БАЛАҢДЫ АЯСАҢ, АЯМА» ПРИНЦИПІН ҰСТАНҒАН КӨПЕЙ ӘКЕ

«Мәшһүр - ақын. Мен де ақынмын. Бірақ, Мәшһүр маған қарағанда әулие болуымен Аллаға жақын» деп хакім Абайдың өзі мойындаған Мәшһүр Жүсіптің тарихшы, этнограф, ағартушы, көріпкел, мұратанушы болып қалыптасып, қазақ даласының тарихында елеулі орын алуында оның әкесі Көпей сопының телей теңіз еңбегі мен әке ретіндегі жанкештілігі себеп болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп үш жасқа қараған шағында Сарыарқаны қалың жұт жайлап оның әкесі бар малынан айырылады. «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас» деген ойға келген әкесі баласы Адамжүсіпті оқытпақ болып Баянауылға көшіп келеді. Баланың болашағын ойлаған әке Нәжмиден хазіретке бес жасар баласын оқуға қалдырып өзі сол маңдағы қыстаққа қоныстайды. Жалғыз баласының болашағын ойлаған Көпей сопы оны іштей аяп тұрса да, артынан жылап еріп келе жатқан оған: «Оқуыңды оқы, мен сені оқысын деп әкелдім» - деп, хазіреттің қақпасына қайтадан кіргізіп кетеді. Ол туралы ақынның өзі:

*Артына міңгестіріп алып келді,
Бес жаста бес шақырым жерге берді.
Ал, әкесі қайтқанда енді үйіне,
Соңынан жүгірмей ме баласы енді?!
Атамыз дін жолына белін буган,
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туған.
Көшінің қақ басынан құғанынан,
Жеткенше медіресеге атпен құған, - деп жазады.*

Қазақ халқында «Балаңды аясаң, аяма» деген аталы сөз бар. Демек баланы өмірдің қиындығына төтеп беруге үйрету, бір жағдайға тап болса мәселені шешуге ата-ананың өзі емес, баланың ерікті түрде өзінің талпынуына жағдай жасау оның болашағына, жауапкершілігіне, тұлға болып қалыптасуына қаншалықты жақсы әсер ететіні белгілі. Осыны ертеден болжаған Көпей сопы жалғызының келешегін оның бала кезінен ойлап тұр еді. Соның арқасында да Мәшһүр ел танитын тұлға болып қалыптасады.

Нәжмеддин хазіреттен соң Қамар хазіреттен тәлім алған Мәшһүр Жүсіп білмегенін сол кісіден біліп, ілімін толықтырады. Бұл жерде де Көпей әкенің

жанкештілігін атап өтпеуге болмайды. Қай жерде білім бар десе әкесі баласын сонда жетектеп отырған.

Дәл Қамар хазіреттен тәлім алу кезеңінде Мәшһүр Жүсіпті көзі ашылған бұлақпен теңеп, айналасындағы жұртшылық «Көпейдің баласы - сайрап тұрған бұлбұл. Сөйлеген сөзі, айтқан өлеңі кісінің мерейін, құлағының құрышын қандырады. Ағып тұрған бұлақ, жанып тұрған шырақ» деседі.

Кейін Қамар хазіретті Шорманның Мұстафасы өз қолдарына көшіріп әкетеді. Әрине Көпей әке көп ойланбастан баласын жетектеп хазіреттің артынан Мұстафаның ауылына қоныс аударады. Ол жайында ақынның өзі былай дейді:

Қыс өтті, жер жібіді, жердің үсті,
Қаладан хазірет үйі елге көшті.
Мұстафа – болыс, Мұса – дуанбасы,
Шорманның ордасына барып түсті.
Дүниеде табылған соң мұндай молда,
Атамыз не сақтасын бізді қолда?!
Бір көкқасқа құнанға мінгізді де,
Апарып тастап кетті тағы сонда.

Өмірінің он бір жылын оқуға сарп еткен Мәшһүрді жасы он алтыға келгенде өзімен рулас Күліктің Ақай деген атасынан шыққан Әкімбек мырза қолына алады. Осы кезден бастап Мәшһүр талай жылғы көрген қиындықтың есесін қайтарып, алған білімін кәдеге жаратып, материалдық тұрғыдан жағдайы дұрыстала бастайды.

*Әкімбек он алтымда алып кетті,
Жалғызы Қабылбекке ұстаз етті.
Басында Ақшакөлдің жаз жайлауда,
Әкемді он жылқымен бір жөнелтті,
Боз жорға ат қызыл ауыз, өзі шұбар,
Көп мінген саяқ ермек, тағып тұмар.
Ең аяғы жылқының – бір торы тай,
Жөнелтті он жылқымен ұмар-жұмар.
Бергені келер жылы онан басқа:
Ақ түйе, көз ішағыр ат, торы қасқа,
Екі жыл Әкімбекте бала оқытып,
Он сегіз тұрып сонда жеттім жасқа - дейді өзі бұл жөнінде.*

Сөйтіп, екі жыл бала оқытып тұрғанда, Әкімбек Мәшһүрдің еңбегі үшін деп Көпей сопыға бас-аяғы қырық шақты мал беріп, Көпей сопы енді «жатақ» деген аттан құтылып, елмен бірге жайлауға шығатын болады. Алған білімнің арқасында Мәшһүрдің өзі де мал малданып, мырза жігіт атанып, көңіліне ұнаған жақсы ат, жүйрік тазыны бәсін беріп алатын жағдайға жетеді. Осының барлығы әкесі Көпей сопының оны бала жасынан білімге баулыған еңбегінің, тәрбиесінің арқасы еді.

Қазіргі өркениет уақытында әр ата-ана баласының дарынын анықтап, оны жан-жақты дамытып, оның біліміне инвестициялау туралы ойланады. Оны, әрине, баласының болашақта табысты болғанын қалағандықтан жасайды. Ал осыны ескі кітаптарды ежелеп оқитын ғана сауаты бар Көпей әке сол заманда-ақ біліп, жүзеге асырып, жалғызының білімін ұрпаққа талай жылдық азық қылғаны таң қаларлық факт.

Мысалы, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданынан осы күнге дейін оннан астам академик шыққан. Шағын ғана аудан үшін бұл үлкен көрсеткіш. Әйгілі геолог Қаныш Сәтбаев, көрнекі қазақ энергетигі Шапық Шөкин, Әбілақас Сағынов, әдебиеттанушы, өнертанушы, тарихшы Әлкей Марғұлан т.б. ғалым-академиктер қасиетті Баянауыл жерінің тумасы. Осыған орай жазушы Зейтін Ақышевтің *«Бізден бұрынғы ұрпақтардан да келер асыл адамдар өткен екен. Соны ойлағанда Баян топырағы тыңайтқыш төкпей-ақ құнарлы болған-ау деп қоясың. Солардың аруағына бас иесің. Есімдері еске түскенде кеудені бір керіп, мақстанып та аласың»* деген сөзінің орындылығымен қатар жоғарыда аталған тұлғалардың барлығының бала кездегі ұстазы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы екенін ескерген жөн. Әрине Мәшһүр атамыз оларға геология, энергетика, тарих пен математиканы ғылыми тұрғыдан талдап, оның қыр-сырын үйреткен жоқ. Оның негізгі қаруы қиссалар мен жыр дастандар болатын.

«Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қисса сұл әнбия», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сияқты лиро-эпостық жырларды оқытты, «Еділ-Жайық», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Алаша хан», «Ер Төстік», «Әділ би» сияқты жырлар мен ертегілерді оқытты. Осындай классикалық құндылықпен қаруланған сол кездегі ауыл балалары жаппай білімге құштар болып өседі. Нәтижесінде білімге, өмірге, жаңаны білуге құштар әр баланы қай бағытқа, қай салаға, қай ғылымға салсаңыз да түбі жетістікке жететіні анық.

Жан-жүректері құндылықтармен қаруланған балалар кейін халқына өлшеусіз еңбегі сіңген аға буынға айналып, нәтижесінде қазақ ғылымының дамуында үлкен серпіліс болғаны хақ. Мәшһүр Жүсіптің осындай ұрпақ тәрбиелей алатындай биік дәрежеге жетуі, өзіндік дара жолы мен мектебінің болуы кезіндегі Көпей әкенің көрегендігінің арқасы ма деп қаласың.

Аннотация

В статье описан тернистый путь к образованию знаменитого Машхур Жусип Копеева, его вклад в образование и воспитание подрастающего поколения, его индивидуальный путь и методы. При этом говорится и о дальновидности его отца Копея суфи, оказавшего большое влияние на развитие личности Машхура Жусупа.

Annotation

The article describes the thorny path to the education of the famous Mashkhur Zhusip Kopeev, his contribution to the education and upbringing of the younger

generation, his individual path and methods. At the same time, it is also said about the foresight of his father Kopey Sufi, who had a great influence on the development of the personality of Mashkhur Zhusup.

Библиографиялық тізім:

1. «Тұлғалар өміріндегі ислам». Марфуға Шапиян. Алматы, 2020ж.
2. «Көпшілік Көпей сопыны біле ме екен?»// Сайлау Байбосын. https://adebiportal.kz/kz/news/view/kopsilik-kopei-sopyny-bile-me-eken_20769 Әдебиет порталы, 2018ж.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚИТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде оқыту және тәрбиелеу білім беру жүйесінің маңызды міндеті болып табылады. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта, оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Бұл тәсіл білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, білім беру әдістемесін, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған. Сабақта оқушының жеке басын қалыптастыру процесі нақты өмірмен байланысты материалға негізделуі керек, тек осы жағдайда ғана оқыту мәнді және тиімді болады. Сабақтың тиімді болу шарттарының бірі – білім алушылардың бойында базалық құндылықтарды қалыптастыру. Сабақты ұйымдастыруда құндылықтарды қалыптастыру оқу мақсаттарына тікелей байланысты. Осы мақсатқа жету барысында өз тәжірибемде, ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын жиі пайдаланамын.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз шығармаларында қазақ мәдениетіне, дәстүрлері мен тарихына байланысты оқиғалар мен құбылыстарды сипаттайды. Шығармалары білім беру процесінде өзінің ұлттық болмысын саналы түрде түсіну мен құрметтеуді қалыптастыру үшін қолдануға болатын ұлттық құндылықтарды бейнелейді. Мысалы:

«Жарты нан» шығармасында:

Жамандық қайдан туар, тілден туар,

Әркім де ғақыл болса, тілін буар.

Шығарсаң бір жаман сөз сен аузыңнан,

Артыңнан айдаһар боп сені қуар, - деп басқа пәле тілден келетінін айтып, әр адам өзінің тіліне ие болып, дұрыс сөйлеу керектігін айтады.

«Бес қымбат» өлеңінде:

«Бесінші, қымбат нәрсе - әдеп» - деген,

Әдепсізде иман тұру ғажап!» - деген.

«Кәпірлік- әдептіде тұрмағандай,

Әдеп деген Махаббатқа себеп!» - деген, деп жырлай келе оқырманының әдепті болуға шақырады.

Қызыл ала бұзау.

Жатыр жалмаң құлағы,

Қиқу қыздардың қызыл ала тырнағы.

Қызыл тырнағы қылтылдақ,

Сүйір тырнағы жылтылдақ – сияқты жаңылтпаш өлеңдері бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуға таптырмайтын құрал десек болады.

Осы сияқты тәлімі жоғары, мағынасы терең өлеңдерін «Әдебиеттік оқу» пәніндегі «Қазыналы қарт тәлімі», «Адами асыл қасиеттер», «Ата - баба тәрбиесі» бөлімдерін өткенде қосымша тапсырма ретінде өз сабағымда жиі қолданамын.

Оқушылардың Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын зерделеуге және талдауға қатысуы оларға қазақ тілі мен мәдениетін жақсы түсінуге, сондай-ақ мәтіндерді оқу, жазу және талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мен өз сабағымда жазушының шығармаларын топтық, жұптық, жеке жұмыс барысында, сыни тұрғыдан ойлау және оқушылардың жазбаша қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесетін пікірталастар, эсселер немесе нақыл сөдерін жобалар үшін материалдар ретінде пайдаланамын.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде қолдану оларға ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау мен дамытудың маңыздылығы туралы білуге мүмкіндік береді. Мұндай мәтіндер патриоттық сезімді сақтап, өз халқының тарихы мен мұрасына құрмет көрсете алады.

Нәтижесінде, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде оқыту және тәрбиелеу өз мәдениетін, ұлттық бірегейлігін терең түсінуді және ұлттық құндылықтарды құрметтеуді қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Бұл толерантты және үйлесімді қоғамды қалыптастыру үшін маңызды, мұнда әр адам өзінің шығу тегіне қарамастан бағаланады және құрметтеледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқудың өзектілігі бірнеше аспектілерде жатыр:

1. Тарихи құндылығы: Көпеев-өз елінің әдебиетінде елеулі із қалдырған белгілі қазақ жазушысы. Оның шығармаларын оқу Қазақстанның тарихи дәуіріне еруге және осы елдің ұлттық мәдениеті мен табиғатын түсінуге мүмкіндік береді.

2. Мәдени мұра: Көпеевтің шығармалары қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін бейнелейді. Оның шығармаларын оқу көкжиегін кеңейтуге және Қазақстанның мәдени мұрасын тереңірек түсінуге көмектеседі.

3. Әмбебап тақырыптар: Көпеевтің шығармалары махаббат, отбасы, достық, табиғат және т.б. сияқты әмбебап тақырыптарға қатысты. Бұл тақырыптар ұлты мен мәдениетіне қарамастан барлық адамдар үшін өзекті және

оқырмандар арасында эмоционалды және эстетикалық реакция тудыруы мүмкін.

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқу ой-өрісін кеңейтуге, Қазақстанның мәдениеті мен тарихын тереңірек түсінуге, сондай-ақ оның әдебиетінің сұлулығынан ләззат алуға көмектеседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлттық құндылықтары мен көркем шығармаларын зерделеу және игеру арқылы ғана оқушылардың патриоттық өзін-өзі тануын терең және саналы түрде қалыптастыруға қол жеткізуге болатындығын дәлелді түрде көрсетеді. Бұл талантты жазушының шығармалары білім беру үдерісіндегі маңызды ресурс болып табылады, өйткені олар оқушылардың санасында адамгершілік құндылықтарды, патриоттық сезімдерді және өз ұлты үшін мақтанышты дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, қазақ жазушысы өз шығармаларында халықтық әдет-ғұрыптарды, дәстүрлер мен мәдениетті бейнелейді, бұл балаларға өз халқының тарихи тәжірибесіне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Оқушылар кітап кейіпкерлерінің эмоциялары мен тәжірибелерін жеке басынан өткере алады, сондай-ақ туған жеріне және халықтық бірегейлікке құрметпен қарауды дамыта алады.

Өз сабағымда мен оқушыларыма Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің нақыл сөздерін ала отырып, оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды арттыра алдым. Мысалы:

-Жақсы бала- бағың, жаман бала-сорың.

-Жақсыда қастық жоқ,

Жаманда достық жоқ.

-Өтірік сөз дауға пайда,

Өткір пышақ қолға пайда.

Оқушыларыма адамгершілік, достық, адалдық, махаббат, отанға деген сүйіспеншілік, бауырмашылдыққа тәрбиелей отырып, қазақ әдебиетінің байлығы мен сұлулығын көрсеткім келді. Оқушыларға өздерінің мәдениеті мен құндылықтарының маңыздылығын түсінуге және сезінуге көмектеседі

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқу және талқылау барысында мен оқушылардың назарын осы шығармаларда байқалатын ұлттық құндылықтарға аудардым. Олар қазақ халқының салт-дәстүрлерін терең құрметтеуді, ұлттық батырлардың жоғары абыройы мен даналығын, сондай-ақ өз Отанына деген адалдығын көрді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқу оқушыларды өздерінің ұлттық бірегейлігі мен құндылықтары туралы ойлауға шабыттандырды. Олар қазақ болу деген нені білдіретіні, Ана тілі мен мәдениеті олар үшін неліктен маңызды екендігі және өздерінің ұлттық бірегейлігін қалай сақтап, ілгерілете алатыны туралы ойлана бастады.

Сайып келгенде, Менің сабағым қазақ әдебиеті әлеміне қызықты саяхат болып қана қоймай, оқушылар үшін өздерінің ұлттық бірегейлігі мен құндылықтары туралы ойлауға тамаша мүмкіндік болды. Бұл сабақ оқушыларға өздерінің мәдениеті мен мұраларын жақсы түсінуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға және насихаттауға шабыттандырғанына сенімдімін.

Қорытындылай келе, "Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде оқыту және тәрбиелеу" мақаласы балалардағы патриоттық сезімдер мен өз еліне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс істейтін педагогтар мен тәрбиешілер үшін өте маңызды ақпарат көзі болып табылады. Осы көрнекті жазушының шығармаларын пайдалану Отанның үйлесімді және мақтан тұтатын азаматтарын қалыптастыра отырып, білім беру процесін ұлттық мәдениет пен құндылықтармен қанықтыруға мүмкіндік береді.

Аңдатпа: бұл жұмыс Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары арқылы ұлттық құндылықтар негізінде оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелерін зерттеуге арналған. Жұмыста ұлттық сананы қалыптастыру мен дамытудағы, тарихи жадыны қолдаудағы және мәдени мұраны сақтаудағы әдеби шығармалардың рөлі қарастырылады. Оқушыларды М. Ж. Көпеевтің шығармаларын зерттеуге тарту үшін педагогтар қолданатын негізгі принциптер мен әдістер талданады. Зерттеу нәтижесінде білім беру процесінде ұлттық әдебиетті пайдаланудың маңыздылығы туралы қорытындылар жасалды, сондай-ақ оқушылардың ұлттық бірегейлігі мен патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында М.Ж. Көпеевтің шығармаларымен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстар ұсынылды.

Аннотация: данная работа посвящена исследованию вопросов обучения и воспитания учащихся на основе национальных ценностей через произведения Машхура Жусупа Копеева. В работе рассматривается роль литературных произведений в формировании и развитии национального самосознания, поддержке исторической памяти и сохранении культурного наследия. Анализируются основные принципы и методы, используемые педагогами для привлечения учащихся к изучению произведений М. Ж. Копеева. В результате исследования сделаны выводы о значимости использования национальной литературы в образовательном процессе, а также предложены рекомендации по организации работы с произведениями М. Ж. Копеева с целью формирования национальной идентичности и патриотических чувств учащихся.

Abstract: this work is devoted to the study of the issues of teaching and educating students based on national values through the works of Mashkhur Zhusup Kopeev. The paper examines the role of literary works in the formation and development of national identity, the support of historical memory and the preservation of cultural heritage. The basic principles and methods used by teachers to attract students to study the works of M. J. Kopeev are analyzed. As a result of the research, conclusions are drawn about the importance of using national literature in the educational process, and recommendations are proposed for organizing work with the works of M. J. Kopeev in order to form national identity and patriotic feelings of students.

Библиографиялық тізім:

1. Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет», 2005 ж., №10.
2. Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. - Павлодар, 2010. - 308б.
3. Ғ.Есім Адам-зат. Философиялық эсселер кітабы –Астана, 2008. - 381б
4. Мамытова С.Н. Исторический процесс в интерпретации М.Ж. Копеева: диалектика божественного и человеческого // Известия НАН РК. - Серия общественных наук, 2009, № 2. - С. 17-19. 5.
5. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 1 том. - Алматы: Алаш, 2003. - 504 б. 6.
6. Ахметова Г.Г. Взаимосвязь этического и эстетического в творчестве М.Ж. Копеева, С.Торайгырова и Ж.Аймаутова. Автореферат дис. канд. филос. наук. - Алматы, 2003. - 34 с. 7.
7. Көпеев М.Ж. Екі томдық. 2-т. - Алматы: Ғылым, 1992. - 224 б.
8. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Суреткер ақын // Кітапта: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.4 – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2004 – 535 стр. Баратова М.
9. ЦРФ НАН РК. Папки : 13, 61, «А», Р 215, Д 215, Р 265, Р 273, Р 334, 348, 378, 657, 775, РМ 776, 819, 829, 874, 1062, 1080, 1125 «А», 1170 «А», 1171, 1172, 1173 «А», 1173 «б», 1174, 1175, 1176, 1177, 1178, 1330, 1623, 1645, 1882 и т.д.
10. Абилов Д. Машхур-Жусуп // Жұлдыз. 1992. № 12. С. 116-129.
11. Божеев М. Наследие Машхур-Жусупа // Жалын. 1974. 3. С. 127.
12. Газета «Дала уалаяты»: В 4 т. Алматы: Наука, 1989-1994.
13. Каскабасова С.А. Казахская фольклористика II половины XIX века // История казахской фольклористики. Алматы: Наука, 1989. С. 118.
14. Газета «Дала уалаяты». Алматы: Наука, 1989. С. 142-145.
15. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. / Даярлаған С. Дәуітов. Алматы: Жалын, 1993. -76 б.
16. Көпеев М.Ж. Дуаның пайдасы туралы. / Баспаға әзірлеген Е.Жүсіпов. // Зерде. 1995. -Б.28.
17. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат

Ысқақ Ақерке Нурлановна
Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектептің
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК- РУХАНИ ТӘРБИЕ

Қазақ жерінің қасиетті топырағы Баянауыл өткесінде туған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз заманының ойшылы, фольклортанушысы, этнограф-тарихшысы, философы және қазақ мәдениеті мен әдебиетінің биік тұлғасы болған.

Мәшһүр Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ол тек қылқаламмен өлең жазып қоймай, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырумен айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. 10-15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, жыр шығарған. Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде білім туралы мақалдарды ерінбей өте ұзақ уақыт жинаған.

Мәшһүр Жүсіптің қалай ақын болғандығы жайлы әңгімесі оның өзінің алдындағы өнерпаздарға ұқсастығымен бірге, айырмашылығының да бар екендігін анық танытады. Мұны «Он бесте шабыттандым жүйрік атша, кеудеме өлең толды сызған хатша», - деген жолдардан ұғынуға болады. Одан бұл кезде жазу-сызудың қазақ өлкесіне кең қанат жая бастағанын, Мәшһүр Жүсіптің де сауаттылықты жоғары бағалап, оған құрметпен қарағанын аңғарасың. Мәшһүр Жүсіп өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатынасын, нені сүйіп, нені жек көретінін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнектеген. Біз оның мұндай туындыларынан сол кездегі адамдардың өмірге деген көзқарасын, ішкі жан дүниесін, тұрмысын жан-жақты танығандай боламыз.

Қазіргі таңда Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын әдебиеттанушылар мен тіл саласында жүрген мамандар білгенімен, халықтың басым көпшілігі біле бермейді. Тек шығармаларын ғана емес жастардың біразы ол әулиені танымауы әбден мүмкін. Ақын есімін насихаттау мақсатында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мақалалар жазып, тарата аламыз. Мен өз кезегімде зерттеу жұмысым арқылы ақынның шығармаларындағы адамгершілік-рухани тәрбиені, осы тақырыпта жазылған өлеңдерін насихаттағым келеді. Жастардың қызығушылықтарын ашуға ықпал ету мақсатында жобаны қолға алдым.

Әлемдік әдебиеттердің өзара байланысы, түрлі халықтардың көркем сөз өнерінің бір-біріне әсерін зерттеу, түрлі мәселелерді салыстыру арқылы Мәшһүр Жүсіптің басқа тақырыптағы және оқу-білім тақырыбындағы шығармаларын талдадым. Әулие мұра ретінде жазып кеткен білім

тақырыбындағы шығармаларын, кейінгі толқын інілер қайта жырлап, көркем әдебиетті дамытуға үлес қосса, әр қазақ өз міндетін атқарғандай бола алатын еді. Ұлы ақынның дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың әсіресе, оқу-білім тақырыбына жазған нақыл сөздерді жан-жақты меңгерген, оны қазақ топырағына лайықты етіп белгілі дәрежеде дамыта түскен мәңгілік өнер иесі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім тақырыптарын көріктеу құралдарын бетке ұстай отырып, мазмұны мен формасы жағынан мұхит тектес сарқылмас мұра иесі екендігін танытады. Бұл дегеніміз – артында қалған ұрпаққа алтындай сақтаған қылқаламның ұшымен жазған өнерлері, қазақ бауырларының санасы жетілген адам болуы үшін бір үлесі десек артық емес. Мысалы, кеңінен ашсақ ақынның оқу-білім тақырыбындағы жазған әртүрлі шығармалары әр адамға жаңа әсер, жаңа білім, жаңа сана, жаңа бақыт сыйлай алады. Дәл оқу-білім тақырыпқа жазылған парақтары халқының сауаттылығының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор әсер етті. Ақын жас ұрпаққа терең ойға толы, білім туралы өлеңдерін, шығармаларының әртүрлі үлгісін қалдырды. Мәшһүр мұралары адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттылықтың асыл байлыққа толы қазынасы. «Ғылымға, білімге неғұрлым ертерек, бала кезден ден қойсандар кейін өкінбейсіңдер», - деген ұстанымды ұстаған Мәшһүр әулиеміз жас ұрпаққа қалдырған өлеңдері көп-ақ. Мысал ретінде бірнеше өлеңдерін талдап, дәлелдер келтірсек:

Аспан толған жұлдыздан-
Жарқырап туған Ай артық.
Түйе сойған жиыннан
Тоқты сойған той артық.
Тіл алмаған ұлыңан-

«Сіз, біз!» деген - іні артық, - деген өлең жолдарында ұлыңның тілінді алып, айтқаныңды тыңдаудан бұрын берген тәрбиенен ғибрат алуы маңызды екенін меңзейді.

Кедектеп басқа келіннен

Кескектеген ит артық, - дегенде қазақтың келіннің қадамынан құт даритының келінде ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі мен орнын сабақтастырады. Жолыңды кеспей, иіліп сәлем салатын келіндердің мәртебесі биік.

Ауыл кезген қызыңнан
Есіктен кезбес ит артық.
Көріп алған көріктіден

Көрмей қалған текті артық, - деген жолдарында адамның тән сұлулығы емес, жан сұлулығы, табиғатымен үйлескен ішкі сұлулығы бәрінен артық санайды. «Қызға қырық үйден тыйым», деп қазақ айтқандай, қыз баласының жәркелеш қылығы мен артық жүріс-тұрысын сынаған. Оның бойындағы ибалылық пен инабаттылық қасиеті тәлім-тәрбиесінен көрінетінін айтады. Қыздың қылығы мен көріктігі бір-біріне сай болып, ата тәлімі мен ана тәрбиесін алған қыз ала жіпті аттамас керек-ті.

Өлімнің болжалы жоқ келетұғын,
Әр пенде Хақ жазғанын көретұғын.

Иманын жолдас етсін әр пенденің

Уақыты жетіп, күн болса өлетұғын. Бәрімізге белгілі Мәшһүр шығармашылығында дін мәселесі, иман жолы көбірек сөз етіледі. Әр адамның бес парызын орындамас бұрынғы хақ жолындағы адал жолы болуы керектігін айтады. Әрбір адам өлімнің, әр жасаған істің жауабы бар екенін біледі. Десе де, тура толдан тайқып кетер пендені иманды жолдас қып, Алла көрсеткен ақ жолдас адаспасқа шақырады.

...Жігіттер, сараңдықты қылма кәсіп,

Болмайды сараң жанға ұрмақ несіп.

Болса да өзі тақуа, өзі сопы,

Тозақтан құтылмайды сараң қашып. «періште алтын көрсе, жолдан таяды» демекші, пенде болған соң алтынға алданып, жолдан тайқып кетуі мүмкін. Бірақ та, жігіттердің табиғатынан мәрт, жомарт болатынын ескерсек, ешкім атақ-абыройды, мал мен дүниені, алтын мен жақытқа алданбай, оларды місе тұтпай жүруі керектігін айтады. Сараңдықтан қашу, жомарттығын көрсету, дүниеқоңыр болмау қажеттігін әрбір жігітке ескерткендей бұл өлең жолында сараң жанға ұрмақ нәсіп дейді.

Жомарттылық, жақсылық қыл орнын тауып,

Таппасаң, ысыраптан бар үлкен қауіп.

Көңіл қой, болар іске көзіңді сал,

Алаңдап күн өткізбе, босқа шауып. Жақсы істің, ғибратты істің қайтарымы қай дүниеде болсын қайтарын Мәшһүр Жүсіп өзге де шығармаларында жазып кеткен. Босқа күн өткізбей, жомарттық жасап, көмегіңді аямай, өзгелерге қолқабыс көрсету, ысырапшылдыққа салынбау қажеттігін айтады.

Мәшһүр Жүсіптің мұралары — маржан сөздері мол, тағылымды философиялық ой-толғаныстарға толы асыл қазына. ауыз әдебиетінің мол қорын эпостан бастап мақал-мәтелге дейін, ертегіден бастап жаңылтпашқа дейін тірнектепхаттайі берген ғұлама «Қазақ тілінен асқан бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиешілік те осында», - деп адамгершілік ұғымының тәлімдік мөнін ана тілінің күдіретінен, қасиетінен қазақ даналық, ұлттық ойлау жүйесі мен ерекшелігін көре. Ақын шығармаларының мазмұны халықтың әлеуметтік-болмысын терең де шынайы сипаттауымен, адам баласының жақсы-жаман қасиеттерінің жан-жақты ерекшеленеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары тарихымыз үшін құнды негізгі деректер көзі болып табылады. М.Ж.Көпеевтің еңбектері тарихи тұлғаларымызды ғана емес, жалпы қазақ тарихына қатысты мәселелерді де жан-жақты қарастыруымызға мол мүмкіндік береді. Оның еңбектері келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түседі және бір қарағанда кездейсоқ болып көрінетін қазақтардың қоршаған ортамен байланысын, олардың тарихи үрдістегі әлемдік тарихтың дамуындағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Неліктен Мәшһүр Жүсіптің оқу білім атты шығармалары өзекті? Себебі, жастар білімді болмаса Мәшһүр жазған шығармалар тарихтан тарихқа жете алмайды. Білім сонау ғасырлардан адам баласына танылған. Күллі адамзат өмірін білімге арнайды. Себебі білім ұрпақтан ұрпаққа берілетін шежіре, тарих, өнеге, тәрбие! Жас ұрпақтың білімге деген қызығушылығы қашан да жоғары. Адамдар бір орында тұрған жоқ, жылдан жылға түрлі технологиялар, жаңа білім бағдарламалары ойлап табылып, білім сапасы артады. Білімді ұрпақ сау келешектің кепілі. Білім үнемі кепілдегі байлық. Білімді адам - ең бай адам. Адам ешқашан толықтай білімге қанық бола алмайды. Байлық, мақсат, мансапқа жету жолында білімнің маңызы зор. Баланы – жастан. «Жастық шақта алынған білім – тасқа ойылған нақыш» дейді пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.). Сол себепті қазір жас өскелең буынға Мәшһүр Жүсіп оқу білімге байланысы бар дәріптеу аса қажет. Бұл тек Мәшһүр өлеңдерін жатқа оқытып, бір жылда бір республикалық деңгейге жеткізу емес, біз Мәшһүрді жас жеткіншектердің өміріне енгізуіміз керек.

Аңдатпа. Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы сөз етіледі. Адамгершілік тек тәрбие емес оның ішінде рухани тәрбиеге негізделген. Ақынның бірнеше өлеңдерінен мысал алынып, олардың әрқайсысына талдау жүргізілген. Ақын өлеңдері оқу-білім туралы ғана емес, сонымен қатар адамгершілік-рухани тәрбиеге де байланысты екендігін көрсету мақсатында рухани тәрбие туралы қарастырылған.

Аннотация. В произведениях Машхур Жусупа Копеева прозвучит тема нравственности. Мораль – это не просто воспитание в том числе на основе духовного воспитания. Пример взят из нескольких стихотворений поэта и проведен анализ каждого из них. Стихи поэта посвящены духовному воспитанию с целью показать, что речь идет не только об образовании, но и о нравственно-духовном воспитании.

Annotation. The theme of morality will be heard in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev. Morality is not just education, including on the basis of spiritual education. An example is taken from several poems of the poet and an analysis of each of them is carried out. The poet's poems are dedicated to spiritual education in order to show that it is not only about education, but also about moral and spiritual education.

Библиографиялық тізім:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған «Мәшһүр Жүсіп – мұрасы» республикалық ғылыми-теория. Қарағанды, 2008. – 239 б.
2. Көпеев М.Ж.Өлеңдер//Жиырмамыншы ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1994. – 5-17 б.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейев (1858-1931)//Баянауыл. – Астана, 2001. – 91 б.

Қолдасбекова Бактыкул Алимхасовна
Астана қаласы
Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі
Физика пәні мұғалімі
жоғары санатты педагог- зерттеуші

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ КОСМОЛОГИЯ МЕН АСТРОНОМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Жаратылыстану пәндері үздіксіз даму үстінде, жаңа деректер таным арнасына тартылып үнемі зерттелуде. Мәшһүрдің астрономия, космология сияқты терең ғылымдармен танысуына көз болған, атақты Әбу Әли ибн Сина, Әл—Фараби сияқты орта ғасырдағы бұқара ғалымдарының шығармалары.

«Қазақ философиясы – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы» – дейді белгілі философ, профессор А. Қасабек. Аспан шырақтарының аспан әлеміндегі орны мен қозғалысына қатысты Мәшһүрдің «Адам мен жұлдыздар ара-қатынасы» және «Жер мен Көк», «Аспан, Жер және Адам жаратылыс туралы» еңбектері арналған. Ең алдымен Мәшһүр дүниенің жаратылу актісіне назар аударады. «Көкті, жерді, айды, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, топырақты, ағашты, шөпті, хайуанатты, мақұлық атанған нәрсенің бәрін құдай жаратты...»

Ол табиғаттың алты күнде жаратылғанын мойындайды. Мәшһүрдің космологиясы мен астрономиялық түсініктерінде ежелгі шығыс философиясының және халықтың ғарыш туралы түсініктерінің әсері байқалады. «Күн – Айдай әлемнің патшасы, басқа жұлдыздар күннің қара бұқара әскері есепті. Ай – күннің уәзірі, Қытард (Меркурий) деген жұлдыз-хатшысы, Зәһрә (Шолпан) деген жұлдыз-ойыншы, сырнайшы, Мәріх (Марс) деген жұлдыз – әскербасы, Міштірі (Юпитер) деген жұлдыз – қазы, биі, төрешісі, Зүһәл (Сатурн) дейтұғын жұлдыз – казначейі. Жұлдыздар да өзіміздей мақұлық он екі шахары бар, жеті патшасы бар». Күн әлемінің патшасы, аспан шырақтарының ішінде орталық орын алады. Мәшһүр антика философиясы мен исламдық космографияның орталық назарында болған екі аспан шырақтары – Күн мен Айды қарастыруға ерекше маңыз береді. «Құдай тағаланың құдіреті күнді шақшитып, жап-жарық қылып, қақ мандайымыздан қадалтып қойды. Ойласақ керек... үлкендігі де бір дөңгелек нандай күн, күллі дүние жүзіне сәулесі бірдей... Екінші – Күн, төртінші – фәләк (аспан әлемі) жарық болғанда төрт мың жылдық жолда болса керек. Сонан келіп түндігімізден түсіп, үстімізде орнап тұрады ғой» – дейді Мәшһүр Жүсіп. Дүние мен Күн жүйесіндегі Жердің орталық жағдайы туралы ілім дүниенің геоцентристік жүйесі екені белгілі. Ол Күн мен Айдың мөлшері туралы күнделікті бақылау мен тәжірибеге сүйеніп тұжырым жасайды және Күн мөлшері жайлы ой-пікірі көз мөлшерінің көрсетуіне негізделеді. «Үшінші – Күннің жарығына жанды-жансыз, жақсы-жаман махрұм болған бір нәрсе

жоқ». Ол күннің жарық дүниеге тигізер пайдасы мен шапағат нұрының ұшан-теңіз екендігін болжайды. Күн төртінші қат көкте, оты күшті: айдай әлемді отынның сәулесімен жарық қылып тұрады. Айда от та жоқ, сәуле де жоқ. Күн сәулесі оған түсіп айнаға түскен күннің екінші бір жерге түскен сәулесі сықылды. Күннен көтерме алған сәулемен түнде жарық болғансып тұрады.... Күн – аспан шырақтарының аспан әлемінде орналасуы үшін есеп нүктесі болып табылады.

Сонымен, Мәшһүр Күнді шар тәрізді, күнде нұр мен жарықтың тән екендігінде қабылдайды. Айдың өзін қарастырғанда Мәшһүр айдағы жарық сәуле өзінің жеке сапасы емес, айдағы сәуле күн сәулесінің шағылысуы деп ой түйіндейді. Ол астрономиялық көзқарастарында Күн мен Ай және басқа планеталар мен он екі шоқ жұлдыздар, планеталардың шоқжұлдыздарды айналуы, күннің тұтылуы туралы деректерді қарастырады. Жұлдыздардың адам тағдырына және мінез-құлқына тигізер әсері жайлы ой пікірлер айтады. Аспан шырақтары Күн мен Айдың адам баласы мен дүниеге тигізер пайдасы жайлы ой топшылайды. Айдың адамдар үшін күн тізбелік қызмет атқаратынын болжайды. «Бірі – Айдың туысын күтіп, күллі дүние жүзінің көзі аспанда болады: басы қай күн, ортасы қай күн, ақыры қай күн болатынын білу үшін». Ойшылдың дүниетанымында, қазақ халқының ғарыш туралы түсінігіндегі Айдың алатын орны мен мұсылман дініндегі Ай символының ықпалы байқалады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде, мақал мәтелдерінде және адам аттарында Айдың алатын орны ерекше. «Аспандағы Күн шеңбері және дала үстіндегі көк күмбезінің жарты шеңбері өмір мен ғарышты түсінудің дүние танымдық негізіне айналды». Мәшһүр Жүсіп аспан шырақтарының қозғалысы мен жер бетіндегі болып жатқан құбылыстар арасында байланыс бар екендігін көрсетеді. «Бұл Күннен бірнеше пайдалар бар. Үлгісі күллі ғаламға күдірет жаққан шамы қараңғы үйдің ішінде отырып жұртты не қылмақ, шам жағылса, әркім көңіліне алған жұмысына кірісе бастайды. Екінші – қанша дүние жүзінің демін құрғатып, өсетұғын нәрселердің бәрінің өсіп-өнуіне күш береді». Мәшһүр аспан шырақтарын, табиғат пен адам үшін пайдалы іс-әрекеті арқылы бағалайды. «Бесінші – қыстыгүні фәләктің (аспан әлемі) төменгі жағымен, жаздыгүні жоғары жағымен айналады. Онысы да күллі дүние жүзіне пайдасын тигізу үшін. Алтыншы – Аймен бір араға бас қоспайды. Бірінің қылатұғын жұмысын бірі бұзбастыққа әбден ынтымақтасқаны, әрқайсысының жұмысы басқа-басқа болғандықтан» . Күн қозғалысын шығыстан батысқа қарай деп көрсетуі де Күннің тигізетін пайдасы арқылы шешіледі. Күн мен Айдың реттелген қозғалыс күйінде, бір-біріне кедергі келтірмейтін, яғни, өздерінің тұрақты қозғалысында бір-бірімен соқтықпай қозғалады. Күн аспан әлемінде күндіз, ал Ай түнде, бірбірін ауыстырып, кедергісіз өзінің орнына қайта оралады. Күннің айналмалы шеңбер бойымен қозғалуын мойындайды. Жоғарыда баяндалған көрсетулер, Мәшһүрдің дүние формасы туралы ойпікірін анықтауға мүмкіндік береді. Аспан жарты шеңбер түрінде болжанады. Күн аспанның бір шетінен (шығыстан) көтеріледі және батыста төмен батады. Жер формасы бойынша жазық болып табылады. «Төртінші күннің тұтылуы

осындай жап-жарық болып тұрған Күн жоғалып кеткеннен ойласак керек... Күн өзі күн болып тұрған жоқ екен, оны Күн қылып жарқыратып қойған әр жағында күдіреті күшті Құдай барлығы» – дейді Мәшһүр Жүсіп. Күннің тұтылуын көрсете отырып, ойшыл шын мәнісінде оның көрінуінің себептерін қарастырмайды. Күннің тұтылуы, дүниені жаратушы Құдайдың іс-әрекеті болып табылады. Мәшһүр аспан шырақтарының аспан белдеулерінде орналасуын да қарастырады. «Көп жұлдыздар жеті көктен әрі сегізінші қабат көкте. Ең бізге жақын көкте Айдан басқа жұлдыз жоқ. Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы – жақындығы, өзінде сәуле де жоқ, сана да жоқ. Сәулені, сананы күннен алып, жарқағансып тұр. Оны бірде бірі көрсетіп, бірде қылтитып, қылдырықтай көрсетіп тұрған – Күн сәулесі». Ол аспан әлемін сегіз қабатқа бөледі. Күн төртінші қабатта орналасқан. Аспан шырақтары белгілі уақыт аралығында периодтық қозғалыс жасайды. Планеталар өзінің қозғалысымен, уақыт пен жылдың өзгеруі мен кезектесіп келуін тудырады. Біз жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Мәшһүрдің пікірінше, жыл мезгілдерінің алмасуы Күн қозғалысының себебінен туындаған. Шоқжұлдыздардың жыл мезгілдеріне әсері Күн қозғалысының тікелей әсерімен емес, жанама әсерімен жүзеге асады. Жылдық цикл (жылдың төрт мезгілі) Күннің барлық шоқжұлдызды айналып өтуімен аяқталады. Ойшыл өзінің еңбектерінде, Үркер, Темірқазық, Жетіқарақшы жұлдыздарын атап көрсетеді. Адамның мінез-құлқының қалыптасуына және адам тағдырына жұлдыздардың әсері бар екенін айтты. Ол адам дүниеге келместен бұрын белгілі бір мінез-құлыққа, белгілі кәсіпке бейімділігі планеталардың араласуымен қалыптаса бастайтындығын атап көрсетеді. Адамның туылуына Күн, Ай, Шолпан, Меркурий, Марс, Юпитер, Сатурн планеталарының орналасуы маңызды мағынаға ие. Аспан денелері мен шырақтары жайлы халықтың сан ғасырлы тәжірибесінен туындаған этноастрономияға қатысты мәліметтер көптеп кездесіп отырады. Екеу-екеу басы қосқанның бәріне де бір-бір айрылмақ бар. «Жалғыз-ақ айырылмағанда не айырылмайды? Темірқазық деген жұлдыздың маңайында тұратұғын Ақ боз ат, Көк боз ат дейтұғын екі жұлдыз». Қазақ халқы көшпенділік өмір салты және шаруашылықты жүргізу әдістеріне сай, өмірлік қажеттіліктерге орай Үркер, Темірқазық, Таразы, Жетіқарақшы жұлдыздарының аспандағы орнын анықтау, белгілеу арқылы жыл мезгілінің ауысуын, ауарайын біліп отырған. «Аспандағы Үркердің қыздарын аңдып, Ақ бозат пен Көк боз атты торып жүрген Жетіқарақшы туралы мифке келер болсақ, ол да – ежелгі мифологиялық құбылыс». Қазақтың космогониялық және космологиялық аңызәпсаналарында Сүмбіле, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер жұлдыздары өзара бір-бірімен тығыз байланыста қаралады. «Ана екі бүйірдегі екі жарық жұлдыз – Ақ боз ат пен Көк боз ат – батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқаны да әне көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала оттайды». Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің адам тағдырына, мінез-құлқына, аспан шырақтарының әсері, алуан түрлі жұлдыз жорамалдар, планеталардың жер бетіндегі құбылыстарға тигізетін әсері, көк аспан мен қара жер арасындағы болып жатқан оқиғаларға аспан денелерінің белгілі бір ықпалы

туралы ойы астроном-ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр. Астрология қазіргі уақытта ренессанстық (қайта өрлеу) күйді бастан кешіруде.

Халықтық астрономияда аспан шырақтарының адам баласына жасайтын ықпалы көрсетіледі. Мысалы: «Айың тусын оңынан, жұлдызың тусын соңыңнан», «Жұлдызы қарсы», жұлдыз аққанда – адамның өлуі т. с. с. «Ежелгі түсінік бойынша адам баласына (жалпы тіршілікке) әсер ететін күш, әр қат көктің иесі, яки Сайраны (планетасы) болмақ. Олардың реті Зухал (Сатурн), Миштари (Юпитер), Маррих (Марс), Зухра (Шолпан), Кұтрад (Меркурий), Күн және Ай. Ана құрсағындағы баланың өсу кезеңінің әрбір күні рухани күш – періштенің бақылауында болады». Мәшһүр Жүсіп дүниенің жаратылу актісіне назар аударады. «Құдай өзі де мінсіз, жаратқан нәрсесі де мінсіз. Жаратқан мақлұқтарын ерлі-байлы қылып, мұнан былайғының бәрін сол мақлұқтарын жасап шығаратұғын қылды. Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік-ықтиярын мақлұқтарына берді». Оның пікірінше, Алла өзі мінсіз болғандықтан, жаратқан табиғаты да, жан-жануар да, адамдар да мінсіз, өсіп-өніп көбеюге, яки әрекет еркіндігі берілген. Мейірімді, құдіретті жаратушы Алланың шеберлігі өлшеусіз, шексіз, сондықтан да Алланың ісі – дүние де шексіз, мәңгі. «Бұл әлем ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең, ұшы-қиыры жоқ таусылмайтын, құрымайтын дария дедік. Әуел басы – Адам ата, ақыры – осы отырған өзіміз Толқында тұрақ бар ма, қалай айдаса, солай кете береді. Бұл дүниенің ағымы – дарияның толқыны». Мәшһүрдің пайымдауынша, Алла жаратқан дүниеде өзгеріс, даму тән, әлем бір қалыпта тұрмайды, ол үнемі өзгеріс күйінде болады. Табиғатта барлығы да жанды да, жансыз, табиғат заттары да өзгерісте, өзгеріс пен қозғалыс болмай қоймайтын мақсатты, қажетті іс. Өзгеріс ұғымын толқын арқылы көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп дүниенің бірлігі мен мәңгілігінің бастапқы жаратушысы – құдіретті күші шексіз Құдай мен жаратылған дүниенің мәңгілігі мен шексіздігін көрсетумен анықтай отырып: Бір жарық түн басына таң атады, Мейлің Ай, мейлін Күн бол бір батады. Дарияның толқынындай дүние жүзі, Толқында тауып тыныштық кім жатады, – деп Аспан әлемі жер бетіндегі заттар мен құбылыстар, табиғат процестері мен заңдылықтарының өзара әрекеттілігі мен себепті байланыстары негізіндегі болып жатқан өзгеріс пен қозғалыс дүниенің мәңгілігінің негізгі бастауы деп ой топшылайды. Дегенмен, кейінгі жылдары астрологияға деген қызығушылық едәуір өсті. Жұлдыздардың адам мен адам ағзасына тигізетін құпия ықпалын бүгінгі күні сәнге айналған алуан түрлі жұлдыз жорамалдар түсіндіріп бағуда. Белгілі американдық астролог Линда Гудманның пікірінше, «Астрологияның тілі – бізді тұманды өткенмен байланыстыратын алтын арқау және космосты игерудің әсерлі ғажайып келешегіне бізді дайындайды». Сонымен, Мәшһүрдің астрономиялық көзқарастарында аспан шырақтары мен жұлдыздарының аспан әлеміндегі орналасуы мен қозғалысы, табиғат құбылыстары мен процестеріне және адамдарға әсері қарастырылады. Аспан шырақтарының қозғалысын тану ғылыми-жаратылыстық танымның өзара байланысты екі негізгі формалары, тәжірибе мен бақылау арқылы жүзеге асады. Мәшһүрдің әр түрлі аспан

белдеулерінде орналасқан аспан шырақтары өзара әрекет күйінде болып және жер мен көк арасындағы болып жатқан процестерге белгілі әсер жасайтындығы туралы пікірін атап өткен жөн. «Көне дәуірдің астрономиясында (астрологиясында) пайда болған бұл идеяның позитиві, рационалды дәні бар». Мәшһүр Жүсіптің космогониясы мен космологиясы өзара байланыста көрінеді. Мәшһүр Жүсіптің мол мұрасы ішінде оның ғылыми жаратылыстық ойлары, медицинаға, метеорологияға қатысты ойлары арнайы зерттеуді қажет етеді. Мәшһүр Жүсіптің ғарыш аспан шырақтары жайлы ойлары жан-жақты, тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Мәшһүрдің қарастыратын мәселелерінің шеңберінде методологиялық мәселе ерекше орын алады. Мәшһүр бойынша дүниенің екі шегі аралығында алуан түрлі өзара байланысты процестер мен құбылыстар болып жатады. Оның еңбектерінде: жел, бұлт, жаңбыр, қар, найзағай, күн күркіреуі, жер сілкінуі туралы баяндалады. Өзінің стихиялар мен сапалар туралы іліміне сүйене отырып, олардың себептілік және ғылыми-жаратылыстық түсінігін береді. Оның көзқарастары, антика және ортағасырлық ғалым мен философия жетістіктері, сонымен бірге табиғат құбылыстарын бақылау нәтижелерін және күнделікті өмірлік тәжірибенің деректерін терең ой елегінен өткізуге негізделген. Табиғат әлеміндегі үстемдік етуші себеп-салдарлық байланыс принципіне сүйене отырып, Мәшһүр барлық, алуан түрлі құбылыстарды екі негізгі топқа бөледі. Олардың бірі тудырушы (себепші) және мәндік бастау ретінде, басқалары – олардың салдары, шыққан нәтижесі ретінде көрінеді. «Ауаның суықтығы күшейсе, су, қар, бұршақ болады да, жылулығы күшейсе, тұман болады, дүниені қаптап тұрған тұман – судың жылылыққа айналған буы. От пен су араласып жүретіндігі сондай: екеуінің соқтыққан ұрыс, төбесіне күн күркіреді, найзағай жалтылдайды... Аспандағы оттан, судан қар жауады, жаңбыр жауады».

Аннотация

Халқымыздың тарихы, мәдениеті туралы мол мұра қалдырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1931ж.ж) қазақ ғылымына қосқан үлесі ерекше. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерін жіктеп қарасақ медицина, астрономия, космология ғылым салалары үшін құнды зерттеулер, деректік мәтіндер бар. Жас кезінде Шығыс әлемінің білімімен сусындаған, кейіннен орыс тілін меңгеруі арқылы Батыс өркениетінің де ғылыми жаңалықтарымен танысқан ол тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика (жинастырған ауыз әдебиет үлгілері), әдебиет (ақындығы), тіл тарихы, этнография (қазақ халқының салт дәстүрі туралы шығармалары), философия, медицина, астрономия, космология ғылым салаларына арналған еңбектерді жазып қалдырды. Бұл мәселе бойынша Ә. Х. Марғұлан: “Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Физика, астрономия ғылымдарынан жақсы хабары болған. «Қазақ философиясы – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы» – дейді белгілі философ, профессор А. Қасабек. Аспан шырақтарының аспан әлеміндегі орны мен қозғалысына қатысты

Мәшһүрдің «Адам мен жұлдыздар ара-қатынасы» және «Жер мен Көк», «Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы» еңбектері арналған

Библиографиялық тізім

1. М.Ж. Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 66. – 24 б.
2. Бұл да сонда, 26 б.
3. М.Ж. Көпейұлы. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87 б.
4. Бұл да сонда, 87 б.
5. М.Ж. Көпейұлы. Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 24 б.
6. М.Ж. Көпейұлы. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87 б.
7. Ж. Қаракузова, М. Хасанов // Космос казахской культуры. – А., 1993. – 13 б.
8. М.Ж. Көпейұлы. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 88 б.
9. Бұл да сонда.
10. М.Ж. Көпейұлы. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы// Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87 б.
11. М.Ж. Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6–27 .
12. М.Ж. Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 27 б.
13. М.Ж. Көпейұлы. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 88 б.
14. С. Қасқабасов. Қазақ мифі және әлемдік мифология // Жұлдыз, 1998. – № 12. – 159 б.
15. Әбішов Х. Аспан сыры. – Алматы, 1966. – 84–86 бб.
16. Қ. Ақпанбек. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 37 б. 17 М.Ж. Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 24 б.
18. М.Ж. Көпейұлы. Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 58 б.
20. М.Ж. Көпейұлы. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей демегінің мағынасы // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 88 б.
21. М.Ж. Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6, 24 б.
22. М.Ж. Көпейұлы. Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 57 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ТАНЫМ

Дін ұғымына жатырқап, осқырына қарау әдебиет тарихын зерттеуде, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіптей ақындарды тануда көп қиындықтар мен адасулар туғызды. Бүгінгі таңда бұл сынды ақындар туындылары дін, рухани дүниетаным тұрғысынан қайта зерделеуге зәру. Осы мақсатта Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларын, Алла мен адам арақатынасына қатысты философиялық тұжырымдарын сопылық таным аясында қарастыруға талаптандым. Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіптің сопылық сарындағы діни философиясын өзі өмір сүрген дәуірдегі Абай, Шәкәрім сынды сопылық поэзия өкілдерінің мұраларымен, сопылық таным өзегінде талдауға тырысамын. Себебі, салыстыру әдісіне сүйене отырып Мәшһүр Жүсіптің Алла мен адам арақатынасына қатысты ойларын ашуға ден қоймаса, бұл шаруаның оңай шешіле қоюы қиын.

Суфизмнің негізгі өзегі болып саналатын ұғымдардың бірі – махаббат. Махаббат – Аллаға деген сүйіспеншілік, ақиқатқа ғашықтық мағынасында алынғандығын Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті[2,284], –
деп түсіндіреді. Және бір өлеңінде бұл ойын сабақтай түседі:
Махаббатсыз – дүние дос,
Хайуанға оны қосыңдар[2,144].

Абай даналығының мына өлең жолдары арқалаған ой тұжырымдарымен үйлесуі назар аударарлық. Мәшһүр:

Кісіге анау-мынау бұрмаймын бас,
Дүние – дос, махаббатсыз, құр қара тас.
Шын жүрек махаббаттылығы жан табылса,
Жолына жаным құрбан, Құдайға бас.
Махаббатпен жаратқан адамды өзі
«Махаббатсыз жан да жоқ, тіпті, иман»,–

деп,

Анық бар Пайғамбардың хадис сөз[3,147],–
дейді.

Ұлық мағынасындағы махаббат сезімінен адам бойында мейірімділік, кешірімділік, әділеттілік, адалдық, өзге үшін жанын пида қылушылық, сабырлылық, қанағатшылдық т.б. көптеген қасиеттер шығады. Осы қасиеттер ғана адамның асылындағы, негізгі келбетін ашып, кемелдікке жеткізеді.

Сопылық ілімде Алланың осы қасиеттерге сәйкесетін сипаттарын адам бойынан шығару – басты мақсат.

Махаббат – өзіңнен өзгені сүйе білу сезімі, өзінді сүю – тәкаппарлыққа, өзімшіл менмендікке, яғни Алланың лағынетіне ұшырап жәннәттан қуылған Ібіліс шайтанға тән бірден-бір қасиетке әкеледі. Алайда бұл махаббатқа жету үшін адамның алдынан бірнеше кедергілер шығады екен. Мұсылмандық танымда сынақ үшін жаратылған адам шайтанның азғыруларына төтеп беріп, нәпсісін жеңе отырып, Құдайды тануы тиіс.

Кедергілердің бірі – адам баласының дүние қызығына алданып, баянсызға жүрек байлауы, «дүниеге дос» болуы. Ұлық мәндегі сезімді Шәкәрім «шын махаббат» деп атап, ол дәрежеге жету оңай еместігінен сыр тартып, сынағандай сыңай танытады:

Шын махаббат қылуға,
Шын сабырың жете ме?
Көрінген әрбір сұлуға,
Көңілің толқып кете ме[3,300].

Махаббат жолында «баянсыз сұлуға құл болып», адасып кету қаупін Мәшһүр-Жүсіп те ескертеді:

Күйгенің шығындаған мал бола ма,
Наданда Алла сөккен ар бола ма?
Сүйгенің: ақша менен яки бала,
Не болмаса бір сұлу жар бола ма[5,168].

Адам дүние қызығына бой алдырмай, «тура жолдан таймауы» (Шәкәрім) үшін билікті жүрегіне беру керектігі айтылады. Абай он жетінші сөзінде адам жүрек билігімен жүргенде ғана кемелдікке жететінін мысалмен түсіндіреді. Жүрек мәселесін асқақтата жырлаған Шәкәрім:

Тәңірі жолы – ақ жүрек,
Шайтан деген қиянат.
Ақ жүректі ертерек,
Ескер-дағы қыл әдет[3,140].

Мәшһүр-Жүсіптің де ойы осы арнаға саятынын мына өлеңі тағы бір мәрте дәлелдейді:

Белсенген талап болса білегінде,
Ижабат шын жыласаң тілегінде
Ағартып, ауыр жұмыс, аршу қиын,
Мекені бір Құдайдың жүрегінде.

Мәшһүрдің еш бүкпесіз, тура айтылған бұл ойын Шәкәрім бейнелі түрде береді:

Бояуы мінсіз, сұлу шын Жар,
Жүрегімде сипатың бар.
Болып ынтық қыламын зар.
Бұл әлемде бармысың шын-ақ[3,256].

«Жүрек» ұғымына қатысты қолданылатын тағы бір ұғым – «жүректің көзі». Бұл бейнелі сөзді Абайдан кездестіреміз:

Іштегі кірді қашырса,

Түседі хақтың сәулесі.
Жүректің көзі ашылса
Адамның хикмет кеудесі.

«Іштің кірлеуін» Мәшһүр де сөз етеді:
Аллаға бір қылмадық жағар істі,
Қап-қара күйеден де қылдық ішті
Қылады шүкір, сабыр білген адам,
Ашылып жүрек көзі көрген адам.

Бұл жерде айтылып отырған «жүрек көзінің» ашылуы тікелей жүректің «кірден» тазаруымен байланысты екенін аңғарамыз. Шәкәрімнің осыған қатысты өлеңі жұмбақтың шешіміне жетелейді:

Бар ма маған бір сын?- деп,
Ұстағаным қай дін?- деп.
Ойламайды «кіммін»- деп,
Жүрегінде тоты бар.

«Ақыл таразы» деген метафораның шешімі де осы тұста.

Кім айтса да сынамай қойма, жаным,
Ақылыңа сынатып ойла, жаным.
Пәленшекке айтқан сөз дұрыс қой деп,
Жүректің таразысын жойма, жаным[4,66].

Егер адам періштенің айтқанын алса, жүрегінде бір ақ нүкте пайда болады, үнемі осылай етсе, жүрек ақ болып жарқырамақ. Егер шайтан ойын өткізсе, жүрекке қара нүкте түседі. Сөйтіп, жүрек қарайып, оны тот басады делінген.

Адамға жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратып тануы үшін «алтын-күмістің тілін білуші», яғни ұстаз керек екен. Ол пенденің «естен шыққан», ұмытылған рухын «мыстан», яки нәпсіден аршып алуға жәрдемдеседі. Ақындардың «ұстаз», «пір», «пір мұған» ұғымдарына қатысты ойлары өз алдына бір үлкен тақырып бола алады.

Енді «Жиырма үш жасымда...» деп басталатын бір өлеңінде Шәкәрім «ноқта» ұғымына басқаша мағына сыйғызып, былай дейді:

...Сиқыр жүзің ақылды байлап алып,
Тор шашың шырмалып,
Басымды ноқталар.

Ал, бұл мағынасындағы адам басының «ноқталануы», яғни «Жар шашына» байлануы – Құдайға махаббат қылудың бір көрінісі, Құдай мен құл арасындағы жақындықтың бір белгісі. Бұл байлануды ақын шаттықпен жырлайтыны да сондықтан.

Сопылық ілімде адам өмірінің мәні – мінсіз, бояусыз, шынайы махаббатқа жету, махаббат жолында жоғарыда айтылған кедергілерді жеңу арқылы ақиқатты тану:

Ғашық болмай танымаспын, Алла, сені,
Не қылсаң да ғашық қылғай, Паруардигар

Адамның асылындағы келбеті де осы махаббат арқылы ашылмақ, кемелденбек. «Адамды сүюден» (Абай) басталатын бұл сезім кедергілерді

жеңе отырып, ең жоғарғы дәрежесі – Алланы сүйуге жетеді деп бұл ғашықтық, махаббаттың адам болмысында әуелден бар құбылыс, ол ешкімді таңғалдырмауы, жаңалық болмауы тиіс дегенді айтады. Құдайға махаббат қылу – тәркідүниелік кейіпте немесе фанатизм ретінде көрінсе, бұл – «қылилықтың» немесе шындықты көрсетпей тұрған кедергі көптігінің белгісі ғана.

Қорыта айтқанда, Абай, Шәкәрім, Тұрмағамбет, Балқы Базар сынды Мәшһүр Жүсіптің де шығармашылығында сопылық таным қазақы болмыс бітімімен көрініс тапқан. Ішкі мәнге, жүрек тазалығына негізделген бұл ілім ғасырлар бойы қазақ халқының рхани бағдары һәм мұсылмандық түсінігінің айнасы болды. Осы ілімнің сәулесінде ой толғаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұралары жан-жақты зерттеуді қажет ететін рухани мұрамыз болып қала бермек.

Аннотация. XIX ғасырда діни білім беру мен ағартушылық бағытты ұштастыра қоғамды алға сүйреген ұлт зиялыларының қазақ мұсылмандық түсінігінің мән мазмұнын осы үш арна негізінде жаңғыртуға талпынғанын зерделеп келеміз. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» мен сопылық-философиялық мазмұндағы сыр шумақтары, Абай Құнанбайұлының дидактикалық өлең жырлары мен ғақлия дәстүріндегі қара сөздері, Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» сынды еңбегі сол дәуірдегі діни білім берудің сапасының, мазмұнының осы үш арна бойынша толысып, дамығандығын көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да осы кезеңнің шоқтығы биік зиялысы һәм дін қайраткерлерінің бірегейі. Артына мол мұра қалдырған қазақ халқының шын мәніндегі ғұлама ұлдарының бірі. Тәуелсіздік алғалы Мәшһүр Жүсіп мұрасы зерттеліп, «Мәшһүртану» саласы жоғары дәрежеде дамып келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ мұсылмандық түсінігіндегі орны мен дәстүрлі діни таным өзегіндегі елеулі қызметін зерделеу. Ол үшін әуелі, Құран ілімдері мен теологиялық дәстүрді, сопылық-дидактикалық сүрлеуді жан-жақты қамти отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымының қалыптасу арнасын зерделей білу маңызды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясындағы Алла мен адам арақатынасын зерделеуде оның дүниетанымын қалыптастырған рухани сүрлеуді жете түсініп алған жөн.

Аннотация. В XIX веке интеллектуалы нации, двигавшие общество вперед по направлению религиозного образования и образования, попытались на основе этих трех принципов разработать суть казахского мусульманского понимания. Шакарима «Мусульмандық Шапты» и поэма суфийско-философского содержания, дидактический сборник стихов Абая Кунанбайулы и грустная речь в начале гақлии, «Ручка ислама» Ыбырай Алтынсапина повышают качество и содержание религиозного образования в эти три периода. Машуп Жусип Копейули также был выдающимся интеллектуальным и религиозным лидером того периода. Это настоящее наследие сына учёного казахского народа, оставившего немало богатств. За годы независимости музей Машгура Юсипа благоустроен, а сфера «Машхуртану» развивается на высоком уровне. Поиск суфийских знаний в

книге Машура Юсипа Копейули, анализ религиозного взгляда мудрого учёного на взаимоотношения Бога и человека, раскрытие его смысла в ядре подлинного религиозного знания. Усовершенствование позиции Машура Жусипа Копейули в казахской мусульманской концепции и значительная деятельность в сфере традиционного религиозного знания. Для него, во-первых, важно детально изучить купанскую науку и богословскую традицию, суфийско-дидактическое изучение, суметь понять процесс формирования мировоззрения Машура Юсипа Копейули. Важно до конца понять ту духовную связь, которая сформировала его мировоззрение в развитии взаимоотношений Бога и человека в философии Машура Жусипа Копейули.

Abstract. In the 19th century, the intellectuals of the nation, moving society forward in the direction of religious education and education, tried to develop the essence of the Kazakh Muslim understanding on the basis of these three principles. Shakaipima “Muslimmandyk Shapty” and a poem of Sufi-philosophical content, a didactic collection of poems by Abay Kunanbayuly and a sad speech at the beginning of the gaklia, “Handle of Islam” by Ibyray Altynsapin increase the quality and content of religious education in these three periods. Mashup Zhusip Kopeyuli was also a prominent intellectual and religious leader of the period. This is the real legacy of the son of the learned Kazakh people, who left a lot of wealth. Over the years of independence, the Mashgup Yusip Museum has been landscaped, and the Mashkhuptanu sphere is developing at a high level. Search for Sufi knowledge in the book of Mashup Yusip Kopeyuli, analysis of the religious view of the wise scientist on the relationship between God and man, revealing its meaning in the core of genuine religious knowledge. Improving the position of Mashup Zhusip Kopeyuli in the Kazakh Muslim concept and significant activity in the field of traditional religious knowledge. For him, firstly, it is important to study in detail Kupan science and theological tradition, Sufi-didactic study, and be able to understand the process of formation of the worldview of Mashup Yusip Kopeyuli. It is important to fully understand the spiritual connection that shaped his worldview in the development of the relationship between God and man in the philosophy of Mashup Zhusip Kopeyuli.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбердиев Ш. *Шығармалары*. – А.: Жазушы, 1988
2. Құнанбайұлы А. *Шығармалары*. II том. – А.: Жазушы, 2005
3. Мәшһүр-Жүсіп. *Шығармалары*. I том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003
4. Шәкәрім. *Иманым*. – А.: Арыс, 2000

Алмабаева Алия Айтахметовна
Астана қаласы
Мұстафа Шоқай атындағы
№ 51 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі зерттеуші-педагог

МӘШҰР ЖҮСІП МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН РУХАНИ БАЙЛЫҚ НЕГІЗІ

Адамзат өзін қоршаған ортасын және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалауға құлықты. Ал құндылықтар дегеніміз – ол адамға ғана тән игі қасиеттер екені белгілі. Олар бізге дүниеге келген кезден бастап, ананың ақ сүтімен бірге, ана тіліміз арқылы мораль негіздері ретінде, өзінің тілін, дәстүрін, мінезі мен болмысын тарихын, мәдениетін игеру нәтижесінде орнығады. Құндылықтарды танудағы ең күрделі мәселе: нағыз құндылықтарымызды оның жалған (ақиқат және бейақиқат) форматынан айыра білуде. Жалпы құндылықтар қоғам мен уақыттың сұранысына қарай өзгерістерге ұшырап отырады. Ол – заңдылық.

Ұлттық құндылықтар - әрбір ұлттың ерекшелігін айқындайтын, өмірі мен тіршілігінен хабар беретін, болмысы мен бітімін қалыптастыратын үлкен категория. Ұлттық құндылықтар өмірді кезең кезеңдерге жалғап жататын, әрбір жаңа өскелең ұрпақ үшін үлкен мәнге ие бола отырып, ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып саналады. Өйткені ұлттық құндылықтарды тәрбиенің негізі, ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан рухани құндылықтар және аса биік парасаттылық пен моралдық тұрғысындағы өмір сабақтастығы жалғасып жататын, тұлғаның адамдық қасиетін, әдебі мен мәдениетін, тұлғалық ерекшелігін дамытып, әрі жан дүниесін нұрландыра түсетін, халықтың даналық, көрегендік өмір-салтынан туындап отыратын айнымас ережелер мен қағидалар құрайды.

Қазақтың дүниетанымы, көзқарасы, менталитеті, ақыл-ойы, тағылымдық ұлағаты мен өнегесі жылдар бойы үздіксіз қалыптасты. Осы ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлттық тәрбиенің құнарын бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде үздіксіз пайдалану - бүгінгі таңдағы ең басты қажеттіліктердің бірі де, бірегейі екені анық. Қазіргі ғаламдану заманында ұлттың ұлттығын сақтап, қазақ жастарын өзге жат мәдениеттер мен қаптаған қауіпті шатақ діндерден қорғап қалатын жол – ол қазақтың өз ата тарихы, дәстүрі, жол-жорасы, әулие-

ғұламаларының рухани мұралары екендігі сөзсіз. Ұлт тарихындағы сондай әулиенің бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халықта, отбасында, ұлттық дәстүрде, ұлттық өнерде, әдет-ғұрыпта. Әр адам адами рухани құндылықтарды өскен ортасынан, күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, білім ордасынан бойына сіңіреді.

Өз заманында Мәшһүр Жүсіп адам үшін төрт кедергіні атап өткен: Бірінші: адамның желкесінде тұрады. Аты – керітартпа. Адамның желкесін қырық адам ұстап отырады. Басты сылтауы «кейін жасарсың», «оны қайтесің»? Екінші: жалқаулық. Ол құйрықта. Тұрмау, жүрмеу. Үшінші: ұйқышылдық. Үнемі маңызды емес бір нәрсені ойлап, уайымдап жүреді. Белгі сөзі: «жасау керек еді». Төртінші: қорқақтық. Адам жаны өз жүрегінің қожайыны болу керек! Адам кейде тіршілік етіп жүргендей көрінуі мүмкін, бірақ ұйқыға кетіп қалғанын сезбейді, оны сезу үшін де адамға ішкі рух пен құндылық керегі ақиқат.

Тағы бір тұсында ақын өзінің ойын мынадай философиялық ойымен тұжырымдайды. «Жан – бір асыранды құс, дене – бір қапас. Ол құсқа от, су бермесе, қапаста тұрып аштан өліп қалады, оған қорек беру керек. Хайуан тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді. Мұнан мағлұм болды: Жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның қорегі – құлақ сүйсінерлік сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып тырысуы керек [5]. Бұл тұста да ақын адамзаттың ішкі әлеміне зер салуын еске салады. Ағзаның қажеттілігін қанағаттандырып қана қою маңызды емес, жан мен көңілге нәр беру керек екенін, жан тіршілік иесі екенін, оған рухани азық керегін, рухани ол байымаса жанның өлетінін тұспалдап жеткізеді. Жақсы сөз бен жақсы іс кімнен шығады, жан әлемінде рухани азығы бар адамнан шығады.

Ақын «Дене – бір қараңғы үй, жан – ол үйді жарық қылып тұрған нұр. Біреудің жаны сығырайып, зорға жанып тұрған шырағдан сықылды. Кейбіреудікі май шам сықылды, кейбіреудікі тас шам сықылды. Кейбіреудікі - одан да жарық: машинамен жағылатын электрі бар жарық сықылды. Онан да жарығы зор нұрлы жан болады. Есебі жан деген нәрседе ныһаят жоқ» [5].

Адамның жанын нұрға теңейді, оның жарығы да әртүрлі, оның әртүрлі болуы әрбір адамның ішкі құндылығына, рухына, тазалығына байланысты екенін көркем тілмен жеткізеді. Тіл көңілдің тілмәші: көңіл не бұйрық түсірсе де, тілмен түсіреді деп тұжырымдайды. Ақын афоризмдерінде де «Нәпсіңнің семіруін іздеме, арық болуын ізде», - дейді [6].

Сонымен қатар, «Адам ойына келген сөздің арамды алып тастап, адалын сөйлеуге ұмтылуға тиіс. Сөйлеген сөздің қан-жыны аралас болса, тыңдаушының мейірі қанбайды. Егер қан-жынынан айырып, сүттей тазасын теріп сөйлесе, оған тыңдаушының да құлақ құрышы қанады», - дейді [6]. Бұл тұста да ақын әдепті сөйлеуге, сөзде энергетика барын, сөз құдіретті екенін меңзейді. Сөзбен ауру адамды орнынан тұрғызуға болатынын, сауды құлатуға болатын еске салады. Ал дұрыс сөйлей алу үшін де адамда ішкі рухани құндылық болуы міндетті.

Көпеев өз еңбектерінде адамның сұлулығына назар аударады, ол өзінің басқа адамдарға деген рухани сұранысынан, адамгершілікпен толықтығынан, өз іс-әрекеттерімен тек өзіне ғана емес, басқаларға да бақыт пен жақсылықтың нұрын әкелу қабілетінен көрінеді. Ол адамның сұлулықты жасау қабілеті туралы айтады. Сонымен қатар, ол мейірімділік, жауаптылық, қамқорлық, жанқиярлық сияқты қасиеттермен тығыз байланысты адамның ішкі сұлулығының маңыздылығын атап өтеді.

Мәшһүр Жүсіп адамның ой ойлау қабілетін мойындады. Өз қалаулары мен құмарлықтарын білу адамның шынайы мәнін ашуға, оның ішкі сұлулығын кеңейтуге ықпал етеді, өйткені бұл жол өзін-өзі тану жолы. Өзін-өзі ашудың негізі – өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, әдемі идеалға жақындау. Ойшылдың пікірінше, жоғары рухани құндылықтарды іздеу және оған ұмтылу адамға адам болуға мүмкіндік береді. Өзін-өзі тану – жоғары адамгершілік адам болудың жалғыз сенімді жолы. Өзінің бірегейлігі мен бірегейлігін білу, оның шынайы табиғатын ашу, ең алдымен, адамның жүрегі арқылы өтуі керек, өйткені өзін білетін адам өзінің Иесі Алланың біліміне жақындайды, өйткені ол адамды өзінің бейнесінде жаратқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің пікірінше, білім – өмірдің жоғары рухани мағынасын табудың құралы. Жалпы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектері – өмірдің шексіз тұңғиығындағы философияның терең мұхиты. Өз шығармаларында ол халықтың қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғайды. Еңбектерінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ халқының қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қарастырды, оларды адамгершілік ағартуға шақырды, этикалық қағидалар мен таным нысандарының типологиясын әзірледі.

Мәшһүр Жүсіп этикалық адамгершілік негізі болып табылатын діни негізде құрылады деген тезисті алға тартты. Ол дінді теңдестіретін құбылыс және этиканың үйлесімді негізі деп санайды. Оның пікірінше, әлемге діни

және этикалық көзқарас сенсорлық принципті жеңе алады, ал адамның мінезі ізгіліктерді түсіну және дамыту жағдайында жақсарады.

Ойшылдың діни және этикалық көзқарастарын талдау, бақыт мәселесі адамның өмірлік ізденістерімен тығыз байланысты болады деген. Көпеевтің түсінігінде бақыт – ізгілік пен адамгершілік өмір салтының салдары. Философ оның негізінде қалаудың сөзсіз орындалуына ие болмауы керек, бірақ тілектер мен қажеттіліктердің ақылға қонымды өлшеміне байланысты болуы керек деп тұжырымдады. Ол өз еңбегінде:

«Табиғи адам – қанағатты. Қанағатты адам тиянақты. Тиянақты адам қайғысыз. Қайғысыз адам бақытты. Ендеше есті адам – бақыттың бастауы» [5].

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасы – ақыл мен жүректің, сопылық мистицизм мен ұтымды білімнің, философиялық публицистиканың және лириканың қосындысы, бұл ішкі біртұтас білім екі ақиқат – поэтикалық және ғылыми қиылысындағы логикалық мағыналардың «сезімінде» туады, олар жеке өмір сүруді тоқтатады, бірақ белгілі бір құндылыққа біріктіріледі, жеке тұлғаның еркін және жауапты шығармашылық таңдауын анықтайтын параметр. Бұл ретте нақ осы адамгершілік жауапкершілік бірінші кезекте қазақ философиялық ойының сипаты мен мақсатын айқындады [4].

Әлемді философиялық түсінудің және гуманистік бағдарлаудың жарқын мысалы болып табылатын Көпеев ойының импульсі мен ырғағы ойшылды бүкіл өмірін толғандыратын бір негізгі мәселемен анықталды. Бұл – халықтың өмірінің бастауы, халықтың тағдыры, оның адамгершілік ұмтылыстары мен мұраттары, оның жалпыадамзаттық құндылықтар мен прогреске ену мүмкіндіктері. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жоғары адамгершілік пафосына және адамның шығармашылық күштерінің көрінісі ретіндегі мәдениеттің гуманистік мәні туралы терең ойға бойлаған, бүкіл әлемді, соның ішінде Қазақстанды қамтыған жаһандану дәуіріндегі діни-философиялық көзқарастары ұлттық бірегейлікті, өзіндік бірегейлікті және рухани жаңғыруды іздестіру жағдайында болашақ перспективалардың бағытын айқындай отырып, қазіргі заманның адамгершілік бейнесі мен мағынасын қалыптастырады.

Ақын шығармаларында көпшілік қауымды еңбекке, оқу-білімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе қолыңнан келгенше кісіге жақсылық істе, кедей-кембағалдың қажетін өтеу – адамдық борышың. Ал, халық үмітін ақтарлық

игілікті ісің болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікір қорытады.

Қорыта айтқанда, ақын тағы да өз еңбектерінде адам санасының ояу болуына, өзін-өзі дамытуға, білім алуға, еңбек етуге насихаттайды. Еңбек бар жерде ғана адам өзінің болмысын жасайтынын ескертеді. Еңбекке үйренген адам ғана рухани өседі, ал еңбексіз рухани дамимын деу жалған екенін әрбір шығармасы арқылы дәлелдейді. Адамның арманы қиялында, сүйіспеншілігі жүрегінде, ұяты бетінде, ары мен намысы жанында өмір сүреді.

Қандай уақыт, қандай кезең болмасын, ұлттық құндылықтарымыз сақталмай, келешектің жарқын болуы күмәнді. Біз алдағы уақытта ұрпақтарымыздың білімді, саналы, ізетті, жаһандық білім беру кеңістігінде еркін самғай алатын, елі мен жерінің қадір қасиетін ұғатын, мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, ойы азат, мақсаты айқын, ел игілігі үшін еңбек ететін ұлтжанды, денсаулығы мығым, ата дәстүрді сақтайтын, рухани бай ұрпақты көргіміз келеді. Сондай ізгілік жолындағы ізденісіміз барысында басты арналы бағыттарымыздың бірі – Мәшһүр Жүсіп мұралары екені анық. Мәшһүр Жүсіп мұралары – Ұлы даланың асыл қазынасы. Ол – ұлттық құндылықтарымыздың толық болмыс-келбетін танытатын, қоғамдық сананың даму үдерісіндегі басты бағыт, негізі арналардың бірі.

Аңдатпа

Бұл мақалада жалпыадамзаттық құндылықтардың көрсеткіші, құрылымы, өлшемдері, деңгейлері т.б. мәселелері ақын, шежіреші, тарихшы, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларындағы тұжырымдардың негізінде талданып қарастырылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау - ұлттық болмысымызды тану жолындағы өз маңызын жоймаған өзекті мәселелердің бірі екені анық. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі мәні мен маңызы, адам өміріндегі рөлі кеңінен талқыланады. Сонымен қатар, ойшылдың мұраларындағы ұлттық құндылықтарды қазіргі заман көзімен талдай отырып, ұлттық құндылықты қоғамның даму үдерісімен ұштастыра саралайды. Мәдениеттің құндылық әлеуетін тұлғаның тұжырымдары мен көзқарастары арқылы дәлелдейді. Ұлттық құндылық концептілерінің типтері объективтендірудің негізгі құралы ретінде талданады.

Аннотация

В данной статье представлены индекс, структура, измерения, уровни и т.д. общечеловеческих ценностей. проблемы анализируются на основе материалов наследия поэта, летописца, историка, этнографа Машхура Жусипа Копеева. Понятно, что признание национальных ценностей в творчестве поэта, их изучение, пропаганда в соответствии с требованиями времени являются одним из актуальных вопросов, не потерявших своего значения на пути признания нашей национальной идентичности. В статье рассматривается значение и значение национальных ценностей в жизни человека, их роль в жизни человека. При этом, анализируя национальные ценности наследия мыслителя глазами современности, он дифференцирует национальную ценность в сочетании с процессом развития общества. Доказывает ценностный потенциал культуры через выводы и взгляды человека. Анализируются типы национальных ценностных концепций как основных средств объективации.

Abstract

This article introduces the index, structure, dimensions, levels, etc. universal human values. the problems are analyzed on the basis of materials from the heritage of the poet, chronicler, historian, ethnographer Mashkhur Zhusip Kopeyuli. It is clear that the recognition of national values in the poet's work, their study, and propaganda in accordance with the requirements of the time are one of the pressing issues that have not lost their significance on the way to the recognition of our national identity. The article examines the meaning and importance of national values in human life, their role in human life. At the same time, analyzing the national values of the thinker's heritage through the eyes of modernity, he differentiates national value in combination with the process of social development. Proves the value potential of culture through human conclusions and views. The types of national value concepts as the main means of objectification are analyzed.

Библиографиялық тізім:

1. Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және Шығыс руханияты / Е. Қ. Жүсіпов. – Алматы: Алаш, 2005
2. Қазақ афоризмдері. – Алматы, 2012
3. Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет», 2005
4. Нүсіпхан А. «Мұстафа Шоқай. Тандамалы» 1-2 том, - Алматы, «Қайнар», 1998
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалар жинағы // 11-том, - Павлодар: 2013

Буркутбаева Кенжегуль Ермаковна
Т.Айбергеноватындағы №16 орта мектептің
қазақ тілімен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазақ зиялыларының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берікұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам. Қараңғылықтың кегіне,

Күн болмағанда, кім болам?

– деген жойқын өнерлі ақын Сұлтанмахмұтты Абайға жалғас- тыратын ортада осы Мәшһүр Жүсіп тұр.

Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесінде оқыған Көпеев Орта Азиядағы араб, парсы тіліне жетік білімдарлардың бірі боп шыққан. Осы шығыс поэзиясының биік парасатын діншілдік санасыздықтан айыра таныды да өзінің барлық өмірін халық зердесін жарық ұстауға арнады. «Өсекті қожа менен молда айтады, басқадан олар тіпті оңды айтады» – деп күлетіні де сондықтан.

Турашыл болып тура айтқаны, ақты қара, қараны ақ демегені үшін ел билеушілерге жақпаған. Бұл ретте тартқан азабы да аз емес:

Туысқа тура жолды айтамын деп, Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай, - деп ол бекер шағынбаған.

Өткен екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Талантты қолдан жасау қиын. Білімді жинауға болады. Ол үшін қажыр-қайрат, зерде-жады, алқымы іспес еңбек қажет. Жұмыс тәртібі өз алдына. Мұндай дамыған елдерге тән зиялы салт-машықты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында барша қазақ ұстана алған жоқ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ел тарихындағы сондай дара саңлақтардың бірі болып қалды.

Оның бала күнінен табиғи зеректігі мен алғырлығы, Құран сөздерін, жыр-дастандарды, даланың ауызекі тарихын (ДАТ) жатқа соғуы сирек кездесетін дарын еді. Құдай берген ерекше қасиет бала Жүсіптің бағын асырып, атағын алысқа мәшһүр етті. Шорманның Мұсасы, Әкімбек сияқты белгілі адамдар алғыр жастың талантын түлетіп ұшыруға қол ұшын созды, азамат ретінде қайырымдылық көрсетті.

Мәшһүр Жүсіп өзінің ақындық қасиетін де Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді.

Ойланып қаламыңды қолға аласың, Сүңгіп жүзіп кетуге толғанасың.

Естіген кейінгіге мирас болып,
Саусағым ақ қағазға жорғаласын
(*Мәшһүр Жүсіп Көпеев*. Таңдамалы. 1-т. – Алматы, 1990. 135 б.).

немесе: –

Жабысты он бесімде өлең маған,
Түстеніп, өлеңші ата қона алмаған (сонда).

Заманынан озық ғұлама ойшыл сөз өнерінің жазылмаған ережедей мән-мағынасы мен зілмауыр азабын және сол дәуірдің менталитетіне сай өлең сөздің әрі ғибрат, әрі шежіре, әрі пәлсафа ретіндегі қызметін әбден жетік түсінеді. Қазақ үшін «ғалымның хаты» – өлең. Ал «жақсының атын» алу үшін от жүректі Мәшһүр.

Мәшһүрдің сөздің қадірін білуге, оны аса қасиет тұтып, бағалауға үндейтін жерлері аз емес. Өзі ақын болғандықтан да болу керек, ол жадында сақталған сөз маржандарының бірде-бірін назардан тыс қалдырмауға тырысты! Мысалы, оның қолжазбасында: «Жан бір асыранды құс. Дүние бір қапас. От, су бермесе қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған қорек беру керек. Адам баласы қайдан тамақтан семіреді, құлақтан семіреді. Мұнан мағлұм болды, жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның көрегі құлақ сүйсінер сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып, тырмысу керек», – делініпті. Дәл осы ой, дәл осы пікір бүкіл адамзат баласына ортақ. Шынында да адам жаны жақсы лебізге, әсем әнге тәтті күйге ынтық.

«Ақын-жыраулар туралы» атты бөлімде Мәделі қожа, Шернияз, Төлеген қожа, Алтыбас Қыпшақтан шыққан Ақмолла, Шортанбай, Абай, Қайырхан Көпейұлдарының бірді-екі өлеңдері берілген. Бұл өлеңдердің негізгі идеясы – өмірдің бір қалыпты емес, өткіншілігін толғау. Олардың мазмұнына қарасақ, адам әркез күрескер болу керек. Сонымен бірге, адам күні адаммен дегенді де еске салып қояды. Осыған мысал ретінде Қайырхан Көпейұлының мына бір шумағын келтірейік:

Тиеді ер пайдасы сасқан жерде,

Етегін ер жамылып басқан жерде.

Жаманға жазатайым ісің түссе,

Қабысып қалады екен аспан жерге, –

деп толғайды ақын.

Жинаушының қолжазбасында Абылайға байланысты ел аузынан жиналған аңыздар да мол. Әрине, Абылай аты аталған тұста Бұқар жыраудың да болатыны белгілі. Сондықтан бұл аңыздар тек Абылай жайында емес, ол өмір сүрген кездің ел қамқоры болған жақсы адамдары мен ақындары жайлы жазылған.

М.Көпеев біраз айтыстарды қағаз бетіне түсіріпті. Ол айтыстардың қалай, қандай жағдайда болғанын, кімдердің жеңіп, кімдердің не себепті

жеңілгенін де айта кетіпті. Қайым өлеңнің, жырдың кімнен басталғанынан да біраз мәлімет беріпті. Ол былай дейді: «Бұрынғылар домбыра ұстап, өлең айтатұғыннан қайым білесің бе деуші еді. ...Қайым деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда қайым өлеңнің ілкі басы Күдері қожа мен Ұлбике қыздың айтысы. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ. Бұлардан бұрын жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлеушінің тұңғышы – Ноғайлыдан шыққан Мөңке би, қазақтан жырлап сөйлеушінің басы – Бұқар жырау», – деп жалпы қайым өлең мен жырдың шығу, қалыптасу жайында біраз сөз етті.

М.Көпеев материалдарынан қазірше бес айтысты алып отырмыз. Олар: «Ұлбике мен күдері қожа», «Жанақ пен Түбек», «Шортанбай мен Орынбай», «Қыз бен жігіт», «Ақбала мен Боздақ». Осы туындыларды талдай отырып, мынандай ой түюге болады – айтыста сол дәуірдің сипаты, адамдардың тірлік - қарекеті әжептәуір көрініс табады екен. Айтыс үшін жалғыз ақындық аздық етеді. Оған қыруар білімдарлықтың қажет екені жұртшылыққа белгілі жай. Ақын дегеніміз, ең алдымен, халықтың сайрап тұрған «тілі, соғып тұрған жүрегі».

Ел арасындағы кейбір қиын жағдайды, жәй адамның айта алмай іштей тынып жүретін ауыр халін ақын тірі жаннан сескенбей батыл толғай береді. Ал өліп қалған адаммен тілдесуі де, ол жөнінде айтып, ішкі шерін тарқату да тек ақындардың қолынан келетін іс. Біз «Ақбала мен Боздақ» айтысындағы осындай шеберлікке қызыға қараймыз. Боздақ өзі үшін де, Ақбала үшін де өлеңді кезек-кезек шығарып, сөз жүйесін қуады. Бұл жағдай халқымыздың тумысында ақын екендігін айтпай танытатын шындық.

Мәшһүрдің «Қара месінің» «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Асанқайғы», «Еділ – Жайық», «Желкілдек», – деп аталатын бес ертегіні алып отырмыз. Осы ертегілердің ішінде «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған» және «Желкілдек» өлең түрімен жазылумен ерекшеленеді. Әсіресе, «Алтынбас» бастан-аяқ он бір буынды қара өлең түрімен өрнектелген. Ал «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қақтығысымен ерекше, бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Желкілдектің қарсыластары да осал емес. Бұл туындыдағы айрықша бір кейіпкер – мыстан кемпір. Ол айла-шарғысымен, неше түрлі сұм-сұрқия іс-қимылмен көзге түседі. Бір сөзбен айтқанда халық армандаған алып батыр да, сұлу да ақылды қыз-келіншектер де зерек қариялар да бұл ертегілердің ішінде баршылық.

Жинаққа батырлар жырынан біреуі ғана енгізілген. Ол – Мәшһүр қолжазбасынан алған «Сайын батыр». Бұл жыр – қазақ-ноғай жыры делінеді. Хатқа түскен нұсқасы өзі алдына, ел аузында сыны түспей сақталғанын жырдың айрықша көркемдік қасиеті деп білеміз. Сайын батыр да қалмақпен шайқаста жеңіске жетеді. Оны Киікбай мен Бөгенбай атты ұлдары өзі сияқты ержүрек батыр болады. Халықтың қиялынан туған бұл жыр «Ел болса, ер туғызбай тұра

алмайды.» деген даналық сөзді еске салғандай.

Аңдатпа

Зерттеу мақаласында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің философиялық көзқарастарын танытатын өлең жолдары келтірілген. Өз заманының ойшылы ретінде қазақ халқының артықшылықтары мен кемшіліктерін сынап, мінеу арқылы өлеңдерінде қазақ халқына тән мінез-құлқын көрсетеді. «Қыз бен жігіт», «Ақбала мен Боздақ» айтыстары мен «Асанқайғы», «Еділ – Жайық» ертегілері және «Сайын батыр» жырындағы философиялық өлең жолдары қарастырылады.

Аннотация

В исследовательской статье представлены стихи Машхура Жусупа Копеева, отражающие его философские взгляды. Как мыслитель своего времени, критикуя достоинства и недостатки казахского народа, он демонстрирует характер казахского народа в своих стихах. Рассматриваются айтысы «Қыз бен жігіт», «Ақбала мен Боздақ», «Асан қайғы», «Еділ – Жайық» сказки и философские произведения «Сайын батыр».

Abstracts

The research article presents poems by Mashkhur Zhusup Kopeev reflecting his philosophical views. As a thinker of his time, criticizing the advantages and disadvantages of the Kazakh people, he demonstrates the character of the Kazakh people in his poems. The aitys «Kyz ben zhigit», «Akbalala men Bozdaq», «Asan kaygy», «Yedil – Zhaiyk» fairy tales and philosophical works «Sayyn Batyr» are considered.

Библиографиялық тізім

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. 1-т. – Алматы, 1990, б. 135.
2. Уалихан Қалижан «Діни ағартушылық ағым» 1991, б. 180-2007.
3. Әуезов.М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы,1985,17-том.
4. М.Көпейұлы. Қазақ шежіресі.Алматы. Жалын,1993
5. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті.Алматы,Ғылым,1994
6. Торайғыров.С. Шығармалары.Екі томдық .Алматы,1993
7. А.Құнанбайұлы Шығ толық жинағы II томдық, Алматы, Жазушы.1995
8. Әуезов.М. Ел әдебиеті, Алматы, Жазушы1991 жыл
9. Көпеев М.Ж. «Әулие ақынның туындысы». Сарыарқа 1995, №5 б.8-35.
- 10.Көпеев М.Ж. «Екі томдық». Алматы, Ғылым 1992, б. 224.

МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ И ДУХОВНОСТЬ

Главной задачей современного Казахстана является осмысление нравственности и возрождение духовности народа.

В основе духовно-нравственного воспитания каждого человека лежат религия и вера, знание традиционных ценностей народа. Духовность как основа развития человека имеет такие качества как красота, доброта, дружба, уважение.

Под “духовностью” мы понимаем состояние человеческого самосознания, которое находит свое отражение в мыслях, словах и действиях. Духовность определяет степень культуры человека.

Машхур Жусуп Копеев (1858 - 1931) - поэт, собиратель фольклора, известный представитель казахской культуры и литературы. Он посвятил свою жизнь сбору, изучению и сохранению культуры духовного наследия народа. Занимаясь сбором сказок, легенд, преданий, загадок особое внимание уделял сбору шежере - оригинальных сведений об истории казахского народа, которые передавались из поколения в поколение.

Самое крупное наследие Машхура Жусупа – это его рукописи. Он был религиозным человеком и воспринимал религию, как духовность. Его произведения - осмысление смысла жизни, сущности человека. В его работах и жизненных поступках религия - это содействие духовному очищению.

Особенностью эпоса, песни, толгау – жанров устного народного творчества, является народность. Эпические произведения призывают к единению, воспевая героические образы лучших сынов степи, выражают думы, чаяния и идеалы народа. Жырау проникнуты духом патриотизма, самоотверженности и мужества.

В поэзии автора наиболее употребляемым словом является слово-Адам. Слово «Адам» Копеев употребил в произведении «Аллах сотворил землю в воскресенье» двадцать четыре раза - «Адам болды» («Человеком стал»), «Бейшара Адам», («Бедный человек»), «Бір адамга» («Одному человеку»), «Болмайды Адам», («Не станет человеком») и так далее.

Слово «Адам» встречается в каждом стихотворении, басне, дастане, толгау. «Адам» по - русский означает человек, Машхур Жусуп любил человека, он служил ему, сопереживал за него, но его народ, его «человек» зачастую не понимал его, не прислушивался к его словам, а он убеждал его вслушиваться в слово разума, он мечтал улучшить человека, убеждал мудрым словом.

Нравственная проблема честности, искренности, душевной чистоты, неподкупности стоят на первом плане, они подчинены - Аллаху. Он

утверждал, что, все, происходящее в сердце человека, открыто богу, из этого следует моральные требования к человеку быть чистым душой.

Произведение «Разговор на тему дня» насыщено социальными и политическими темами. В этом стихотворении Копеев показывает образ народа, стонущего, теряющего последние силы и надежду на возрождение.

В произведениях «Опыт, накопленный жизнью», «Положение» он затрагивает проблему социального неравенства, свободы просвещения и свободы слова.

Таким образом, можно сделать вывод, что в его пословицах, поговорках, притчах, философских размышлениях, показан казахский национальный мир, казахский дух, его история, его отношение к миру.

Наследие его разнообразно богато. В его произведениях можно найти раздумья о человеке, о смысле жизни, разуме и сознании, о судьбе своего народа, о добре и зле; о нравственном воспитании и семейных ценностях.

В стихотворениях Машхур Жусупа часто встречается такое понятие, как, мой народ, и родной мой народ. Поэт выдвигает его как основной мотив при освещении самых разнообразных сторон жизни казахской степи.

Переживая за судьбу своего народа Машхур Жусуп открыто выражает и свою любовь к нему, размышляя о его будущем, подчеркивая его достоинства.

С оптимизмом звучат строки М.Ж. Копеева о будущем своего народа:

Взойдет еще в степи свет зари,

Забудет память все беды земли.

Радости слезы увидишь на глазах матери

Беды растворятся в улыбках детей.

Для Копеева важнейшими этапами жизненного пути являются действия и поступки человека.

Гуманизм и вера в жизнь звучат в следующих строках Машхур Жусупа:

Люди земли моей, ждите,

Ждите, и с Верою к богу идите.

И возвернется на землю пророк

Означающий жизни новый виток.

Произведения «Наша жизнь», «Кому принадлежит Сарыарка», «Увиденное за долгую жизнь», «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Қара өлең «Айтыс» и другие, раскрывают духовно-нравственные качества казахов: уважение к истории своего народа, пережившего трудные времена существования, раскрывает обряды основанных на любви, доброте, гостеприимству, толерантности к обществу.

В его трудах можно встретить раздумья о человеке, о смысле жизни, разуме и сознании, о судьбе своего народа, о добре и зле; можно увидеть и смелую критику лености современного ему общества; можно узнать о проблемах просвещения, нравственного воспитания.

Вместе с тем он критично относился к прошлому казахского народа и с таких же позиций оценивал это прошлое. Он справедливо отмечал сильную сторону казахской духовности - ее открытость, единство с природой,

отношение к ней по принципу «не навреди», он показывал взаимоотношения человека с природой, человека с человеком, постепенное огрубление нравов, отказ от родоплеменных обычаев, что приводит к гибели кочевой цивилизации.

В своих работах М. Ж. Копеев уделяет внимание красоте в человеке, которая проявляется в его духовной необходимости к другим людям, его человечностью, способностью принести пользу не только себе, но и окружающим. Он подчеркивает значимость внутренней красоты человека, тесно связанную с такими качествами, как доброта, отзывчивость, бескорыстие.

В своих произведениях «О сегодняшнем занятии казахов», «Письмо», «Воздавая должное науке», «Повсеместно я спутницу жизни искал» он говорил о социальном неравенстве, просвещении, свободе слова и о воспитании.

Сейчас молодое поколение имеет много сходств с молодежью времени М.Ж. Копеева. Они также отстаивали свободу слова, хотели, чтоб их услышали и прислушались к их мнению, стремились к просвещению, были против войны и хотели мира. Все эти стремления объединяет молодежь того времени с современной молодежью.

Сегодня произведения М.Ж. Копеева «Увиденное за долгую жизнь», поэмы «Короглы», «Ер Көкше», «Ер Саин», «Чертов торг» и другие служат источником для самопознания и самовоспитания молодого поколения. Они обогащают наше поколение своеобразием прошлых лет и определяют связь казахов с окружающим миром, помогают определению роли нравственно-духовного образования в воспитании человека.

М. Копеев. знал, что самопознание и стремление к высоким духовным ценностям позволяют человеку стать человеком это и есть единственно правильный путь становления нравственного человека.

Познание своей уникальности и неповторимости, открытие своей истинной природы должно проходить через сердце человека, так как тот, кто познал самого себя, сумеет донести всем, о любви к родному краю, народу, уважения и почитания традиций и обычаев других народов.

Внедрение новых технологий сегодня вытесняет духовные ценности, способствует образованию новых нравственных установок в среде молодых людей, которые перестали читать книги. Художественная и научная литература изучается в сокращенном либо электронном варианте. Среди молодежи используется «новая форма» общения – переписка через Интернет. А так же применяется сленг, что введет к потере культуры языка.

В своих произведениях он писал: «...Казахские устные песни, причитания, загадки, айтыс являются основой духовной истории, как шанырак, кереге, уык являются основой юрты. История государства без устной литературы будет неполной. Для написания полной истории культуры казахского народа устная письменность является тем недостающим кирпичом».

Так как он дает богатую пищу для изучения языка, о его грамматическом и лексическом строении, построении слова, синтаксическом и стилевых особенностях, изучая все это можно только поражаться богатству языка, его глубине.

С 04.03.2020 года наша школа с гордостью носит имя великого мыслителя, поэта М.Ж. Копеева. На уроках русского языка и литературы прививаются такие общечеловеческие ценности как **уважение, патриотизм, нравственность и духовность.**

Результатом моей работы стало вовлечение учащихся к наследию М.Ж. Копеева, активное чтение учащихся его произведений на русском языке, участие учащихся на различных конкурсах и их победы:

- 05.04.2022 года ученица 8 класса Капанова Аяулым заняла 2 место на городском этапе в республиканском конкурсе «Моя инициатива – моей Родине» по теме «Популяризация творческого наследия М.Ж. Копеева как способ приобщения к чтению»;

- 2022 году ученица 8 класса Капанова Аяулым участвовала в конкурсе научных проектов по теме «Сакральный самородок Земли».

- 07.12.2023 года ученица 9 класса Ақаділ Айгерім награждена сертификатом за участие в республиканском конкурсе научных проектов по теме «Сакральное место – центр притяжения».

Ценностями результатов проекта и научной работы являются углубленные знания о жизни и творчестве М.Ж. Копеева и развитие своих творческих способностей. Изучение творчества поэта способствуют расширению кругозора, воспитывает чувства молодых читателей, помогает пропагандировать творчество М.Ж. Копеева и повысить интерес сверстников к его писательской деятельности. Эти работы способствуют повышению духовно-образовательного и интеллектуально-культурного уровня молодого поколения воспитанию в духе Казахстанского патриотизма.

Тема возрождение духовности актуальна в настоящее время. Современный Казахстан нуждается в национальном воспитании духовного характера, основу которого составляет любовь к Родине, а также гражданская ответственность перед ним, национальный дух, справедливость, вера, совесть, честь.

Без духовно-нравственного воспитания невозможно быть культурным и образованным человеком, понимать смысл многих литературных и произведений, нельзя развить высоконравственную гражданскую позицию, пробудить чувство патриотизма, осознать необходимость жить нравственно.

Возвращение к традиционным ценностям и духовному наследию казахского народа является важнейшей основой формирования национального самосознания казахов и играет наиважнейшую роль в становлении гражданственности Республики Казахстан.

Духовное наследия М. Ж. Копеева показывает, что многие высказанные идей не потеряли своей актуальности и сейчас. Эти идей обогатили духовную традицию народа, сохранив все самое лучшее, накопленное историей народа.

Таким образом, изучение народной мудрости и духовных заветов М.Ж. Копеева позволяет раскрытию потенциала народа, выявляя самые ценностные его стороны, которые необходимы для возрождения духовности народов Казахстана.

Подводя итог, можно сказать, что изучение произведения М.Ж.Копеева позволяют достигнуть духовной истины, пониманию человеческих ценностей, воспитанию особого отношения к родной земле ее культуре и традициям.

Аннотация

Статья посвящена осмыслению и возрождению духовности казахского народа, как одной из самых главных задач современного Казахстана.

В статье духовность познается через исследование взглядов М.Ж.Копеева с точки зрения современности. Проанализирована актуальность духовного наследия, как процесс обновления казахской литературы, обладающей уникальным духовным содержанием.

Результаты работы показали, возможности духовно-нравственного воспитания учащихся в процессе учебно-воспитательной деятельности.

Аннотация

Мақала қазақ халқының руханилығын түсіну және қайта жаңғыртуға арналған, бұл заманауи Қазақстан үшін ең басты міндеттердің бірі болып табылады.

Мақалада руханилы М.Ж. Көпейұлының көзқарасын заманауилық тұрғысынан зерттеу арқылы танылады. Қазақ әдебиетінің жаңару процесі ретінде рухани мұраның өзектілігі талданған, ол өзіне тән рухани мазмұнға ие.

Жұмыстың нәтижелері оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесінің мүмкіндіктерін көрсетті.

Annotation

The article is dedicated to the understanding and revival of the spirituality of the Kazakh people, as one of the most important tasks of modern Kazakhstan.

In the article, spirituality is comprehended through the study of M.Zh. Kopeev's views from a contemporary perspective. The relevance of spiritual heritage is analyzed as a process of renewing Kazakh literature, which possesses a unique spiritual content.

The results of the work showed the possibilities of spiritual and moral education of students in the process of educational activities.

Список литературы

1. К.Н. Канапьянов «Поэзия М.Ж.Копеева и проблемы перевода». Павлодар. 2013г.
2. Нургалиев Р. Н.. Казахской советской энциклопедии, Алма-Ата. 1991. Т. 4: Язык. Литература. Фольклор. Искусство. Архитектура. С. 379.
3. Пазылов А. «Степной провидец Машхур Жусуп» <http://e-kitap.kz/book/4986/read>.
4. Шулембаева Р. Его звали Машхуром, что значит Знаменитый: [о наследии казахского поэта, этнографа, востоковеда и собирателя генеалогии и устного народного творчества Машхур Жусупа Копеева] // Казахстанская правда. - 2013.- 11 октября. - С. 1

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы дәуір, ең алдымен, көшпелі қазақтардың өмір салты мен ойлауына жаһандық өзгерістер әкелген жаңа үлгідегі қоғамның қалыптасуымен ерекшеленді. Тарихи өзгерістер мен дәстүрлі өмір нормаларының құлдырау кезеңінде қазақ халқының зияткерлік мәдениеті де ерекше өзгеріске ұшырағаны белгілі. Шындықты түсінудің жаңа тәсілдері қалыптасты, философиялық және діни басымдықтар өзгерді. Отырықшы өмір салтына көшу, қазақ зиялылары арасындағы саяси стратификация, жаңа көзқарастарға ие болу қажеттілігі осы дәуірде адам ойы мен іс-әрекетінің жасампаз және жойқын күштерінің барынша шоғырланғанын айғақтады. Мұндай өзгерістер қазақтың ортасынан шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сынды дала философтарының, ақын-ойшылдарының шығармаларында өзекті мәселеге айналды. Өйткені олар қазақ халқының ұлттық сана-сезімі мен мәдени мұрасының ерекшелігін түсінуге, зерттеуге алғашқы болып қадамдар жасады.[1,32-б] Олар өз халқының рухани және материалдық мәдениетін зерттеді, дала дәстүрлерін, тарихы мен фольклорын, ұлы дала билерінің маңызды шешімдерін, қарапайым заңдарын, шежірелерін, ауыз әдебиетін жатқа білді. Бір сөзбен айтқанда, алғашқылардың бірі болып «дала тарихнамасын» жинақтап, рәсімдеді. Ұлт пен елдің тарихы ғана емес, сонымен бірге ұлттық философия және психологияны ұлттық құндылықтардың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырды. Ол тек қазақ халқының біртұтастығы емес, барша мұсылман елдерінің бірлігі мәселесін көтерген. Ұлт пен ұлысқа бөлінгеннен гөрі, рухани тұрғыда өзара ықпалдасу, ынтымақта әрекеттесу нағыз бірлікті қалыптастырады деп сенген.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмірінің көп бөлігін қазақ халқының тарихын зерттеуге арнады. Алайда, тарихшы ретінде ол ауызша тарихи мұраның үлгілерін жинаумен шектелмеді, автор өз еңбектерінде қазақ тарихнамасын уақыт рухы бойынша сыни тұрғыдан қайта түсіндіріп, оларға қатысты өз көзқарасын білдірді.

Ғылымға деген ұмтылысы жоғары ойшыл білім тек шындыққа, парызды мойындауға, ал байлыққа ұмтылу адамның көңіл күйін түсіруге әкелуі мүмкін екеніне сенімді болды, өйткені мақтаныш пен бос әурешілік сияқты қасиеттердің зиянын ерте түсініп, өз шығармалары арқылы қарапайым халықтың санасына жеткізуге тырысты. Қоғамдағы осындай қарама-қайшылықтарға назар аударып, рухани тұрғыда жақсылық пен жамандықтың, шындық пен өтіріктің айырмашылығын ашып көрсетті. Сол кезең үшін қазақ қоғамына тән осындай теріс қылықтардың пайда болуын оның діннен,

сенімнен алыстауымен байланыстырды. Ел арасындағы рухани бірліктің жоғалуын қоғамдағы құндылық бағдарларының өзгеруіне байланысты деп тұжырым жасады. Оның түсінігінше, дінге беріктік пен сенім жақсылық, адамгершілік, адалдыққа әкеледі. Ақын өз туындыларында адалдыққа, адамгершілік пен ар-ұят мәселелеріне тоқталады:

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды,

Жемісінен дүниеге жүзі баһра алады.

Бір адам бар, терек ағаш сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды, [5,93-б]- дей келе, адам баласының болмысын қарама-қайшылықты екі құбылысқа теңеп, рухани бай адамның мәуелі ағаштай айналасына пайдалы болып, тәккаппар, қайырымсыз, ойы жоқ адамның өмірі бос өтетінін меңзейді.

Адамгершілік мәселесіне келгенде, Көпейұлының «түгел адам» жайлы ойы ұлы Абайдың «кемел адамымен» үндес келеді. Бұл үндестік оның «Төрт асыл іс, бес береке» өлеңінде көрініс табады:

...Төрт асыл, бес береке – бір бойынан

Табылса, түгел болып, әне, кісі!, [5,117-б]– дей келе, адам баласының өн бойынан өзі атаған төрт асыл қасиет табылса, соны «түгел адам», «кемел адам», «толық адам» деп атауға болады деп есептейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз туындыларына арқау еткен тақырыптарда би, молдалар, болыстар мен қажылар шайтанның жақтаушылары ретінде әрекет етеді. Молдалар - қызғаныш, болыс - зорлықшы, бай - қаталдық пен тәкаппарлық бейнесінде сомдалды. Тек кедейлер мен қарапайым адамдарды ақкөңіл және жанашыр тұлға ретінде қарастырды.

Ойшыл ақын туындыларының негізгі мәні мен маңызы өз халқының ұлттық мүддесі мен рухани әлемін озбыр саясаттың қаһарынан аман алып қалуға, ұлттық болмысты сақтауға тырысу болатын.

...Тарту деп медал, наград ала берді,

Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.

Пайдасына үрім-бұтақ ойламады,

Күйікте кейінгілер қала берді...[6,128-б] – дей отырып, бос мақтан үшін қара халықтың ұлттық санасы мен дәстүрлерін, ғұрыптарын жойып жіберуге дайын болыстарды, мансапқор ел билеушілерін сынға алды.

Қазақтың ең шұрайлы жерлері мен құнарлы жайылымдарын орыс мұжықтарына таратумен шектелмей, ел арасына миссионерлер жіберіп, қазақтар халқын ислам дінінен, барша рухани идеяларынан алыстату әрекеттері іске асырыла бастады. Мұндай біржақты саясат бас көтерген қазақ зиялыларының ызасын тудырған болатын. Осы орайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының арман-тілегі әділетсіздік пен зұлымдықтан тазарған, тоқшылық орнаған, адам санасы дамыған, өсіп-өнген жаңаша мемлекеттің орнауымен байланысты болатын.

Оның пайымдауынша, парадоксальды нәрсе – дінді жамылған молдалардың арсыздығын әшкерелеумен ерекшеленеді, ал екінші жағынан ол өзі де құдайға сенеді, Исламды уағыздайды. Мысалы, «Бүгін шындыққа қалай жол табуға болады», «Ақиқат» атты мақалаларында пайдақорлық пен мен

қара халықты алдауға деген ұмтылысты сынау мәселелерін қарастырды. Ақын өзінің бірқатар рухани үлгідегі өлеңдері, шығармалары арқылы адамдарға «шайтандық әрекеттерге» берілмеуді, шындыққа бет бұруды, адамдарға қызмет етудің ізгі жолын іздеуді ескертеді, міндеттейді. Оның пікірінше, адам баласының танымын, ойы мен санасын, ішкі дүниесін өнер мен білім ғана тазартып, адамды биік мақсаттарға ұмтылдырады деген идеяны дінмен байланыстырады. Себебі ішкі сенім, таным әділеттілікке, адамгершілікке жетелейді[3,48-б].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – өмірде түйгендерінің бәрі халықтың игілігіне қызмет етеді деп сенген адам, әсіресе, халықтың тарихын, оның мәдениетін зерделеуде тарихи өткенді халық жадында сақтауға, осылайша қазақ халқының тұтас ұлт ретінде қалыптасуына ықпал етуге тырысты. Оның еңбектерінде адам баласының өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысының болмауы адамгершілік құлдырауға әкелуі мүмкін деген ойға негізделеді. Бұл жерде адамзат жаратылысының сенімсіздігі мен әлсіздігі емес, көптеген қиыншылықтарды басынан өткерген қазақ халқының бойындағы шамадан тыс жайбарақаттығы оның ой - санасының дамуына тежеу болады деген түйінге келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұлы Абаймен үндесетін тағы бір философиялық пікірі, тәкаппарлық пен жалқаулық, адамның бойындағы өмірлік ұмтылыстарды жояды, рухани дамуды тоқтата отырып, адам болашаққа белгілеген бағдарларын жоғалтады және жеке тұлғаның сөзсіз деградациясы басталады. Оның пікірінше, «қазақ қоғамындағы көптеген мәселелердің ішкі себептері бар екенін түсінеді, сонымен қатар қоғамды немесе Алланы айыптамас бұрын, қазақ халқы өзінің жалқаулығын, жауапсыздығы және пассивті болмысын өзгертуі керек, тек өзін-өзі жетілдіру арқылы адамға бақытқа жол ашылады» деп түсіндіреді. Бақыт – өмірге деген рухани, ізгі және парасатты көзқарастың нәтижесі және ол әр адамға қолжетімді. Ойшыл түсінігіндегі бақыт адамгершілікке негізделеді, бұл – адам санасының жоғары болмысқа көтерілуі. Дала философының мұндай идеялық көзқарастары дәстүрлі қазақ мәдениетінің гуманистік құндылықтарының ішінен, сондай-ақ ХХ ғасырдың басындағы рухани және зияткерлік жағдайдың әсерінен қалыптасқан еді.

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақ және әлем әдебиетінде өзіндік орны бар, рухани ілімді қалыптастырушы ірі тұлға. Исі қазақ қоғамының рухани кемелденуіне күш салып, «ізгілікті қоғам» құру жолында көп еңбек сіңірген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани бай мұраларының басты мақсаты – адам баласын ізгілік пен адамгершілік тұрғысынан өркендету, дамыту, қазақ қоғамында «түгел адам» қалыптастыру. Халықты ғылым мен білімге, өнерге, ізденіске, рухани дамуға шақырады. Ол үшін өз бойындағы сенім мен нанымды, ұлттық құндылықтарды берік ұстау қажеттігін ескертеді. Рухани кемелдікке ұмтылған Мәшһүр Жүсіп жан тазалығы, ар тазалығы, жүрек тазалығы қағидаларын бірінші орынға қоя отырып, өз ілімін қоғамды тәрбиелеуге арнады. Жалпы қазақ даласынан шыққан ойшылдың адамтану саласындағы рухани даму, кемелдену жайлы

мұралары күні бүгінгі жаһандану дәуірінде қазақ қоғамы үшін маңыздылығын жоймайтын құнды дүние болып қала бермек.

Аннотация

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының этикалық ойлары, адамгершілік мәселелеріне жүгіну, оларды түсіну және қазақ халқының руханиятын жаңғыртудағы ой пікірлері талданады. Мақаланың мақсаты – ойшылдың рухани ағартушылық бағыттағы туындылары негізінде адамгершілік хақындағы философиялық ойларын дәріптеу. Қазақ даласындағы философиялық этиканың бір орында тұрмауы, әлеуметтік-мәдени контексттің өзгеруіне байланысты қазақ ойшылдарының философиялық шығармашылығының қалыптасуы мен дамуын зерделеу қай уақытта болмасын өзектілігін жоймайды. Мақала мазмұны арқылы дала ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жаңа қазақ қоғамының қалыптасу кезеңіндегі өзіндік ізденістері мен философиялық түйіндерін танып білуге мүмкіндік береді. Ақынның шығармалары халықты адалдық пен мұсылманшылыққа, парасаттылыққа, шынайы сезімдерді қадірлеп қастерлеуге, өмір пәлсапасын түрде терең ұғынуға үйретеді. Рухани кемелдікке ұмтылған Мәшһүр Жүсіп жан тазалығы, ар тазалығы, жүрек тазалығы қағидаларын бірінші орынға қоя отырып, өз ілімін қоғамды тәрбиелеуге арнады. Жалпы қазақ даласынан шыққан ойшылдың адамтану саласындағы рухани даму, кемелдену жайлы мұралары күні бүгінгі жаһандану дәуірінде қазақ қоғамы үшін маңыздылығын жоймайтын құнды дүние болып қала бермек.

Аннотация

В статье анализируются этические мысли Машхур Жусупа Копеевича, обращение к вопросам нравственности, их понимание и размышления о возрождении духовности казахского народа. Цель статьи-популяризация философских мыслей мыслителя на основе произведений духовно-просветительской направленности. Не стоять на месте философской этики в казахской степи, изучение становления и развития философского творчества казахских мыслителей в связи с изменением социокультурного контекста не теряет своей актуальности в любое время. Благодаря содержанию статьи степной мыслитель Машхур Жусуп Копеевич сможет узнать о своих поисках и философских узлах в период становления нового казахского общества. Произведения поэта учат людей верности и мусульманству, здравому смыслу, уважению к искренним чувствам, глубокому пониманию жизненной философии. Стремясь к духовному совершенству, Машхур Жусуп посвятил свое учение воспитанию общества, ставя на первое место принципы чистоты души, чистоты совести, чистоты сердца. В целом, наследие мыслителя казахской степи о духовном развитии, совершенствовании в области человеческих исследований остается ценным достоянием, не разрушающим его значение для казахского общества в сегодняшнюю эпоху глобализации.

Abstracts

The article analyzes the ethical thoughts of Mashkhur Zhusup Kopeev, his views on addressing moral issues, understanding them and reviving the spirituality of the Kazakh people. The purpose of the article is to popularize the philosophical thoughts of The Thinker in the moral state on the basis of his works of spiritual enlightenment. Due to the fact that philosophical ethics in the Kazakh steppe does not stand still, and the socio-cultural context changes, the study of the formation and development of philosophical creativity of Kazakh thinkers does not lose its relevance at all times. The content of the article allows you to get acquainted with the original searches and philosophical concepts of the steppe thinker Mashhur Zhusup Kopeev at the stage of the formation of a new Kazakh society. The poet's works teach the people honesty and Islam, common sense, respect for true feelings, a deep understanding of the philosophy of life. Striving for spiritual perfection, Mashkhur devoted his teaching to the education of society, putting the principles of purity of Soul, purity of conscience and purity of heart in the first place. In general, the legacy of The Thinker from the Kazakh steppe about spiritual development and maturity in the field of human studies remains a valuable thing that does not lose its significance for Kazakh society in the era of globalization.

Библиографиялық тізім

1. Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2017.
2. Барлыбаева Г.Г. Қазақ философиясындағы Тәуелсіздік идеясы// Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының еңбектері. 2011, №6. б.7-13.
3. Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты (Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары.- Ботақара, 3 желтоқсан 2009ж. –Қарағанды: «Болашақ- баспа», 2009, б. 527.
4. Ерланова А.Е. Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық бағыттағы өлеңдерінің поэтикасы Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. № 4/2022
5. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 1990, б.273.
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003, б. 436.
7. Сүтжанов С.Н. Мәшһүртану курсы: оқу құралы. / С.Н.Сүтжанов. – Павлодар: ПМПУ, 2019, Изд.2-е, доп. б.99.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ

Ежелгі замандағы грек ғұламасы Геродот: «баяғыдан келе жатқан кемеңгерлік тамаша нақыл сөздер бар, біз солардан үйренуіміз керек», - десе, «Тарих атасымен» замандас, әйгілі Аристафон нақыл кітабын өлеңмен өрнектеген. Бүгінгі таңда да Мәшһүр Жүсіп шығармалары оқырмандарға ұсынылып отыр. Сондықтан оны ұлттық ақыл-ойымыздың жауһар қазынасы-қазақ даналығының шежіресі деуге болады. Ал осынау ақылға кең, ойға даңғыл, сөзге ұста Мәшһүр Жүсіп мұралары ұшаң-теңіз болып табылады.


Мәшһүр Жүсіп Көпеев-діни жоғары оқу орындарында оқып, терең білім алған, өз кезінің үлкен білімпазы, жазба поэзияның ірі өкілі, әдеби мұраны жинап, зеріттеуші ғұлама, этнограф, шежіреші, көрнекті ақын, публицист, жиһанкез-саятшы, ағартушы, дала данасы, көріпкел. Ол ұлы Абайға ілесе шықты да, осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұра етті. Кіндік қаны қазіргі Павладар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау аумағында тамған. 15 жасына дейін Хамереддин хазіреті медресесінде білім алған. Ауыз әдебиеті нұсқаларымен ерте танысып, халықтық жыр дастандарды жаттап өскен. Өзінің алғырлығын, сөз өнеріне бейімділігін ол ерте танытады. Ақындық жолға түсуінің 15 жасында бастағанын ақын былай баяндайды:

«Айырылдым дәл он бесте ақыл-естен,

Жабысып бір дауасыз ауру төстен...»

Кейін 1872 жылы Бұхарадағы Көгілташ жоғары діни медреседе оқып, сол кезде жоғары деп саналатын мұсылмандық білім алған. Медресені тамамдаған соң бірнеше жыл туған жерінде мұғалімдік қызмет атқарған. «Дала уалаяты» газетіне мақалаларын, өлеңдерін жиі жариялауының арқасында көрген-білгенін оқырманға жеткізе алатындай өзінің Мәшһүр Жүсіп атын таныта бастайды. Көпті көріп, көп оқыған білгір ақын асыл мұралардан «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Батырлар жыры» сияқты шығармаларын хатқа түсірген. Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы еңбегі XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш, Абай, Ұлбике, Жанақ ақынның т.б. сақталған жыр,

толғауларын атауға болады. Бұқардан қалған сөз маржанын Мәшһүрге дейін хатқа тұтас түсіруші болмаған.



Қазақстанның байтақ даласының көп жерін аралап, көптеген ақындармен айтысқа түседі, серілік құрады. Көкшетау ақындары шақырып, сонда Ақанмен кездеседі. Бұл туралы күнделік-дәптерінде былай деп жазған: «Көкшенің жер-суымен танысып, ақан серіні көру өзімнің тілегім, ойым еді. Ақан сері жігіт көркі, сөздің бұлбұлы еді». 1887-1890 жылдары білімін тереңдету мақсатымен Орта Азияны аралап, Түркістан, Ташкент, Самарқан, Бұқара сияқты қалаларда болған. Осы жылдары белгілі оқымыстылармен, ақындармен кездеседі, түркітанушы-академик В.В.Радловпен танысады. Ақын туған өлкесіне тек 1915 жылы оралады. Шығармалары: «Нұх кемесінен кейінгі әңгіме», «Сүлеймен мен ғалы», т.б. Ишрат өлеңдері, Аңыз өлеңдері мен рауаяттар, Өзі туралы айтқандары, сапар өлеңдері, тікелей сын өрнектері, тұлғалар жыры, жоқтаулар, хат өлеңдері, айтыс нақыштары, аңыз дастандары, нақыл сөздері. Достық туралы нақыл сөзі: достық-аспандағы жарық жұлдыз, теңіздегі гауһар тас. Сен досыңа қанша көп берсең де, аздай көр, себебі: сенің оған сыйлаған затың қаншама құнды болғанмен, досыңның саған деген пейілінің қасында жарты жарамаққа да татымайды. Есті адам – қанағатты; қанағатты адам-тиянақты; тиянақты адам-көңілді; көңілді адам-қайғысыз; қайғысыз адам-бақытты; ендеше, есті адам-бақытты. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізетіне адамның жаны рақат алады. «Еңбекпен табылған нан ол-бір шекер», «Жақсыда майда мінез, әдеп болар, ол әдеп дін иманға себеп болар. [15б.] 1917 жылы Қазан қаласында «Хал-ахуал», «Сарыарқа кімдікі?», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», атты кітаптарын шығарған. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс Әдебиеті үлгісінде «Гүлшат-Шеризат», «Шайтанның саудасы», «Ғибратнама», «Баяннама», т.б. қисса-дастандарын жазған. Әдебиеттегі өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін қаламгердің бірі ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтап, жазба әдебиетіне айналдырған-Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ақынның халық көкейіндегі мұң-зарын

жеткізген , әлеуметтік мәселелерді сөз еткен туындылары көп. Соның бірі мысал жанрындағы «Ғибратнама» шығармасы. Шығарманың «Ғибратнама» аталуында терең мән жатыр. Ақын ос өлеңі арқылы елді қоғамның дүрбелеңінен арашалап алар жолды көрсетеді. Өлеңнің басты идеясы осында жатыр. Ақын өзін бұлбұл бейнесінде ала отырып, өзінің ойын жеткізеді. Өлеңде қаршығаны таңдауы тегін емес. Себебі, қаршығада мықты құстардың бірі. Әр заманда кездесетін өзі мықты бола тұра, өзінің аузын бағып үндемейтіндерді астарлап көрсетеді. Бұл шығарманы оқи отырып, мықты болып, елге, айналаңа, елге пайдаң тимесе, мықтылығыңның құны түк емес. Бұлбұлға: «Тілің жоқ мен секілді мылқау болсаң, Бір күні мың мұратты табар едің» - дейді. Бұл жерде қаршығаның өз мүддесін көксеген бейнесін көреміз. Өлеңдегі бұлбұл әдемілікті аңсайтын, күнде әр гүлдің ашылуын сабырмен күтетін шыдамды көрінеді. Сол әдемілік үшін, әдемі гүлдің жұпар иісі үшін тікенекке төзген бұлбұл, ең алдымен, төзімділік қасиетінің жоғары екендігін көрсетеді. Бұлбұлды ел бостандығы мен тыныш өмір үшін күрескер бейнесін көрсетеді. Бұлбұлдың қаршығаға: «Сен ақымақ тамақ үшін болған сарсаң, Арбакеш сарттарға құл болғанша, онан да жақсы емес пе өле қалсаң» дегені қаршыға мен бұлбұлдың арасын ашып көрсетеді. Адамзат қоғамының осы уақытқа дейін ұлы құндылығының бірегейі-адамгершілік. Сол адамгершілік атауының тамырына нәр берген құтты құнар қайырымдылық пен мейірімділік. Егер адамның бойында мұндай ізгілік болмаса, біреуге біреу ақ сезіммен, таза пейілмен жан шуағын төкпесе, тіршіліктегі жамандық атаулының тоңы жібейді.

1. Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықта.

<p>Дастанның ой-толғамы қандай? _____ _____ _____.</p>	<p>Автор осы дастан арқылы қандай ой тастайды? _____ _____ _____.</p>
<p>Авторлық идея</p>	
<p>Үзінді мазмұнынан авторға қандай мінездеме беруге болады? _____ _____ _____.</p>	<p>Дастан идеясының құндылығы неде? _____ _____ _____.</p>

Осындай ойға қонарлық, өнегелі, үлгілі, сөздерді асыл мағынада Мәшһүр Жүсіп Көпеев атамыз қалдырып кеткен екен. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ғибратнама» өлеңінің астарлы ойы, адамгершілік пен мейірімділікке арналып жазылған. Бұлбұл бойындағы төзімділік, шыдамдылық, сабырлық қасиеттерді бойымызға дарыта білуіміз керек. Ақынның шығармаларындағы ұлттық рух дегеніміз не?. Оқырманға ұсынылып отырған шығармалары ұлттық нақылдар болып табылады. Сөйтсе де айырмашылығы да бар. Сондықтан оны ұлттық ақыл-ойымыздың жауһар қазынасы-қазақ даналығының шежіресін жасау жолындағы талпыныс деуге болады. Ал осынау ақылға кенен, ойға даңғыл, сөзге ұста бабалардан жеткен мұрамыздың ұшан-теңіз молдығы мен баға жетпес құндылығы туралы қазақ сөз өнерінің кара жұрты-кара өлеңінде:

Бұрынғы ғұламалар айтып кеткен

Халқы үшін неше түрлі нақыл ойлап.

Мәшһүр Жүсіптің бұған дейін жарық көрген шығармалары даналық пен ұлттық рухқа толы. Мәшһүр Жүсіп шығармасы арқылы бала бойында ардан жаралған тұлға тәрбиелейміз. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармасы арқылы ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау-есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтыны анық. Мәшһүр Жүсіп шығармасындағы ұлттық рух- қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестері, істері, ұрандары-бүгінгі ұрпаққа аманат. Қазіргі қол жеткен еркін шағымызды баянды ету үшін біз азаттық жолы арман болған ата ұрпақтың аманатына берік болуды борышқа айналдыруымыз керек. Біздіңше Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын толық түсіну үшін, оны ақынның әртүрлі тақырыпқа арналған барлық өлең, дастандарымен байланыстыра қарастыру керек. Сонда туындылары оқшау қалмайтынына, жалпы Мәшһүр Жүсіп дүниетанымының, айтпақ ойларының бір бөлшегі екеніне көз жеткіземіз. Ақынның ұлттық рухты алғашықы нақыл сөздерінде кереметтей айтады. Шығармалары арқылы заманы нышанын айқын көрсетеді. «Заманалар елегінен өткен сөз, бабалардан өсиет боп жеткен сөз» -деп, ұлы ақынның шығармаларындағы ұлттық рух-егемендігіміз. Өскелең ұрпаққа, Мәшһүр Жүсіп шығармаларын оқыту арқылы сенімділік пен мейірімділікті, өжеттілікті үйретеміз. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ұлттық рухтың негізі, басты ықпал етуші құралы рухты ұрпақ тәрбиелеу.

Аннотация

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп шығармаларын қазіргі ұрпаққа түсіндіру, ақын аманаттаған аталы сөздерін оқу. Өзекті мәселелердің бірі: жас ұрпақтың ақын шығармасын оқып, өзінше ой бөлісуге үйрету. Ақын шығармаларын толық түсіну үшін, оны ақынның әртүрлі тақырыпқа арналған барлық өлең, дастандарымен байланыстыра қарастыру. Сонда туындылары оқшау

қалмайтынына, жалпы Машһүр Жүсіп дүниетанымының, айтпақ ойларының бір бөлшегі екеніне көз жеткізуге сипаттама беріледі. Ұлттық рух - ақын шығармаларында қазақ даналығының шежіресін жасау жолындағы талпынысы деуге болады.

Аннотация

В этой статье рассказывается о произведениях Машхур Жусупа современному поколению. Одна из актуальных проблем: научить подрастающее поколение читать произведения поэта и делиться своими мыслями. Чтобы всеми поэтами, посвященными различным темам. Тогда необходимо убедиться в том, что произведения не останутся изолированными, что является частью общего мировоззрения Машхура Жусупа. Национальный дух – попытка создать в произведениях поэта летопись казахской мудрости.

Abstracts

This article describes the works of Mashhur Zhusuo to the modern generation «I don't know», he said. One of the most pressing issues: age to teach the generation to read the work of the poet and share their thoughts in their own way. The poet for a complete understanding of his works, it is necessary to consider the poet's work on various topics «I don't know, » he said. National spirit – on the way to creating a chronicle of Kazakh wisdom in the works of the poet you can try.

Библиографиялық тізімі

1. Ұлықман Асыл «Даналық энциклопедиясы» .- Алматы, 2009, б. 9.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы //Көп томдық шығармалар жинағы 1, 9-том. Алматы, 2003, б. 15.
3. Тарихи тұлғалар.-Алматы, – 2012, б.174.
4. www.okylyk.kz /А.С.Ақтанова/Қазақ әдебиеті кітабы/11-сынып/Жаратылыстану бағыты/

Нурсолтанова Гулжан Сиырбайқызы
Астана қаласы
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы
№57 орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі,
педагог-зерттеуші

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Еліміз тәуелсіздігін алғалы бері бұрын тарихта есімі біржақты аталып, мұрасы мұрағатта шаң басып жатқан қайраткерлердің ел, ұлт мәселесін көтерген рухани құндылықтары қайтадан ұрпағымен қауышуда. Олар - халық жадында есімдері жаңғырған тарихи тұлғалар. «Тұлға деген ұғым - тарихи өлшем...» деп тарихшы Алмас Жұмаділов айтқандай тарихи мәні терең іс-әрекетке барған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай бағаны беріп отырған [2]. Сондай жүз жылда бір туар ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туындылары да қайта зерттелініп, өз бағасын алуда. Оның шығармашылығын зерттеу ісі бүгінгі күні қызу қолға алынып отыр және осы мақсатта біршама жұмыстар атқарылғандығы да анық. Қазіргі таңда ақынның шығармаларын мектеп бағдарламасына дендей енгізу өзекті мәселе болып табылуда. Өйткені Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бірде-бір шығармасы мектеп бағдарламасына енгізілмеген. Өткен ғасырдың қырқыныншы жылдарына шейін ақын шығармалары оқытылып келген еді. Содан кейін Кеңес өкіметі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын тарих сахнасынан, ел жадынан мүлдем өшіріп тастау үшін әрекеттер жасады. Енді өз қолымыз өз аузымызға жеткен Тәуелсіз Қазақстанда әулиеміз Мәшһүр Жүсіпті неге ұлықтамасқа? Неліктен дәріптемеске?! Не үшін еңбегін зерделемеске?! Ол үшін қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасының еңбектерін жан-жақты зерттеп, зерделеп талқылау уақыт күттірмес мәселе [7].

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өлеңдеріндегі қозғалатын мәселелер адамгершілік, имандылық, жұмақ пен тозақ және рухани байлыққа негізделген. Мәшһүр Жүсіптің сонымен бірге дін тарихы, оның ішінде ислам діні тарихы, мәні, ерекшеліктері туралы жазғандары бір төбе. Мәшһүр Жүсіп нәр алған бұлақтарының бірі - ежелгі қазақ мәдениеті, ауыз әдебиеті, екіншісі - шығыстың рухани қазынасы, үшіншісі - орыс мәдениеті және сол тілде аударылған батыс әлемінің рухани қазыналар көзі [4].

Ғұлама ғалымның шығармаларын саралағанда шығыс әдебиетінен мол білім алғаны, шығыс шайырлары мен ғұламаларын үлгі тұтқаны айқын байқалады.

«Оның бойында парсы әдебиетінің, араб әдебиетінің әсері бар. Бұрынғы қазақтың танымы бар» дейді Серік Елікбай [4]. Шығыс данышпандарының

бірегейі Әл-Фараби ұстаздың ілімі Қазақстан мен Орта Азияда кеңінен таралса, сол бұлақтан Мәшһүр Жүсіп те нәр алды. Екеуі де шығыс мәдениетін пір тұтқан, келешектің тірегіне айналар ұрпақ өсіруге жан-тәнімен атсалысқан.

Қабілеттердің даму барысындағы ең жоғарғы, шындалу деңгейі «данышпандық» деп аталады. Фараби мен Мәшһүр Жүсіп бойынан осы данышпандықты көреміз. Әл-Фараби өте сирек қолданылатын, кейде тіпті құпиялық үшін қолданатын тілдерді де өте жақсы білген. Араб жеріне келгеннен кейінгі отыз жыл ішінде 164 трактат жазып қалдырған деген мәліметтер бар [7]. Мәшһүр Жүсіп - араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, көп тілді білген ғұлама. Артынан қалған қолжазбалары 20 том болып жарық көрді. Әлі де 10 томнан артық туындылары жарық көрмей жатыр[9].

Әл-Фараби мен Мәшһүр Жүсіп арасын байланыстыру, жақындастыру, оларды сабақтастыру - қазақ халқының мың жылдық мәдени-рухани дүниесін қайта жандандыру. Әл-Фараби мен Мәшһүр Жүсіпті жеке-жеке тануда едәуір істер істелінді. Бірақ екеуінің мұрасын сабақтастықта қараудың кемшін қалған тұстары баршылық. Әл-Фараби мен Мәшһүр Жүсіптің өзара өзектестігі мен сабақтастығын іздейтін болсақ, әуелі Фарабидің дүниетанымының, шығармашылық мұрасының негіздеріне қайта оралуымыз қажет, сонда екі ойшылдың мұраларының ұлттық құндылығын, үндестігін, сабақтастығын табамыз.

«Ағаштың өсіп-жетілгенін бұтақтағы жемісіне қарап бағалайды». «Сондай-ақ адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты». «Кімде-кім өзін, демек өз дәрежесін көтермек болса, ондай адамның өсу жолына тосқауыл қойылады», - деген екен әл-Фараби бабамыз [1]. Фараби жақсылық - өмірдің мазмұн-мағынасының бір бөлшегі, сондықтан ол өмірмен біте қайнап жатады. Ол жамандықты жақсылық жеңгенде ғана адам баласы ізгі мұратына жетеді деп қарайды. Білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігі болса, қоғамға пайдалы екенін дәріптеді. Сондай ілімді бойына сіңірген Мәшһүр Жүсіп Әл-Фарабидің ізін «Ғибратнама», «Хал-ахуал», «Бес қымбат», «Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан», «Мәшһүрдің өзін таныстыруы» т.б. өлеңдерімен жалғастырды. Ақын - өзі өмір сүрген ортадағы сан түрлі қиянатты көріп, оны жанымен түйсініп, халқының қамын жеген тұлға. Сондықтан да ол қазағына:

Қазағым, өнер ізден,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басыңа келген жоқ па талай қорлық [5],-деп толғанады.

Шығыстың данышпаны Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» деген өлеңдері 6-сыныптың қазақ әдебиеті пәніне енгізілген. «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңінде тәлім-тәрбие, өсиет, тағылым, достық, сабырлылық туралы жазылған. Адам баласының басына жақсылық бірден келмейтінін, ол үшін аянбай еңбектену керектігін жырлайды. Ақын адам баласының адал дос табуын, жақсы амалмен

көзге көрінуін, төзімді де сабырлы болуын қалайды. Әл-Фарабидің адамзаттың мәңгілік проблемаларын көтерген шығармалары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды болғандықтан, мектеп бағдарламасынан орын алды. Бірақ ғұламаның еңбегін бір сыныпта ғана, орта буында, талдау жеткіліксіз. Жоғарғы сынып бағдарламасына да енгізсе, білім сапасы арта түсер еді. Ал, Әл-Фарабимен рухани дүниесі жалғасып жатқан Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларын әр буын өкілдеріне оқыту керек. Мысалы, «Ақыл туралы», «Тіршілік қамы», «Бұлақ көзі», «Сәйгелді, сона, бөгелек», «Сарыарқаның кімдікі екені» т.б. өлеңдері орта буында оқылса, «Бес парыз», «Шайтанның саудасы», «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Гулшат-Шеризат» т.б. өлеңдері мен дастандары жоғарғы буын бағдарламасына енгізілсе, тұлға тәрбиелеуге қосар үлесі зор болары сөзсіз.

Оған дәлел "Сарыарқаның кімдікі екендігі" атты кітабы - тұтас халқымыздың ішкі-сыртқы жағдайын толғайтын дүние. Халқының қамын ойлаған ақын діннің, жердің, малдың кеткенін, елдің азып-тозып нашарлағанын айта келіп: "Күн батысы - Сырдария, күншығысы - ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі - Жетісу өзені, солтүстігі - Еділ, Жайық. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге келіп ие болған жоқ, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен алынған жер» деп кеңінен қазақ тарихын толғайды. Бұл шығарманы оқыту арқылы шәкірт жүрегіне туған жерге деген патриоттық дәнді егеріміз анық. Ақын үзбей өлең жазып, халықты өнер-білімге шақырғаны мәлім. Мәшһүр Жүсіптің түпкі арманы - халықты жаппай сауаттандыру еді. Ғұламаның бұл мақсаты бүгінгі жаһандану дәуірінде орындалды.

Екінші бір зерттеуді қажет ететін тақырып - екі тұлғаның діни көзқарастары. Себебі ұлы тұлғалардың діни көзқарастары да бір-бірімен үндесіп жатыр. Атап айтсақ, әл-Фараби мен Мәшһүр рухани жетілуді адам дамуының негізгі мәні деп таныған. Руханилыққа апаратын жол - дінде, имандылық жолы деп қарастырған. Екеуіне етене жақыны - олардың діни-философиялық көзқарастары [8]. Әл-Фараби де, Мәшһүр де Алла тағаланың барына шүбә келтірмейді. Фараби де, Мәшһүр де Құранды ислам дінінің діни кітабы деп қана қарамай, кітаптан көптеген ғылымға жол ашатын қағидалардың ғылыми негіздерін көре білген. Дінді, оның ішінде ислам дінін саралаған Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы», «Соқыр, саңырау және жалаңаш», «Жарты нан хикаясы», «Мәшһүрдің 46 жасында сөйлегені» тағы сол сияқты туындылары бар. Мәшһүр Жүсіп: «Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге «құлақпен естіген танық, көзбен көрген анық» дегендей, көзім көрмей нанбаймын» дейді [8]. Дініңді қорлаған адам елді қорлағанмен тең деп білген ақын:

«Дініңді кім қорласа - сол өш қасың,

Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың», - деп айтқан.

КСРО тұсында Әл-Фараби еңбектерін аударуда, талдағанда атеистік ықпалмен бұрмаланған еді. Оның Құранға сүйеніп жазған діни еңбектерін, мысалы «Космологиясын» шығарттырмай қойған. Мәшһүр Жүсіптің де діни көзқарастағы шығармалары жарық көрмеді. Бүгінгі таңда Қазақстан

территориясында қоғамымызға жат көптеген діни ағымдар кеңінен таралған. Ал оларды уағыздаушылар жат діни сананы ендіріп, жас ұрпақтың санасын улауда. Ал жатжерлік идеологияға қарсы күресте дәстүрлі дінді насихаттаушы, игеруші ата-бабамыздың, ойшылдардың, соның ішінде Мәшһүр идеяларын меңгерудің өзектілігі алдыңғы орынға шығып отыр.

Негізі олардың мұраларын ұлттық идея тұрғысынан дәріптеу арқылы жат діни ағымдар мен сырттан төнген деструктивтік саяси идеологияларға да қарсы элеуметтік-мәдени иммунитетті күшейте аламыз. Өткенімізді жаңғыртамыз, бірлігімізді нығайтамыз. Осы құндылықтар ішінде Әбу Насыр әл-Фараби мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұраларының ұлттық идеясы жатыр. «...Кімде-кім өз ұлтын құрметтемесе және оны мақтан тұтпаса - ол адам сөзсіз арамза, қаңғыбас...» - болып жүріп: «Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай, Жұрт үшін арманың не кетсе басың?» - деп Мәшһүр бабам айтпақшы «Үйде өлген мың шіріктің бірі болмайық» қазақ жастары!

АНДАТПА

Бұл баяндамада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы туралы баяндалған. Сонымен қатар, ақын шығармалары мен рухани көзқарасы Әбу Насыр әл-Фараби көзқарасымен салыстырыла зерттелген. Көзқарастары тақырыптық жағынан жіктеліп, оның жас ұрпаққа берер өнегесі талданған. Жас ұрпаққа саналы да сапалы білім беру жолында екі ақынның қандай шығармаларын мектеп бағдарламасына енгізу туралы да баяндалған. Ғұламалардың діни көзқарастары да сараланған. Қазіргі таңда сырттан төнген деструктивті саяси идеологияларға да қарсы күресте екі ағартушының еңбектері таптырмас құрал екені негізделген. Қазақстандағы діни ахуал өзекті мәселелердің біріне айналды. Ата жолдан адаспай, рухани байлықты сақтап қалу үшін Әл-Фараби мен Мәшһүр Жүсіптің қоғам, саясат, мәдениет туралы ойлары, дін туралы көзқарастары зерделенді. Әл-Фараби мен Мәшһүр шығармаларының тарихи жадыны сақтаушы, халықтың рухани мәдени мұрасы ретінде құндылығы аса зор екендігі шығармалары арқылы зерттелген.

АННОТАЦИЯ

В этом докладе рассказывается о литературном наследии Машхур Жусуп Копеева. Также творчество поэта и его духовное воззрение изучались в сравнении с воззрением Абу Насира аль-Фараби. Точки зрения поэта были тематически классифицированы, а его нравы подрастающему поколению были проанализированы. Чтобы дать подрастающему поколению осознанное и качественное образование, было рассказано о том, какие произведения двух поэтов включить в школьную программу. Религиозные взгляды ученых также дифференцированы. Обосновано, что работа двух просветителей является незаменимым инструментом в борьбе с деструктивными политическими идеологиями, рожденными извне в настоящее время. Одним из актуальных вопросов стала религиозная ситуация в Казахстане. Взгляды аль-Фараби и Машхура Жусупа на общество, политику, культуру и религию изучались с целью сохранить духовное богатство, не отклоняясь от пути предков.

ABSTRACT

This report tells about the literary heritage of Mashhur Zhusup Kopeev. Also, the poet's work and his spiritual outlook were studied in comparison with the view of Abu Nasir al-Farabi. The poet's points of view were thematically classified, and his mores to the younger generation were analyzed. In order to give the younger generation a conscious and high-quality education, it was told about which works of the two poets to include in the school curriculum. The religious views of scientists are also differentiated. It is proved that the work of two educators is an indispensable tool in the fight against destructive political ideologies born from the outside at the present time. The religious situation in Kazakhstan has become one of the topical issues. The views of al-Farabi and Mashhur Zhusup on society, politics, culture and religion were studied in order to preserve spiritual wealth without deviating from the path of their ancestors.

Библиографиялық тізімі

1. Ақпарат дереккөзі:
https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/67575/
2. Алмас Жұмаділов. «Тарихи жазба деректердегі тарихи тұлғалар бейнесі» мақаласы 1-бөлім
3. Әбу-Наср әл-Фараби еңбегі алғаш рет қазақ тілінде. // Білім және Еңбек. -1962, №1. 4.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: «Ғылым», 1975, б.419.
5. Дәуітұлы С. Халықтың маржан сөзін кәдірлеген. // Егемен Қазақстан. - 29.07.1998.
6. Көпейұлы Мәшһүр-Жүсіп. Көп томдық шығармалар жинағы.- Павлодар: Эко, 2003, 7-т.
7. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп Көп томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Алаш 2003, б.14-18. (Алаш Мұрасы)
8. Т.1: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар Алматы: Алаш: - 2003, б. 504.
9. Саурықова Ж. Мәшһүр Жүсіп Көпеев және дін тағлымы. // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 1999, №4.
10. Машанов А. Ғұлама ғалым әл-Фараби еңбектері хақында // Қазақстан мектебі. – 1986, № 9. б.71-79.

Сагидолда Меруерт
Астана қаласы
Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектебі зерттеуші педагог
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

Бүгін қазақ елі ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы-Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туғанына – 165 жыл толғанын кең көлемде тойлап жатыр. Мәшһүр Жүсіп -өз заманының ұлы тұлғаларының бірі. Бала кезінен ақындығымен, зеректігімен өз ортасында таныла бастады. Шежіреші, тарихшы болғанын, рухани жаңғыру мен ізгіліктің жыршысы екенін мақтанышпен айта аламыз. Өсіп- өнген топырағы да киелі, талай ақын, жазушы дүниеге келгенін білеміз. Жастайынан өзінен бұрынғы өткен ақын, жыраулардың ауызша тараған жыр, дастандарын жатқа білген. Адалдық пен адамдықты, рухани -әлеуметтің шындық сәулесін тарата білген ақын. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жеті бап» шығармасыныңда руханият имандылыққа бастар жол деп түсіндіреді. Бір жасынан бастап, жиырма жасқа дейінгі ғұмырын жырлаған әдеби -дастан. Алланы аузына алып, сөз бастаған.

Мұсылмандық, дінге берілген, рухы таза адам деген қортынды жасап отыр. Мәшһүр атамыздың өлең-жырларының өміршеңдігі -ұлылығының белгісі. Өлең-жырларында өзгеше бір сарын, рухани тазалық бар. Күллі қазақтың тағдыр тарихын, шежіреге сыйғыза білген адам. Осы шығармадағы ортақ идея әділдік пен адалдықтың көзін іздеу, жас ұрпаққа берері қандай деген сұраққа жауап бола алады.

Бұл мақаладағы айтылған ой, жазбаларым, құнды деректер, танымдық дүние, тәрбиелік мәні бар шығармалары, бізге қалдырған өлшеусіз ғибраты екенін тағы бір мәрте есімізге түсіре алдық деп ойлаймын. Мәшһүр шығармашылығы халықтың жүрегіне өшпес із, өлмес мұра қалдыруы даналықтың белгісі. Қазақ әдебиеті сабағында ХІХ ғасыр әдебиетімен танысқан кезде Мәшһүр шығармаларынан қосымша оқу тапсырмасын беріп, басқа ақын, жазушылардың еңбегімен салыстыра талдаймыз. 8-10-сынып бағдарламасында Бұқар жыраудың өмірбаянын зерттеу барысында Мәшһүрдің жырау өлеңдерін жазып алып, келешек ұрпаққа насихаттағанын еңбектерінен байқаймыз. Оқушыларды ұлы ақынның мұра ретінде танылған

үздік шығармалардың тарихи сипатын, маңызын көркемдік шындық тұрғысынан талдай білуге үйреіп жүрміз. Мәшһүр Жүсіп атамыздың шығармалары өзге ғалымдармен (тіл, философия, тарих, қоғамтану, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, жаратылыстану т.б) сабақтастығын түсіндіре отырып, білім беруіміз қажет. Қазақ әдебиеті оқулығынан Мәшһүр Жүсіп шығармаларын оқушылардың жас ерекшелігіне қарай саралап, оқытсақ нұр үстіне нұр болар еді. Руханиятымыздың алтын дінгегі-Мәшһүр атамыздың шығармаларынан бастау алады. Жазба әдебиетіміздің негізін қалаушылардың бірегейі-Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өсиет, нақыл сөздерімен сусындап өскен ұрпақтың рухы биік, ділі берік болмақ. Олай болса, күніне бір нақыл сөзін жаттап, мағынасын түсіндіріп отырғаным, келешекте рухани бай, саналы азаматтардың көбейуіне үлес қосқаным деп түсінемін. Ұлы ақынның туған халқының мақтанышы , әлемдік деңгейдегі философиялық туындылары ақыл-ойға, парасатқа, терең тарихқа толы өлеңдерін оқыған адамның әлеуеті мен мәдениеті толыса түсері заңдылық. Дін мен ғылымның ортақ байланысын тауып, халыққа адамгершілік пен ізгіліктің үлгісін көрсетті. Ғылым мен білімнің пайдасын түсіндіріп, адамдық қасиет, жақсы, жаман мінез туралы айтып кеткен. Тарих пен таным, ілім мен білім дамымаған жерде надандықтың салтанат құратынын ашып айтып кетті. Қазаққа еңбегі сіңген, қазақилықтың үлгісі бола білген тұлғадан алар ғибратымыз көп.

Бүгінгі күні Мәшһүр Жүсіп ғұламадан нені үйрендік, келешегіміз бен болашағымызға нені үйретеміз? Осы сұрақтың жауабын тапқандай болдым. Әдебиет сабағы -мәдени, рухани білім беретін сабақ болса, Мәшһүр тағылымынан үйрену осы мақсаттың орындалғанын, үлгі өнеге алғанымызды білдіреді. Мәшһүр Жүсіптің өмірбаянын оқып, шығармаларымен танысу үшін оқушылар арасында танымдық іс-шаралар ұйымдастырып отыру басты мақсатымыз болып табылады. Өмірі- өнеге, шығармалары рухани азық, үлгі тұтар тұлғаның насихатталуы, өскелең ұрпаққа тигізер пайдасы зор. Қазіргі заманда көріпкелдік, әулиелік қасиеті бар адамдар көп емес. Осы қасиетті бойына сақтаған данышпан бабамыздың басынан кешкендері тарихымыздың, әдебиетіміздің жаңа парағын ашқандай болады. Тек қана ілім-білім үйрену жеткіліксіз екенін, тәрбиеге назар аударып, жол көрсетіп отырғанын оқып білдік. Ерекше қасиетті бойына жинаған, ерек тұлғаның оқушыларға өмірі өнеге, берері мол, тәрбие беруші құрал екенін айта кеткім келеді. Көп жылдар бойы оқуға тыйым салынған ұлы ақынның туындылары көп жылдан соң жарқ етіп, жерге түскен құйрықты жұлдыз іспетті. Өз бетімен білім алуға талпынып, қиыншылыққа мойымай мақсатқа жеткен данышпан , әулие

атаның еңбегімен танысып, үлгі алатын шәкірттеріміз көп болса деп тілейміз. Жыр жинақ, ертегі, дастандарды көптің игілігі үшін жинап , тер төккен, парасатты , пайымды ұл- қыздарға тәмсіл болсын деп еңбек еткенін айтып отыруымыз қажет. 20 томдық кітаптары, «Ғылым-білім» жинағы (1-9) осы шығармашылығын оқи отырып, саналы ғұмырын халқына арнағанын түсініп, ел тарихын үйретуге ат салысқанын мақтанышпен айтып жүреміз. Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті жауһар жырларынан байқауға болады. Ақылы дария, өмірі- өнеге бабаның өмірлік мақсаты орындалып, артына өшпес мұра қалдырғаны белгілі. Келешекте Мәшһүр Жүсіп еңбектерін толық зерттеп, зерделеу -ұрпақтарының, зерттеуші ғалымдардың үлесінде. Рухы биік халықтың қазынасы -ұлы ақынның бізге белгісіз еңбектерімен толығатынына сенімдіміз. Жыл сайын өткізілетін Мәшһүр оқуларының да мәні зор, мағынасы терең. Адамдық қасиет, ар- ұждан туралы, ізгілік, мейрімділік туралы айтқандары бүгінгі күнде қасиетін жоғалтпаған. Отансүйгіштік тәрбие беретін, мағынасы терең шығармаларын оқып, сусындаған ұрпақ жаман болмайды. Келешек ұрпақтың өмірлік мақсаты- ұлы ақынның шығармаларын оқу, рухани азық болмақ. Білім көкжиегі кең, терезесі тең ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосайық! Ұрпақтары бар да ұлы ақынның жырлары өшпес, ғасырдан- ғасырға жалғасын тауып, жасай береді!

Аңдатпа

Руханият сөзі - адам бойындағы барлық асыл қасиеттің жинағы. Олар- ізгілік, зиялылық, мейрімділік, қайырымдылық сынды жақсы қасиеттердің жиынтығы. Рухани құндылықты құрметтейтін әрбір жан, адамгершілік қағидаларын ұстануы заңдылық. «Арым-жанымның садағасы...» деген сөз бекер айтылмаған. Рухани байлығы мол адам, дүниенің кілтін қолына ұстаған адам. Елдің дамуына ықпал етеді. Діни тұрғыдан талдасақ: имандылыққа бастар жол екенін ұғынамыз. Рухани мәдениетті адам – «толық адам» деп түсінеміз. Көптеген ақын жазушыларымыз осы тақырыпқа қалам тартқаны мәлім. Кезінде ұлы ағартушы, демократ, ақын Ыбырай Алтынсариннің көптеген шығармаларында қазақтың руханиятын көтеруге себепші болған шығармалары жетерлік. «Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса, досыңа қыл» -деген еді. Адаммен адамның арасы- жер мен көктей екенін айтқан. Адамның жақсы, жаман қасиеттері туралы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамдық борышың» өлеңінде баяндайды. Рухани мәдениетіміздің көкжиегі кеңейсе, мәдениетіміз бен әдебиетіміз қарыштап дами берері сөзсіз.

Аннотация

Слово «духовность» – это совокупность всех благородных качеств человека. Они представляют собой набор хороших качеств, таких как доброта, ум, милосердие. Для каждого человека, уважающего духовные ценности, естественно следовать моральным принципам. Слова «Честь дороже жизни» сказаны не просто так. Духовно богатый человек тот, у кого есть ключи к тайнам мироздания. Он вносит вклад в развитие страны. Если проанализировать это с религиозной точки зрения, то мы поймем, что – это путь к вере. Под духовно культурным человеком мы понимаем «полноценную личность». Известно, что на эту тему писали многие наши поэты и писатели. Во многих произведениях великого просветителя, демократа, поэта Ыбырая Алтынсарина достаточно произведений, способствовавших поднятию духовности казахов. Он говорил: «Сначала помоги себе, затем ближнему». Он сказал, что люди отличаются друг от друга как, небо и земля. Шакарим Кудайбердиулы рассказывает о хороших и плохих качествах человека в своем стихотворении «Человеческий долг». Если расширится горизонт нашей духовной культуры, то наша культура и литература, несомненно, будут интенсивно развиваться.

Abstracts

The word "spirituality" is a combination of all the noble qualities of a person. They represent a set of good qualities, such as kindness, intelligence, and mercy. For every person who respects spiritual values, it is natural to follow moral principles. The word "Honor is more important than life" is said for a reason. A spiritually rich person is the one who has the keys to the world. He contributes to the development of the country. If we analyze it from a religious point of view, we will understand that this is the path to faith. We mean a "full-fledged personality" by a spiritually cultured person. It is known that many of our poets and writers wrote on this topic. In many works of the great educator, democrat, poet Ybyrai Altynsarin, there are enough works that contributed to raising the spirituality of Kazakhs. He said: "Before you help others, you must first help yourself." He said that people differ from each other like the sky and the earth. Shakarim Kudayberdiuly tells about the good and bad qualities of a person in his poem "Human Duty". If the horizon of our spiritual culture expands, then our culture and literature will undoubtedly develop intensively.

Библиографиялық тізім

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қажымұқан Пазылов, Мағзия Абенова 02. 09. 2021
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Жетпіс бап» Павлодар 2021. Ертай Қуандықұлы Жүсіпов
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 6-том
4. Мәшһүр Жүсіп Көпеев . Алмасбек Шағырбаев, С.Е. Нұрмұратов Алматы: 2013.

Санат Қуандық
Астана қаласы
Қайым Мұхамедханов атындағы
№90 гимназия
қазақ тілі және әдебиет мұғалімі

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН – ДАНА ТҰЛҒА

М.Ж. Көпейұлы халық әдебиеті үлігілерінен бастап елдің іргесін бекемдейтін, ұлт мұратына керекті мұрасымен толықтыра алды. Халық мұрасы, ел мүддесі, тарих пен тағдыр, терең тағылым алатын құнды еңбектердің тізбегі көп. 1907 жылы бір жылдың ішінде үш бірдей кітабы жарық көрді. Олар: «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал». Осы шығармалардың ішінде «Сарыарқаның кімдікі екендігі» еңбегінде: «Күнбатыстың – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс оңтүстіктегі – Жетісуы, солтүстігі – Еділ, Жайық сол төрт судың арасы заман хадымда дешті қыпшақ атанған Қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел тарайды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе» деген мақал болған себебі ол... Күншығыс жағында ашық намаз оқылатын қыбылаға төрі тура дәл келген тас қорғандар бар... Өлеңтінің аяғында «Қаратөбе», «Сарыоба» деген екі төбе – Қарабай, Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен, бұл екеуі де қазақ байлары» деп Сарыарқаның ертеден бері қарай қазақтың жері екенін тебірене нақты дәлелдеп айтады. Демек халық мұрасын, жерімізді ежелден мекендеп келе жатқанымызды сөз өнерімен дәлелдеп өтеді.

Академик М. Әуезов: «Ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» делінген. Дәл осы ойдан да қоғамдық үлкен мәні бар деп ұғынуға болады.

М.Ж. Көпейұлының ұлт руханиятына қосқан қомақты үлесі «Қазақ флюкклористикасының тарихы» атты ұжымдық еңбекте: «Шығыстың классикалық әдебиеті мен тарихын жетік білетін оқымысты, әрі ақын М. Көпеев топырағынан туған мәдени мұрасына ерекше құрметпен бүкіл саналы ғұмырын арнады.

Алаш зиялы қауымның белді мүшесі, Ж, Аймауытұлының Мәшһүр Жүсіп Көпеевке жазған хатынан көруге болады: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гаухарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиылыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Жаңа заман өйте берсін.

Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын, оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы, сөзімен айта білуінде ғой» - деп халық мұрасын жинаудағы жанашырлығын тілге тиек етеді.

Халық ақыны Нартай Бекжановтың мына бір жолдарды ұсынсам:

Ақмолла, Ұзақ ақын, Мәшһүр Жүсіп,

Заманға жатушы еді үлгі пішіп.

Солардың ағып жатқан теңізінен,

Біз пақыр сөйлеп жүрміз қанып ішіп.

Дәл сол тұста халық өміріне етене араласып, аты күллі қазаққа таралып, елдің ертеңіне қосқан үлесінің зор екендігін нақты көре аламыз.

М. Көпейұлы байланысты әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры, филология ғылымының докторы Серік Негимов «Қазақ әдебиеті» газетінің 2004 ж, №36 санында жарияланған «Мәшһүр Жүсіп ауылы» атты мақаласы дәлелдей түскендей. «Біздер Екібастұз қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 90 шақырымдай Жаңажол елдімекеніне қарасты, көріпкел болжампаз, шежіреші, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Ескелдідегі бұлағына, таяқ тастам жердегі қонысына ат басын тіредік. Атласты аспанда, теңгедей бұлт жоқ, үріп ауызға салғандай мөп-мөлдір, тап-таза әрі мейірімді, әрі мінсіз. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Салтанатты Сарыарқа» дейтін жақұттай жырына мағыналас, сәйкес келеді. Бұл ойдан ұлттың мұрасын толықтырған адал жанның, риясыз шыншылдығына көріпкелдігіне тәнті екендігін байқауға болады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тақырыптық ізденістерге келсек, қоғамдық өмір тудырған заманның ауқымды мәселелері баян етіледі. Ақын ел еңсесін басқан қараңғылықтың себебін білім жоқтықтан деп білдеі. Сонымен бірге «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» атты өлеңінде:

Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,

Ерлердің күш қосыңдар ерлігіне.

Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,

Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне.

Байқасаңыздар, негізгі түйін халықты бірлікке, ынтымаққа шақырғандығы көрініп тұр. Ұлттық бірліктің айналасына топтасып, оқыған, ізденген тұлғалардың соңынан адаспай жүруге шақырады. Ол үшін ақын сеніміне, халықтың иек арт қандығы байқалады.

Дін үшін жан кешетін ерлер болсын,

Қызбайтын көрінсе де жерік асы.

Алдында алтын жатса алмайтұғын,

Жан-жағын қу болмасын жалмайтұғын.

Асыл қайеттердің адам баласының бойында болғандығы абзалырақ. Дәл бүгінгі көзқараспен қарасаңыз да, алтын көрсе де жолдан таймайтын жандардың қатарынан болуға үндейді. Ұлт мұрасына қосқан үлесі, қарапайым мысал әңгілермен-ақ халық санасында сайрайтын әсерлі сөздер.

Күллі қазақтың біртұтас өткені мен кеткенін, бүгінін, елдік пен ерлік дәстүрін, халқының ерекше қасиет-болмысын барынша жырлап өтті. Бұл қазақ халқының руханиятын қосқан үлесі деп қабылдау керекпіз. Ел үні мен ақын дабылы үнемі бір толқында, бірге халықттайтыны даусыз еді. «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөз» өлеңінде:

Сөз осал болса қалды не қылғанда,
Шақпақтай от шығады шығалғанда.
Көңілдің дәриясынан сөз бір гаухар,
Кісісі танып алар табылғанда.
Болмайды сөз болғанмен бәрі тегіс,
Келтірер иесіне кей сөз сөгіс.
Бас қосқан мерекеде жақсы-жаман
Шешендер – Мәуелі ағаш, сөз – бір жеміс.

Өлеңнің адам баласына пайдасын жеткізер жол екендігін меңзейді. Сол замандағы мәуелі ағаш іспетес Мәшһүр атамиздың өлең-жырларымен бүгінгі таңда сусындап өскен кейінгі ұрпақ, біздер бақыттымыз. Көңіл дәриясын толтыратын жауһар сөздердің қаймағын Мәшһүр Жүсіп Көппевтің

шығармаларындағы қолданыстан көре аласыздар. Ұлт руханиятына қосқан алып тұлғаның әрбір мұрасы, бүгінгі ұрпаққа таптырмас мол байлық. Керегін өзің тауып алсаң болғаны... Қажетіңе жаратып, саралап, кейінгі ұрпаққа жеткізетін дәнекер болуға тырмысу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тарихи тұлғалар. «Алматыкітап» ЖШС, 2006 ж. – 376 бет
2. Аллаберген Қонарбаев «Қазақ зиялылары». Алматы: «Нұрлы Әлем». 2014-80 бет
3. Рақымжан Тұрысбек «Ұлт мұраты және Руханият». Астана; Арай, 2008. – 632 бет
4. Қонарбаева А. «Ағартушы – ақын Мәшхүр Жүсіп Көпейұлы». Алматы: «Нұрлы әлем» 2014-80 бет

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ДІНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Дүние бір нәжіс – жаман шіріген нәрсе,
дүние аламын деп, пенденің пендесі болма,
жаратқан бір құдайдың пендесі бол.

Ғұлама ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев ең алдымен ислам дінінің этикалық, моральдік, дидактикалық мәселелерін зор білгірлікпен жырлаған сөз зергері. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің басты мәселесі имандылыққа, адамгершілікке, әділеттілікке, адалдық пен ақиқатқа, еңбекқорлыққа үндеген. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын, оның ішінде діни тақырыптағы туындыларын зерттеуге кіріспес бұрын, дастандарындағы дін мәселесін, өлеңдеріндегі дін мәселесін ислами тұрғыдан зерттеу қолға енді алынған тақырып. Тәуелсіздік алып, ежелгі мұраға жаңа көзқарас қалыптаса бастағаннан бергі кезеңде дінге жаңа көзқарас қалыптасып, еліміз ислам дініне бет бұрғалы бері мешіттер жанданып, адамды дұрыс тәрбиелейтін ислам дініне жаңа бетбұрыстар пайда бола бастады. Көпеевтің еңбектерінде Ислам дінін барша мұсылман, адамзатқа аса пайдалы бірден- бір дін екендігін ашып айтқан, дәлелдеп те берген ғұламалардың бірі. Оны ислам діні хақындағы айтқан пікірлері, дініміздің ақиқаттығы, дін мен ғылымның егіз екенігі хақындағы ойлары бұл күнде дұрысқа шығып отыр. Мәселен, қазір өзге дін дін өкілдерінің мұсылман дініне деген құштарлықтары арта түсуде. Кезінде атақты кәсіпқой әлем боксшы Кассиус Марцеллус Клей мұсылман болып, өз есімін өзгертіп Мұхамед Әли атанса, рок жұлдызы Майкл Джексон да мұсылман дініне кіріп, намаз оқыды. Майкл Джексон мешіт салдыру үшін 20 млн.доллар қаражат бөліпті. Американдық ғылымы Майкл Харттың: «Адамзат тарихындағы ең беделді жүз адам» деген кітабында бірінші орынға Мұхаммед Пайғамбарды, ал үшінші орынға Ғайса пайғамбарды қоюы тегін емес.

Мәшһүр Жүсіп ислам дінінде: «ең игі, ең пайдалы, Тәңірге тура бастайтын іс, яғни, ғибадат ол- адамға қызмет. Онда да мұқтаждарға, жетімдерге қызмет». Демек Көпеев адамды тура жолға шақырғаны: «Аллаға сыйыну, шарифат жолына түсу, «Иманды адам» болу, құран Кәрімді Алланың нұры деп түсіну, мұсылман парыздарын орындау. Мәшһүр Жүсіп өзінің өлеңдерінде шығыс әдебиетінің мол мұрасын пайдалана білді. Ақын ортағасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты көрсете білді. Мәшһүр Жүсіп

Көпейұлының шығармаларында, әсіресе дастан, қиссаларында Құран, Інжіл (библия) Мұхаммед Пайғамбардың өмірге келуі, әлем жаратылысын, табиғат пен шарифатты жырлауынан ақынның Қытай, Араб, Орта Азия ақындарының еңбектерін терең білетіндігі, көне аңыздардан хбарының мол болатындығын аңғаруға болады. Ол еңбектерінің қатрында: «Жер мен көк», «Хаятбақшы», «Мифраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» атты дастандары бар. Дінді, оның ішінде ислам дінін саралаған Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы», «Соқыр, саңырау және жалаңаш», «Жарты нан хикаясы» «Мәшһүрдің 46 жасында сөйлегені» тағы сол сияқты туындылары бар. Шығыстың классикалық әдебиетін жетік білген ғұлама артынан көптеген өшпес мұра қалдырды. Әсіресе, ислам құндылықтары туралы өлеңдерінде дін тарихы терең баяндалады. Мәшһүр Жүсіп атамыздың айтуынша дін адамның рухани дүниесін қалыптастырады, құдайды тану адамшылыққа, әділдікке бастау сынды. Мәшһүр Жүсіп: «Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге «құлақпен естіген танық, көзбен көрген анық» дегендей, көзім көрмей нанбаймын» дейді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектерінде дін Исламның ақиқаттығы, құндылығы қадір-қасиеті, адамзат өміріндегі пайдалары уағыздалған. Оның еңбектерінің біраз бөлігі – біздің дініміз, тіліміз, тарихымыз, әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз. Ақынның түсінігінше, елдің елдігін сақтайтын, қандай қиындық болса да алып шығатын – дін. [4, б. 23].

Сондықтан да:

«Құдайдың шын нансандар бірлігіне,

Ерлердің күш қосыңдар ерлігіне.

Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,

Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне».

«Азаттық бәріне бар, дінде болса» - деп білген ақын

«Шарифат низамменен қатарласып,

Бірдей боп келсе екен деп теңбе - теңге».

«Шарифат ортамызда тұрса екен деп,

Бір дүкен дін ислам боп құрса екен деп.

Мешіт пен медресенің тексеруі,

Құран кітап жөнімен болса екен»- деп жырлаған. [5, б. 32].

Дін- халықтың рухани сенімі. Сенімінен айрылған халықтың болашағы жоқ. Сондықтан да отаршылдар өзге ұлттарды бағындыру үшін оның болашаққа деген сенімінен айырады. Бұл мақсатқа жетудің басты құралы – дінінен айыру болып табылады. Патша үкіметінің де қазақтарды шоқындыру саясатын жүргізгені анық. Мәшһүр Жүсіп Көпеев осындай арам ойларға қарсылық танытып, елдің тұтастығын сақтап қалу үшін дінді ұмытпай, халықтың діннен айырылып қалмауы үшін дін жайында көп қозғаған. Дінін қорлаған адам елді қорлағанмен тең деп білген ақын:

«Дінін кім қорласа – сол өш қасың,

Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың» - деп айтқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз еңбектерінде Ислам дінінің барша мұсылман, адамзатқа аса пайдалы дін екендігін ашып айтқан, дәлелдеп те берген

ғұламалардың бірі болған. Оның ислам діні хақындағы айтқан пікірлері, дініміздің ақиқаттығын дәлелдейді. Яғни, Мәшһүр Жүсіп адамды тура жолға шақырғаны: Аллаға сыйыну, шариғат жолына түсу, «Иманды адам» болу, мұсылман парыздарын орындау т.с.с.

Ақын ислам құндылықтары туралы жазған өлеңдерінде Құран аяттарын, ғаламның жаратылысын, пайғамбарлар тарихын, Алла алдындағы парыздар туралы терең талдап жазған.

Сөйледім қадіри хал білгенімше,

Қылайық хаққа тәубә өлгенімше.

Тілеңіз жалғыз хақтан жарылқасын,

Көңілі жер қойнына кіргенімше - деп Мәшһүр Жүсіп өлеңдері мен дастандарында халықты имандылыққа шықырып, адамгершілік рухында тәрбиелеуге тырысқан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазба деректерінің тарихи маңыздылығы өте зор. Оның еңбектерін оқи отыра, санамызға түйер дүниенің көп екендігін байқауға болады. [7, б. 8].

Ақын Бұхарда, Қоқан, Самарқанд, Ташкентте барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді. «Ақыреттің егіні» шығармасында Мәшһүр Жүсіп:

Ойласаң, ақыреттің бәрі қиын,

Тірлікте ғибарат қып, хаққа шын!

Бұл күнде жамандықтан тыйлығың

Алланың көрем десен, жұмақ, үйсін. [3, б. 19]

Бұл сөзім бір насихат қарындасқа,

Түп-түгел үлкен-кіші, кәрі-жасқа.

Жеткенше басың жерге ғибадат қыл,

Сұрақ жоқ айтатұғын мұнан басқа. [2, б. 27]

Ақын өлең жолдарында бірлік идеясын ортаға салады. Бұл маңызды тақырып, өйткені бірлік тұтқасы - дін. Ұлттық, бірлігі болса тіршілік бар екендігі сөзсіз. Алғашқысында ұлттық, бірлігі жөнінде ой қозғалса, кейінгісінде мұсылмандық бірлігі. «Бірлігі мұсылманның – ынтымағы» [1, б. 64] – деген ұран сөздермен іспеттес ой тастап, жай үндеу емес, тікелей іс-қимылға шақырады.

Ынтымақ, ауыз бірлік қылу үшін,

Бас қосқан мұсылманның білімдісі [2, б. 64].

«Дін» ұғымын Мәшһүр Жүсіп халықтың рухани болмысымен, білік – танымымен сабақтас алып қарайды. Халықтың белгісі – сол елдің рухани танымдық, санасының ең жоғарғы мәдени тіректеріне саналатын тіл, дін, ділден алыстауы. Ал ел-жұрттың сол уақытта айрықша рухани күйзеліс кезіңін бастап кешіргені еш талассыз шындық. Көпеевтің елі үшін елжіреген жүрек елшілін сезінеміз. Халқымен бірге күңіренген, елін бостандық, күнге жеткізуді аңсаған. Бұны Мәшһүрдің азаматтығы деп білеміз. [6, б. 63].

Мәшһүр Жүсіп «Ібіліс шайтан қиқасы» дастанында Ібілістің (әзәзілдің) дүниеге келуі, періштелер ханы болып сайлануы, адам баласына басын имегендіктен шайтан атанып, адамды дұрыс жолдан азғыратын, нәпсісін өзіне

қаратушы шайтан жолына түскен Ібілістің өмірі туралы баяндалады. Дастанда шайтан іс әрекетімен адамды жаман жолға итермелейді.

Жараттың жақсы жаман екі айыр жол,

Адамның бір жағы оң, бір жағы сол!

Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу,

Кімде кім болып жүрсе өзіңе құл! [2, б. 11]

Құдай жолына, немесе нәпсі, шайтан жолына түсуін Адам баласы өзі таңдайды. Жақсылық пен жамандық, мейірімділік пен қатыгездік, қайырымдылық пен зұлымдық тәрізді қарама-қарсылықтардың бірін таңдауына байланысты адамның дүниедегі өмірінің рухани тазалығы мен байлығын анықтамақ. Нәпсіні тәрбиелеу мәселесі діндар Мәшһүр Жүсіптің негізгі шығармашылығындағы тақырыптарының бірі.

Бір іске өкінбейсің деп ойласаң,

Нәпсісінің достық айтқан алма тілін.

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,

Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.

Өзін өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [1, б. 93]. – деп нәпсіні тыюға, құмарлық, ноқтасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек. Алладан нәсіп алғын келсе нәпсіңмен күрес, сонда ғана құтыласың. Өйткені, бақыт тура жолды тауып, сол жолда жүруді тоқтамай, жалғастырумен табылады. Алладан нәсіп алу істеген әр ісінде Алланың ризашылығы үшін істеу.

Сөз соңында айтарым, адамға көмек ретінде ислам діні берілген. «Ислам діні – бұл адамның ахуалын кемелдендіруге арналған дін» деген хадис бар. Адамның бұл жалғандағы өмірі құмар қуу емес, сауап істеуге арналғандығын Көпеев айтқан еді. Мәшһүр Жүсіп қазынасы - ұлттық игілігіміз. Өйткені, ол ұлт тарихы мен этнографиясына, философиясы мен фольклор тануға, қазақ әдебиеті тарихына қатысты ұшаң - теңіз шежірелік деректер, ағыл-тегіл мәліметтер, өлшеусіз әдеби нұсқалар, асыл сөздер қалдырды. Еңсемізді тіктеп, ел болдық. Енді көкірегімізде ұлттық рух кернеуі керек. Ол үшін жас толқынға демеу боларлық даналық сөздер қажет. Сондықтан да діни бағыттың уығын қадасып, шаңырағын көтеріскен Мәшһүр Жүсіптің нәрлі сөздерінің терең мазмұны мен шалқар кеңдігін айтуымыз керек. Мәшһүр Жүсіп: «Намаз оқығанның қабірі жарық болады. Құранның әрпін таныған жан, періштенің сауалына жауап табады. Ораза ұстағандар қияметтің қиындығын жеңеді. Тірлігінде хикмат - хадис айтқан жан бейіштің көлеңкесінен сая табады», - дейді. Шамамыз келгенше осыларды орындауға тырысайық, ағайын.

Аннотация

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттің белді де беделді өкілі - М.Ж.Көпейұлы артына қыруар мол мұра қалдырды. Мәшһүр мұрасы жанрлық, тақырыптық жағынан көпқырлы, әрі сырлы. Мәшһүр Жүсіп

шығармашылығында дін мәселесіне ерекше көңіл бөлген қаламгер. Оның бәрін бір еңбек көлемінде қамтып, жүйелі талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан да бұл зерттеу еңбегінде М.Ж. Көпейұлының ислам діні туралы еңбектері арнайы сөз етіледі. Зерттеу еңбегінің негізгі нысаны- төл туындыларында қазақ арасында қайнап өскен халқының іс- әрекетін, әдет-ғұрпын, салт- санасын, жақсы білген ақынның діни көзқарастары туралы тұжырымдарды сараптай отырып, оның адамды адам ретінде биіктете түсетін исламдағы амалдар мен ілімдерін ғылыми тұрғыда қарастыру болып табылады. ақынның таңдамалы төл туындылары мен қағазға түсірген діни еңбектерінің нұсқаларының көлемділері алынды. Дін өкілдерінің көрнекті тұлғаларының бірі екенін айқындау үшін ақын және оның дүниетанымы туралы филология ғылымының докторлары, профессорлардың жазған мақалалары мен еңбектерінен, Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан материалдар пайдаланылды. Жұмыс салыстырмалы-методологиялық, талдау, сараптау және тұжырымдама жасау әдістеріне сүйеніп жасалған.

Аннотация

Богатое наследие оставил М. Ж. Копеев, известный и влиятельный представитель литературы конца 19 - начала 20 веков. Знаменитое наследие многогранно и загадочно в жанровом, тематическом отношении. Известный писатель Машхур особое внимание уделял вопросу религии в своих произведениях. Невозможно охватить их все в одной работе и систематически проанализировать. Поэтому в данной исследовательской работе Машхур Жусупа. Особо отмечены труды Копейули по исламу. Основной целью исследовательской работы является анализ в его оригинальных произведениях поступков, обычаев, традиций народа, выросшего среди казахов, выводы о религиозных взглядах известного поэта, а также научное рассмотрение его практики и учение в исламе, которое возвышает человека как личность. были изъяты тома избранных оригинальных произведений поэта и копии его религиозных произведений. Чтобы было понятно, что он является одним из видных деятелей религиозных людей, о поэте и его мировоззрении были использованы материалы статей и произведений докторов филологических наук, профессоров, а также произведения знаменитого Жусупа. Работа построена на методах сравнительно-методологического, анализа, анализа и составления выводов.

Abstracts

M.Zh. Kopeev, a well-known and influential representative of the literature of the end of the 19th century and the beginning of the 20th century, left a rich legacy. The famous heritage is multifaceted and mysterious in terms of genre, theme. Famous writer Yusup paid special attention to the issue of religion in his works. It is impossible to cover all of them in one work and systematically analyze them. Therefore, in this research work M.Zh. Kopeev's works on Islam are specially mentioned. The main object of the research work is to analyze the actions, customs, traditions of the people who grew up among the Kazakhs in his original works, the

conclusions about the religious views of the well-known poet, and to scientifically consider his practices and teachings in Islam, which elevates a person as a person. volumes of selected original works of the poet and copies of his religious works were taken. In order to make it clear that he is one of the prominent figures of the religious people, materials from the articles and works written by doctors of philology, professors, and the works of the famous Zhusup were used about the poet and his worldview. The work is based on the methods of comparative-methodological, analysis, analysis and drawing conclusions.

Библиографиялық тізімі

1. Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр Жүсіп және Шығыс руханияты / Е. Қ. Жүсіпов. – Алматы: Алаш, 2005, б.185.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003, б.436.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003, б.384.
4. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988, б. 560.
5. Сарбалаев Ж., «Мәшһүр Жүсіп–сөз сазгері, тіл ұстасы» С.Торайғыров ат. ПМПУ доц.фил.ғылым.кандидаты. «Сарыарқа самалы» газ.19.04.2002ж. №31
6. Пазылов Ә., «Имандылық мағынасы – әдептілік» "Сарыарқа самалы" газеті 27.02.2013ж. № 23
7. «Мәшһүр Жүсіп оқулары» республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Жалпы адам баласын азғындықтан құтқаратын басты күш-руханият екенін ескерсек, аумалы –төкпелі осы заманда руханият қоғамды кез келген құлдыраудан алып шығады деуге болады. Ол- адамның дүниетанымының кеңдігінен, санасының биіктігінен, бір сөзбен айтқанда, адамдығын танытуда көрініс беретін ішкі әлем. Ендеше, бүгінгі рухани аштыққа тап болған біздер үшін таптырмайтын азық - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұраларында жатқаны сөзсіз. М. Жүсіп Көпеевтің дара тұлғасы замандастары тарапынан өз заманында-ақ өзіндік жоғары бағалауларға ие болды, халық оны қадірледі, сөзіне құлақ асты, білімдарлығын мойындады.

Ақын шығармаларын зерделей отырып, мынадай адамзаттық құндылықтарға басымдық бергенін байқаймыз. Олардың негізгілері мыналар:

1. Білім-ғылым;
2. Дін мен дәстүр;
3. Елі үшін еңбек ету;

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ғылым тек білімділік белгісі ғана емес, сонымен бірге адамды тәрбиелеудің құралы деп қарайды. *Білім- қай кезде болмасын басты байлық, басты құндылық болған. Солай болып қала бермек.* «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым, білімге сарып қалсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады», – дейді ойшыл ақын[5, 87].

Әр түрлі қылып пікір, ойла сана,

Ғылым, білім іздесең болдың дана , - деген Мәшһүр ғылым мен білім адамның ақыл-парасатын, ойлауын, танымдық қабілетін жетілдірумен қатар, адамның ынталы, жігерлі болып, алдына қойған мақсатқа жетуіне деген сенімін нығайтады.

Ақын ғылым жөнінде ойын былайша қорытады: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады» [6,17].

Елі үшін еңбек ету, ұлтына қызмет ету – басты адамзатқа ортақ құндылықтардың бірі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ұлттың қамы үшін жан аямай күресер ерлерді ең биік адамдық дәрежеге теңеген ойлары мына өлеңдерінен айқын көрінеді:

Ойлаған халықтың қамын білімді сол,

Қамы үшін ел жұртының отқа кірген [1,93].

Адамның білімділігі оның халқына тигізген пайдалы іс-әрекеті арқылы көрінеді.

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп
Жұмысың жабдықтансын ерте бітіп.
Қолыңа қарманғанмен түк түспейді,

Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп [1,36], – деп жастарды жастық шақтың әрбір сәтін өзінің рухани өсуі үшін пайдалануға шақырады.

Мәшһүрдің ағартушылық идеясының ерекшелігі оның азаттық, теңдік-бостандық идеяларымен өзара байланысты және өзара үндестікте көрінуінде:

Өз жұртын оңған бар ма, жатқа сатқан,
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.
Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып,

Айдалып атылсаң да арман бар ма? [1,7], - деп ұлт мүддесі және елдің азаттығы үшін жан аямай күресу әрбіріміздің азаматтық парызымыз дейді.

Ұлттық сананы ояту арқылы халықтың бірлігімен ынтымақтастығының ұйытқысы қазақ оқығандары алдарына халықты сауаттандыру, білім мен ғылымды насихаттау міндеттерін қойды.

Халық қылып атандырды бізді қазақ,
Еркелі көп жұрт ел емес, өзі де қазақ.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Барасыз көрінгенге болып мазак [1,8],- деген ақын халықты ауызбірлік пен татулыққа шақырады.

Өзінің «Бес қымбат» деген жырында *адамға қатысты құндылықтарды* тізбектеп сипаттап береді.

Ең әуел керек нәрсе – иман – деген,
Ақырет істеріне инан! – деген!
Құдай кешірет! – дегенмен іс бітпейді,
Иман шартын білмесе, есен – деген.

Екінші керек нәрсе – ғақыл – деген.

...Үшінші қымбат нәрсе – сабыр – деген,

...Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір» – деген,

...Бесінші қымбат нәрсе – әдеп» – деген... [1, 107–108 бб.]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясындағы басты құндылықтардың бірі – дін мен дәстүр, адамгершілік, имандылық. Осы тақырыпта ақын Мәшһүр Жүсіп «Шайтанның саудасы», «Соқыр, саңырау және жалаңаш», «Жартынан хикаясы», «Мәшһүрдің 46 жасында сөйлегені», «Ғибратнама», «Баяннама» т. б. қисса-дастандарын жазды.

Ақынның «Жарты нан хикаясы» деп аталатын туындысы көркемдігімен де, көтеретін өзіндік идеясының терендігімен де өзгеше дүние. Адам баласын құртатын құрғыр нәпсі ғой, бір адам жолда келе жатып бір сандық тауып алады, ашса ішінен айдаһар шығады, ол сандық болмай оған бәле болып жабысады. Сонда ойламаған жерден отыз адам кездеседі, олар жабылып айдаһарға түк істей алмайды. Бұлардың да қолынан ештеңе келмейді, енді не

істеймін, бұл айдаһардан қалай құтыламын деп әбіржіп тұрғанда құдайдың құдіретімен бір жарты адам кездесіп, сол құтқарады.

“Кеттім ғой су түбіне!” – деп тұрғанда.

Селтендеп бір жарты адам шыға келді, – дейді ақын. Бүтін де емес, жарты адам отыз кісінің қолынан келмеген істі атқарып, ақылымен айдаһарды қайта сандыққа кіргізеді. Енді соны тындайық:

Жарты адам ыңғайланып тұра қалған,

Сөзіне мұның айтқан құлақ салған.

-Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік,

Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған.

Нандырдың талай жанды таңырқатып,

Өтірігің болды әшкере тандай атып.

Сөзінді әуел маған рас қылшы,

Сандықты қылдың мекен қалай жатып.

Осы бір оңынан дәл тауып қойылған сұраққа төбедей айдаһардың ашуы келді, әсіресе «өтірікшісің, алдамшысың» деген сөз оның жанына аяздай батты, ол бір орында тұра алмай жанталасты, елегізіп шиыршық атты. Содан кейін жыландай түтін болып аспанға ұшып келіп сандыққа қайта түседі. Жарты адам «Бәрекелді, айтқаның рас екен» - деп сандықтың бетін жаба қояды. Алланың құдіретімен отыз кісі және бес адам құтқара алмаған айдаһардан селтендеген жарты адам көзді ашып-жұмғанша жұтайын деп тұрған жерінен байғұсты құтқарып алды [7,60].

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,

Бес кісі – бес намазың, білемісің.

Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,

Бұлармен дәнемеге келмес күшің.

Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,

Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.

Танып қой, танымасаң, мен боламын,

Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! (1.167 б.)

Бұл мысал өлеңде адам баласының біреуге істеген жақсылығы, қайырымды істері, елге еткен қызметі жаратқанның жадынан тыс қалмайтынын ақын шебер суреттеген. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев мысалдарының қай-қайсысын алсақ та, әрбірінің бойынан тек қана мысалға тән көркемдік ерекшеліктерімен қатар философиялық тереңдік, ұлы ақынның ақындық шеберлігіне, шұрайлы тіл байлығына қанық боламыз.

Қорыта айтқанда, ақынның «Жарты нан» хикаясы басынан аяғына дейін шарттылыққа құрылған: жолаушының жол үстінде сандықты жауып ашқаны, алғашқыда алтын болып көрінген жансыз заттың, жанды тіршілік иесі жыланға, сосын айдаһарға айналуы, айдаһардың жолаушыға қауіп төндіріп, орныма қайта сал деуі; т.б. толып жатқан оқиғасы сайып келгенде «сый қылсаң сыпыра қыл» деген сияқты «жарты нанды қайырға беруі» жарты адам бейнесінде ғана жақсылық қылма, жақсылық қылсаң аяғына дейін қыл деген идеяны мансұқ етеді [8, 87].

Сөз қылып жаза бердім жоқтан-бардан,

Далаға от жақтырдым қалап қардан.
Бір нақыл, жұртқа таңсық жәдігер сөз
Хазірет Ғайса рухолла пайғамбардан.
Бос сөзді ауызға алып айтпаймыз біз,
Ынсапты шын құлақпен тыңдаңыз сіз.
Базарға жұрт жиылған келе жатқан
Лағынға жол үстінде ұшырапты кез.

Қысқа айттым, қылмай мылжың сөзді ұзартып, - деп басталатын ақынның «Шайтанның саудасы» өлеңінің қысқаша сюжетіне тоқталсақ, базарға келе жатқан лағынға (шайтанға) кез болған Ғайса пайғамбар оның не әкеле жатқанын сұрайды. Сонда шайтан бір есекке өтірік, екіншісіне «мікір-хайла» (қастық айла), үшіншісіне күншілдік, төртіншісіне зорлық, бесіншісіне тәкаппарлық артылғаны, өтірігін алыпсатарлар, мікір-хайла қулығын «қатынның ең жаманы», күншілдікті молдалар, зорлықты «жұрт билейтін ұлықтар», тәкаппарлықты «жетілген надандыққа» байлар алатынын мәлімдейді. Бұл бес есекке артылған әр түрлі жүк болса, есектен гөрі жүкті мол көтеретін он қашырда бір ғана жүк тамиғты («тілемсекті») жұрт көзіне дінді насихаттаушылар болып саналса да, іс жүзінде өз пайдасын ғана ойлайтын қожа, молда, ишандардың алғаны, сөйтіп елді алдап жүргені баяндалады [9, 93].

Ғайса айтты: - Тоқта, малғұн, болды, - деді,-
Мұнымен шайтан дағы базар барды,
Он бес көлік жүкпенен топты жарды.
Лезде апа-сапа қылды бәрін.
Ұйқы-тұйқы көбейтіп дауды-шарды.

Алдынан алушылар даяр жетті,
Қолдан қолға түсірмей, талап кетті.
Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,
Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.
Мастанып артқандықтан тәкаппарлық,
Жүре алмай бара жатыр мынау есек.

Көріп отырғанымыздай, «бір есекке ылғи жалған» арту, сөзбе-сөз ұғынсақ, мүмкін емес. Себебі, «жалған» - көзбен байқап, қолмен көтеруге келмейтін дерексіз ұғым. Ал, сол дерексізді бір есекке жүк ретінде артудың өзі оны заттандыру, бір жануар көтеруіне лайық салмақ мөлшерін межелеу белгісі. Сондай-ақ екінші бір есектегі жүктің, күншілдіктің, белгілі бір көлемге ие болғаны сондай, ол «жібек, кендір арқанмен буып тартқан» күйінде өрнектелген. Сонымен қатар келесі бір жүктің, заттанған тәкаппарлықтың, ауырлығы соншалық, оны артқан есек «жүре алмай бара» жатады.

Мұның бәрі қазақ даласын жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, тәкаппарлық, ашкөздіктің т.т. қаншалық екенін айқын көріп, өлшерлік қалыпқа, заттандыруға, көшіру арқылы белгілі бір салмақ, көлемділік дарытатын әсерлі бейнелеу үлгілері.

Қорыта айтқанда, адамдарда жиі кездесетін ағаттықтарды сол қалпында алмай, бәрін оқшау орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелеу ақынның суреттеу құралдарының байлығын танытады. Ақын осы оқыс оқиға, шартты әрекетті пайдалана отырып, не бір өткір сынды да шартты бейне, шайтан, атынан айтқызады:

Шаршарсың базар барсаң басың қатып,
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,
Алады зорлығымды пұлға сатып.
Неге болыс болады малын сатып?
Қашан болып шыққанша жанталасып.
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлықпенен алмаса үкімі асып.
Қарсы келсе бетіне басын шайнар,
Құнсыз-пұлсыз кедейдің соры қайнар.
Өзі апарып ұлыққа тығар малын,
Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар.

Шынында да ел билеушілердің тізгінге ие болуы біраз ретте таза жолмен емес, қайта зорлық, паракорлық арқылы іске асатыны белгілі. Оның үстіне солай қызмет ету тек Мәшһүр-Жүсіп өмір сүрген ортада емес, кейін де етек алуы мүмкіндігін сараптасақ, ақынның тек бір кезең емес, бар заманда орын алуы ықтимал, демек жиі қайталанып отыратын кеселдерді шебер жинақтап мысқылдай білгенін көреміз.

Әдетте шайтан теріс іске итермелеуші, ал, періште оң жолға үгіттеуші символдық бейне ретінде алынатынын бағамдасақ, сөйткен арбаушымен адамдардың қатар тұруының өзі қоғамдық ортадағы азып-тозу деңгейін көзге ұрады. Сондықтан да шайтан:

Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкестер,

Қор болып қашан өтірік жерде қалған?!- десе, бұл адамдар арасындағы жалғандықтың қаншама биікке көтерілгенін бөтеннің, яғни пенделерге ежелден жаны ашымайтын әзәзілдің сөзімен дәлелдеу үлгісі. Бұл жолдардың әсерлі естілу себебі жанашыр емес, теріс көзқарастығының өзінің өтірік өрлеуінің куәсі болуы, шындықты мойындауы деп білеміз. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы аз сөзге көп мағына сыйғызу үшін, белгілі бір дерексіз ұғымды заттандыруға, немесе заттандыра отырып жандандыруға жиі барады [10, 76].

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұралары жалпы адамзаттық құндылықтарды биікке шығарған, өнер мен білім, дін мен дәстүр, еліне қызмет ету сынды құндылықтарға толы бай мұра. Ақынның өзі бір өлеңінде «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ жастарының білімді, еңбекқор, батыл болуы насихаттап отырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі өмірден озғанымен, артына мәңгі өлмес, өшпес рухани мұра қалдырды. Ендігі біздің міндетіміз осы ақын, ойшыл, аузы дуалы ақын атамыздың мәнді мұрасын талдап, таразылап, келешекке жеткізу. Мәшһүр мұрасының бізге де бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұралары жалпы адамзаттық құндылықтарды биікке шығарған, өнер мен білім, дін мен дәстүр, еліне қызмет ету сынды құндылықтарға толы бай мұра. Ақынның өзі бір өлеңінде «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ жастарының білімді, еңбекқор, батыл болуы насихаттап отырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі өмірден озғанымен, артына мәңгі өлмес, өшпес рухани мұра қалдырды. Ендігі біздің міндетіміз осы ақын, ойшыл, аузы дуалы ақын атамыздың мәнді мұрасын талдап, таразылап, келешекке жеткізу. Мәшһүр мұрасының бізге де бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені сөзсіз.

Аннотация

Наследие Машхура Жусипа Копейули – это богатое наследие, полное таких ценностей, как искусство и образование, религия и традиции, служение стране, воспитавшее общечеловеческие ценности. В одном из своих стихотворений поэт сам предложил мужественный дух в качестве девиза, сказав: «Молодой человек, сделай что-нибудь от всего сердца, если ты умрешь, ты умрешь, если ты не умрешь, ты будешь человек» и пропагандировал образование, трудолюбие и мужество казахской молодежи.

Хотя знаменитый Жусип Копейули ушел из жизни, он оставил после себя бессмертное и неизгладимое духовное наследие. Наша задача сейчас – проанализировать, взвесить и передать в будущее значительное наследие нашего деда, поэта, мыслителя, поэта с полным ртом слова. Нет сомнений, что знаменитое наследие даст нам очень многое для многих будущих поколений.

Abstracts

In short, the heritage of Mashhur Zhusip Kopeiuli is a rich heritage full of values such as art and education, religion and tradition, service to the country, which raised the general human values. In one of his poems, the poet himself proposed the courageous spirit as a motto, saying, "A young man, do something with all your heart, if you die, you will die, if you don't die, you will be a man" and promoted the education, hard work and courage of the Kazakh youth.

Although the famous Zhusip Kopeiuli passed away, he left behind an immortal and indelible spiritual legacy. Our task now is to analyze, weigh, and convey to the future the significant legacy of our grandfather, a poet, a thinker, a poet with a mouthful of words. There is no doubt that the famous legacy will give us a lot for many generations to come after us.

Библиографиялық тізім:

1. Көпеев М.Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, Ғылым: 1992ж.
2. «Даланың дархан ұлы» М. Көпейұлының 150 жылдығына арналған әдістемелік-библиографиялық құрал. Павлодар. ЭКО. -2008.
3. Дәуітұлы С. «Халықтың інжу маржаны-ай» Қазақ әдебиеті 1992, б. 15.
4. Дәуітұлы С «М.Жүсіп шежіресі» ұлт тағылымы 2002, №4 б. 86-89.
5. Жұматаева Е. «М.Жүсіп шығармаларындағы дидактиканың пәлсапалық негізі». Қазақ тарихы №1 б. 4-9.
6. Көпеев М.Ж. «Әулие ақынның туындысы». Сарыарқа 1995, №5 б. 8-35.
7. Аңсабаев Д. «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс- Поиск» 2003 , б. 184-190.
8. Н.Қ. Жүсіпов, М.Н. Баратова, Б.Қ. Ақшолақова. Дәстүр тағылымы – Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке шығыс әдебиетінің тигізген әсері // Өлкетану С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми-көпшілік журналы. – № 41 2002, б. 84-87).
9. Қуандық Мәшһүр Жүсіп, «Егемен Қазақстан» газеті. – № 90–93. 12 наурыз 2010 ж.
- 10.С. Нұрмұратов, Б.Сатершинов, А. Шағырбаев. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. - Алматы, 2013 ж.
- 11.Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – 1. Екібастұз: «Prima Lux», 2007, б.240.
- 12.Әуезов.М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы,1985.17-том.
- 13.ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті.Алматы,Ғылым,1994

Тонкер Айгул
Ақмола облысы, Целиноград ауданы
«Софиевка ауылының ЖОББМ» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
зерттеуші педагог, жоғары санатты

АБАЙ МЕН МӘШҮР АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ БАЙЛАНЫС

Мәшүр Жүсіп Көпейұлы да – ұлы Абай секілді өзі өмір сүрген ортадағы сан түрлі қиянатты көріп, оны жанымен түйсініп, халқының қамын жеген тұлға. Сондықтан да ол қазағына:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық. [1.15] -

деп толғанады. Ақынның «Дала уәлаяты» газетінде 1889-1890 жылдар аралығында жарық көрген «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар» атты өлеңдеріне ортақ тақырып-жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақыру мәселелері.

Ақын ешнәрсеге бейімсіз адамды былай деп өткір сынның астына алады:

Өзінің малын күтіп баға алмайды,
Бір тиын қолдан кетсе таба алмайды.
Бір саңлау оймен іздеп табары жоқ,
Біреудің айтқан тілін тағы алмайды. [7.251].

Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты. Сол қиындық бейнебір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Болмайды түн күндізсіз, күндіз-түнсіз,
Ай кірсіз деген сөз бар, Құдай мінсіз
Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,
Бірінен соң бірі бар артық-кемсіз. [2.430],-

деген жыр жолдары арқылы дүниенің бірқалыпты тұрмай өзгеріп отыратынын, алдағы жақсы күндерден үміт үзбеу керектігін жырлайды, елге демеу болып басу айтады. Жоғарыда көрсетілген жыр жолдарынан ақын өз қара басының қамын ойламай, өзгенің өзегіндегі өксігін, өкінішін бар жанымен сезіне алатындығын байқаймыз.

Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар,
Сарт, ноғай жан сақтайды саудасы бар.

Жезқұйрық жапалақпен жемтіктес боп,
Сұрайтын бір-бірінен сауғасы бар.
Арасы ағайынның алыс болды,
Таласып, дамылы жоқ жарыс болды.
Жетіліп партиямен дәрежесі,
Жақсыға жаман адам таныс болды. [5.332].

Осы дүниелердің сыры мен мәнін ашып түсіндіре білген Мәшһүр Жүсіп дін, дін жолы адамның ізгілігі мен мейірімі, өзгеге жасаған қайырымымен өлшенетінін түсіндіреді. Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпаққа қалдырған көркем мұрасы ұшан теңіз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген кезеңде жазылған шығармалары ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезі. Қазақтың ең бір шұрайлы да шалғынды жерлері орыс переселендерінің иелігіне көшкен шақ болатын. Сондықтан да болар, ақынның 1907 жылы жарық көрген кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталады. Ақын шығармалары жанры жағынан да мол салалы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары: ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көлемді дастандарға, тіпті ХХ ғ. екінші жартысы, ХХ ғ. бас кезі үшін сирек кездесер естелік, өзі жайындағы өмірбаяндық шығармаларға дейінгі аралықты қамтиды. Бұның ортасында ақынның өлеңдерінің өзін жанрлық жағынан бірнеше топтарға бөлуге болады. Мәшһүр жастайынан сөз білер жандармен қатар жүріп, солардың мәнді сөзін жинай жүреді, баға бере жүреді. Ақын-діни сауатты, дін тарихын, ислам заң, қағидаларын терең білген адам. Оған дәлел діни дастандары мен басқа да шығармалары. Осы тұста Мәшһүр-Жүсіптің қазақ даласына мұсылман, адамзат, әлем мұраларын жайған тұлға болумен де орны өзгеше. Құранды қазақ ұғымына, ұлт танымына лайықтап, жұрт жайына қарай түсіндірген.

Құлан қайтіп күн көреді?! Аяғы жоқ, қолы жоқ, Жылан қайтіп күн көреді?! Жалаң аяқ байпаңдап, Қаздар қайтіп күн көреді?! Шыбын шықса, жаз болып, Таздар қайтіп күн көреді?! – деп халық ұйытқысы Асан қайғы айтып кеткен. Әлемде қанша миллиардтаған адам болса, соншама тағдыр талқысына түскен адам бар. Кеудеміздегі кішкентай жүрек соғуын тоқтатпаса, күн көруге, тіршілік етуге әрекет жасаймыз. Бірақ, тағдырдың тауқыметіне түскен адам, қалай өмір сүреді? Бұл сұраққа былай үн қатқымыз келеді. Қазіргі күнде, әрі кетсе бірқатар адамдар мүгедектікке жегілсе де, өмірден түңілмей арман-мақсаттарына он екі мүшесі сау адамдармен қатар ұмтылуда. Солардан үлгі-насихат алып, әр атқан таңымызға шүкіршілік етуіміз абзал. Ақын өзінің сөздерімен өмірдің осы бір тарауын дөп бейнелегендей көрінеді. Екінші нұсқада, Мәшһүр атаның туған өлкесіне аяқ басқан Асан қайғы Баянауыл тауларын көргенде: «Бір күн түнеп кетемін деген адам бір жұма тоқтап қалады екен, тұзы жібермейді екен!», – деп айтқан. Баянауыл өлкесінің қасиетті мекен болатынын осы Асан қайғының болжамының арқасында көзіміз жетті. Сонау өткен заманда желмаясына мініп, шұрайлы жер іздеген Асан қайғыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы осылай бейнелеген болса керек. Фольклордың негізгі жанрларының бірі – ертегі. Халқымыздың ұрпақтан-

ұрпаққа жеткізіліп отырған бұл жанр адамдарға тәрбиені де, мейірімділікті де көрсете алды. Бұл жанрда да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбегі зор. Қазақ батырлық ертегілердің ежелгі бейнесін суреттеген, жасымыз да кәрімізде осы эпос жырын білетін, Мәшһүр атаның ең танымал Ер Төстік ертегесін сөз еткіміз келіп отыр. Ер Төстік ерте дәуірден келе жатқан ертегілердің бірі. Қазіргі күнде тіпті бұл ертегінің анимациялық кино ретінде экран бетіне шығарған. Қиял-ғажайыпқа толы Ер Төстік ертегісінің мақсаты- жас ұрпаққа батыл, әрі батыр болуды, мейірімділікке, жақсылыққа тәрбиелеуді мақсат етеді. Ертегіде Мұтышақ байдың 8 баласын жоғалтып алуы, Төстік атты баланың дүниеге келуі, 9 баласына 9 әйел іздеген бай, кенже бала Ер Төстіктің жасаған ерліктері көрсетілген, тіпті, ертегіде көркемдік ұғымдар- теңеу, эпитеттер де кеңінен қолданылған.

Мәшһүр атаның осы фольклорлық үлгіні жинауы бізді атаанамызды қадірлеуге, арман-мақсаттарымызды көздеуге шақырған сияқты. Атам заманнан бері, қуаныш болсын, не дау болсын сөзді астарлап жеткізуді пір тұтқан. Әсіресе, сөзді астарлап жеткізу ақынжыраулар, шешен, ділмар адамдардың қолынан ғана келе білген. Бұл астарлы сөздер – мақал-мәтелдер деп аталады. Мақал-мәтелдердің мақсаты – ұрпаққа өнеге беру, тілдік қорымызды кеңейту болып табылады. Мәселен, «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» деген мақалдың шығу тарихын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы астарлап, төркіндеп жеткізген. Бұл мақал он үш жасар Хазірет Сүлеймен ғалайссаламның хикаясынан пайда болса керек. Нақтырақ айтсам, кедей қатын өз тапқан нанын табиғаттың тылсым күшінің кесірінен айырылып, бала-шағама қай бетіммен барамын деп жүрегі қан жылайды. Бала Хазірет Сүлеймен бұны көріп: «Дереу барып тақта отырған патшаға арыз қыл. Маған әлім жеттік қылып, бір қап ұнымды жел тартып алды, желден көлденең алып бер», – деп ескерту жаса деді. Сөз төркінін түсінбеген бейшара қатын, патшаға үш рет барыпты. Хазірет Дәуіт ғалайссалам бұны бірден түсініп қойып, сыртқа шығып, хазірет Сүлеймен ғалайссаламнан не себепті қатынды үш рет жібергенін сұрайды. Сонда хазірет Сүлеймен ғалайссалам былай үн қатқан екен: «Менің қол астымдағы бір жесір қатынның бір пұт ұнын қабыменен жел алып кетіпті. Өзің жасап па едің? Өз бетімен қылған ісі ме?, – деп сұра құдайыңнан», – дейді. Хазірет Дәуіт ғалайссалам дереу ғибадатханаға барып, мінажат етеді. Сол кезде, бір періште пайда болып, қатынның ұны басқа біреуге жақсылық ретінде жіберілгенін айтады. Сол сәттен кейін, хазірет Дәуіт ғалайссалам жесір қатынның мұңын түсініп, пейілдігін көрсеткен. Осы оқиғадан осы мақал туса керек. Мақал олжа, кіріс, пайда ұғымдарын негізге алған. Бұл оқиға өте бір тәрбиелік мән көрсетті, әрине, бұл Мәшһүр атаның арқасында деп білеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев атамыздың сөз өнерінен бөлек, тұрмыс-салт жырларының да үлгілерін жинақтады. Тұрмыс - салт жырлары – қазақ халқының әдет-ғұрпына байланысты өлеңдер топтамасы. Солардың бірі, қазіргі заманға дейін, қадір-қасиетін жоғалтпаған, қуанышты хабарды жеткізетін жыр – Жар-жар. Жар-жар жыры дегеніміз – бұл ұзатылған қыздың жаңа бір үйге, яғни, күйеуінің шаңырағына қадам басқан кезде,

орындалатын жыр. Күні бүгінге дейін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осы бір фольклорлық үлгісі жалғасын тауып келе жатыр. Тұрмыс-салт жырларынан басқа, батаны да фольклорлық үлгіге жатқызған. Бата біздің ұлттық дәстүріміздің бір түріне жатады. Той батасы, шілдеханаға арналған бата, дастархан батасы, алысқа сапарға аттанғанда айтылатын бата, айта берсек өте көп.

Аннотация

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасының құндылығы мен Абай арасындағы рухани байланыстар толығымен баяндалған. Сонымен қатар ақын шығармалары толығымен жіктеліп, оның жас ұрпаққа берер өнегесі талданған.

Аннотация

Подробно описаны ценность литературного наследия знаменитого Жусипа Копеева и духовные связи между Абаем. При этом полностью классифицируется творчество поэта и анализируется его нравственность для молодого поколения.

Abstracts

The value of the literary heritage of the famous Zhusup Kopeev and the spiritual connections between Abai are fully described. At the same time, the poet's works are completely classified and his morals for the young generation are analyzed.

Библиографиялық тізімі

1. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алаш, 2003-14-18-бет
2. Т. 1: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар Алматы:Алаш: -2003, б. 504
3. Т. 2: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар Алматы: Алаш-2003, б. 430
4. Т. 3: Өлеңдер, рауаяттар, дастандар Алматы: Алаш-2004, б. 376
5. Т. 4:Өлеңдер, рауаяттар, аңыз-хикаяттар Алматы: Алаш-2005, б. 332
6. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Таңдамалы. Павлодар 2014, б. 28

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУРА ЖУСИПА КОПЕЕВА

Духовное наследие –это основа самосохранения народа. Существует много примеров когда исчезали целые народы, потому что им не хватало высокого духа в противостоянии. И были государства и народы, которые смогли после многих войн возродиться и сохранить свою независимость. Национальная духовное наследие любого народа отражает его историю и культуру.

Казахский народ всегда ценил духовную культуру своего народа. В устном народном творчестве и в письменной литературе казахского народа восхвалялись такие качества как доблесть, честь, героизм, любовь к Родине. Порицались такие пороки как лживость, жадность, малодушие. Испокон веков казахский народ придавал большое значение воспитанию подрастающего поколения. Именно поэтому народные мудрецы, философы, просветители вкладывали свои назидания, благопожелания, наставления в свои труды. Примером этого служит деятельность великого просветителя, философа Машхура Жусипа Копеева. Он оставил будущему поколению богатейшее литературное наследие. Целью которого является создание здорового, духовного, благородного, образованного общества.

Машхур Жусип Копеев призывал людей к пополнению духовной части души. Он был сторонником ислама, что не поддерживалось во время советской власти при сплошном атеизме. Его творчество и его имя в годы советской власти не предавалось огласке. О нем не было написано ни в школьных учебниках , ни в университетских книгах. После смерти просветителя народ возвел его в сан святых, называя его святым Машхур ата. С тех пор к его могиле приезжают много людей, они поклоняются его праху, совершают жертвоприношения, поминовение усопшего. Многие люди , посетившие могилу великого мыслителя избавляются от болезней , у бездетных родителей появляются дети , многие очищаются духовно.

Машхур Жусип Копеев уделял большое внимание истории казахского народа. Он отлично владел персидским,шагатайским, арабским языками, что ему позволило прочесть многие произведения об истории казахского народа в оригинале. В его трудах достоверно раскрываются исторические события с участием исторических личностей причем написано все в хронологической последовательности. В его работе «Корни казахов» описана полная родословная казахов, она характерна богатым содержанием фактического материала.

Машхур Жусип Копеев был великим сыном казахского народа. Он собирал народный фольклор, истории преданий, легенды и заповеди. Это

такие предания: «Святой шейх Бурхи», «Святой дед Талмас», «Асан Қайғы», «Соломон и муравей», «Пророк Ной и старуха» и др. В своих произведениях он показывает, что добро всегда отблагодарится богом. В своих произведениях он показывает связь природы с человеком. Но все же большинство его преданий еще не увидело свет.

В легенде Копеева говорится, что Ной строил свой ковчег 20 лет. Язычники не верили его затее, и только одна старуха поверила ему. Она каждый день приносила ему катык, приготовленный из молока ее единственной коровы. Старуха уговорила пророка взять ее и корову в ковчег во время потопа. Когда начался потоп Ной в спешке забыл про старуху. Проходит 6 месяцев, пока земля не подсохла. Ной со своим семейством, животными и птицами выходит на сушу. И тут он видит старуху, которая поднесла ему катык. Оказывается, что хотя Ной забыл про старуху, бог за ее добрые дела поместил ее и корову в ковчег и спас от потопа. Машхур Жусип здесь проводит идею, что добрые дела всегда отблагодарятся. Художественная литература берет свое начало из мифов, сказаний и легенд о богах, пророках, святых и героях. Известно, что определенное время религиозная литература не была достаточно оценена, сегодня необходимо обратить на нее особое внимание.

«Кому принадлежит Сарыарка», «В долгой жизни удивительного много». Позже эти издания были признаны царской цензурой вредными, и автор подвергся гонениям со стороны властей. После долгих проверок в 1913 году судебной палатой Казани против Копеева было возбуждено уголовное дело по статье 129 часть 6-ая. Особенно вредным было признано произведение «В долгой жизни удивительного много», где было раскрыто тяжелое положение простых людей и произвол, творимый местными властями. Он указал причины социально-политических противоречий казахского общества того времени. Все это произведения, изданные в Казани были арестованы полицией. Октябрьский переворот и приход Советской власти встретил насторожено. Недоверие к советской власти возросло после разгрома правительства Алашорды и произвола творимого большевиками, во время гражданской войны в Казахстане. Копеев в это время отошел от общественно-политических дел и продолжил работу над произведением «Казак туби».

Имеются в рукописях Машхур Жусип Копеева, также сведения о восстании 1916 года и материалы о гражданской войне, о коллективизации, которые являются богатым материалом для историков. Статьи, выпущенные в журнале «Айкап» и в газете «Дала уалаяты», объективно отражают социально-экономическое и политическое положение Казахстана начала XX века. Если проанализировать «Корни казахов», то мы увидим, что это своеобразная концепция описания истории казахского народа. Здесь наблюдается синтез исторического и литературного материала. Рукописи представляют с собой бесценный источник для исследователей.

Включен в сборник поэма Нысанбай жырау о Кенесары Касымове, который ранее был неизвестен. В книге выпущенной в 1907 году Машхур Жусип Копеевым в Казани, описана вся история Сарыарки и делается вывод,

что после поражения восстания Кенесары хана, Казахстан полностью потерял независимость. В папках № 1170 б, 1176, 1177 описаны события 1848-1864 годов. Здесь рассказывается история Бухарского эмирата, Кокандского ханства, история сыновей Кенесары Садыка, Ахмета, Жафара. Туда же включены материалы Ш.Ш. Валиханова о походах русской армии в Среднюю Азию и Туркестан. События 1890-1929 годов Машхур Жусип Копеев описал как живой участник и свидетель происходящего в Казахстане. В произведении «Кровавое воскресенье» он показал противоречия, имевшие место в 1905 году в Российской империи. В книгах, вышедших в 1907 году, рассказал о несправедливой политике центра по отношению к национальным меньшинствам.

Сказания Машхур Жусипа Копеева о Соломоне являются очень значительными для казахской истории. Копеев записывал исторические, ораторские образцы истории, эпосы, сказки, пословицы, поговорки, обрядовые и бытовые песни. Жанровый состав исторических единиц, собранных Копеевым разнообразен. Большинство из этих образцов имеют общие корни с собраниями В.В. Радловым в сборнике «Литературные образцы тюркских племен». Для того, чтобы исследовать этот вопрос, необходимо точно знать, когда, где и с чьих уст записан данный исторический образец.

Таким образом, обобщая сказанное можно сделать вывод, что труды Машхура Жусипа Копеева являются большой энциклопедией. Он внес большой вклад в историю и культуру казахского народа. Его имя стоит наряду с такими просветителями как Аль-Фараби, Ахмет Яссави. Машхур Жусип Копеев является олицетворением мудрости, добропорядочности, святости и благородства. Он честно служил интересам своего народа и является примером для подражания.

Аннотация

В данной статье раскрывается роль великого просветителя, философа, писателя Машхура Жусипа Копеева в создании духовного наследия казахского народа. Духовное наследие казахского народа – это великое историческое прошлое, это фольклор, религия, литература. Народ, который помнит и чтит свою культуру, историю, литературу, язык не будет сломлен никаким врагом. Духовное наследие – это сила, стержень любого народа. Машхур выполнил свою роль сполна перед своим народом. Он показал как можно создать образованное, духовное общество.

Аннотация

Бұл мақалада Ұлы ағартушы, философ, жазушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ халқының рухани мұрасын құрудағы рөлі ашылады. Қазақ халқының рухани мұрасы-ұлы тарихи өткен, фольклор, дін, әдебиет. Өз мәдениетін, тарихын, әдебиетін, тілін еске алатын және құрметтейтін

халықты ешқандай жау бұзбайды. Рухани мұра-бұл кез-келген халықтың күші, өзегі. Мәшһүр өз рөлін өз халқының алдында толық орындады. Ол білімді, рухани қоғамды қалай құруға болатындығын көрсетті.

Abstracts

This article reveals the role of the great educator, philosopher, writer Mashkhur Zhusip Kopeev in creating the spiritual heritage of the Kazakh people. The spiritual heritage of the Kazakh people is a great historical past, it is folklore, religion, literature. A nation that remembers and honors its culture, history, literature, and language will not be broken by any enemy. Spiritual heritage is the strength, the core of any nation. Mashkhur fulfilled his role fully in front of his people. He showed how to create an educated, spiritual society.

Библиографический список

1. Жусупова Л.К., Жусупов Н.К., Баратова М.Н., Жусупов Е.К., Шапауов К.Т. «Казахское ханство 15-18 г.г.»
2. Столетия в казахской устной исторической традиции// Средний Восток . Журнал научных исследований.
3. Жусуп, КП,2008, Машхур Жусуп Копейулы. Библиографический указатель.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеология құдалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді.

М.Көпеевтің шығармашылығы сан қырлы. Ол әңгімелер, мақалалар, хат-хабарлар, жазбалар жазды, Қазақ эпикалық поэмаларының түрлі нұсқаларын жинады, халық ертегілерінің, аңыздардың, мақал-мәтелдердің, әдет-ғұрып, тұрмыстық әндердің, аз танымал ақындардың саяси жарыстарының мәтіндерін жазды. Оның жазбаларында белгілі бір халықтардың шығу тегі мен рулық құрамы, қоршаған табиғаты, киімдері мен рухани мәдениеті туралы материалдар үлкен орын алады. Оның "Наша жизнь", "кого принадлежат Сарыарка", "Увиденное за долгую жизнь" атты кітаптары танымал болды. Мәшһүр "Ер Көкше", "Ер Сайын", "Көроғлы" т.б. поэмаларын жазды. М.Көпеевтің шығармалары жас ұрпақтың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі тәрбиелеуінің бірегей көзі болып табылады. Олар жастардың кейінгі ұрпақтарын өткен дәуірлердің сан алуан сипатымен байытады және қазақтардың қоршаған ортамен бір қарағанда көрінбейтін стихиялық байланыстарын табуға мүмкіндік береді, адам тәрбиесіндегі адамгершілік-рухани білімнің рөлін анықтауға ықпал етеді. Оның қолжазба мұрасының едәуір бөлігі этика, педагогика, психология, жаратылыстану және дін мәселелеріне, қазіргі қоғамның моральдарын талдауға арналған. Өзінің көптеген шығармаларында ("ғылымға құрмет көрсете отырып", "бүгінгі қазақтардың кәсібі туралы", "барлық жерде мен өмірлік серіктес іздедім", "хат" және т.б.) ол өз заманының қоғамдық, саяси және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғады, әлеуметтік теңсіздік, ағарту, сөз бостандығы, өнердің мақсаты туралы айтты. М.Көпеевтің барлық шығармаларының желісі этика мәселелері болып табылады.

М.Көпеевтің пікірінше, білім-өмірдің жоғары рухани мағынасын табудың құралы. Жалпы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің еңбектері-өмірдің шексіз тұңғиығындағы философияның терең мұхиты. Өз шығармаларында ол халықтың қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қозғайды. Өз еңбектерінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ халқының қоғамдық және мәдени өмірінің көптеген мәселелерін қарастырды, оларды адамгершілік ағартуға

шақырды, этикалық қағидалар мен таным нысандарының типологиясын әзірледі. [3, 67 б]

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармаларынан: " қазақтың ауызша әндері, жоқтаулары, жұмбақтары, айтыстары рухани тарихтың негізі болып табылады. Ауыз әдебиеті жоқ елдің тарихы толық болмайды. Қазақ халқы мәдениетінің толық тарихын жазу үшін ауызша әдебиет жетіспейтін белгілі". Сабақтарда оқушылар ағартушылардың, өткен және қазіргі рухани ұстаздардың шығармаларын оқиды, астарлы әңгімелер, рухани-адамгершілік мазмұндағы ертегілерді оқиды, бұл баға жетпес халық шығармашылығын құрайды, оны ұрпақтан-ұрпаққа сақтау және жеткізу қажет. [4, 19 б].

Мәшһүр Жүсіп этикалық адамгершілік негізі болып табылатын діни негізде құрылады деген тезисті алға тартты. Ол дінді теңдестіретін құбылыс және этиканың үйлесімді негізі деп санайды. Көпеевтің пікірінше, әлемге діни және этикалық көзқарас сенсорлық принципті жеңе алады, ал адамның мінезі ізгіліктерді түсіну және дамыту жағдайында жақсартады.

Ойшылдың діни және этикалық көзқарастарын талдау, бақыт мәселесі адамның өмірлік ізденістерімен тығыз байланысты болады деген.

М.Ж.Көпеевтің түсінігінде бақыт ізгілік пен адамгершілік өмір салтының салдары. Философ оның негізінде қалаудың сөзсіз орындалуына ие болмауы керек, бірақ тілектер мен қажеттіліктердің ақылға қонымды өлшеміне байланысты болуы керек деп тұжырымдады. Мәшһүр Жүсіп жазған:

"Табиғи адам-қанағатты.

Қанағатты адам тиянақты.

Тиянақты адам қайғысыз.

Қайғысыз адам бақытты.

Ендеше есті адам бақытты бастау" [5, 22 б].

("Ақылды адам-орташа. Орташа адам-тұрақты. Тұрақты адам шыдамды. Қарт адам қайғы-қасіретті білмей өмір сүреді. Бейқам адам бақытты. Сондықтан ақылды адам бақытты").

Жалғыз емес, шынайы достары бар адам нағыз бақытты. Яғни, данышпанның пайымдауынша, бақытты әл-ауқаттың негізі әр адамның басқа біреудің бар екенін бағалау сезімінен бастау алады. Бақытты отбасылық өмір, ақылды әйел бақыт, бірақ келіспеушілік, өзара түсіністік пен сүйіспеншіліктің болмауы, үй шаруашылығын жүргізе алмау, үй иесінің жалқаулығы үлкен мәселе.

М.Ж.Көпеев материалдық байлықты бақыттың құрамдас бөліктеріне жатқызды, әрине, жинақтау мен байытуға деген ұмтылысты жоққа шығарды. Ойшыл адал мұсылман өзінің байлығынан кедейлердің қажеттіліктеріне жұмсау керек екенін атап өтті, өйткені жомарттықсыз жинақталған жақсылық мемлекет иесінің өзі үшін зұлымдыққа айналады.

Шынында да, адамның ұмтылыстарының, ақыл-ойларының және тілектерінің алуан түрлілігі бақыт туралы әртүрлі түсінік береді.

Ежелгі заманнан бері қазақ үшін бақыт адамның еркі мен тілегіне тәуелді емес, ол жоғарыдан келген сый болған. Көбінесе бұл сәттілікпен байланысты деп есептеген. Егер бақыт жоғарыдан жіберілсе, онда қазақ

ойшылдары адамға оны сақтау үшін күш салу керек деп санайды. Мәшһүр Жүсіп жазғанында:

"Көрінбеген нәрсені аламын деп,

Айырылма қолыңдағы барлығынан " [2, 57 б.].

("Белгісіз нәрсені қуып, қолыңыздағы нәрсені жоғалтпаңыз немесе жіберіп алмаңыз").

Адамның бақыты, оның мәні мен оған жету жолдары барлық уақыт пен халықтардың этикасының басты мәселесі болып табылады. Осыған орай әр түрлі тәсілдер мен әртүрлі шешімдер ұсынылуда. Мысалы, гедонизм деп аталатын этикалық ілім мінез-құлықтың негізгі қағидасы және ләззат алуға деген үлкен ықылас деп саналды. Тағы бір ілім - эвдемонизм - бақытқа ұмтылуда өмірдің ең үлкен игілігі мен мақсатын көрді. Өмірді түсінудің эвдемониялық принципі бүкіл араб-мұсылман философиясына тән болды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында "бақыт" категориясы ерекше мәнге ие болды. Мүмкін, тек осы тұжырымдамада өмірдің қалай дамитынын ішкі қанағаттану сезімінде көрінетін әртүрлі артықшылықтар онтайлы түрде біріктіріледі. Бақыттың мазмұнында, әдетте, адамның өзіне байланысты және оның бақылауынан тыс сыртқы жағдайлар алдын - ала анықталған нәрсе бөлінеді. Қазақ бақытты жоғарыдан берілген рақым деп түсінді. Бірақ бақыт қазақ ойшылдарының пайымдауынша, әлемнің өзі сияқты өзгермелі. Егер бақыт өзгергіш болса, онда бақытқа жетелейтін адами қасиеттер тұрақты, ал жақсылық мәңгі болады. Қолөнер адамның тәуелсіздігі мен әл - ауқатының сенімді көзі болып табылады, ол байлық пен дәрежеден жоғары. Қазақ ойшылдарының пікірінше, байлық пен шеннен бір рет айрылуға болады, ал кәсіп - бұл байлық, адамның тағдыры қай жерде болмасын, оның қадір-қасиетінің, айналасындағыларды құрметтеудің КЕПШІ.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің рухани мұрасы - ақыл мен жүректің, сопылық мистицизм мен ұтымды білімнің, философиялық публицистиканың және лириканың қосындысы, бұл ішкі біртұтас білім екі ақиқат - поэтикалық және ғылыми қиылысындағы логикалық мағыналардың "сезімінде" туады, олар жеке өмір сүруді тоқтатады, бірақ белгілі бір құндылыққа біріктіріледі жеке тұлғаның еркін және жауапты шығармашылық таңдауын анықтайтын параметр. Бұл ретте нақ осы адамгершілік жауапкершілік бірінші кезекте қазақ философиялық ойының сипаты мен мақсатын айқындады.[1, 81 б]

Әлемді философиялық түсінудің және гуманистік бағдарлаудың жарқын мысалы болып табылатын Көпеев ойының импульсі мен ырғағы ойшылды бүкіл өмірін толғандыратын бір негізгі мәселемен анықталды. Бұл - халықтың өмірінің бастауы, халықтың тағдыры, оның адамгершілік ұмтылыстары мен мұраттары, оның жалпыадамзаттық құндылықтар мен прогреске ену мүмкіндіктері. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жоғары адамгершілік пафосына және адамның шығармашылық күштерінің көрінісі ретіндегі мәдениеттің гуманистік мәні туралы терең ойға бойлаған, бүкіл әлемді, соның ішінде Қазақстанды қамтыған жаһандану дәуіріндегі діни-философиялық көзқарастары ұлттық бірегейлікті, өзіндік бірегейлікті және рухани жаңғыруды іздестіру жағдайында болашақ перспективалардың бағытын

айқындай отырып, қазіргі заманның адамгершілік бейнесі мен мағынасын қалыптастырады.

Оқырмандарға ғұлама, ғалым, тарихшы, философ, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларын оқуды ұсынамын. Қазір Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығына арналған сайт бар. Ішінде монография, оқулықтар, т.б. деректер енгізілген. 2006 жылы Ескелдіде Мәшһүр Жүсіптің мавзолейі салынған. Оның қасында екі қабатты қонақ үй салынды. Музейі бар. Ол жерде жаңа туризмдік инфрақұрылымдар салынууда. Соның барлығы өткенді насихаттау ғана емес, ендігі ұрпақтың игілігі үшін. Елбасының «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» атты мақаласы бойынша көптеген істер атқарылып жатыр. Соны пайдалана білейік!

Андатпа

"Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығындағы рухани-адамгершілік және ағартушылық көзқарастар" мақаласы қазіргі қазақстандық жазушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығының идеологиялық және эстетикалық аспектілерін зерттейді және талдайды. Мақала авторы оның шығармаларының негізінде жатқан рухани және моральдық мотивтерді зерттейді, сондай-ақ оның қазақстандық мәдениет пен тарихтың ағартушылық бірегейлігін таратудағы рөлін қарастырады. Мақалада патриотизм, сенім және дәстүр сияқты ұғымдардың Көпеев шығармашылығындағы орталық элементтер ретінде әсері сипатталған. Зерттеу сонымен қатар оның халықтың тарихи және мәдени мұрасын ағарту және насихаттау арқылы Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға және сақтауға қосқан үлесін атап көрсетеді. Мақала авторы Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығының қазіргі заманғы Қазақстандық әдебиетті түсінудің құнды көзі ретіндегі маңыздылығын, сондай-ақ оның елдің мәдени мұрасын сақтауға және жалғастыруға ұмтылудағы маңыздылығын атап өтуге ұмтылады.

Аннотация

Статья "Духовно-нравственные и просветительские взгляды в творчестве Машхура Жусупа Копеева" исследует и анализирует идеологические и эстетические аспекты творчества современного казахстанского писателя Машхура Жусупа Копеева. Автор статьи изучает духовные и моральные мотивы, которые лежат в основе его произведений, а также рассматривает его роль в распространении просветительской идентичности казахстанской культуры и истории. Статья описывает влияние таких понятий, как патриотизм, вера и традиции, как центральные элементы в творчестве Копеева. Исследование также подчеркивает его вклад в формирование и сохранение национальной идентичности Казахстана через просвещение и пропаганду исторического и культурного наследия народа. Автор статьи стремится подчеркнуть значимость творчества Машхура Жусупа Копеева как ценного источника для понимания современной казахстанской литературы, а также его значимость в стремлении сохранить и продолжить культурное наследие страны.

Abstracts

The article “Spiritual, moral and educational views in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev” explores and analyzes the ideological and aesthetic aspects of the work of the modern Kazakh writer Mashkhur Zhusup Kopeev. The author of the article studies the spiritual and moral motives that underlie his works, and also considers his role in disseminating the educational identity of Kazakhstani culture and history. The article describes the influence of such concepts as patriotism, faith and traditions as central elements in Kopeev’s work. The study also highlights his contribution to the formation and preservation of the national identity of Kazakhstan through education and promotion of the historical and cultural heritage of the people. The author of the article seeks to emphasize the significance of the work of Mashkhur Zhusup Kopeev as a valuable source for understanding modern Kazakh literature, as well as its significance in the desire to preserve and continue the cultural heritage of the country.

Библиографиялық тізім

1. Қуандық Мәшһүр Жүсіп «Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік» // «Қазақ тілі мен әдебиет», 2005, №10.
2. Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. - Павлодар, 2010, б.308.
3. Ғ.Есім Адам-зат. Философиялық эсселер кітабы –Астана, 2008, б.381.
4. Мамытова С.Н. Исторический процесс в интерпретации М.Ж. Копеева: диалектика божественного и человеческого // Известия НАН РК. - Серия общественных наук, 2009, № 2. - С. 17-19. 5.
5. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 1 том. - Алматы: Алаш, 2003, б.504. 6.
6. Ахметова Г.Г. Взаимосвязь этического и эстетического в творчестве М.Ж. Копеева, С.Торайгырова и Ж.Аймаутова. Автореферат дис. канд. филос. наук. - Алматы, 2003, с.34. 7.
7. Көпеев М.Ж. Екі томдық. 2-т. - Алматы: ЕЫЛЫМ, 1992, б.224.
8. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Суреткер ақын // Кітапта: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. Т.4 – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2004, стр.535. Баратова М.
9. ЦРФ НАН РК. Папки : 13, 61, «А», Р 215, Д 215, Р 265, Р 273, Р 334, 348, 378, 657, 775, РМ 776, 819, 829, 874, 1062, 1080, 1125 «А», 1170 «А», 1171, 1172, 1173 «А», 1173 «б», 1174, 1175, 1176, 1177, 1178, 1330, 1623, 1645, 1882 и т.д.
10. Абилов Д. Машхур-Жусуп // Жұлдыз. 1992, № 12. С. 116-129.
11. Божеев М. Наследие Машхур-Жусупа // Жалын. 1974, 3. С. 127.
12. Газета «Дала уалаяты»: В 4 т. Алматы: Наука, 1989-1994.
13. Каскабасова С.А. Казахская фольклористика II половины XIX века // История казахской фольклористики. Алматы: Наука, 1989, С. 118.
14. Газета «Дала уалаяты». Алматы: Наука, 1989, С. 142-145.
15. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. / Даярлаған С. Дәуітов. Алматы: Жалын, 1993, б.76. 6.
16. Көпеев М.Ж. Дуаның пайдасы туралы. / Баспаға әзірлеген Е.Жүсіпов. // Зерде. 1995, б.28.

Жанбагысова Нурия Конысбаевна
Астана қаласы «Темірбек Жүргенов
атындағы №70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор

МӘШХҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДА САҚТАЛҒАН МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ әдебиетінің тарихында Мәшхүр Жүсіп Көпеев өзінің шығармашылығымен ғана емес, ірі фольклортанушы-этнограф, халық ауыз әдебиеті мұрасы мен тарихи деректерді, салт-дәстүрімізге байланысты мәліметтерді жинаушы әрі зерттеуші ретінде де ерекше орын алады. Қазақ халқының рухани бастауының қайнар көзі оның бай фольклорында екені бәрімізге мәлім. Осы мол байлықтың бастауын Мәшхүр Жүсіп мұрасынан іздесек, қателеспейміз. Әйгілі Жүсіп Көпеев кемеңгерлігімен танылса, оның тағы бір ерекше қыры – халық үлгілерін жинақтау.. Атақты Мәшхүр-Жүсіп Көпеев көптеген мақал-мәтелдер жинаған. Мәшхүр Жүсіп жинаған қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы сан қырлы, сан алуан тақырыпта боп келеді.

Тағы бір ерекшелігі, Мәшхүр Жүсіп Көпейұлы мақал-мәтелдерді жинағанда бұл мақал-мәтелдердің кейбірінің кімнен, қалай жазылғанын атап көрсеткен. Мәшхүр Жүсіптің жинақтау қызметі оның зерттеу қызметімен мен қатар жүргенін дәлелдесе керек. Мысалы, оның бір қолжазбасында «Молдалар», «Құран Алланың сөзін айтады», «Бұл пайғамбар сөзі, хадис-шәриф», «Хадис-шәриф, Алла жаратады», «Аллаһтың сөзі» деген нақыл сөздер жазылған. Оның бірі молдалар төңірегінде жинақталған мақал-мәтелдер жинағы болса, екіншісі «Құран» кітабынан алынған мақал-мәтелдер жинағы, екіншісі «Хадис-шәриф» кітабынан алынған нақыл сөздер жинағы. Сондай-ақ осы қолжазбаның 47-53 беттерінде Мәшхүр Жүсіптің «Қазақтың мақал-мәтелдері мен лақаптары» ретінде енгізілген 15-ке жуық нақыл сөздері бар. Мақал-мәтелдердің әрқайсысын Мәшхүр Жүсіп түсіндіреді, кейбіреулері Құран Кәрімде де, т.б. көрсетті.

Оған мысал ретінде Мәшхүр Жүсіптің «Қар кірлемейді, көңіл кірлейді» деген нақыл сөзінің жаратылу оқиғасын келтіруге болады. Қысқаша әңгіме былай: далада жатқан жесір әйелдің бір қап ұнын жел ұшырып әкетеді. Оның мағынасын білу үшін Дәуіт хазірет Ғалейссаламға барады. Ол жауап берудің орнына біреуінде үш пұт, екіншісінде бес пұт бидай қайтарады. Қайтып келген сайын есік алдында ойнайтын Сүлеймен әйелді қиянат жасаған адам жазасын алады деген үмітпен әкесіне қайтарады. Хазірет Дәуіт әйелден: «Шыныңды айт, саған бұл салада тәлім беретін адам бар ма?» – деп сұрады. Сұраса, ол Дәуіт ұстаздың он үш жасар ұлы Сүлеймен екенін айтты. Сонда Сүлеймен екіленіп, әкесінің бұл әрекетінің себебін жел иесінен сұраған дұрыс деп түсіндіреді. Кейін әкесі хазірет Дәуіт ғибадатханаға барғанда, Алла жіберген періште келіп, оған түсіндірді. Бірақ сол қап бидай суға батып бара жатқан кемеге лақтырылып, тесік жабылды. Өйткені олар Құдайға

жалбарынып, кемедегі байлықтың жартысын жетім-жесірге бермек болды. Ақырында кеме мұны істеді және жарты әлемді әйелі етіп алды. «шығыс шықпай, кіріс кірмейді» деген сөз сол кезден қалған дейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында мақал-мәтелдерге қатысты берілген түсініктемелерде: «Біз мақал-мәтелдерді көпшілік ретімен емес, әліпби ретімен бергенді жөн көрдік. Біріншіден, бұл оқырманға белгілі бір мақал-мәтелді табуды жеңілдетеді. Екіншіден, жеке мақал-мәтелдер Мәшһүр-Жүсіптің өз шығармаларында немесе Жолмұрат Жүсіпұлының және басқалардың зерттеулерінде оқтын-оқтын ел аузынан жиналып қалғандықтан екі-үш рет жазылып қалған.. Мысалы, «Әділ бидің елі даумен болмас», «Әділ патшаның елі даумен болмас» деген мақалдан кейін «Әділ билеуші елі болмас. алауыздық, Салех шахтың үйін жау бөлмейді». Сонымен бірге, Жолмұрат көшірмелеріне Мәшһүр Жүсіптің өз жазбалары бойынша өзгерістер енгізілді. Мысалы, Жолмұратта: «Ерлік – досқа, жанға жақсы, «Қонаққа – биязы, малға – жақсы», -дейді. Мәшһүр Жүсіпте, қосымша: « Өткір пышақ қолға жақсы». «Өтірік – айтыста артықшылық, өмір бағасы». Оның үстіне Жолмұратта: «Көрмесен, елден кет, Санамасаң, сан қой» түрінде берілсе, Мәшһүрдің өз еңбегінде бұл екі сөйлемді түрлендіруге болады - Жүсіп. Бұл ретте Мәшһүр- Жүсіпте»: «Ер сегіз болса, үйге озады, семіз болса, үй жұтайды» . «Қарлығаштың» орнына Жолмұраттағы» соңы «кұмыра» алынғаны, түпнұсқаны басшылыққа алғаны белгілі болды. Осы орайда Жолмұраттың рақымшылыққа ілінгенін еске алсақ. бұрынғы әміршіл жүйеде діни мақал-мәтелдердің біршама қысқартылғанын, олардың барлығы осы жолы Мәшһүр Жүсіптің өз жазуы бойынша енгізілгенін байқаймыз. Мысалы: «Өтірік ексең, ақыретте орарсың» (Мәшһүр) Жүсіп, ақын шығармаларының іріктеп көшірілгендігін тек Мәшһүр Жүсіптің пікірі ғана дәлелдесе керек.. Басқа даналарда кездеспейтіні және уақыт талабына сай «қысқартулардың» нәтижесі екені анық. Бұл мақал ескі кеңестік жүйеге келмейтіндіктен, Мәшһүр Жүсіп жазбаларында ғана кездеседі: «Өзін-өзі таныған Тәңірін таниды»

Кешегі әміршіл жүйеде хандар, билер мен байлар сайланып, кедейлер марапатталып, ақталатын болса, мына бір мысал:

«Көп отыратын жерің – пәле, Бұл мысал Мәшһүр Жүсіптің өз жазбаларында ғана кездеседі.

Мәшһүр-Жүсіп кейбір мақал-мәтелдердің шығу тегін талдаған. Мысалы, «Өтірікшінің үйі бұзылсын» деген сөзге «Бұл Құраннан келген сөз» деп түсіндіріледі. Қазақ сөзінің асылы: Іздесең Құраннан табасың.

Сонымен бірге бұл ереженің қазақ мақалының шығу төркінін анықтауда маңызы ерекше: «Қазақ: «Ұлың өссе, ер болады, // Қызың өссе, гүл болады» дейді. «Күлік» – адамның ең жағымды, ең жақсы мінезі. Сондықтан да қазақтар жалғыз өскен сайын күнде әр таптың биі болған .Таласады: «Тай жылқы. түйе болады, // Жігіттің аты ел билейді». Біз мұны осы жерден білдік: «Әкімшілікте өз мінез-құлқымен өзгелерден озып, ел билеген [16, 25-36].

. Мәшһүр Жүсіп мақалының шығу тегін айқындайтыны белгілі: «Шығыс шықпай, кіріс келмейді» т.б. сөз тіркестері ақынның өз шығармаларында

кеңірек талданғандықтан «Қазақ мақал-мәтелдері» жинағына қосымша ретінде берілген.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында сақталған астарлы әңгімелер де тақырыптың алуандығымен құнды. Мәшһүр Жүсіп мақал-мәтелдерді жинап, былайша топтаған: «1) Өнер-білім туралы; 2) ынтымақтастық туралы; 3) адамгершілік пен сыйластық туралы; 4) адамның мінез-құлқы туралы; 5) денсаулық жағдайы бойынша; 6) ел мен жер бойынша; 7) жұмыс бойынша; 8) озбырлық пен қатыгездік; 9) сот төрелігі туралы; 10) барлығы мен жоқтың үстінен; 11) отбасы – қоғам; 12) асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша [22,265].

Осыған байланысты мақал-мәтелдердің жіктелуіне үңілсек, Мәшһүр Жүсіп халық тұрмысы, тұрмыс-тіршілігі, адамдардың түрлі мінез-құлқы, т.б. байланысты мақал-мәтелдердің үлкен тобын жинаған. Сондықтан да, Мәшһүр Жүсіп шығармаларында сақталған мақал-мәтелдерді анықтап, жіктеп, жүйелеуді маңызды деп санаймыз.

Халық даналығының қаймағы саналатын Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Мақал-мәтелдер саласы» атты еңбегіне үңілсек, олар әр түрлі тақырыпта кездеседі. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің көп томдық шығармалар жинағында бір топ мақал-мәтелдер әліпби ретімен берілген және осы мақал-мәтелдерді тақырыптарға бөліп, зерттеу жұмысыма негізге алдым. Мәшһүр Жүсіп жинаған қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыптары:

1) Адамзат, адам баласы туралы, 2) Адам ағзалары, дене мүшелері туралы, 3) Ана, ақ жаулық туралы, 4) адамға баласына қарасты, 5) Алла Тағала (Алла), дін мен иман турасында, 6) Қыз бала, әйел адам туралы. 7) Өлім мен о дүние туралы) Аға-әпке, ата-аналар туралы, 9) Ел мен халық, көпшәләк, бұқара турасында, 10) Ақылды, ақымақ хақында, 11) Жақсылық пен жамандық хақында, 12) Байлық, кедейлік жөнінде, 13) Ұры, алаяқ, арамдық туралы, 14) Жануарлар, иттер, құстар туралы, 15) Мал, малшылық, еңбек туралы, 16) Дос, дұшпан, жолдастық туралы, 17) Қонақ, үйлену тойы туралы, 18) Тамақ пен ас, тағам туралы.

Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбалардың бірінде 176 мақал-мәтелді санаған. Мұнда барлық мақал-мәтелдер ретімен нөмірленген..

Әйгілі Жүсіп сөз арасында жиі айтатын, ол жерде барлық дерлік мақал-мәтелдер жазған. Мысалы, әйгілі «Байлық мұрат емес, Жоқтық ұят емес». былай делінген: «Кеше Сарыарқада әулие болып өлген Ғайса Бикей ишан дуам айтты». Яғни, мақалды айтушының есімі Қайса Бикей ишан екенін және оны Мәшһүр Жүсіп жазғанын осы жерден көруге болады. Мәшһүр Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдердің зерттеу көзі алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімдеміз.

Андатпа Мақалада, зерттеу жұмысы барысында мақал-мәтелдердің мағынасы мысалдар арқылы ашылады. Мақалдардың әр дәуірде пайда болуынан бүгінгі күнге дейінгі даму тарихы атақты Жүсіп Көпейұлының шығармаларында сақталған мысалдармен салыстырыла отырып, жеке оқиға ретінде қарастырылады

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында сақталған бұл жанр үлгілері қазақ ауыз әдебиетінде ғылыми талдаудың өзегіне айналған. Әйгілі Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде сақталған мысалдардың шынайылығы анықталған. Мақалдар тақырыбы сараланып, жүйеленген.

Аннотация В статье в ходе исследования значение пословиц раскрывается на примерах. Историю развития пословиц от их появления в разные эпохи до наших дней рассматривают как отдельную историю, сравнивая ее с примерами, сохранившимися в произведениях знаменитого Жусипа Копейули.

Образцы этого жанра, сохранившиеся в произведениях Машхура Жусипа Копейули, стали ядром научного анализа в казахской устной литературе. Определена подлинность образцов, сохранившихся в произведениях знаменитого Машхура Жусипа.

Annotation. In the article, in the course of research, the meaning of proverbs is revealed through examples. The history of the development of proverbs from their appearance in different eras to the present day is considered as a separate story, comparing it with examples preserved in the works of the famous Zhusip Kopeyuli.

Samples of this genre, preserved in the works of Mashkhur Zhusip Kopeyuli, became the core of scientific analysis in Kazakh oral literature. The authenticity of the samples preserved in the works of the famous Mashkhur Zhusip was determined

Әдебиеттер тізімі

1. М.Әуезов «Әдебиет тарихы»
2. О.Тұрманжанов «Қазақ мақал-мәтелдері»
3. М.Әлімбаев «Көрнекі сөз – ортақ игілік»
4. П.Жуковский «Сөз тарихы»
5. Ғ.Ермеков «Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері»
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Оның шығармалары 5 томнан тұрады .т.б мақал-мәтелдер және басқа да жалпы фольклорлық зерттеу еңбектері

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
АЛИМОВА АСЕЛЬ КАЖМУХАНОВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АФОРИЗМДЕР»	4
АМАНЖОЛОВА ТАНА ТАСТАНОВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП – ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ ҒАЛЫМ».....	10
БАЙСАЛОВА АЛТЫНАЙ ӘДІЛҚЫЗЫ «ФОЛЬКЛОРИСТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА».....	16
БУЙДАБЕК АҚЖАЙЫҚ «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР».....	22
ДУМШЕБАЕВА ГУЛЬНАЗ ДУКЕНБАЕВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР»	26
ЕРТАЙ АРАЙ «МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ — СОБИРАТЕЛЬ НАРОДНОГО ФОЛЬКЛОРА».....	31
ЖАХИНА ГАУХАР ЖАКСЫЛЫКОВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР ҮЛГІЛЕРІ».....	35
ЖҮСІПОВА АҚЕРКЕ ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІН ЖИНАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ».....	40
ЗИНЕКЕШОВА АРАЙЛЫМ БЕКБОЛАТОВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАСЫ»	45
ИМАНБАЕВА ШЫНАР АШИРБАЕВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРДЫҢ КӨРІНІСІ».....	52
КАБДИРАШОВА АЙКУМИС КАБИМОЛЛИНОВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР».....	57
КУАНДЫКОВА АЙДАНА ЕРКАШОВНА «МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР».....	62

МАНАРБЕКОВА ӘСЕМ МАНАРБЕКҚЫЗЫ «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ – ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ».....	67
НАРБАЕВА ҚАЗЫНА СЕЙТҚАСЫМОВНА «МӘШҮР ЖҮСП ШЕЖІРЕТАНУШЫ».....	71
НАРБОТИНА ЗИНА КОКАШЕВНА «МӘШҮР ЖҮСПТІҢ ФОЛЬКЛОРИСТ ҒАЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ».....	77
САГЫНДЫКОВА ДАМИРА ТЛЕГЕНОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ – ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРИСТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ».....	82
САДЕНОВА МЕЙРАМГУЛЬ КОШЕНОВНА «МӘШҮР ЖҮСП ПЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ҮНДЕСТІК».....	87
САУРЫКОВА ЖАНГУЛ АЛЖАППАРҚЫЗЫ «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ - ФОЛЬКЛОРИСТ ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ».....	93
ШАЙМАҒАНБАТОВА АЛТЫНГУЛЬ КЕНЖЕГАРАҚЫЗЫ «МӘШҮР ЖҮСП ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЕРТЕГІ ЖАНРЫ».....	99
АБДУЛЛАЕВА К.М. «МӘШҮР ЖҮСП ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ».....	105
АМАНГЕЛДИНОВА АЙГУЛЬ КАБДЕШОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ».....	111
АМАНГЕЛЬДИ АРУЖАН ЖАҚЫПЖАНҚЫЗЫ «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ЦИФРЛЫ ӘДІСІ».....	117
АХБАЙ КУЛШАШ «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ».....	124
АЮПОВА АЙГУЛЬ СЕРИКОВНА	

«МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МҰРАСЫ»	129
БАЛГАБАЕВА АЛИЯ ЕРКУЛАНОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП МИРАСЫ ЖАНҒА АЗЫҚ, КӨҢЛГЕ МЕДЕУ».....	133
БИГОЖИНА БАХИНА ОЛЖАБАЕВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР».....	139
ӘБИЛОВА ГҮЛСАЯ АЛДАЖАРҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ТӘЛІМДІК, НАСИХАТТЫҚ ӨЛЕНДЕРІН ОҚЫТУ».....	146
ӘБУТӘЛІП ӘЛИЯ ЕРКІНҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ»	152
ӘДІКЕЕВА АЙНҮР МАРАТҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЕЖІРЕСІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»	158
ИСАЕВА ЖАНАРГУЛЬ АМАНЖАЕВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ»	163
КИРГАБАКОВА ГАУХАР СЕРИКОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАНЫМ»	171
НУРЖАНОВА ДАМЕТКЕН ПИРБАЕВНА «ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАНЫМ: РУХАНИ ТАҒЫЛЫМ СЫЙЛАҒАН АҚЫН»..	175
НУРПЕЙСОВА ЛЯЗЗАТ ЖАКЫПОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ: ТҰЛҒА ЖӘНЕ ТАНЫМ»	179
ОМАРОВ БИРЖАН ГАЛЫМЖАНОВИЧ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰЛҒА ТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ»	184
САБДЕНОВА КУЛИЗА КУДАЙБЕРГЕНОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ТАНЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» ..	188
САПАРБАЕВА АҚМАРАЛ ЖУМАБАЕВНА «ОНЫ ӘУЛИЕ ДЕП АТАДЫ» МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ФЕНОМЕН».....	194

САПАРБЕКОВА ГУЛЬНАР ЖАЙДАРОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРЛІК ТАНЫМЫ»	199
СЕРИКБАЕВА М.К. «МӘШҮР ЖҮСП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ»	205
АБДРАХМАНОВА МЕРУЕРТ СЕЙТКАСЫМОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ»	209
АБДРАХМАНОВА ЫРЫСБИКЕ БУРКИТОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	215
АБУЖАРОВА АЙНАГУЛЬ НУРГАЛИЕВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	220
АБУОВА ЗУРА СУЛТАНОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ- ПІКІРЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ»	225
ТОМОРБЕК АВІЛХАН «РУХАНИ АЗЫҚ»	228
АЛГАМБАРОВА БОТАГОЗ ЕРМЕКОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ»	235
АЛИЕВА ДИДАРАЙ БУГИБАЕВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ»	240
АМАНҚҰЛОВА МАРЖАН ӘБДІКӘРІМҚЫЗЫ «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ШЫҒАРМАЛАРЫ»	245
АСМАГАНБЕТОВА АСЕМГУЛ ЕСЕНОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ»	253
БУКЕТОВА ГУЛЬМИРА КАЛИЕВНА	

«МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ БІЛДІРЕТІН БІРЛІКТЕР»	258
ДАУЛЕТОВА ГУЛФАЙРУС ЕРМЕКБАЕВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»	264
ДАУРЕНБЕКОВА А.А «М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫ РУХАНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПАЛИТРАСЫ»	270
ДЖЕНСЫБАЕВА САЛТАНАТ КАЛИОЛДАНОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»	275
ДОСЖАН БЕЙСЕНКҮЛ ҚЫЗЫҚБАЙҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	281
ДОСЫМОВА ЗАМЗАГҮЛ МУРАТБЕКОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАЛДЫҚ ПЕН АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»	285
ӘБДІКЕРІМ МАРХАБАТ БҮРКІТҚЫЗЫ «М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ» ...	291
ӘЗІМХАНОВА АЗИЗА АБДРАШИДҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ»	297
ЖАКИЯНОВА ГУЛЬНАРА КАЙЫРГЕЛЬДИНОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАР»	303
ЖАНДЫБАЕВА ГУЛНАР ЖОЛДЫБАЕВНА «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ»	309
ЖУМАБАЕВА МЕРУЕРТ САБЫРБАЕВНА «ОҚУШЫ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ»	314
ИМАН ГҮЛЖӘМИЛӘ МОЛДАБЕКҚЫЗЫ	

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ -ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ»	321
КАППАСОВА МЕРУЕРТ ЕРКИНОВНА «МӘШҮР ЖҮСП МҰРАСЫ-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»	325
КУЗЕМБАЕВА МЕЙРАМГУЛЬ ТОЛЕУТАЕВНА «АДАМИ ҚАСИЕТТЕР – ҰРПАҚТЫҢ ӨРКЕНДЕУІНІҢ ӨЗЕГІ»	330
ҚЫДЫРБАЕВА ФЕРУЗА ҚЫДЫРБАЕВНА «МӘШҮР ЖҮСП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ»	335
МАМЕДӘЛІ АИДА РАХМЕТХАНҚЫЗЫ «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ТӘРБИЕМЕН ҰШТАСУЫ»	340
МАХАНБЕТОВА З.Н. «МӘШҮР ЖҮСП МЫСАЛ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ»	345
МУХАНОВА САБИРА МАДЕНИЯТОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ»	349
МЫРЗАТАЕВА АҚЖАН РЫСБАЕВНА «АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	356
НАЗАРОВА ЖАННАТ ТЛЕУКУЛОВНА «МӘШҮР ЖҮСП ӘЛЕМІ»	361
НҰРБЕК ЛАУРА СҰЛТАНҚЫЗЫ «ПРОБЛЕМА ВОСПИТАНИЯ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСУПА»	368
НУРЫШОВА ФАРИДА СУЛЕЙМЕНОВНА «МӘШҮР ЖҮСП КӨПЕЕВ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ- ТӘРБИЕ»	373
ОШИБАЕВА АЙБАЛА САЯНОВНА	

«МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	377
ПАЗЫЛОВА ДИНАРА ШЕГЕНДІКҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ІЗГІЛІК ТӘРБИЕСІ» ...	382
САДЫКОВА ГУЛЬМИРА ЖУМАБАЕВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»	388
САРИЕВА ГАЛИЯ СЕРГЕЕВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ».....	394
СМАЙЫЛОВА САЯГУЛ САЙЛАУОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	398
СОВЕТҚАНОВА МӘДИНА САЙЛАУҚАНҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»	404
ТАСБОЛАТ АЙҒАНЫМ ҚҰЛМАНҚЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП «ҚИЯНАТ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМ БЕЙНЕСІ»	409
ТАШЕТОВА АИМХАН САЛЕМОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ»	414
ТУЛЕГЕНОВА АНИПА ЭРЖАНОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ҚАЗЫНА» ...	419
ТУРГАНБЕК МАРЖАН ТУРГАНБЕККЫЗЫ «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ»	424
УНЕРБАЕВА МЕРУЕРТ АБЛАЗИМОВНА «МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕРІ МОЛ»	430
ХАСЕНОВА АЙНУР АЙТБЕКОВНА	

««БАЛАҢДЫ АЯСАҢ, АЯМА» ПРИНЦИПІН ҰСТАНҒАН КӨПЕЙ ӘКЕ»	435
ШАРДЕНОВА ҚАЛАМҚАС «МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ»	439
ЫСҚАҚ АҚЕРКЕ НУРЛАНОВНА «МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК- РУХАНИ ТӘРБИЕ»	444
ҚОЛДАСБЕКОВА БАКТЫКУЛ АЛИМХАСОВНА «МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ КОСМОЛОГИЯ МЕН АСТРОНОМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ»	448
САЛЬМЕНОВА ЖАДЫРА ҚУАТОВНА «МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ТАНЫМ»	454
АЛМАБАЕВА АЛИЯ АЙТАХМЕТОВНА «МӘШҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН РУХАНИ БАЙЛЫҚ НЕГІЗІ»	459
БУРКУТБАЕВА КЕНЖЕГУЛЬ ЕРМЕКОВНА «МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ»	465
ИБРАЕВА ДИНА ЕРКИНОВНА «МАШХУР ЖУСУП КОПЕЕВ И ДУХОВНОСТЬ»	469
КАРАЖИГИТОВА БАГДАТ ОМИРБЕКОВНА «МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ»	475
ҚАЗБЕКОВА ЖАНАР ЖҰМАДИЛДАҚЫЗЫ «МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ»	480
НУРСОЛТАНОВА ГУЛЖАН СИЫРБАЙҚЫЗЫ «ӘЛ-ФАРАБИ МЕН МӘШҮР ЖҮСІП МҰРАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҒЫ»	485
САГИДОЛДА МЕРУЕРТ «МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ»	490

САНАТ ҚУАНДЫҚ

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН – ДАНА ТҮЛҒА» 495

СУГРАЛИНА НАЗГУЛЬ АЙТПАЕВНА

«МӘШҒҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ДІНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ» ... 499

СХАГ Ш.

«МӘШҒҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» 505

ТОНКЕР АЙГУЛ

«АБАЙ МЕН МӘШҒҮР АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ БАЙЛАНЫС» 512

ШУТАЕВА ЛЕЗЕТ ОРЫНТАЕВНА

«ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУРА ЖУСИПА КОПЕЕВА» 516

ЮСУПОВА КАМИЛА ЖУМАНАЗАРҚЫЗЫ

«МӘШҒҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ» 520

ЖАНБАГЫСОВА НУРИЯ КОНЫСБАЕВНА

«МӘШҒҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДА САҚТАЛҒАН МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» 525

